А 99

Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 20 жылдығына
арналады



Д.А. Қонаев
атындағы университетінің
кітапханасы
инв. № 95304

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Мемлекет тарихы институты

Тәуелсіздік шежіресі

Б.Ғ. Аяған, Х.М. Әбжанов,
Д.А. Махат

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Жоғары оқу орындарының тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арналған оқулық

Алматы
«Раритет»
2010

УДК 94(574)(075.8)
ББК63.3(5Қаз)я73
А99

Мемлекет тарихы институтының Ғылыми кеңесі,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Қазақстан тарихы кафедрасы ұсынған

С а р а п ш ы л а р:
М. Жолдасбеков – Мемлекет және қоғам қайраткері,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
К. Бұрханов – саяси ғылымдарының докторы, профессор,
А. Ибраева – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Б. Габдуллина – тарих ғылымдарының кандидаты

Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А.

А99 Қазіргі Қазақстан тарихы: Жоғары оқу орындарының тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арналған оқулық/Б.Ғ. Аяғанның жалпы редакциясымен. – Алматы: Раритет, 2010. – 448 бет.

ISBN 978–601–250–075–2

Оқулық Қазақстан тарихының көне замандардан бүгінге дейінгі өзекті мәселелеріне арналған. Мемлекеттік-саяси даму, мемлекеттік стратегияның маңызды тұстары, қоғамның қазіргі даму ерекшеліктері, Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мәселелік тұрғыдан қарастырылған. Сондай-ақ оқытудың көрнекі құралдарымен, суреттермен, кестелермен жабдықталған.

Оқулық республикамыздағы жоғары оқу орындарында тарихшы емес мамандықтарда оқитын бакалавр деңгейінде білім алушы студенттерге арналған.

УДК 94(574)(075.8)
ББК 63.3(5Қаз)я73

ISBN 978–601–250–075–2

© Мемлекет тарихы институты, 2010
© «Раритет» баспа компаниясы, 2010

КІРІСПЕ

Тарихты жеңіл-желпі аңыз сөздердің жиынтығы деп қарайтын адамдар шынында да тарихтан тағылым ала алмайды.

Н.Ә. Назарбаев

Тарих ғылым ретінде. «Тарих» араб тілінен енген сөз, өткен күндер туралы әңгіме дегенді білдіреді. Ең алдымен жазылып қойылған мәтінде, білгенді, зерттегенді және өткеннің өзін айқындап, баяндап беру деген мағынаны білдіреді. Еуропалық ғылыми дәстүрде «тарих» түсінігі бір мезгілде таным нысаны, ол туралы ғылыми білімді білдіреді. Осындай ұғымдар тобы (тарих ақиқат пен білім ретінде) әртүрлі теориялық және әдіснамалық пікірталастарға себеп болып та отыр.

Кең мағынада тарих қоғам мен табиғаттың, адам әрекеті мен мемлекет өмірінің әр қырлы үдерістерін қарастырады. Тарих әлеуметтік-гуманитарлық ғылым ретінде адамзат қоғамының өткен өмірін әр қырынан зерттеп, болашақ дамуды зерделейді. XIX ғасырдың гибраты (сентенция) көрсеткендей, әлемдегі бірегей ғылым – тарих ғылымының жауапкершілігі одан да зор.

Қоғам тарихы, бір жағынан, ғаламшардың, оның табиғатының бөлігі әрі жалғасы болып табылады. Екінші жағынан, адамзат тарихы дегеніміз таным мен рухтың тарихы. Осыған орай, қоғам тарихы, тарихи шығармашылығы адамзат қоғамының эволюциясынан бастау алатын адамдар тарихы десек те болады. Тарихи шығармашылық – тарихтың мазмұны болып табылады.

Тарих дегеніміз – жекелеген тұлғалардың, халықтардың, түрлі әлеуметтік топтардың, барлық адамзаттың нақтылы және көп қырлы іс-әрекеттерінің, үдерістер мен оқиғалардың жиынтығы. Тарих ғылымы, өзге де ғылымдар сияқты, даму өлшеміне сай көптеген адамзат ұрпақтарының тәжірибелерін жинақтады. Әлем тарихы материалдық және рухани өмірдің барлық саласында адамзаттың мыңжылдық тәжірибесін сақтап келді.

Тарих нақты ғылым ретінде әлеуметтік-гуманитарлық, қоғамдық ғылымдар шеңберіне кіреді. Сондай-ақ, адамзат қоғамын түрлі қырынан зерттейді: (философия, саясаттану, әлеуметтану, экономика, құқықтану, филология, мәдениеттану, лингвистика және т.б). Алайда бұл ғылымдардың ешқайсысы адамзат қоғамының дамуын толық қамти алмайды. Тарих ғылымы ғана адамзат қоғамын тұтастықта қарастыра алады. Гуманитарлық білімдер жиынтығына тарих ғылымы негізінде ғана қол жеткізуге болады. Кең тұрғыдан қарағанда, әрбір гуманитарлық ғылым тарих алдында тұрған басты міндеттердің шешімін өз саласымен зерделейді.

Гуманитарлық ғылымдар арасында тарихтың пәні мен зерттеу әдісі айрықша орынға ие. Ұзақ уақыттар бойы тарих сипаттаушы мазмұнды иеленді. Алайда уақыт өте келе тарих ғылымы адамзат қоғамының құрылымы мен элементтерін, тарихи үдерістердің себеп-салдарлық байланыстарын анықтауға кірісті. Тарих ғылымы адам баласының пайда болған уақытынан бастап қазіргі күнге дейінгі өмірі мен кезеңдерін қамтиды.

Тарих ғылымының құрылымы дүниежүзілік тарихтың құрылымымен тығыз байланысты. Ғылыми мамандану хронологиялық ұстанымға (адамзат тарихын кезеңдерге бөлетін) немесе елдер (мысалы, Қазақстан тарихы, Германия тарихы, Ресей тарихы, Қытай тарихы) және өңірлер (Еуропа тарихы, Оңтүстік-Шығыс Азия тарихы, Латын Америкасы тарихы, ТМД елдері тарихы) бойынша ғылыми құрылымданатын географиялық қағидаға сүйене алады. Сонымен бірге, тарих ғылымына деректану, археография, хронология, генеалогия секілді көптеген арнаулы пәндер де енеді. Археология және этнография (этнология) сынды қосалқы тарихи пәндердің алатын орны ерекше. Тарихнама – тарихи білімнің дамуын зерттейтін ғылым әрі тарих ғылымының тарихы ретінде өзіндік мәртебеге ие.

Қазақстан тарихы әлемдік тарихтың бөлігі ретінде. Қазақстан тарихта ұзақ әрі күрделі жолдан өтті. Қазақ мемлекеттілігі түрлі тарихи кезеңдерде әр қырлы үлгіні иеленді – хандық (XIX ғасырға дейінгі кезеңде), протекторат (XVIII–XIX ғасырдың басы), одақтық республика (XX ғ.). Алайда ұлттық мүддеге сәйкес келетін және XXI ғасырдың сынтегеурініне төтеп бере алатын заманауи үлгідегі толыққанды мемлекеттілік, 1991 жылдан беріде, демек, КСРО ыдырап, мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізген соң ғана құрылды. Жаңа тәуелсіз мемлекет халықаралық саясаттың тең құқылы қатысушысы. Біріккен Ұлттар Үйымының мүшесі ретінде тарих төріне көтерілді.

Бұл кезеңнің тарихи мәні Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен тәуелсіздікті жариялаудан бастап, шынайы егеменді мемлекеттік жолынан өткендігінде. Сондай-ақ, еліміз әлемдік қауымдастықтың танылған, беделді қатысушысына айналды.

Қазақстанды жан-жақты нығайтудың стратегиялық үдерісі серпінді және дәйектілікпен жалғасуда – 2020 және 2030 жылдарға дейінгі мемлекеттік дамудың болашағы белгіленді. Тәуелсіздік жылдарында ел басшылығы мен Қазақстан азаматтары қыруар жұмыстарды атқарды.

Қазақстанның жетістіктері өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге ғана емес, сонымен бірге 1990 жылдардағы саяси-экономикалық бағыттың дұрыс таңдалғандығын түсінуге де жол ашады. Сондықтан мемлекетіміздің жүріп өткен тарихи кезеңдерін зерделеу қажеттігі өздігінен сұранып-ақ тұр.

Жоғары оқу орындарында тәуелсіз Қазақстан тарихын оқытудың *тәрбиелік мәні жоғары. Өйткені тарих тағылымы отансүйгіштікке жетелейді.*

Тарихи дерек. Тарихшы өткен кезеңдерді зерттегенімен, өзінің зерттеу нысанын тікелей бақылай алмайды. Тіпті, қазіргі заман ағымындағы күнделікті оқиғалар да тарих қойнауына жылдам кетуде. Өткен кезеңнің шындығынан сыр шертетін тарихи жәдігерлер (артефакт) арқылы ғана тарихи білімінің негізін құрайтын тарихи мәліметтерге, тарихи ақпаратқа қол жеткізе аламыз.

Тарих деректерін алты топқа бөлуге болады: 1) барынша көп санды және деректердің маңызды тобы – жазбаша деректер: эпиграфикалық ескерткіштер, қолжазбалар, баспа материалдары; 2) заттай ескерткіштер – әртүрлі бұйымдар, күнделікті пайдаланылатын бұйымдар, қару-жарақтар, сәулет құрылыстары; 3) этнографиялық және фольклорлық ескерткіштер – түрлі халықтардың дәстүрі, аңыз-әңгімелері; 5) лингвистикалық ескерткіштер – географиялық атаулар, жеке атаулар; 6) кинофото, фоно құжаттар және ғаламтор-құжаттары. Деректердің барлық түрлерін кешенді түрде зерттеу арқылы тарихи үдерістің толық және шынайы бейнесін көрсете аламыз. Осылайша, тарихты зерттеу дегеніміз – деректерді қорытқан, ғылым тәжірибесін игерген ғалымдардың тарих туралы өзіндік түсінігінен тұратын өткен тарихты қайта жаңғыртудағы аса күрделі үдеріс.

Тарихи факт – бұл өткен кезеңнің шынайы оқиғасы. Адамзаттың өткен өмірі көптеген тарихи фактілерден өріледі. Нақтылы тарихи фактілер тарихи дерек көздерінен алынады. Адамзаттың күллі тарихы фактілерден тұрады. Алайда тарихты жазу үшін фактілерді қисындылықпен талдап және оларды мүмкіндігінше жете түсіндіру қажет. Тарих ғылымында қарапайым және күрделі тарихи фактілер көрсетілуі мүмкін. Егер біріншісі болған оқиғаға сүйенсе, екіншісі мәтінді түсіндіруге (интерпретация) негізделеді. Күрделі тарихи фактілерге үдерістер мен тарихи құрылымдарды (соғыстар, әлеуметтік катаклизмдер, ауқымды өзгерістер, трансформация) түсіндіретін деректер көзі жатады.

Курстың пәні және міндеттері. «Қазіргі Қазақстан тарихы» пәні ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі ауқымды тарихи кезеңді қамтиды. 1991 жылы тәуелсіздік алғанға дейінгі Қазақстан тарихы – бұл рухани дамудың, күрес пен табандылықтың және жасампаздықтың жылнамасы. Мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізу Қазақстанның сан ғасырлық тарихының дәуірлік оқиғасы болды. Сондықтан ғасырлар тоғысындағы, XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы егемен Қазақстан

тарихы – бұл тәуелсіздік алған және жаңа мемлекетті құрған республика азаматтары жетістіктерінің заманауи жылнамасы. Түсіне білген адамға көз алдымызда өтіп жатқан тарихи оқиғаларды зерделеу шын мәнісінде өте күрделі. Мемлекет тарихы институтының ғалымдары Қазақстан тарихын «Қазіргі Қазақстан тарихы» курсы аясында түзуге ұмтылды. Оның нәтижесі қолдарыңыздағы осы оқулық болып отыр.

Тарихи кисынға және тарихи оқиғалардың мәнділігіне қарай «Қазіргі Қазақстан тарихы» курсының құрылымы екі бөлімге бөлінген. Бірінші бөлім – «Тәуелсіздіктің тарихи-өркениеттік негіздері» – проблемалық-шолумен баяндалған және сол дәуірдің тәуелсіздік жетістіктеріне жол салған тарихи оқиғаларын қысқаша әрі қорыта отырып сипаттайды. ЖОО-да отандық тарих курсының оқытылуы орта мектептегі «Қазақстан тарихын» жай ғана қайталау емес, оның заңды жалғасы болуы тиіс. Бірінші бөлім мақсатқа сай проблемалық жоспармен берілуі тиіс негізгі тақырыптар мен оқиғаларды қамтиды. Осыған орай, курста тәуелсіздік кезеңінің тарихына ерекше ден қойылып отыр. Жер шарын мекендеген 3000-нан аса этностардың 200-інің ғана мемлекеттілігі бар болса, олардың қатарында Қазақстан да бар. Сондықтан да қазіргі Қазақстан тарихына басым бағыт беріліп отыр.

Екінші бөлім – «Тәуелсіз Қазақстан» – тақырыптық қағидаға сай егемен Қазақстан тарихын тәуелсіздік қарсаңынан бастап түрлі қырынан ашады. Аталған бөлім материалдарымен жұмыс жасау барысында оқулыққа қазіргі ақпарат тасқынының қандай оқиғаларын, фактілерін, мәліметтерін енгізуді анықтау қажеттілігі туындады. Бұл оңайға түспегенімен, соңында материалдар топтастырылды. Ендігі жерде таңдап алынған көзқарастарды оқу үдерісінде жетілдіру ісі күтіп тұр.

Тәуелсіз Қазақстан тарихы – бұл Отандық тарихтың заңды жалғасы және маңызды бөлігі болып табылады. «Өткенсіз бүгін, бүгінсіз ертең жоқ» деген қанатты сөз қоғам мен мемлекеттегі тарих ғылымының міндеттерін нақты анықтап тұр. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің іргетасын әлемнің елеулі бөлігіне ықпал еткен ұлы дала көшпелілерінің мемлекеттік дәстүрі және бірнеше жүзжылдық барысындағы қазақтардың азаттық жолындағы күрес тарихы, Ресей және Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы құрамында өмір сүрген тәжірибесі құрайды.

Қазақстан шынайы тәуелсіздік жолына түскеніне небәрі 19 жыл ғана болды. Қазақстан Республикасы Президенті 2009 жылы 6 наурыздағы «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» Жолдауында: «Дүние дамуымен есептегенде жиырма жыл деген көп те емес шығар. Бірақ біз үшін үлкен кезең тұтас бір дәуірмен тең» деген еді. Осы аз ғана уақыттың қазақ елінің тағдырында алар орны мен тарихи маңызы ерекше. Бірнеше жүз жыл бойы тәуелсіздік үшін күресіп, тағдырдың талқысына көп түскен қазақ елі, қысқа мерзім ішінде санадан ұмытылып, жадыдан өшіп бара жатқан егеменді мемлекеттілігін жаңғыртып, әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің ортасында болашаққа қарыштап қадам басты. Бұл кезең – Қазақстан Республикасында тұратын барлық ха-

лықтардың ауызбірлігімен, Н.Ә. Назарбаевтың кемел басшылығымен тағдырдың қатал сынына төтеп берген кезеңі. Мемлекет аз ғана уақыт ішінде өз дамуының саяси қырларын анықтап, нарықтық экономикаға өтуді жүзеге асырды, күрделі әлеуметтік күйзелістерді басынан кешірді. Жаңа әлемге бейімделген жаңа Қазақстан қалыптасты. Осы бір тарихи кезеңнің тағылымын зерттеу, зерделеу тарих ғылымының маңызды міндеті болып табылады.

Жоғары оқу орындарында «Қазіргі Қазақстан тарихын» оқыту студенттер бойында патриотизм мен азаматтық позицияны қалыптастыруға, Қазақстанның сан ғасырлық тарихы бойынша терең ғылыми білімдерді бекітуге ықпал етуші фактор болуы тиіс. Әсіресе, Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуы, қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларындағы реформалар үдерісі, ішкі және сыртқы саясаттағы жетістіктері өскелең ұрпақ санасына құйылуы тиіс.

Осыған орай, төмендегідей міндеттер туындайды:

– Проблемалық көзқарас негізінде, тарихи дамудың жалпы заңдылықтарын талдау арқылы ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихы кезеңдерін, мазмұнын және мәнін ашу;

– Тарихтың ежелгі кезеңдерінің негізгі проблемаларын зерделеу арқылы сол дәуірді халқымыздың бесігі, кейінгі тарихи дамудың алғышарты ретінде көрсету;

– Қазақ ұлты мен мемлекеттілігінің қалыптасу үдерісінің басты бағыттарын ашу;

– Қазақ хандығының өмір сүрген кезеңі мен отарлық қыспақпен тәуелсіздікті жоғалту барысындағы тарихи даму ерекшеліктерін дәйектеу;

– Кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихының мәні мен қайшылықтарын айқындау;

– Тәуелсіздіктің қалыптасу жағдайындағы өтпелі (транзитті) қоғамдағы тарихи үдерістердің (саяси, экономикалық, социомәдени) негізгі заңдылықтарының мазмұнын зерделеу;

– Мемлекеттік тәуелсіздіктің саяси-құқықтық негізін құрайтын құжаттарды (деректерді) білуді қамтамасыз ету;

– Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың егемен мемлекетті нығайтудағы, еліміздің халықаралық қауымдастықтағы лайықты орнын анықтаудағы тарихи рөлін көрсету;

– Мемлекет эволюциясын және оның тәуелсіздік кезеңіндегі институттарын қарастыру;

– Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени реформалау үдерістерінің барысы мен нәтижелерін және экономикалық қуатының өсуін айқындау;

– Еліміздің әлемдік және өңірлік қоғамдастыққа халықаралық қатынастардың дербес субъектісі ретіндегі кіру үдерісін ашу;

– Студенттер бойында ғылыми негізде азаматтық ұстанымды қалыптастыруды, мемлекеттің ішкі өміріндегі оқиғалар мен халықаралық қатынастарды зерделей білуге дағдыландыруды қамтамасыз ету;

«Қазіргі Қазақстан тарихы» курсын лайындауда осы міндеттерге қол жеткізу үшін қазіргі үдерістерді зерттейтін саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, философтар еңбектері зерделенді.

Қазіргі Қазақстан тарихы бойынша деректер. Тарихтың фактісіз жазылмайтындығы белгілі. Тарих ғылымының дәстүрлі деректемелік негізі әр қырлы археологиялық, этнологиялық, фольклорлық және өзге де материалдардан тұрады. Тарихшылар кітапхана қорлары мен мұрағаттарда сақталған көптеген деректерді қолданады. Тәуелсіздікке дейінгі Қазақстан тарихының деректемелік негізін археологиялық қазба жұмыстарының материалдары, антикалық, ортағасырлық – батыс, парсы, араб, орыс, қытай, моңғол және өзге де тарихшы-жылнамашылардың еңбектері, мұрағат құжаттары құрайды. Қазақстан тарихына кеңестік кезеңдегі түрлі құжаттық деректер де өзіндік үлесін қосады. Алайда сол он жылдықтардың идеологиялық ізін де ескерген орынды.

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеуде қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани өзгерістерді бейнелейтін негізгі деректер, құжаттар мен материалдар:

– Республиканың басым бағыттары мен даму нәтижесін, мақсат-міндеттерін айқындайтын мемлекет басшысының жарғылары, жолдаулары, баяндамалары, сөйлеген сөздері;

– Парламент тарапынан қабылданған заңнамалық құжаттар;

– Еліміздің ішкі және сыртқы дамуын, Қазақстан дамуының саяси-өңірлік, әлеуметтік-экономикалық қырларын нақтылайтын үкіметтік қаулылар мен құжаттар;

– Атқарушы биліктің орталық және өңірлік органдарының құжаттары, түрлі деңгейдегі мәжілістер материалдары;

– Азаматтық қоғам институттарын, саяси партиялардың, шетел сарапшыларының ұстанымдарын бейнелейтін материалдар;

– Тәуелсіз Қазақстанды құруға ат салысқан тұлғалардың естеліктері;

– Әлеуметтанулық сауалнамалар материалдары мен статистика мәліметтері;

– Қазақстанның қазіргі заман тарихы бойынша қазақстандық және шетел ғалымдарының тұжырымдамалық және іргелі еңбектері;

– Мерзімді басылым материалдары;

– Өзекті мәселе бойынша ғаламтор-қорлары.

Тәуелсіз Қазақстан тарихын жазуға негіз болатын құжаттық негізін заңнамалық актілер мен стратегиялық құжаттар құрайды. Бірінші кезекте «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Заңы» (1991 жыл), 1995 жылғы «Қазақстан Республикасының Конституциясы», ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан – 2030: барлық қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» (Алматы, 1997) және Елбасы-

ның басқа да Жолдауларын атаймыз. Заңнамалық актілер мен стратегиялық құжаттар Тәуелсіз Қазақстанның негізін салып, оның болашақ даму қырларын анықтап, елдегі іргелі өзгерістерге жол ашты.

Мемлекеттік стратегияны талдауда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еңбектері маңызды болып табылады. Өйткені Елбасы еңбектерінде мемлекет пен азаматтық қоғамның дамуы, ішкі және сыртқы саяси жағдайлар туралы, тәуелсіздіктің қалыптасу үдерісіндегі мәселелер, табыстар мен қиыншылықтар туралы толық ақпарат беріледі. Президент еңбектерінің өзектілігі, оның тарихи үдерістің қарапайым ғана қатысушы емес, КСРО-ның ыдырауы және тәуелсіздіктің қалыптасуы кезінде, қазіргі уақытта да маңызды шешім қабылдаған саясаткер екендігімен түйінделеді. Елбасы еңбектері тарихи фактілерге толы ғана емес, сонымен бірге талдау негізінде әрі жан-жақты сипатта жазылған. Оларда 1980 жылдардағы кеңестік қоғамның дағдарысы, Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алу үдерісі, экономикалық реформалардың жүргізілуі мен мемлекеттік-саяси жүйенің дамуы зерделенеді.

Қазақстан экономикасын жаңғырту (модернизация) бойынша берілген деректер ішінен заң күші бар және экономикалық дамуды жандандырған Елбасының жарғылары, Қазақстан халқына Жолдауы және мемлекет басшысының ірі халықаралық форумдар мен кеңестерде сөйлеген сөздерін атауымыз қажет. Сонымен бірге Республикада мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру сияқты аса күрделі, қарама-қайшылығы мол мәселеге қатысты кейбір оқиғалар мен үдерістер құжаттық деректерде жеткіліксіз берілген, сонымен қатар аналитикалық материалдар мен публицистикалық мақалалар саны да мардымсыз. Осыдан келіп реформалар барысын, елдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіші ретіндегі статистикалық мәліметтерді талдаудың маңыздылығын айта кетуіміз де керек.

Тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеуде Қазақстан тарихын зерттеудің бай дәстүрі бар. М.Х. Дулати, Қ. Жалайыр, Қ. Халиди, Ш. Уәлиханов, Г. Потанин, Ә. Бөкейханов және т.б. ғалымдар мен ойшылдар Отан тарихының күрделі мәселелерін шешуге сүбелі үлес қосты. Кеңестік жылдарда ұлттық тарихнама С. Асфендиаровтың, М. Тынышбаевтың, Х. Досмұхамедовтың, Е. Бекмахановтың, Ә. Марғұланның, Г. Дахшлейгердің, Р. Сүлейменовтың, М. Қозыбаевтың қаламынан шыққан толымды еңбектермен байыды. Ел тарихының жарқын беттері тәуелсіздік тұсында жазылғаны күмәнсіз.

М. Қозыбаевтың, М. Асылбековтың, К. Нұрпейістің, Қ. Байпақовтың, В.Ф. Зайберттің, З. Самашевтің, Ж. Таймағамбетовтың, Т. Омарбековтың, М. Қойгелдінің, Ә. Төлеубаевтың, Қ. Атабаевтың және т.б. танымал ғалымдардың ізденістері арқасында ұлттық тарихтың ақтаңдақтары жойыла бастады.

1980 жылдардың екінші жартысы мен 2000 жылдардағы оқиғалардың куәсі болған мемлекеттік және саяси қайраткерлердің мемуарла-

ры деректемелік негізді толықтырып, жүріп өткен жолымыздың қиыншылықтары мен жетістіктерін тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді. Жаңа жүйеге, жаңа құндылықтарға өту оңайға түспеді. Боландықтан мойны босап, тәуелсіз мемлекетін жаңғырту үшін күрескен қазақ елінің ішкі рухында, жан дүниесінде күрделі өзгерістер болды. Естеліктерден тарихи дәуірдің ерекшеліктерін, әсіресе сол бір уақыт ауыртпалығын арқалаған адамдардың әлеуметтік сезімдерін толық зерделеуге мүмкіндік аламыз. Сонымен қатар зиялы қауым өкілдерінің ғылыми мақалалары мен пайымдаулары, мерзімдік басылымның материалдары да назардан тыс қалмады.

Әлеуметтік-мәдени саланы зерттеуде білім беру жүйесін реформалау, нарық жағдайындағы ғылымды дамыту ісіне қатысты материалдар, ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен форумдардың материалдары, статистикалық зерттеу мәліметтері қаралды. Аталған құжаттар сұрыпталып, талданып оқулыққа енгізілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің еңбектерінде, Қазақстанның халықаралық саясаттың субъектісі ретінде жасаған көптеген шарттарында еліміздің сыртқы саясаты, оның әлемдік қатынастар құрылымындағы орны нақты айқындалған.

Мұнда Елбасының ұсынған сыртқы саяси, аймақтық және халықаралық бастамалары, соның ішінде Еуразиялық жоба, Шығыс пен Батыстың өзара әрекеттестігі бойынша бастамалары айрықша орынды иеленеді. «Еуропаға жол» Мемлекеттік бағдарламасы да егемен Қазақстанның жарқын болашағына жөн сілтейді.

Шет ел саясаттанушыларының, тәуелсіз сарапшылардың талдауға негізделген материалдары да белгілі дәрежеде маңызды. Олардың талдаулары негізінде қоғамның барлық саласындағы үдерістерді: барлық деңгейдегі сайлаулар, саяси көшбасшылар мен партиялар қызметін бағалау, елді экономикалық реформалау мазмұнын терең әрі жан-жақты ашуға мүмкіндік береді. Алайда осы тектес материалдарды зерделеу барысында авторлардың ұстанымын ескеру қажет.

Қазіргі Қазақстан тарихын зерттеу енді-енді өріс ала бастады. Сондықтан деректердің бар жиынтығы негізінде жан-жақты талдап, Қазақстанның жүріп өткен жолын саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени, халықаралық, демек барлық қырынан зерттейтін толыққанды, көп жоспарлы ғылыми тарихнаманы жасау – тарих ғылымының өзекті міндеті болып табылады. Өткен жылдар тарихынан сыр шертетін еңбектер жарық көргенімен, әлі де қомақты зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туындап отырғандығы шындық. Тәуелсіз Қазақстан тарихының зерттелу жағдайының ерекшеліктері ескеріле отырып, қолдарыңыздағы оқулықта пайдаланылған деректер мен әдебиеттер тізімі берілді.

Осылайша қазіргі Қазақстан тарихын бүгінгі күні тарихшылармен қатар әлеуметтанушылар мен саясаттанушылардың да ғылыми ізденістерінің басым бағыттары болып отыр. Дегенмен, тәуелсіздік та-

рихы тек қана саяси және әлеуметтік-экономикалық саладағы өзгерістермен шектеліп қалмайды. Әлеуметтік өзгерістер мен саяси іс-шаралар теңіздің бетіндегі көзге көрініп тұрған толқын болса, тарихи үдеріс – теңіздің түбіндегі қозғалыстар. Ой түбінде жатқан сөзді оқырманға жеткізу тарихшылардың міндеті. Өкінішке орай, тәуелсіздік кезеңінің тарихы бойынша зерттеу жұмыстары жеткіліксіз және жаңа мемлекет құрылысының көптеген қырлары тыңғылықты зерттеуді талап етеді.

Тарихнаманың маңызды арқауы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің мемлекеттік қызметі, әсіресе жаңа Қазақстанның жаңа астанасы Астананы салдыруы болып табылады. Қазақстанның жаңа астанасы туралы Елбасының «Еуразия жүрегінде» (Алматы, 2005) еңбегінде астананы ауыстырудың негіздері, мемлекеттің дамуындағы ел астанасының мәні терең ашылып көрсетіледі. Осы орайда ғылыми, публицистикалық және құжаттық шығармалар қатарындағы төмендегідей кітаптарды айтуға болады: Н.Ә. Назарбаевтың «Халыққа арнау» (2007), «Елбасы мәртебесі – ел мәртебесі» (2007), «Қазақстан. Жаңа асулар жылы 2002» (2003), М. Қасымбеков «Становление института президентства в Республике Казахстан» (2000), «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» (2005), Ж. Сааданбеков «Нурсултан Назарбаев. Законы лидерства» (2005), «Қазақстан. Тәуелсіздіктің 15 жылы» (2006), «Қазақстан әлемнің тоғызыншы мекені» (2007), О. Видова «Нурсултан Назарбаев: портрет человека и политика» (1998), «Бәйтерек» (2003), А. Джаксыбеков «Так начиналась Астана» (2008) т.б.

Халықаралық қатынастар тарихнамасында Қ. Тоқаевтың «Беласу. Дипломатиялық очерктер» (2003), «Под стягом независимости. Очерки о внешней политике» (1997); «Дипломатия Республики Казахстан» (2002), «Нұр мен көленке» (2008), Т. Мансұровтың «Казахстанско-российские отношения в эпоху перемен» (2001) зерттеулері ерекше орынды иеленеді. Саяси тарих бойынша әдебиеттер қатарынан – К. Бұрхановтың, Б. Сұлтановтың, Б. Аяғанның «Современная политическая история Казахстана 1985–2006 гг.» (2006) еңбектерін атауға болады.

Қазіргі Қазақстан тарихын түсінуде төмендегідей нақтылы – тарихы мәні зор еңбектер де бар: М. Қозыбаев «Ұлт және өркениет» (2001), К. Султанов «Время перемен» (2005); М. Жолдасбеков «Ел тағдыры – ер тағдыры» (1997); Ғ. Есім «Саяси философия» (2006), Х. Әбжанов «Қазақстан: тарих, тұлға, теория» (2006), Р. Калиева «Республика Казахстан и современный мир» (2000), Т. Омарбеков «Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері» (2003), И. Агеев және т.б. «Стратегическая матрица» (2006), Р. Медведев «Нурсултан Назарбаев. Казахстанский прорыв и евразийский проект» (2008), А.С. Гурский «Твердая поступь страны» (2007), «Путь к лидерству: социально-экономические и политические реформы в Казахстане» (2007) және өзге де еңбектерде саяси-экономикалық, социомәдени, этникалық, өңірлік және ғаламдық мәселелер қарастырылады.

Байқап отырғанымыздай, тәуелсіз Қазақстан тарихы тарихнамасын қорытындылауға әлі ерте. Қазіргі уақытта аталған тақырып төңірегінде салмақты және іргелі зерттеулер қолға алынуда.

Тәуелсіз Қазақстан тарихын жоғары оқу орындарында пән ретінде оқыту жоғарғы білім тәжірибиесінде бұрын болмаған жағдай. Сол себепті бұл пәнді оқушы жастарға, студенттерге оқыту барысында біршама қиындықтар туындайтыны анық. Ол үшін Қазақстан Республикасының тәуелсіздік кезеңі тарихын оқытудың тұжырымдамалық ұстанымдарын саралап алғанымыз дұрыс. Тарихты оқытудың қалыптасқан жүйесі және негізгі қағидалары Тәуелсіз Қазақстан тарихы пәнін оқыту барысында да қолданылады. Қоғамдық-гуманитарлық салалардағы зерттеулер мен оқулықтарда пайдаланылатын бірнеше ұстанымдар бұл пәнде де өзекті болып табылады. Олар:

– объективтілік (шынайылық) – бүгінгі күрделі әлемде адам қабілетіне, ұлт жігеріне бағынбайтын заңдылықтар бар. Қазіргі заман ақпараттар заманы, адамзат баласы бір ақпараттық кеңістікте, бір-бірімен тығыз байланыста өмір сүруде. Бұл мәселе – Тәуелсіз Қазақстан тарихын оқып түсінудің басты шарттарының бірі;

– субъективтілік (жеке көзқарас) – тарихи үдерістердегі тұлғаның орнын көрсету осы ұстанымның негізгі мақсаты. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының басынан кешкен күрделі кезеңге қатысты жеке тұлғалардың, қайраткерлердің еңбектерін пайдалану бұл тақырыпты ашып көрсетудің қайнар көздерінің бірі;

– тарихилық – Қазақстан тарихы дүниежүзілік тарихтың заңдылықтарына бағынышты, дегенмен ұлы далада бірнеше мыңдаған жылдар бойы өмір сүрген және өмір сүре беретін қағидалар бар. Тарихилық ұстанымы Тәуелсіз Қазақстан тарихының әлемдік тарихтың заңдылықтарымен және ұлы дала тарихының қағидаларымен байланысты екенін көрсетеді;

– сабақтастық – бұл ұстанымның негізі Қазақстан халқының этникалық және мәдени-рухани тамырының көне және бұрынғы заман үлгілеріне барып ұштасатынын дәлелдеу. Сонымен бірге, Тәуелсіз Қазақстан тарихы өзіне дейінгі ірі тарихи кезеңдермен, мемлекеттермен және өркениеттермен сабақтас құбылыс;

– өркениеттік – қазіргі заман адамзат баласының дамуын постмодернистік, техногендік өркениетке бастайды. XIX–XX ғасырлардан басталған бұл құбылыс бізге де өз әсерін тигізуде. Әлемдік өркениет факторын есепке алмай Тәуелсіз Қазақстанның толыққанды тарихын жазу мүмкін емес;

– жүйелілік – адамзат қоғамы тұтас жүйе. Тәуелсіз Қазақстан осы жүйенің құрамдас бөлігі. Сондықтан ұлттық-мемлекеттік тарихты оқытуда жүйелі-құрылымдық ұстанымды пайдалану қажет.

Тәуелсіз Қазақстан тарихын оқыту қалыптасқан әдістемелік негіздерге сүйенеді. Оның әдіснамалық, теориялық, әдістемелік проблемалары оқулықта толық ашып көрсетілген. Оқулықтың басты мақ-

саты – студенттерге терең білім, талғамды түсінік беру, түрлі ұстанымдар мен күрделі тарихи мәселелерді талдауға және өз бетінше пайымдай білуге дағдыландыру. Қазіргі уақытта оқытушылар мен студенттердің түрлі деректер мен зерттеулерді қолдануына және оларды салыстыра зерделеуіне көптеген мүмкіндіктер бар.

Қазіргі қоғамда өркениет проблемасы терең пайымдаулардың пәніне айналып отыр. Адамзат өркениетінің болашағын зерделеумен айналысатын ғалымдар арасында түрлі көзқарастар да бар. «Тарихтың ақыры» немесе парасатты (разумный) тарихтың басталуы туралы пікірлердің, «өркениеттер қақтығысы» жайындағы болжамдардың да бар екендігі белгілі. Әлемдік қоғамдастыққа ықпалдасу үдерісінде ұлттық-этникалық және мәдени құндылықтарды сақтау аса маңызды.

XXI ғасырдың басында әлем көптеген өзгерістерге ұшырады. Қазіргі Қазақстан тарихын оқыту үдерісінде салыстырмалы әдіс арқылы өткен, қазіргі және болашақ арасындағы өзара байланысты көрсету, сонымен қатар тарихтың ұлттық, өңірлік және ғаламдық қырлары арасындағы шынайы байланысты көрсету де аса маңызды. Осыған орай, Отан тарихы бірнеше негізгі тарихи кезеңдерден тұрады: 1) Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан, 2) Қазақ хандығы (XV–XVIII ғасырлар), 3) отарлық және кеңестік Қазақстан (XVIII–XX ғасырлар), 4) Тәуелсіз Қазақстан (1991 жылдан).

Тарихтағы тұлға, қоғам, мемлекеттің рөлі туралы пікір-таластар. Қазіргі Қазақстан тарихын оқыту үдерісінде мемлекеттің, қоғамның және тұлғаның өзара қарым-қатынасы мен қарама-қайшылықты мәселелерін айналып өту мүмкін емес. Олардың жарастығы – тұрақты дамудың қайнар көзі. Мемлекеттік билік тарапынан тұлға мен қоғамдық ұйымдардың рөлін төмендету жадымыздан қанды ізі жойылмаған тоталитаризм уақытын еске салады. Керісінше, мемлекеттің әлсіреуі және қоғамдық құрылымдардың, өңірлік және жеке мүдделердің шамадан тыс күшеюі мемлекет тағдырына қауіп төндіреді. Әрине, біржақты көзқараспен тарихты зерделеу мүмкін емес. Қазақстанға батыстың немесе шығыстың тәжірибесін айна-қатесіз көшірудің де кажеті аз. Ұлы дала мен еуразия кеңістігінің халықтарына тән кеңдік, қонақжайлылық, ізгілік, батырлық секілді сапалар саяси және қоғамдық өмірде маңызды рөл атқаруда. Жаңа қоғамның қалыптасу үдерісінде халықтың этномәдени нышандарын қайта жаңғыртумен қатар демократиялық құндылықтар мен нормаларды үйлестіру де аса маңызды. Қазіргі тарихта Қазақстан көптеген этникалық топтың өкілдерінің ынтымақ-бірлігі жарасып, еңбектенің жатқан көпұлтты мемлекет болып табылады.

1990 жылдардың бірінші жартысында кейбір шолушылар Қазақстан халқының толыққанды демократиялық және нарықтық мемлекет құруына күмән-данды. Алайда Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен қазақстандықтардың басым көпшілігі таңдау салған жолдың дұрыстығына сенім білдірді. Қазақстанның қазіргі заман тарихының төрінде Қазақстан халқының жаңа мемлекет құрудағы

төзімділігі, ізгілігі және еңбексүйгіштігі шешуші рөл атқарды. Ең бір қиын кезеңдерде де Қазақстан азаматтары жарасқан ынтымақ-бірлігімен соғысқа, жанжалға жол бермеді. Олар қазіргі тарихты шынайы жасаушылар болды. 2010 жылы Қазақстанның ең жоғары миссия – ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіне сенім білдірілді.

Осылайша, Қазақстанның тарихи тәжірибесі мен мүмкіншіліктері жаңа ғасырда тиімді және үйлесімді саяси үлгі: «Экономикалық гүлдену – Саяси тұрақтылық – Әлеуметтік бірлікті» іс жүзінде қалыптастыруға және жүзеге асыруға жол ашуда. Бұл үлгі – адамзаттың аса маңызды құндылықтарын толықтырары сөзсіз.

Оқулықты жазу барысында Ә.М. Ауанасованың, Д.А. Байтілеудің, М.С. Бекеновaның, Ж.И. Ибрагимовтың, Г.М. Какеновaның, Г.Р. Нұрымбетованың, Қ.Қ. Сөрсембинаның, С.В. Селиверстовтың материалдары пайдаланылды. Сонымен қоса, осы оқулықты дайындауда тарихшы-ғалымдар Т. Омарбеков пен Қ. Атабаевтардың пікірлері ескерілді.

I БӨЛІМ

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТАРИХИ-ӨРКЕНИЕТТІК НЕГІЗДЕРІ

...Қазақ тарихының осынау ең бір этникалық ұзақ ғұмырын бажайлағанда, біз қаптаған қасаң қалыптардан бас тарта отырып, ұлттың бүгінгі тұлғасына дәстүрлі қазақ қоғамының қандай ерекшеліктері «ізін қалдырып» отыр және сол сан ғасырлық әсер-ықпалдың ерекшелігі неде деген мәселені шындыққа сай сезінуіміз керек.

Н.Ә. Назарбаев

Д.А. Қонаев
атындағы университетінің
кітапханасы
инв. № 95307

1.
ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН (XV ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНА ДЕЙІН)

1.1. Қазақстанның ежелгі тұрғындары

Антропогенез проблемалары. Қазақстан жеріндегі көне және тарихқа дейінгі кезең әлемдік аймақтардағы сияқты антропогенез проблемасына байланысты, яғни адамның физикалық түрғыдан қалыптасуының тарихи-эволюциялық үдерісімен, алғашқы еңбекке бейімделуінің, іс-әрекет жасауының, сөйлеуінің, қоғамдық қатынастардың қалыптасуымен тығыз байланыста қарастырылады. Адамның пайда болуының проблемалары қазіргі ғылым үшін өте өткір және бұл мәселе тек жаратылыстану ғылымы аясында ғана емес, гуманитарлық пәндер саласы үшін де өзекті. Бүгінде адамның пайда болуы, тегі, шыққан ортасы мен жері туралы бірін-бірі толықтыратын, не жоққа шығаратын бірқатар ғылыми теориялар мен гипотезалар (болжамдар) бар.

Адамзат өркениетінде адамның пайда болуы туралы аламды құдай жаратты деген теологиялық түсініктер басымдыққа ие болып отырды. Діни бағыттағы, діндарлық пікірлерді ұстанған теорияларда қалыптасқан негізгі ұстаным адамзат өркениетінің негізін қалаған – дін деп есептейді (көне кітаптарды қараңыз – «Тәурат», «Інжіл», «Құран»). Тораны жасаушылардың жақтастары жаратылыстың пайда болуының жеті күні туралы ғана айтып өтіп, барлық тіршіліктің аяқастынан пайда болуының мүмкін емес екенін жоққа шығарады. Тым қысқа мерзімде жаратылыс тек арнайы бағытталған күштердің нәтижесінде қалыптасуға мүмкіндік алғанын атап өтеді. Бәрімізге мәлім, XX ғасырдың ғалымдары бүкіл тіршіліктің бастауы ретінде – «Үлкен жарылыс» теориясын ұсынды.

XVIII ғасырдың белесінен адамның пайда болуы туралы мәселе материалистік тұрғыдан зерттеле бастады. Швед дәрігері Карл Линней адамның орны адам тектес маймылдармен қатар қойылған жануар және

өсімдік әлемінің бірыңғай жүйесін жасады. XIX ғасырдың ортасына қарай, жиналған материал антропогенездің ғылыми бағыт ретінде қалыптасуына мүмкіндік берді. Зерттеулер кезінде адамның шығу тегіне байланысты альтернативті гипотеза жасауға мүмкіндік берген бірқатар археологиялық материалдар табылды. Алайда көптеген ғалымдар эволюция идеясын аяғына дейін жеткізе алмай, адамның пайда болу үдерісіндегі құдайдың рөлін мүлдем жоққа шығара алмады.

Адамзат баласының пайда болуы туралы материалистік-атеистік теорияның қалыптасуында Чарльз Дарвиннің эволюциялық идеялары үлкен мәнге ие болды. Эволюциялық теория ұзақ уақыт бойы кең тараған, жақтастарымен жалпы қабылданған теория болғанымен, адамның шығу тегіне байланысты сұрақтарды аяғына дейін шеше алған жоқ. Сондай-ақ, Чарльз Дарвиннің теориясына ортақ ұстаным жетіспейді – адамның маймылдан саналы адамға өтуінің, адамгершілік сипатының арақатынасы анықталмаған, түсініксіз күйде қалды.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, материалистік ұстанымдағы ғалымдар мен теологтар бір-бірінің пікіріне ден қоя бастады. Оған университет аудиторияларындағы дінтанудың арнайы курстары мен біріккен конференциялардың ұйымдастырылуы айғақ. Қасиетті діни кітаптардың мәтіндері, фактілер, доктриналар мен сөуегей, көріпкелдік болжамдар ірі зерттеуші ғалымдардың зерттеу нысанына айналды.

Адамның шығуы мен уақыты туралы қалыптасқан гипотезаларды негізгі екі теорияға бөлуге болады: алғашқысы Африкадағы шағын homo sapiens, олардың басқа континенттерге орналасуы не шашырауы, ал екіншісі адам ғаламшардың әр нүктелеріндегі тараған гоминид популяциясының ұрпақтары, homo sapienstің шығуының хронологиялық уақыты да әртүрлі беріледі. Егер homo sapienstің пайда болуын шамамен 40 мың жыл бұрын деп келсе, жаңа мәліметтер бойынша адамның шығу уақыты 140–150 мың жыл бұрын деп саналады. Сонымен, жаңа ашулар фактілерінің мүмкін екендігін ескере отырып, homo sapienstің шығу тегі туралы мәселе бүгінгі күні өте өзекті болып отырғаны белгілі.

Археология, лингвистика, теология және басқа да ғылыми пәндердің соңғы уақыттағы жетістігі адамзат тарихын, соның ішінде Қазақстан тарихын тағы да кеңінен қарауға мүмкіндік беруде. 2009 жылы Батыстың біраз ғалымдары, тарихта жылқының ең алғаш рет үй жануарына айналуы Қазақстан жерінде болғанын мойындады. Оған 1980 жылы Солтүстік Қазақстанның – «Ботай» елді мекенінен табылған артефактілер куә.

Адамзат тарихының жалпы дамуы Еуропалық ғылыми дәстүр ұстанымы бойынша, тарихты бірізді сара жолмен алға жылжу түрінде қабылдау болды. Тарих адамдар бастан кешіп жататын оқиғалардың тек тізбегі емес, қоғамның ақыл-ой жетістігінің үздіксіз алға жылжу қозғалысы ретінде көрсетілді. Бұл схема өз уақытында Гегельдің идеалистік еңбектерінде жазылып, Карл Маркстің тарихи материалистік ой-пікіріне негіз болды.

Тас ғасыры мәдениетінің ерекшеліктері. Ғылымда тас ғасырын тас құралдарын өңдеудің деңгейіне қарай бірнеше кезеңдерге бөледі. Сөйтіп, тас ғасыры палеолит, мезолит, неолит, энеолит деп бөлінеді. Ең соңғысын –өтпелі кезең деп атап, қола дәуіріне жатқызамыз.

Палеолит, не ежелгі тас ғасыры тас дәуірінің алғашқы тарихи кезеңі болып табылады және шамамен 2,6 млн жылдан 10 мың жыл бұрынғы кезеңді қамтиды. Палеолит өз кезегінде ерте (2,6 млн жыл айналасында – 200 мың жыл бұрын) түрпайы тас құралдарын пайдаланудың жабайы мәдениеті; орта (айналасы 200 мың – 30 мың жылдар бұрын) және соңғы палеолит (30–10 мың жыл бұрын) деп бөлінеді. Қазіргі ғылымда тас ғасырының уақыты мен кезеңделуі туралы біркелкі ұстанымдар жоқ, бұл дәуірге қатысты бірнеше хронологиялық кезеңдеу бар.

Палеолит дәуірінің көрнекі айғақтары, дәлірек айтсақ, сүйек қалдықтары Қазақстан аумағында өкінішке орай, әлі табылған жоқ. Көне гоминидтер уақыты (хронологиясы) тек тастан жасалатын қарапайым құрал-жабдықтар ретіндегі еңбек құралдары арқылы негізделеді. Қазақстан жерінде палеолиттік мәдениет қазыналары Қаратау жотасының сілемдерінің, (Оңтүстік Қазақстан) оңтүстік-батыс жағында, Қоңырдек елді мекенінде табылған. Арыстанды өзенінің жайылмадан жоғары терассасында еңбек құралдарын дайындау орындары анықталған. Жамбыл облысының Талас өңірінен табылған Бөріқазған және Тәңірқазған қазба орындары өте қызықты. Бұл жерлерден табылған археологиялық ескерткіштер ашель кезеңі материалдарымен сәйкес болып шықты. Ерте палеолит ескерткіштері Орталық Қазақстанның Обалысай және Жаман Айбат тұрақтарынан табылған. Орта палеолит кезеңінің ескерткіштері Қарағанды облысының Ағадыр ауданында табылды, олар Оғызтау, Үлкен Ақмая тұрағы, сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстандағы Шыршық және Піскен өзендерінің жағасынан табылды.

Кейінгі палеолит ескерткіштері қатарына стратиграфиялық тұрғыдан көлбей жату тереңдігі екіден жеті метрге дейін жететін, бес мәдени қабаттан тұратын, Ш. Уәлиханов атымен аталған тұрақ жатады. Бұл тұраққа шамамен осыдан 30 мың жыл бұрын адамдардың қоныстанды-рылғаны анықталды.

Палеолит кезеңінің тұрақтары Солтүстік және Солтүстік-Батыс Қазақстанда (Жалпақ, Қайындысор, Үркаш), Солтүстік Арал маңынан, Солтүстік Шығыс Қазақстан және Жетісу, кейбір жалғыз-жарым ескерткіштер Арқалық ауданында және Ақтас елді мекендерінен табылды. Табылған артефактілердің үлкен бөлігін орта және кейінгі палеолит дәуіріне жатқызады. Жалпы, Қазақстан жерінде жүзлеген палеолит тұрақтары табылып, артефактілері жоғарғы қабатта орналасқан, қазынасының көп бөлігі жер үстінде жатқан ескерткіштерге жатады.

Палеолит кезеңінің өне бойында адамдар шағын қауымдастықтарға бірлесіп, негізгі құралы ретінде тасты, сирек жағдайда сүйекті пайдалануы арқылы алғашқы адамның қалыптасуы жүрді. Осы уақытта адамның архантроптан қазіргі адам келбетіне ену үдерісі үздіксіз жүріп отыр-

ды. Соның ішінде, ең басты өзгеріс адамның физиологиялық өзгерісі, нақты айтсақ, бас миының көлемінің өсуі үздіксіз жүріп отырды. Адам көсібінің, іс-әрекетінің негізгі түрі аң аулау мен терімшілік болды. Балық аулау бұл уақытта жаңа шыға бастаған деңгейде еді. Адамның қалыптасуының маңызды тұсы – отты пайдалануды табуы, кейіннен бірлескен іс-әрекеттің арқасында отқа тамақ дайындауы болды.

Кейінгі палеолит дәуіріне жартастардағы және өшекей бұйымдардағы салынған алғашқы өнердің де пайда болуын жатқызуға болады. Осы уақытта жерлеудің, салт-жоралардың, табынудың діни-ғұрыптық алғашқы нышандары пайда болды. Жоғары палеолитті тотемизм, фетишизм, анимизм, шаманизмнің пайда болуымен байланыстырады.

Палеолит уақытында мүмкін неандерталь не басқа түрдегі адамдарды ығыстырып не ассимиляцияға ұшыратып, Африкадан homo sapienstің басқа құрлықтарға таралуы, олардың бүкіл жер бетінде жеңуші, билеушіге айналғанын көрсетеді. Адамзаттың ары қарай дамуы әлеуметтік және техникалық прогрестің дамуымен тығыз байланысты.

15 мың және 6 мың жыл бұрынғы кезеңді қамтитын мезолит мұз дәуірінің аяқталғанымен сипатталады. Бұл дәуірдің негізгі жетістігі – жебе мен садақты, микрокүю индустриясына негізделген күрделі құрамдас бөліктерден тұратын құралдарды ойлап табуы еді. Мұндай құралдар мықты, ұзақ уақытқа төзімді болды. Мезолиттің аяқталу уақытымен жер бетінің кейбір аумақтарында адамдардың тіршілігінде аң аулау мен балық шаруашылығымен қатар жер өңдеудің пайда болғанымен байланыстырады.

Мезолит дәуірімен алғашқы қауымдық қарым-қатынастарды реттеудің факторы ретінде әлеуметтік факторлардың, тілдің дамуындағы, қоғамдық тыйымдардың, ережелердің, табуларды пайдаланудың дамуындағы алға жылжумен байланыстырады. Табылған материалдар негізінде ежелгі адамдар тобырындағы ауру адамды хирургиялық жолмен емдеуді, тіс жұлу, аяқ-қол, саусақ, бармақ сияқты дене мүшелерін емдеуге қабілетті болғанын болжауға болады. Бұл – алғашқы білім мен тәжірибенің қалыптасып жинақталғанының куәсі еді.

Қазақстан жерінде мезолит уақытының ескерткіштері аз табылды. Алайда мезолит дәуірінің алғашқы адамдары Қазақстанның солтүстік және орталық аудандарын қоныстанғаны мәлім.

Неолит не жаңа тас ғасыры тас дәуірінің соңғы, аяқтаушы кезеңі болып табылады және б.з.д. 6 мың және 4 мың жылдықтарды қамтиды.

Қазақстан жерінде аумақтың ерекшеліктеріне қарай топтауға болатын неолит уақытының бірқатар ескерткіштері белгілі. Оңтүстік және Батыс Қазақстан ескерткіштері ортаазиялық кельтеминар мәдениетіне жақын. Бұл мәдениеттің қалдықтары Қаратау жоталарындағы Қарауңгір ескерткіші, Арал аумағындағы Жалпақ пен Қосмол шатқалдарынан табылған тұрақтардағы қалдықтар зерттелген. Батыс Қазақстан ескерткіштері біregей мәдениет нысаны болып табылады және бұл мәдениет өкілдері аңшылықпен, терімшілікпен айналысқан. Аталған

мәдениеттердің негізгі айырмашылығы – тас өндіру индустриялары мен керамикалық материалдардың ерекшелігінде болды. Атап өтетін жайт, екі мәдениет те көзе, қыш ісі және жіп иірудің дамуының жоғары деңгейіне жетті.

Оңтүстік Арал маңы жерінде орналасқан кельтеминар мәдениетінің тұрғындарының негізгі шаруашылық түрі аңшылық пен балық аулау болғанымен, кельтеминарлықтар отырықшы болды. Кельтеминарлықтарға ыдыс жасауға қыш шеңберлерді әлі пайдаланбай тұрған уақытта, қолдан жасалған балшық ыдыстарды пайдалану тән болды. Кельтеминар мәдениетінің сан алуан еңбек құралдарының ішінен бүгінгі күні тас балталар және кремнийден жасалған шағын жебе оқтарының үштары табылды. Кельтеминарлықтардың баспаналарының қалдықтары, адамдардың өмір сүрген орындарының реконструкциясын жасауға мүмкіндік берді. Олар бүкіл рулық қауымдастық мүшелері сиятындай кең аумақты баспаналарда мекен етті.

Солтүстік Қазақстан неолиті екі жеке мәдениетке бөлінеді: Атбасар және Маханжар. Атбасар мәдениетінің ескерткіштері Есіл маңайының далалық аумағында, қазақ ұсақ шоқылары солтүстік шығыс бөлігіндегі жерлерді қамтиды. Бұл адамдардың негізгі айналысқан шаруашылығы аңшылық болды. Маханжар мәдениетінің ескерткіштері Торғай мен Тобыл өзендері бойының жағалауларында таралған. Маханжар мәдениетін жеке мәдениет ретінде қарастыруға тұрақтар мен жерлеу орындарынан табылған керамикалық ыдыстардың өрнектері мен ерекше формасы себеп болды. Маханжар мәдениетінің ескерткіштері Қостанай облысының екі ауданында, атап айтқанда, Наурызым ауданында табылды. Бұл жерден Наурызым және Түзды көл тұрақтары табылған. Жалпы, Маханжар мәдениетінің ескерткіштері Торғай жыраларында орналасқан. Мұнда Маханжар, Дүзбай, Алқау т.б. тұрақтар табылды. Қазақстан жерінде неолит уақытының көптеген ескерткіштері бар. Алайда нақты есеп бойынша тұрақтардың санын анықтаумен ешкім айналыспаған. Қазақстан жерінде неолит заманының 500-ден аса нысандары бар.

Неолит уақытын тас индустриясындағы төңкеріспен байланыстыруы тас өңдеудің әртүрлі тәсілдерінің кеңінен тарауы, иіру ісінің пайда болуы, басты құрал ретінде балтаның пайда болуы баспана, киім дайындауда, иіру ісіндегі шикізатты пайдаланудың әдістерін жеңілдетіп, сапасын арттыруға мүмкіндік берді. Осы уақыт шаруашылық типінде өндіру тәсілінің дамуымен, адамның дамуындағы табиғатқа тәуелсіздігінің артып, дамудың жоғарылаған кезеңі деп сипатталады. Бұл мезгілде отырықшылық дамып, оның салдары ретінде тұрғындар санының өсуі байқалды. Бұл өз кезегінде қоғамды құрудың күрделенуіне әкеп соқты. Әлеуметтік және еңбек бөлінісінің пайда болуына, архаикалық технологиялардың қалыптасуына әсер етті. Туыстас қауымдар тайпалық бірлестіктерге, одақтарға бірікті. Бұл факторлардың барлығы, неолит кезеңіндегі болып жатқан үлерістерді «неолиттік төңкеріс» уақыты деуге мүмкіндік береді.

Неолиттен кейінгі энеолит немесе мыс-тас ғасыры тас дәуірінен палеометалл дәуіріне өтудің асу кезеңі деп саналады және б.з.д. 3–4 мыңжылдықтар аралығын қамтиды. Энеолит уақыты да неолит сияқты төңкеріс кезеңі болып табылады. Бұл уақыт адамдары үшін металл өңдеу мен жерден қазып шығару шаруашылық типінің түбегейлі өзгеруіне әкелді. Осы кезеңнің басты құралдарының түрлеріне – жебе, садақ, найза, сапты найза-дротиктер, ірі пышақтар т.с.с. жатады.

Қазақстан жерінде энеолитикалық дәуірдің бірқатар ескерткіштері табылған. Оның ішінде Солтүстік Қазақстандағы Ботай мәдениеті ескерткіштері. Ботай тұрағынан табылған жылқының қалдықтары осы мәдениет өкілдерінің жылқы малын доместикациялап ұстағанын көрсетеді. Сонымен бірге тұрғын үйді қазу барысында энеолит дәуірінің адамдары алдыңғы кезеңдерге қарағанда көлемді тұрақтарда тұрғанын атап өту қажет. Баспана сызықты – көріздер жоспарланған квартал бөліктерден тұрады. Жалпы, Солтүстік Қазақстан жерінде Қызылжар, Бестамақ, Тұзды көл және басқа да Ботай мәдениетіне жақын (синхронды) тұрақтар белгілі. Сондай-ақ, Павлодардың Ертіс маңындағы тұрақтар белгілі (Шідерті).

Палеометалл дәуірі және ерте темір ғасыры. Қола дәуірі мен қола ғасыры хронологиялық уақыты мен адамзат қоғамының даму деңгейі жағынан өзіндік ерекшелігі бар кезеңге жатады. Қола дәуірі ерте, орта, соңғы деп бөлінеді. Орта қола дәуірінің кезеңін кейде дамыған қола кезеңі деп атайды, ал кейінгі (соңғы) қола кезеңін қоладан темір дәуіріне өту кезеңі делінеді. Қазақстан жеріндегі ерте қола дәуірі б.з.д., XVIII–XVI ғасырларды, орта қола дәуірі – б.з.д. XV–XIII ғасырларды, кейінгі қола дәуірі б.з.д. XII–VIII ғасырларды қамтиды.

Қола дәуірінің ерекше сипатына металлургиялық өндірістің пайда болуы, соның нәтижесінде жеке металлургиялық орындар бөлініп шығуын атап өтуге болады. Бұл уақытта мал шаруашылығының негізгі жаппай өндірістік шаруашылықтан бөлініп шығуы байқалады. Осы кезеңнің тұрғындары көшпелі мал шаруашылығының, жалпы көшпелілер өркениетінің негізі болып табылатын бақташылық, өрістік мал бағуға көшті. Сонымен бірге, қола дәуірінде Еуразиялық кеңістіктің кең аумағында миграциялық және интеграциялық үдерістер арқасында қазіргі адам дамуының көне тармақтары қалыптасты.

Қола дәуірінің көп бөлігін Андронов тарихи-мәдени қауымдастығының дамуымен байланыстырады. Андроновтық тарихи-мәдени бірлестік, қауымдастық деген ұғым аясында материалдық мәдениеттің даму ерекшеліктеріне қарай біріктірілетін бірқатар археологиялық мәдениеттердің бірігуін айтады. Бұл мәдениеттер бір-бірімен өзара генетикалық байланыста болды. Бірін-бірі ауыстырды, белгілі бір аймақтарда өрбіп, дамыды. Жалпы, Андроновтық тарихи-мәдени бірлік ескі дүние аумағынан, Оралдан Енисейге дейінгі кең байтақ, солтүстіктегі Батыс Сібір ормандарынан Алтай тауының етегіне дейін, оңтүстікте Тянь-Шань мен Памирге дейін созылып жатыр. Андроновтық тарихи-

мәдени бірлестік ежелгі мәдени құрылымдардың ішінде ең биігі және ол шығысында Оралдың, батысында Днепрден таралған кию мәдени қауымдастығымен шекаралас болды.

Андроновтық мәдениеттің біріктіруші белгісі жерлеу ғұрпының ерекшеліктері, жерлеу орындарының құрылыстары, ғұрыптық жерлеу ыдысының ою-өрнектеріндегі геометриялық ырғақтар, солярлы рәміздер, меандралар, шаруашылық типтері, үй жанындағы мал бағу шаруашылығындағы ерекшеліктер болып табылады. Толығымен, андроновтық мәдени-тарихи бірлестіктің қалыптасуы, б.з.д. II мыңжылдықтың үшінші жартысындағы Еуразия даласының далалық және орманды-далалық жеріндегі жүрген күшті миграциялық және интеграциялық үдерістердің нәтижесі болып табылады. Андроновтық мәдени-тарихи бірлестіктің қалыптасуының бастауының компоненттеріне Федоров және Алакөл археологиялық мәдениеттерінің өкілдерінің байланысы жатады. Алакөл мәдениеті өзінің атауын Челябинск облысының Алакөл өзені бойынан табылған ескерткіш, обалар бойынша К.В. Сальниковтың зерттеулері нәтижесінде аталды, ал Федоров атауы Челябинск қаласының аумағына кіретін елді мекеннің атауымен аталды.

Алакөл мәдениеті тайпалары мекендеген аймақ шекаралары Ертіс өзеніне дейінгі оңтүстікте егін шаруашылығы оазистерімен шектесіп жатқан Оңтүстік Қазақстан және Орта Азия аумағындағы кең жерді алып жатты. Батыста шекара Жайық өзені мен солтүстік Каспий маңайы Орынбор далаларына, Орал жоталарын айналып өтіп, Исеть өзенінің орта бойымен солтүстік шығысты алып жатты. Солтүстік шекара екі ландшафты—орманды және орман зоналарымен тұтасып жатты және орманмен шектесіп жататын орманды-далалы аумақтың үлкен бөлігінде федоров тайпалары өмір сүрді.

Сөйтіп, Қазақстан жері, оның ең көне дәуірінің тарихы кезеңі – палеолит дәуірінде адамдар мекеніне айналған. Еңбек құралдарының жетілуімен бірге қоғамдағы әлеуметтік ұйымдардың пайда болуына әкеп соғуы заңды құбылыс болды. Осы кезеңдегі өндірістік шаруашылық дамуы маңызды жетістік еді. Қола дәуірі кезінде көне қоғам өмірінде, шаруашылығында, өмір сүру дәстүрінде, көшпелі қоғамның және көшпелі өркениеттің болашақтағы дамуына ықпал еткен маңызды өзгерістер болды.

СҰРАҚТАР:

1. Антропогенездік проблемалардың мәні неде?
2. Қазақстан аумағындағы палеолиттік тұрақтардың аймақтық айырмашылығы мен ерекшеліктері қандай?
3. «Неолиттік төңкерістің» болмысы неде?
4. Андронов тарихи-мәдени қауымдастығына қандай ерекше белгілер тән?

1.2. Қазақстан жеріндегі мемлекеттердің пайда болуы мен дамуы

Сақтар. Еуразия даласының Үлы кеңістігіндегі көне тарих – бұл, ең алдымен, осы далалық ареалда ерте мемлекеттік құрылымдар құрған жауынгер, малшы тайпалардың тарихы. Қазіргі Қазақстан жері шығыста Хинган тауларынан, Батыста Қара теңізге дейінгі қанат жайған далалық ареалдың ажырамас бөлігі. Еуразия даласында Андронов мәдениетінен кейін көшпелі сақтар (скифтер) мекен етті. Сақтар туралы алғашқы деректерді парсы жазбаларынан табуға болады. Көне Ассирия астанасы Ниневияны қазу кезінде патша Ашшурбанипалдың б.з.д. VII ғасырдың ортасына жататын мрамор тақтаға жазылған сына (клинопись) жазуы табылған. Бұл мәтінде «сақтар елінің патшасы Тугдамме» деген жазу оқылған.

Көне грек тарихшысы Геродот (б.з.д. 484–425 жылдары) адамзат тарихын ірі көлемде жазған тарихи трактаттың авторы, онда кең байтақ шығыс елі Скифияны сипаттаған. Көне грек тарихшысы өткендердің деректеріне сүйене отырып, Еуразия даласын мекен етушілерді скиф-сколоттар, скиф-массагеттер, скиф-амюргилер, киммерийліктер деп атап өтеді. «Дарий (парсы патшасы) жорыққа шыққан скифтерден басқа елдерде дамымаған, жабайы тайпалар өмір сүреді» деген Геродоттың мағлұматы скиф мәдениетінің басқа халықтарға қарағанда өте жоғары дәрежеде болғанының көрсеткіші болып табылады. Ары қарай ол: «Бізге белгілі халықтардың ішінде тек скифтер ғана бір, бірақ адамзат өмірі үшін маңызды өнерге ие. Ол олар өздерінің жеріне шапқан бірде-бір жауын күткаруға жол бермейді; егер өздері қаламаса, оларды ешкім де жеңе алмайды, мұндай халық жеңгісіз қалайша, ешкім жолай алмайтын тәкаппар болмайды». Әскери күші мен әскерінің саны жағынан скифтермен «еуропалық патшалықтар жарыса алмайды, ал тіпті, күш біріктірсе де Азияда оларға бетпе-бет, қарсы тұра алатын ондай халық жоқ» деп Фукидид жазды. Көне Рим тарихшысы Арриан (б.з. 85–175 жылдары) Александр Македонскийдің Азияға жорықтарын сипаттай отырып, сақтардың мемлекеттік құрылымы мен әскери ісі жайлы айтып өтеді.

Сақ мәдениетінің көптеген бұйымдары (алтыннан жасалған әшекейлері, тұрмыстық және шаруашылық заттары, қару-жарағы) – сақтардың б.з.д. VIII ғасырға қарай аз уақыт ішінде өз ықпалдарын Еуразия даласының шеңберінде жүзеге асыра бастағанының көрінісі. Оған Еуразия даласында басымдылық танытқан сақтар өнеріндегі аң стилі дәлел. Сақтардың жерлеу орындарынан табылған өнер заттары қазіргі уақытта Санкт-Петербургтегі Эрмитажда тұр. Бұл туындылар сөзсіз әлемдік өркениеттің қазынасы болып табылады. Британия музейіне қойылған атақты Әмудария қазынасының көптеген заттары сақтарға тиесілі. Соңғы зерттеулер көрсеткендей, сақтар, ғұндар, қаң-

лылар көнетүркі тілінде сөйлегені белгілі. Олардың тұрмысы мен мәдениетіндегі ерекшеліктер қазақ тайпаларының салт-дәстүрінде өшпес із қалдырды.

1970 жылы Алматы қаласының Есік қорғанынан табылған – «Алтын адам» Қазақстанның ұлттық рәміздеріне сақ жауынгерінің көшірмесі Қазақстанның көптеген қалаларының алаңдарында бой көтерді. Соның бірі – Алматы қаласының бас алаңында орналасқан Тәуелсіздік монументі.

1998 жылдан бастап Шығыс Қазақстанда қазба жұмыстарын жүргізген археологтар Берел қорғанында жерленген адам мәйітін тапты. Табылған бай олжаның көп бөлігін алтын бұйымдар құрайды. Көптеген сақ әшекейлері Атырау облысының Аралтөбе қорғанынан табылды.

Сақтар б.з.д. VIII ғасырға қарай андронов мәдениетін алмастырушы ретінде толықтай көшпелі шаруашылықты игерген алғашқы тайпалар болды. Сақ тайпалары жартылай көшпелі шаруашылықпен де (жайылымдық, жайлаулық, үй жанындағы) айналысқан. Сақтар көбінесе отырықшылыққа бейімделген андроновтықтарға қарағанда меридиандық бағыттағы көшуді қолдана бастады. Сақтар мал басын көбейтті, жылқы, қой, түйе өсірді, ең басты тосіл мал жыл бойы жерден, қар астынан теуіп қоректену арқылы жайылды. Сақтар шаруашылығының негізін меридиандық шаруашылық құрағанмен, аңшылыққа да маңызды орын берілді. Оның куәсі ретінде сақтар өнеріндегі аң стилін айтуға болады. Кейбір сақ тайпалары жер шаруашылығымен де айналысты.

Сақтар ірі және жай жүретін әскери дөңгелектерден бас тартып, олардың негізі деп бере алатын күші жылдам әскери шабандоз болып табылды. Сақтардың әлеуметтік құрылысында, ғалымдар археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелеріне сүйене отырып, қоғамның «патшалар», «ханшайымдар» сияқты анық дифференциалды бөлінісін атап өтеді. Олар үлкен билікке ие бола отырып, өз қарамағында ірі әскерлер ұстап, елшілерін көрші халықтарға жіберіп, ірі одақтар құрды. «Патшалар» мен «ханшайымдардан» кейін қоғамда маңызды орынды әскери-тайпалық аристократия иемденді.

Сақтар өркениеті Батыста көнегрек антикалық, шығыста көнеқытай өркениетімен байланыста дамыды, оңтүстікте отырықшы Иранмен – үндіарий тайпаларының отырықшы мемлекеттерімен шекаралас болды.

Жетілдірілген әскери ұйымның және қару-жарақтың арқасында сақтар-көшпелілер әлемдік аренада үстемдік құрды. Бұдан басқа, сақтар дәуірінде Батыс пен Шығыстың сауда тамырын жалғастырған Ұлы Жібек жолы қалыптаса бастады. Ұлы Жібек жолының негізгі бөлігі сақтардың жерлерін басып өтті. Бүкіл сауда, мәдени алмасу сақ мемлекетінің қатысуымен және бақылауымен жүріп отырды.

Сақ (скиф) өркениетінің лингвистикалық жағы, яғни тілдік мәселелері даулы болып отыр. Бұл тайпалардың кезінде Еуразияның кең даласына таралғанын ескерсек, сақтардың тайпалық конфедерациялық одағында түркі, иран тіллес т.б. тілді тайпалардың болуы ықтимал. Қалай десек

те, сақтар және одан кейінгі ертемемлекеттік тайпалар (ғұн, қаңлы) Қазақстан тұрғындарының (сондай-ақ Еуразия кеңістігіндегі басқа да елдердің) тарихи ата-тегі болып табылады.

Қаңлылар. Қазақстан аумағындағы сақтардың белгілі ең алғашқы мемлекеттік құрылымдары – Сырдария өзенінің орта бойындағы Кангха мемлекеті туралы үндіиранның «Авеста» жазуындағы (б.з.д. 500–600 жылдар) мәліметтерді айтуға болады. Көне Қытай деректері бойынша «Хань династиясының Кітабында» б.з.д. III ғасырда сол жерде Қаңлы мемлекетінің өмір сүргені туралы мәліметтер бар. Қаңлы мемлекеті Батыста аландармен, шығыста үйсіндермен шекаралас болды. «Хань династиясының Кітабында» былай делінген: «...Егер ханның қысқы сарайынан атпен 7 күн жүрсең жазғы астана Битянға келесің. Үйлер саны 120 мың, адамдар саны 600 мың, әскері 20 мың, салт-дәстүрлері, әдет-қылықтары ұлы юэчжилерге ұқсас, шығыс бөлігі ғұндарға бағынады».

Қаңлы мемлекетінің басқа да атауы – Кангар. Кейінірек, осы жерлерде Ұлы жүздің құрамына енген көне қазақ руы – қаңлылар мекен етті.

Көне тайпалар – қаңлы, үйсін, дулат, алан, қыпшақ, алшын – бүкіл әлемге жаңа заманға дейін белгілі болды. Кейін бұл тайпалар қазақ этносы мен түркі халықтарының негізін құрады.

Үйсіндер. Үйсіндер мемлекеті (қытай деректері бойынша «Усунь») б.з.д. II ғасырда Жетісуда қалыптасты. Үйсіндер – сақтардың дәстүрін жалғастырушы тайпалар. Солтүстік пен шығыста ғұндармен, батыста қаңлылармен шекаралас болды. Үйсіндердің мемлекеттік құрылысында Қаңлы мемлекетімен өте ұқсас ортақтықтар бар. Титулы ұрпақтан-ұрпаққа мұрагерлікке берілетін мемлекет билеуші «күнби», өкімет кеткенде көмекшісі «дуглу» екі қолбасшыға және еншіліктерді басқаратын үш басқарушыға, ставканы, салық жинауды, заңдардың орындалуын басқаратын шенеуіктердің сегіз категориясына сүйенді.

Үйсіндер тарихының басынан бастап саяси жағынан ғұндарға тәуелді болды, тек аумақтағы күшті мемлекет болғандықтан ғана тәуелділіктен босанды. Қытайлықтар көшпелі ғұндардан үнемі соққы көріп, жеңіле бергендіктен одақтастар іздеп үйсіндер мен юэчжилерге қарады. Қытайдың Хань династиясының императоры У Ди ғұндарға қарсы одақтастар іздеп, үйсіндерге дипломатиялық миссиямен жаһангер-барлаушы (жансыз) Чжян Цяньді жіберді. Жолда ғұндардың тұтқынына түсіп, он жыл қапаста отырған Чжян Цянь дегенмен үйсіндерге келіп жетті. Сарай тарихшысы Сыма Цянь осы оқиғаны сипаттаған жазбаларын арқылы сол кездегі үйсін мемлекеті туралы жорамал жасауға болады. «Ұлы қағанның астанасы Қызыл аңғар деп аталады, үй саны 120 мың, адам саны 630 мың, әскер саны 188 мың... Жерлері кең және жемісті, тауларында қарағайлар мен шыршалар өседі. Салт-дәстүрлері мен әдет-қылықтары ғұндарға ұқсайды. Жылқылары көп, әрбір бай, ауқаттының 4–6 мың жылқысы бар. Халқы жауынгер, батыр...» (Сыма Цянь, Ши Цзи).

Уақыт өте келе көрші қытайлардың үйсіндерге ықпалы күшейе түсті. Екі саяси күш – прокытайлық және нағыз ғұндық күштердің елде

үстемдік етуге деген күрестері өзара тартыс, соғыстарға әкеліп отырды. Саяси тартыс-таластар үйсіндер жужандардың ықпалына түскенге шейін, яғни б.з. IV ғасырына дейін созылды.

Қаңлылардың батысына қарай, қазіргі Батыс Қазақстан жерінде сақтардың ұрпақтары Аландар мемлекетін құрды (қытай деректері бойынша Яньцай). Б.з.д. I ғасырда аландар қаңлыларға бағынды, б.з. II ғасырда аландар ғұн мемлекетінің құрамына енді. Аландардың бір бөлігі Солтүстік Кавказға кетті. Деректерге жүгінсек, аландардың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тұрмысы, әскери ұйымдары қаңлылармен ұқсас болды.

Ғұндар. Орталық Азияның скиф көшпелілері туралы алғашқы естеліктерді б.з.д. XI–VIII ғасырларды көне қытай деректерінен кездестіруге болады. Прокытайлықтар жауынгер солтүстік көршілерін жун және ди деп атады. Тарихшы Л.Н. Гумилев бұл тайпалардың бәрін хунну (ғұн) деп атайды. Археологиялық қазбалар Орталық Азия скифтерінің батыс скиф-сақтарының мәдениетімен жалпы ұқсастықтары бар екенін дәлелдейді. Ғұндар б.з.д. 822 жылдары Солтүстік Қытай мемлекеті Чжоуға ірі жорықтар жасады. Көшпелі ғұндар көсемі–шаньюю бастаған, туыстас руларды біріктірген одақтан тұрды. б.з.д. V ғасырда Қытайдың отырықшы мемлекеттері ғұндардан өздерін қорғау үшін ұзын қабырға салуға мәжбүр болды. Қабырға құрылысы б.з.д. III ғасырда алғаш рет бірлескен Қытай мемлекеті Цинь-Цинь Хуанди император тұсында аяқталды. Ғұндар көпшілігі түркі тіллес болатын.

Ғұндардың Мөде шаньюю басқарған державасы шығыста оған алым-салық төлеп тұрған дунху (қазіргі Маньчжурия жері) тайпаларымен шекаралас еді. Батыстағы ірі мемлекет юэчжи мен үйсіндер жеріне дейін созылып жатты. Оңтүстіктегі Таңғут мемлекеті алым-салықты темірмен өтеді. Солтүстікте Енисей қырғыздарын бағындырды. Мөде қаған Цинь империясына қатты соққылар беруге қол жеткізді. Оның дүмпулерінің астында біріккен Қытай империясы Цинь бар-жоғы 15 жыл өмір сүріп, өзара қырқыс таластағы бірнеше патшалықтарға бөлініп кетті. Б.з.д. 200 жылы Мөде қаған өз әскерімен қытай қабырғасынан өтіп, Бей-дин тауларында император Лю Бан (Гао цзы) 320 мыңдық Хань армиясын қоршап алды. Мөде өзіне тиімді келісімге келгенге шейін жеті күн бойы қытайларды қоршауда ұстады. Император келіссөз арқылы қаған өзінің қызын әйелдікке беруге мәжбүр болды және бірнеше жыл қатарынан кемсітіп, намысын қорлайтын алым-салық төлеп тұруға міндет алды. Үсіген, қорланған тірі қалған қытай солдаттары шатқал беткейі арқылы босатылып жіберілді. Осы ірі жеңістен кейін ғұндар 24 жыл бойы қабырғадан ары өтпеді. Ең ауыр соғыстарды Мөде қаған өзінің батыс тұмалас – көшпелі юэчжилермен жүргізді. Жеңіске тек оның мұрагері Лао-шаньюй б.з.д. 164 жылы жетті.

Б.з.д. 47 жылы ғұндар солтүстік және оңтүстік болып бөлінді. Оңтүстіктегілер Хуханье шаньюмен бірге біраз уақыт Қытай мемлекетіне бағынды. Солтүстік ғұндар Чжичжи-шаньюмен (Шөже шаньюю) қаңлы-

дарға кетті. Қалған оңтүстік ғұндар қытай ықпалынан босап, солтүстік Қытай мемлекетінің өмірінде маңызды саяси рөл атқарды.

Чжичжи шаньюй өлімінен кейін солтүстіктегі ғұндар көне автохонды тайпаларды бағындырып, Еділ өзенінің бойында қазіргі Қазақстан жерінде жаңа көшпелі мемлекет құрды. Б.з.д. IV ғасырда ғұндар Еуропаға еніп, славян және финно-угор халықтарының қатысуымен жүз жылдың ішінде Рим империясын күйретті. Олар Еуропала «гунны» деген атпен белгілі болды. Ғұндардың басып кіргендегі еуропалықтардың алған әсерін, қиналған сезімдерін Аммьен Марселен әсірелеп жазады. Ол ғұндардың жауынгерлік жасампаздығына бас ие отырып, Сидон Аполлинарий сияқты атап өтіп, былай деді: «Өте алыс қашықтықтан найза лақтыратын, мықты және бірден өлтіретін темір ұштары бар жебелер сияқты сүйек ұштары бар садақ-жебелерді жеңіл, әрі ептілікпен ататын шеберліктері еш нәрсемен салыстыруға келмейді». Бұл дәуір тарихта – «Халықтардың ұлы көші» деп аталды.

Ғұн державасының негізін қалаушылар және олардың ізбасарларының негізгі басты мақсаты – «садақ ата алатын барлық халықтарды» (көшпелілерді) бағындыру, «жеркепе үйлерде тұратын адамдардан» (яғни, отырықшы халықтан) жоғары тұрып, үстемдік ету, билеу. Мұндай мемлекет тек әскери-әкімшілік ұстанымдарға сүйеніп өмір сүре алады. Мемлекет басында шаньюй тұрды (түрік титулы «төңір құттың» қытайлық калькасы). Басында шаньюй титулы ақсақалдар кеңесінде сайланатын. Мәдеден кейін билік мұрагерлікке берілетін болды. Шаньюйдің уәкілдік мүмкіншіліктері кең екен: саяси және рухани басқарудан басқа, ол жоғары қолбасшы саналды. Шаньюйдің жақын туыстары аристократиялық басқару табына (класс) жатты. Сонымен бірге туыстас емес шенеуіктер тобы – құтлұғ болды. Әр күз сайын шенділер мен иелік, еншіліктерді басқарушылардың басы қосылатын жиналыс өтіп тұрды. Басты құқықтық дерек «әдет-ғұрып» болды. Қытайлықтар «ғұндардың заңдары жеңіл және оңай орындалады» деп атап өтеді. Ежелгі көшпелілер кодексі әскери тәртіпті бұзғаны үшін, әскери қызметтен бас тартқаны үшін, ұрлық үшін өлім жазасын тағайындады.

Ғұндардың негізгі кәсібі – мал шаруашылығы. Батыс Еуропалық зерттеуші Рене Груссе «Дала империясы» атты кітабында ғұндардың наным-сенімі, шаруашылық қызметі туралы сипаттай отырып, былай деп жазды: «жылқылар табыны, ірі қара мал мен қойлардың үйірі, түйелер керуені олардың өмір сүру ырғағын анықтайды. Ғұндардың тұратын мекені ретінде киіз шатырлар пайдаланылды. Наным-сеніміне келетін болсақ, төңір дініне, құдайы аспанға, қасиетті тауларға сиынатын шаманизмді еске түсіреді». Малдың негізін жайылым шөппен қоректенетін жылқы малы құрады. Жылқы табынынан басқа, мыңғырған сансыз түйе, қой, ірі қара үйірлері болды.

Қытай тарихшысы Сыма Цянь: «бейбіт уақытта олар мал соңында жүреді, жабайы аңдарды аулайды, ал тыныштық заман туса, шабуыл жасау үшін әскери іске үйренеді. Олардың туа біткен қасиеттері сон-

дай... Барлығы үй малының етімен тамақтанады. Киіз бен теріден киім киеді», – деп жазған. Ғұндар мекен еткен ірі қоныстардың болғаны жайлы Моңғолия мен Забайкалья жерлерінде жүргізілген археологиялық қазбалар дәлел. Металургиялық және ұсталық істің дамығаны жайлы шаруашылық құралдары мен қару-жарақ жасайтын орталықтардың болуынан көруге болады. Ғұндардың дихандышылық, егіншілікпен шұғылданып, көбінесе тары егумен айналысқан солтүстік жағында бөренеден салынған үйлер басым болды. Ғұндар сақтар сияқты ұзақ уақытқа көшіп-қонғанда қозғалмалы үй-күймелерді пайдаланды.

Ғұндарды сипаттағанда олардың батыс көршілері юэчжилерді айтпаска болмас. Көшпелі юэчжилердің туыстас тайпалары әр уақытта ғұндардың одақтастары болды, біресе олардың арасында қатты соғыстар үшқындап отырған, өшіккен жауы болды. Мөде қаған үнемі ең ауыр жаугершіліктер мен соғыстарды батыстағы юэчжилермен жүргізетінін үнемі ескертіп отырды. Бірен-саран юэчжилер туралы мәліметтерді қытай деректерінен табуға болады. Юэчжилер Мөде және оның мұрагері Лаошаннан кейін Қазақстанның қазіргі жеріне қарай жылжыды. Юэчжилердің саяси құрылысы мен шаруашылығы ғұндармен ұқсас болды.

V–XII ғасырлардағы Түркі мемлекеттері. Ғұндар батысқа – қазіргі Қазақстанның және Еуропаның жеріне кеткеннен кейін Моңғолия жеріндегі үстемдік жужандарға көшті. Жужандар (жуань-жуань) аварлардың қытайша атауы. Л.Н. Гумилев «Көне түріктер» атты кітабында жазғанындай, Алтайда жужандардың иелігінде Ашин (алшин) тайпалары өмір сүрді. Ашиндер металлургиямен, ұсталықпен айналысты, жужандарға қару-жарақ жеткізіп отырды. 551 жылға қарай Ашиндер күшейіп, келесі 552 жылы олардың басқарушы көсемі Бумын жужандардың негізгі күшін жеңіп, бүкіл Орталық Азияда ең басты, күшті тайпаларға айналды. Бумын қаған жаңа титул қабылдап, Ел-хан болды. Осы уақыттан бастап, Ашиналарды түріктер не тюркюттер деп атайды. Жаңа қағанаттың саясаты барлық түркі халықтарының талап-тілектеріне сай болғандығы соншалық, келесі басқарушы қаған – Мұқан (Бумын қағанның ұлы) кезінде Түрік қағанаты өзінің шекарасын шығыста қытай қорғандарына, ал батыста Қара теңізге дейін кеңейтті. «Түркі елі» адамзат баласының тарихында ең ірі держава болды. Көптеген тарихшылар ғұн мемлекеттері мен олардың тікелей ұрпақтарының мұрагерлері түркі қағанаты болды деп атап өтеді. Қытайға алым-салық салып, Мұқан қаған батысқа Бумынның кіші інісі Естемірді (Истемир) жіберді. Қытай деректері бойынша «Естемір өте берік, қатал, мейірімсіз, батыл, ақылды, соғыстан басқа ештеңені білмейтін адам болды». Естеми қаған – сол уақыттың көрнекті қолбасшыларының бірі, шебер дипломат болды. Қысқа уақыт ішінде ол үйсіндерді бағындырып, Орта Азия басқарушыларын (бұрынғы ғұндардың қалдығы) талқандап, 558 жылы Еділ (Волга) өзеніне шықты. 570 жылғы келесі жорықтарында түріктер Естемірдің басшылығымен Солтүстік Кавказ бен Грузияны, 576 жылы Қырымдағы Боспор патшалығын жаулап алды. Сөйтіп,

түркілер өз бақылауларына Ұлы Жібек жолының үлкен бөлігін иемденді. Мұқан қаған Византиямен одақ құрып, Иранды салық төлеуге мәжбүрледі. Қытай жібегінің негізгі сатып алушысы Византия болды. Түркілер әскери олжалар мен қытай салығын өткізуге мүмкіндік алды. Нақ осы уақытта ерекше оқиға болды – византиялықтар жібек жасаудың сырын біліп алып, Қытайдың жібекке монополиясы құрдымға кетті. Жібекке монополияны жоғалту қытайлықтардың позициясын жоғалтып, Ұлы Жібек жолының үлкен бөлігін бақылауда ұстап отырған түркілер үшін тиімді болды.

Мықты ұсталық өнерінің, қару-жарақ жасаудың шеберлері ретінде түркілер алғаш рет қисыққы, иілген біржүзді қылыш ойлап тапты. Бұрынғы тура жасалған қылышқа қарағанда майыстырыла иіліп жасалған қылыш ыңғайлы, нәтижесі ойдағыдай болды. Бір сөзбен айтсақ, барлық Еуропалық әскер XIX ғасырда иілген қылыштарға көшті. Түркілердің басқа ойлап тапқан дүниесі – темір үзеңгілер жауынгер салт аттыларының ұрып-соғу қуатын еселей арттырды. Үзеңгіге тұру және тірелу арқылы қылышпен күшті соққы беруге мүмкіндік туды. Түркілердің темір құрсауланған салт атты әскерлері – «бури» басты соққы беретін күш болды. Түркілер жасаған құрамдас садақ металл 800 метрге дейін жетті.

Түркілер батыс және шығыс халықтарының жеткен жетістіктерін ұштастыра отырып, өз жазуын, ерекше өзіндік мәдени әлем түзді. Тәңірлік, христиандық, буддизм сияқты әртүрлі діндер тоғысында болуы да үлкен рөл атқарды. Олардың діни сенімдерінің ерекшеліктерін сипаттай отырып, византиялық елші Феофилакт Симокатта «түркілер отты қатты бағалаған. Олар ауа мен суды да қасиет тұтты. Олар өздері құлшылық ететін және құдай деп тек көк пен жерді санайды және оларға жылқы, қой, өгізден құрбандық шалады».

604 жылы жарты ғасыр өмір сүрген Ұлы қағанат ыдырап, Шығыс Түрік және Батыс Түрік деп бөлінді. Шығыс Түрік қағанаты ұзақ уақыт саяси дағдарыстар легін басынан кешті. 679 жылы Елтеріс қаған және оның ізбасары Қапаған – қаған Орталық Азияда өзінің ықпалын недәуір күшейтті. Шығыс Түрік қағанаты Білге қаған мен оның қолбасшы ағасы Күлтегін кезінде күдіретті, қуатты күшке ие болды. Мемлекетті нығайту жолдары, олардың ерліктері түркілердің жазба түрінде жеткен «Орхон-Енисей» құлпытастарында сақталған. Қазіргі Қазақстан жерінде орналасқан Батыс Түрік қағанаты аймақта үлкен саяси күш ретінде ықпалы зор болды. Қағанат Батыста Еуропамен, оңтүстікте Иранмен шектес жатты. VII ғасырдың ортасында оңтүстіктен жаңа жаулап алушылар – араб-мұсылмандары шықты. Тек Батыс Түрік қағанатына осы күнге дейін ешкім бағаламаған міндет – араб экспансиясын тоқтату бұйырды.

Сұлудың өлімінен кейін арабтар мен Тан империясының қытайлары Орта Азияда іс-қимылдарын күшейтті. 751 жылы Талас өзенінің бойында қатты шайқасқан ұрыста арабтар мен қытайлардың армиясы кездесті. Түркі-түргештер сыртқан бақылап отырды. Шешуші сәтте түргештер өз таңдауын жасап, қытай әскерінің арт жағынан соққы беріп, соғысты араб-

тардың пайдасына шешті. Бірақ, арабтарға Соғдыдағы түргештер қолдаған бірнеше қарсы көтерілістерден кейін артқа шегінуге мәжбүр болды.

756 жылы түргештер династиясын қарлұқтар династиясы алмастырды. Қарлұқтар түрік руларының ірі бірлестіктерін басқарды. Қарлұқтардың негізгі руларын басмыл, чигил, арғын, тухси, барсхан рулары құрады. Қарлұқтар басшысы жабғу, ал 840 жылдан қаған деп аталды. Осы кезеңнің түргештерден айырмашылығы түргештердің негізгі бөлігінің тәңірілік сенімде қалуына қарамастан, қағанаттың оңтүстік бөлігінде ислам дінінің бейбіт жолмен таралуы еді. Қарлұқ қағанаты 200 жылға жуық өмір сүрді.

942 жылдан бастап Қазақстанның қазіргі аумағында және Орта Азияда үстемдік құру алғашқы басқарушы Сатұқ Боғрахан атымен қарахандар династиясының қолына көшті. Сатұқ Боғрахан исламды қабылдап, өзін Арслан Қарахан атай бастады. X ғасырдың аяғына қарай хандық аумағы Әмудариядан Қашғарға дейінгі аумақты алып жатты. Хандық екі үлкен енші иеліктерден тұратын: Жоғары қаған титулымен Арслан Қарахан астанасы Баласағұн болған шығыс бөлігін басқарды. Екінші қаған титулымен Боғра Қарахан резиденциясы Тараз қаласы болған батыс бөлігін басқарды.

Қағанаттың батыс бөлігі жағында оғыз-селжұқтар рулары күшейді. Шығыстан келген жаңа жаулар – қидандарға қарсы селжұқтар қарахандармен біріге бастады. Кейіннен атағы шыққан Тұғырыл сұлтан қарахандар армиясында қарапайым әскери қолбасшы болып қызмет етті. 1141 жылы қидандар селджұқ-қарахандар әскерін талқандап, өз аймағында өктемдігін күшейтті.

X ғасырда түркі тайпаларының батыс бөлігі караханидтерге бағынбай оғыз деген атаумен бірікті. Батысқа жылжыған Оғыздар Хазар қағанатын талқандап, Қара теңізге дейінгі бүкіл жерді жаулап алды. Оғыздардың бір бөлігі Солтүстік Кавказды және қазіргі Әзербайжан аумағын өз бақылауларына алды. Селжұқтың немересі Қынық Тұғырыл сұлтан бастаған келесі бөлігі Иранға экспансия жүргізуді бастады. Аз уақыт ішінде Тұғырыл сұлтан ірі империя құрып, құрамына Батыс Қазақстанның жерінен басқа Түрікменстан жері, Иран, Ирак, Ауғанстан, Кіші Азия жерлері енді. Алғашында Тұғырыл сұлтан Бағдат халифатының негізгі одақтасы ретінде, ал кейін 1055 жылы дербес қимылдап, Бағдат қаласын басып алды. Ірі империяның басқарушысы ретінде сұлтан Тұғрыл аббасид халифтеріне тек діни билікті қалдырды. Осман империясының негізін қалаушы Осман Оғыздардың басқа тармағы – қайы руынан шықты.

Орта Азияда қарахандардың әлсіреуі түркі хандарының иеліктерінің күшеюіне әкеп соқты. Әсіресе, қыстаулары Хорезм жерлері болған батыс қыпшақ руларының әсері қатты сезіле бастады. XII ғасырдың соңына қарай хорезшахтардың күшейгені соншалық, қарахандарды жойып, Иран мен Ауғанстан жерлерін бағындырып, байтақ империя құрды. Түркі тайпасы қыпшақ VII ғасырда Орталық Азиядағы Шығыс Түрік қағанатына енді. Қыпшақтар туралы «Орхон-Енисей» жазбаларында

айтылған. XI ғасырда қыпшақтар Қазақстанның батысына жылжи отырып, қимақтар мен оғыздарды бағындырды. Нәтижесінде қыпшақтар кең аумаққа, қазіргі Қазақстан, Солтүстік Кавказ, Венгрияның далалық жерлеріне өздерінің ықпалын жүргізе бастады. Қыпшақтар Алдыңғы Азияның бүкіл мұсылман әлемін Парсы шығанақтарына дейін бақылады. Сырдарияда қыпшақтардың ірі қалалары Сығанақ, Жент, Сауран, Сайрам орналасты. Еділ өзені бойында Саксин ірі қаласы болды. Мұсылман әлеміндегі қыпшақтардың бедел-абыройы биік болғаны сонша, Алтайдан Қара теңізге дейінгі бүкіл даланы Дешті-Қыпшақ деп, көне Русь жазбалары оларды – «половецтер» деп, Еуропада оларды – құмандар деп атады. Шыңғыс хан жорықтарына дейін қыпшақтар өз мемлекетінде түркі рулары қаңлы, қимақ, албан, үйсін, дулаттарды біріктірді. Каспий теңізінің батысына қарай қыпшақтарға жартылай тәуелсіз токсаба, серкеш, тама, тана, беріш рулары көшіп жүрді.

XII ғасырда Орталық Азияда бүкіл әлемдік тарихты өзгерткен оқиғалар болды. Киландарды ығыстырып, түнғыстілді чжурчжэндер Солтүстік Қытайда Цзинь (алтын) империясының негізін құрды. Чжурчжэндер Қытайдың ірі ресурстарын пайдалана отырып, аймақта түркі-моңғол көшпелілеріне жат агрессиялы саясат жүргізді. Түркі-моңғол тайпалары керейлер, наймандар, жалайырлар, қоңыраттар, қияттар чжурчжэндерге барынша қарсы тұрды. Керей, найман және онғыттардың кейбір бөлігі несториан бағытындағы христиандық дінді қабылдады. Алайда көшпелілердің көп бөлігі көк аспанға табынатын тәңірлік дінінің жақтастары болды. Чжурчжэндер бітпес соғыстарда керейттер ханы Маркусты ұстап, түтқындады. 1171 жылы керейттердің ханы оның немересі Тұғырыл болды. Қытайлықтар оның көрсеткен қызметі үшін өз титулдары – Ван-хан (Уан-хан) атағын берді. Тұғырыл қытайларға қарсы күресте Қият руының ханы Темучинді (Темиршіні) қолдады. Чжурчжэндерге қарсы бірлескен күресте Тұғырыл мен Темучин керей, қият, жалайыр, қоңырат руларын біріктірді. Меркіттер мен татарлар ең беріспейтін, жеңілмейтін болып шықты. Олармен күрес толық жойылумен, қуылуымен аяқталды. Қырғыздар мен наймандар ұзақ уақыт қарсылық білдірді. Осындай ауыр, қатал күресте өзінің таланты мен жеке басының ақылы арқасында Темучин хан сұрылып шықты.

XIII–XV ғасырлардағы Түркі және Моңғол мемлекеттері. Бүкіл Орталық Азия көшпелілерін Ордаға біріктірген ханға, 1206 жылы жоғары құрылтайда ақсақалдар Шыңғысхан деген атақ (титул) берді. Ғылымда әлі күнге дейін «моңғол» этнонимінің (өз атауының шығуы) туралы ортақ пікір жоқ. Бұл туралы көптеген пікірлер бар. Мүмкін, «моңғол» этнонимі өзінің түп-тамырында түрік тілдерінің лексикалық негізінде «мыңқол», яғни «күшті», «мың қолы бар» деген ұғымды білдіруі мүмкін. Шыңғысхан мемлекетінің әскери ұйымдастырылу сипаты мен құрамының басым көпшілігі түркілер болғанын ескерсек «мыңқол» ұғымы сол заманның дәстүріне сәйкес келеді. 1213–1214 жылдары Шыңғысхан бүкіл Солтүстік Қытайдың чжурчжэндерінің империясын толық-

тай жаулап алды. «Оларды үнемі жеңіс күтіп тұрды, қайда бармаса да, қай жерде болса да, жеңіске жетті. Соғыста ешбір армия олардың соққысына шыдай алмады, олардың садақтары ұшқыр және нысаның дөп басатын», – деп Жамал-ал-Карши жазған. 1219 жылы Шыңғысхан қыпшақтардың батыс бөлігін – хорезмшах Мұхаммедті жаулауды бастады. Қияттар, жалайырлар, қоңыраттар, керейлер, наймандар, онғыттар (уақтар), дүрмендер, қарлұқтар (арғындар), ойраттар, қырғыздар, ұранхайлар, т.б. енген әскерлер төрт қанатқа бөлінді. Шыңғысхан бастаған негізгі күштер Самарқандты басып алды. Шыңғысханның ұлы Шағатай бастаған екінші қанат – Отырар қаласына бағыт алды. Отырарлықтар Қайыр ханның басқаруымен жарты жылдай қарсылық көрсетті. Жарты жылдан соң Отырар құлап, Қайыр (Гайыр) хан тұтқындалды. Үлкен ұлы Жошы – Жент пен Сығанаққа бет алды. Мінезі жұмсақтау Жошы – Өзгент, Барчынлыкент, Жент қалаларын басып алды. Сығанақ оған жеті күндей қарсылық көрсетті, алайда талқандалып, бағындырылды. 1220 жылы 5 мың адамнан тұратын армия Бенакент пен Ходжентті алды. 1220 жылдың басында Жошы, Шағатай, Үгедей бастаған 50 мыңдық армия Хорезм астанасы – Үргеніш қаласына жақындады. Бес ай қоршаудан кейін моңғолдар оны алып, талқандап, тұрғындарды тұтқынға алды. Соғыстан жеңілген, қолдаудан айырылған Мұхаммед хорезмшах Каспий теңізінің қуаң даласына қашуға мәжбүр болды. Сол жерде 1221 жылы дүниеден қайтты. Мұхаммед империясын жаулап алу аяқталды. Батыс Қазақстан жерінде мекендейтін рулар қарсылықтарын жалғастыра берді. Әскери қолбасшылар Сүбедей мен Мөңке ел бөрілі руынан шыққан Бачман бастаған батыс қыпшақтарды басып-жаншуға бет алды. Волга шағын аралдарының бірінде Бачманды ұстап, тұтқынға алды.

Бағынбаған қыпшақтардың бір бөлігі Венгрияға, басқалары түркі сұлтандарына кірігіп, Кіші Азияға бет алды. Көп қыпшақтар Үндістанның солтүстігіндегі Дели сұлтандығының құрамына енді. Дегенмен, олардың басым бөлігі Жошы ұлысына бағынып, ұлыстың құрамына енді. Он алты жыл өткен соң қыпшақтар Русь пен Еуропаны талқан еткен Бату ханның әскерінің үлкен бөлігін құрады.

Шыңғысхан өзі күрған кең-байтақ империяның жерін ұлдарына бөліп берді. Жошы ұлысы – Ертістің батысы мен Орал тауларынан, Арал мен Каспий теңіздерінің батысы мен оңтүстікке қарай, Үгедей ұлысы – Моңғолия мен Солтүстік Қытайды, Шағатай ұлысы – Орта Азияны иемденді. XIV ғасырдың басында Жошы ұлысы – Көк және Ақ Ордаға бөлінді. Кейіннен Еділ және Дон өзендері бойында, Қырымда, Солтүстік Кавказ жерлерін қамтыған Ақ Орданы Алтын Орда (Ұлық Ұлыс) деп атады. XIV ғасырда араб тарихшысы әл-Омари: «қыпшақтар моңғолдарды төуелді етті. Кейіннен олар араласып, туыстасып кетті, жер табиғи және нәсілдік сипаттарынан жоғарылық танытты. Олардың барлығы бір рудан тараған нақ қыпшақтардай болып кетті...», – деп жазған.

М.Т. Тынышбаев пікірі бойынша, Алтын Орда уақытында анықталып, қалыптасып үш орда құрылды. Олар біздің заманымызға үш жүз болып жетті. Үлкен ұлы Жошы өкесінің көзі тірісінде қайтыс болғандықтан, оның ұлыстарын Жошының ұлы Бату басқарды. Шыңғысханның екінші ұлы Шағатай басқарған ұлыста Үлы жүз (жалайыр, үйсін, қаңлы, қатаған, дулат, албан) қалыптасты. Алтын Ордадан шығысқа қарай орналасқан Ақ Орда бөлінді. Ақ Ордада Орта жүз (керей, арғын, найман, қыпшақ, қоңырат, уақ) иеліктері болды. Алтын Орданың Батыс бөлігін Кіші жүз (байұлы, әлімұлы, жетіру) құрады. Кейбір рулар қазақ жүздеріне енбей қалды. Мысалы, дүрмен мен барластар өзбектерге кетті, маңғыттардың бір бөлігі ноғайлар мен қарақалпақтарға еніп кетті.

1206 жылы Жоғары құрылтайда бағындырылған халыққа негізгі заңы «Жасақты» ұсынды. Оның құрамдас бөлігі үнемі толықтырылып отырылатын «Білік» еді. Осы уақыттан бастап, көшпелілер маңызды істерді шешкен уақытта «Жасақ» заңының қағидаларына сүйене отырып шешім қабылдайтын болды. Қылмыстық істерге қатысты кейбір баптары, кейінгі заманлардағы құқықтық заңдардың негізін құрады, соның ішінде Төуке ханның «Жеті жарғысы» – XVII ғасырдағы қазақ құқығының ескерткіші болып табылады.

Алтын Орданы басқарушы Шыңғысханның немересі Бату хан 1237 жылы солтүстік орыс княздықтарына жорық бастады және екі жыл ішінде оларды жеңіп алды. Жолай Киев, Чернигов қалаларын және басқа да үсақ қалаларды талқандап, Орда әскерлері Венгрияға кірді. 1240–1242 жылдар арасында Бату әскерлері Венгрия, Польша, Валахия, Чехословакия, Трансильвания, Шығыс Германия, Сербияны босатып Адриат теңізінің жағалауларына дейін жетті. Еуропадағы соғыстардан кейін Бату хан Дешті-Қыпшаққа қайтты.

Алтын Орда (Ұлық Ұлыс) Үлы Орданың жеке хандығы және тарихтағы ең данқты, күдіретті мемлекет болды. Солтүстік шығыста Алтын Орда құрамына Волгалық Булгария енді, солтүстікте шекара орыс княздықтары арқылы өтті. Батыста оған Днепрден Дунай жағалауларына дейінгі жерлер иелікте болды. Оңтүстікте Орда Қырымды, оның теңіз жағалауындағы қалаларын, Кавказдан Дербентке дейін, орталығы Үргеніш солтүстік Хорезмді иеленді. Оңтүстік шығыста шекара Сары су өзенінен Балқашқа дейінгі аралықты алып жатты. Шығыста шекара Ертіс бойын, бүкіл Батыс Сібірді қамтыды. Алтын Орда астанасына Бату Еділдегі Сарай Батуды қалады. Алтын Орда Еуразия орталығында құлдырау болғанға дейін екі ғасырдан аса билік құрды. Мемлекеттің гүлденуі Бату мен Өзбек хан тұсында болды. Содан біртіндеп күш-қуатының азайып, Тоқтамыс хан тұсында Әмір Темірмен соғыста жеңілген Тоқтамыс ханның күйреуімен аяқталды. 1395 жылы Тоқтамыстың жеңілісі бүкіл империяны күйзелтіп, атын естігеннің жанын түршіктіретін мемлекеттің дағдарысқа және құлауына әкеп соқты. Билік үшін күрес Алтын Орданың әлсіреуіне әкелді.

Алтын Орданың гүлдену кезі дамудың жоғары ширегі және көшпелілер өркениеті дағдарысының бастамасы болды. Күдіретті мемлекеттің ыдырауы отырықшы және көшпелі жаңа мемлекеттердің құрылуына ықпал етті. Көшпелілерде сол кездің өзінде жер иеленудің жүйелі, нақтыланған, тиімді түрлері пайдаланылды. Көшпелілер мемлекеттерінің құрамына қолөнер, сауда орталықтарына айналған қалалар енді. Сөйтіп, өмір сүрудің нәтижелі жүйесі қалыптасты.

Алтын Орда туралы деректерде Ақ Орда және Көк Орда жайлы мәліметтер кездеседі. Бұл бөлініс Алтын Орданы ыдыраткан жоқ, тек арағідік басқарушыларды тағайындауға қажет болып отырды. Үлы-тау (сол қол) маңайы, Сегізағаш, Қаратал сол жақ қанаты «Ақ Орда» деп аталды, ал оң (оңғқар) Ібір-Сібір, Русь, Укек, Маджар, Булгар, Башгирд, Сарай «Көк Орда» деп аталды. Қазақстанның көп бөлігі Ақ Орда құрамына енді.

XV ғасырда Алтын Орда дербес хандықтарға: Қазан, Қырым, Астрахань, Ноғай, Моғолстан, Ақ Ордаға бөлініп кетті. 1428 жылы Ақ Орда ханы шайбанилық Әбілқайыр болды. Осы уақыттан бастап әртүрлі атауларға Өзбек ұлысы, Әбілқайыр хандығы, көшпелі өзбектер мемлекеті деген атауларға ие болды.

Сөйтіп, V–XV ғасырлардағы Қазақстан жеріндегі жүрген этносаяси үдерістер осы жерді мекендеген ұлыстардың негізінде түркі мемлекеттерінің қалыптасуына ықпал етті. Құрылған мемлекеттердің бірлестіктері мен дамуы шаруашылық, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің жақындасуына, Қазақ хандығы мен қазақ халқының құрылуына негіз болды.

Еуразия көшпенділерінің өркениеті кең тарихи контексте көршілес жатқан көптеген мемлекеттерге – Иран, Қытай, Үндістан, Византия, Ресей, Шығыс Еуропа мемлекеттеріне маңызды ықпал етті. Көшпелілердің әскери ұйымдастырудағы және шаруашылығындағы көптеген элементтер отырықшы халықтардың өміріне енді. Өздерінің ұзақ қашықтықтарды игеруімен, ірі және данты жеңістерге жетуімен олар әлемді таң қалдырды.

XIV–XV ғасырлардағы өлсіреген Византияның шекараларына еніп, орнына жаңа және жас халыққа қуат беріп, даңқты Осман мемлекетін құрды. Көшпелілердің қалдырған, со заманның өркениетінің ескерткіштері ретіндегі тас балбаллар Байкалдан Дунайға дейінгі жер бетінде тұр.

СҰРАҚТАР:

1. Сақтарда, үйсіндер мен қаңлыларда мемлекеттіліктің болғанын дәлелдейтін қандай деректерді білесіз?
2. Қазақстан аумағында түркі мемлекеттерінің құрылуының тарихи мәні қандай?
3. Алтын Орданың ыдырау себептері неде?
4. Ақ Орда мен Көк Орда мемлекеттерінің ортақтық мен өзгешелік ерекшеліктері неде?

1.3. Қазақстан тұрғындарының материалдық және рухани-этикалық дәстүрлері

Көшпелілер мәдениеті және қалалар. Көшпелілерде материалдық өндірістің даму бағыттары, шаруашылық қызметінің құрылымы, жалпы экономикалық өмірінің сипаты – Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайларымен байланысты қалыптасты. Малды жыл бойы жаю көшпелілер шаруашылығының негізгі ерекшелігі еді. Қыстық жайылымдар көбінесе оазистік оңтүстік аймақта қолданылса, таулы аймақтарда вертикалды, далалық аймақтарда меридиандық көшу орнықты.

Көшпелі өмір салты материалдық мәдениетке тікелей ықпал етті. Еуразия көшпелілерінің дәстүрлі киіміне тән ерекшеліктерге назар аударған жөн. Шалбарлар (6 мың жыл бұрын) мен аяққа киетін етікті көшпелілер басқалардан бұрын ойлап тапты. Етіктің үшкір басын үзеңгіге салып, биік өкшесі аяқты нық салуға мүмкіндік берді. Ұзын қонышы аяқты темір үзеңгіге қажалудан сақтады. Сөйтіп, номадтардың көне кезеңде пайда болған ерлерге арналған негізгі киім түрлерін өз уақытының және кейінгі кезеңдердің айтулы құбылысы деуге негіз бар.

Қазақстан жерінен Батысты, Шығысты, Оңтүстікті байланыстырып тұратын Ұлы Жібек жолының үлкен бөлігі өткен. Өзінің пайда болғанынан ұлы географиялық ашуларға дейін, Ұлы Жібек жолы тек сауда айналымына ықпал еткен жол емес, әртүрлі мәдениеттерді тоғыстырған, тараткан арнаға айналды. Ұлы Жібек жолының арқасында алдыңғы қатарлы білім мен мәдениеттердің араласуы, алмасуы жүрді. Азияға теңіз жолдары ашылғанға дейін Еуропада мәдениеті жағынан ең дамыған қала-республикалар: Венеция мен Генуялар гүлденді. Өзінің дамуы, гүлденуі, мәдениетінің деңгейі жағынан олар Ұлы Жібек жолының берген мүмкіндіктеріне қарыздар. Венециандық, Генуялық сауда керуендері Қырым мен Танада (Азов теңізі) Азияға кіретін ерекше қақпа іспеттес еді. Оның көрнекті мысалы – Марко Поло миссиясы. Марко Полоның «Әлемнің әртүрлілігі жайлы» кітабы ұлы географиялық ашулар жасаған көптеген Еуропалық жиһангерлер, соның ішінде Христофор Колумб үшін ерекше жол ашқан шамшырақ (маяк) болып табылды.

Ұлы Жібек жолы ешқашан да жалғыз арналы болған емес. Оның шөлді, шөлейтті жерден басып өткен бірнеше жол тараптары белгілі.

Адамзат даналарының бірі – скиф Анахарсис (б.з.д. VI ғасыр). Анахарсис – түз даладан Грек Эллладасына келген қарапайым скиф – антикалық әлемнің ең озық ойлы өкілдерімен – Солонмен, Крез патшамен араласып, ақылдылығымен, ойының үшқырлығымен, қарапайым сөздерімен, шексіз даналығымен таң қалдырды. Антикалық әлем оны бағалап, жеті дананың қатарына қосты. Аңыз бойынша, Анахарсис зәкір, шеңбер, желкен ойлап тауыпты. Эллладада Анахарсис қатардағы мал бағушы екенін еске салып, өз ой-тұжырымдарының ерекшелігін, қарапайымдылығын осыған сайдырды.

X ғасырдың соңында, Талас шайқасынан кейін Қазақстанды мекендеген көптеген тайпалар ислам дінін қабылдады. XIV ғасырда ислам діні Алтын Орда хандарының мемлекеттік діні болып қалыптасты. Тәңірлікті, будданың реликтілерін, несториан дінін ығыстырып, ислам қарапайым тұрғындардың дініне айналды. Мұсылмандық қағидалары мен ұстанымдары лалалықтардың бүкіл өміріне ене бастайды. Діни мектептер ашылып, жастар Бұхара, Дамаск, Сарай, Астрахань сияқты ірі орталықтарға оқу орындарына аттанып жатты. Қазақстан жерінде – Сауран, Сығанақ, Испиджаб, Түркістан сияқты жаңа мәдениет ошақтарына айналды. Орта ғасырлық араб әлемі өздерінің жетістіктерімен (онымен бірге бүкіл әлем) алгебра мен алгебралық теңеулерді алғаш ашқан әл-Хорезми, философ әл-Фараби, математик және астроном әл-Бируни, дәрігер ибн Сина, т.б. сияқты ғалымдарға қарыздар.

Орта Азия оазистеріндегі қалалар көшпелі мемлекеттердің қызығушылық аясынан бір сәт те тысқары қалған емес. Отырар қаласының – мәдени және сауда орталығының мәні мен маңызы зор. Отырар – ұлы ғалым әл-Фарабидің Отаны. Өз уақытында атақ-даңқы жер жарған Отырар кітапханасы Александриялық кітапханадан бірде кем болған емес. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде орта ғасырлық су жүргізу құбырларының қалдықтары табылды.

Сайрам қаласы (көнедегі Испиджаб) Оңтүстік Қазақстан қаласындағы Ұлы Жібек жолының негізгі орталықтарының бірі еді. Сайрам – сопылық ілімінің жетекшісі, ойшыл, ақын Қожа Ахмет Ясауидің Отаны. Сауран туралы алғашқы мәліметтер араб тарихшысы Истахридің еңбектерінде X ғасырда кездеседі. Сауран медресесі туралы осы жерде болған саяхатшы-жиһангерлер тамсана жазды. Сауран маңайында ешқандай өзен жоқ. Қалаға су жер асты жүйемен, құбырлар арқылы жеткізілді. Олардың ұзындығы жеті шақырымнан астам ұзындыққа созылып жатты. Судың көп болғаны соншалық, бекіністердің, қорғаныстардың жан-жағындағы қазылған шұңқырларды толтыруға да жетіп жатты. Қазір Сауранның орнындағы қалдықтар қаланы салған ата-бабаларымызға құрметпен бас иідіреді.

Атақты ғұн шаньюі Чжи-Чжи (Кутуз) салған Тараз өзінің 2000 жылдық мерейтойын атап өтті. Тараз орта ғасырлық жиһангерлер тарапынан Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі мәдени орталық ретінде белгілі.

Сығанақ туралы ибн Рүзбихан «ерте кезде қала гүлдей жайнаған, үлкен болды. Бұл қала Дешті-Қыпшақтың ұлан-байтақ, кең-мол жері бар, қауіпсіз, тыныш шекаралық бекеті болып табылады. Сығанақты олар сауда орталығы ретінде есептеді. Әр мемлекеттер мен елдерден келетін саудагерлердің мекені, барлық елдердің байлығы мен тауарлары мұнда көп» деп атап өтеді.

Түркі жазба ескерткіштері. Көне түркілердің жазбалары туралы беделді, абыройлы ғалымдар арасында әртүрлі көзқарастар бар. Ең көне жазу деп есептелетін түркі жазуы – «Алтын адаммен» бірге Есік қорғанынан табылған күміс тостағандардағы жазу. VIII ғасырдағы Орхон-

Енисей ескерткіштерімен үқсастығына қарамастан б.з.д. V–VI ғасырлардағы (сақ-тиграхауда) жазудың сыры әлі күнге дейін ашылған жоқ.

Түркі қағандарының жазулары – Орхон-Енисей ескерткіштерінің аз ғана сақталғандары Моңғолияда, Еуразияның аймақтарында сақталған. Исламға дейін түркі жазуларының бүкіл түркі даласында таралғаны ақиқат. Түркі жазуын эпитафия, қаулы-қарар, мемлекеттік жарлықтар, сауда және айырбас ісінде қолданды. Қашғарияда түркі тілінде қағазда басылған балгерлік кітап табылған.

Орхон-Енисей руникалық мәтіндерінде үш құдай – Тәңір, Ұмай және Ыдук Иер-Суб (қасиетті Жер-Су) атаулары аталады. Тәңір дүниедегі барлық болып жатқан өзгерістерді, әсіресе адам тағдырын біледі, басқарады. Алайда «адам баласының дүниеге келуін» Ұмай, ал өлімін Эоклиг бақылайды. Тәңір қағандарға ақыл, билік сыйлайды, кінәлі ел басқарушыларды жазалайды. Жоғары тылсым әлемнің тағы бір құдайы – Ұмай, жаңа дүние бастауының, әйел адамның жақтаушысы, түсім-байлық, амандық-саулық құдайы. Тәңірмен бірге олар әскерлерді қолдайды. Орта әлемнің басты құдайы «қасиетті Жер-Су». Бұл құдайлар түркілерді қолдап, кінәлілерді жазаға тартады. Мадар қасиетті орнындағы (Болгария) жазуларда «хан Омуртаг» құрбандық шалатын, протоболгарлардың жоғары құдайы –Тангра туралы жазылған. Түркілердің наным-сеніміне қарай, олар Тәңірге (көкке), Күнге, Айға құрбандық шалатын.

Түркі мемлекеттерінде исламның таралуы түркі жазуын араб жазуымен ығыстыра бастады. Мұсылман мемлекеттерінде араб жазуы өзіндік ерекшеліктеріне сай басқа жазулармен қатар алып жүруді қаламайтын, демократиялық сипаттағы жазу бола алмады. Тек Шыңғысхан империясы Ордадағы барлық діндерге демократиялық тұрғыдан қарады. Соның нәтижесінде іс қағазы үйғыр (түркі) тілінде жүрді. Ал мұсылман тарихшылар және олардың үрпақтары араб және парсы тілінде сөйледі. Түркі көшпелілер (соның ішінде христиан-несториандар) «исламға» «крест жорықтарынсыз», «отсыз, қарусыз» жеңіл кірді. Бұл жерде түркілердің көне сенім-нанымы ислам дінімен көп жағдайда үқсас болулары да шешуші рөл атқарды.

Араб тарихшысы Ибн әл Асир 1043 жылы исламды Жетісудің (барлығы 10 000 отбасы) көшпелі тұрғындары қабылдады деп жазады. Исламға басты рөлге ие әскерлер, батыс түрік қағанатының түркілері өтті. Көшпелі түркілер жауынгер, шыдамдылығымен, пассионарлығымен ерекшеленді. Аз уақытта ислам дінін қабылдаған түркі-селжұқтар, түркі-оғыздар, мамлюктер өз ықпалдарын Алдыңғы Азияға, Египетке, Солтүстік Үндістанға жүргізе бастады.

Бичурин Н.Я. [Иакинф] «Собрание о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена» еңбегінде VIII ғасырдағы түркі қайраткерлерінің бірі – Тоныкөк буддизмді жоққа шығара отырып, «Будда мен Лао-Цзы ілімдері жауынгерлік, күштілікке емес, адамсүйгіштікке, өлсіздікке әкеледі» деп атап өтеді.

Түркі тіліндегі әдебиеттің ең ерте ескерткіштерінің бірі – араб графикасымен жазылған 1070 жылғы Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу Білік» еңбегі. Бұл еңбек Қашғарда жергілікті ханға арнап жазылған. Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу Білік» еңбегі әлемдік мәдениеттегі мәңді еңбек. Ол түркі халықтарының әдеби ескерткіштерінің ішінде шоқтығы биігі болып табылады. Ойшылдың энциклопедиялық шығармасы – дидактикалық поэма ғана емес, жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдағы мәселелердің кең спектрін қамтыған еңбек. Жүсіп Баласағұн ақын, ғалым, қоғам қайраткері, ойшыл болды. «Құдатғу білікте» жалпы философиялық, әлеуметтік, құқықтық, саяси, этикалық, эстетикалық мәселелер қарастырылған. Жүсіп шығармаларында ерекше назар адамгершілік мәселелеріне аударылып, бүкіл поэманың он бойынан көрінетін этикалық идеялар жырланады. Ақын әділдік, жақсылық, жамандық, сияқты этикалық категориялардың мазмұнын ашып, олардың бір-бірімен байланысын көрсетеді. Ол «әділетті басқарушы болу үшін жақсы істер жасау керек» дейді.

Түркі әдебиетінің маңызды ескерткішіне 1306 жылы жазылған Джамал Каршидің «Мулкахат ас-Сурах» еңбегі жатады.

Ғұлама, ғалым-тілшінің бірі Махмұд Қашғари болды. Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» (1072–1074 жылдар) еңбегі түркі энциклопедиясы деуге лайық. Онда кең тарихи-мәдени, этнографиялық, лингвистикалық материал жиналып, қорытындыланған, этикалық құндылықтар мен мінез-құлық ережесін көрсететін түркі мәдениетінің ескерткіші, XI ғасырдағы түркі халықтарының мұрасын бойына сіңірген өзіндік дүниетанымының көрсеткіші іспетті. Бұл еңбекте түркі тілді фольклордың негізгі жанрлары, дәстүрлік, лирикалық өлеңдер, батырлар жырларынан үзінділер, тарихи аңыздар мол.

Шамамен VI–VIII ғасырларда жазылған көне түркі фольклорының шығармасы, батырлықты дәріптейтін әдеби шығарманың бірі «Оғызнаме». Ең көне түрі XV ғасырда жазылған қарлұқ-үйғыр (XIII–XIV ғасырлар) нұсқасы Парижде сақтаулы. Оның көшірілген нұсқасы Рашид-ад-Диннің «История Огуза и тюрков и их владычество над миром» атымен белгілі.

Алтын Орда кезеңі түркілерінің ескерткіші – Сайф Сарай еңбектері, ол – «Сухейль мен Кульлерсин» поэмасының авторы. Оның негізгі еңбектерінің бірі – парсы-тәжік тілінен аударылған Саади кітабы «Сад цветов», түркі тілінде «Гүлістан» деп аталады. Аталған шығармалармен қатар, «Хұсрау және Шырын», Хорезмидің «Мұхаббат-наме» поэмалары араб жазуымен түркі тілінде жазылған.

XIII ғасырдың соңында түркі мемлекеттерінің жерінде мұсылмандық Шығыстың негізгі үш әдеби тілі: араб, парсы, түркі тілдері қалыптасты. Араб әдебиеті формасының жетістіктерімен, парсы әдебиеті ой терендігімен, түрік әдебиеті шынайылығымен, өмірге жақындығымен ерекшеленді. Араб тілінде көрнекті ғалымдар әл-Фарабидің, ибн Синаның, әл-Бирунидің еңбектері жазылды. XI ғасырдан кейін араб тілі діни

әдебиеттің, құдайға қызмет, құлшылық ету тіліне айналды. Бұл кезеңде парсы тілінің әдеби тіл ретінде мәні артты. Парсы тілінде Мырза Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» еңбегі (XVI ғасыр) және Шорастың (XVII ғасыр) «Хроника» еңбегі жазылды.

Сөйтіп, адамзат тарихының көне кезеңінде түрғындар мекендеген, өз дәстүрі, этносаяси құрылысы, тілі, мәдениеті бар көшпелі өркениеттің қалыптасқан және дамыған Қазақстан жері адамзаттық өркениеттің іргелі ошағына, тарихи үдерістердің өзгеруіне ықпал еткен, туыстас түркі тайпаларының мемлекеттік құрылым аясында бірлесе өмір сүрген аймағына айналды. Көшпелі өркениет негізінде саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени салалардың жетістіктерін қамтыған, қазақ халқының негізін құраған тайпалар мен халықтардың ұрпағы ретінде ең жақсы дәстүрлерін сақтаған қазақтардың жеке этнос ретіндегі алғашқы мемлекеттік құрылымы пайда болды.

СҰРАҚТАР:

1. V–XV ғғ. Қазақстан аумағында өмір сүрген халықтардың көшпелі мәдениетінің ерекшелігі неде?
2. Ұлы Жібек жолының тарихи мәні неде?
3. Түркі халықтары мен қазіргі қазақ халқының рухани мәдениеті арасында қандай байланыс бар?
4. Қазақстанның орта ғасырлар тарихын шынайы тұрғыда жазуға қандай жазба тарихи деректер негіз болуда?

2. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ: ОРТА ҒАСЫРЛАРДАН ЖАҢА ЗАМАНҒА ДЕЙІН (XV–XVIII ғ. БАСЫ)

2.1. Саяси тарихы мен әлеуметтік ұйымдасуы

Қазақ хандығының пайда болуы мен дамуы. Біздің Отанымыз – Қазақстан тарихында XV ғасырдың орны айрықша маңызға ие. Біріншіден, сан ғасырлық этникалық үдерістер негізінде қалыптасқан қазақ халқы төл мемлекетін құрды, екіншіден, тәуелсіздігі мен дербестігін сақтап қалудың алғашқы қатал сынақтарына төтеп беріп, халықтың санын, мекендеген аумағын ұлғайтудың, шаруашылық-мәдени тұрғыдан тұтасу мен ынтымақтың іргетасын қалады.

Қазақ мемлекетінің негізін қалаған тұлғалар – Керей мен Жәнібек сұлтандар. Бұлар Ақ Орданың әйгілі билеушісі Ырыс (Орыс, Өріс) ханның ұрпақтары еді. Көшпелі Өзбек ұлысының ханы Әбілқайырдың әділетсіздігі мен қыспағына наразылық білдірген – Керей мен Жәнібек сұлтандар соңына ерген халқымен Моғолстанға келеді. Орта ғасырлық тарихшы Мырза Мұхаммед Хайдар өзінің «Тарих-и Рашиди» еңбегінде жазғандай: «...сол заманда Әбілқайыр ханның Дешті Қыпшақ даласына түгелдей билік жүргізіп отырған кезі еді. Жошы ұрпағының сұлтандары жорық жасап, Жәнібек пен Керей хан одан қашып, Жетеге яғни Моғолстанға кетіп қалған еді. Есенбұға хан оларды күрметпен қарсы алып, Жетенің батыс жағындағы Шу маңын және Қозыбасыны берді. Олар бұл аймақта тыныш өмір сүрген. Әбілқайыр хан қайтыс болған соң Өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасып, араларында үлкен келіспеушілік туды. Жұрттың көпшілігі Керей хан мен Жәнібек ханның жанына кетіп қалды. Олардың саны екі жүз мың адамға жетті. Оларды өзбек-қазақ деп атай бастады. Қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы 870 (1465–1466) жылдан басталады».

Қазақ хандығының пайда болуы – тарихи-объективті құбылыс. Оның түп-тамыры сақтар достүріне, одан берілегі үйсін, қанлы мемлекеттеріне, байырғы түркі қағанаттықтарына барып тіреледі. XIII ғасырда Ұлы даланы жаулап алған Шыңғыс хан мен ұрпақтары да жаңа аумақтағы мемлекеттіліктің бұрыннан қалыптасқан сабақтастығын үзе алған жоқ. Демек, төл мемлекетіміздің тарихын Орда-Ежен алғашқы ханы болған Ақ Ордадан, Ырыс ханнан бастау – негізсіз пайым. Өйткені, Ақ Орда мемлекеті империялық дағдарысы асқынған Алтын Ордадан бөлініп шыққанымен өзінің, халқының тәуелсіздігін қорғай алмады. Бірде Әбілқайырға, бірде Тоқтамысқа, бірде Ақсақ Темірге бағынышты күн кешіп, мемлекеттік шекарасы қалыптаспай, этникалық тұтасуы аяқталмай, тарих сахнасынан түсіп қалған саяси құрылым. Бұл – бір.

Екіншіден, егер Ақ Орданың географиялық-аумақтық орналасуы бір замандарда қазіргі Қазақстан жерін алып жатқан еді, билік басында Қазақ хандығын құрған Керей-Жәнібек сұлтандардың арғы аталары отырды гой деген тұжырымдарды басшылыққа алатын болсақ, мемлекеттігіміздің тарихын бірден Жошы ұлысынан бастауымызға тура келеді. Бұл – Шыңғыс ханның Қазақстанды отарлауын, қазақ этногенезін тежегенін ақтау деген сөз. Ал мұндай ұстаным моңғол шапқыншылығынан өріле бастау алған тарихи сабақтастықты жоққа шығаратыны өз алдына, ол сақ-үйсін, байырғы түркі, оғыз-қыпшақ мемлекеттерінің ұлттық тарихымыздағы мән-маңызын екінші қатарға ысырғанмен пара-пар.

Үшіншіден, Ақ Орданы алғашқы қазақ мемлекеті ретінде қабылдау ұлт тарихындағы Ноғай ордасының, Моғолстанның орнын елемеуге соқтырады. Моғолдардың түркілік тегін, ру-тайпалық құрамы Ұлы жүз бен Орта жүздің тарихында айрықша орын алатынын білімпаз шығыстанушы В.П.Юдин бай деректік негізде дәйектеген болатын. Ақ Орда

Қазақ хандығы құрылмай тұрғанда-ақ өмір сүруін тоқтатса, Ноғай ордасы мен Моғолстан Қазақ хандығымен бірде табысып, бірде шабысып, XVII ғасырға дейін мемлекеттігіміздің тағдырына тікелей әсер ете алды. Әрі-беріден кейін, Керей мен Жәнібек сұлтандарға хандықты құруға жер бөліп берген Моғолстан билеушісі емес пе?

Төртіншіден, ұлттық мемлекетіміздің тарихын Қазақ хандығынан бастау керектігін кезінде Шоқан да қолдаған еді. Ол «...қырғыздар аңызы бойынша өзінің ханы деп, Барақтың ұлы Жәнібек ханды санайды, Жәнібек хан Жошы ұрпағынан шыққан қазақтардың алғашқы ханы болды... Жәнібектің басқару уақыты ноғайлар мен қазақтар бірге болған уақытында қырғыз дастандарында алтын ғасыр деп аталады. Бұл уақытта Жиренше шешеннің, Әз-Жәнібектің, Асан Қайғының адамгершілікке байланысты нақыл ойлары осы уақытқа жатады», – деп жазады.

Жаңа мемлекет ұлттық сипатта шаңырақ көтергені атауынан көрініп тұр. Ол – Қазақ хандығы аталды. 1465–1466 жылдан 1718 жылы Тәуке хан дүниеден өткенше, яғни екі жарым ғасыр ішінде қазақ хандығын 15 билеуші басқарған екен. Атап айтар болсақ, Керей мен Жәнібек хандардан кейін 1474–1511 жылдары Бұрындық хан, 1511–1518 жылдары Қасым хан, 1518–1522 жылдары Мамаш хан, 1524–1532 жылдары Тахир хан, 1532–1560 жылдары Бүйдаш хан, 1549–1580 жылдары Хақназар хан, 1580–1582 жылдары Шығай хан, 1583–1598 жылдары Тәуекел хан, 1598–1614, 1627–1628 жылдары Есім хан, 1614–1627 жылдары Тұрсын хан, 1628–1644 жылдары Жәнібек хан, 1644–1652 Жаһангер (Жәңгір) хан, 1652–1718 жылдары Тәуке хан тақта отырды.

Бұлардың әрқайсысы заманы алға тартқан міндеттерді шешуге үлес қосты. Бұрындық пен Қасым хандар – Өзбекстан жеріндегі Шайбанидтардан төнген қатердің бетін қайтара алса, Мамаш, Тахир, Бүйдаш хандар тұсында мемлекеттің аумағына Жетісу өңірі кіріп, шығыстағы ойраттардың үздіксіз шабуылдарына тойтарыс берудің сәті түсті. Хақназар, Шығай, Тәуекел хандар билік құрған XVI ғасырдың екінші жартысында мемлекеттің этникалық аумағы Түркістан, Алтай, Атырау, Сібір алқабын алып жатты. XVII ғасырдың орыс ғалымы П.И. Рычков бұл туралы: «Хақназар хан болған соң қатты күшейіп алды да бір ғана Ноғайлар мен Башқұртстанға ие болып қоймай, сонымен қатар Қазан, Сібір және Астрахан патшалықтарын, Бұхарияны, Хиуаны, Ташкентті және басқа да көптеген қалаларды бағындырып, олардан салық жинады», – деп жазғаны бар. Одан да ертеректе – 1557 жылы ноғай мырзасы Ысмайыл орыс патшасы IV Иванға: «Қазір менің немерелерім де Жайықтың арғы бетінде қалып, Қазақ патшасына қосылды, сөйтіп менімен соғысу сәтін күтіп жүр», – деп шағынған екен. Көп ұзамай Ноғай Ордасы ыдырап, Еділ, Жайық бойы Қазақ хандығына қарады.

XVII ғасырдағы Қазақ хандары шайбанидтарды ығыстырып билікке келген аштарханидтермен, 1635 жылы шаңырақ көтерген Жоңғар қонтайшыларымен, бір орталыққа біріккен Ресей патшалығымен қилы

қарым-қатынасқа түсіп, мемлекеттің бірлігін, ұлттың қауіпсіздігін қамтамасыз ете алды.

Ұлттық мемлекеттің орнығуы мен нығаюы барысында билік жүйесі қалыптасты. Заң шығарушы және атқарушы билік ханның қолына шоғырланды. Бас қолбасшы міндетін де хан атқарды. Ал хан болып Шыңғыс хан ұрпақтары – төре, сұлтандар арасынан шыққан лайықты тұлға құрылтайда сайланатын. Хан тағында отырудың мерзімдік шектеуі болған жоқ.

Ханның атқарушы және заң шығарушы өкілетті мәртебесін «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Әз-Тәукенің Жеті жарғысы» сынды заңнамалық актілер айғақтайды. Бұлар – мемлекеттің саясаты мен өмірін реттеуші ресми құжат. Заңдар негізінен сан ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптарды басшылыққа алумен түзілді. Мәтіндері сақталмаса да, қазақтың ауызша тарихы ақпараты бойынша, «Қасым ханның қасқа жолында» меншікті қорғауға, қылмыспен күреске, ел қорғауға, қоғамдық тәртіпті сақтауға, елшілік жораларға басымдық берілгені байқалады. «Есім ханның ескі жолында» алдыңғы заңды бұзғандарға қолданылатын жаза мен айып нақтыланған.

«Жеті жарғы» әкімшілік, азаматтық, қылмыстық құқықтарды жүйеледі. Салық, дін, тәрбие, сот шешімі, тағы басқа мәселелерді заңдық негізге қойды. Тікелей демократияны мемлекетті басқарудың ұстанымына айналдырды. «Дала конституциясының» өзіндей бұл заң гуманизмге толы. Ол өлім жазасын құн төлеумен алмастыруға мүмкіндік берді.

Қазақ қоғамы өз ортасынан өкіметке өкілетті адамдарын (делегат) жіберу, жоғары билікке билер мен халық өкілдерін сайлау арқылы сыртқы және ішкі саясаттың күрделі сұрақтарын шешуге, мысалы, соғыс жариялауға немесе хан сайлауға құқылы болды.

Қазақ хандығындағы билік жүйесінде, әлеуметтік құрылымда билер институты ханнан кейінгі орында тұрды. «Би» ұғым-түсінігі байырғы түркі дәуірінен белгілі «бек» сөзінен шыққан болуы керек. Билер сот билігін жүзеге асырумен қатар ханға да ықпалы бар қауымды құрай алды. Мұндай мәртебеге әдетте халықтың тарихы мен әдет-ғұрпын терең игерген, сөзге шешен, әділдігімен, тапқырлығымен ерекше көзге түскен жандар көтерілетін. Біразының аргы аталары да би болған елі. Мәселен, XV ғасыр жырауы Қазтуған Сүйінішұлы би ұлының кенжесі екенін өз жырларында еске салса, Жиембет жырау Есім ханның ықпалды билерінен екені, Төле би Әлібекұлы, Қазыбек би Келдібекұлы, Әйтеке би Байбекұлы Тәуке ханның басшылығымен «Жеті жарғыны» даярлағаны ұрпақтан-ұрпаққа айтылып, халық жадында сақталып қалуы кездейсоқтық емес.

Қазақ мемлекеті іргелес елдермен жиі қақтығысты бастан өткергендіктен, ал ойраттармен, жоңғарлармен соғыс бір ғасырдан астам уақытқа созылғандықтан ұлттық қауіпсіздікті камтамасыз ететін қауым – батырлар институты қалыптасты. Әскери өнердегі, ірі шайқастардағы орнына қарай

батырлар мәртебесі анықталған. Айталық, XV ғасыр батыры Қобыланды Тоқтарбайұлы алапат күш иесі, бес қаруды қолданудың асқан шебері, жекпе-жекке шыққанда жауына дес бермеген дара батыр ретінде тарихқа енсе, XVI– XVII ғасырларда өмір сүрген белгілі батыр Жалаңтөс Сейітқұлұлы көзсіз батырлығымен қоса аса көрнекті қолбасшы болғандықтан қалмақ, жоңғар, иран, ауған әскерлеріне қарсы ірі шайқастарда жеңіске жетіп отырған. Жалаңтөс бабадүрдің биік интеллектуалдық өресі Самаркандта салдыртқан сәулетті сарайлары мен медреселерден («Ширдар», «Тіллә-Қари») көрінеді.

Ақылы мен қайраты кемел үйлескен батырлар ханға берік сүйеніш болғаны тарихи ақиқат. Кей сәттерде мемлекеттің тағдыры соғыс даласындағы батырлардың стратегтік көрегендігімен шешіліп жатты. Батырлар институтының шарықтау шегі қазақ-жоңғар соғыстарына, яғни XVIII ғасырдың 20–50-жылдарына дөп келеді. Ақшаұлы Бөгенбай, Қожағұлұлы Қабанбай, Сарыұлы Ақтанберді, Шақшақұлы Жәнібек, Наймантайұлы Байғозы, Түкеұлы Райымбек, Толыбайұлы Олжабай ұлт тәуелсіздігі тарихына олжа салған батырлар.

Қазақ хандығының нығаюында, саяси идеологиясын халықтың санасы мен жүрегіне сіңіруде, ел бірлігінде рухани қайраткерлер – жыраулар, ақындар, сазгерлер – оқшау қауымды құрайды. Бұлардың шығармаларында халық және биліктің ынтымақтастығы, тәуелсіздікті қамтамасыз етудегі ханның, бидің, батырдың, қалың бұқараның жауапкершілігі, адам, қоғам, табиғат арасындағы жарасымдылықты сақтау қажеттілігі, сыртқы саясат пен халықаралық қатынастарды түзгенде ақыл мен парасатқа сүйенудің қисыны, үрпақ тәрбиесі мәселелері ұлықталған. Мәселен, қазақ хандығы шаңырақ көтерген уақыттың басты идеологы Асан Қайғы (Хасан Сәбитұлы) болды, ал Шалкиіз жырау Хақназар ханның ақылманы болса, Доспамбет, Жиембет жыраулар да билік пен саясатқа араласып, пайымдарын өз жырларына арқау еткен. Бұқар жырау – Тәуке ханның аса ықпалды билерінің бірі, Абылай ханның кеңесшісі. Бұны Үмбетей жыраудың: «көріктей басқан күпілдеп, көмекейің бүлкілдеп, сөйлер сөзден таймадың. Тәукенің болып жыршысы, халқының болып заршысы, белді бекем байладың», – деген өлең жолдары айғақтаса, Бұқар жыраудың Абылай ханға айтқан ақыл-кеңестері де дәйектей түседі.

Қазақстанның өткен тарихын қарастырғанда сол заманның күәгерлері болған, қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңін жырлаған батырлар мен жыраулардың еңбектері мен өлең-жырлары, ақындық жинақтарын қолданудың маңызы зор. XV ғасырдағы ең жарқын тұлғаның бірі Асан Қайғы еді. Әбілхайыр хандығында, Ноғай Ордасында болып жатқан өзгерістердің нақ ортасында жүрген, барлық істерге тікелей қатысқан Асан Қайғы Қазақ мемлекеттігін құру идеясын қолдаған және Керей мен Жәнібектің көшіне ілескен адамның бірі. Күшті және басқаруға қабілетті мемлекеттік жүйе құруды жақтаған Асан Қайғы әділетті қарым-қатынасты ұлықтайды. Онда былай жырлайды:

Еділ бол да, Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа.
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа.
Ердің күні болса да,
Алдыңа келіп қалған соң,
Аса кеш те қой бер,
Бұрынғыны қуыспа.
Ақың болса біреуде,
Айыбын тап та ала бер,
Ерегесіп ұрыспа.
Сенікі жөн болса да,
Атың шықпас дұрысқа.
Мінезі жаман адамға,
Енді қайтып жуыспа.
Төуір көрер кісіңмен,
Жалған айтып суыспа.
Өлетұғын тай үшін,
Көшетұғын сай үшін,
Желке терің құрысып,
Әркімменен ұрыспа.
Ашу – дұспан, артынан,
Түсіп кетсең қайтесің,
Түбі терең қуысқа!..

Сол заманның тағы бір айтулы тұлғасы – жырау Қазтуған Сүйіншұлы. Қазақстанның Батыс өңірінде дүниеге келген ол халықты бірлікке шақырып, қырын қабақты тайпалардан төнген қауіп-қатерден сақтануға және Жайықтың қосөзен аралығындағы, Еділ мен Жем бойындағы туған жерлерді, Каспий жағалауындағы суармалы шабындықтарды қорғауға шақырды.

Қазақ хандығындағы Ноғай Ордасының туыстық қарым-қатынасының әлсізденгенінің куәсі Доспанбет жырау елі (XVI ғасыр). Ақын, жауынгер, қолбасшы Доспанбет жырау көптеген оқиғалардың арасында жүріп, мемлекеттегі қалыптасқан жағдайлардан түңіліп, көңілі қалған ол, ел басқарушылардың екіжүзділігін, қорқақтығын сынап, ерлікті аңсап, жырға қосты. Жырау XVI ғасырдың 20-жылдарында қазіргі Астраханьның төңірегінде шайқаста қайтыс болды. Ақын:

Көмбідей ару жарларға,
Күректей мұзды тондырып
Кірмембес ауыр қолға бас болып,
Күңіреніп күн түбіне жорттқанмын...
Аварып атқан таңдай деп,
Шолпанды шыққан күндей деп...
Арғымақтың талдай мойнын талдырып... –

деп жырлады.

Осы кезең Шалкиіз жыраудың өмір сүрген, үрпаққа көптеген мұраларын қалдырған, шығармашылығы өркендеген уақыты. Ақындар мен жыраулар өздерін оқытатын (аталық) жеке үстаздары бар, немесе білімдерін медреседе бітірген білімді адамдар болды.

Қазақ хандығының әлеуметтік құрылымына дін иелері, тархандар, қолөнершілер, байлар, орташалар, кедейлер, хан өкімшілігіндегі төленгіттер, соғыста қолға түскен тұтқындар, алыс-жақын елдерді байланыстырушы саудагерлер кірді. Бұлардың бәрінің мүддесін үйлестіруші, қамал-қорғаны, әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-рухани ілгерілеуіне септесуші міндетті мемлекеттік билік атқарды.

Керей мен Жәнібек сұлтандар құрған Қазақ хандығы алғашқы екі жарым ғасыр бойы табиғи-ырғақты, эволюциялық даму заңдылығы аясында нығайды. Этникалық, саяси, шаруашылық-мәдени қатынастарда шыққан тегінен, бастау бұлағынан, негізгі арнасынан сабақтастығын үзбеген, мәнді байланысы сақталған орта құрылымы, функциясы, әлеуеті өзгеше жаңа құбылыстармен қисынды толығып жатты. Әр ғасырдың, тіпті онжылдықтың өзіне лайық іштей жетілуі, жаңа құбылыстардың тереңдей түсуі, құрылымдық, өңірлік ерекшеліктердің бедерленуі мемлекеттің ұлттық сипатын әрлендірмесе, бір мысқал да өзгертпеді.

XVI ғасырға таман Қазақ хандығы және «қазақ» этнонимі Еуразияның кең даласында кеңінен танымал болды. «Қазақ» этнонимі беделді ғалымдардың (В.И. Даль, Н.А. Баскаков) пікірінше, түркілік шығу тегі бар атауға жатады. Орталық Азияның көне ескерткіштерінде «казакылык» (казачество) ұғымы еркіндікті, еркін өмір сүру деген ұғымдар ретінде қолданған. Н.А. Басков, «казак» сөзінің барлық мәні өзара байланысты және «еркін адам» деген жалпы семантикалық ұғымды көрсететінін» атап өтеді; «осы атаудың мәнімен түркі ұлтының «қазақ» атауымен «тәуелсіз көшпелі» ұғымы да байланысты» дейді. «Қазақ» этнонимі, «атаудың өзінен көрінгендей «казаковать», Ресейге және орыс тіліне түркі тілдес халықтардан келді, бұл түркі-славян байланыстарының айғағы ретінде көрінеді. Ш. Уәлиханов «Қырғыз (қазақ) шежіресі» атты еңбегінде былай жазды: «...казачествоның Азияда пайда болғаны мен дамуында күмән жоқ, татарлардан орысқа өтті... Татарларда бұл ертеректе дамуы керек болатын. Қырғыздардың (қазақтардың) кең де еркін жер аумағы Украина сияқты Руське еркіндік пен азаттық, байлық пен олжа іздеген батырлар мен сарбаздардың бас түйістірген жеріне айналды».

XVII–XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығы. Қазақ хандығының тарихи маңызы. XVII–XVIII ғасырлар межесінде хандықтың ішкі, сыртқы өмірі айтарлықтай күрделенгендіктен әрі халық санының өсуіне орай бұдан бұрын да ел басқару жүйесін шектен тыс орталықтандырудан аулақ тұрған дала демократиясы қоғамдағы өзін-өзі басқару ұстанымын жаңа биікке көтерді. Біртұтас қазақ халқы үш жүзге бөлінді. Ұлы жүзге он бір тайпа: дулат, албан, суан, сарыүйсін, сырғалы, ысты, ошақты, ша-

пырашты, (қатаған), қаңлы, жалайыр кірді. Бұл тайпалардың әрқайсысының өте бай тарихы бар. Кейбіреулерінің тамыры тым тереңге, ежелгі замандарға кетеді. Үлы жүздің солтүстік шекарасы Балқаштың оңтүстік жағалауын, Шу, Талас өзендерінің жағалауларын, батыста Сырдарияның жоғарғы ағысын, оңтүстікте Алатау бөктерін алып жатты. Шығыстағы жайлаулары Қытаймен шектесті.

XIX–XX ғасырдағы Үлы жүз қазақтарының саны шамамен – 750 мың адам болған.

Орта жүзге алты тайпа: арғын, қыпшақ, қоңырат, найман, керей, уақ кірген. Ол батыста Арал теңізі – Ырғыз өзені – Торғай бағыты арқылы Кіші жүзбен шектескен. Солтүстік шекарасы Ресейдің сібірлік губернияларына дейін жетті.

Орта жүз жерлері осы бағытқан шығысқа қарай ойысып, Есіл алқабы мен Ақмола далаларын, Ертіс өзенінің алабын, Зайсан ойпатын қамтып, шығыс шептері Алтай таулары мен далаларына дейін созылып жатты. Оңтүстік шекарасы Тарбағатай жоталарынан батысқа қарай Солтүстік Балқаш жағалауымен Бетпақдала арқылы Кіші жүз жерлеріне дейін жеткен.

Осынау кең байтақ кеңістікте жүзге тарта рулар және олардың үрім-бұтақтары көшіп-қонып жүрді. Мысалға, арғын тайпасының 5 руына жататын 30 000 түтіннің Баянауыл, Қызылту, Долба, Шыңғыстау, Шаған тауларында, Торғайдың жоғарғы ағысы мен Ұлытауда қыстаулары болған. Олар жазда Нұра, Жиделісу өзендерін, Ерейментауды жайлаған. XIX–XX ғасырлардағы Орта жүз қазақтарының жалпы саны шамамен – 1 200 000–1 300 000 адам болды.

Кіші жүз үш ірі ру бірлестігінен: байұлы, әлімұлы және жетірудан құралды. Олардың жерлері оңтүстікте Сырдария алабын, Үстірт жонын, Каспий теңізінің шығыс жағалауларын қамтып, солтүстікте Жайық, Ырғыз, Тобыл өзендеріне дейінгі алқаптарды алып жатты.

1716 жылы Орта жүздің ханы болып Қайып сайланды, 1718 жылы Кіші жүздегі хан тағына Әбілқайыр отырды. Бұл қазақ хандығының ыдырауы емес, Абай айтқандай, «Әр жүздің халқы өз ынтымағымен бір туысқанға есеп» болғаны. Қазақ мұраты, жалпыұлттық идея мемлекетті тұтастырудан табан аудармады. Керей мен Жәнібек хандар билеген тұста оның мәні мемлекеттің іргесін нығайтуға келіп тіреліп, Қасым, Хақназар, Есім хандар билеген ғасырларда хандықты геосаяси, аумақтық тұрғыдан бекемдеу алдыңғы қатарда тұрды. XVIII ғасырдың басты идеясы Отан қорғаумен, ел тәуелсіздігіне қатер төндірушілермен күреске жегілді. Егер үш жүзге бөліну қоғамдағы дағдарыстың, сепаратистік қозғалыстың, көрші мемлекеттер арандатуының өкелгені, мемлекеттің әлсіздігін, ішкей ыдырауын білдірсе, қазақ қоғамы 1723 жылғы Жоңғарияның түтқиылдан шабуылы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» төтеп бере алмас еді. Дұшпанға бірлесе тойтарыс беру идеясы төңірегіне топтала қоймас еді.

Әрине, Қазақ хандығында саяси тартыс, билікке таласу, хан, би, батыр арасында келіспеушілік орын алғанын бекерлеудің қажеті жоқ.

бірақ олар таптық, антагонистік қайшылықтан туындамаған, шағын топтың мезеттік мүдделерін бейнелейтін. Нақты мысал келтірер болсақ, Хақназар хан Сібір ханы Көшіммен жауласқаны, осы орайда орыс билеушілерімен одақ құрғаны, ал Хақназардың шабуылынан қауіптенген Көшім Орта Азия хандарының арасынан одақтас іздеуге мәжбүр болғаны – тарихи ақиқат. XVII ғасырдың 20 жылдарында Есім хан жоңғарлармен соғыс жүргізіп жатқан сәтте Ташкентті билеп тұрған Түрсын хан өз жақтастарымен бірігіп, жеке билігін орнатқысы келді, көптеген адамды қанға бояды, ханның әйелдері мен балаларын тұтқындап әкетті. Бұл жергілікті билеушінің тарапынан жасалған бейбастық қана емес, сонымен қатар ашық мемлекеттік төңкеріс болатын.

Есім әскерімен Ташкентке кіріп, Түрсынды тұтқынға алды, басы шабылды. Түрсынмен бірге қатаған руынан шыққан көптеген жақтастары өлтірілді.

Есім ханның жақтасы, қазақ хандығының күшеюін қолдаушылардың қатарында Жиембет, Марғасқа, Ақтамберді жырау тұрды. Жиембет пен Марғасқа Ташкенттің иесі – Түрсын сұлтанның бүлігін басу кезінде Есім ханның белсенді жақтастары болды. Бұл оқиғаға қатысты жағдайлар мен Есім ханның билік еткен уақыты, оның ізбасарлары туралы жыраулардың шығармаларында кездеседі. Марғасқа жырау Түрсынға шығарылған өкім туралы былай жырлады:

Ей, Қатағанның хан Түрсын,
Кім арамды ант ұрсын!
Жазықсыз елді еңіретіп,
Жер тәңірсіп жатырсың.
Хан емессің, қасқырсың,
Қара албасты басқырсың.
Алтын тақта жатсаң да,
Ажалы жеткен пақырсың!
Еңсегей бойлы Ер Есім
Есігіңе келіп тұр:
Алғалы тұр жаныңды,
Шашқалы тұр қаныңды!

Жыраулардың айтқандары ұқыпты түрде халық жадында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша беріліп отырды. Бүгінге дейін олар еш өзгеріссіз жетті деуге болады. Жыраулар шығармашылығында бостандық идеясы, халық бірлігі, өз заманына сай мемлекет құруға талпыну жырланады. Ақын-жыраулар қоғамды мазалаған күрделі мәселелерді көтеріп, алға қарай дамуға жол сілтеуге тырысты.

Тұтастай алғанда, ақын-жыраулардың, өнші -сазгерлердің поэзиясы қазақ қоғамында өте жоғары деңгейде болды. Далалық қоғамдағы жазудың өлсіз дамыған уақытында, ауызша тараған жыраулар поэзиясы ақпарат таратуда маңызды рөл атқарды. Өскелең ұрпақтың патриоттық сезімін оятты, батылдыққа, шешімдікке шақырды. Жыраулар

өлеңдерінде жоғары ырғақ, анық сөз саптау, шабытты күш бар. Ұлы ақындар мен жыраулар XVII–XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының құрылуында, нығаюында аса көрнекті рөл атқарғаны белгілі.

Қорыта айтар болсақ, XV ғасырдың екінші жартысында тарих сахнасына шыққан дербес Қазақ хандығы қысқа мерзім ішінде шағын ғана көшпелі елден Орталық Азиядағы халқы көп, кең байтақ жері бар іргелі мемлекетке айналды. Олар XVI ғасырда оңтүстіктегі Сырдария жағалауындағы аймақты өзіне қаратып, солтүстік-батыста башқұрттармен, орыс-казактармен соғыс жүргізді. XVII ғасырда Маңғыстаудан түрікмендерді ығыстырды. XVIII ғасырдың басына қарай Оңтүстік Сібір ормандарынан Ташкентке дейінгі, Еділдің төменгі ағысынан Алтай тауының бөктеріне дейінгі аумақ қазақтың күт-мекеніне айналды.

Қазақ хандығының тарихи маңызы зор. Керей мен Жәнібек хандардан бастап Тәуке хан дүниеден өткенге дейінгі аралықта Қазақ хандығы тәуелсіздікті сақтау, аймақтық үлгаюы, биліктің тұрақталуы, заңның әділдігі мен қолданылуы, жеке тұлғаның тарихтағы рөлі, елдің бәсекеге қабілеттілігі тұрғысынан классикалық сатысына көтеріле алды. Оның айғақ-дәлелі баршылық. Біріншіден, қазақ хандығы осынау дәуірде бір сәтке тәуелсіздігінен айырылған жоқ. Тіпті XVI ғасырдың жазба дерегі «Бадан ал-Вакан» қазақтар елін «Қазақстан» деп атағаны мемлекеттің нығайғанын көрсетсе керек. Ел басына күн туған сәттер аз емес еді. Бірақ, олар, Күлтегін жазуында айтылғандай, «игі, білгіш кісілерді, игі, батыл кісілерді қозғалта алмады. Бір кісі жаңылса, рухы, халқы тұқымына дейін қалмас еді». Әрине, қазақ хандығының күшеюіне көрші мемлекеттердің ішіндегі алауыздық, өзара қырқысулар, мәселен, шайбанидтер мен аштарханидтердің, себеп болғанын да ескеруіміз керек.

Екіншіден, тәуелсіздіктің арқасында қазақ халқының қалыптасуы түпкілікті аяқталды. Қилы тағдырмен қазақтар құрамына кірген түркілік, түркілік емес тайпалар тегіс қазақтанып кетті. Қазақтың тілі, мінезі, әдет-ғұрпы, ру-тайпалық құрылымы, ойындары, этнопедагогикасы, философиясы, өнері, болмыс-бітімі дараланғаны – тап осы тұс.

Үшіншіден, күндіз отырмаған, түнде ұйықтамаған билеушілер мен саны үздіксіз өскен халық ұлан-ғайыр жерін анықтап, шекараларын бекемделі, Қазақ хандығы халықаралық субъект дәрежесіне көтерілді. А. Левшин, Ш. Уәлиханов, Т. Шонанұлы зерттеулерінде XVI ғасырдақ қазақтар қазіргі Қазақстан аумағын қоныстанып отырғаны дәйектелген. Ал ортағасырлық Шығыс қолжазбаларында Қазақ хандығының өзбектермен, Ресеймен, Ауғанстанмен, Иранмен, Үндістанмен, Түркиямен саяси және сауда-саттық байланыстар орнатқаны туралы деректер молынан кездеседі.

Төртіншіден, Мемлекеттік биліктің бір адам қолында немесе жалғыз әкімшілік құзырында шоғырлануына жол бермейтін тетіктер мүдіріссіз жұмыс істеп тұрды. Соның бірі, біздің ойымызша, «Хан талапай» салт-дәстүрінің атқарылуы. Ол бойынша ақ киізге көтеріп, хан

сайланған тұлғаның мал-мүлкі, байлығы жиналғандарға таратылады. Осылайша, барша қоғам алдындағы ханның саяси-экономикалық жауапкершілігі мен тәуелділігі шартты түрде бекемделеді.

Бесіншіден, мемлекет пен құқық қарым-қатынасы реттеліп, мемлекет өмірін дала демократиясының арнасына түсірді. Дәстүрлі биліктің шет жағасын ғана көріп қалған А.Левшининің таңданысын жасыра алмай: «Қырғыз-қазақтардың көршілері монархиялық не рақымсыз тұрғыдан басқарылады, өкінішке орай, оларға туыстас халықтардың барлығы құлдықта өмір сүреді, бірақ олар бағынуды білмейді... саясаткерлер үшін өте қызықты жағдай!», – деп жазғаны бар.

Адамның өмірі, бостандығы мен бас еркі дала демократиясының өзегін құрады. Билер институты шешімінің хан жарлығымен бірдей дәрежеде атқарылғаны осыған айғақ болса керек. А.Левшининің ел ішінен жинаған мәліметіне ден қойсақ, ұлы дала заңдарының ғасырлар бойы түзілгенін халық айна-қатесіз ұққан. Солай бола тұра Әз-Тәукенің тарихи орны мен қызметін айрықша қастерлеген. А. Левшининің жазуынша: «...Кіші Ордадағы қазақтардың айтуы бойынша, олар тәртіп, заң және әділ сот болған кезде тыныш өмір сүрді. Бұл Тәуке хан билеген алтын ғасыр еді. Ол тек мемлекеттік құрылымды жетілдіріп қана қоймай, көптеген заңдарды дүниеге әкелді».

Алтыншыдан, мемлекет, құқық және азаматтар арасындағы ақиқат ізгілік пен дала демократиясы қоғамның тұрақты да күш жинай дамуына жол ашты. Айталық, классикалық дәуірді алып жатқан 253 жыл ішінде 15 қазақ ханы билік басында отырған екен, яғни әркайсысына орта есеппен 16–17 жылдан келеді. Осындайда Платон айтқан: ел басқарушының жасы 50 мен 70-тің арасы болуы керек, әрі ол 20 жылдан артық билік басында отырмағаны жөн деген қағида еске түседі.

Мемлекеттің құрылуы Ұлы Даланы ежелден мекендеген арғын, қаңлы, үйсін, қыпшақ, алай, найман, қоңырат, жалайыр, керей, тағы басқа ірілі-ұсақты ру-тайпалар негізінде қазақ халқының қалыптасуын қамтамасыз етті, этникалық аумақтағы бірегей шаруашылық-мәдени кешен, ортақ тіл жалпыға міндетті заңдар адамдардың санасы мен сезіміне біртұтас халық екенін орнықтырды.

СҰРАҚТАР:

1. Қазақ хандығының құрылуының тарихи алғышарттары қандай?
2. Қазақ хандары мен билерінің заң шығарушылық қызметінің мәні неде?
3. Қазақ хандығындағы билердің тарихи рөлі неден көрінеді?
4. Қазақ хандығының қорғаушылары – батырлар туралы не білесіз?

2.2. Шаруашылық-мәдени өмірі

Қазақ халқының шаруашылығы мен қолөнерінің ерекшеліктері. Дәстүрлі қазақ қоғамының экономикалық негізін көшпелі мал шаруашылығы, отырықшы өңірлерде жер шаруашылығы, өзен-көл, теңіз бар аймақтарда балықшылық, сондай-ақ қолөнері, сауда-саттық құрады. Малға, еңбек заттары мен құрал-жабдықтарына жеке меншік орныққанмен жерді пайдалану қауымдық, бірінші кезекте рулық меншік арқылы жүзеге асты. Қалалар мен кенттік шаруашылық оңтүстік өңірде біршама дамыды.

Халықтың негізгі дені ауылдық жерлерде өмір сүрді. Әдетте ауылдық рулық қатынастары жақын адамдардың басын құрайтын. Ауылдағы билікті көргені мол, беделді, шаруаға қыры бар, басқа ауылдардың түрғындарымен тіл табыса алатын рубасы ұстады.

Көшпелі мал шаруашылығы Орталық, Солтүстік, Батыс, Шығыс Қазақстан өңірлерінде экономикалық әлеуетті анықтады. Соған байланысты халықтың өмір салты, дүниетанымы, материалдық, рухани құндылықтары қалыптасты. Әрине, көшпелі шаруашылықты үстірт түсінуге болмайды. Ол тек қана мал бағумен шұғылдануды біддірмейді. Көшпелілер киім тігу, ат әбзелдерін жасау, зергерлік бұйымдар соғу, үй жиһаздарын құрастыру, тоқу төрізді қолөнердің түрлі саласын жақсы игерді. Аншылықпен де айналысты.

Көшпелі өңір қазақтары жылқы, қой, түйе ұстады. Көшпелілерге бүкіл өмірін қозғалыста өткізіп, жыл мезгілімен санасып отыруына тура келді. Негізгі баспанасы қыстау басында орналасты. Ол бұл жерден бүкіл үй ішімен, руымен, тайпасымен алдымен көктеуге, содан соң жайлауға көшті. Жылдың жылы мезгілін көктеу мен жайлауда өткізіп, күн суыта күздеуге оралды. Күздік жайылымдықтың бір бөлігіне көктемде еккен егінін орып алып, қыстауға қайтқан. Жазда – жайлауға, күзде – күздеуге, қыста – қыстауға, көктемде – көктеуге көшетін болғандықтан арнайы мал қора салу, жем-шөп дайындау дәстүрі қалыптаспады. Табиғи-географиялық мүмкіндікті пайдалануға басымдық берді. Мал тұқымын асылдандыру, төрт түлікті аурудан сақтау және емдеу халықтық ветеринариялық білімге сүйенумен жүзеге асты.

Малдың еті мен сүті азық-түлікке жараса, жүні, терісі киім тігуге, киіз басуға, арқан, жіп, қайыс есуге пайдаланылды. Асығы мен сүйегі де, мүйізі мен тұяғы да қолданым табатын. Қазақтар мал өнімін тұтынуда қалдықсыз технологияны игерген биіктікке көтерілген халық.

Жер шаруашылығына қажетті факторлар – топырақтың құнарлылығы, су көзі мен күн сәулесінің молдығы – Қазақстанның бар аймағында кездесе бермейді. Сол себепті шаруашылық және адам тіршілігінің осынау түрі Сырдария мен Іленің, Талас пен Шудың, Торғай мен Ырғыздың, Балқаш пен Аралдың, Еділ мен Жайықтың бойын жайлағандарға тән елі. Жер шаруашылығын интенсивті де, экстенсивті де дамыту

жолдары пайдаланылды. Топырақты өңдеудің, өсімдік тұқымын сұрыптаудың, егістікті күтіп-баптаудың, өнімді жинау мен сақтаудың тәжірибесі ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырды. Табиғи тыңайтқыш шашу, суландыру жүйесін түзу кең қолданылатын. Жер шаруашылығындағы жұмыстың көбі қолмен атқарылды. Қазақтар бидай, тары, арпа, сұлы еккен. Бау-бақша баптауды бағбаншылық деген ұғым-түсінікпен ерекшелеген.

Қазақ халқы қолөнерді жоғары бағалады. Қолөнерге қатысты мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар, өлеңдер көптеп кездесетіні осыдан. Шеберлердің әлеуметтік-кәсіби жіктелуі олардың атау-терминдерінен де байқалады. Мәселен, ағаштан, темірден түйін түйетін адамды «үйші», «ерші», «ұста» десе, түрлі киім тігетіндерді «етікші», «тігінші», асыл тастардан, алтын, күмістен бұйым жасайтындарды «зергер», «бөдізші» деп айдарлаған. Шебердің қолданатын құралдары да атаусыз қалмаған. Инені жуан-жіңішкелігіне қарай «жуалдыз», «біз», «тебен», «сояу», «көземел ине» тәрізді түрлерге бөлген. Ұстаның («көрік», «кемпірауыз», «қазиек», «тос», «қош») ұстайтын құралдарына мән берсе, тігіншінің жіптеріне («бақылау жіп», «еркек жіп», «ұрғашы жіп», «шатыс», «тарту жіп», «арқау», т.б.) атау беруінен қолөнердің сан-салаға жіктелгенін айқын аңғарамыз.

Зергерлер соққан білекке салатын, саусақтарға киетін, құлаққа, өмырауға тағатын білезік, жүзік, сақина, алқа, моншақ, шашқа тағатын шолпы, шашпен қоса өрілетін шашбау сәндік бұйым ғана емес, халықтың биік эстетикалық талғамынан шыққан нағыз өнер туындылары болып саналады. Бір ғана білезіктің жасалуына қарай – алтын білезік, күміс білезік, топсалы білезік, құйма білезік, қос білезік, т.б. атаулары бар. Алтыннан, күмістен, асыл тастардан көз орнатылған, күміс шынжыр арқылы бес сақина бекітілген аса қымбат білезік – «бес білезік» қолөнердің сирек кездесетін туындысына жатады.

Қазақтың қолданбалы өнер туындыларының өзіндік ерекшеліктері көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы (Жетісуда, Оңтүстік Қазақстанда) өмір салтының өзгешеліктерімен тығыз байланысты. Барлық бұйымдар тез құрастырып, тез жинап алатын, тасымалдауға жеңіл, сынбайтын материалдан (тері, жүн, мал сүйектері, ағаш пен металл) әзірленді. Қазақтар табиғи ортада қоян-қолтық өмір сүре отырып, көркемдік жарасымдылығы мен көңіл жадыратар әсемдігі ғажап үй іші әлемін жасай алған. Бояуларының әртүрлілігі және ою-өрнектерінің ырғақты байлығы қазақ әйелдерінің дизайнерлік шеберлігімен де, киіз үй ішіндегі үнемі құбылып тұратын жарықтың түсу мүмкіндіктермен де сәнді синтез құрған. Үй ішінің ішкі көрінісінен әлемді көркем бейнелеуге деген ұмтылыс байқалады. Мысалға, шаңырақтан төмен қарай төгіліп тұрған түрлі түсті баулар жұлдыздарға теңестірілсе, ұзын бас-күрлар мен үзікбаулар бетіндегі тынымсыз қимылға толы өрнектер жұлдызды аспанды – Күс жолын еске түсіреді, қабырғалардағы кілемдер мен түскиіздер жұпар иісі анқыған гүлді алқап үй ішіне орнағандай әсер береді.

Орта ғасырда табиғи бояғыштар пайдаланылған, кейін анилинді бояулар қолданыла бастаған.

Қолданбалы шығармашылықтың ең көп тараған түрі киіз басу болды. Қазақтар киізді тұрмыс қажеттеріне пайдалану жөнінен ғажап тапқырлық пен шеберлік танытқан. Тығыз етіп басылған ақ және қоңыр киізбен үй сүйегінің сыртын жапқан, оны еденге төсеген, кілемдер, шаруашылыққа қажетті дорбалар, қаптамалардан бастап жайнамаз, ластархан, ерлердің сырт киімдері мен бас киімдеріне шейінгі неше түрлі бұйымдарды киізден әзірлеген. Материал ретінде қойдың күзгі қырқымдағы жүні пайдаланылды. Техникалық мүмкіндіктер мен аймақтарға байланысты киізден жасалатын бұйымдардың көркемдік ерекшеліктері әртүрлі болды. Ою киізбен бірге басылатын көлемі үлкен «текеметтер» түсіне жұмсақ бояулар тән. Нәзік гүл шоқтары композициялық шешімі жағынан да, көз есебімен ғана орналастырылған оюлық шулалар қалыңдығының әртүрлілігімен де толысып, байи түседі. Егер Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстан текеметтерінде негізінен қарама-қарсы ақ-қара түстер басым болса, республиканың оңтүстік облыстарында ашық бояулы түстер көбірек кездеседі, ал Батыс Қазақстан тұрғындарының бұйымдарында босеңдетілген полихромды қара түс жиірек пайдаланылады. Олар көбіне түрікмен киіздеріне ұқсас келеді.

Дайын киізден құрама жапсырмалар (мозайка) түрінде әзірленетін «сырмақ» түріндегі кілемшелердің сипаттамасы басқаша. Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстанда қырғыздар үлгісіндегі сырмақтар кең тараған. Кейбір сырмақтарға ақ-қара түстердің графикалық сызықтары мен ою-өрнектің кестелік нақыштары тән, ал енді біреулері полихромды анық өрнектермен ерекше көзге түседі. Әсіресе, аралас техникамен әзірленген кілемдер салтанатты көрінеді, олар құрама жапсырмалар, түсті кестелермен немесе барқыт, шұға, сәтен, т.б. түрлі есепжіптер қималарымен әдемі үйлестік тапқан. Текеметтегі сияқты мұнда да ою фриз түрінде құрылады, орталық және жиектемелер айқындала түседі, кейде мүліктің орта түсы мен шеттерінің айырмашылықтарына көп көңіл бөлінбейді. Барлық тоқымашылық жұмыстарды әйелдер атқарды. Ал металды, ағашты, теріні өңдеу еркектердің үлесіне тиді. Тұрмыстық заттарды қолданбалы өнер туындыларына айналдырған негізгі көркемдік құралдар ретінде жағымды мәні бар түс пен көптеген оюларды танимыз. Шығармашылық бейнелеудің жетекші түріне айналған ою өнерінде өсімдіктер, жануарлар, космогониялық, геометриялық тұрмыстық әуендер көрініс тапты.

Киіз үй – дәстүрлі қазақ мәдениетінің өзегі. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы материалдық және рухани мәдениеттің жиынтық бейнесі – киіз үй. Киіз үй бізге ғасырлар белестерінен асып жетті, сан ғасырлар бойы оның құрылымына көптеген өзгерістер енгізіліп, жетілдіре түсті. Үй қаңқасы мынадай төрт бөлімнен тұрады:

1) Кереге – үйдің жазылып, жиырылатын тірек қабырғасы. Ол бірбірімен көктелген ағаш торлы жеке канаттардан шеңбер қабырға түрінде

құрастырылады. Үйдің көлемі қанат санына байланысты – қанат неғұрлым көп болса, баспананың ішкі диаметрі ұлғайып, пайдалы алаңы кеңи түседі. Қанаттың жеке таяқшалары өгіздің мойын терісінен жасалған жуан таспамен көктеледі де, ол сырнай сияқты жазылып (ұлғайып), жиырылып (кішірейіп) тұрады;

2) Уық – күмбез таяқшалары, жіңішке имек бірнеше ағаштар. Олар қанаттар мен шаңырақ арасын қосып, үй төбесін құрайды. Қабырғалық қанаттардың көлеміне қарай уықтар саны да көбейіп, ұзындығы мен жалпақтығы да соған сай ұлғайтылады;

3) Шаңырақ – шеңберінің шетіне уық шаншатын тесіктер ойылып, жіңішке үш немесе төрт қатар айқаспалы күлдіреуіштермен көмкерілген киіз үйдің бөлігі. Күлдіреуіштердің арасы ашық болады. Ол үйдің әрі терезесі, әрі түтін шығатын мұржасы, ауа кіретін желдеткіші қызметтерін атқарады. Оның көлемі де қанат санына байланысты болады;

4) Есік (сықырлауық) – екі жақтаулы есік, ол тұтас немесе үзбелі түрлерде жасалады. Киіз үйдің бұл көрсетілген түрлері ағаштың әртүрлі сорттарынан: шебердің өңдеп, кептіру кезінде қажетті түр беріп, ойып, июіне икемді ағаштың жеңіл түрі – талдан жасалған, одан көбіне керете қанаттары мен шаңырақ күлдіреуіштері әзірленген; екі қабаттастырылған жас қайыңнан шаңырақ шеңбері иілген; мандайша мен есік қарағай тақтайлардан шабылды. Екі жақтаулы есік пен шаңырақ әртүрлі оймыш өрнектермен, бояулы оюлармен әшекейленеді.

Үйдің киіз жабындысы өр қилы көлемдегі төрт бөліктен құрастырылады: 1) Туырлық – киіз үй қабырғаларын жабуға арналған. Олардың саны үй көлеміне байланысты, алты қанатты үйге төрт туырлық қажет; 2) Үзік – үй күмбезіне жабылады. Олар екеу: алдыңғы (есік қақтағы) және артқы үзік, олардың шеттері бір-біріне айқастырыла жабылады; 3) түндік – шаңырақка жабылатын шаршы киіз; 4) Киіз есік – есікке тұтылатын екі қабаттап сырылған төрт бұрышты киіз.

Киіз үй ішіндегі тоқыма мүліктермен толып жатқан сырма, басқұр, желбау, адалбақандарымен сәнді. Көптеген үй мүліктері киізден жасалады: одан текемет, сандықкап, әртүрлі шиландар, ыдыс-аяқ, кесе қаптар, жабу-жапқыштар басылған; жіп иіріп, кілем, алаша, басқұр, қоржын-дорбалар, қалталар т.б. көптеген тұтыну заттары тоқылып, арқан, көген, әртүрлі баулар, ноқталар өрілген. Ағаштан үй мүліктері: тосағаш, сандық, кебеже, асадал, басағаш, жүкаяқ, астау, табақ, тостаған, қысық, шара, ожау сияқты ыдыс-аяқтар, т.б. шабылған.

Теріден жағландар, түскиіздер, торсықтар, сабалар, ат әбзелдері жасалған, әртүрлі аяқ-киімдер тігілген, камшы, шыбытқы өрілген. Ұсталар ұшаяқтар, мосылар, ошақтар соғып, мыстан иілген табақшалар, құмыралар мен шайнектер жасалған. Тоқымашы шеберлер ою-өрнектері мен сапасы кілемдерден кем түспейтін сырмақтар әзірлеген.

Киіз үйдің ортасына қазақтар өз баспанасының ең киелі мүлкі деп есептейтін – ошақ орны қалдырылған. Ошақтан жоғары қарай еден іргеліктеріне дейінгі алаңға киіз текеметтер мен тоқыма кілемдер төсел-

ген. Жетісуда, тіпті, ошақ айналасындағы еденге төселетін өткиіз – «ошақ киізі» деп аталған арнайы кілем түрі жасалған.

Ошақтың жоғары жағы, кіреберіске қарама-қарсы түс, сыйлы қонақтарға арналған құрметті орын – төр деп аталған. Бұл орындағы қабырғаға қойылған жүкаяқтар мен сандықтардың үстіне кілемдер, көрпежастықтар жиналған. Оның екі жағына әртүрлі киімдер ілуге арналған (шапандар, шекпендер, бас киімдер) ілмекті таяқшалар түрінде адалбақандар қойылған. Үйге құрметті қонақтар келгенде төрге жұмсақ көрпешелер төселіп, жастықтар тасталған. Бұл қонақтың отыруына немесе шынтақтап жатып, демалуына өте қолайлы.

Есік (босаға) жақтағы кеңістік екі шаруашылық мақсатта пайдаланылған: кіреберістің оң жағына азық-түлік, ыдыс-аяқ (арнайы асалдар мен қоржыншаларда), әртүрлі аспаздық құралдар қойылған; сол жақ босаға түсына ат әбзелдері ілініп, арнаулы тұғырға ер-тоқым қойылады.

Ою-өрнектерінің әсемдігі мен байлығы жағынан кілемдерден кем түспейтін жалпақ кестелі түскиіздер мен көрпе қаптар, сондай-ақ шағын шілтерлі төсек-орны шашақтары, жастық тыстары мен орамалдар үй иелері төсегінің тұсындағы немесе отбасы мүшелері тынығатын жердегі қабырғаға ілінген. Киіз үй еденіне киіз алаша төселіп, кілем тек құрметті орын – төрге төселген. Оларды көбіне керегелер тұсына ілген, ал басы артық кілемдерді төрдегі жүк астына жинаған, болмаса бүктеп арнаулы жүк қаптарға теңдеп қойған.

Ағаштан ойылып, сүйекпен және асыл тастармен безендірілген кереуеттер, сондай-ақ тыныгатын тұстағы кереге басына ілініп қоятын домбыралар да ең әсем мүліктер қатарына жатады.

Сойтіп, киіз үй көшпелі қазақтар түрмысының аса қажетті баспанасы ғана емес, сонымен қатар, бір отбасы өмір сүретін ең қажетті өзгеше микроғарыш, шағын әлем үлгісі болып табылады. Белгілі шығыстанушы Л.Н. Гумилев киіз үй туралы: «Жылы да кең, әрі бір жерден екінші жерге көшу үшін өте қолайлы киізден жасалған шатырмен салыстырғанда тас лашық немесе балшықтан соғылған үйшік баспананың жоғарғы түрі дегенді әлі ешкім де дәлелдей қойған жоқ. Табиғатпен тығыз байланыста болған көшпелілер үшін мұндай шатырда өмір сүру еріккеннің ермегі емес, қажеттілік болды» деп жазды.

Қазақ қоғамының рухани бастаулары. Алғашқы тарихи еңбектер.

Шаруашылығы мен қолөнері табиғи-географиялық ортаның қажеттігі әрі мүмкіндігі аясында өскен Қазақ хандығы өз дербестігін сақтап, тарихи-ырғақты даму заңдылықтарымен өмір сүрген ғасырларда білім мен ғылымның, ұлттық өнердің бірсыдырғы табыстарына қол жеткізді. Алтын Орда мен Ақ Орда тұсында ислам дінін толық қабылдаған ата-бабаларының салтын сақтап, қазақтар балаларын мектеп пен медресеге оқуға берді. Сонау бағзы замандарда ғалымдар онша көп болмаған. Солардың ішіндегі ең алғашқыларының бірі – Қадырғали Жалайыр.

Қадырғали Жалайырдың өмірі, шығармашылығы мен тағдыры қазақ сұлтаны Ораз-Мұхаммедпен тікелей байланысты. Қадырғали ұзақ уақыт Сібір ханы Көшімнің кеңесшісі болды. Ол 1580 жылы Ондан сұлтанға қызметке ауысты. Сұлтан оған баласы Ораз-Мұхаммедті оқытып, тәрбиелеуді тапсырды. Осы күндерден ұстаз бен шәкірттің қилы оқиғаларға, қиындық-қыспақтарға толы өмірбаяндары басталды. Сібірді жаулап ала бастаған Данила Чулков өздерін тұтқындаған соң 1587–1588 жылдары екеуін де Мәскеуге алып келді. Қадырғали 1600 жылға дейін тұтқындағы Ораз-Мұхаммедпен бірге жат жұртта уақытын өткізіп қана қоймай, жас сұлтанды оқытумен айналысты.

Атақты Жәнібек ханның баласы көп болған. Солардың тоғызыншысы Жәліктен Шығай хан тарайды. Шығайдың бойбішесінен Ондан сұлтан туған. Ораз-Мұхаммед сұлтан тарихта ұзын оқты Ондан сұлтан ретінде аты қалған осы Онданның баласы.

Қадырғали Жалайырдың еңбегі «Жәми ат-тауарихта» егжей-тегжейлі жазылған қазақ ханы Тәуекел Ораз-Мұхаммедке аға болып келеді, ол сондықтан да қапылыста орыстардың қолына түскен Оразды дипломатиялық жолмен босатып алу үшін бірнеше рет әрекет жасаған. Бірақ, бәрі де сәтсіз аяқталды. Қадырғалидің жазбаларына қарағанда, Ораз-Мұхаммед тұтқын ретінде өзін сабырлы ұстаған және өзінің табандылығы мен талабының арқасында қайратты да ержүрек жауынгер ретінде танылып, оны орыс патшасы әскерінің қолбасшысы етіп тағайындаған. Ораз-Мұхаммед Шыңғыс әулетінің атына кір келтірмей, әскери міндетін адал атқарған. Оның бұл қызметі лайықты бағасын алды. Ораз-Мұхаммед Ресей жеріндегі Қасым Ордасының ханы болып тағайындалды. Қадырғали Жалайыр өзінің басты тарихи еңбегі «Жәми ат-тауарихта» Ораз-Мұхаммед сұлтанның тұтқындағы жағдайын, оның ерліктерін, Қасым сарайындағы тартыстарды, Қасым Ордасына мұсылмандықтың қалай келгенін, Ораз-Мұхаммедтің орда тағына қалай отырғанын, т.б. көптеген жайларды әдемі көркем тілмен баяндап берген. Кейінгі қазақ хандары тақка отыру, тәж кию салтанатын және басқа рәсімдерді Ораз-Мұхаммедтің тақка отыру сипаттамасындағы үлгіге сай өткізуді дәстүрге айналдырған.

Осындай сән-салтанатпен тақка отырған Ораз-Мұхаммед өзін барынша жақсы жақтарымен танытып, жемісті де әділ билік құрды. Бұл туралы Қадырғали: «Хан үйсіз, күйсіз кедейлерге көмек берді, ол шариғатқа сәйкес және әділдіктің мұсылмандық қағидалары бойынша басқарды, ұрылар мен арамза адамдарға аяушылық жасамай, өз қолымен жазалады» деп жазды.

Жалайырдың еңбегінің, әсіресе орыс князьдері мен қазақ билеушілерінің қарым-қатынастарына әділ де нақты баға беретін, Ораз-Мұхаммедтің Қасым Ордасы ханының тағына отырғанға дейін, орыстар жағында шведтерге қарсы соғысты және Қырым соғысы кезіндегі ерліктерін суреттейтін тұстары ерекше құнды. «Жәми ат-тауарих» жылнамасы қазақ тілінде жазылған ең алғашқы кітаптардың бірі, ол Ш.Ш. Уәлихановтың қолдан түсірмейтін кітабы болған.

Қадырғали Жалайырдан кейін шыққан Әбілғазы Баһадүрдің тарихи деректер мен пайымдарға толы, көркем тілмен жазылған «Түркілер шежіресі» ғылыми ізденістің тамаша үлгісі. XVII ғасырдың баға жетпес материалы болып табылады.

Орта ғасырлық белгілі тарихшы-ғалым, Хиуа ханы Әбілғазы Баһадүр – Жошы ұрпақтарының бірі. Ол, шамамен 1603 жылы түрікменнің «Қож-Үргеніш» қаласында дүниеге келген. Әкесі – Араб Мұхаммед сұлтан, анасы – Арал теңізі маңында көшіп-қонып жүрген сұлтандардың бірінің қызы Михрабану ханым. Әкесі мен шешесі өздерін Еңсегей бойлы ер Есімнің жақын туыстары, Жәдігер ханның ұрпақтары санайтын.

1626 жылы Есімнің рұқсатымен Әбілғазы Хиуаға аттанған. Жолшыбай жау қолына түсіп, Иранға жөнелтіледі. Әбілғазы Баһадүр он жыл Исфаханда тұтқында болып, 1638 жылы тұтқыннан қашып құтылады. 1643 жылы Арал маңында тұратын қазақтар өз бауырлары Әбілғазыны хан етіп жариялаған соң дереу Хиуаға жорыққа аттанады. 1645 жылы оны басып алып, Хиуа хандығының тағына отырады. Әбілғазы Баһадүр 1663 жылға дейін тақта отырды. Бірақ, ғылым мен әдебиетке қызыққаны соншалық тақты өз еркімен баласы Әнүш-Мұхаммедке берген. Келесі 1664 жылы өзінің басты еңбегі, қазіргі уақытта бүкіл дүние жүзіне мәлім «Түрік шежіресін» толық аяқтамай дүние салады. Баласы Әнүш-Мұхаммед әкесінің бітпей қалған жұмысын ілгері жалғастырып, 1665 жылы аяқтаған.

Әбілғазы Баһадүр көзі тірісінде-ақ Шығыстағы аса білімді адамдардың бірі ретінде танылған, ғұлама тарихшы, тамаша ақын болған. Тарихшы Арал жағалауы халықтары, Каспий жағалауындағы рулар мен тайпалар өмірінен мол мағлұматтар жариялаған. Шығармада XVI–XVII ғасырлардағы қазақтар мен басқа да түркі халықтарының тұрмысы туралы мәліметтер мол. Әбілғазы Баһадүр алға қойған мақсатына жетпей тынбайтын, өте батыл да ержүрек адам болған, өмірде қаншама қиыншылықтар көрсе де сабырлықпен көтере білген. Замандастарының оны Баһадүр деп атауы да сондықтан. Ол семсер мен қаламды бірдей ұстай білген. Баласы аяқтаған «Түрік шежіресі» орта ғасырдағы деректі прозаның үлгісі болып табылады. Кітап Адам Атадан басталып, Шыңғыс әулетімен, Шыңғысхан ұрпақтарымен, Әбілғазы Баһадүрдің өзімен аяқталады. Кітап кіріспеден және тоғыз бөлімнен тұрады.

Еңбек ежелгі мифологиялық стильде жазылған, ежелгі аңыз-ертегілер мен «Огызнаме», «Зафарнаме» және басқа да дастандар мазмұны түркі тілінде баяндалған. Оқырмандар үшін Әбілғазы кітабында сипатталатын XVI–XVII ғасырлардағы оқиғалар ерекше құнды. Әбілғазы ана тілімен қоса араб, парсы, түрік тілдерін білген.

Кітабының алғы сөзінде шығыс қиссалары, ғазалдары мен рубайлары үлгісінде көптеген өлеңдер жазғанын айтады. Бірақ, бұл өлеңдерінің көпшілігі бізге жетпеген. Дегенмен сол аз шығармаларының өзінен оның көрнекті ақын болғандығын байқау қиын емес. 1726

жылы оның «Түрік шежіресі» баспадан шығып, онымен бүкіл Еуропа ғалымдарының танысуына мүмкіндік туды. 1770 жылы кітап орыс тіліне аударылды, 1992 жылы туған жері – Қазақстанда қайта басылды.

Қазақ хандығында білім-ғылыммен қоса саз өнерін өркендеткен тұлғалар аз болмаған. Асан Қайғыдан қалған «Ел айырылған», «Асан-қайғы», «Желмаяның желісі», «Зар» күйлері, Сүйінішұлы Қазтуғанның «Сағыныш» күйі – XV ғасыр туындылары, Байжігіттің «Қайың сауған», «Қосбасқан», «Көкбалақ», «Қоңыркөз», «Жетім торы» күйлері – XVI–XVII ғасырлар шамасында дүниеге келген. XVIII ғасырдың ойғілі билеушісі Абылай хан да бірнеше күйлердің («Қара жорға», «Дүние сарсаң», «Қайран елім», «Жетім торы», «Сары бура» т.б.) авторы. Бұл жөнінде Абылайдың шөбересі, теңдесі жоқ ғалым Ш. Уәлиханов былайша жазған: «Қазақтың аңыз өңгімелерінде Абылай ерекше бір аруақты данққа бөленген. Олар үшін Абылай заманы ерлік пен жаугершілік заманы. Оның жорықтары, батырларының ерлік істері эпикалық жыр-шежіреге айналған... «Шаңды жорық» деген күйі шапқыншылық кезде ержүрек Баян батырдың қаза табуына орай шығыпты. Қазақтар Еділ бойындағы қалмақтарға қыстың көзі қырауда жорыққа аттанып, қашан олжа түсіргенше 7 күн бойы ашығады. Осы оқиғаға байланысты «Қоржын қақпай» күйі туған. Қазақ күйшілері күні бүгінге дейін тартатын бұл күй Абылай ұрпақтарының есіне даңқты күндерді түсіреді.

Дегенмен, дәстүрлі қазақ қоғамының экономикалық, білімі, ғылыми әлеуеті қауырт өскен әлемдік бәсекеден кем түсе берді. Ұлы географиялық ашулар, Еуропаның XV ғасырдан мануфактуралық өндіріс сатысына өтуі, теңіз арқылы Жер шарының кез келген нүктесіне бару мүмкіндігінің пайда болуы, осының салдарынан Ұлы Жібек жолының тоқтауы, яғни Қазақстанның алға озған Еуропадан байланыссыз оқшау қалуы – бәрі хандықтың болашақ тағдырын анықтады. Дамыған елдер университет, ғылым академиясын ұйымдастырып жатқан XV–XVII ғасырларда қазақ даласын сауатсыздық жайлай бастады. Басқалар от қаруын сыртқы саясаттың порменді құралына айналдырса, қазақ жауынгерлерінің серігі жүйрік ат, өткір қылыш, шашақты найза ғана еді. Экономикалық іркілістің ауыр зардабын XVIII ғасырда бастан өткізуге тура келді.

СҰРАҚТАР:

1. Көшпелі мал шаруашылығының ерекшелігі неде?
2. Киіз үй бейнесінің тарихи мәні неден көрінеді?
3. Қазақ тіліндегі алғашқы тарихи шығармалардың ерекшелігі қандай?
4. Қазақ хандығында ән-күй өнерінің дамуына үлесін қосқан қандай тұлғаларды білесіз? Қазақ күйлерінің тарихи маңызы неде?

2.3. Халықаралық байланыстары мен сыртқы саясаты

XV–XVI ғасырлардағы Орта Азия мемлекеттерімен және Ресеймен халықаралық қатынастар. Қазақ даласы көне заманлардың өзінде сыртқы әлемнен оқшау өмір сүрген емес. Ұлы Жібек жолының бойында жатқандықтан Қазақстан аумағы арқылы Батыс пен Шығыс елдерінің саудагерлері, саяхатшылары, елшілері ерсілі-қарсылы өтіп жататын. Шыңғыс хан шапқыншылығының қарсаңында қыпшақ тілі халықаралық деңгейге көтеріліп, Еуразияның үлан-ғайыр өңіріндегі бірден-бір байланыс құралына айналғаны әсте кездейсоқтық емес.

Қазақ хандығының құрылуымен мемлекеттің халықаралық қатынасы және сыртқы саясаты нақты ұлттық мүддеге әрі геосаяси қажеттілікке қызмет ете бастады. XV ғасырдың екінші жартысында Оңтүстік өңір, әсіресе Сырдария бойындағы қалалар, Түркістан қаласы үшін тартыс үздіксіз жүріп жатты. Көшпелі өзбек ұлысын билеген Әбілхайыр ханның ұрпақтары, оның ішінде немересі Мұхаммед Шайбани бірде Ноғай Ордасының билеушілерімен, бірде Әмір Темір әулетімен, тіпті Моғолстан билеушілерімен тіл табысып, Созақ, Сығанақ, Сауран, Отырар, Түркістан қалаларын қазақтарға бермеуге барын салды. Қазақ хандары Керей мен Жәнібектің, кейін Бұрындық ханның әскери және дипломатиялық кемелдігі үстем түсіп, XVI ғасыр басында Шайбанидтер Мәуреннахрға ығыстырылды. Бұл соғыстарда Жәнібек ханның балалары Ерденжі, Махмұт, Қасым батырлығымен, қолбасшылығымен ерекше көзге түскен еді. Мәселен, Сауран қаласының түбіндегі шайқаста Ерденжінің әскері Мұхаммед Шайбаниді тас-талқан етіп жеңгені, оны Бұхараға қарай қашуға мәжбүр еткені орта ғасырлық шығыс деректерінде сақталса, Сығанақ қаласына барар жолдағы Соғанлық асуында Махмұт сұлтан әскері Мұхаммед Шайбаниден басым түскені ханның өз адамы жазған «Таварих-и гузида Нусрат наме» деген шығармада қарсыластардың санының шектен асатыны соншалық, өлтіру не қорғану мүмкін болмағаның, теңіздің үстіндегі көбік суға сіңгендей болмас үшін, ханның жолға шығуға бел буғаны туралы жазады.

Қазақ хандығының халықаралық байланыстары мен сыртқы саясаты Шайбанидтерді ғана ығыстырып қойған жоқ, Моғолстанды да әлсіретті. Қазақтардан басқа ойраттардың, өзбектердің қысымына шыдамаған бұл мемлекет XVI ғасыр басында өмір сүруін тоқтатты.

Қазақ билеушілері шайбанидтерге қарсы күресте өздеріне одақтас табуды қапердан шығармаған. Бұл орайда қырғыздармен одағы тұрақтылығымен ерекшеленеді. Қырғыз-қазақ одағы Жетісудағы қазақтардың ықпалын арттырды.

Әрине, шайбанидтермен соғыс екі халық арасындағы сауда-саттықты, аралас-құраласты, туыстық қарым-қатынасты үзген жоқ. Тараптар бейбіт келісімдер де жасап отырған. 1494 жылдар мұғдарында Түркістан,

Сайрам, Отырар үшін болған шайқастардан кейін қазақ-өзбек бейбіт келісіміне қол жетіп, Бұрындық хан бір қызын Шайбани ханның бауыры Махмұт сұлтанға, екінші қызын билеушінің баласы Темір сұлтанға тұрмысқа береді.

Құландалдық жорасы кейін де үзілмеді. 1512 жылы Қасым ханның қызы Махмұт сұлтанның ұлы Үбайдұлла ханға ұзатылды. Құрметті құдалардың біріне Қасым ханның өз қызын тапсырып, үнемі оның жағдайынан хабардар болып тұруын сұраганы туралы деректер бар. Күйеу келтіріп, қыз ұзатуды сыртқы саясатта ұтымды пайдаланған Қасым хан Ноғай Ордасының біраз халқын жерімен қоса өзіне қарата алды. Сол жылдар жайлы М.Х. Дулати: «Қасым хан Дешті қыпшақты түгелдей өзіне қаратып алғаны соншалық, Жошы ханнан кейін ешкім де ол сияқты мұндай билікке қол жеткізген емес-ті», – деп жазды.

Қасым хан дүниеден өткен соң XVI ғасырдың ортасына дейін Қазақ хандары сыртқы саясат пен халықаралық қатынастарда айтарлықтай табыстарға жете алмады. Ноғай Ордасымен байланыс бұзылды. Ойраттармен, шайбанидтермен, моғолдармен соғыс орын алды. Іргелес елдермен байланысы үзілгенінің, өңірлік қатынастарға ықпалының өлсіреген ініің айғағы ретінде М.Х. Дулатидің 1533–1534 жылдан соң қазақтар «түгелдей жойылып кетті» деген сөздеріне жүгінуге болады.

1448 жылы тақка Хақназар хан келгеншe Қазақ хандығы жойылып кетпегенмен халқы көп шығынға ұшыраганы рас. Тарихи деректерде 60-тан астам сұлтанның сыртқы жаулармен соғыста қаза тапқаны айтылады. Мамаш хан да, Бұйдаш хан да ұрыс даласында ажал тапты. Сыр бойындағы қалалар, оның ішінде Түркістан да қайтадан шайбанидтер қолына өтті.

Хақназар хан 30 жыл билік басында отырғанда оңтүстікте қырғыздармен, өзбектермен бейбіт келісімді сақтай алды. Батыстағы Ноғай Ордасындағы алауыздықтарды өз пайдасына шешіп, әкесі Қасым ханның өнегесімен Мәскеу билеушілерімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатады. 1569 және 1573 жылдары Қазақ хандығына орыс елшілері Семен Мальцев пен Третьяк Чебуков келіп кетеді. Одан да ертеде 1558–1559 жылдары ағылшын көпесі Антони Дженкинсон орыс патшасы IV Иванның арнайы грамотасымен қазақ даласына келген болатын. Ол қазақтардың мұсылман әрі саны да көп екенін жазған. XVI ғасырдың 70 жылдарында ағайынды Строгановтар мен Қазақ хандығы арасында сауда байланысы орнығады.

Қазақ мемлекетінің халықаралық танымалдығы мен беделі Қасым ханның немересі Тәуекел хан тұсында арта түсті. Ол Бұхар ханы Абдолланың тәрбиесін көп көрген әрі ірі-ірі соғыстарда жеңіске жетіп, атағы шыққан жасында хандық билікке келген еді. Қолбасшылық талантын саясаткерлікпен ұштастыра алған Тәуекел хан қысқа мерзім ішінде қарақалпақтар мен қалмақтардың біраз бөлігін өзіне қарата алды, Ташкент, Сайрам, Түркістан қалалары қайтадан қазақтардың қолына көшті. 1594 жылы сұлтан Құл-Мұхаммед басқарған қазақ елшілігі Мәскеуге келіп,

орыс билеушілерімен келіссөз жүргізді, Мәскеу мемлекетімен әскери одақ құру, ханға «откаруын» алу мәселелері талқыланды.

Қазақ-жоңғар қатынастары мен соғыстары. XVII ғасырдағы Қазақ хандығы үшін сыртқы саясаттың басты бағыты 1635 жылы құрылған Жоңғар мемлекеті болып табылды. Сол 1635 жылы қазақ-жоңғар соғысы басталды. Шапқыншылықты контайшы Батырдың қолбасшылығымен жоңғарлар бастады.

Ұзаққа созылған бұл соғыста екі жақ алма-кезек жеңіске жетіп отырды. Бір шайқаста Жоңғір хан тұтқынға түсіп қалды, бірақ көп ұзамай оны босатып жіберді. Қазақ шонжарларының арасындағы алауыздық тартыстар елдің жалпы жағдайына нұқсан келтірді. Қазақ қоғамында бірліктің болмауы, басқыншыларға қарсы бірігудің қажеттігі сияқты осынау күрделі мәселелерді Жоңғірдің батыл шешуі керек болды. Ол белгілі батырлармен, ықпалды билермен қатынастарын жақсартып, Бұхар және Хиуа хандықтарымен байланысқа баса көңіл бөлді. Дәлірек айтқанда, Самарқандта атақты сарайлар салдырған белгілі билеуші Жалантөс Баһадұрмен келісімге келді. Қазақтар Бұхар хандығымен өмірбақи тығыз байланыста болған, олардың бір бөлігі осында өмір сүрген. Бізге жеткен аңыздар бойынша, Самарқанд билеушісі Жалантөс Баһадұр Сырдарияның төменгі ағысындағы қазақтың төртқара руынан шыққан. Тек Шығай хан ауылдарымен бірге Бұхара маңындағы Нұрата тауларына көшіп барған. Бұхар ханы Жалантөсті Самарқанд қаласының әмірі етіп тағайындаған.

Жоңғірдің беделі тез көтерілді. Оның ордасы Қазақ хандығының сол кездегі астанасы Түркістан қаласында болды. Ол айналасындағы болып жатқан оқиғаларды жіті бақылап, дүшпанның әр қимылын қадағалап отыруға осы жер лайықты деп тапты.

Жоңғір Шығыс Түркістан билеушілерімен де жақсы қатынас орнатты. Бұл істе оған Жалантөс батырдың баласы Төуке сұлтан көмектесті. Сөйтіп, ол хан болып сайланбай тұрып-ақ аукымды саяси шараларға басшылық етті. Сол жылдары қатты күшейіп кеткен Жоңғар мемлекеті бірнеше сәтті шабуылдар жасап, 1640 жылы ойраттар контайшысы Сібір дуан басыларына қауіп төндіре бастады. Бірақ, олардың басты мақсаты мал өсіруге қолайлы жайылымдықтары мол кең байтақ аумақты алып жатқан қазақ жерлерін иелену болды.

Батыр контайшы Жетісуға шабуыл жасау мақсатымен аса үлкен әскер жинады. Оған хакас Алтын ханның баласы Омбо-Ердени, Батыр контайшының күйеу баласы Огирту, Огиртудың інісі Цаценан, Шоқыр тайшы, Сұлтан тайшы (сібір халқы холттардың билеушісі) және басқа да көптеген тайпалардың үсақ көсемдері қосылды.

Дегенмен, белгілі есімдердің көптігіне қарамастан бұл әскер неборі 50 мыңнан аспады. Мұны жақсы білген Жоңғір оларға тойтарыс беретін шаралар белгіледі. Ең алдымен, қазақтардың біріккен әскерлерін жинау қажет болды, ал тым қажет болған жағдайда басқа көршілерден көмек сұрауды ойластырды.

Қазақтар мен жоңғарлардың бұл соғысы 1643 жылы басталып 1647 жылға дейін созылды. Алғашқыда Батыр әскерлері Тянь-Шаньның оңтүстік сілемдеріндегі жерлерді басып алып, бірнеше мың қазақтар мен қырғыздарды тұтқындады. Осыдан кейін Жоңғір Жалаңтөс Әмірден көмек сұрады. Тянь-Шань қырғыздарының билеушісімен де келісім жасады. Олар көмектесуге уәде берді.

Жоңғір қолының тым аздығын екі түрлі себеппен түсіндіруге болады. Біріншіден, Жоңғір билігі әлі онша беки қоймағандықтан өл қол астына көп әскер шақыра алмады. Оның үстіне бұл уақыт хан сайлауының қарсаңына тап келді. Екіншіден, туған жерге екпіндеп кіріп алған дұшпанға тіпті аз күшпен-ақ жасақты әскермен қарсы шығу қажет болды.

Жоңғарларға қарсы соғыс қашан да үлкен қиындықтар туғызды, ол бүкіл Қазақ халқын жұмылдыруды қажет етті. Сондықтан да бүкіл даланы біріктіру мақсатымен қазақ батырлары өмірлерін де аямай Орбұлақ түбінде ерлік пен табандылықтың асқан үлгілерін көрсетіп, бүкіл халыққа қалай шайқасу керектігін, ең бастысы, жаудан жасқанбау қажеттігін көрсету үшін күш жұмсаған болулары керек! Оның үстіне, аяғы созылыңқырап кеткен хан сайлау жолындағы дау-шарлар қауіпті болса да осындай өте дұрыс шешім қабылдауға мәжбүр етті. Орбұлақ түбіндегі оқиғаларға байланысты тағы да бір жағдай бар. Тау ішінде тосқауыл қою үшін онша көп жауынгер қажет емес.

Орбұлақ шайқасы қазақ батырлары үшін нағыз табандылық пен ержүректік сынға түскен оқиға болды.

Жоңғір бекіністер мен қорғандар орнатып, шатқалға адамдардың жартысын ғана бөлді. Жоңғарлардағы орыс елшісі, казак атаманы Гаврил Ильин Тобыллан: «Жоңғір тас арасынан орлар қазып, соған отты қарумен (мылтықпен) 300 адамнан отырғызды, ал өзі 300-дей адамдарымен жартасқа жасырынып тұрды. Ал тайша жауынгерлерімен оларға тап беріп, осы арада қонтайшының көп адамы мерт болды», – деп жазды. Жартастар арасындағы тар өңеште жоңғарлар мыңдаған адамынан айырылды

Бірнеше күннен кейін ұрыс тауда емес, жазық далада жалғасты. Жоңғарлар толық басымдық алып, жеңістерін енді тойлай бастаған сәтте, қазақтардың болмашы әскеріне көмекке үлкен күш келіп қосылды.

Осыған байланысты Орбұлақ шайқасы туралы сөз еткенде оның екі ұрыстан тұратынын естен шығармау керек. Біріншісі – 600 қазақ батыры өздерінен күші мың есе артық дұшпанға тойтарыс бере алған таудағы айқас. Екіншісі – көп әскер қатынасқан жазық даладағы кескілескен ұрыс. Бұл туралы сол кездегі әскер қатарында қызмет атқарған орыс адамдары: «...таудың екінші жағынан қонтайшы келді, бірақ Жоңғір бастаған ержүрек жауынгерлер мұнда да қонтайшының он мыңнан астам адамына соққы берді», – деп жазған.

Шайқастан кейін халық Жоңғірді «Салқам Жоңғір», яғни «Айбатты Жоңғір» деп атады. Ш. Уәлиханов: «Есім хан тұсында өбден нығайып

алған қалмақ билеушілеріне қарсы қырғыз-қазақтардың күресі жаңа түсті; 1643 жылы Фишер Есім ханның ұлы Жәңгірдің Батыр қонтайшымен соғысы туралы жазған», – деп көрсетеді. Бұған қарап қазақ хандарының жоңғарларға қарсы күресінің барысын тек орыстар ғана емес, көптеген батыс тарихшылары да жіті қадағалап отырғандарын көреміз. Жәңгір бастаған қазақ жауынгерлерінің Орбұлақта жоңғар басқыншыларына қарсы соққы берген бұл шайқас қазақтардың екі жүз жылдан астам уақытқа созылған жоңғар-ойрат-қалмақтарға қарсы ерлікке толы ұрыстарының бір ғана көрінісі.

1647 жылы Батыр қонтайшы қазақ жеріне жаңа жорық жасап, бұрынғы кеткен есесінің өшін қайтармақ болды. Соғыс екі жаққа бірдей болды, бірде қалмақтар, бірде қазақтар жеңіп отырды. Осындай шайқастардың бірінде, 1652 жылы тапқыр да батыл қолбасшы Жәңгір хан қаза тапты.

Қазақтар мен жоңғарлардың соғысы екі жүз жылдан астам уақытқа созылды, қантөгіске ұласқан аяусыз қақтығыстар екі жаққа да есепсіз қасірет әкелді. XVII–XVIII ғасырлардағы қалмақтармен соғыс қазақтар үшін жоңғар басқыншыларына қарсы – Отан соғысы еді. Қазақ хандары Есім, Жәңгір, Тәуке, Абылай, сондай-ақ халық арасынан шыққан айтулы билер Төле, Қазыбек, Әйтекелер өздерінің бар күш-қайраттарын, дарын мен ақыл-парасаттарын жоңғарларға қарсы күреске жұмсады. «Ақтабан шұбырынды» жылдарында қарапайым халық ортасынан есімдері бүгінге дейін ескірмей жеткен, туған халқының бостандығы жолында өмірлерін құрбан етуге даяр Бөгембай, Қабанбай, Наурызбай, Малайсары, Баян, Жанай, Райымбек, басқа да көптеген батыр қолбасшылар шықты.

Жоңғарларға қарсы соғыс, әсіресе XVII ғасырдың 80-жылдарында өте ауыр болды. Қалмақтар Қаратау бөктерлері мен керуен жолдарын басып алып, сол арқылы басқа елдермен сауда-саттық жасап отырған қалаларды иеленуге бар күштерін салып бақты. Жоңғарлар қазақтарға қарсы XVIII ғасырдың алғашқы жартысында – 1711, 1712, 1714, 1718, 1723, 1725, 1742 жылдары сұрапыл жорықтар жасады. Қазақ халқы жаппай қырғынға ұшырып, босып кеткен бұл жылдар тарихта «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деп аталды. Талантты хан әрі әскери қолбасшы Абылай билікке келген соң жойылып кету қаупі төнген қазақ халқы қайтадан бас көтеріп, күш жинап, азаттық соғысын бастады. Олар 1726 жылы алғаш үлкен жеңіске жетіп, Шұбартеңіз көлінің жағасында жоңғар әскерінің күл-талқанын шығарды. Келесі 1729 жылғы атақты Аңырақай шайқасында жоңғарлар тағы да жеңіліп, қазақ әскерлері ойраттарды Жетісу жерінен қуып шықты.

Жоңғар басшысы Қалдан Церен өлгеннен кейін жоңғар шонжарларының арасында өзара алауыздық қақтығыстар басталып, елдің бірлігі бұзылып, берекесі кетті. Өздерімен қырғи қабақ көршілерін жіті бақылап отырған Маньчжур-Қытай императоры жоңғарлардың ынтымағы мен жалпы басшылығының әлсіреген дереу пайдаланып, 1755, 1756 және 1757 жылдары жоңғарларға қарсы жорық жасап, ойраттарды қырып

салды. Жоңғар мемлекетін жойып жіберді. Сөйтіп, қазақ халқының екі жүз жылдан астам уақыт соғысуына тура келген шапқыншы көршісі жер бетінен біржолата жоғалды.

Сыртқы саясатты жүргізу барысында Қазақ мемлекетінің басшылары дипломатияға қажетті рәсімдер мен іс-әрекеттер жүйелілігін сақтауды қалыптастырды. Таяу-алыс шетелдерден келген ресми қызмет иелерін қабылдау немесе келіссөз жүргізу барысында жинақталған тәжірибені қастерлей де білді.

СҰРАҚТАР:

1. Қазақ хандарының сыртқы саясатының ерекшеліктері неде?
2. Тәуекел ханның саяси бейнесі қандай?
3. Қазақ – жоңғар соғысының себептері мен салдары қандай?
4. Орбұлақ шайқасында жеңіске жеткен ханды атаңыз. Оның қандай стратегиялық және тактикалық іс-қимылдары нәтижесінде шайқас тағдыры шешілді?
5. Қазақ армиясының жоңғарларды түбегейлі жеңіп, өз жерлерін азат етуін талдаңыз.

3. ОТАРЛЫҚ ЖӘНЕ КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАН (XVIII–XX ғғ.)

3.1. Ресей құрамындағы Қазақстан (XX ғ. басына дейін)

Қазақ хандығы мен Ресей қарым-қатынастарының тарихи жағдайы және барысы. Жоңғариямен соғыс, әсіресе 1723 жылы басталған «Ақтабан шұбырынды» қазақ мемлекетінің әлеуметтік-саяси және экономикалық негіздерін әлсіретті. Ол кезеңді Ш. Уәлиханов «қанды қырғын», «жантүршігерлік», «жаугершілік» деп сипаттаған. 1726 және 1729 жылдары қазақ әскері жоңғарларға тамаша соққы бере алғанымен, үш жүздің аға ханы орнына талас мемлекеттегі тұрақтылыққа зардабын тигізбей қалмады.

Қазақстан тарихи және географиялық тұрғыдан Еуразия материгінің орталық бөлігінде орналасқан, сонымен қатар Шығыс және Еуропа

мемлекеттерімен, Жоңғариямен (яғни, Қытаймен), Ресеймен шектесіп жатыр. Мұндай ішкіконтиненталдық «орталық» ретінде орналасуы артықшылықтарға ие болумен қатар Қазақ хандығының алдында қиыншылықтар да тудырды. Әлемде өз орнын табу және оны іс жүзінде калыптасқан, «өзгертуге» болмайтын жағдайдағы тарихи контексте үйлестіре жасау қажет еді. XVIII–XIX ғасырдың бірінші жартысында Қазақстан, оның биліктегі элитасы тек дәстүрлі көршілерімен ғана емес, жақын ортаазиялық көршілерімен де қарым-қатынас түзуі керек болды. Егер Қытай қазақ даласынан алып таулы сілемдері Тянь-Шань және шөл қуаң далалармен бөлініп жатса, Ресей жері XVII–XVIII ғасырларда Қазақстан жеріне солтүстік жақтан тақала түсті. XVII–XVIII ғасырларда Ресейдің шығыстан жылжуы үлкен доғаны жағалай, бекіністердің шекарасын бойлай отырып, Қазақстанды солтүстіктен айналып, Сібір мен Тынық мұхитқа қарай бағытталды. Алайда Жоңғар мен Қытай шекараларына қарағанда, табиғи шекара бекіністері – таулы қыраттар бұл арада жоқ болды. Қазақ жері мен Ресей жерінің шекаралық шегі бір-бірімен Каспийден Алтайға дейінгі аумақта жанаса шектесіп жатты.

XVIII–XIX ғасырлар Петербург үшін маңызды сыртқы саяси басым-бағыт Еуропадағы іс-қимылдар саналды. Ресей саясатындағы шығыс бағыты ұзақ уақытқа дейін «Шығыс мәселесі» (Таяу Шығыс, Балқан түбегі, Кавказ) төңірегімен шектеліп келді. Алайда уақыт өткен сайын Петербург шығыс саясатына, соның ішінде Орталық Азияға қатысты саясатын анықтауы қажет болды. Жалпы, Ресейдің қазақ даласының солтүстік батыс, солтүстік, солтүстік шығыс шекараларына тақауы XVIII ғасырда күтпеген жағдай емес еді. Әртүрлі түркі-славян халықтарының, орыс-орда байланыстарының тарихы бір жүзжылдықтан асып түседі. XVIII–XIX ғасырлар Қазақстанның тап болған жалпы геосаяси жағдайын түсіну үшін XVIII ғасырдағы Азия құрлығындағы батысеуропалық державалардың белсенді саясаты мен ықпалын, өзара жүргізген күресін ескеру қажет. XVIII ғасырда Англияның Үндістанға енуі (одан Францияны ығыстыруы) өршіді. Соның нәтижесінде, XIX ғасырдың бірінші жартысында Англия Үндістанда үстемдік құрды. Британия және Ресей империясын XIX ғасырдың бірінші жартысында Азияда бөліп тұрған – Қазақстанның ауқымды бөлігі, Орта Азия, Ауғанстан, Памир, Кашмир болды. Алайда Ресейдің Үндістанға болашақта кіру қаупінен сескенген Ұлыбритания 1830 жылдардың аяғында Ауғанстанға әскери күшпен басып еніп, XIX ғасырдың соңғы ширегінде ауғандардың сыртқы саясатын бақылауда ұстады. Бір жағынан, XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей – Азия саясатының белсенділігі артып, Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алады. XIX ғасырдың соңына қарай ағылшындар мен ресейліктердің Азиядағы иеліктерінің шекаралары бір-біріне жақындай түседі. Сөйтіп, XIX ғасырдың аяғына таман Орталық Азияның кей аумағында екі империяның геосаяси мүдделері тоғысады. Екі жақ

та бір-бірінің іс-әрекетін бақылауда ұстады. Ұзақ уақытқа созылған ағылшын-ресей бақталастығының нәтижесі 1895 жылғы Памирді межелеу туралы келісім болды. Памирден оңтүстікке қарай орналасқан аймақ Британия империясының аясына, Памир мен одан солтүстікке қарай жатқан жерлер – барлық Орта Азия жері, Қазақстанның жазық кең даласы – Ресей империясының мүдделі аймағына енді. Сөйтіп, XVIII–XIX ғасырдың бірінші жартысында Қазақстан Азиядағы Ресей империясының ықпалынан тысқары қалды. Алайда XIX ғасырдың екінші жартысында, Ресей ықпалының Орта Азияда нығаюына байланысты, геосаяси кеңістіктің «ішіне» енді. Белгілі қазақстандық тарихшы Петр Галузо Ресейдің Орталық Азияға тікелей бағытталған, табанды саясатын атап өтеді. Алғашында, XVIII ғасырда Қазақстанның солтүстік аймақтарында әскери бекіністер жүйесі құрылды, ал XIX ғасырда округтер, генерал-губернаторлықтар пайда болды. Қазақстанның орталық аймақтарындағы (Сарыарқа) округтер XIX ғасырдың 20–60-жылдарына дейін сақталды. Ресми түрде олардың «сыртқы округтер» деген атауы, олардың шекаралық бөлініс сызықтарынан тыс орналасқанын көрсетеді. Сыртқы округтер шекараға жақын шектесіп орналасқан аймақ болып табылады. XIX ғасырдың 60 жылдарында сыртқы округтердің құрылымдық өзгерістеріне байланысты Қазақстанның жеріне әкімшілік-отаршылдық басып-көктеу саясаты анық жүргізіле бастады.

XVIII–XIX ғасырлар Еуразиядағы болған жалпы геосаяси үдерістерге объективті түрде қарасақ, Қазақстан өзінің бірқатар ішкі және сыртқы себептердің нәтижесінде көршілес Ресейден, ал Ресей Қазақстаннан оқшау өмір сүре алмады. Бұл түсінік Ресей империясының құрамына енген шығыс халықтары туралы көзқарас пен түжырымдарды жаңа тәсілмен, тың ойлармен қарастыруды талап етеді. Кеңес тарихнамасында партия органдарының қысымымен бұл мәселе жоғары деңгейдегі саясаттандырылған мәселе болды. 1920–1970 жылдар арасында бұл мәселе «қоршаған жау» концепциясынан «шексіз жауға» айналып, ары қарай «өз еркімен қосылды»деген идеяға алып келді. Партияның идеологиясына сәйкес сансыз қаулылар қабылданып, ғылыми ізденістер түзетіліп, жаңа ғылыми ой-пікірлер қатаң бақылауда қалды. Өз ойын еркін айтқан ғалымдар қудаланып, остракизмге, репрессияға ұшырады. Осы тағдырды талантты ғалымдар Ермұқан Бекмаханов, Петр Галузо, Бекежан Сүлейменов басынан кешірді.

XX ғасырдағы ғалымдардың тәжірибесі Еуразия халықтарының тағдырына қатысты бұл күрделі мәселенің дұрыс, шынайы түрде қарастырылып, ұлттық, аймақтық, XVIII–XIX ғасырларда әлемдік факторлардың ескерілуі қажет екенін көрсетеді.

XVIII ғасыр басындағы оқиғаларға қайта оралсақ, дала заңы бойынша хан тағына Шыңғыс хан әулетінің ұлы бұтағы – Жәдік ұрпақтарының өкілдері ғана отыра алатын еді. Қазақ билеушілерінің кіші бұтағына жататын Әбілқайыр бұл жағынан Тәуке мен Қайып ұрпақтарымен бәсекеге түсе алмайтын.

Өз жағдайының тұрақсыздығын, оңша «заңды» түрде отырмаған хан тағында ағайындар тарапынан қолдау таба алмайтынын сезген Әбілқайыр жағдайын нығайта түсу үшін патша сарайынан көмек сұрауға мәжбүр болды. Кезінде князь атағы жолындағы тартыста бақталастарын жою үшін Мәскеу князьдері Орда ханнан көмек сұраған болатын. Енді, міне, ішкі жауларынан басым түсу үшін әлсіреген дала хандарына өздерінен әлдекайда қуатты, көрші елдің ықпалды билеушілерінен көмек сұрауына тура келді.

1730 жылы ол Уфа әкімі арқылы Петербургке, Ресейдің әйел императорына елші жіберіп, өзінің қол астындағы тайпаларды Ресей мемлекетінің қарамағына алуды өтінді. Бұл жолы Әбілқайыр елшілеріне барынша көмек көрсетілді. Оның Құтлымбет Қоштаев бастаған жеті адамнан тұратын елшілері ықыласпен қарсы алынып, қымбат сыйлықтарымен еліне қайтарылды. Оларды А.И. Тевкелев бастаған беделді топ әскери күзетпен алып қайтты. Мемлекеттік қызметтің I Петр қалыптастырған мектебінен өткен А. Тевкелев өзі кейін мойындағандай, императордың өлуіне байланысты қолы жетпей қалған қызметтік жоғарылаудан, үкімет наградаларынан үмітті еді. Қазақ елшілігін Кіші жүзге кері қайтарар күні А. Тевкелевке мазмұны өте қызғылықты, 12 тармақтан тұратын «Нұсқау» тапсырылды. «Нұсқаудың» үшінші тармағында Ресей боданлығын қабылдау барысында хан айналасындағы адамдар арасында қайшылықтар туындаған жағдайда өз қалауынша қимыл жасауға пәрмен беретін жоспардың кілті көрсетілген. Аса қуатты швед әскерін тізе бүктірген Ресей Еуропа құрлығындағы басты әскери күшке айналған соң тек батыс елдері ғана емес, Орталық Азия мемлекеттері де оның билігін мойындауға ынғайлана бастады.

Қазақтардың бір бөлігін боданлыққа алғанша да Ресей Қазақстанның Шығыс бөлігіне қамалдар мен қалалар салуды бастап жіберген еді. 1717 жылы Железинск және Ямышевск қамалдарының, 1718 жылы Семей қаласының, 1720 жылы Өскемен қаласының іргесін қалаған болатын.

1731 жылғы 19 ақпанда императриша Анна Иоанновна Кіші жүздің Ресей қол астына ерікті түрде қабылданатыны туралы грамотаға қол қойды. Сол жылдың қазан айында А. Тевкелев бастаған орыс елшілігінің адамдары Ресей қол астына кіру туралы ант алу үшін хан ордасы орналасқан Ырғыз өзенінің бойындағы Майтөбе шатқалына келді. Хан қонақты ертіп жүруді үлкен ұлы Нұралы сұлтанға тапсырды. А. Тевкелев Иван Грозныйдың тұсында орыс боданлығын қабылдаған татар шонжарларының тұқымынан шыққан патша сарайының сенімді қызметкері әрі бірнеше елдің тілін, соның ішінде қазақ тілін де білді. Орыстардың дипломатиялық қызметімен айналысушылар Әбілқайырды жақсы таныды. А. Тевкелев ол туралы: «Ақылы мол, қулықтан да құралақан кісі емес кісі», – деп жазды. Хан ордасындағы келіссөздер барысында А. Тевкелев Әбілқайыр ханның Ресейге қосылу жөніндегі ықыласын барлық сұлтандар мен ақсақалдар қолдамайты-

ның біліп, қайран қалды. Бұл ашық қарсылыққа реніш білдірген А. Тевкелев Әбілқайырдан толық келісілмеген шаруаны патшаға неге жібергенін сұрады. Бұл «өзіңе жүктелген өкілдікті асыра пайдалану емес пе?», «...мұны сен өзің ғана бастағансың, оның енді өтірікке айналып тұр...» дейді. Кейін Ресейге адалдығы үшін тархан атағын алған Таймас Шаимов деген башқұрт далала айтарлықтай беделі бар атақты Бөкенбай батырдың, оның күйеу баласы Есет батыр мен немере ағасы Құдайменденің қолдайтындықтарына кепілдік беруге әзір екенін білдірген.

Бөкенбай тобының қолдауы шиеленісті жағдайды бәсеңдетті. А. Тевкелев сатып алу, қорқыту, азғыру арқылы келіссөздерді одан әрі жүргізуге берік негіз жасап алды. «...Мен барынша төменшіктеп, жантәнімді салып, отаныма адал қызмет көрсетуге деген жалғыз-ақ тілекпен екі жылға жуық уақыт бойы үнемі өлім қаупіне бас тіге жүріп (1731 жылғы 30 қазаннан 1733 жылғы 14 қаңтарға дейін), аштыққа шыдап... оның үстіне бүкіл қабілетімді жұмсап, бүкіл орданы көндірдім», – деп жазды кейінде А. Тевкелев патша әкімшілігіне жолдаған мәлімдемелерінде. Бодандыққа алғаш болып Әбілқайыр хан ант берді. Одан соң Бөкенбай старшина, одан кейін Есет батыр, Құдайменде мырза бас иетіндерін мәлімдеді. Оларға қосылған 27 старшина Ресейдің әйел патшасына адалдықтарын мойындады.

Қазақ шонжарларының патша өкіметіне адалдықтарын білдіріп, ант беруі Орал сырты аймақтарындағы саяси жағдайды түбірімен өзгертті. Ойраттарды қазақ-орыс қатынастарына бұдан әрі әрдайым бақылап отыруға мәжбүр етті.

Кең байтақ далалық өлкенің Ресейге қосылуы осылай басталды.

1731 жылдың аяғында Орта жүз ханы Сәмеке Ресей қол астына қарау туралы ант берді. 1733 жылы қазақ билеушілері Ұлы жүз қазақтарын Ресей қол астына алуды сұрап Анна Иоанновнаға сөз салды.

Әйел патшаның 1734 жылдың 10 маусым күні Ұлы жүздің Төле би, Қодар би, Хангелді, Сатар, Бөлек батыр сияқты ықпалды кісілеріне жолдаған грамотасы статус-кеңесші И. Кириллов пен полковник А. Тевкелевке қазақ ақсақалдарынан ант алуға құқық берді. Дегенмен, аймақтың Ресейден тым алшақ орналасуы себепті бұл шараны жүзеге асыру кейінге қалдырылды.

Әйел патшаның тағы да бір «грамотасы» Арал хандығын Ресейдің боданы ету үшін Әбілқайырдың қол ұшын беруіне жол ашқан. Арал теңізі аймақтары Қайып ханның билігінде болатын.

Сол 1734 жылы обер-хатшы И.К. Кириллов пен баяғы А. Тевкелев бастаған «Қырғыз-қайсақ экспедициясы» бекітілді. Мұндай экспедиция құруды Әбілқайыр хан ұсынған еді. Оның мақсаты патша әкімшілігінің ықпалын күшейтуге немесе қатерлі жағдай туа қалса паналауға қажетті қала салу болды.

Ресейдің қазақ даласында қамал құрылысын бастау туралы ниеті мәлім болысымен-ақ башқұрттар көтерілісі бұрқ етті. Патша үкіметі

бұл көтерілісті ант берген қазақ ақсақалдары мен батырларының күшімен басу туралы А. Тевкелевке тапсырма берді. Тевкелевке көтерілісті басумен қатар тағы да үш қамал салып, оларға тез арада орыстарды қоныстандыру арқылы қауіпті аудандағы қозғалысты тыю жоспарын ұсынды. Башқұрттардың табанды қарсылықтарына қарамастан Ор өзенінің бойына Орынбор қаласы салынып, ол шығысқа қарай беттеген отаршылдық қозғалысты кеңейте түсу жолындағы тірек базаға айналды.

Қазақстанның Ресейге кіру үдерісі жалғаса берді. 1735 жылы Орта жүз ханы Күшік пен Барақ сұлтан Ресей қол астына кіру туралы ант берді. 1738 жылы Үлы жүздің Ресей қол астына қарағанын растайтын Анна Иоанновнаның Жолбарыс ханға грамотасына қол қойылды. 1740 жылғы 14 тамыз – 1 қыркүйек аралығында Орынбор қаласында қазақ-орыс келіссөздері жүріп, Кіші жүз бен Орта жүз билеушілері Ресейге бодан болғандығы туралы ант берді.

Орта жүздің атынан антты Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан берген еді. Оқиғаның барысы тарихи деректе былай суреттеледі: «Содан кейін алтынмен әрленген парсы кілемін алдырып, төсетті. Хан да, сұлтан да тізерлеп, Мансұр ахунның күәлігімен, өздерінің заңдары бойынша дұға келтірді, құранды сүйіп, төбесіне көтерді.

Абылай сұлтан ханнан гөрі шешен екен және шапшаң жауап береді екен: біздің іс-қылықтарымызға таң қалмаңыздар, орыстармен қарым-қатынасқа үйренеміз, бірте-бірте жақындасамыз деп қалды да, тағы: үй ішінде бас киіммен отырғанымызды да түсініңіздер, біздің қалыптаскан дағдымыз солай деді. Хан да мұны құптады...

Бұдан кейін дастарханға тағам берілді. Жұрт тамақ іше бастағанда зеңбірек атылып түрды:

1. Патша ағзамның денсаулығына 21 мәрте зеңбірек атылды.
2. Патша ағзамның әулеті үшін 17 рет.
3. Патша ағзамның жеңімпаз әскері үшін 13 рет.
4. Әбілмәмбет хан мен оның әулетінің денсаулығы үшін 9 рет.
5. Абылай сұлтанның және оның әулетінің денсаулығы үшін 9 рет.
6. Ресейге бодан болғысы келетін барша қазақ үшін 7 рет».

Орта жүздегі Шыңғыс әулетінің Ресей болашағын қабылдау Орталық Азиядағы халықаралық жағдайды айтарлықтай өзгертті. Қосылудың алғашқы сатысында бірқатар жағымды сәттер де болды. Олардың ең маңыздысы – қазақ халқы жоңғарлардың тонаушылық шапқыншылықтарынан құтылды. Жағымсыз жағы – қосылу кең байтақ далалық белдемдерін қазақ әскерлерінің бірте-бірте отарлауын бастап берді. Орыс саясатшылары осынау алып даланы иесіз, бақылаусыз жатқан өлке, қоныс еткен адамдары жоққа тең деген түсінікпен қабылдады.

Ресейдің әйел патшасы, екі жүздегі қазақ хандары қол қойған құжаттарда әкімшілік-аумақтық шектер, шекаралар және жер қорын пайдалану жолдары, қазақ отрядтарын орналастыру, даламен шекараларда Ресей қалаларын салу мәселелеріне байланысты маңызды мемлекеттік

мүдделер жайлы бір ауыз сөз айтылмаған. Бұл мәселелер Ресей билігінің таралу көлеміне қарай, Әбілқайыр мен Орынбор әкімшіліктерінің жиі сөз ететін ауыр тақырыптарына айналып, тартыстар туғызды, келе-келе жаңа қайшылықтарға ұласты.

Ресей бодандығын қабылдау зардаптарын қорытындылау мәселеге әр қырынан келуді талап етеді. Өйткені, бұл күбылыс барлық жерде бірдей өткен емес. Оқиғалар барысын әдейі тездетіп немесе баяулатып отырған басқа қазақ хандарының рөлін естен шығаруға болмайды. Сонымен қатар XVIII ғасырдың орта тұсына қарай әжептәуір ескіре бастаған хандық мемлекетті басқару құрылымдық үйымның қаукарсыздығын, жүздер арасындағы, тіпті Қазақ даласы мен Жоңғария арасындағы шекаралардың айқын белгіленбегенін де ұмытпаған жөн. Шекаралар XVIII ғасырдың 40-жылдары ғана, әсіресе Қалдан Серен өлгеннен соң ғана белгілене бастады.

Абылай хан — әйгілі мемлекет қайраткері. Қазақ халқының XVIII ғасырдағы күрделі тарихында орны ерекше тұлға бар. Оны елі — Абылай деп атады, ал азан шақырып қойған есімі — Әбілмансұр болатын.

Абылай туралы жырларда ол Көркем Уәли сұлтанның отбасында 1711 жылы дүниеге келген деп көрсетілген. Ш. Уәлиханов атап көрсеткендей «жауынгерлік ерліктері негізінде аса қорқынышты да қанішер атағымен даңққа шыққан» көрнекті жауынгер Абылай осы Әбілмансұрдың атасы еді. Шыңғысхан мен Жошының тікелей ұрпағы болып табылатын Әбілмансұр өзінің ата-баба жолын қайталады. Ол да Шыңғысхан сияқты рулы әулеттен шығып, тым ерте жетім қалды. Алауыздық пен қырқысулардың құрбаны болған әкесінен он үш жасында айырылған болашақ қазақ ханы ата-анасының адал қызметшісі Ораз аталықтың көмегімен соңғы сәтте аман қалады.

Ол — Түркістанға барып бас сауғалады. Бірақ, атақты туыскандары теріс айналған Әбілмансұр өзінің шыққан тегін жасырып, ауқатты қазақтарға, аңыз-әңгімелерге қарағанда, белгілі Төле биге малшы болып жалданған. Үсті-басы жалба-жұлба, арып-ашқан бала Сабалақ аталып кетті. Бірақ, Әбілмансұр өзін қашан да лайықты ұстай білді, оңаша жүргенді ұнатты. Баланың осы мінезіне көңіл бөлген Төле би Сабалақтың тәрбиесімен өзі айналысты.

Әбілмансұр жасөспірім шағында-ақ жоңғар басқыншыларына қарсы бүкілхалықтық күреске араласты. «Барлық шапқыншылықтарға әуелі қатардағы жауынгер ретінде қатысқан ол, — деп жазды Ш. Уәлиханов, — ғаламат ерлігімен, айлакерлігімен көзге түсті. Оның ұтымды кеңестері мен стратегиялық айла-әдістері жас жігіттің ақылдығын танытты». 20 жастағы Әбілмансұр жоңғарлармен Ұлытау маңында болған алапат шайқаста ерекше көзге түсті. Ол батырлардың ұрыс алдындағы дәстүрлі жекпе-жегінде жоңғарлар қолбасшысы Қалдан Сереннің мұрагері — Шарышты (Чарышты) өлтірді. Ойраттар күйрей жеңілді. Осы шайқаста Әбілмансұр жауға шапқанда «Абылайлап» ұран тастап, атасының аруағына сыйынды. Сондықтан оның өзін қарулас жолдастары «Абылай

батыр» атап кетті. Осы жолы оның Көркем Уәлидің жоғалып кеткен баласы екені мәлім болды. Міне, осы сәттен бастап Әбілмансұр-Сабалақ Абылай атанды.

Батыл да ақылды жауынгер Абылайдың есімі осылан былай халық арасында кең тарады. Көп ұзамай оны билер мен батырлар да мойындап, аса қуатты көп рулардың біріне басшы етіп сайлады. Оның ордасы Көкшетауға, қазіргі Бурабай шипажайы тұрған жерде орналасты.

Абылай осынау қауіпті жағдайда Төле бимен және басқа да танымал саясаткерлермен ақылдаса отырып, бір орталыққа бағынған қазақ мемлекетін қалпына келтіру керектігін түсінді. Бірақ, көшпелі қоғамның басын қосу оңша оңай шаруа емес-ті. Абылай бұл іште де дала көшпелілерінің ежелгі дәстүрін сәтті пайдалана отырып, оқшаулыққа мүдделі күштерді ауыздықтау арқылы көп нәрсеге қол жеткізді. Бұған қоса ол 1734 жылы Жоңғария мен Қазақ хандығының арасында көптен күткен бейбіт бітімге қол жеткізді. Абылай атақты Қалдан Серенмен тіл табысып, оның немересіне үйленді.

Осы тұста сәл шегініс жасау қажет. Күні бүгінге дейін жоңғарлар мен Қазақ хандығы арасында бірыңғай дұшпандық қатынастар ғана болды деген пікір қалыптасқан.

Қазақтар мен жоңғарлардың аяусыз соғысқаны рас, бірақ соған қарамай, олардың арасында бейбіт келісімдер де жиі жасалған. Мысалы, өзара алауыздық қақтығыстарда күғын көрген жоңғар князьдері қазақтарға жиі-жиі қашып келіп, оларды паналаған. Тағы бір таңқаларлық нәрсе, екі жақ та тұтқын алмасу мәселесіне өте ұқыптылықпен қараған. Мұндай жағдайда тұтқын ең уақытта да алтынға немесе басқа да асыл заттарға ауыстырылмаған. Екі елде де адам өмірі барлық асыл заттардан жоғары қойылған. Абылайдың өзі де белгілі қолбасшы бола тұра, 1741 жылы жоңғарларға тұтқынға түскен. Бірақ, Қалдан Серен оны бір жыл тұтқында ұстады да босатып қоя берді. 1755 жылы Абылай өз әскерімен жоңғарлар жағында Цин империясына қарсы соғысты. Ал жоңғарлардың қытайлықтарға қарсы ұлт-азаттық қозғалысы сөтсіздікке ұшыраған сәтте көтеріліс басшысы Әмірсана Абылайға келіп бой тасалап, қолдау тапты.

Бұл кезеңде Цин империясының тікелей көршілігінен гөрі Қазақстан шекарасында ойрат мемлекетінің тұрғаны Абылайды толық қанағаттандырған болуы керек деп жорамалдаймыз. Бірақ қалай дегенде, қазақ-жоңғар қатынастары сан қырлы болғанын көреміз. Абылай соңғы көшпелі мемлекеттер – Қазақстан мен Жоңғар хандығының бастан кешіп отырған күйі, олардың Ресей мен Қытай алдындағы өнеркәсіптік және әскери мешеулігі мен күні тәуелділіп келе жатқанын сезген болуы керек.

Қазақ хандығында бұрынғы қуат қалмағанын Ресей мен Қытай билеушілері меңмендікпен бетке басты. 1757 жылы Қытай әкімшілігі Абылайға жолдаған хатында кімнің кім екенін ашық жариялайды. «Егер сендерге моңғолға жасағандай ішкі жасақ тәртібін қолдансақ, –

делінген хатта, – қысым көріп қаласыңдар. Демек, бұрынғы қоғамдық салт-жүйелеріңде бола беріңдер... Ал сенің елшің бізге жеткізген: «Тарбағатай тегінде біздің байырғы жайлауымыз еді, сол жерді патша бізге берсе» деген сөзге келсек, бұл жерлер жаңа ғана тыныштандырылған. Әлі иен жаткан өңір. Патша, әсілі, ол жерді сендерге қиып бере салушы еді, бірақ сендер бізге еңбек сіңірген жоқсыңдар, ебін тауып ел болып алғансыңдар».

1771 жылы Орта жүз ханы болып сайланған Абылай іс жүзінде бүкіл қазақ даласына билігін жүргізіп, Қытайдағы Цин империясымен бейбіт қатынастар орнатуға күш салды. Сол үшін айтарлықтай саяси ұтыстардан бас тартты. Өз кезінде мұндай саясат бірден-бір дұрыс айла болуы да мүмкін, қазақтар тек осылай ғана ұлттық тәуелсіздігін сақтай алған. Ал Абылай тақ жолында өзара қырқысқан князьдер әбден титықтатқан бір кездегі қуатты Жоңғарияның көп ұзамай күйрейтінін алдын ала білді

Қазақтарға достық ниетін танытқан жоңғар тағынан үміткерлердің бірі Әмірсанаға көрсеткен Абылай қамқорлығы, ең алдымен, адамгершілік тұрғыдан қолдау ғана болатын. Әмірсанаға қамқорлық жасау арқылы титықтаған Жоңғарияны бір жолата күйреуден сақтап қалып, елге енді ешқандай қауіп төндіре алмайтын өлсіз ойраттардан Цин Қытайы мен Қазақ даласы ортасындағы аралық мемлекет жасамақ болды.

Бірақ, Қытай императоры Цин Лунь әскерлері арага кіріп кетті де, әбден әлсіреген Жоңғарияны жойқын күшпен басып алды. Қытайлықтар үш рет 1756, 1758 және 1760 жылдары Орта жүз жерлеріне кірді. Абылай жоңғар контайшысының кебінін кимеу үшін Богдыханның – Қытай императорының билігін мойындап, қытайлықтармен келісімге келді. Бұл келісім бойынша Тарбағатай мен Іледе айырбас базары ашылды да, қазақтар малдарын Қытай тауарларына айырбастай бастады.

Абылай Қытайға жақындаған сайын Ресеймен қатынасын ашық тежеуге кірісті. Ол өзі хан болып сайланған 1771 жылы ант қабылдау үшін Ресей шекарасына барудан бас тартты. Бұл жолы ол өзін халықтың әлдеқашан хан сайлап қойғанын желеу етті, шынында да солай еді. Орыс үкіметі бұған қанағаттанбай, оған хан үкіметінің рәміздерін (қылыш, тон және бөрік) тапсыруға ресми тапсырмамен, Абылайдан ант алу үшін оның ордасына өз өкілін жіберді.

Абылайдың негізгі қыстаулары Есіл өзенінің жағасында болды. Кейін сұлтан иеліктеріне оның серіктестері Есіл бойындағы Құлсары және Көкшетау аймағындағы Қабанбай батырдың жайлауына көршілес орналасты. Көкшетау маңындағы аймақтар, негізінен, қазақ хандарының туған ұясы саналған, ол өз өкілдерін осы жерден Сібір желісіне, Қытай шекараларына аттандырып отырған. Оңтүстік майдандағы Ташкентпен және Ходжентпен соғыста Абылай әскерлері Жизаққа дейін жетіп, олардың жеті қаласын алды. Соғыс нәтижесінде Әзірет, Сайрам және Шымкент, Созақ қалаларынан айырылған Ташкент алым төлеп тұруға міндеттенді.

Абылай өзінің жеке басының алғырлығы мен ұтымды қимылдарының арқасында атақ-данққа жетіп, халық құрметіне бөленді. Әртүрлі аңыз-өңгімелер тағдыры өзгеше қайраткерлер өмірін жұмбақ құбылыстармен байланыстыруға құштар қарапайым адамдардың жылы ықылас-сезімдерін күшейтті.

Абылай ханның кеңесшісі болған, жырлары ел үшін үндеуге айналған Бұқар жырау халықты үлкен қауіп-қатер алдында бірігуге шақырып, қазақ халқын біріктірудегі Абылай ханның анықтаушы рөлін көрсетті. Бұқар жырау бұл жайында былай деп жырлайды:

Хан Абылай атандың
Дүниеден шықпай мініңіз.
Алтын тақтың үстінде
Үш жүздің басын құрадың.
Жетім менен жесірге
Ешбір жаман қылмадың.
Әділетпен жүрдіңіз,
Әдепті іске кірдіңіз,
Арманың бар ма, хан шем?!
Ақылың бар хан едің
Мұның түбін ойлаған.

Абылайдың хан тағына сайлануын өз көзімен көрген орыс өкілі бас қосқан барша рулар көсемдері оны ақ киізге отырғызып, батылдығы менептілігін жарыса мақтап, оның ерліктерін бір-біріне қайта-қайта айтып, ханның сырт киімін үсақтап жыртып, бөлісіп алғандарын, төж киген билеушінің киімінен жыртып алған сол кішкене шүберекке мәз болып қуанышқа бөленгендерін жазады.

Қазақтың бірде-бір ханы оған дейін де, Абылайдан кейін де мұндай шексіз билікке ие болып, халық құрметіне бөленген емес. Ол бірінші болып бұрын халық жиналысы – құрылтай арқылы ғана шешілетін хан билігіне кеңес беру арқылы шек қойып келген өлім жазасын тәжірибеге енгізді. Ол алпауыт рубасылары мен сұлтандардың бетімен кетушілігіне тыйым салды.

XIX ғасырдағы отарлау саясаты және оның салдары. 1781 жылы Абылай хан дүниеден өткен соң Қазақстанды Ресейдің отарлауы қауырт жүрді. 1822 және 1824 жылдары қабылданған Сібір қазақтары, Орынбор қазақтары туралы Жарғылар бойынша Орта жүз бен Кіші жүздегі дәстүрлі хандық басқару институты жойылды. Ұлы жүз Қоқан және Хиуа хандықтарының қол астында қалды. 1801 жылы Батыс өңірде құрылған Бөкей хандығы отарлаушы әкімшіліктің құзырында болғандықтан оның мәртебесі номиналды сипатта сақталды.

Солтүстік шығыс және Орталық Қазақстанда ашылған округтар басына аға сұлтандар, батыс Қазақстанда дистанцияларды басқаруға сұлтан-правительдер отырғызылды. Бұларды қызметке тағайындау, қызметтен алу толығымен орыс әкімшілігінің қолына көшті.

Ресей үкіметі басқа аймақтардағы қазақтардың жайлауларын бұрынғысынша шетінен кесіп алып тарата түсті. Қазақтар Орталық Қазақстанның шөл далаларына ығыстырылды. Берілген жайылымдықтардың табиғи жағдайы өздері көшкен шөл далалардан айырмашылықтары шамалы еді. Жер тапшылығы мен жайылымдықтардың жетіспеуі, оған қоса отарлық саясат қыспағының күшейе түсуі қазақтардың Жайық сыртына көшу мәселесінде шешуші рөл атқарды. Қатардағы көшпелілердің әлеуметтік жағдайларының нашарлай түсуі де жағдайды қиындата түсті.

Әйтеуір жан сақтаудың амалын іздеген қазақтар бауыр етті – балаларын Ресей қамалдарының тұрғындары мен Хиуа феодалдарына сатуға мәжбүр болды. Қазақ халқы тарихының «Геродоты» Алексей Левшин 1815 жылы Гурьев қаласының төңірегінде айналдырған бір айдың ішінде жүзге тарта қазақ балаларының сатылғанын айтады. Олар «ұлдар үшін 3 немесе 4, ал қыздар үшін 2 немесе үш қанар қара бидай ұнын» төлеген.

Патша үкіметі Қытай шекарасында әскери бекініс бекеттерін сала бастады. Мұндай бекіністердің бірі қазақтар ерте замандардан «Ерен қабырға» деп атайтын аскар Алатаудың баурайында тұрғызылды. Сөйтіп, ежелгі Алматы қаласының жұртында Верный қамалы пайда болды.

60-жылдары патша әскерінің оңтүстік Қазақстан өңірін жаулап алуы жалғасты. 1864 жылы Шымкент қаласын, 1865 жылы Ташкентті бағындыруымен Қазақстанның Ресейге қосылу үдерісі аяқталды.

1867–1968 жылдары әкімшілік-аумақтық реформалар жүзеге асырылып, округтер жойылды. Жер мемлекеттік меншік деп жарияланды. Ішкі губерниялардан қазақ даласына орыс шаруалары қоныс аудару саясаты басталды.

Отар өлкеде шаруашылықтың жаңа салалары пайда болды. Таукен өнеркәсібінде алғашқыда орыс қожайындары, XIX ғасыр соңына қарай шетел капиталы үстемдік құрып, өлкенің байлығы қазақтарға бұйырудан қалды. Құнарлы да шұрайлы жерлер сырттан келгендердің еншісіне тигендіктен байырғы халық кедейленді. Ә. Бөкейханның мәліметі бойынша, бірінші дүниежүзілік соғыс басталған шамада орта шаруаның саны кеміп, қазақтың үштен екі бөлігі кедейлер санатына жатыпты. Мемлекеттік қолдау жоқ ортада қалың қазақтың жаңа ахуалға бейімделуі өмір талабынан сылбыр жүргендіктен ауру-сырқау, өсек-аяң, парақорлық, болымсыз билік – болыстық пен старшындыққа талас, жағымпаздық, жалтаңкөздік төрізді кері кеткен қылықтар ел ішінде етек жая бастады. Жердің мемлекет меншігіне өтуі, орыс және шет ел капиталының толық үстемдігі, қарашекпенділердің үздіксіз келуі, урбанистік үдерістен тыс қалу – бәрі ұлттың болашағына төнген қатер еді. Әкімшілік-аумақтық бөліске түскен қазақ жерінде ортақ ақпараттық кеңістіктің болмауы қоғамдық сананың, саяси мәдениеттің, этностың ішкі жетілуіне зиянын тигізді.

Қазақ мәдениеті. Ресейге бодан болу – Қазақстанның мәдени-рухани өміріне әсер етпей қоймады. XIX ғасырда қазақтың ұлы тұлғалары – Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев дүниеге келді.

Шоқан он екі жасында сол кездегі Сібірдің ең озық оқу орны саналатын Сібір кадет корпусына оқуға түсті. 1853 жылы кадет корпусындағы оқуын аяқтап шықты. Сол жылдары Далалық өлкенің генерал-губернаторы Г.Х. Гасфорд болатын. Шоқан корнет шенінде оған адъютант болып қызметке кірісті. Айрықша тапсырмалар жөніндегі офицер саналған жас жігіт шенеуніктердің бюрократтығы мен мансапқорлығын көзімен көрді. Шыңғыс әулетінен шыққан жас Шоқан өз халқының қамын ойлап, отаршылдыққа қарсы түрлы. Еркін ойы мен әділдік, адалдық жолындағы ұмтылыстары үшін шенеуніктер тарапынан қатты қысым көріп, небір кемсітушілікті бастан кешті.

1865–1857 жылдары Шоқан Іле сырты қырғыздары мен Үлы жүз ауылдарына ғылыми-зерттеу және этнографиялық экспедиция жасады. Одан әрі Құлжаға өтіп, Жоңғария тарихымен танысты. Ол осы сапарларынан белгілі «Жоңғария тарихы», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Қазақ халық поэзиясы хақында», «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Үлкен қырғыз-қайсақ ордасының аңыздары мен әпсанасы» және басқа да қазақтар туралы, олардың әдебиеті мен мәдениеті жайлы түбірімен жаңаша пікірдің негізін қалаған еңбектер жазды.

Қазақ балаларының ұлы ұстазы, жаңашыл-педагог, ағартушы Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы қазіргі Қостанай облысының бір ауылында дүниеге келген. Әкесінен ерте айырылған бала қыр еліне есімі мәлім атасы Балтожа бидің қолында тәрбиеленді. Ыбырай 1850 жылы Орынборда ашылған орыс-қазақ мектебіне отыз қазақ баласымен бірге оқуға қабылданды.

Патша әкімшілігі бұл мектепті ашқанда болашақта жергілікті әкімдіктерді басқаратын шенеуніктер даярлап, солар арқылы өз саясатын жүзеге асыруды мақсат етті. Сондықтан да шәкірттерге отаршылдық рухта тәрбие берді. Бірақ жастайынан еркін өсіп, өз ойына ғана сенуді мансұқ тұтуды бойына дарытқан Ыбырай Алтынсарин оқу бағдарламасымен шектеліп қалмай, әлемдік әдебиет шығармаларына көңіл бөлді. У. Шекспир, И.В. Гете, Д.Н. Байрон, А.С. Пушкин, Н.В. Гоголь, М.Ю. Лермонтов, И.А. Крылов, Ә.Фирдоуси, Низами, Науаи және басқа да көптеген авторлардың кітаптарын өз бетінше оқып, тиісінше пайдаланды.

Ыбырай Алтынсарин өз халқының шынайы мақсаттарын көздеп жанындай жақсы көрді. Мансап пен шен-шекпеннен өз халқының сауатын ашуды өмірлік мақсат еткен дарынды жас 1860 жылдан бастап ұстаздық қызметке белсене кірісті. Ол халықтың ұстазына айналды. Сол жылы облыс басшылығы Алтынсаринге Торғай қаласында қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашуды тапсырды. Оның тікелей араласуымен жеті бастауыш мектеп, төрт екі сыныпты училище мен мұғалімдер мектебі ашылды. Облыстық әкімшілік бұл мектептерді ашып, одан әрі ұстауға қаражат бөлмегендіктен Ыбырай ауыл-ауылды аралап, халық арасында насихат жұмыстарын, мектептердің аса қажеттігін, қазақ балаларына білім беретін уақыттың әлдеқашан жеткеніне көздерін жеткізді.

Жаңа үлгідегі мектепке өзі арнап ағартушы-педагог «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» және «Қазақ хрестоматиясы» деген кітаптар жазады. Бұл оқу құралы орыс әліпбиінің негізінде 1879 жылы жеке кітап болып басылды. Аталған кітаптарға ежелгі қазақ поэзиясының, ауыз әдебиетінінің үлгілері, Л.Н. Толстой, К.Д. Ушинский, И.А. Крылов шығармалары, сондай-ақ, Ы. Алтынсариннің өз өлеңдері мен әңгімелері енгізілді. Ұлттық бағытқа басымдық берілді.

Алтынсарин қызмет барысында орыс демократтарының ағартушылық идеялары мен сол замандағы жетекші педагогтар – Я.А. Коменскийдің, Ушинскийдің, Ясная Полянада шаруа балаларына арнап мектептер ашқан Толстойдың озық әдістемелерін тиімді пайдалана білді.

Абай – қазақтың ұлы ақыны, философ, композитор, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы. Абай 1845 жылы 22 тамызда бұрынғы Семей облысындағы Шыңғыстау бөктерінде дүниеге келген. Атасы Өскенбай, ұлы атасы Ырғызбай би болып, өз руын басқарған. Әкесі Құнанбай Қарқаралы оязының аға сұлтаны болып, Меккеге барып қажы атанған, дін жолын қатты құрметтеген.

Абай алғашында ауыл молдасынан сауатын ашып, содан соң «Ахмет Риза» медресесінде оқыған. Медреседе өткізген үш жыл Абайдың дүниетанымында айтарлықтай із қалдырды. Мұнда ол Шығыстың атақты ақындарының шығармаларымен танысып, араб және парсы тілдерін жете меңгерді. Ол сонымен қатар бірнеше ай бойы орыс мектебінде оқыды. Негізінен, Абай өз бетінше оқып жетілген. Ежелгі грек философтары Сократ, Платон, Аристотель еңбектерін бар ықыласымен мұқият зерттеген. Абай алғашқы өлеңдерін бүркеншік атпен таратып, қырық жастан асқаннан кейін ғана шығармаларын өз есімімен жариялай бастаған.

Абай шығармаларынан қазақ халқының ой-арманы мен мұң-мұқтажы, өзі өмір сүрген кезеңінің шынайы шындығы көрініс тапты. Ақын шығармашылығы ел ішінде етек жайған надандықты, екіжүзділікті, қулық-сұмдықты әшкерелеуге бағытталды. Мемлекетінен, елтұтқаларынан айырылған халық сол жылдарды зар заман деп атағаны бекер емес. Зар заманның ұлт болмысына әкелген зардабын Абайдан артық сезінген жан жоқ шығар. Тұтас халықтың жол таппай абдырағанына ұлы ойшылдың жаны күйзелді. «...Дүниеде ешбір қызықты нәрсе бар деп ойламайды, ойласа да бұрыла алмайды, сөз айтсаң, түгел тыңдап тұра алмайды, не көңілі, не көзі алаңдап тұрады. Енді не қылдық, не болдық!» – дейді ол. Бұрынғы ата-бабаларымыз заманындағы елбасы, топбасылардың билікті жүргізудегі әділдігін, намысқорлығын ұлықтап, осынау «екі ғана төуір мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік», – деп келер күнге үмітін артады. Ол жастарды ғылым-білімге, халық игілігі үшін ерінбей еңбек етуге шақырды. Абай көптеген лирикалық өлеңдер, бірнеше дастан мен ғақлия сөздер жазған. Пушкин, Лермонтов, Гете, Шиллер, Мицкевич және басқа да Еуропа классиктерінің туындыларын қазақ тіліне аударған. Ақын өлеңдері қыр

қазақтарының арасына кеңінен танылды, айналасына ақын, әншілер, сазгерлер топтасып, әлеуметтік-философиялық және әдеби мектеп қалыптасты. Абай өз замандастары Біржан сал, Ақан сері, Тәттімбет, Жаяу Мұса сияқты қазақ ақындары мен композиторларын ерекше құрметтеген.

XX ғасыр басындағы қазақ мәдениеті мен руханиятының қозғаушы күшіне Алаш зиялылары айналды. Әйткенмен, отар өлкенің мәдени өмірі қайшылықты әрі дағдарысты үдерістерге толы күйде қала берді. Жергілікті әкімшілік жүйе Қазақ халқының рухани өсіп-өнуіне назар аудармағандықтан мектеп ісі, кәсіби білім беру, ғылым, әдебиет пен өнер үлкен қиыншылықтарға тап болды. 1914 жылы мектепке тартылған оқушылардың үлесі Қазақстан халқының 2%-ын да құрамады. 139 кітапханадағы кітап қоры 98 мың данадан аспады, 3 музей, 2 театр ғана жұмыс істеп тұрды. Дамыған елдерден көш кейін қалу қазақ халқының болашағына қатер төндірді.

СҰРАҚТАР:

1. XVIII ғасырдағы қазақ-орыс қатынастарының қарқындау себептері неде?
2. Қазақстанның Ресейге қосылуының жағымды және жағымсыз жақтарын талдаңыз.
3. Ресей империясының қазақ жерлерін отарлау мақсатында жүргізген реформаларын атаңыз.
4. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ мәдениетінің даму ерекшеліктері қандай?

3.2. Ұлт-азаттық қозғалыстары

XVIII–XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстары және олардың ерекшеліктері. Ұлт-азаттық қозғалысы қашанда және қандай жерде болмасын отарлаушы елдің саяси, экономикалық, идеологиялық, мәдени-рухани, т.б. өктемдігіне, әділетсіздігіне, зорлығына қарсы бағытталады. Қозғалысқа қатысушылардың саны, ол шарпыған аумақтың үлкен-кіші болуы көп нәрсені анықтайтыны рас, бірақ бұлар мәселенің өзегін құрай бермейді. Өйткені отарлаудың классикалық «бөліп ал да, билей бер» формуласы жұмыс істеп тұрған өлкеде байырғы халық саяси, экономикалық, аумақтық тұтастығынан айырылатыны былай тұрсын, олардың бірегей ақпараттық кеңістігі де бола бермейді. Мұның сыртында табиғи-ырғақты даму мүмкіндігін жоғалтып, шикізат көзіне айналған отар ел көбінесе дамудың мешеу күйінде қалатындығына қоса қолда бар байланыс құралдарының қатаң бақылауда жұмыс істеуі себепті «ұзын-құлақтың» айтқанын ғана пайдалана алады екен.

Сонымен, ұлт-азаттық қозғалысы, ұлт-азаттық көтерілісі, ұлт-азаттық соғысы – осынау ұғым-түсініктер тілімізде, ділімізде, Отан тари-

хынан жазылған зерттеулерде берік орын тепкені ақиқат. Мұның себебі де түсінікті. Үш ғасырға жуық Ресей империясы мен кеңестік тоталитарлық жүйе қыспағында зорлықтан, күшпен модернизациялаудан мың өліп, мың тірілген халқымыз азат өмірге құштарлығын бір сөтке жоғалтпастан, үздіксіз күреспен, кейде бейбіт, кейде қарулы қарсылықпен 1991 жылдың 16 желтоқсанын – мемлекеттік тәуелсіздік күнін қарсы алуға асықты. Мамандардың есептеуінше, XVIII ғасырдағы Сырым Датұлы көтерілісінен XX ғасыр басындағы Амангелді Иманов бастаған қарулы күреске дейін 300-ден астам баскөтеру қазақ даласында дүркіреп өтсе, осыншама рет наразылық білдіру кеңестік жылдарда да орын алыпты. Басқаша айтсақ, 1731 жылы Ресей бодандығын мойындағаннан 260 жыл бойына, орта есеппен, қазақтар әр жылда 2–3 мәрте отарлық немесе тоталитарлық жүйеге қарсы шығып отырған. Әрине, бұлардың бәрін ұлт-азаттық қозғалысына, көтеріліске, соғысқа жатқызуға болмас. Діни сипатта, қысқа мерзімдік, ресми биліктің арандатуымен, тіпті қарақан басының қамын күйттеген себептерден бүрк еткен оқиғалардың да тізімге еніп кетуі мүмкін ғой. Сондықтан да ұлт-азаттық қозғалысы, ұлт-азаттық көтерілісі, ұлт-азаттық соғысы мәртебесіне лайық құбылыс қандай өлшемдерге, көрсеткіштерге сай болуы керектігін анықтап алудың теориялық, әдістемелік, танымдық маңызы зор.

Ұлт-азаттық қозғалысының үш мәнді белгісі бар: біріншісі – қозғалысқа жалпыұлттық идеяның тән болуы; екіншісі – қозғалыс алға қойған негізгі мақсаттың анық та ашық түрде мемлекеттік билік мәселесіне келіп тірелуі; үшіншісі – қозғалыстың басында ұлт зиялыларының саяси көрегендік, қолбасшылық кемелдік, дипломатиялық әбжілдік, харизмасы өткір қасиеттері бойында бар көрнекті өкілдерінің тұруы.

Қазақстанда орын алған ұлт-азаттық қозғалыстарының жалпыұлттық идеясы отарлық езгіден құтылуға, елдің елдігін, тұтастығын сақтауға сайды. Ел – байырғы түркі заманынан бері желісі үзілмей келе жатқан, қадірлеп, қастерлеп ұстауды талап ететін, қазақтың санасында берік орын тепкен құндылық. Ал елдің негізі – жер. Осы тұрғыдан келгенде, Е. Бекмахановтың: «Кенесары патша үкіметі, Қоқан мен Хиуа тартып алған қазақ жерлерін қайтару, Россияның қарамағында қазақ халқының біртұтас мемлекетін құру ұранымен күреске шықты... Өздерінің мақсаттары үшін, ең алдымен, тартып алынған жайлауларын, жайылымдарын қайтару үшін күрескен қалың бұқараның қатысуы көтерілістің кең өріс алуын қамтамасыз етті», – деген байламында терең әдістемелік түйін бар. Жерден айырылу елдің экономикалық негізін шайқалтуға әкеледі. Және, керісінше. Саяси дербестік халықты экономикалық кіріптарлықтан қорғауға, кемел экономикалық әлеует өз кезегінде саяси тәуелсіздіктің іргетасын бекемдеуге мүмкіндік туғызады.

Қозғалысқа тартылған әрбір әлеуметтік қауымдастық азаттықтың, тұтастықтың мәнін дөп басып танығанмен, берері мен болашағын өзінше болжады. Азаттықтан алар ханның сыбағасы би-батырдың сыбағасы-

нан, ал соңғыларынікі бай мен қараның сыбағасынан өзгеше боларын әркайсысы ұғынды. Әрине, Ресейдің боданлығына кірген күннен бүкіл қазақ даласы, барша қазақ баласы бір кісінің отбасындай тек азаттықты, тәуелсіз мемлекет шаңырағын көтеруді аңсады десек, тарихымызды тым әсірелеп жіберген болар едік. Патшалыққа жан-тәнімен қызмет еткен итбайлар, қоңыркүлжалар есімдері қағазға қатталып, ұрпақтан – ұрпаққа жетіп отыр. Бұлардың қатары тек аға сұлтан, сұлтан-правитель сияқты ресми лауазымды қызмет басындағылардан тұрды деген тұжырым да әдістемелік жансақтыққа апарады, тарихқа таптық көзқарасты қуаттайды. Отарлаудың соракылықтарын біле-көре тұра туған елінің өсіп-өнуін империя тағдырынан тыс көз алдына елестетпеген, Ресей құрамында қала беріп, өркениетке жетуді мүмкін санаған тұлғалардың, әлеуметтік қауымның әр кезеңдегі – XVIII, XIX ғасырлардағы, XX ғасыр басындағы дүниетанымы арнайы зерттеуді талап етеді. Өлке болашағын Ресеймен байланыстыра қарастырғандар маңызды мәселе ретінде бірде саяси тәуелсіздікті, ұлттық қауіпсіздікті, әлеуметтік-экономикалық дамудың, индустриялы жолға түсудің мүмкіндіктері мен нұсқаларын сөз қылса, екіншіде ағартушылыққа, оқу-білімге үлкен үмітпен қарады.

Патшалық билік тұсында мемлекеттілігінен айырылған Қазақстан бірнеше әкімшілік-аумақтық бағыныштылық пен талапайға ұшырады. Бұған ақпараттық тұтас кеңістігінен айырылу, демографиялық, діни жаңа үдерістер қосылған соң, жалпыұлттық идея өзінің міндеті мен көздегені жағынан әр аймақта әртүрлі болғанына әдістемелік мән берген абзал. Айталық, отарлық қанаудың күшеюімен Бөкей Ордасында 1836–1838 жылдары Исатай-Махамбет көтерілісі жүріп жатқанда, оңтүстік аймақта патшалықтың өктемдігі әлі орныға да қойған жоқ болатын. Мұнда дәурені өткен, ертең өзі де отарға айналатын ортаазиялық билеушілер Ұлы жүз қазақтарын зар илетіп, мықтымсынып жүрген еді. Осылайша, қазақ даласының әр аймағында қалыптасқан нақты-тарихи ахуалға қарай мұраты бір, міндеті әр алуан қазақ идеясы дүниеге келді. Тек XX ғасыр басында ғана, яғни отар өлкеге айналу аяқталғаннан жарты ғасырдай уақыт өткенде, бүкіл өлкенің азаттығын, қазақ мемлекетін құруды, оянуды ту еткен жалпықазақ идеясы Қазақстанның түкпір-түкпірін аралап кетті. Ал оның бастау бұлағында бұрындары, кеңес заманында айтқандай пролетарлық төңкерісті дайындаған большевиктер емес, аз таралыммен-ақ қазақтың тілі, құлағы, көзі бола алған – «Қазақ», «Айқап» сынды газет-журналдар, алаш автономиясы идеясын ұсынған А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов басқарған либералды-демократиялық зиялылар тұрды.

Енді ұлт-азаттық қозғалысының мемлекеттік билік мәселесімен байланысын талдайық. Шынтуайтына келгенде, мемлекеттік билік мәселесін күн тәртібіне қоймаған әлеуметтік сілкініс бар болғаны ашыну, бүлікшілік, қарсылық дәрежесінде қалады деп есептейміз. Әрісі түркілер, берісі қазақтар көшпелі өмір салтын кеше жүріп,

мемлекеттілік, мемлекеттік билік төрізді құндылықтардың парқы мен нарқын ежелден-ақ терең ұғынған. Әйтпесе, жер-суын, тауы мен даласын, қағандарын, хандарын, батыр-билерін, заңдарын дәріптеген, мадақтаған, ұлықтаған жыр-аңыздарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізбес еді, мәңгі тасқа қашап жазбас еді.

Патшалық орнатқан озбыр өкімшілік билікті шектеу немесе оның дала демократиясына жақын түрін өмірге енгізу үшін арпалыс Сырым, Исатай – Махамбет, Кенесары, Амангелді бастаған қозғалыстардың бәрін көктей шолып жатыр. Айталық, С.Датұлы объективті қажеттіліктен дүниеге келген хандық билікті құлату үшін қол жиған жоқ, отарлаушылардың сойылын соғып, ақсүйектік, ұлтжандылық тарихи-табиғи болмысынан ажыраған Нұралы ханды нысанаға алып, биліктен тайдырды. Орта жүз бен Кіші жүздегі хандық билікті жойған патшалық іле-шала Жәңгірге хан атағын бергенде дәстүрлі қоғамның тарихи ерекшелігін сыйлағаны емес еді. Айтқанын екі етпейтін ханның қолымен өз көздегенін жүзеге асырғысы келді. Махамбеттің өлеңдерінде ұлтазаттық қозғалысы отарлаушыларға, ат төбеліндей әрі сатқындық позициядағы жергілікті билеушілерге бағышталғаны, осыларға қызмет ететін мемлекеттік органды күйретпей тұра алмайтыны бүкпесіз айтылған.

Мемлекеттік билікті қолға алмай ұлт-азаттық қозғалысының дәттеген мақсатына жетпейтінін идеологиялық, шығармашылық тұрғыдан бекемдеген Махамбет тұжырымы Кенесары мен Амангелді бас болған өлеуметтік сілкіністерде нақты шешімін тапты.

Әдетте, ұлттық идея мен мемлекеттік билік талабына жауап берген ұлт-азаттық қозғалысының тізгінін Абай айтқан елбасы, топбасы мәртебесі бар тұлғалар ұстады. Тап осындай мәнді белгілерге ие ұлтазаттық қозғалысы Отан тарихында терең із қалдырғаны және рас. Большевиктер үстем тап өкілдері деп жақтырмайтын ақсүйектердің, батырлардың, хандардың қозғалыс жетекшісі ролін атқаруы қазақ қоғамындағы таптық қанау мен жіктелістің Ресейдегіден, Еуропадағыдан мүлде өзгешелігін айғақтайды.

Үлкенді-кішілі ұлт-азаттық қозғалыстарының барысында жұрт мойындаған басшыны хан сайлау дәстүрінің табиғатына тереңірек үңілуіміз керек. Бұл әлемдік тарихи үдерісте ежелден желісі үзілмей келе жатқан құбылыс екенін ескерсек, Отан тарихының жалпыадамзаттық заңдылықтар аясында өрбігенін әдістемелік тұрғыдан бекемдей аламыз. Айталық, жаңаша жыл санауымызға дейінгі Спартак та, XVIII ғасырдағы Е. Пугачев та өздерін патшамын деп жариялаған болатын. Біздің ойымызша, ұлт-азаттық қозғалысына қатысушылардың хан сайлап алуы отарлаушы жартыпатша жандаралдан қайырымдырақ билеушіні табу ниетін емес, қоғамдық санада ұлттық мемлекет құндылықтарының айрықша қастерленіп отырғанын, қазақ хандығын қайта тұлетуді азаттыққа қол жеткізудің басты шарты ретінде қабылдағанын көрсетеді.

XX ғасыр басында ұлт-азаттық қозғалысқа А. Имановтай, Б. Әшекеевтей тікелей басшы болмаса да, рухани дем берушісі, идеологиялық ұйымдастырушысы биігіне көсіби білімі бар оқыған азаматтар көтерілді. Бұлар жеке басының мүддесін – байлық жинау, қызмет-лауазым қуу, жеңілдің асты, ауырдың үстімен күн көруді – бәрін төрк етіп, ұлттық идеяға тағдырын байлаған құрбаншылдар еді. Оқығандар араласқан соң Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысы жайлы шындық әлемдік ақпараттық кеңістікке нысаналы түрде таратылатын болды. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарғандай ішкі бірлігі жетпей жатса да, ұлт зиялыларының бүкілресейлік саяси күрес аренасына шығуы, саяси күрес арқылы мақсатқа жетуді көздеуі ұлт-азаттық қозғалысының пәрменділігін арттырды.

XVIII ғасырдың аяғынан XX ғасырдың басына дейін Отан тарихында күнделей күркіреп өткен ұлт-азаттық қозғалыстарының бәрі жеңіліспен аяқталды. Оның басты себептері – қарсы тұрған күштердің ара салмағындағы теңсіздік, қазақтардағы әскери-техникалық қауқарсыздық, халықаралық қолдаудың болмауы, тағы басқалар бай құжаттық-ақпараттық негізде жазылған зерттеулерде талданған. Дегенмен, өзінің толымды да әділ әдістемелік бағасын ала алмай келе жатқан іргелі мәселені аттап өтуге және болмайды. Ол – капиталистік қатынастар қазақ даласына келген тұста орын алған айтулы сілкіністердегі ұлттық буржуазияның миссиясы мен арқалаған жүгі туралы. Сол бір ғасырлар межесінде нарық қатынастарына тартылған қазақ өкілдерінен ауыл шаруашылық, алыпсатарлық буржуазияның шыға бастағаны ақиқат. Алайда, олардың капиталының көлемі, өлкенің экономикалық өміріндегі үлесі, орыс және шетел капиталымен кірігуі және бәсекесі, ұлт буржуазиясының сандық-сапалық құрамы, этностың ілгерілеуі мен іркілісіндегі позициясы, мәдени-имандық жасампаздық әлеуеті әзірге ғылыми зерделеуге түсе қойған жоқ.

Отарлық Қазақстанда жүздеген ұлт-азаттық көтерілістері өткенмен олардың ең ірілеріне Сырым Датұлы басқарған 1783–1797 жылдарғы, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы басқарған 1836–1838 жылдарғы, Кенесары басқарған 1837–1847 жылдарғы, Амангелді Иманов, Бекболат Әшекеев, тағы басқалар басқарған – 1916 жылғы халық көтерілістері жатады.

Сырым Датұлы көтерілісі бірнеше күрделі сатыларды бастан өткеріп, көшпелілер жерін одан әрі алаңсыз басып алудың ұлғая түсуін шын мәнісінде біраз уақытқа тежеді. Бірақ, генерал-губернатор О.А. Игельстромның әкімшілік саясатының түпкі сырын толық түсінбеген Сырым Кіші жүздің заңды билеушісін күштеп ауыстыруға қол жеткізіп, оның саяси құғынға айналуына себепші болды.

Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы көтерілісі үш кезеңнен тұрады:

1833–1836 жылдар – көтерілістің тууына себеп болған жағдайлардың қалыптасуы. 1837 жылдың басы мен соңы – көтерілістің дамуы,

хан жасағымен, орыс әскерімен қақтығысуы кезеңдері. 1837 жылғы желтоқсан айы мен 1838 жылдың шілде айы – көтерілісшілер күшінің әлсіреуі мен жеңіліске ұшырау кезеңі.

Кенесары Қасымұлы есімі тарихта атасы Абылай ханның ісін жалғастырушы ретінде қалған. Көтеріліске шыққан сұлтанның басты мақсаты айырылып қалған Қазақ жерлерін қайтару, сонымен қатар әкесі мен атасынан мұраға қалған – Қазақ хандығын іс жүзінде және заңды түрде қалпына келтіру болды.

Ол халық қозғалысынан тыс қалған жекелеген сұлтандарды, билерді, старшиналарды аяусыз басып, Ресейге бүйрегі бұратындарды қанша қатал жазалағанына қарамай, түптеп келгенде даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу жағын қолдады. Әскери тұтқындарға, соның ішінде орыстарға да кешіріммен қарады, Ресейдің ресми өкілдерін жылы қабылдап және күнделікті мінез-құлқында да оғаштық көрсеткен жоқ. Тек қырғыздарға қарсы соғыста ерекше қаталдыққа барды.

Патша үкіметіне қарсы тұрған он жыл ішінде Кенесары империямен арадағы қайшылықтарды бейбіт жолмен шешу үшін бірнеше әрекет жасады. Орынбор әкімшілігінің өкілдеріне (сенімді адамдар арқылы) тұрақты түрде хат жазып, өзінің бейбіт пиғылына олардың көзін жеткізуге күш салды.

Бүлікшіл ханның 10 жылға созылған көтерілісін әр кезеңдерде Орта жүздің қыпшақ, арғын, керей, бағаналы найман рулары, Кіші жүздің төртқара, шекті, жаппас, тама, табын, жағалбайлы рулары, Үлы жүздің дулат, жалайыр және басқа да рулары қолдады. Көтеріліске қатысқандар арасында Көкшетау өлкесінің сұлтандары Шеген, Қанқожа Уәлиұлы, Тани Тортайұлы, Ақмола өлкесінен – Күшік, Жадай, Жанай Айшуақұлы болды. Кенже інісі Наурызбай (1823–1847) мен қарындасы Бопай ханның сенімді серіктеріне айналып, ірі әскери құрамаларды басқарды. Көтеріліске барлығы 80-нен астам сұлтан, би мен старшина қатысты.

Кенесарының жекелеген жасақтары басшыларының арасынан үш жүздің Ағыбай, Иман (Амангелді Имановтың атасы), Бұқарбай, Бұғыбай, Аңғал, Жеке, Байсейіт, Сұраншы сияқты көптеген атақты халық батырларын көреміз.

1847 жылы Кенесары қырғыз жеріне жетіп, қырғыздардың бір кезде Абылайды мойындағаны сияқты өзін хан деп тануын талап етті. Бұл Кенесарының соңғы жорығы болды. Оның саясатын қолдамаған Рүстем сұлтан мен Сыпатай бек аса қиын жағдайда әскерімен жасырын шегініп кетті. Қырғыздар Кенесарының шағын жасағын Майтөбе деген жерде қоршап алып, соңғы шайқаста Кенесары, Наурызбай және оның сенімді серіктері қаза тапты. Кенесарының жеке басы мен Алатауда болған 1847 жылғы сәуірдегі қайғылы қазасы, шебер дипломат, ержүрек батыр, мемлекет қайраткері ретіндегі теңдесі жоқ тұлғасы қылышынан қан тамған әміршіл-әкімшіл жүйе жағдайында ұзақ жылдар атаусыз қалдырылғанына қарамастан, халық санасында берік сақталды.

Оның ор тұлғасы өткен замандардағы ұлы қайраткерлер санатынан лайықты орнын алды.

XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысы. «Алаш» партиясының бағдарламасы. 1916 жылы 25 маусымда II Николай патша Орта Азия, Қазақстан және басқа да бірқатар облыстардың байырғы тұрғындарын «соғыс жүріп жатқан аудандардағы қорғаныс құрылыстары мен әскери байланыс жолдарының жұмыстары үшін» жаппай шақыру туралы жарлыққа қол қойды. Отарлық езгіден ашынған халық әскерге адам бермеуге бел буды. Тамыз айында Верный оязының көтерілісшілері Қастек тау мен Кеген алқабында топтасып, Наманған және Әулиеата оязының Талас өзенінің жоғарғы сағасындағы көтерілісшілермен тығыз байланыс орнатты. Фольбаум олардың арасында ұйымшылдықтың барлық белгілері сақталғанын мойындайды: тулары, тауда қару-жарақ соғатын және оқ-дәрі өзірлейтін ұстаханасы болған.

6 қарашадан 7 қарашаға қараған түні А. Иманов бастаған көтерілісшілер Торғайға шабуылын бастады. Жалпы саны 15 000-дай атты сарбаз қалаға төрт бағыттан лап қойды. Шабуыл күндізгі сағат үшке дейін созылды. Иманов өзі тікелей бастаған жасақ қаланың үкімет мекемелері орналасқан оңтүстік жағын шабуылдады. Таң ата Амангелді жасағы қалаға кіріп, бірнеше сағат бойы үстап тұрды. Қала үйлерін жан-жақтан бекініс еткен әкімшілік әскерлері зеңбіректен, пулеметтен оқ жаудырып, шабуылдың бетін қайтарды.

Сөйтіп, кең байтақ даланың түкпір-түкпіріне тарап кеткендерімен көтерілісші қазақтардың жазалаушыларға бас имеген жасақтары отаршыл әкімшіліктен Қазан төңкерісіне дейін бой тасалауға тиісті болды. Көтеріліс көсемі Амангелді Иманов Азамат соғысы кезінде өзіне сенімді сарбаздарымен Қызыл Армия қатарына қосылды.

Жетісу мен Торғай қазақтарының 1916 жылғы көтерілісінде Алашорда басшылары Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, М. Тынышбаев және басқаларының ролі ақырына дейін анықталған жоқ. ІІХК оларды 1936–1937 жылдары жазаға тартты. Большевиктер оларға көтерілісшілерді қолдамай, керісінше қарсы шықты және А. Имановтың қазасына кінәлі деген айып тақты.

Ұлт-азаттық қозғалысының асқар шегі – XX ғасыр басындағы Алаш зиялыларының қызметі.

Негізгі бұқарасы қараңғы, сауатсыз қазақ тұрғындарын патша өкіметінің өктемдігі мен қанауынан қорғау идеясы бірте-бірте көбіне Ресей мен Еуропа оқу орындарында (Мәскеу, Петербург, Томск, Омбы, Варшава) оқитын немесе соларды бітірген жастар арасына тарай бастады. Қозғалыс атауы, есімі аңызға айналған қазақ ханы Алаша ханға байланысты аталды. «Қазақ» атауына балама саналатын «Алаш» ұлттық мақсат-мүдделерді қорғау жүйесінің негізгі құралы болып табылатын тәуелсіз қазақ мемлекеті туралы ел арманын танытады.

1910–1913 жылдары Мұхамеджан Сералиннің, Ахмет Байтұрсыновтың, Әлихан Бөкейхановтың (Ресей кадет партиясының мүшесі),

Е. Бөриннің бастамасымен қазақ газеттері мен журналдары «Айқап», «Қазақ», «Қазақстан» шығарылып, олардың беттерінде жергілікті тұрғындардың үкімет орындарының әлеуметтік, ұлттық және қаржылық саясатына (салық, сыбайластық, жерлерін тартып алу) наразылықтары жарияланып тұрды. Бұл газеттер балалықтардың жағымсыз қылықтары: жалқаулық, бейқамдық, сауатсыздық, орынсыз мақтаншақ мінездерін күлкіге айналдырып, қатты сынады.

Көшпенділерді қорғау және әділеттілік, қазақ қоғамын жетілдіріп, қайта жаңғырту идеялары бұлардың қызметінің өзекті саласына айналды. Білімдар да парасатты, I Мемлекеттік Думаның мүшесі Әлихан Бөкейханов суырылып алға шықты. Алашорда көсемдері патшаның тақтан бас тартуы мен ақпан буржуазиялық-демократиялық төңкерісін қуана қарсы алды, олар А.Ф. Керенский бастаған орыс либералдарының өкімет басына келуіне орай өздерінің отарлық қанаудан құтылу сәті туды деп үміттенген еді. Осыны дәлелдегендей Бөкейханов 1917 жылы наурызда Торғай облысы бойынша уақытша үкімет комиссары болып тағайындалды. 1917 жылғы 19–22 сәуірде цирк ғимаратында өткізілген Орал облыстық съезінің алғашқы мәжілісінде Халел Досмұхамедовты (оның өзінің қатыспағанына қарамастан, бірауыздан төраға етіп сайлады. Бұл жиналыс өзінше күш сынау саналып, жалпы ұлттық конгресс өткізудің аралық сатысы болды.

Майданның қара жұмысына алынған далалықтарға көмек көрсету мақсатымен Бөкейханов бастаған бір топ зиялы Батыс майданға, Минск маңына барды. Олар соғыс қимылдары өтіп жатқан жерлерге дейін жетіп, фельдшер-дәрігер, мұғалім сияқты қажетті мамандар шақыруды ұйымдастырды. «Еркін дала» қоғамын құрды.

Қазақтардың жалпы ұлттық съезі 1917 жылы 26–28 шілде күндері Орынборда өтті. Съезде қазақтар қоныстанған облыстардағы мемлекеттік басқару, автономия түрі, жер мәселесі және Даладағы әйелдер теңдігі, земство, дін мәселелері, халық милициясын құру және Құрылтай жиналысына өзірлік мәселелері қаралды. Съездің он екінші тармағы қазақ саяси партиясын құрудың жайы болды. Бұл мәселе жөнінде делегаттар партия бағдарламасының өзекті мәселелерін белгілеп, оны Құрылтай жиналысында бекітуге келісті.

Осынау тарихи кезеңде бүкіл Орталық Азияда алға қойған мақсаттары жөнінен, саяси мәні мен қамтыған мәселелер ауқымының кеңдігі жөнінен «Алаш» партиясымен иық тіресіріп қатар тұра алатын бірде-бір қозғалыс болған жоқ. Партияның 1917 жылғы 21 қарашада жарияланған бағдарламасы жобасының бірінші тарауында: «Ресей демократиялық федеративтік республика болуы керек. Федерация құрамындағы әрбір федеративтік республикаға автономия беріліп, өзін-өзі басқарсын. Үкіметті Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума сайлаған президент белгілі жылдар бойынша басқарады. Президент Министрлер Кеңесі арқылы әрекет етеді, Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума алдында жауап береді. Заң шығару билігі үкімет қызметін бақы-

лау құқығы бар Мемлекеттік Думаның ғана қол астына топтастырылады. Шыққан тегіне, яғни нанымы мен жынысына қарамай дауыс беруге барлық адамдар құқылы. Депутаттарды сайлау тез және күпия дауыс беру жолымен жүргізіледі» деп көрсетілді:

1. «қырғыз-қайсақтар» автономиясы облыстардан құрастырылады және басқа халықтармен бірге Ресей Федерациясына кіреді;

2. «Ресей Федерациясында жеке адамның тең құқықтығы, дербестігі және сөз, баспасөз бен одақтар бостандығы сақталады»;

3. «дін мемлекеттен бөлінуге тиісті. Бәрі де еркін әрі тең болуы қажет»;

4. «барлық халықтар сот алдында тең құқықты және егер іс құрамында қырғыз тұрғындары басым мекендерде қаралса, онда қырғыз тілінде жүргізілуі керек»;

5. «салық дәулеті мен жалпы мүліктік жағдайына қарай салынады: бай – көбірек, кедей – азырақ төлейді»;

6. «жұмысшылар заңы жұмысшыларды қорғауы керек»;

7. «халық ағарту ісі жалпыға ортақ. Барлық оқу орындары тегін оқытылады. Бастауыш сыныптарда оқу ана тілінде жүргізілуі қажет. Қырғыз-қайсақтардың «университеттерге дейін» өз орта және жоғары оқу орындары болуы керек».

Соңғы тармақ басқа да көптеген халықтар сияқты қазақтардың да білім алуда қағаберіс қалған уақыт талаптарын тап басқан;

8. Бағдарламаны әзірлеушілер жер мәселесіндегі қауырт шиеленісті ескертіп, патша өкіметінің дискриминациялық шаралары салдарынан далада жаппай толқулар мен көтерілістердің туып отырғанына тоқталып: «Құрылтай жиналысында Жер туралы заңды дайындаған кезде жерді ең алдымен жергілікті тұрғындарға бөлу негізінде алыну қажет». Жергілікті халық жермен толық қамтамасыз етіліп болғанша жер бөлу тоқтатылуы керек.

«Жерді сатуға үзілді-кесілді тыйым салынады. Барлық жер байлықтары: көлемді орманлар, өзендер мемлекет қарамағына алынып, оларды земство басқарады» деп атап көрсетілді.

Қазақтардың жалпы ұлттық екінші съезі 1917 жылғы 5–13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында өтті. Съезд мәжілістерінде мынадай мәселелер қаралды: 1) Сібір, Түркістан және Оңтүстік Шығыс одағына автономия беруге көзқарас; 2) Қырғыз облыстарына автономия беру, ұлттық қор, халық соты, азық-түлік мәселесі және басқалар. Қазақ автономиясы мәселесі бойынша Ғаббасовтың баяндамасын талқылай келе және қазан айының соңында уақытша үкіметтің құлап, елге анархия қаупі төнгенін, бұл қатерден шығудың бірден-бір жолы қатал үкімет ұйымдастыру екендігін ескерген съезд бірауыздан мынадай қаулы қабылдады.

1. Негізінен тұрғындардың басым көпшілігі біртекті, мәдениеті мен тарихы біртұтас аумақты алып жатқан Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқанд облыс-

тарындағы Каспий сырты облысының Әмудария бөлімі ояздарында, Алтай губерниясының қырғыздың қар басқан облыстарында аумақтық-ұлттық автономия құрылсын;

2. Қырғыз-қайсақ автономиясына «Алаш» атауы берілсін;

3. «Алаш» автономиялық облыстарының аумағы барлық жер бетіндегі байлықтарымен, суларымен, олардың байлықтарымен, сондай-ақ жер асты қазбаларымен «Алаш» мүлкі болсын;

4. «Алаш» автономиясының конституциясын Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы бекітіледі;

5. Қырғыз-қайсақтар арасында тұратын барлық аз халықтардың құқықтары тексеріледі. «Алаш» автономиясына кірген ұлттардың бәрі бүкіл мекемелерде санына қарай орын алды.

Сондай-ақ, «Алаш» автономиясының шебінде жерсіз тұратындарға экстерриториялық және мәдени автономия берілді;

6. «Алаш» облыстарын қазіргі бүлікшіліктен, анархиядан қорғау мақсатымен уақытша халық кеңесі құрылса. Мұның аты «Алаш» болсын. Алашорданың құрамы 25 адам болсын, 10 орын қырғыз-қайсақтар арасындағы орыстар мен басқа халықтарға қалдырылды. Алашорданың уақытша тұратын орны – Семей қаласы. Алашорда бүгіннен бастап қырғыз-қайсақ халқының билігін өз қолына алды;

7. Алашорда халық милициясын құру жолындағы шараларды қызу қолға алуға міндеттенеді;

8. Алашорда таяу уақытта жалпы ресейлік Құрылтай жиналысының сайлауын өткізу туралы жүзеге асырылып отырған ережелер негізінде қалыптасқан ретпен «Алаш» автономиясының Құрылтай жиналысын шақыруға міндетті;

9. Съезд Алашордаға:

а) қарыздар алуға;

б) басқа автономиялық көршілермен бірлесіп келіссөздер жүргізуге уәкілдік берген. Бұл жағдайда келісім жасау құқығы: «Алаш» Құрылтай жиналысына жүктеледі;

10. «Алаш» халық кеңесі Құрылтай жиналысына «Алаш» автономиясының өздері әзірлеген конституциясын ұсынуға міндетті.

Қозғалыс көсемдері өз мақсаттарына жету жолында табандылықпен күрес жүргізе білді. Олар автономия құру ниеттерінен кері шегінген емес. Бірақ, бұл уақытта Қазақстанда бірнеше өкімет қатар өмір сүрді. Уақытша өкімет жұрнақтарымен қатар әр жерден кеңестер пайда бола бастады. Орынбор, Сібір, Жетісу қазақтары өздерінің әскерлендірілген, майданнан оралған солдаттар, шаруалар өздерінің басқару органдарын құрды. Патша жарлығына көзқарас, халық бостандығы жолындағы саяси күрес тактикасы мәселелеріне орай 1917 жылы қазақ интеллигенциясы бірнеше бағыт ұстап, топ-топ болып ыдырап кетті.

Жас автономия өте күрделі жағдайда қызмет атқарды, Соған қарамастан Далалық өлкенің көптеген жергілікті жерлерінде Алашорда өкіметінің органдары пайда бола бастады. Әсіресе, орталығы Алаш қала-

сы болып өзгертілген Жаңа Семей қаласындағы семейлік, орталығы Жымпиты ауылы болған батыстық және Торғай бөлімшелері белсенділік танытты. Алашорданың жергілікті органдары өздерін уалаят деп атады. Олардың жанынан соттар мен милиция органдары құрылды. 1918 жыл ішінде Алашорда үкіметі Әлихан Бөкейханов, Мұхамеджан Тынышбаев және Халел Ғаббасов қол қойған жер игеру негіздерін реттейтін бірнеше нұсқаулар жарияланды. Үкімет башқұрт автономияшыларымен, Сібір уақытша комитетімен хат алысып тұрды.

1918 жылдың көктемі мен жазында Алашорда қазақтармен және атаман Дутовтың отрядтарымен бірге большевиктерге қарсы қимылдарын бастады.

1919 жылдың жазы мен күзінде Алашорда ұйымының қызметі құлдырауға ұшырады. Кең-байтақ далада большевиктік күштердің қысымымен өз жақтастарынан айырылып қалған автономияшылар қозғалысы қызметін тоқтатуға мәжбүр болды. Алашорда қозғалысы Қазақстан тарихында маңызды рөл атқарды. Бұл – артық айтқандық емес. Тап осы қозғалыс көсемдері ғасыр басында тәуелсіз Қазақстан идеясын ұсынды.

СҰРАҚТАР:

1. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың ерекшеліктері қандай?
2. Кенесары хан басқарған ұлт-азаттық қозғалыстың себептері қандай?
3. XVIII ғасырдың аяғынан XX ғасырдың басына дейінгі Қазақстан аумағындағы ұлт-азаттық қозғалыстардың нәтижесі мен салдары қандай?
4. «Алаш» қозғалысының Қазақстан тарихында алатын орны қандай?

3.3. Кеңестік модернизация және тоталитарлық жүйе кәсіреті

Тоталитаризм жағдайындағы Қазақстанды модернизациялау. 1917 жылғы Қазан төңкерісі Ресей империясының астанасы – Петроградта мемлекеттік билікке большевиктер партиясының келуімен басталып, жаңа мазмұн мен тұрпаттағы әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани қатынастарды орнықтырудың алғашқы қадамына айналды. Орталықта және жер-жерлерде билік жұмысшы, солдат, шаруа өкілдері басқарған Кеңестерге өткендіктен ел де, өкімет те кеңестік деген атауға ие болды. Бұл билікті жүзеге асырған Ресей социал-демократтар партиясының солшыл тобы – большевиктер еді.

Қазақстан қалаларында, темір жол бойындағы елді мекендерде кеңес билігі тез орнықты. 1917 жылдың қазан-желтоқсан айларында Перовск (Қызыл орда), Әулиеата (Тараз), Шымкент, Петропавловск, Се-

мей, Қостанай, Ақмола қалаларында, Орлада, 1918 жылдың көктеміне дейін Ақтөбе, Атбасар, Павлодар, Алматы қалаларында ресми билік кеңестер қолына көшті. 1918 жылдың жазында Қазақстанның оңтүстік облыстары қараған Түркістан Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы жарияланып, ол РКФСР құрамына кіретін болғандықтан большевиктердің бұрынғы отар аймақтағы ықпалы айтарлықтай күшейді. Бірақ, кеңес билігі ауылдарға кешеуілдеп жетті және жергілікті халық бұл билікті бірден қабылдамады.

Социалистік идеяның қазақ даласында осыншалықты шапшаң тарауы мен пәрменді күшке айналуының әлденеше себебі бар еді. Бірінші кезекте большевиктер көсемі Ленин халықтың санасы мен жүрегін мазалап жүрген көкейкесті мәселелерді шеше алды. Төңкерістің бірінші күнінде қабылданған Бітім, Жер туралы декреттер, «Ресей азаматтарына!», «Жұмысшыларға, солдаттар мен шаруаларға!» үндеулер барлық соғысушы елдерге демократиялық бітімді ұсынды, жерге помещиктік меншікті жойды, өндіріске жұмысшы бақылауын енгізуді. Іле-шала қабылдаған «Ресей халықтары құқықтарының Декларациясында» ұлт араздығы саясатына тыйым салынатыны, барлық халықтардың тең құқылығы, олардың өзін-өзі билеуге, дербес мемлекет құруға еріктілігі, ұлттық және ұлттық-діни артықшылықтар жойылатындығы, шағын ұлттар мен этнографиялық топтар еркін дамитыны жарияланды.

Большевиктік бастамалар қолдау да тауып жатты. 1918 жылы 28 ақпан – 1 наурыз аралығында өткен Ақмола уезі Кеңестерінің бірінші съезінде «барлық егіншілерге қолайлы егіндік, шабындық жер беруге, мұқтажына қарай халықты мал азығымен, тұқыммен..., сауынмен және құрал-саймanмен қамтамасыз етуге», «ірі капиталды және капиталистік мүлікті көмпескелеуге, оны кеңес өкіметінің қарауына тапсыруға», халықтың төңкерістік сотын ұйымдастыруға, 8 сағаттық жұмыс күнін енгізуге, «пролетарлық-шаруалық республика үкіметі шығарған заңдар мен декреттерді ешқандай кедергіге қарамастан дереу жүзеге асыруға» шешім қабылданды.

Қазақстанға социалистік идеяның орнығуы Қызыл әскер штыгымен де жүзеге асырылды. 1918 жылдың мамыр айында басталған кеңестік Ресейге қарсы шетел интервенциясы мен азамат соғысы Қазақстанды қамтымай қалмағаны белгілі. Большевиктермен соғысқан Колчак, Дутов, Толстов армияларына қарсы түрған Арал, Ақтөбе, Жетісу майдандарының Қызыл әскерлері Кеңес өкіметін қалпына келтіру барысында Қазақстанға социалистік идеяны да бекемдеді. Азамат соғысының аласапыранында өлке түрғындары ақтардан да, қызылдардан да зор жапа шекті. Дегенмен жеңіс большевиктер жағында қалғандықтан социалистік қоғамды құру жалғаса берді. Қазақ зиялы қауымы бұл саясатты сын көзбен қабылдап, сенімсіздік танытқан кез мол болды. Бірақ ұлт теңдігі, автономия алу, еркіндік идеялары халықты баурап алды.

Бұл бағыттағы іргелі өзгеріске 1920 жылғы 4 қазанда Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы мен 1921 жылдың

көктемінен жаңа экономикалық саясатқа көшуді жатқызған жөн. Қазақ АКСР-ін құруға даярлық 1919 жылғы 10 шілдеде В.И. Ленин қол қойған «Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі төңкерістік Комитет (Казревком)» туралы декретпен басталды. Казревкомның басқаруына Астрахань губерниясы аумағының қазақтар мекендеген бөлігі Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстары кірді. 1920 жылы 26 тамызда Бүкілодақтық Атқару Комитеті мен РКСФР Халық комиссарлар Кеңесі Декретімен астанасы Орынбор қаласында орналасқан Қырғыз (қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы құрылатын болды. Құрылтай съезі 1920 жылғы 4–12 қазан аралығында Орынбор қаласында өтті. 4 қазан күні қазақ кеңестік ұлттық мемлекеті дүниеге келді. Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы болып Сейтқали Меңдешев сайланды, Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағалығына В.Радус – Зенькович тағайындалды.

Ал жаңа экономикалық саясаттың мәні Азамат соғысы жылдарында қолданылған ерекше іс-шаралардан – өндіріс пен бөлуді орталықтандырудан, мемлекеттің қолына азық-түліктің, шикізаттың ресурстарын шоғырландырудан бас тарту еді. «Әскери коммунизм» саясаты атанған сол іс-шаралар аясында ақшалай жалақының орнына коммуналдық қызмет, көлік, т.б. үшін карточкалық «паек» берілетін, ірі кәсіпорындармен қатар орта, тіпті ұсақ кәсіпорындар да национализацияланған еді, астық монополиясы мен азық-түлік салғырты, жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігі енгізілген болатын. 1921 жылғы наурызда РКП(б) X съезі мақұлдаған жаңа экономикалық саясат бойынша заттай салықтың орташа мөлшері азық-түлік салғыртты мөлшерінен 30–50%-ға төмендетіліп, егілген егін көлемі мен топырақтың құнарлығы да есепке алынды. Салық заттай түрінде салынып, оның мөлшері ертерек, алдын ала, егін себу жұмыстары басталғанға дейін хабарланды, жиналатын бүкіл өнімнің 5%-ын ғана құрады. Егін шаруашылықтарынан тыс мал шаруашылығына да заттай салық салынды. Бастапқыда 13 салық енгізілгенімен, кейінірек олар бірыңғай ауыл шаруашылық салығымен алмастырылды. Осылайша, нарықтық қатынастарға мүмкіндік молайды.

Бірақ 1921 жылғы аштық жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыруға көп кедергі келтірді. Осы жылы Қазақстанның басым бөлігінде қуаншылық орын алып, жұт жайлаған еді. Жұттан малдың 80%-ы қырылып қалды. Елде ашаршылыққа ұшыраған адамдар саны 2 млн 300 мыңнан асып түсті. Қазақстанды аштық қысып жатқанына қарамастан Орталық үкімет азық-түлік отрядтарын шығарып, халықтың қолындағы ауыл шаруашылық өнімдерін – етті, майды, астықты зорлықпен тартып алып, Мәскеу, Петроград, Самара, Қазан қалаларына жіберіп жатты.

Жаңа экономикалық саясат өзін ақтап шықты. Жер-су реформасы жүзеге асып, қазақ әскерлеріне берілген, 1916 жылғы көтерілісте көмпескеленген жерлер қазақтарға қайтарылды. Мал басы көбейіп, жер шаруашылығының өнімділігі артайын деді. Сауда айналымының өскендігі байқалды, жыл сайын 128 жәрмеңке жұмыс істейтін болды.

Ертіс, Орал, Сырдария өзендерімен кемелер жүзуі қалпына келді. 1927 жылы мүйізді ірі қара басы 1922 жылмен салыстырғанда 253%-ға, қойешкі – 286%-ға, жылқы – 220%-ға, түйе – 215%-ға өсіп, төрт түліктің жалпы саны 30,5 млн бастан асып түсті. Баяу да болса, өнеркәсіп саласы нығайды. Алдымен ауыл шаруашылығы шикізатын өңдейтін кәсіпорындар қатарға қосылды. Ауыр өнеркәсіп саласы бойынша мұнай өндіру мен алтын шығару тез көтерілді. 20-жылдардың екінші жартысынан аса бере мұнай өндіру 1913 жылғы көрсеткіштен екі есе асып түсті. Петропавл–Көкшетау, Бурное–Әулиеата темір жолдарын пайдалануға берумен Қазақстан аумағындағы темір жолдар ұзындығы 1913 жылғы 2081 шақырымнан 1928 жылы 3480 шақырымға ұзартылды.

Жұмысшы табының саны артуға бет бұрды. 1927 жылы олар 62,3 мың адамның басын құраса, әрбір бесіншісі қазақ ұлтының өкілі еді.

20-жылдардың айтулы оқиғасына Қазақстанның әкімшілік аумағын тиянақтауды жатқызуға болады. 1924 жылы Орта Азия республикаларын ұлттық-аумақтық межелеу жүргізіліп, Түркістан АКСР-іне қарап келген Сырдария және Жетісу облыстары Қазақстанға берілді. Орынбор губерниясы Қазақ АКСР құрамынан шығарылды. 1925 жылдан 1929 жылға дейін республика астанасы – Қызылорда қаласында орналасты.

Кеңес өкіметінің орнығуымен қоғамдық-саяси өмірде де келелі өзгерістер жүрді. Республикадағы жетекші әрі ұйымдастырушы саяси күш міндетін 1920 жылы құрылған Қазақстан коммунистік партиясы өз мойнына алды. 1921–1926 жылдар аралығында коммунистер қатары 23,2 мың адамнан 31,9 мың адамға ұлғайған екен.

Кеңестік Қазақстанда мемлекеттік идеология мен мәдениет құрылысына үлкен мән берілді. Сауатсыздықты жою, мектептер мен арнайы орта оқу орындарын ашу, газет-журнал шығару, кітап басуды ұйымдастыру халықтың санасына марксистік-лениндік идеологияны сіңірумен ұштастырыла қолға алынып, мәдениетке таптық, партиялық көзқарас ұлықталды. Социалистік құрылыстың идеясы мен практикасын қабылдамайтындарды қуғындау мемлекеттік саясаттың мәнді белгісіне айналды. 1925 жылы Қазақстан партия ұйымы басшылығына Ф.И. Голощекиннің келуімен Кеңестер одағы бойынша Сталиннің шектеусіз жеке билігін орнату үдерісін тереңдеткен қадам жасалды. Қуғын-сүргінге ең алдымен Алаш қозғалысының қайраткерлері ұшырады. 1927 жылы Ә. Бөкейханов Қазақстаннан аластатылып, Мәскеуде мырзақамақта отыруға мәжбүрленді.

20-жылдардың ортасынан халық шаруашылығын қалпына келтіру міндеті шешілген соң кеңестік тоталитарлық билік ел экономикасы мен мәдениетін жоспарлы негізге көшіруді қолға алды. 1928 жылы алғаш бірінші бесжылдық жоспар енді, 1933 жылы екінші бесжылдық жоспарды орындау басталды. Үшінші бесжылдық жоспар 1941 жылы Ұлы Отан соғысының басталуымен толық аяқталмастан үзілді.

Қазақстанда бірінші және екінші бесжылдықтың алға қойған басты міндеті халық шаруашылығын индустрияландыру мен ауыл шаруашы-

лығын ұжымдастыру еді. Түптеп келгенде, бұл екі міндет әлеуметтік-экономикалық ілгерілеу үшін қажетті алғышарттар екені күмән туғызбайды. Дамыған елдер индустриялы-урбанистік жолға түскенде кеңес елі аграрлық мемлекет мәртебесімен қала берудің арты жақсылыққа жеткізбейтіні және белгілі.

Индустриялизациялау нәтижесінде 1445 шақырымдық Түркістан – Сібір темір жолы пайдалануға берілді (1930 жыл), Балқаш мыс қорыту зауыты, Қарағанды көмір бассейні, Шымкент қорғасын зауыты, Семей ет-консерві комбинаты, Ақмола – Қарталы темір жол желісі (1940 жыл) республиканың экономикалық әлеуетін түбегейлі өзгертті. Инженер Қ. Сәтбаевтің табанды ғылыми-практикалық ізденісімен Жезқазған кен орнының үлкен болашағы ашылды. 1940 жылы Қазақстан халық шаруашылығы жиынтық өніміндегі өнеркәсіп өнімінің үлесі 63,7%-ға жетіп, аграрлық өлкенің индустриялық-аграрлық елге айналғаны дәйектелді (1913 жылы өлке шаруашылығындағы өнеркәсіп пен көліктің үлесі 10% ғана еді, есесіне мал шаруашылығының үлесі 60%, жер шаруашылығының үлесі 30% болатын).

Қарағанды, Балқаш, Ақтөбе, Риддер қалалары ірі өнеркәсіпті елді мекендерге айналды. Жұмысшылар мен қызметкерлер саны 1 млн адамға жуықтады.

Ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құру асығыс әрі күш қолданумен жүзеге асырылғандықтан халықты үлкен қасіретке ұшыратты. Шаруаға қарсы күш қолданудың алғашқы ірі науқаны 1928 жылы байлар мен жартылай феодалдардың малын, мүлік-мүккәмолін тәркілеумен, өздерін жер аударумен жүзеге асырылды. 1929 жылы ол барлық жеке шаруа қожалықтарын ұжымшарларға біріктіруге ұласты. Бұл үшін қажетті қаржылық, материалдық-техникалық ресурстар болмағанына, еріктілік ұстанымы бұзылғанына қарамастан Мәскеудің өктемдігін, жоспар қуушылығын басшылыққа алған Голощекиндік басшылық пен жергілікті шолақбелсенділер көшпелі қазақ ауылындағы жеке меншік малды аты бар да заты жоқ ұжымшарларға жинағанына қоса, сан түрлі салық салумен халықты азық-түліксіз қалдырды. Ұжымшарға алынған малдың қора-қопсысы, жем-шөбі даярланбаған еді. Күштеп отырықшыландырғандықтан көшуден қалған ұжымшар мүшелері тұратын үй де болмады. Мал жаппай қырылып, 1931–1932 жылдары Қазақстан ауыл-селосын аштық жайлады. Осының салдарынан 2 млн-дай қазақ, 250 мыңдай басқа ұлт өкілдері аштан өлді.

Атақты ағылшын-американдық ғалым Р. Конквест «Жатва скорби» атты өзінің кітабында ұжымдастыруды «қазақтарға шексіз қиянатпен жасалған адамзат трагедиясы» деп атады.

Зорлық пен әділетсіздікке шыдамаған шаруалар жер-жерлерде кеңес өкіметіне қарсы көтеріліске шықты, көрші елдер мен республикаларға (Қытай, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, т.б.) көшіп кетті.

Күшпен ұжымдастыру аграрлық экономиканы да тұралатып тастады. 1928–1932 жылдар аралығында ірі қара мал басы – 6,5 млн-нан 1,0

млн-ға, қой-ешкі – 18,6 млн-нан 1,4 млн-ға, жылқы – 3,6 млн-нан 0,4 млн-ға, түйе – 1,0 млн-нан 36 мың басқа дейін кеміді.

1933 жылдың басында Т.И. Голощекин қызметтен алынып, орнына білікті де байыпты басшы Л.И. Мирзоян келгеннен соң Қазақстандағы ахуал оңалайын деді. Дегенмен, бұрынғыдай күш қолдану болмаса да ұжымдастыру үлерісі жалғаса берді. 1940 жылы Қазақстандағы 6950 ұжымдар шаруалардың 99%-ын қамтып жатты. Оларға 331 МТС қызмет етті.

Соғысқа дейінгі бесжылдықтардың мәдени қорытындысы білім мен ғылым саласында, әдебиет пен өнерде, кітапхана мен клуб ісінде, бұқаралық ақпарат құралдарында анық көрінді. Сауатсыздықты жою сотімен аяқталды, баршаға бірдей бастауыш білім беру міндеті шешілді. Бұрын мүлде болмаған жоғары оқу орындары ашылып, ғылыми-зерттеу институттары құрылды. 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі қарт ақын Жамбыл Жабаевтың, ақын әрі жазушы Сәкен Сейфуллиннің, әнші Күләш Байсейітованың, композитор А. Жұбановтың, мәдениеттің тамаша ұйымдастырушысы Т. Жүргеновтың есімдері мен шығармаларын Одаққа әйгіледі. «Амангелді» көркем фильмінің 1938 жылы үлкен экранға шығуы – қазақ өнерінің жаңа саласы дүниеге келгенін паш етті.

1937–1938 жылдары кеңестік тоталитарлық жүйе аштықпен миллиондардың өмірін қиған қылмысынан кем түспейтін қанды қырғын ұйымдастырды. Коммунистер «халық жауларын» әшкерелей бастады. «Халық жауларының» тізіміне ең алдымен өз елі үшін аянбай тер төккен ойлы да білімді Алаш белсенділері енгізілді. Олардың арасында Ресей Мемлекеттік Думасының бұрынғы мүшесі Ә. Бөкейханов, тарихи еңбектерімен танымал инженер М. Тынышбаев, ақын-жазушылар М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов болды. Солардың барлығы кеңес өкіметіне қарсы күресті деген айып тағылып, сотталды. Ішкі істер халық комиссариаты үштігімен атылды. Тіпті Қазақстанда кеңес өкіметін орнату жолында күрескен Т. Рысқұлов, С. Сейфуллин сияқты көптеген коммунистер мен парасатты адамдар да тоталитаризм құрбаны болды. 1938 жылдың ақпан-наурыз айларының 15 күні ішінде ғана – 631 адам атылды. Осылайша, қазақ зиялыларының қаймағы жойылды. Елде түтқындарды қамауда ұстауға арналған лагерьлер жүйесі қалтап кетті. Соның ішінде саяси түтқындарға арналған – Карлаг, Степлаг, АЛЖИР лагерлері бар.

Саяси қуғын-сүргін Қазақстанның интеллектуалдық әлеуетін әлсіретіп қана қойған жоқ, адамдардың бойына үрей, қорқыныш, ертеңгі күнге сенбеу торізді жағымсыз қылықтарды да ұялатты.

1930 жылдардағы терең қайшылықтар КСРО-ның федеративті құрылымындағы өзгерістерден көрінді. 1936 жылы Қазақ автономиялық республикасы РСФСР құрамынан шығарылып, одақтас республикаға (Қазақ КСР-іне) айналады.

Сұрапыл соғыс жылдары. Қазақстанның Ұлы Жеңіске қосқан үлесі. Қазақстан тарихының елеулі белесін – Ұлы Отан соғысы жылдары құрайды (1941–1945).

Қазақстан Ұлы Отан соғысына КСРО-ның құрамлас бөлігі ретінде қатысты. Оның бұл кезеңде бірталай халқы, дамыған өндірістік қуаттары мен аса бай табиғи ресурстары бар еді. Соғыстың төрт жылы аралығында Қазақстан майданға бір миллион екі жүз мың адам, соның ішінде 5183 әйел мен қыз аттандырды. Жеті жүз мың адам еңбек армиясы мен арнаулы құрылыс бөлімдеріне шақырылды. Әскери оқу орындарына 42 мың қазақстандық жастар жіберілді. Республика аумағында жұмыс істейтін 27 әскери оқу орнын 16 мың офицер бітіріп шықты. Мұның сыртында майдандағы қауырт жағдайларға байланысты 10,5 мың курсант сержант шенімен, 10 мың адам қатардағы жауынгер ретінде алдыңғы шепке аттандырылды.

Ұлы Отан соғысының алғашқы күнінен, Батыс шекараларында жаумен айқасқандар арасында қазақстандықтар да болды. Шекарашылар К.Әбдірахманов пен В.Лобанов, атқыш К.Иманқұлов, пулеметші Е.Качанов, минометші В.Фурсов, артиллерияшы Ғ.Жұматов және басқа да Қазақстаннан әскер қатарына алынған жауынгерлер Брест қамалын қорғады. Соғыстың аса ауыр алғашқы күндері мен апталарында қазақстандықтар Лиепая, Перемышль қалаларында, Балтық теңізіндегі Саарема аралында дұшпанға табандылықпен қарсы тұрып, Минск, Одесса және Севастополь үшін болған қанды шайқастарға қатысты. Соғыстың басынан аяғына дейін қатысып, әскери бөлім ретінде өздерін сақтап қалған қазақстандық он тоғыз дивизияға құрметті атақ берілді. Олардың бесеуі бір ордендермен, төртеуі екі, екеуі үш орденмен марапатталды. Бес дивизия гвардиялық атақ алды, солардың ішінде Кеңес Одағының Батыры И.В. Панфилов атындағы әйгілі 8-гвардиялық дивизия бар.

Ұлы Отан соғысы жылдарында барлығы 11600 жауынгер мен офицерлерге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді, солардың 497-сі қазақстандықтар. Олардың ішінде 100 батыр – қазақтар. Ұлы Отан соғысының батыры атағы алғаш рет 1941 жылғы 22 шілдеде 19-танк дивизиясының командирі, генерал-майор К.А. Семенченкоға берілді. Соңғы Кеңес Одағының Батыры атағы 1991 жылы 11 желтоқсанда аты аңызға айналған ержүрек жауынгер Бауыржан Момышұлына берілді.

Қазақстандық төрт батыр, ұшқыштар Т. Бигелдинов, Л.И. Беда, И.Ф. Павлов пен С.Д. Луганский Кеңес Одағының Батыры Алтын жұлдызымен екі мәрте марапатталды.

Батырлар қатарында қазақтың қаһармен қыздары пулеметші Мәншүк Мәметова мен мерген Әлия Молдағұлова бар. Олар бүкіл қазақ әйелдерінің жарық жұлдыздарына айналды. Батыр қыздардың екеуі де жаумен айқаста қан майданда қаза тапты.

Фашистік баскесерлердің ордалы ұясы – Рейхстагқа шабуыл жасап, жеңіс туын тіккендер арасында болған қазақстандықтар Р.Қошқарбаев, капитан Б.В. Чупрета, кіші лейтенант К.А. Метов, минометші А. Бақтығереев, пулеметші П.Е. Вицько, байланысшы К.М. Волочаев орден, медальдармен марапатталды.

Гитлершіл басқыншылардың ту сыртында халық соғысы кең қанат жайып, кеңес өкіметі қалпына келтірілген партизандық өлкелер мен аймақтар пайда болды. Партизан құрамаларындағы бригадалар мен жасақтардың барлығы дерлік көп ұлтты болды. Мысалы, Украина партизан бірлестіктері мен жасақтары қатарында еліміздегі 60 ұлттың өкілдері соғысты. Толық емес деректерге қарағанда Украина халық кекшілдерінің арасында екі мыңнан астам қазақ жаумен айқасқан. Жүздеген қазақтар беларусь партизандарымен бірге күресті. Беларусьте қимыл көрсеткен 1108 партизан жасағының басым көпшілігі 199 бригаданың құрамына енді. Мұнда бір жарым мыңнан астам қазақстандықтар соғысты.

Жүздеген кеңес әскери тұтқындары, солардың арасында қазақстандықтар да лагерьлерден қашып шығып, Франция, Италия, Бельгия, Югославия, Грекия, Еуропаның басқа да елдері халықтарының азаттық күресіне белсене араласты. Тек үш ел – Франция, Италия, Белгиядағы қарсыласу қозғалысы күрескерлерінің қатарында 180 қазақстандық азамат жаумен шайқасты.

Соғыс жағдайына бейімделе қайта құру ісінде, әсіресе, экономика өрісі күрделі сала болды. Қысқа мерзім ішінде өнеркәсіпті қорғаныс өнімдерін шығаруға көшіру, көшіріліп әкелінген зауыттар мен фабрикаларды дереу іске қосу қажет болды.

Қорғаныс өнеркәсібінің кәсіпорындарын түсті металдармен жабдықтаудың негізгі ауыртпалығы соғыс қарсанында КСРО-дағы мыс қорының жартысынан астамы топтастырылған Балқаш пен Жезқазған зауыттарына жүктелді. 1941 жылдағы шілдеде Шығыс Қоңырат молибден кен орнының, Балқаш мыс қорыту зауытындағы мыс тазарту және ұсатып-үгіту цехтарының құрылыстары әскери маңызы бар екпінді құрылыс деп жарияланды. Құрылысшылар бүрын-соңды құлақ естімеген қысқа мерзімнің ішінде су корпусын – арнаулы молибден цехының құрылысын аяқтады.

Барланған марганец, темір, түсті металлар кен көздерінің негізінде 40 жоғары екпінді және бірінші және екінші кезектегі 100 ірі кәсіпорындардың құрылысы басталды. Солардың ішінен 1942 жылдың өзінде 7 кен байыту фабрикасы, 12 шахта, 2 көмір телімі, 2 мұнай кәсіпшілігі іске қосылды. Ақтөбе ферроқорытпа зауытының, Текелі және Өскемен қорғасын-мырыш комбинаттарының құрылысы желдей қарқынмен жүргізілді.

Қазақстанның ұжымшар еңбеккерлері аса ауыр жағдайда жұмыс істеді. Егістіктерде тер төгіп жүрген жарты миллионға жуық адам, майданға аттанғанына қарамастан қазақстандықтар мемлекетке 100 миллион пұттан астам астық тапсырды. Шығанақ Берсиевтің звеносы аса зор табысқа жетті. Олар 6 гектар жердің әр гектарынан 155,8 центнерден тары жинады. Қант қызылшасы мен темекі тапсыру жоспары асыра орындалды. Бұл салада «Қарасу» ұжымшарының звено жетекшісі Талқанбай Түменбаев айрықша жетістіктерге жетіп, қажырлы еңбегі үшін Ленин орденімен марапатталды.

Қазақстанда ауыл шаруашылығының дамуы соғыс жылдарында көп ретте зорлау-міндеттеу әдістерімен жүргізілді. Міндетті еңбеккүн мөлшері енгізілді. Ұжымшар мүшелерінің қолындағы малды міндетті түрде шартқа отырғызудың салдарынан малсыз үйлер көбейді. Еңбек күнге аванс беру іс жүзінде тоқтатылды. Мөлшерден тыс еңбекке ақы төленбеді. Барша адам, оның ішінде балалар мен әйелдер де жұмыс істеуге міндетті болды.

Еліміздің аса ірі ғылыми күштері соғыс жылдары біздің республикамызда топтастырылды. Бурабай шатқалындағы курортты орындарда академиктер В.М. Алексеев, А.Н. Бах, Л.С. Берг, С.Н. Бернштейн, В.И. Вернадский, Н.Ф. Гамалея, Н.Д. Зелинский, Л.И. Мендельштам, А.С. Орлов, т.б. көптеген ғалымдар ғылыми жұмыстармен айналысты. Республика астанасында 20-дан астам ғылыми-зерттеу институттары: КСРО ҒА-ның философия, география, физиология институттары, УКСР ҒА-ның физика-математика институты, КСРО-ның Архитектура академиясы орналастырылды. Ғалымдардың үлкен тобы көшіріп әкелінген жоғары оқу орындарында еңбек етті. КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімінде астрономиялық обсерватория, тіл, әдебиет және тарих, химия-металлургия, топырақтану және ботаника, зоология және өлкелік патология институттары ұйымдастырылды.

Мәскеулік ғалымдар А.М. Панкратова мен М.П. Вяткиннің және басқалардың қатысуымен 1949 жылы «История Казахской ССР» атты өзекті еңбектің 1-томы жарияланды. Кітапты жазуға қазақ ғалымдары — И. Омаров, М. Әбдіхалықов, Е. Бекмахановтар қатысты.

Білікті кадрларды дайындау ісінде көшіріліп әкелінген жоғары және оқу орындары айтарлықтай жұмыстар атқарды. Олардың арасында Мәскеу авиация институты, Мәскеу түсті металлдар мен алтын институты, біріккен Украин мемлекеттік университеті (Киев және Харьков университеттері), сондай-ақ соғыс жылдары ұйымдастырылған Алматы мемлекеттік педагогикалық шет тілдер институты, Шымкент технологиялар институты, Қазақ мемлекеттік консерваториясы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты, Физкультура институты бар.

Әдебиет пен өнер майданға шыққан халықтың идеялық қуатты қаруына айналды. Қазақстанның 90-ға тарта ақын-жазушысы қан майданда шайқасты. Республика Жазушылар одағы көшіп келген жазушылармен толықты (А. Толстой, С.В. Михалков, Ф. Панферов, О. Форш, С. Маршак, К. Паустовкий, М. Зощенко). Халық ақындарының айтысы қайта жаңғырды. «РОСТА-ның терезесі» Үгіт плакаттарын шығаруға С.Я. Маршак, С.В. Михалков белсене араласты. Қазақ әдебиеті С. Мәуленов, Ж. Молдағалиев, Б. Момышұлы, М. Ғабдуллин сияқты майдангер-жазушылармен толықты. Майдангер офицер Б. Бұлқышевтің публицистикалық жалынды мақалалары (қазақ, орыс тілдерінде) жау шебіне жасындай атылды.

Калинин, Солтүстік-Батыс, Сталинград, Оңтүстік-Батыс, Беларусь майдандарының, айрықша Қиыр Шығыс әскери округі мен Тынық мұхит

флотының әскери бөлімдерін Қазақстан өнер қызметкерлерінен ұйымдастырылған II концерттік бригада қамқорлыққа алды. 1942–1944 жылдары аралығында республикаға 22 майдан делегациясы келді. Осының барлығы майдан мен тылдың ынтымағын нығайтып, кеңес адамдарының жеңіске деген сенімін арттыра түсті. Әртүрлі ұлттың жауынгерлері Жамбылға майданнан хат жазып, өздерінің қуаныш-қайғысын, үміт-үрейлерін бөлісті. Оның өлеңдері күтпеген жерден дүшпан ордасына оқтандап кірген ержүрек шолғыншы сияқты оқырман жүрегін баурап қана қойған жоқ, сонымен қатар бүкіл Жер шары ақын шығармалары арқылы қазақ деген халықпен танысты. Өлең сөзді бәрінен де жоғары қоятын ғажайып ел бар екенін білді.

Соғыстың аты – соғыс. Ол орны толмас шығын әкелді. Соңғы мәліметтер бойынша Ұлы Отан соғысы жылдарында 27 миллионға жуық кеңес азаматтары опат болған еді.

Соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстан: табыстар мен қайшылықтар (1950–1980 жылдар). Ұлы Отан соғысынан кейінгі 40 жыл Қазақстан тарихында күрделі де қарама-қайшылыққа толы із қалдырды. Жаңа қалалар мен өнеркәсіп орындары бой көтерді. Тың мен тыңайған жерлерді игеру ауыл-селоның әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық артта қалуын жоюға септесті. 50-жылдардың екінші жартысында Сталинниің жеке басына табынуды әшкерелеу, 1937–1938 жылдары қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау, Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстанға депортацияланған Солтүстік Кавказ халықтарының өз Отанына қайтуы кеңестік тоталитарлық жүйенің іргесін шайқаса, 70-жылдары Кенестер Одағын шарпыған тоқырау үдерісі социалистік құрылыстың болашағы бұлыңғыр екенін көрсетті. Ол Қазақстанды да айналып өтпеді.

1959–1965 жылдар аралығында Қазақстан картасында 20 жаңа қала пайда болды. 700-ден астам ірі өндіріс орындары пайдалануға берілді, Соколов-Сарыбай кен-байыту, Өскемен титан-магний комбинаттары, Павлодар алюминий зауыты және Алматы мақта-мата комбинаты сияқты т.б. ірі кәсіпорындар іске кірісті. Қазақстанда титан, магний, синтетикалық каучук, полиэтилен, көтергіш крандар шығарылатын болды. Өскемен конденсатор және Кентау трансформатор зауыттары, Семей кабель зауыты сияқты кәсіпорындар іске қосылды.

Елді мекендер мен шопан тұрақтарының көпшілігі электрленді. 1976 жылы Петропавловск жылу электр орталығының іске қосылуына байланысты Солтүстік Қазақстан республикада алғашқылардың бірі болып толық электрлендірілген өлкеге айналды.

Экономиканың аграрлық секторына бірқатар жаңалықтар енгізілді. Ауыл шаруашылығына бөлінетін қаражат ұлғайды. Ауыл тұрмысының деңгейін көтеруге бағытталған республикалық көлемдегі арнаулы бағдарламалар қабылданды. Оларда ұжымшарлар мүшелерінің табыстарын өнеркәсіп жұмысшылары мен қызметкерлер табыстарына жақындату, бөлшек тауар айналымы мен халыққа қызмет көрсету қарқы-

ның неғұрлым көтеру есебінен ауылдың әлеуметтік жағынан қамтамасыз етуін жақсарту, ауылдарда қалаларға жақындатылған тұрмыс жағдайына қол жеткізу, ауылдық елді мекендерді абаттандыру, әлеуметтік-мәдени бағыттағы құрылыстарды – клубтарды, ауруханаларды, медициналық пункттерді т.б. салу көзделді.

Соған қарамастан, ауыл шаруашылық өндірісіндегі әміршіл-әкімшіл жүйе бұрынғы күйінде қалды. Және тұтас алғанда, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру көлемі жылдан-жылға кеми түсті. Ұжымшарлар мен кеңшарларда қоғамдық қорды – тұқым, жем, техника үрлау тоқтамады. Шаруалардың экономикалық мүдделерін шектеу, оларды еңбек нәтижелерінен бөліп тастау одан әрі жалғасты. Соның салдарынан ауылдық мекендерден қалаларға көшу кең етек жайды. Ауыл шаруашылық өнімдерін мемлекеттік сатып алу жоспарлары да аяққа оралғы болды. Іс жүзінде ол да барлық айла-амалдар жолымен қалайда орындайтын сол баяғы азық-түлік салғырты болатын. Осының барлығының салдарынан Қазақстандағы ұжымшарлар мен кеңшарлардың көпшілігін меншікті айналым құралдарын толық жоғалтуға әкеліп соқтырды да, өз өндірісін қарыздар есебінен жүргізуге мәжбүр етті.

1982 жылғы Азық-түлік бағдарламасы және басқа да ауыл шаруашылығының құлдырау деңгейін тоқтату жолындағы талпыныстардан оңша нәтиже шыға қойған жоқ. 80-жылдардың ортасына қарай елдің барлық жерлерінде дерлік азық-түлікпен қамтамасыз ету нормалауға түсірді. Сөйтіп басқарудың әміршіл-әкімшіл әдістерін сақтай отырып, экономикалық реформалар жүргізбек болған барлық әрекеттер нәтижесіз аяқталды. Реформалар сәтсіздігі Батыс Сібірдегі жаңа энергия көздерін игерумен, ал Қазақстанда Теңіз мұнай кен орнын іске қосумен толықтырылды. Кеңестік «Мұнай долларының» құйылуы реформаларды тоқтатудың теріс зардаптарының көріністерінің көлегейлей түруға мүмкіндік берді.

Қазақстан экономикасының салалары барған сайын шикізаттық бағытта дамыды. Әдетте, Қазақстанда шикізат қана өндірілді, ал соңғы өнім шығаратын кәсіпорындар елдің басқа республикаларында орналасты. Бұл кезеңде экономика онда әрі әскери бағытқа ынғайластырылды. Ауыр өнеркәсіптің көптеген кәсіпорындары халық шаруашылығының есебінен әскери өнімдер шығарумен айналысты. Бүкілодақтық ведомстволар ірі зауыттар мен фабрикалар салу барысында республика мүдделерін, жергілікті жастар арасынан кадрлар даярлау ісін қағаберіске қалдырды, әлеуметтік-тұрмыстық қажеттіліктерге болмашы қаржы бөлінді.

Дегенмен, жағымды өзгерістер де болды. Көптеген елді мекендерде коммуналдық жағынан жақсы жабдықталған сапалы үйлер салынды, асфальтталған жолдар төселді, жасыл желекті бақтар жұмыс істеді. 60-жылдардың ортасында республиканың Өскемен, Қарағанды, Теміртау, Екібастұз, Кентау сияқты ірі қалаларының жобасы салынды. Бұл қалалардағы тұрғын үйлер негізінен көп қабатты бағытта жобаланды. 60-жылдардың басынан Алматы қаласының құрылысы кең қанат жайды.

«Алатау (1960), «Целинный» (1964), оқушылар сарайы (1960), автовокзал (1967), екі залды «Арман» кинотеатры сияқты бірқатар қоғамдық ғимараттар салынды. 70-жылдары тұрғын үй құрылысы қаланың батыс жағы мен «Көктем», «Орбита», «Қазақфильм» аудандарына ойысты. Алматыда бой көтерген Республика сарайы (1970) мен «Достық» даңғылдарындағы «Қазақстан» қонақ үйі республика архитектурасының даму жолындағы белесті оқиға болды. Бұл қонақ үй ғимараты жер сілкінісі болып тұратын ауданда бой көтерді. КСРО-дағы алғашқы көпқабатты «25 қабат» құрылыс еді.

Білім мен ғылым, әдебиет пен өнер саласындағы ілгерілеудің көшбасында Қ. Сәтбаев, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Е. Бекмаханов, М. Айтхожин, Ш. Есенов, Д. Сокольский, Ә. Бектұров, У. Ахметсафин тәрізді тұлғалар тұрды. 1946 жылы шаңырақ көтерген Қазақстан Ғылым академиясы шығармашылық-теориялық ізденістердің ордасына айналды. Соғыстан кейінгі кезеңде Қазақ КСР ҒА-ның жүйесінде жұмыс істейтін немесе оның толық мүшесі, мүше-корреспонденті болып сайланған 7 ғалым Социалистік Еңбек Ері атағын иеленді, 18 ғалымға Лениндік сыйлықтың, 43 ғалымға КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері атағы берілді.

«Жамбыл», «Ботагөз», «Мәншүк туралы ән», «Қыз Жібек», «Атаманның ақыры», «Транссібір экспресі», т.б. фильмдер қазақ кино өнері мен қайраткерлерінің үздік жетістігі қатарына кірді. 70–80-жылдары 20-дан астам өнер саңлақтары «КСРО-ның халық әртісі», «КСРО-ның халық суретшісі», «Социалистік Еңбек Ері» атақ-дәрежелерімен марапатталды.

Кеңестік кезеңде білім, ғылым, мәдениет саласы қарама-қайшылыққа толы болды. Бұл қарама-қайшылық сипаты жетістіктерге де, дамуға да қатысты болды. Соғыстан кейінгі жылдары мамандар тапшылығы мәселесі қиынға түсті. 1947 жылы қараша айында өндіріс пен ауыл шаруашылығын жоғары сапалы білікті мамандармен қамтамасыз ету үшін оқу орындарын салуға қаражат бөлуді қарастырған «Қазақ КСР жоғары және орта білімді ары қарай дамытудың шаралары» атты қаулы қабылданды. Мектептегі білім беру ісіне қатты көңіл бөлінді, барлық жерде сегізжылдық, ал ірі қалаларда оныжылдық білімге көшу жүргізілді. Қабылданған шараларға қарамастан, мектепте оқытуға байланысты кадрлар мәселесі шешілмеді, оқулық, оқу бөлмелерінің жетіспеушілігі азаймады.

1940 жылдың аяғы мен 1950 жылдардың басында КСРО-да еркін ойлауды шектеу, жаппай бақылау, қатал цензура, идеологияның кері әсері мәдениеттің дамуына ықпал етпей қоймады. Осы кезде ұлтшылдық кінәсін арқалағандар қатарында Есмағамбет Ысмайылов, Мұхтар Әуезов, Қайым Мұхаметханов, Қажым Жұмалиев, Сәбит Мұқанов және басқалары болды.

Әлкей Марғұланның көзқарастары ғылыми дәйексіз деп жарияланды, Дулат Бабатайұлының және басқалардың еңбектеріне тыйым са-

лынды. 1940 жылдың аяғы, 1950 жылдардың басында космополитизм, буржуазиялық ұлтшылдық кінәсі тағылған көптеген ғалымдар зардап шекті, соның ішінде өлім жазасына бұйырылған, кейін 25 жыл айдауға кеткен ірі тарихшы Ермұқан Бекмаханов та бар. 1950 жылдары олардың көбін ақтады. Алайда бұл уақытта мәдениет пен өнер қайраткерлеріне тек «социалистік реализм» шеңберінде ғана жазу талабы қойылды.

1950–1980 жылдары Қазақстан ғылымының, әсіресе жаратылыстану саласы бойынша едәуір ілгері басуы байқалды. Ол жаңа пайдалы қазбалардың игерілуі мен ашылған жаңалықтарға байланысты болды. Ғылымның едәуір жоғарылауына өндірістің жылдам дамуы мен мақсатты қаржыландыру ықпал етті. Қазақстандық ғалымдардың арасында ғылымға қосқан үлесі үшін Лениндік сыйлыққа ұсынылғандары болды. Алайда тәуелсіз ойлауға шек қойған кеңестік идеология ғылымның дамуына кері әсерін тигізбей қоймады. Әсіресе, қоғамдық ғылымдар идеологиялық қысымды қатты сезінді.

1970–1980 жылдары партиялық бақылау күшейді. Аса қатты шектеулерге қарамастан Қазақстан ғалымдары мен жазушылары шынайы өмірден маңызды шығармалар жазды. Осы уақытқа Бибігүл Төлегенова, Ермек Серкебаев, Болат Аюханов, Шәкен Айманов, Мұқан Төлебаев, Құдыс Қожамияров, Шәмші Қалдаяқов, Нұрғиса Тілендиев, Евгений Сидоркин, Нұрмұхан Жантөрин, Асанәлі Әшімов және басқа да көптеген өнер қайраткерлерінің шығармашылығының жоғары деңгейге шарықтаған кезеңі болып табылады. Сөйтіп, партиялық өктемдікке, шектеуге қарамай, мәдениет пен білімде, ғылымда жағымды істер атқарылды.

Тұтастай алғанда, Қазақстан экономикасы мен мәдениеті 80-жылдар ортасына қарай серпінді даму сипатынан айырылды. Оның артқы Кеңестер одағының ыдырауына ұласты.

«Кеңестік» социализмнің мәні мен қайшылықтары. Кеңестік социализмнің 74 жылдық тарихын көктей шолғанда, оған тән қайшылықтар мен ерекшеліктерді айтпай кетуге болмайды.

Большевизм өзіндегі зор қиратушы күштің орнына (мемлекеттің ыдырауы, азаматтарды жаппай өлтіру, шіркеулерді, мешіттерді және синагогтарды жою), XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап мектептер салуға, университеттер ашуға, елдің барлық кеңістігінде жолдар мен суэлектрстанциялар салуға басшылық етті.

Кең тұрғыда пайдаланылған туысқандық, әлеуметтік әділеттілік ұрандары қарапайым адамдар жүрегіне кең жол тапты. Кеңестік өмір салтының артықшылығын жаппай насихаттау кеңес азаматтарының көңілін көтерді, оларды сенімді етті. Шалғайдағы жасөспірімдер мен қыздар КСРО-ның астанасы Мәскеуде, елдің ірі қалаларында білім алудың шын мүмкіншілігіне ие болды. Ал білімі барлар өздерінің жұмыссыз табынан шыққанын арнайы мәлімдеп, әлеуметтік сатымен жоғарыға қарай екпінді қозғалды. Алғашқы қолданылған «социализм» термині өзінің мазмұнына сай келмеді – бұл жай сөз ғана болды. КСРО-да XX ғасырдың 30-жылдары мемлекеттік капитализм құрылды, бар-

лығы: жер, жер қойнауы, оның байлығы, басқару және тіпті кеңес азаматының өмірі мен денсаулығы да төрешіл азғантай топтың қолында капитализацияланды. «Кеңестік» социализм қиялы жалған болды.

Кеңес және жеке билік тәртібін нығайтуға үлкен үлес қосқан Иосиф Виссарионович Сталиннің жеке басын дәріптеуде басты рөлді XX ғасырдың 30–40 жылдары өткен технологиялық төңкеріс атқарды. Радио, телеграф, пошта түрінде ақпараттық мүмкіншіліктің пайда болуы және кеңеюі қысқа уақыт ішінде КСРО-ның ұшы-қиыры жоқ кеңістігін партияның насихатымен қамтып алуға мүмкіндік берді. Мақсаттылық, арын, большевиктік, кейін 1918 жылдан Коммунистік партия мүшелерінің өздерінің күшіне сенімділігі, 1936 жылы – большевиктердің Бүкілодақтық Коммунистік партиясы, ал одан кейін Кеңес Одағы Коммунистік партиясы (КОКП) болып қайта құрылған большевиктер партиясы миллиондаған азаматтарды өзіне тартатын зор күшке айналды. Әсіресе, неміс – фашистерінің агрессиясын қайтару жылдары большевиктердің (коммунистердің) беделі өсті.

Осындай халықаралық күрделі жағдайда 1939 жылы 23 тамызда Сыртқы істер министрлері В.М. Молотов пен И. Риббентроп Мәскеуде КСРО мен Германия арасында өзара шабуыл жасамау туралы келісімге қол қойды. Бұл келісім 1938 жылғы Мюнхен келісімі сияқты Еуропадағы жағдайды қиындатты. Бұл келісімдерге қатысты бүгінгі түсінік саяси, біржақты қарастырылмауы керек. 1939 жылы Еуропа мемлекеттері Англия, Франция, КСРО, Польша – ұжымдық қауіпсіздікті емес, ең алдымен өздерінің жеке қауіпсіздіктерін ойлады. КСРО-ның Германиямен келісімге келуден бас тартуы мүмкін бе еді деген сұрақты зерттеу барысында әртүрлі позициядан талқылауға болады. Алайда шын мәнісіндегі қалыптасқан халықаралық жағдайда сталиндік басшылық 1939 жылдың тамыз айында Гитлермен жақындасуға барды. Жасырын кеңес-герман келісімінде Польша жері 1939 жылы Германия мен КСРО арасында бөлініп қойылған еді. Бұл құжат бойынша КСРО аясына батыс Беларуссия жері мен батыс Украина, ал Германияға тарихи Польша жері енді. 1939 жылы қыркүйектен кейін КСРО Германиямен тығыз сауда байланыстарын орнатып, шикізат тасып, бірлескен әскери оқулар жүргізді. Геосаяси жағдай – Поляк мемлекетін жойғаннан кейін Германия мен КСРО шекаралары жабылып, жағдай өзгерді. Германия мен КСРО арасындағы буфер жойылды.

Германияның Кенес Одағына шабуылы антифашистік күштердің барлығын біріктірді. Ұлыбританияның Премьер-министрі Уинстон Черчилль кеңес халқының әділетті соғысын жақтап, жалынды сөз сөйледі. АҚШ пен Ұлыбритания өкіметтері Кеңес Одағын жақтады. Кеңес Одағы, Ұлыбритания, АҚШ өткізген 1941 жылғы 29 қыркүйек – 1 қазан аралығындағы Мәскеу кеңесінен кейін антигитлерлік коалиция кең қанат жайды. Кеңесте КСРО американдық, ағылшындық әскери және өндірістік тасымалдар туралы мәселелер шешілді – міне, осылай ленд-лиз бағдарламасы іске қосылды. Бір ескеретін жағдай, АҚШ пен Ұлыбритания Еуропада екінші майданды тек 1944 жылы ашты.

Екінші дүние жүзілік соғыс жөнінде айтқанда, кеңестік насихат соғыстың шынайы себебін ғана емес, сондай-ақ бұл соғыста кеңес халқының қорқынышты жоғалтқанын да жасырды. Мысалы, коммунистік партия машинасы күйреген соң ғана Кеңес мемлекетінің көшбасшыларының гитлерлік Германияның шабуылы басталған сәттегі лайындықсыздығы және өрескел жауапсыздығы, әскери тұтқындардың ауыр тағдыры белгілі болды. Өз уақытында «Об обращении с военнопленными» (27.07.1929 г.) атты Женева конвенциясына қол қоймауы арқылы Кеңес Одағы өзінің миллиондаған азаматтарын азап көруге душар етті. Оған қоса, фашист лагерінен құтылып шыққандар және Францияның, Италияның, Югославияның Қарсыласу қозғалысына қатынасқандар тарихи Отанына қайту кезінде қайтадан ауыр жазалауға ұшырады.

Соғыс аяқталғаннан кейін Кеңес Одағының Коммунистік партиясы саяси басқарудың бұрынғы тәсілдеріне қайта көшті. Кеңестік мемлекеттер мен батыстың дамыған елдері арасында «темір күрсау» орнатылды. Кеңестік құрылысты мадақтау қайта орын ала бастады, басқаша ойлау құдаланды. Миллиондаған саяси тұтқындар лагерьлерде қалды. Олардың босатылуы тек 1953 жылдары басталды.

Германияны жеңгеннен кейін Кеңес билігі отандастарына қайтып келген жағдайда қолдау және көмек береміз деп уәде бергенімен, оның өтіріктігінен елге қайтып келгендер бәрібір түрмелерге қамалды. КСРО күйрегенге дейін олардың құқықтары шектеулі болды және арнайы мекеменің бақылауында болды. Мысалы, Батыс елдері тұтқында болған отандастарына өркениеттілікпен қарады. Қажетті тексеру тәртіптерінен кейін бұрынғы тұтқында болғандар қарапайым азамат қатарында болып, ал көпшілігіне арнайы марапат – «Тірі қалғаның үшін» медалі берілді.

Соғыстың төтенше жағдайында тоталитарлық жүйе өз халқына жүргізген репрессияларды тоқтатқан жоқ. 1941 жылы 28 тамызда КСРО Жоғары Кеңес Президиумы немістердің намысын таптап, ауыр зардаптарға әкелген «Поволжьядағы тұратын немістерді жер аудару» туралы Жарлық шығарды. Құжат сол кездегі жағдайды бұрмалап, «Германиядан түскен мәлімет бойынша, Поволжьяда тұратын немістердің ішінде мыңдаған сатқын, диверсант, тыңшылар бар» деген жаламен немістер тұратын Поволжьяда жарылыстар ұйымдастыруды талап етті. Жарлықты орындауға бар-жоғы 17 күн берілді, 1941 жылдың 3–20 қыркүйегіне дейін 1 млн 120 мың жер аударылғандардың 420 мыңы Қазақстанға келді.

1943–1944 жылдарда Солтүстік Кавказ халықтары да осындай күйге түсті. Қазақстанға 45,5 мың қарашайлықтар, 25 мың балкарлар, 400 мыңнан астам шешендер мен ингуштар күшпен жер аударылды. Күшпен жер аударылғандар қатарында қырым татарлары, қалмақтар, месхет түріктері бар. Жер аударылған халықтарды әскери тыл жағдайында орналастыру оңай болған жоқ. Оған жергілікті басшылық та дайын болмай шықты. Осындай жағдайда бұл іске жергілікті халық үлкен көмек көрсетті. Жер аударылған халыққа құқықтық шектеулер қатты болды. Өз еркімен кету не қашу үшін 20 жылға дейін бас бостандығынан айырылды.

Астана қаласынан алыс емес, Ақмол кентінде (бұрынғы Малиновка) АЛЖИР-дің – Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагерінің штабында, яғни осы жан түршігерлік лагерде отырған әйелдердің тек қана аты-жөнінің тізімі ғана километрге созылады. Әйел-ана үшін түрме қабырғасында бір-екі күн отырудың өзі неге тұрады, бұл жалпы адамға көрсетілген жиіркенішті озбырлық! Ал мұндай өлім лагерінде кінәсіз қажығандар миллиондап саналды! Никола Верт өзінің «Кеңес мемлекетінің тарихы» атты кітабында: «Қырық жылдық пікірталастан кейін 30-жылдардағы түткындар саны 9–10 миллионнан 35 миллионға дейін жеткендігі анықталды».

Большевизм еллегі барлық дінді жаппай қуғын-сүргінге ұшыратты. Оған қоса ленинизм ілімінің өзі фетишке айналды, ол әлемнің барлық дінін алмастырды. Және елдің барлық түкпірінде қиратылған шіркеулер мен мешіттердің орнына жаңбырдан кейінгі өсіп шыққан саңырауқұлақтай төңкеріс көсемдерінің және олардың серіктестерінің бір үлгідегі ескерткіштері пайда болды.

Большевизм көшбасшылары мемлекетті жою қажеттілігі жөнінде сөз сөйлеп, мемлекеттік институттарды, дәл кеңестік мемлекет түрін, яғни, – барлығына енетін, барлығын қамтитын көп аппаратты жүйені және аңду қызметін жоғары көтерді, дәріптеді. Ол енген жерінің бәрін-де – Қытайда, Кореяда, Кубада, Анголада және т.б. елдерде кеңестік социализм үлгісіндегі қатал өкімшіл-бюрократиялық мемлекет құрды.

Әлеуметтік өмір саласында да жағдай жақсы болған жоқ. Большевиктер қанауды жою қажеттілігін жариялай отырып, Маркстің қосымша құн жөніндегі тезисін негіз етіп алды. Шын мәнісінде «қанау» экономикалық категория емес, қанау – бұл адамгершілік ретіндегі іс-қимыл. Большевизм адамды адамның қанауын жоймақ түгілі, оған қоса, «кеңестік» социализм кезінде басты қанаушының рөлінде жұмысшылардың қолымен және кеңестік лагерьдің интеллектісімен жасалған бүкіл қосымша құнды, кірісті жеп қойған мемлекеттік аппараттың өзі болды. КСРО-ның бүкіл кеңістігінде әлеуметтік саясаттың, «коммунистік» теңестіруші социализмнің көне түрінің көрінісі ретінде бір үлгі бойынша салынған біркелкі қалалар, поселкалар мен ауылдар өсіп шықты. «Социалистік» мемлекеттің казармалық сипаты үйлердің сәулетіне әсер етті. Қатып қалушылық және кертартпалық «социалистік» бағыттағы елдердің айшықты белгісіне айналды.

Большевиктер 1917 жылы билікті тартып алғанымен, оларда қандайда болмасын жүйелі біртұтас теория болмады. В.И. Ленин социалистік өндірістің экономикалық теориясын құруға тырысып, өзінің «Кеңес билігінің кезекті міндеттері», «Аз да болсын, көп болсын», «Бізге Рабкринді қалай қайта құруымыз керек» деген еңбектерін жазды. Большевиктер басшысының осы және басқа да еңбектерінде экономикалық саясаттың жаңа теориясы түсіндірілді деп есептеледі. Шындығында, Владимир Ленин ерікті кәсіпкершілік, капитал мен тауардың еркін қозғалысынан басқа тиімді ештеңені ойлап шығара алмады.

Еркін нарықтық кәсіпкерліктің орнына тармақталған және сансыз көп кеңестік бюрократияға бағынған, бірбеткей дамыған орасан зор экономика өсті. Икемсіз басқару жүйесі КСРО экономикасын түпкілікті қабілетсіз етті. Елде күнделікті сұранысқа ие тауарлардың: тағам өнімдерінің, киімнің, дәрі-дәрмектің үздіксіз жетіспеушілігі болды. Ауыл шаруашылығы өте тиімсіз еді және елдің халқын асырай алмады.

Өмірде үздіксіз жүзеге асырылған таптық қарама-қарсылықтың «Қоршаған жау» ілімі экономикада соғысқұмарлықты күшейтуге алып келді. Ішкі жалпы өнімнің ең көбін қайтпайтын әскери қажеттілік жеп қойды. Мысалы, Кеңес Одағы өте үлкен көлемдегі байлық пен егістік жерлерге ие бола отырып, Канададан, АҚШ-тан, Аргентинадан жыл сайын астық сатып алуға мәжбүр болды. 1954–1956 жылдары Қазақстан және Сібірде тың және тыңайған жерлерді игеру де жағдайды жақсартып берген жоқ. Мәселен, КСРО әлемдік астық нарқындағы астықтың 15%-на дейін сатып алып отырды деген де деректер бар. КСРО 1982 жылы шет елден – 45 млн тонна; 1988 жылы – 25 млн тонна астықты сатып алуға мәжбүр болды. Ал жалпы 1980 жылдары Кеңес Одағы орта есеппен жыл сайын 30 млн астық сатып алған.

Халыққа тегін медициналық көмек пен жоғары білім беріліп отыр деп айтылды. «Тегін» деген сөз кеңестік насихатта белсенді қолданыста болды. Ал шын мәнінде «Тегін» көмек мемлекетте еңбекақыны толық төлемеу есебінен іске асырылып отырды.

Аластату мәселесі кеңестік кезеңнің ең маңызды мәселелерінің бірі еді. Кеңестік кезеңдегі билік адамдарды өнеркәсіптің негізгі қаражатынан, басшылықтан және мәдениеттің бастауларынан аластатуды ең жоғары дәрежеге дейін жеткізді. Күштеу арқылы жаппай жалпыхалықтық меншік деп аталатын кеңшар, ұжымшар, зауыттар және фабрикаларды құрды. Шын мәнінде ол меншіктер мемлекеттік аппарат өкілдеріне тиесілі болды, ал қарапайым халық өндірістік қаражаттан аластатылды. Қарапайым халық өзінің жасаған іс-қимылының нәтижесінің қызығын көре алмады. Тіпті еңбекақы төлеу, сыйақы беру кезіндегі орын алатын теңгермешілік көрсеткішті жоғарылататын ынтаның барлығына тойтарыс беріп отырды. Бірақ мемлекет және қоғамдық мекемелер азаматтарды еңбекке кейде мәжбүрлеп, ал кей кезде орденмен, медальдармен, түмен, баспасөз беттерінде мадақтаумен, шипажайларға жолдама беру сияқты моральдық жағынан ынталандыру арқылы жұмылдырып отырды.

Осы жасалған шаралардың барлығы сонда да тиімді нәтиже берген жоқ, өйткені кеңестік адамдардың өндіріс күші Батыс елдерінің жұмысшы күштерінің көрсеткіштерінен көп есе артта қалған болатын. Жоғарыда айтылып өткендей, КСРО өзінің өмір сүру уақытының барлық кезеңінде батыс елдерінен тек қана технологияны ғана емес, сонымен қатар киім-кешек, азық-түлік, тамақ тасымалдап отыруға мәжбүр болды.

Аластату, сондай-ақ басқару жүйесінде де орын алды. Жоғарғы өкілетті билік органдарына, сондай-ақ депутаттар арасынан Орталық комитетке сайланған адамдардың ішінде қарапайым жұмыспылар, комбайншылар,

сауыншылар, мұғалімдердің саны аз болмаса да, шын мәнінде олардың басқарудағы рөлдері жасанды сипатта болды. Аса маңызды шешімдердің барлығын партия қызметкерлерінің аздаған тобы ғана қабылдады. Аппаратқа барлық бұқаралық ақпарат құралдары толығымен бағынышты болды. Аппарат сонымен қатар сайлау кезінде өзіне қажетті заңдарды алмастыруды жаппай іске асырып отырды. Тіпті елдің тағдырына қатысты аса маңызды шешімдердің өзін санаулы ортаның мүшелері қабылдап отырды. Айталық, Кеңес әскерінің 1956 жылы Венгрияның, 1968 жылы Чехословакияның, 1979 жылы Ауғанстанның аумағына кіруін, тағы да сол сияқты жағдайларды қарапайым халық оқиға орын алып жатқаннан кейін ғана мерзімдік басылым беттерінен оқып, хабардар болып отырды. Мәселен, «Темір тор» Ұлыбританияның премьер-министрі лорд У.Черчилдің және басқа да елдердің бастамасымен емес, сталиндік басшылықпен пайда болып, XX ғасырдың 1990 жылдарына дейін өмір сүрді.

Ғаламдық өлшеммен алғанда кеңестік адам антигуманистік әрекеттерден, атап айтқанда, қуғындау, соғысқа шақырылу немесе басқа да ауыр іс-шаралардан қорғалған жоқ. Рухани-мәдени салада орын алған аластату аса қатты байқалған болатын. Тек Қазақстанның өзінде әліппе екі рет өзгертілді. 1928 жылы араб тілінен латын тіліне, ал 1940 жылы латын тілінен кириллицаға ауыстырылды.

Оқулықтарда, кинофильмдерде әр уақытта нағыз әділетті өмір 1917 жылғы «Ұлы төңкерістен» кейін басталды деп түсіндірілді. Сонымен бірге Москва мен Петроградтың төңкерістік және алдыңғы қатарлы отрядтары алыстағы Украина, Кавказ, Орталық Азия және Қазақстан сияқты елдерді жарқын болашаққа апарады деп сендірді. Тек идеологиялық тексеруден өткен фильмдер ғана марапатталып отырды. Атап айтқанда, шырмалған феодалдық дәстүрде өмір сүріп жатқан Шығысты жарқын болашаққа жеткізуге мәжбүр болған орыс солдаты туралы «Белое солнце пустыни» фильмін келтіруге болады. Осындай өтірік пен жалғанға негізделген фильмдер миллиондаған таралыммен шығарылды.

Большевизм ислам, христиан, иудаизм сияқты ежелгі діндерден бас тарта отырып, бірақ сол діндердің негізгі рәміздерін алып, діннің табынушылық рөлінің орнына өздерінің ілімдерін қойды. Олардың жариялаған қағидаларына қандай да болсын күмән келтірушілік, аздап болса да сын айтушылық қатаң жазаланып отырды. Коммунизм дүниеге деген тоталитарлық діни көзқарас түріне айналды. Коммунистік идеология шеңберіндегі тарихи шығармалардағы батырлар ретінде бүлікшілер мен отаршылар – Стенька Разин мен Ермактар атанды. Кеңестік насихаттық машина барлығына бас иіп, еліктейтін, өзіндік ерекшеліктері бар табынушыларды жасап шығаруда өте шебер болды. Қазіргі заман тарихы ақыл-ойды басу, жұмыстан қуу, масқаралау, психиатриялық емханаларға қамау, кез келген басқаша ойлауды соттық түзету әдісімен іске асыру сияқты мысалдарды әшкерелейді. Отандық зиялы қауым өкілдерін қуғын-сүргінге ұшырату сияқты жан түршігерлік оқиғалармен, Отанның шынайы тарихымен қоғамның танысуына 1985 жылғы

горбачевтық қайта құру бағыты мен жариялықтан кейін ғана мүмкіндік туды. Шындығында, 1960–1980 жылдары саяси көзқарасына қарай қудаланып, ату жазасына тартылу болмаса да, өз пікірінің тәуелсіздігін білдірген адам сотталып, жұмыстан айырылып, не психикалық аурудан «емделуге» жіберілетін. 1980 жылдары Одақта диссиденттік қозғалыс кең қарқын алды. Осы уақытта өз көзқарастары үшін Қазақстанда М. Құлмағамбетов сотталды. 1983 жылы ол басқа тұтқындармен бірге КСРО лагерлеріндегі тұтқындар еңбегін пайдалануға қатысты халықаралық тыңдауларға куә болды.

Н.С. Хрущевтың, Ю.В. Андроповтың КСРО-ның саяси және қоғамдық жүйесін реформалау жөніндегі жасаған қандай да болмасын қадамдары сәтсіз аяқталып отырды. Өйткені, олар В.И. Ленин мен И.В. Сталин салған негізді өзгерткісі келмеді.

Кеңес билігі басқаларды қатаң сынға ала отырып, өзі бірнеше рет адамдардың құқықтарын шектеп, күшпен жер аударуды жүргізді. Кавказдықтарды, қалмақтарды, украиндықтарды, немістерді, поляктарды, көрістерді туған жерінен күштеп жер аударды. Бұл жағдай халыққа ұлттық мәселені шешудің түпкілікті және кемеңгер шешімі деп түсіндірілді. Нәтижесінде, сол кезде еш кінәсіз мыңдаған Балтық елдерінің, Кавказдың, Украинаның, Польшаның, Қалмақтың, Қиыр Шығыстың халықтары жер аударылды. Бұл нағыз «этникалық тазарту» еді. Сол жүйенің аппологеттері мұны қаншама басқаша атағысы, түсіндіргісі келсе де, бұл жағдай сол кездегі осыны ұйымдастырушылардың адамгершілікке жат әрекеттері болып қала береді.

Нарықтың табиғи заңдылықтарынан, шаруашылық – әкімшілік деп аталатын түрінен ауытқушылық, тоталитарлық басқару әдісінің орнығуы адам шошырлық өзіндік әлеуметтік тәжірибенің пайда болуына себепкер болды. Сол тәжірибе XX ғасырдың 90-жылдарына дейін, дәлірек айтқанда, кеңес империясы ыдыраған дейін өмір сүрді. Қоғамдық жүйені ырықтандыру бағытында жасалған әрекеттің барлығы нәтижесіз аяқталды. КСРО-ның икемсіз, ебедейсіз басқару жүйесі тиімді ұйым бола алмады. Ол не болып өткен өзгеріске тепе-тең, сай баға, не болмаса қалыптасқан жағдайды дұрыс шешіп немесе оған лайықты жауап бере алмады.

СҰРАҚТАР:

1. Қазақстанда кеңес билігі қашан және қалай орнатылды?
2. Қазақ автономиясының құрылуы туралы не білеміз?
3. Тоталитаризмнің Қазақстанға тигізген зардаптары қандай?
4. Қазақстан Жеңіске қандай үлес қосты?
5. 1950–1980 жылдардағы Қазақстан дамуының қайшылықтары қандай?

II БӨЛІМ



ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

Тәуелсіздік туын тігуге қаншалықты қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр-қайрат керек.

Н.Ә. Назарбаев

1.
ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРСАҢЫНДА

1.1. Қазақстан «қайта құру» жылдарында

1991 жылға дейін Қазақстан – КСРО құрамындағы он бес одақтас республиканың бірі болды. КСРО-ның жалпы аймағы құрлықтың 1/6 дерлік бөлігін – 22 402,2 мың шаршы шақырымды қамтыды. 1989 жылы КСРО-дағы адам саны – 285,7 млн-ды құрады. Ресей империясының геосаяси мұрагері ретінде Кеңестер Одағы осынау ұлан-байтақ өңірде өзінің «социалистік» үлгісін жүзеге асыруға батыл қадамдар жасады.

Қазақстан географиялық жағынан Еуразия құрлығында, Азия мен Еуропаның түйіскен жерінде орналасқан. Республиканың аумағы батыстан шығысқа 3000 шақырымға және солтүстіктен оңтүстікке 1600 шақырымға созылып жатыр. Қазақ КСР батыста, солтүстік-батыста және солтүстікте РКФСР-мен, оңтүстігінде және оңтүстік-батысында Орта Азиялық кеңестік республикалармен – Түрікмен КСР, Өзбек КСР және Қырғыз КСР-мен шектесті. Оңтүстік шығыс және шығыста республика шекарасы КСРО мен ҚХР арасындағы мемлекеттік шекара бойынша өтті. Қазақстан шекарасының жалпы ұзындығы 15 мың шақырым. Оның 3 мың шақырымы су (Каспий және Арал теңіздері) арқылы өтеді. Қазақ КСР аумағының көлемі жағынан Кеңестер Одағы республикалары арасында РКФСР-нан кейін екінші орынды иеленді. Сондай-ақ, қалған 13 республика аумағын қосқаннан артық болды. Республика аумағы – 2717,3 мың шаршы шақырым. Демек, КСРО-ның 1/8 бөлігін құрады.

1977 жылғы КСРО Конституциясы одақтық республикалардың саяси дербестігін шартты түрде мойындады. Алайда барлық республикалар бір орталыққа бағынды. Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы КСРО жоғарғы саяси басшылығының – КОКП ОК Саяси Бюросының құрамына кірді. КСРО-ның саяси жүйесі «барлық ұлттар мен ұлыстардың жұмысшы, шаруа және интеллигенциясының еркі мен мүддесін білдіретін социалистік, жалпы халықтық мемлекет» ретінде

анықталды. КСРО Жоғары Кеңесі мемлекеттік биліктің ең жоғары органы болып жарияланды.

1978 жылы қабылданған Қазақ КСР Конституциясында Республика – жұмысшылар мен шаруалардың және интеллигенцияның «егеменді социалистік» мемлекеті деп анықталды. Қазақ КСР-нің халқы кеңес халқының құрамас бөлігі деп жарияланды. Республикадағы адам саны – 1986 жылы 1 қаңтарда 16027,9 мың болды. Ол КСРО халқының 5,7%-ын құрады. Қазақстан 100-ден астам ұлт пен ұлыстар өмір сүрген көп этносты республика болып қалыптасты.

КСРО өмір сүрген 70 жылдан астам уақытта кеңестік тоталитарлық жүйенің өзіндік үлгісі қалыптасты. Коммунистік партияның дербес билігі және адам құқығын аяққа басу, саяси, экономикалық реформалардағы жартыкештік, рухани-мәдени саланың бір идеологияға бағындырылуы сияқты қарама-қайшылықты саясаты жыл өткен сайын қарқын алып отырды. «Социализм орнатудың жарқын идеялары» мен оны тәжірибе жүзінде іске асыру әдістеріндегі қайшылық 1980 жылдары КСРО-ның әр алуан бағыттарда саяси жаңаруын қажет етті.

Қазақстан «100 ұлттың ғаламшары» деп дәріптелгенімен, ұлт мәселесінің ішкі қарама-қайшылықтары қордалана берді. Ұлттардың әртүрлі мәдени және діни айырмашылықтары біртұтас кеңес халқын қалыптастыруда назардан тыс қалды. КСРО-ның құрылған кезінен бастап өз құрамына «алынған» ұлттар мен ұлыс өкілдерін «кеңес халқына» айналдыру үшін коммунистік партия бар күш-жігерін жұмсады. Әр ұлттың қайталанбас ерекшеліктері интернационалдық бағыт пен көлеңкесінде қалғандықтан да қарама-қайшылықтар туындады. Сөйтіп, кеңес қоғамының саяси жүйесінде дағдарыс белгілері айқын көріне бастады. Әкімшілік-партиялық бюрократияның ролі артып, билік пен халықтың арасы алшақтай түсті. Биліктің жоғары сатысында отырғандар арасында лауазымды орындарға талас байқалды. Жеке адамдар КОКП-ға мүшелікті пайдакүнемдік мақсатта пайдалана бастады. Өйткені, партияға мүше болу арқылы көптеген құқықтар мен артықшылықтарға жол ашатын.

Қоғамдық үдерістердің басым бағыттары назардан тыс қалып, партия жетекшілерінің құрамы өлсіреді. Жетекші құрамның ауысуының табиғи үдерісі бұзылып, тоқырауға ұшырады. Бұл саяси бюро мен орталық партия комитетінің хатшылығының және мемлекеттік аппараттың өлеңзігіне әкелді.

1980 жылдардағы Қазақстанның дамуы КСРО-да қалыптасқан саяси өзгерістерге сай бағыт алып отырды. 1980 жылдардың ортасындағы шешуші оқиға – М.С. Горбачевтің КСРО Компартиясы ОК Бас хатшысы қызметіне келуі. Белгілі дәрежеде бұл жағдай сол уақыттағы партия өміріндегі ескі дәстүр мен жаңа көзқарастардың күресін көрсететін еді. М.С. Горбачевтің билікке келуі мен 1985 жылғы сәуір пленумынан бергі кезеңде ел өмірінде «қайта құру» үдерісі басталды. Алайда халық үшін ақпарат көздері жабық болды. Соның бір дәлелі

ретінде, 1986 жылдың сәуір айындағы Чернобыль АЭС-дағы оқиғаны атауға болады. Бұл жағдай қайта құру саясаты мен саяси көшбасшылардың беделіне айтарлықтай нұсқан келтірді. Адам шығыны болды. Оның зардаптары ұзаққа созылды.

М.С. Горбачев және оның айналасындағылар өз ұстанымдарын нығайту мақсатында партия органдарына да, кеңестерге де балама сайлау енгізді. Бұл бастаманы қоғам дұрыс қабылдады. 1986 – 1988 жылдары кеңес қоғамын жаңартуға бағытталған реформаларды енгізу әдістері алдымен жасырын басталып, бірте-бірте ашық сипат алды. Балама, көпмандатты сайлаулар бірінші кезекте ұлттық, аймақтық мәселелер мен мүдделерді ұсынды. XX ғасырдың 80-жылдарынан кеңес қоғамында бұрын болмаған жаңаша ойлау, қоғамдық-саяси өмірді қайта құру үдерісі басталды. 1990 жылдың қазан айына дейін республикада ұйымдық құрылымы мен идеялық позициялары қалыптасқан 104 саясиландырылған талапкер топтар мен партиялар құрылды. Республиканың саясиландырылған қоғамдық ұйымдары 1990 жылғы 9 ай ішінде аштық жариялау, пикет жасау, жер басып алу тәрізді 60-тан астам акциялар жасады.

Көптеген аймақтарда ұлтаралық негізде қан төгілген қақтығыстар орын алды. Жазықсыз жандар опат болды. Алматыда, Бакуде, Ферғанада, Ошта, Молдовада, Оңтүстік Осетияда, Таулы Қарабахта және өзге де жерлерде жиі-жиі бас көтерулер, қарулы қақтығыстар өтті. КСРО-ның құлауының «іргелі себебі» ұлт саясатындағы қордаланып қалған мәселелер болатын. КСРО-ның және кеңестік тоталитарлық жүйенің күйреуінің ең басты, әрі шешуші себебі де осы болатын. Таптық мүдде үстем болған КСРО-да ұлттық факторды кажетті деңгейде бағаламау орын алды. Мемлекет басшылығында ұлттық мәселені шешетін бағдарлама мен стратегия болған жоқ. Басты бағыт пен көзқарастардан ала-құлалық танылды. Батыл әрекет, оң шешім жасалмады.

Ұлтаралық кикілжіңдерді реттеудің жүйесіздігі елдегі өкіметтің әлсіздігін көрсетті. Салиқалы ұлт саясатын жүргізу түбегейлі теориялық тұғырнаманы, қалыптасқан саяси ахуалды теориялық тұрғыдан жаңжақты пайымдауды қажет етті. Бұл – бір сәтте бола қоймаған, 70–80-жылдарға тұтас созылған ғылыми-технологиялық, стратегиялық жеңілістің салдары. Бұл күйреудің талай себептерін табуға болады.

Сонымен, қайта құру алғашқыда қоғамдағы істің жағдайын тез арада жақсартып жіберетіндей көңіл-күй туғызғанымен, үміт ақталмады. Өйткені қайта құрудың мақсат, міндеттері айқындалмады. Әдіс-тәсілі талданып, шешілмеді. Ол күрғақ сөзбен басталып, лауға ұласты. Елді басқарып отырған адамдардың мемлекеттік органдарды жоғарыдан төмен қарай қайта ұйымдастыру шараларының салдары экономиканы басқару мен халықтың әлеуметтік жағдайына жеткілікті дәрежеде көңіл бөлмеуге әкелді. Орталықта және жергілікті жерлерде бұрынғы басшылардың беделін түсіретін материалдар іздестіріліп, ол бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жария етіле бастады. Жаңа басшылық өздерін

сүттен ақ, судан таза етіп көрсеткісі келді. Алайда биліктің тізгінін өз қолдарына «берік ұстағанымен» экономиканың тұралауына, қылмыстың күрт көбеюіне және дүкен сөрелерінің қаңырап бос қалуына бұрынғы және жаңа басшылық та жауапты еді. «Кім кінәлі?» деген сұрақтың жауабын өткеннен іздеумен болды. Белгілі дәрежеде тығырықтан шығар жолды көрсете алмай отырған жаңа басшылықтың да осал тұстары айтылмады.

СҰРАҚТАР:
1. Кеңестік жүйе дағдарысының себептері неде?
2. 1980 жылдардың екінші жартысындағы елдегі қоғамдық-саяси жағдайдың ерекшеліктері қандай?
3. «Қайта құрудың» мәні неде және оның нәтижелері қандай?
4. Қазақстанның қайта құру жылдарындағы жағдайын сипаттаңыз.

1.2. 1986 жылдың желтоқсаны — тәуелсіздік жаршысы

Кеңестік тоталитарлық жүйенің дағдарысы жылдарында Қазақстанды Д.А. Қонаев басқарды. Ол 1955 жылдан Қазақ КСР-ның Министрлер Кеңесінің төрағасы, 1960 жылдан Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, Л.И. Брежневтің замандасы еді (Д.А. Қонаев 1912 жылы, Л.И. Брежнев 1906 жылы туған). Д.А. Қонаев КСРО-ның жоғары басшылары қатарынан орын алып, КОКП ОК Саяси бюросының мүшесі болды. Қазақстан басшысы өз елімізде ғана емес, Мәскеуде де үлкен беделге ие болғанымен, қалыптасқан әкімшіл-әміршіл жүйе оның мүмкіншіліктерін шектеді.

Л.И. Брежневтің саясатын жалғастыруды жақтағаны үшін Д.А. Қонаевқа Ю.В. Андропов та, М.С. Горбачев те қырын қарады. 1983–1984 жылдары обкомның көптен бері отырған хатшылары орындарынан алынып, жастау адамдармен ауыстырылды. Ал 1983 жылы желтоқсанда атқарылып отырған жұмыстары республикалық үйым үшін үлгі болар-лық іс емес деген желеумен Қазақстан комсомолы басқалардың алдында айрықша сынға алынды. Қазақстан Коммунистік партиясы үйымындағы кемшіліктер «Правда» газетінде талқыланды. Д.А. Қонаев пен М.С. Горбачевтың арасындағы ел басқару мен шаруашылықты дұрыс үйымдастыру, кадрлар жүйесіне қатысты көзқарастар қақтығысы он сегіз айға созылған еді.

Қайта құрудың алғашқы жылдары басқарушы органдарда жасы ұлғайған адамдар көптін. Ал қоғам жаңаша ойлайтын тұлғаларды қажет етті. Осындай сын сағатта орта жасты алқымдаған, еңбекпен есейіп, билік баспалдағына білімімен, күш-жігерімен көтерілген Н.Ә. Назар-

баев көзге түсті. Ол – 1984 жылы 44 жасында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы болып тағайындалды. Қазақстан Компартиясының 1986 жылы ақпан айында өткен съезінде Н.Ә. Назарбаев республиканың қоғамдық өміріне қатысты сөз сөйледі.

Орталық билік саяси үстемдігін жүргізе берді. КОКП ОК 1986 жылы қараша-желтоқсан айларында Қазақ КСР-інің хатшысы туралы мәселені шешу ісінде желтоқсан трагедиясын тудырған қате шешім қабылдады.

1986 жылғы 16 желтоқсанда Алматы қаласында Қазақстан Компартиясы ОК-нің Пленумы шақырылып, онда Қазақстан Коммунистік Партия ОК бірінші хатшысы Д.А. Қонаевтың зейнеткерлікке шығатыны және атқарып отырған қызметінен босатылғаны жөнінде Саяси Бюроның шешімін жариялады.

Орталықтың ұсынысымен Қазақстан КП ОК хатшылығына бұған дейін Ульяновск облыстық комитетін басқарған Г.В. Колбин тағайындалды. Бұл хабар Қазақстан жұртшылығына тез тарады. Тарихта – «Желтоқсан оқиғасы», «Желтоқсан қозғалысы», «Желтоқсан көтерілісі» деп аталып жүрген қазақстандық демократ жастардың толқуы дәл осы кезде басталды.

Ол – ғасырдан-ғасырға созылған отаршылдық езгіге, қазақ халқының төл мәдениетін, тілін, тарихын жоюға бағытталған саясатқа қарсылықтан туындады. Орталық билік ұлттық кадрларды назардан тыс қалдырды. Ақырында, Қазақстан КП ОК бірінші хатшылығына Г.В. Колбиннің тағайындалуы халықтың ашу-ызасын туғызды. Халық қозғалысы алыс-жақын елдерге де әсер етті. Ұлттық сананың оянуына негіз болды.

1986 жылы 17 желтоқсан күні таңертең сағат 8-де Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің алдындағы Л.И. Брежнев атындағы алаңға 200–300-дей жастар жиналды. Алғашқы кезеңде саяси шеру бейбіт түрде жүрлі және мемлекеттік құрылысты құлатуға немесе басқа ұлттарға қарсы ұлтшылдық әрекетке шақырудан аулақ түрды, ұлтшылдық және заңға қарсы сипатта емес еді. Бейбіт шеру қазақ халқының мүрат-мүддесі төңірегінде өріс алды.

Г.В. Колбин КОКП ОК-мен хабарласты. Нәтижесінде – КСРО ІІМ елдің әр аймағынан ішкі әскердің арнайы бөлімдерін Алматыға әкелді. Шеру саперлік күректерді, қызмет иттерін, брандспойттарды қолдану арқылы күшпен басылды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы комиссиясының анықтауы бойынша қозғалысқа қатысқаны үшін ұсталған адамдардың саны – 8,5 мың адам. Жастар қозғалысы республиканың басқа да қалаларында – Қарағандыда, Жезқазғанда, Көкшетауда, Целиноградта, Қаркаралыда, Талдықорғанда орын алды. Олардың ұлттық, әлеуметтік, кәсіби құрамы жөнінде толық мәлімет әзірге жоқ. Желтоқсаншы Күзембаев Қайыргелдінің зайыбы Роза Спанова «Біз білетін желтоқсан» деген еңбегінде – 17–18 желтоқсан күндері ұсталған 633 адамның тізімі мен олардың ұлттық құрамы: 628 қазақ, 1 ұйғыр,

1 татар, 1 корей, 1 қарақалпақ, 1 қырғыз; әлеуметтік құрамы 303 жұмысшы, 275 студент-жастар, 5 мектеп оқушысы, 9 зиялылар өкілі, 16 қызметкер, 17 жұмыссыз деген қысқаша мәлімет берілген.

1986 жылы 17–18 желтоқсанда Алматы қаласында болған толқуға, КОКП-ның бас хатшысы М.С. Горбачевтің өкілетті елшісі, басқарушы партияның Саяси Бюросының мүшесі М.С. Соломенцев бастаған топ желтоқсанды «ұлтшыл элементтер», «тобыр», «бұзақылар», «арамтамақтар және қоғамға жат адамдар», «қайта құруға қарсы күштер», «маскүнем, нашақор, бұзақылар», «шектен шыққан ұлтшылдық» деп бағалады. 1986 жылы 18 желтоқсан күні КОКП-ның Саяси Бюросы өзінің мәжілісінде «Алматыдағы оқиғаға байланысты шаралар» туралы қаулы қабылдады. 1987 жылдың шілде айында қабылдаған арнайы қаулысында желтоқсан қозғалысы «қазақтардың орыстарға қарсы шығуы» деп, барша халыққа ұлтшылдық таңбасын тақты. Қазақ жастарының көтерілісі – Қазақстанға сырттан әкелінген басшының тек орыс болғандығы үшін ғана емес, Қазақстанның мемлекеттік мүддесінің ескерілмеуіне қарсы наразылық болды. Мұны 17 желтоқсан күні таңертең шеруге шығып, алаңға келген жастардың қолдарына ұстаған – «Ешқандай ұлтқа, ешқандай артықшылық болмасын», «Ұлт саясатының лениндік ұстанымын сыйлауды талап етеміз», «Әрбір республикаға – өз көсемі», «Қазақстан жасасын!» деген ұрандары айқын дәлел болады.

Желтоқсан қозғалысы ұлттық мүдде жолында қайсарлық танытқан Қ. Рысқұлбеков, Т. Төшенов, Ж. Тайжұманов, К. Күзембаев және басқа да қазақтың жас демократтарын танымал етті. Өлім жазасына кесілген Қайрат Рысқұлбековтың, Мырзағұл Әбдікүловтың, түрлі мерзімге кесілген басқа да азаматтардың биік парасаты, Отанының мүддесіне шынайы берілген тұлғалы жандар екенін қазақ елі білді. Мақтаныш етті. Олардың отаршыл, зымиян, әділетсіз жүйенің рақымсыз құрығына іліккенін де терең түсінді. Қайрат Рысқұлбековтың:

Көрлай да беріп қайтадан,
Титыққа орыс жетпесін.
Туған жердің намысы
Бөтен қолда кетпесін.
Абай туған жерінде
Бомбасын атом жармасын.
Құлпытасты қиратып,
Өлігінді қазбасын.
Өз ұлтының басшысын
Орнынан сүйреп алмасын.
Үміт еткен Мәскеуден,
Қарадай көңілің қалмасын, –

деген терең ойлы, өсерлі өлеңі халқына соны ұғындырып кетті. 1986 жылдың желтоқсаны барлық қазақ халқына, оның зиялы қауымына да

әсер етті. Белгілі ақын Абдрахман Асылбек пен әнші-сазгер Әбиірбек Тінәлінің:

Тоңдырды мені,
Тоңдырды сені,
Желтоқсан желі ызғарлы.
Солдырып гүлді,
Оңдырып нұрды,
Көңілде мұңды із қалды, –

деген өлең жолдарында айтылғандай, халық жалпылама террорға ілікті, құдалауға, сенімсіздікке түсті.

Желтоқсан қозғалысына қатысқаны үшін 787 адам комсомол, 52 адам партия қатарынан шығарылып, 1138-іне комсомолдық шара қолданылды. 271 студент оқу орнынан шығарылды. Жүзлеген адам жұмысынан кетуге мәжбүр болды. 12 жоғары оқу орнының ректорлары өздерінің қызметтерінен айырылды. 18 профессор мен ғылым докторы ұстаздық қызметінен шеттетілді. С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың сол кездегі ректоры, профессор Өмірбек Жолдасбеков патриоттық және интернационалдық тәрбиені әлсіреткені, оқу-тәрбие ісін нашарлатқаны үшін деген негізсіз айыптаумен қызметінен босатылып, партиядан шығарылды.

Қазақ ақпарат агенттігінің бұрынғы директоры Жұмағали Ысмағұлов, республикалық «Коммунизм туы» газетінің редакторы Турдахун Назаров, Алматы облыстық «Жетісу» газетінің редакторы Мамадияр Жақыпов, «Огни Алатау» газеті редакторының орынбасары С. Скороходов және басқа да көптеген журналистер жазықсыз жазаға тартылды. Бұл адамдар оқиғаға қатысушылардың ісі бойынша өкімет органдары ұйымдастырған сотта түсірілген фотосуретті жариялағандықтан да «айыпты» болды.

Желтоқсан қозғалысы – ұлт-азаттық тарихында ерекше орын алады. Бұл ұлттық рухтың жаңғыру, қайта түлеу кезеңінің басы болды. Ұлт-азаттық қозғалыс жаңа сатыға көтерілді. Ол бүкіл халықтың рухани өміріне әсер етіп, ұлттық сананы өсірді, ұлттық рухты жандандырды.

Желтоқсан қозғалысы Қазақстанды жаңа әлемдік кеңістікке алып шықты. Бұл қозғалыс Одақ көлемінде жалғасын тапты. Одақтың құлдырауына, ыдырауына әкелді. Республикалардың мемлекеттік егемендігін жариялауына мол мүмкіндіктер берді. Сөйтіп, Қазақстан желтоқсаны республика шеңберінен шығып, Еуразиялық сипат алды.

1990 жылы мамыр айында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың табандылығымен 1987 жылғы шілде айында КОКП ОК-нің «қазақ ұлтшылдығын» айыптаған қаулысы күшін жойды. КОКП ОК Саяси бюросы өз шешімін өзгертті. Қазақ жастарының желтоқсан қозғалысы КСРО-дағы ұлттық-демократиялық қозғалыстың алғашқысы болды. Алматыдан

кейін Тбилисиде, Бакуде, Вильнюсте және елдің басқа да қалаларында тоталитарлық жүйеге қарсы оқиғалар өрбіді.

1991 жылдың 12 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 1986 жылы 17–18 желтоқсандағы оқиғаға қатысқаны үшін жауапқа тартылған азаматтарды ақтау туралы Жарлыққа қол қойды. Ізгілік, әділдік пен шындық ұстанымдарын басшылыққа алған аталмыш құжатта: Қазақстанда 1986 жылғы 17–18 желтоқсанда болған оқиғаларға қатысқаны үшін қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапкершілікке тартылған азаматтар ақталды деп көрсетілген.

Осы Жарлық бұған дейін қасақана кісі өлтіргені үшін және милиция қызметкерлері мен халық жасақшыларының өміріне қауіп төндіргені үшін бас бостандығынан айырылған азаматтарға қолданылмады. Олардың қылмыстық істерін қайта қарау қолданыстағы тәртіп бойынша жүргізілді.

Қазақ КСР-інің Жоғары Кеңес Президиумының 1986 жылғы Алматы қаласында болған желтоқсан оқиғасына қатысты ішкі әскер және құқық қорғау органдары қызметкерлерін мемлекеттік марапаттармен мадақтау Жарлығын қате қабылданған деп қайта қарау Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесіне ұсынылды. Бұдан былай 17 желтоқсан Қазақстан Республикасының Демократиялық жаңару күні деп жарияланды.

Қазақ халқының ұлттық қадір-қасиетін асқақтатқан азаматтардың аруағын, ең алдымен, жастардың батыл да қалтқысыз іс-әрекеттерін ардақтау мақсатында жастай қыршынынан қиылған есіл ер Қайрат Рысқұлбековке 1996 жылдың 9 желтоқсанында еліміздің ең жоғары наградасы – «Халық Қаһарманы» атағы берілді.

2006 жылы Желтоқсан оқиғасының 20 жылдығына орай Алматы қаласында – Желтоқсаншыларға арналған ескерткіш ашылды. «Тәуелсіздік таңы» мемориалын ашу кезінде Мемлекет басшысы: «Жастарды алаңға шығарған желтоқсан оқиғасы біздің тәуелсіздігіміздің алғашқы қарлығашы болды», – деп атап көрсетті.

Тәуелсіздік жолындағы Желтоқсан қозғалысы – Қазақстандағы енді көктеп шыға бастаған жас демократиялық ой мен бұрынғы ескі жүйе арасындағы қақтығысты көрсетті. М.С. Горбачев «жариялылық» пен «жаңаша ойлауды» күн тәртібіне енгізе отырып, өтпелі кезеңдегі күрделі саяси ахуалды елемеді. Алайда қоғамға жүргізе бастаған осы екі реформамен 70 жыл қалыптасқан жүйе қайшылыққа тап болды. Сонымен қатар 80-жылдар аяғындағы осындай оқыс оқиғаларға М. Горбачевке тән қызуқандылық, мәселелерді шешудегі жауапсыздық пен ұқыпсыздық себепкер болды.

1986 жылғы желтоқсан қозғалысы Горбачев реформаларына жасалған алғашқы сынақ деуге болады. «Реформа» сынақтан өте алмады. Горбачев бастаған билік Желтоқсан қозғалысынан сабақ та алған жоқ. Олар желтоқсан қозғалысына берген бағаларындағы ұлтшылдықтың

белгісі, негізінде жоқ нәрсе еді. Алайда нағыз ұлтшылдықтың жандануы, антикоммунизм, антиреформалық күштердің күшеюі мүмкіндігін, оларды пайдалана отырып партияны, мемлекетті және қоғамдық саяси жүйені құрту қауіпі төнетінін аңғармады. Халық бостандығы мен еркіндігі ескерілмеді. Ұлттық даму мен ерекшелік те назардан тыс қалды. Кеңестік жүйенің басты кемшілігі мен олқылығы да осында еді.

СҰРАҚТАР:

1. 1986 жылғы желтоқсан қозғалысының себептері неде?
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев желтоқсан қозғалысына қандай баға берді?
3. Желтоқсан оқиғасына қатысушылар қандай жазаға ұшырады?
4. Желтоқсан қозғалысының тарихи маңызы.

1.3. Мемлекеттік егемендік туралы Декларация және оның тарихи маңызы

1980–1990 жылдардағы КСРО дағдарысы және оның себептері. 1989 жылы Г.В. Колбин Қазақстаннан Мәскеуге ауыстырылды. ҚКП ОК бірінші хатшылығына Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. Қазақстан Республикасының Үкіметін Үзақбай Қараманов басқарды. Қазақстан Компартиясының Орталық комитетінің бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев жаңаша ойлайтын саясаткерлерді топтастырды. Орталық комитеттің екінші хатшылығына Владимир Ануфриев, хатшылыққа Ерік Асанбаев пен Владислав Двуреченский келді. Идеология бөлімін – Мырзатай Жолдасбеков, аграрлық бөлімді – Жәнібек Кәрібжанов, ұлтаралық қатынастар бөлімін Әбіш Кекілбаев басқарды.

1989 жылы мамыр-маусым айларында өткен КСРО халық депутаттарының I съезінде саясаттағы, экономикадағы және қоғамдық өмірдің әлеуметтік-рухани салаларындағы жағдайларға өткір сын айтылып, коммунистік партия жұмысына талдау жасалды. Кеңес қоғамына төнген дағдарыстың себептері іздестірілді. Қоғамдық-саяси өмірдің аса маңызды мәселелері төңірегіндегі тартыс бір-біріне қарама-қарсы ұстанымдағы депутат топтарының құрылуына алып келді. Халық депутаттарының I съезінің жұмысын бастасымен-ақ аймақаралық депутаттық топтар құрылды. Халық депутаттарының I съезі қабылдаған шешімдердің көпшілігі жүзеге асқан жоқ. Соған қарамастан ол партия комитеттерінің билігін едәуір өлсіретті. Е. Лигачев, Н. Соломенцев төрізді КОКП және мемлекет басшыларының, тіпті, КОКП ОК Бас хатшысы М.С. Горбачевтің де қызметтері үздіксіз сынға алына бастады. Кеңестер, көсіподақтар, комсомол бірте-бірте КОКП өктемділігінен арылып, сайлау кезінде демократиялық ұстанымдар алға шығарылды. Осындай

жағдайда партия комитеттерінің лидерлері жеңілістерге ұшырады. Қоғамда, саяси қарсыластар арасында ымырасыздық, табансыздық пен тұрақсыздық күшейді. Демократиялық сенімдегі адамдар көбіне «күйе жаққыш», «сатылғыш», «екі жүзді» деп айыпталды. Демократиялық қоғамға өтудің басталуы одақтас республикалар мен олардың мемлекеттік құқықтық формациялары арасындағы қатынастардың қалыптасқан практикасын қайта қарауға әкелді. Жаңа одақтық келісімшарттың жасалу мүмкіндігі жайлы мәселені – 1988 жылдың өзінде-ақ, ең алдымен Балтық жағалауы республикалары ұлттық-демократиялық қозғалыстарының өкілдері көтере бастаған болатын. КСРО Халық депутаттарының I съезінде депутаттар тарапынан бұл мәселе қайта көтерілді. Съезде унитарлық мемлекетке тән хал-ахуалдың түрін өзгертіп, қалыптасқан құрылымды жаңа мазмұнмен байытуға, орталық пен республикалар арасындағы құқықтар мен міндеттерді қайта бөлуге деген ұмтылыстар жасалды.

1989 жылдың өзінде-ақ, КСРО-ны конфедерация қағидалары негізінде өзгертудің нақты көріністері байқалды. Алайда ол жүргізілмеді. Осыдан соң республикалар өздерінің бөлінетіндігі жайлы неғұрлым батыл мәлімдей бастады. Орталық теледидар, «Правда», «Советская Россия» газеттері Балтық жағалауы республикаларына қарсы науқан бастап, оларда адам құқықтары бұзылып, Орталық басшылық бұл республикаларға экономикалық және саяси қысым көрсетіп жатыр деген бағытта дауды күшейте түсті.

1990 жылдың 25 наурызында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 12-шақырылымында депутаттық орындарға сайлау алды науқаны жүргізілді. Депутаттыққа кандидаттарды ұсыну құқығы еңбек ұжымдарына, азаматтардың жиналысына берілді. Сайлау үдерісіне саясаттандырылған топтар, ресми емес бірлестіктер енгізілді. Сайлау алды науқанында 360 депутаттық мандатқа 2000-нан артық кандидат қатысты. Сайлауды өткізу тәжірибесі, көптеген Жоғарғы Кеңестерде егемендік және тәуелсіздікке бағыт алған күштердің басымдыққа ие бола бастағанын танытты. Жұмысшы және шаруа тобымен қатар, қайта сайланған Қазақ КСР Жоғары Кеңесіне ғалымдар, заңгерлер, ЖОО ректорлары, діни қайраткерлер енді. 1990 жылдардың екінші жартысынан бастап Қазақстан саяси жүйенің заманға сай негізін қалауға батыл қадамдар жасады. Ұлттық құрамы жағынан – 181 қазақ, 100 орыс және 340 депутаттың 51-і компартия органдарының қызметкерлері болды. Жоғары Кеңестің төрағалығына – Ерік Асанбаев сайланды.

1990 жылдардың басында КСРО-дағы саяси жағдай декларативтік сипаттағы көптеген демократиялық ережелерден тұратын қолданыстағы 1978 жылғы Қазақ КСР Конституциясын өзгертуді, Қазақстанның егемен құқықтарын бекітетін мүлдем жаңа заңнама актілерін қабылдауды қажет етті.

КСРО-ны жайлаған саяси дағдарыс, одақтың аса ауыр жағдайда ыдырау үдерісі саяси жүйені реформалауды қажет етті. Дағдарыстан

шығудың бір жолы – Президенттік қызметті енгізу болатын. 1990 жылы 24 сәуірде Жоғарғы Кеңес «Қазақ КСР Президенті қызметін бекіту мен Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Негізгі Заң)» заң қабылдап, Қазақ КСР Президенті қызметін бекітті. 1990 жылы 24 сәуірде қызу талқылаудан кейін Жоғарғы Кеңес Қазақ КСР-інің Президенті етіп Н.Ә. Назарбаевты сайлады. Жасырын дауыс беруге қатысқан 335 депутаттың 317-сі – Н.Ә. Назарбаевқа дауыс берді, 18 депутат қарсы болды. Қазақстанда Президенттік институт Ресейге қарағанда бір жыл бұрын енгізілді.

Мемлекеттік егемендік туралы декларация. 1990 жылы қазанда қоғамдағы жағдай барынша шиеленісті. Халық депуттары арасынан парламент жұмысын жандандыруға баламалы қозғаушы күш болу мақсатында «Демократиялық Қазақстан» депутаттық тобы құрылды. Марат Оспанов бастаған «Демократиялық Қазақстан» депутаттық тобына Б. Қалырбеков, Е. Ертісбаев, Ю. Сытых, М. Оспанов, П. Своик және облыс орталықтарындағы жұмысшылар комитеттерінің өкілдері мүше болды. 1991 жылы олардың саны 54 депутатқа жетті. Олар «Азат», «Единство» қозғалыстарымен және басқа да ресми, ресми емес топтармен байланыс орнатты. Бұл күрделі кезеңде – «Демократиялық Қазақстан» депутаттық тобы барынша белсенді қызмет атқарды. Олардың билік құрылымын партиядан тазарту туралы ұсыныстары Жоғарғы Кеңестің партиялық-шаруашылық активінде наразылық тудырды. Сондай-ақ, «Демократиялық Қазақстан» депутаттық тобы мүшелері ұсынған «Егемендік туралы декларацияның» баламалы жобасы республикалық және одақтық баспасөз беттерінде ерекше дүмпу тудырды. Жоба авторлары 1990 жылдары барлық одақтас республикаларда қабылданған ұлттық мемлекеттілік және құқықтық мемлекет туралы тұжырымдамалар карама-қайшы болды дегенді алға тартты. «Демократиялық Қазақстанның» жетекшілері полиэтникалық қоғамда ұлттық мемлекеттілік тұжырымын жүзеге асыру жағымсыз салдарға әкеледі деп санады. Ұлттық республиканың орнына азаматтық қоғам құрылуы тиіс деген ұстанымда болды. Қазақ зиялылары «егемендік алдымен тілге берілсін» деген ұсыныс тастады. Филология ғылымдарының докторлары Бабаш Әбілқасымов, Сапарғали Омарбеков «Социалистік Қазақстан» газетінің 1990 жылғы 3 қазандағы санында Қазақ КСР-інің мемлекеттік Егемендігі туралы Декларациясының жобасы тіл туралы заңға қайшы келіп тұрғанын айтып, дабыл көтерді. Тіл туралы заңда орыс тілі – Қазақстан жерінде ұлтаралық қарым-қатынас тілі деп жарияланған болатын. Декларация жобасын жасаушылар оны ресми тіл деп өзгертіп жібергені сынға алынды. Ғалымдар орыс тілін Қазақ КСР-інде ресми тіл деп жариялау – қазақ тілінің мемлекеттік статусын жоққа шығарумен пара-пар екенін, өзі көктеп, өркен жайған туған топырағында қазақ тілінің ресми тіл болуға да әбден құқығы бар екенін дәлелдеді. Декларация жобасы қызу талқыланды. Декларацияның негізгі жобасы

және оған балама негізде ұсынған «Демократиялық Қазақстан» тобының жобасы, депутаттардан, жалпы жұртшылықтан түскен пікірлер мен ескертулерді Декларация жобасына енгізу жөнінде арнайы комиссия құрылып, депутат Салық Зимановтың басшылығымен бір аптадан астам уақыт жұмыс істеді. 1990 жылы 15 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің екінші сессиясында егемендік туралы Декларацияның жобасы жөнінде талас пікірлер болды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Е. Асанбаев тарапынан «Демократиялық Қазақстан» жобасы өте кеш ұсынылды. Жоғарғы Кеңеске мәлім етілмей, баспасөзге жарияланды. Сондай-ақ, оның құрамындағы 30 депутат сессияға дейін белгісіз болып келді деген пікірлер айтылды. Декларацияның негізгі жобасына толықтырулар мен өзгерістер енгізу үшін құрылған комиссия мүшесі депутат Сұлтан Сартаев «Демократиялық Қазақстан» тобындағы депутаттардың «ұлттық республика дегенді жойып, азаматтық қоғам құрайық» деген пікіріне қарсылық білдірді. Депутат С. Сартаев әлемдік тәжірибеге сүйене отырып: «Ұлттық мемлекет азаматтық қоғамға, яғни құқықтық мемлекетке қайшы келмейді. Мәселен, Англия – құқықтық мемлекет. Алайда ол ағылшындардың ұлттық мемлекеті. Сондай-ақ, Франция, Испания, Жапония тағы да басқа көптеген ұлттық негіздегі құқықтық мемлекеттерді мысалға келтіруге болады. Біз де осы мемлекеттердің үлгісінде өзіміздің егеменді, ұлттық республикамызды дамытамыз, гүлдендіреміз. Декларациядағы қазақ деген сөзден қорқатын ештеңе де жоқ. Қазақ ұлты, сонау ерте дәуірден тілі, діні қалыптасқан, кіндік қаны тамған өз атамекені бар халық қой. Енді келіп оны мүлде сызып тастау мүмкін емес», – деген түсінік берді. Келешекте республика өмірінде аса маңызды рөл атқаратын бұл құжат жобасы қызу талқыланды. Парламент мүшелері Декларацияның әрбір сөйлеміне, сөзіне жете мән беріп, айтылған ұсыныстарды сол бойда дауыска салып отырды.

Жоғарғы Кеңес «Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияны» 1990 жылы 25 қазан күні 18 сағат 55 минутта қабылдады. «Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияда» Қазақстан аумағының біртұтастығы мен оған жат көзқарас, қарсы әрекеттер болмайтындығы бекітілді. Декларацияда аса маңызды мәселе – республиканың өз бюджетін қалыптастыратындығы айқындалды. Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы декларация – еліміз Конституциясының негізіне айналған республиканың тұңғыш заң актісі. Бұл құжатта Қазақстан «халықаралық қатынастардың дербес субъектісі болуға, сыртқы саясатты өз мүдделеріне сай белгілеуге, халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысуға құқығы бар» егемен мемлекет деп жарияланды. Декларация алғаш рет табиғи ресурстардың, экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуетінің Қазақстан меншігінде болуының ерекше құқығын баянды етті. Егер егемендік қағидаттарына қайшы келетін болса, Қазақстан аумағында КСРО заңдарын тоқтату құқығын белгіледі.

1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігін жариялау – Қазақстан үшін өз дамуының жолын дербес анықтау мүмкіндігін ашқан тұңғыш акті болды.

СҰРАҚТАР:

1. 1990 жылдардағы Қазақстанның қоғамдық-саяси жағдайы қандай еді?
2. «Қазақ КСР Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация қандай жағдайда қабылданды?
3. «Егемендік» пен «тәуелсіздік» түсініктерінің мәні неде?
4. «Қазақ КСР Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияның мазмұнын сипаттаңыз.

2. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

2.1. Мемлекеттік тәуелсіздікті жариялау

1991 жылғы тамыз «бүлігі» және КСРО-ның ыдырауы. 1991 жылдың көктемінде одақ пен егеменді республикалар арасындағы қарым-қатынастар жаңа сатыға көтерілді. Одақтас республикалардың егеменділікке деген жаппай ұмтылысы – 1991 жылдың сәуірінен маусымына дейін Мәскеу түбіндегі Ново-Огареводағы президент резиденциясында одақтас республика басшыларының бірнеше дүркін бас қосуларына алып келді.

Ново-Огоревада 1991 жылы 23 сәуірде РКФСР, Украина, Қазақстан, Белоруссия, Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан басшылары кездесіп, нәтижесінде «9+1» деп аталатын жаңа Одақтық шарт дайындалды. Бұл одақ енді Кеңестік Егеменді Республикалар Одағы деп аталатын болды (КСРО-ның тоғыз одақтас республикасы мен КСРО Президенті). Тоғыз сағаттық келіссөздерден кейін, елдегі жағдайды тұрақтандыруға шұғыл шара қолдану және дағдарысты еңсеру туралы мәлімдемеге қол қойылды. Құжатта мемлекеттердің егемендігі, одақтық өкімет орындарының қайта сайлануы мен одақтық жаңа Конституцияның қабылдану қажеттілігі айтылды. Мәлімдеменің мәтінінде болашақ Одақ турасында «КСРО» деген түсінік аталынбады.

КСРО-ның тағдыры туралы 17 наурыздағы референдумда азаматтардың көпшілігі одақты сақтап қалу жөнінде өз пікірін білдірсе, екінші

жағынан республика басшылары, бірінші кезекте Б.Н. Ельцин, Одақтың арқасында өз ұстанымын күшейтуге тырысты. Осындай күрделі жағдайда М.С. Горбачев жаңа одақтық шарт жасауға талпынды. Сөйтіп, тұжырымдар мен мүдделерді үйлестіру мәселесі төңірегінде қарама-қайшылықты үдеріс басталды.

1991 жылы 12 маусымда Ресей Президенті болып Б.Н. Ельцин сайланды. Бұл – Мәскеуде қос өкіметтілік ахуалын бұрынғыдан да шиеленістіре түсті. 17-маусымда елде қатты пікірталас тудырған, қайта өңделген шарт жобасы одақтас республикаларға таратылды. 29 маусымда М.С.Горбачевтің Н.Ә. Назарбаев және Б.Н. Ельцинмен күпия кездесуі барысында жаңа одақтық шарттың кезекті талқылануы өтті. Бұл кездесуде шартқа 20 тамызда қол қою туралы және жаңа басшылықтың құрамы жөніндегі келісімге қол жеткізілді. Егемен Мемлекеттер Одағының Премьер-министрі қызметі Н.Ә. Назарбаевқа, Президент қызметі М.С. Горбачевке ұсынылды. Б.Н. Ельциннің пікірінше, бұл келісімнің мазмұны 1991 жылғы тамыз бүлігіне түрткі болды. Жаз бойы тайталасушы күштер (бұрынғы одақ пен жаңа одақты жақтаушылар) бір-бірінің ісін аңдып, өздеріне одақтас іздеп және халықаралық қауымдастықтың көзқарасын да анықтауға тырысты. Осындай қайшылықты жағдайдағы М.С. Горбачевтің іс-қимылы да оның қарсыластарын 1964 жылы Н.С. Хрущевты орнынан алғандай, мемлекеттік төңкеріс жасау жобасына итермеледі. 1991 жылдың 19 тамызына қараған түні – КСРО Президенті М.С. Горбачев Қырымдағы Фороста демалыста жүрген жерінде биліктен кетті.

1991 жылы 19 тамызда Кеңес Одағының радиостанциялары КСРО вице-президенті Г.И. Янаев, КСРО премьер министрі В.С. Павлов және КСРО Қорғаныс Кеңесі Төрағасының бірінші орынбасары О.Д. Бакланов қол қойған мәлімдемені жария етті. Мәлімдемеде КСРО Президенті М.С. Горбачевтің денсаулығына байланысты өз міндеттерін атқара алмайтындығынан, бұл қызметтің КСРО вице-президенті Г.И. Янаевқа өтетіндігі туралы айтылды. Елді басқару және төтенше жағдай тәртібін тиімді жүзеге асыру үшін құрамына жоғарыда аталғандардан басқа КСРО МХК төрағасы В.И. Крючков, КСРО Ішкі істер министрі Б.К. Пуго, КСРО Қорғаныс министрі Д.Т. Язов т.б. кірген 8 адамнан тұратын төтенше жағдай жөніндегі КСРО Мемлекеттік комитеті құрылды.

КСРО Президенті қызметін атқарушы Г.И. Янаев мемлекеттер мен үкімет басшыларына және БҰҰ Бас хатшысына үндеу жолдап, төтенше жағдайдың елде 6 айға енгізілетіні туралы мәлімдеді. БҰҰ тарапынан тиісті түсінікпен қарауға шақырды. ТЖМК-ның №1 қаулысы бойынша негізінде саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық қозғалыстардың қызметі тоқтатылды. Митинг, шеруге шығу, ереуіл жасауға тыйым салынды. Бұқаралық ақпарат құралдарына қатаң бақылау орнатылды. Астық жинау науқанына кәсіпорын және ұйымдардың жұмысшылары мен қызметшілері, студенттер, әскери қызметкерлер т.б. жұмылдырылды.

19 тамызда бірқатар жарлықтар шықты. №2 қаулысында демократия мен прогреске айрықша ықылас көрсеткен «Комсомольская Правда», «Московские новости» газеттерінің басылуына тыйым салынып, «Известия», «Труд», «Рабочая жизнь» басылымдарын шығаруды шектеді. Мәскеуге әскер мен бронетехника кіргізілді. Өзінің мәні жағынан ТЖМК мемлекеттік төңкеріске талпыныс еді. Осыған байланысты М.С. Горбачев бейтарап саясат ұстанып, оқиғалардың одан әрі қалай өрбитінін күтті. Бірақ жанжалдасушы екі жақтың қайсысы жеңсе де, оның елдің шынайы көшбасшысы ретінде саяси карьерасын жалғастыру мүмкіндігі жоғалған еді.

ТЖМК барлық республикалардың президенттеріне «КОКП ОК Саяси бюросы мәлімдемесінің» жобасын таратты, онда төтенше жағдай енгізудің себептері айтылды. Қазақстан халқы Мәскеудегі тамыз төңкерісіне әртүрлі көзқараста болды. Елдегі «бүлікшілерді» жақтаушылар арасында қазақстандықтар да бар еді. ТЖМК шешімдерін орындау үшін көптеген облыстарда жұмыс топтарының құрылуы соны айғақтайды. «Кейбір шенеуніктер кабинеттерінен М.Горбачевтің суретін алып тастап жатты. Әлдекімдер бүгінде басқаша сөйлегенмен, шын жағдайдың сол кезде тап осылай болғаны рас».

Халықтың басым көпшілігі құрылған комитетті қолдамады. «Азат», «Желтоқсан», «Қазақстанның социал-демократиялық партиясы» ТЖМК-ны қабылдаған жоқ және тұрғындарды оның жарлықтарына бағынбауға шақырды. 19 тамызда Президент Резиденциясында министрлер, әскерилер, кеңес қызметкерлері мен Қазақстан Компартиясы ОК басшыларының қатысуымен кеңейтілген мәжіліс өткізілді. Н.Ә. Назарбаев жиналғандардан бұл жағдайда не істеу керектігін сұрады.

Түрлі ұсыныстар айтылды. Қазақстан Компартиясы ОК-нің екінші хатшысы В.Г. Ануфриев бірнеше рет сөз сөйлеп, ТЖМК-ны қолдауды жақтады. Мәжіліс барысында жұмыс комиссиясы құрылды. Осы күні кешке қарай Н.Ә. Назарбаев қазақ теледидары арқылы алдында сөз сөйледі. «Еліміз үшін аса бір жауапты сағатта, – деді ол өз сөзінде. – Сіздерді тыныштық пен сабыр сақтауға шақырамын». Қазақстан Президенті республика егемендігін нығайту саясатына, демократия ұстанымдарына, КСРО-ның біртұтастығын сақтауға жақтастығын танытты. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев елде төтенше жағдай енгізу, тек КСРО Жоғары Кеңесі мен одақтас республикалардың келісімімен ғана, құқықтық негізде жүзеге асырылуы тиіс екендігі туралы мәлімдеме жасады. Сонымен бірге бұрынғы Ново-Огарево келісіміне қол қоюға шақырды. Бірақ бүлікшілер әрекеті мүмкіндік бермеді.

Президенттің бұл үндеуі республика тұрғындарын тыныштандырды. Бұл кезде Мәскеуде жағдай аса ауырлап, шиеленісе түсті. Мыңдаған адамдар халық аузында «Ақ үй» атанған – РКФСР Жоғарғы Кеңесі ғимаратын қоршап алып, Мәскеуге кіргізілген танк, бронетранспортерлерді жібермеді. ТЖМК-ға қарсылық тобын Ресей Президенті Б. Ельцин, вице-президент А. Рушкой, РКФСР Жоғарғы

Кеңесі төрағасы міндетін атқарушы Р.И. Хасбулатов, Ленинград мэрі А. Собчак басқарды. Солдаттар арасына үгітшілер жіберілді. «Ақ үйді» қорғаушылар оны берік қамалға айналдыруға кірісті.

20 тамызда да қауіп бұлты сейілмеді. Бұл күні Н.Ә. Назарбаев жаңадан мәлімдеме жасады. Президент елде тыныштықты сақтау мен ұстамдылық қажеттігін, сондай-ақ Қазақстанда төтенше жағдай енгізілмейтіндігін, үш адам құрған комитеттің ешқандай заңға, Конституцияға сәйкес келмейтіндігін және оны ешкімнің қолдамайтынын ашық айтты. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1991 жылғы 21 тамыздағы санында Н. Назарбаевтың: «...Біз халыққа жағдайдан шығудың қандай жолын ұсына аламыз? Оның тек конституциялық негізде ғана мүмкін болатынына сенемін. Егер біз заңсыздықтың қиралаң жолымен одан әрі жүре беретін болсақ, халық оны бізге кешірмейді. Ең алдымен ел үшін осынау қиын-қыстау күндерде М.С. Горбачевтің өзінің пікірін естігіміз келеді, ол өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыра алмайтын күйде екенін тікелей қуаттауға тиіс... Кейінге қалдыруға төзбейтін тағы бір аса маңызды проблема – сегіз республиканың парламенттері мақұлдаған Одақтық шартқа қол қою», – деген мәлімдемесі жарияланды. Н.Ә. Назарбаев Мәскеуде қантөгісті болдырмау мақсатында тамыздың 20–21 күндері батыл мәлімдемелер жасады. Жалпы одақтық ТАСС агенттігіне ақпарат көзін емін-еркін таратуға тосқауыл қойылған болатын. Дегенмен, 20 тамыз күні кеште АҚШ ресми түрде хабар таратып, онда Н.Ә. Назарбаевтың ойланып шешілген ТЖМК-ні қолдаудан бас тарту және күштердің арасалмағындағы басымдықты демократияның пайдасына шешу ұстанымын мәлімдеді.

АҚШ Президенті Джордж Буш ресми мәлімдеме жасап, онда КСРО-дағы конституциялық басқаруды қалпына келтіру бағытындағы РКФСР Президенті Б. Ельциннің әрекеттерін толығымен қолдайтынын айрықша атап өтті. Еуропалық Экономиканың Кеңесінің өкілдері М.С. Горбачевтің қайтып оралуын талап етіп, орындалмаған жағдайда Кеңес КСРО-ға берілетін көмектің елеулі бөлшегін тоқтатып тастау қаупі барын білдірді. ТЖМК-нің құрылуына Саддам Хусейн (Ирак) және кейбір шарттармен Қытай келісті.

Төтенше жағдай жөніндегі Мемлекеттік комитеті (ТЖМК) мүшелерінің КСРО халықтары арасынан кең қолдау табуға деген үміті ақталмады. Оларды жоғары шеңдегі әскерилер мен партиялық номенклатураның шағын бөлігі, соның ішінде Қазақстандағы партия басшыларының аз ғана тобы қолдады. ТЖМК шегінуге мәжбүр болды.

Н.Ә. Назарбаев КСРО Жоғарғы Кеңесінің төтенше мәжілісін шақыру туралы ұсыныс жасады. Онда КСРО Президентін сайлаудың нақты күнін белгілеу мен Одақтық шартқа дереу қол қоюға шақырды. Елбасы республикадағы күрделі ахуалды, тұрғындардың көңіл күйін ескерді. Сол күндері тұрақтылықты сақтау, әлеуметтік дау-жанжалдарды болдырмау басты мақсат болды. Бұл мақсат толығымен орындалды. Егемендік туралы Декларация мен Қазақ КСР Конституциясы-

на сәйкес өкімет билігі түтастай кеңес ұйымдарының қолында болды. Президент Қазақстанда орналасқан Қарулы күштердің бөлімдері мен жеке құрамын, МҚК мен КСРО Ішкі істер министрлігін конституциялық нормаларға адал болуға шақырды. Ол егемендікті нығайтуға, демократиялық қағидаларды берік ұстануға, Одақты сақтауға, реформаларды онан әрі жалғастыруға ерекше мән берді.

21 тамыз күні Ресей үкіметінің жіберген ұшағымен М.С. Горбачев Қырымнан Мәскеуге қайтып келді. Демократиялық күштердің басымдылығы жағдайында ТЖМК-нің әскери күш қолдануға батылдығы жетпеді. Әскерлер казармаларына қайтарылды. Мемлекеттік төңкеріс жасау әрекеті сәтсіз аяқталды. ТЖМК-нің басшылары тұтқындалып, істері сотқа берілді. Бүлікшілердің жеңілуіне бұқара халықтың қолдамауы, Ресей басшылығының табанды қарсылығы, сондай-ақ, одақтас республикалар басшыларының ішкі мәселелерді жаңаша тұрғыда шешуге деген ықыластары себеп болды. Әскери күштердің Ресей басшылығына көрсеткен қолдауының да маңызы зор болды. Б.Н. Ельцин 23 – тамыз күні өзінің жарлығымен КОКП-ның қызметін тоқтатты, ал 6 – қарашадағы Жарлығымен мемлекетті басқару құрылымындағы билік партиясы ретінде, компартияның қызметіне тыйым салынды. ТЖМК бүлігінің басылуы, кеңестік саяси жүйенің «орталық – республикалар» «жоғарғы билігінің» дағдарысын көрсетті. Бұл бұрынғы жүйенің «өзегін» құраған және КОКП мен МҚК сияқты өкімет билігінің серіппесін қолында ұстаған құрылымның күйреуімен байланысты еді. Бүлік басылған соң, тамыздың 24-і күні республиканың Жоғары Кеңесі «Ағымдағы кезеңді бағалау және егемендікті нығайтуға байланысты шаралар туралы» қаулы қабылдады. Президент «тамыз төңкерісін» қолдаған азаматтарға кешіріммен және түсінушілікпен қарады. Қазақстанда тамыз оқиғаларына байланысты ешқандай сот та, саяси істер де қозғалған жоқ. Бірақ «тамыз бүлігі» республика басшыларын бұдан әрі жауапкершілікті өз мойнына алудың қажеттілігіне көзін жеткізді.

Тамыз оқиғаларынан соң тағы да жүз күн М.С. Горбачев КСРО-ның шартты түрде Президенті болып қала бергенімен, ештеңе өзгерте алмады. М.Горбачевтің сөз жүзіндегі демократиялық қағидасы бұрынғы саяси жүйенің сақталып қалған қайшылықтарын шешпеді. М.С. Горбачев пен Б.Н. Ельциннің жеке келіспеушілігі жағдайды ушықтыра түсті.

Қазақстан Президенті Н. Назарбаев 1991 жылдың тамыз айында өзінің КОКП ОК Саяси Бюросы құрамынан шығатынын мәлімдеді. Осы жылдың тамыз айында Семей ядролық полигонында болды. Сынақ аймағынан келген соң парламенттің арнайы сессиясын шақырып, жарты ғасырлық тарихы бар Семей полигонын жабу мәселесін қызу талқыға салды. Алғашқы күпиясыздандырылған мәліметтерде полигондағы жарылыстардың жалпы зарядтық күші, Хиросимаға тасталған атом бомбасынан 2,5 мың есе қуатты екендігі айтылады. Сессияның соңғы күні, яғни 29 тамыз күні Президент полигонды жабу туралы мәлімдеме

жасады. Қазақстан осындай қару түрлерін өндіретін және сынайтын бүтіндей бір индустрияға ие бола тұра, әлемдегі төртінші арсенал деген қаһарлы дәрежеден өз еркімен бас тартқан бірінші мемлекет болды. Бұл – КСРО-ның бұрынғы басшылығының келісімінсіз жасалды. Ұлт мұратына қызмет етудің жарқын да жасампаз көріністерінің бірі болды.

1991 жылдың 7 қыркүйегінде Қазақстан Компартиясының төтенше және кезектен тыс съезі өтіп, онда Қазақстан Компартиясын тарату және жаңа партия құру туралы шешім қабылданды. Делегаттар арасында партияның атауы туралы өткір пікір сайыс туып, бірнеше атау ұсынылды. Делегаттардың көпшілігі «социалистік» атауын қалады. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның халық бірлігі партиясы» атауын ұсынды, бірақ ол депутаттар тарапынан қолдау таппады. Жаңа құрылған партия Қазақстанның Социалистік партиясы (ҚСП) деп аталды. 90-жылдардың бірінші жартысында ҚСП ең ірі партия болып, оның қатарына әртүрлі ұлт өкілдерінен құралған 47 мың адам кірді. Баспасөз органы «Республика» және «Сұхбат» газеттері еді. 1991 жылдың күзінде Компартия мүшелерінің бір бөлігі Қазақстанның Халықтық Конгресс партиясы қатарына өтті. Осы партияға еліміз бен шет елдерге танымал ақын, әрі қоғам қайраткері О.Сүлейменов пен М.Шаханов ұйытқы болды. Партияның негізгі міндеті парламенттік әдістерді пайдалана отырып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық ахуалын онан әрі дамыту болатын.

Әкімшілік, экономикалық, иерархиялық және басқа байланыстар әлсірей берді. 90-жылдары КСРО-ның дағдарысын әлемдік қауымдастық жіті қадағалап отырды. Сингапурдың негізін салушы, әрі оны отыз жылдан сәл астам уақыт ішінде дамыған мемлекет қатарына жеткізген Ли Куан Ю 1991 жылы мамыр айында Алматыға бейресми сапармен келген еді. Ол өзінің оқыған дәрісінде коммунизмнің ешқандай болашағы жоқ екендігін дәлелдеп, КСРО-ның сөзсіз құлайтындығын, Қазақстанның болашағының зор екендігін мәлімдеді.

1991 жылы 8 желтоқсанда Ресей басшысы Б.Ельцин, Украина басшысы Л. Кравчук, Белоруссия басшысы С. Шушкеевич Беловежьеде «Вискули» үкімет резиденциясында кездесіп, КСРО-ның құрылуы туралы 1922 жылдың 30 желтоқсанындағы шартты бұзу жөніндегі келісімге қол қойды. Нәтижесінде КСРО халықаралық құқық субъектісі және геосаяси шындық ретінде күшін жойды. Құжатта: «КСРО халықаралық саяси құқық субъектісі және геосаяси шындық ретінде өзінің өмір сүруін тоқтатты», – деп жазылды. Сол жылдың 13 желтоқсанында Ашхабадта өткен Орта Азия және Қазақстан Республикасы басшыларының кездесуі «Беловежье келісімін» қолдады. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын (ТМД) құру туралы келісімге қол жеткізді.

Сонымен, 1990–1991 жылдардағы егемендік үдерісі Беловежье келісімімен бекітілді. Бұл келісімнің қорытындылары туралы ең алдымен, АҚШ Президентіне хабарланды, ал КСРО Президенті М.Горбачев болса бұл біткен іс туралы екінші болып естіді. Сол кезеңдегі тарихи оқиғалардың куәсі болған Н.Ә. Назарбаев былай деп еске алады:

«Ертеңіне М. Горбачев, Б. Ельцин және мен – үшеуден-үшеу бас қостық. Б.Ельцин Беловежьеде қабылданған шешімдерді егжей-тегжейлі баяндап берді. М.Горбачев пен Б.Ельцин арасында екі сағат бойына Беловежье шешімінің мән-мағынасы бойынша, жүйке шымырлағандай қызу әңгіме болды. Мен олардың екеуінің әңгімелерін тыңдап отырдым. Ел үшін және бір қазанға бастарын сыйғыза алмаған екі лидер үшін өкінішті сезімі билейтін». Кеңес Одағының тарихы осылай аяқталды. М.Горбачев КСРО Президентінің өкілеттілігін тапсырды және 1991 жылы 25 желтоқсан күні Кремльдегі орнын Ресей Федерациясының Президенті Б.Ельцинге беруге амалсыз көнді. Бұл өмір шындығы, уақыт талабы еді. Кеңес Одағының ыдырауын тездеткен «тамыз бүлігі» 1991 жылдың қазанына қарай КСРО құрамында болған одақтас республикалардың өз тәуелсіздігін жариялауына септігін тигізді. 1991 жылдың желтоқсанынан жартылай президенттік республиканың алғашқы қадамдары басталды.

Президенттік басқару формасының «институционалдық» кезеңі 1990 жылдың соуірінен 1991 жылдың желтоқсаны аралығын қамтиды. 1991 жылы 1 желтоқсанда өткен бүкілхалықтық сайлауда Қазақстанның Президенті болып Н.Ә. Назарбаев сайланды. Сайлауға қатысқан халықтың 98,78%-ы Н.Ә. Назарбаевқа дауыс берді. «Социалистік» кезеңнің аяқталуы, мемлекет атауын өзгертуді талап етті. 10 желтоқсан күні Қазақ КСР-ін Қазақстан Республикасы деп атау туралы заң қабылданды. 1991 жылы 10 желтоқсанда Алматы қаласындағы Республика алаңында – Президентті ұлықтау рәсімі өтті. Н.Ә. Назарбаев көпұлтты республикамызға адал қызмет етуге, Конституциясын құрметтеп, халықтың құқығы мен бостандығына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің міндетін адал атқаруға ант берді, мінбеге жақындап, Конституция мен мемлекеттік егемендік Декларациясына қолын қойып тұрып, анттың мәтінін қазақ және орыс тілдерінде қабылдады. Салтанатты түрде Қазақстанның мемлекеттік әнұраны орындалды. Президент шығып сөйлегеннен кейін, сахнаға республиканың халық ақыны Ш. Әбенов, республиканың халық жазушысы Д.Ф. Снегин, КСРО халық депутаты И. Қожахметов, КСРО халық әртісі Қ.Х. Қожамияров, КСРО еңбегі сіңген жаттықтырушысы Э.Ф. Айрих сынды елге қадірлі ақсақалдар шығып, барлығының атынан Ш. Әбенов Президентке бата берді. Ұлттық әдемен өрнектелген шапан, бас киім және кісе белбеу тарту етті.

1991 жылдың 16 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы қабылданды. Тәуелсіздік туралы Конституциялық Заңның 1-бабында Қазақстан Республикасы тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет деп жарияланды. Республика өз аумағында өкімет билігін толық иемденуге, әрі ішкі және сыртқы саясатын дербес жүргізуге құзырлы болды.

Бастауын мемлекеттік егемендік туралы Декларациядан алатын Конституциялық Заң республиканың дамуының жаңа

кезеңін айқындап берді. Оның мазмұнында ұлттардың өзін-өзі басқару құқығы, жеке тұлғалардың құқығы мен бостандығына басымдық беру, саяси тұрақтылық, билікті бөлісу, ұлтаралық келісім т.б. іргелі демократиялық қағидаттар көрініс тапты. Қазақ халқының ғасырлар бойы ансаған арманы орындалды. Тәуелсіздік туралы Заңның негізгі мәні 18 баптан тұратын жеті тарауда айқын көрсетілді. Бұл тарихи оқиға қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ұзақ жылларға созылған күресінің заңды қорытындысы болды.

Заңның екінші тарауында республика азаматтары ұлтына, діни сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге қатысына, шыққан тегі, әлеуметтік және дүние-мүліктік жағдайына, тұрған жеріне қарамастан құқығы мен міндеткерліктерін бірдей пайдаланатындығы атап көрсетілген. Егемендіктің бірден-бір иесі және мемлекеттіліктің қайнар көзі республика азаматтары болып табылады. Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы мәселе екінші тараудың 7-бабында қарастырылған.

Қазақстан Республикасындағы көші-қон үдерісін реттеу, жаппай саяси қуғын-сүргін, күштеп ұжымдастыру және басқа адамгершілік нормалары бұзылған кезде ел аумағынан кетуге мәжбүр болған адамдарға және олардың ұрпақтарына, бұрынғы көршілес кеңестік республикалар аймағында тұратын қазақтардың қайта оралуына жағдай жасау туралы айтылады. Қазақстанда тұратын қазақ ұлтының және басқа ұлт өкілдерінің дәстүрі мен тілін, ұлттық құндылығын сақтау, мәдениетін өркендету мен дамыту мемлекеттің басты міндеттерінің бірі болып дәйектелді. Сонымен қатар, мемлекет еліміздең тыс аймақтарда тұратын қазақтарды, олардың ұлттық-мәдени, тілдік және рухани қажеттіліктерін қамтамасыз етеді, олар азаматтары болып табылатын мемлекеттермен келісім негізінде қорғауға және қамқорлыққа алынды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары үшінші тарауда анықталғандай, бөліну қағидаларына қарай заң шығарушы, атқарушы және сот билігі болып құрылып, іс жүзіне асырылады. Жоғарғы Кеңес пен Қазақстан Республикасы Президентінің халықтың атынан сөйлеуге құқығы бар. Заң шығарушы билік Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі тарапынан жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының Елбасы және атқарушы билігі Президент, сот билігін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен Жоғарғы төрелік соты жүргізеді. Қазақстан Республикасының Конституциялық соты – Конституцияны сотпен қорғаудың ең жоғарғы органы болып табылады.

Төртінші тарауда Республика мемлекеттік тәуелсіздігінің экономикалық негіздеріне анықтама берілген. Тәуелсіздік мемлекет мәртебесіне сәйкес келетін және меншіктің барлық түрлерінің көпқырлылығы мен теңдігіне негізделетін дербес экономикалық жүйенің болатындығы жан-жақты атап көрсетілген еді.

Жер мен оның қойнауы, су, әуе кеңістігі, өсімдік және жануарлар әлемі, басқа да табиғи байлықтары, экономикалық және ғылыми-тех-

никалық мүмкіндіктер Қазақстан Республикасының меншігі болып табылады.

Бесінші тарауда Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастықтың мүшесі болып жарияланғаны айқындалады. Ол халықаралық құқықтың субъектісі болып табылады, дипломатиялық және консулдық өкілдермен алмасады, халықаралық ұйымдарға, ұжымдық қауіпсіздік жүйесіне кіре алады және олардың қызметіне қатынасады. Қазақстан Республикасы сыртқы экономикалық мәселелерді өз бетінше шешеді.

Алтыншы тарауда Қазақстан Республикасының мемлекеттік қауіпсіздігін қорғау мәселесі сөз етіледі. Өз тәуелсіздігін және аумақтық тұтастығын сақтау мақсатында, республика өзінің Қарулы Күштерін құру құқығына ие болды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Елтаңба, Ту, Әнұран. Астанасы – Алматы қаласы. Осы Заң Республиканың жаңа Конституциясын әзірлеуге негіз болды.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңның қабылдануы жаңа тәуелсіз мемлекеттің шынайы егемендігін бекітті. Оған – 16 желтоқсанда қол қойылуы, 1986 жылғы оқиғалардан кейінгі Қазақстанда демократиялық үдерістің сабақтастығын дәлелдеп, елдегі өзгерістердің бастамасы болды. Сонымен бірге шынайы егемендікті жариялап, сыртқы әлемнің елімізді тануына қол жеткізілді.

Конституциялық Заң Қытай, Түрікменстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Ресей елдерімен шекара мәселесін толығымен реттеуге көмектесті. Ол Еуразия кеңістігіндегі сенімділік саясатының, серіктестіктің және тұрақтылықтың негізін қалады. Қазақстан азаматтарының қауіпсіздігі толығымен қамтамасыз етілді. Сөйтіп, 1991 жылғы 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күні ретінде танылды. Қазақстанның тәуелсіздігін Түркия елі бірінші болып таныды. Сол сияқты АҚШ, Германия, Франция, Ұлыбритания және тағы басқа ірі-ірі мемлекеттер мойындады. Қазақстан шетелдерде дипломатиялық және консулдық өкілдіктер ашуға кірісті. Ал Алматыда шетелдік елшілік пен миссия, халықаралық және ұлттық ұйымдардың өкілдіктері жұмыс істей бастады. Республиканың егемендікке қол жеткен алғашқы кезінен бастап мемлекетаралық және үкіметаралық келісімшарттарға қол қою жүзеге асырылды. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының алдына үлкен келелі міндеттер қойылды. Олар елдің ішкі жағдайында Егемен Қазақстан мемлекетінің тұтастығын нығайтып, нарықтық экономикаға көшу, жоспарларды іске асыру, елдің ішінде көп ұлтты халықтардың бірлігін сақтауда барлық мүмкіндіктерді пайдалану. Қазақстанның сыртқы саясатындағы басты міндеттер – оның бүкіл дүниежүзі елдерімен байланыстарын одан әрі дамытып, алдыңғы қатарлы өркениетті мемлекеттердің қатарына қосылу, елдің қауіпсіздігін қорғау, әлемде бейбітшілікті сақтай отырып, ядролық соғысты болғызбау. Халықтың ерік-жігері тек осындай аса маңызды міндеттерді іске асыруға бағытталды. Ұлттық мұрат – мүдде алдыға шықты.

Қазақстанның мемлекеттік рәміздері. Н. Назарбаев 1992 жылы 4 маусымда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы туралы», «Қазақстан Республикасының елтаңбасы туралы» және «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының музыкалық редакциясы туралы» Заңға қол қойды. Сол күні Президент резиденциясы мен Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесінің алдына Мемлекеттік ту тігіліп, елтаңба ілінді. 1992 жылдың 11 желтоқсанында Мемлекеттік әнұранның мәтіні бекітілді. Соңынан мемлекеттік рәміздер туралы ереже 1996 жылғы 24 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» арнайы конституциялық заң күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен айқындалды. Тудың авторы – суретші Ш. Ниязбеков, елтаңбаның авторлары – Ж. Мәлібеков пен Ш. Уәлиханов.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік негізгі рәміздерінің бірі – әнұран, мемлекеттік ту мен мемлекеттік елтаңбаның поэтикалық-музыкалық баламасы. Әнұран салтанатты рәсімдерде, мемлекеттік органдарда өткізетін өзге де шараларға байланысты орындалады. Алғашқы мемлекеттік әнұранды жазу үшін шығармашылық байқау жарияланды. Оған Қазақстан ақын, композиторлары қатысты. Мемлекеттік рәміздер жөніндегі үкіметтік комиссияның шешімімен ақындар: М. Әлімбаев, Қ. Мырзалиев, Т. Молдағалиев, Ж. Дәрібаева шығарған өлең сөзі бекітілді. Әуені – кеңестік кезеңде М. Төлебаев, Е. Брусиловский, Л. Хамиди жазған бұрынғы мемлекеттік әнұран болып белгіленді.

2006 жылдың 6 қаңтарында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен Сенатының бірлескен отырысында жаңа әнұран қабылдау туралы айтылды. Заң жобасын талқылау барысында бірқатар депутаттар («Менің Қазақстаным») жаңа әнұранның авторлар құрамына Н.Ә. Назарбаевты ресми түрде қосу туралы ұсыныстарын білдірді. Парламент депутаттары жаңа әнұран мәтінінің авторлары Ж. Нәжімеденов пен Н.Ә. Назарбаевты бір ауыздан қолдады. Ал әні бұрынғы қалпында сақталды.

2006 жылдың 10 қаңтар күні Қазақстанның тарихына еліміздің жаңа әнұранының туған күні ретінде кірді. Алғаш рет жаңа әнұран ресми түрде 11 қаңтарда, Ақордада Президент Н.Ә. Назарбаевтың кезекті президенттік сайлауда жеңіске жетуіне байланысты ұлықтау рәсімінде орындалды.

СҰРАҚТАР:

1. 1991 жылғы тамыз төңкерісі мен КСРО ыдырауының себептері неде?
2. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң қашан және қалай қабылданды? Оның тарихи мәнін анықтаңыз.
3. Президент институтын енгізудің тарихи қажеттілігі неден туындады?
4. Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің мәні неде?

2.2. Конституциялар, конституциялық реформалар және мемлекеттілік құрылысының аяқталуы

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары кеңес билігінің өкілетті органы Жоғарғы Кеңеспен қатар, жаңа қалыптасқан президенттік институт өз жұмысын жандандырып келе жатты. Саяси ахуал күрделі болатын. 1992 жылдың басында Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі жаңа Конституцияның жобасын әзірлеу үшін конституциялық комиссия құру туралы қаулы қабылдады. Жобаны әзірлейтін жұмыс тобы жасақталып, оны Ғайрат Сапарғалиев басқарды. Құрамында Б.Ә. Мұхамеджанов, Т.С. Донаков, Ю.А. Ким және тағы бірнеше белгілі заңгерлер бар жұмыс тобы жобаны әзірлеу жұмысына кірісті. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың өзі басшылық ететін Жоғарғы Кеңес депутаттарынан жасақталған Конституциялық комиссия кемінде екі аптада бір рет үзбей бас қосып отырды. Жұмыс тобының жетекшісі Конституциялық комиссияның барлық отырыстарында Конституция жобасын әзірлеу барысы туралы баяндады. 1993 жылғы Конституция жобасының ең маңызды мәселелері Конституция комиссиясының мәжілісінде қызу пікірталас жағдайында өтті. Жоғары Кеңестің консервативтік бағыттағы топ мүшелері Кеңесті сақтап қалуға тырысты. Олар екі палаталы Парламент құруды жоққа шығарды. Бір жылдан кем уақытта Конституцияның жобасы жасалып бітіп, Жоғарғы Кеңестің сессиясы қарауына жіберілді. Сессия қарап болысымен, 1993 жылдың 28 қаңтарында мақұлданып, заңдық күшіне ие болды. Конституция қоғамда болып жатқан өзгерістерге жауап беруге тиіс болғандықтан, оған да кезең-кезеңімен көптеген өзгерістер енгізіп отыруға тура келді. Мемлекеттік құрылыс, жүйе өзгеріске ұшырап жатқанда, мұның да қисыны бар еді.

Конституция мазмұны «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Заңның ережелері мен ұстанымдарына сәйкес айқындалды. Конституцияның кіріспе бөлімінде Қазақстанның тәуелсіз, құқықтық мемлекет екендігі негізделді. Ол 4 бөлім және 21 тараудан тұрды. Демократиялық және құқықтық мемлекет құруда республика халықаралық нормалар мен құрстарды ұстана отырып, Қазақстан алғаш рет әлемдік қауымдастықтың ажырамас бір бөлігі ретінде жарияланды. Конституция елдегі ұлтаралық келісімді сақтауға негізделіп жасалды. Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына теңдей құқық беру қамтамасыз етіліп, адамдардың міндеттері мен құқықтары және бостандықтары бекітілді. Конституция бойынша қазақ тілі – мемлекеттік тіл болып бекітіліп, ал орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі мәртебесіне ие болды. Мемлекеттік немесе ұлтаралық қатынас тілін білмеу белгілеріне байланысты азаматтардың құқықтары мен бостандықтары шектелуіне тыйым салынды. Сөйтіп, Қазақстанның толыққанды мемлекеттік тәуелсіздігін кон-

ституциялық-құқықтық тұрғыдан рәсімдеу 1993 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясының қабылдануымен жүзеге асты.

Қазақстан қоғамын дамыту барысында Конституциядағы кемшіліктер мен оның шындықтан алыс жатқандығы байқала бастады. Онда Қазақстан демократиялық мемлекет деп жарияланды. Ал шын мәнінде 1993 жылдары демократиялық қайта құрулар енді-енді ғана өзіне жол ашып жатқан болатын.

1993 жылғы Конституцияда Заңда мемлекеттің құқықтық және әлеуметтік бағдары анықталғанмен, басқару түрі туралы нақты айтылмады. Бұл уақытта президенттік және парламенттік республиканың екеуінің де белгілері бар еді. 1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша Президент мемлекет басшысы және атқарушы биліктің бірыңғай жүйесі мәртебесіне ие болды. Мұның ерекшелігі, Қазақстанда Президент мәртебесіне қарай атқарушы биліктің қызметін атқармайды. Бірақ шын мәнісінде президенттік билік атқарушы билікке жататын еді.

1993 жылғы Конституция бойынша Үкімет басшысын, сондай-ақ оның орынбасарларын, министрлер және ведомстволардың басшыларын Жоғарғы Кеңестің келісімімен Президент бекітетін. Конституцияның құрылымында Жоғарғы Кеңес туралы тарау Президент туралы тараудың алдында тұрды. Бұл жоғарғы өкілеттік органның мемлекеттік сатыдан жоғары тұрғанын көрсетеді, мұның өзі мемлекеттік иерархияда жоғарғы өкілетті органның белгілі дәрежеде үстемдігін көрсетті. «Мемлекет және оның органдары мен институттары» атты ережеде Қазақстанның халқының атынан сөйлеу құқығы тек қана Жоғарғы Кеңес пен Президентке тән деп көрсетілген. Экономикалық салада жерді жеке меншікке беруге тыйым салынған.

Кеңестік және тәуелсіз Қазақстанның құқықтық жүйелерінің арасында сабақтастық болды. Ол заңды еді. Себебі тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде Қазақстанға кеңестік құқықтық жүйе мұра болып қалды. Алайда елдегі жағдай тез өзгеріп, қазіргі заманның құқықтық институттары мен нормаларын енгізуге жол ашылды. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы мемлекеттің тәуелсіздігін заңды түрде рәсімдеді, халықаралық қауымдастыққа Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде таныты, біздің қоғамға жаңадан енген кейбір институттарды қоғамдық, саяси және құқықтық салаларда бекітті, сөйтіп сол кезеңдегі үш негізгі міндетті шешті.

Бірақ іс жүзінде 1993 жылғы қабылданған Конституцияның Қазақстандағы шынайы әлеуметтік-экономикалық және саяси үдерістерден алшақтығы мемлекет тұрғындарының тіл мәселесі, меншік нысандары, жерге, азаматтыққа, мемлекеттік сипатына қатысты сәйкессіздіктерін туындатты. Негізгі заңда атқарушы және заң шығарушы биліктердің арасындағы келіспеушіліктерді шешетін тетіктер болмады. Әсіресе, мемлекеттік билік тармақтарының арасындағы қайшылық күшейе түсті.

Үкіметтің биліктен кетуімен жалғасқан парламенттік дағдарыс, атқарушы биліктің дәрменсіздігін күшейтіп, мемлекеттік биліктің тұрақтылығына, мемлекетті басқарудың мүдделеріне қауіп төндірді. Осы себептерге байланысты 1993 жылғы Конституцияны қайта қарау және жаңа Конституцияның қажеттілігі туралы пікір туындады. 1993 жылғы Конституцияда жазылған құқықтық мемлекетті құруға бағытталған әрекеттерді жүзеге асыру мақсатында 1994 жылы елімізде құқықтық реформалардың бағдарламасы қабылданды.

Мемлекеттік егемендіктің және президенттік институттың нығаюы. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы. 1995 жылдың 6 наурызында Республиканың Конституциялық соты 1994 жылдың 7 наурызында өткен парламент сайлауын заңсыз деп шешім шығарды. Нәтижесінде XIII шақырылған Жоғарғы Кеңес таратылып, Қазақстан заң шығаратын өкілді орган Парламентсіз қалды. Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне сайлау 1995 жылы 9 желтоқсанда өтті. Мәжіліс сайлауының нәтижелері бойынша 67 депутат, оның 57-сі ер адам, 9-ы әйел адам депутат болып сайланды. Палатаның барлық депутаттары жоғары білімді, олардың 7-еуі ғылым докторы, 10-ы ғылым кандидаты. Сайланған депутаттар арасында жергілікті атқару органдарының және мәслихаттың басшылары мен қызметкерлері басым болды (19 адам). Әрбір бесінші депутат кәсіпорынның, қауымдастықтың, фирманың, қордың және басқа құрылымдардың басшылары. Әрбір оныншы депутат Президент әкімшілігінің, министрліктер мен республикалық комитеттердің қызметкерлері, 9 депутат ғылым-білім саласының қызметкерлері, мұғалімдер, 4 депутат уақытша жұмыс істемеген. Аграрлық салада – 11 депутат, мәдениет саласында – 3 депутат жұмыс істеді. Құқық қорғау органдары қызметкері – 2, инженер-экономист – 2 депутатты құрады. Бір депутат – заңгер, біреуі әскери қызметші және біреуі зейнеткер болды.

Жаңа Конституция қоғам мен мемлекеттің қайшылықсыз дамуын, елдің азаматтарының ұлтына қарамастан ертеңгі күнге деген сенімділігін орнықтыруы, қазақстандық патриотизмді нығайтып, заңды орындау және сайлау мәдениетін негіздеуі керек болды. Конституция жобасының 18-ге жуық нұсқасы қаралды. Конституция жобасын талдау және сараптау үшін 1995 жылы 22 мамырда Президенттің қаулысымен сараптамалық-консультативтік кеңес құрылды. Бұл кеңеске: Ю.В. Басин – Әділет министрлігі, Қазақ мемлекеттік заң институтының профессоры, заң ғылымдарының докторы; В.А. Ким – ҚазМҰУ мемлекеттік құқық кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының докторы; К.А. Колпаков – Қазақстан Республикасы Президентінің Жоғары кеңестегі жеке өкілі, заң ғылымдарының докторы; А.К. Котов – Әділет министрлігі, Қазақ мемлекеттік заң институтының Жеке құқық ғылыми-зерттеу орталығы директорының орынбасары, заң ғылымдарының докторы; Б.Ә. Мұхамеджанов – Қазақстан Республикасы Президенті аппаратының Заң шығару органы және құқықтық сараптау бөлімінің

меңгерушісі; Е.К. Нұрпейісов – Әділет министрлігі, Қазақ мемлекеттік заң институтының ректоры, заң ғылымдарының кандидаты; Ғ.С. Сапаргалиев – Мемлекет және құқық институтының директоры, Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның мүше-корреспонденті; М.К. Сүлейменов – Әділет министрлігі, Қазақ мемлекеттік заң институтының жеке құқық ғылыми-зерттеу орталығының директоры, Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның мүше-корреспонденті (ғылыми жетекші); Н.А. Шәйкенов – Әділет министрі, заң ғылымдарының докторы бекітілді. Келісім бойынша мына құрамда шетелдік сарапшылар белгіленді: С.С. Алексеев – Ресей Федерациясы Зерттеу орталығының ғылыми кеңесінің төрағасы; Жак Аттали – Франция мемлекеттік Кеңесінің кеңесшісі; Роллан Дюма – Франциянын Конституциялық Кеңесінің төрағасы. Барлығы 12 адам.

1995 жылдың 30 маусымы мен 30 шілдесі аралығында жаңа Конституция жобасы халықтық талқылаудан өтті. Талқылауға 58 республикалық ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер және қозғалыстар қатысты. Олардан – 678 ұсыныстар мен ескертулер түсті. Жаңа Конституция жобасының негізінде адам және азаматтардың еркіндіктері мен құқықтарының үстемдігі орнап, Қазақстандағы мықты президенттік мемлекеттің негізі қаланды. Республика бойынша 34 459 талқылау өткізіліп, оған 3 345 110 адам қатысып, 123 717 адам пікір білдіріп, нәтижесінде 31 886 ұсыныстар мен ескертулер жасалды. Бүкіл халықтық референдумға 8 212 773 азамат (тұрғындардың 81,14%-ы) қатысып, 800 839 азамат қарсы пікір (референдумға қатысушылардың 9,9%-ы) білдірді. 78 130 бюллетень жарамсыз болып табылды. Референдумның жүргізілуін бақылаушылар куәлігін иеленген 328 тұлға қадағалады.

1995 жылдың 30 тамызында Қазақстан халқы республиканың жаңа Конституциясын қабылдады. Ата заңда жаңа мемлекеттіліктің негізі қаланып, қоғамдық дамуды бағыттауға және реттеуге қабілетті тұтас мемлекеттік билік қалыптастырылды. Конституция бойынша Қазақстан Республикасы демократиялық, унитарлық, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет. Басқару нысаны бойынша Қазақстан мемлекеті президенттік республика болып анықталды. Қазақстанның негізгі демократиялық қағидалары – адам құндылығы, адам құқығы мен бостандықтары, идеологиялық және саяси әр алуандылық (плюрализм) заң алдындағы теңдікке негізделді.

Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде дамуының жаңа кезеңі Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамыздағы Конституциясын қабылдаудан басталады. Жаңа Конституция негізінде құқықтық мемлекетке бастау болған демократиялық дамуды бекіткен конституциялық заңдар қабылданды. Мемлекеттік-құқықтық жүйені түбегейлі өзгерткен реформалар жүргізіліп, қазіргі мемлекетті басқару жүйесі қалыптасты. Мемлекеттік құрылым, еңбек ету құқығы – барлығы Заңға бағындырылады.

Қазақстандық парламентаризм. 1995 жылғы Конституция мемлекеттік басқару жүйесі, меншік, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктеріне

қатысты міндеттерді жаңаша тұрғыда шешті. Жоғары өкілді орган – екі палаталы Парламенттің құрылуына құқықтық негіз жасады. 1993 жылғы Конституцияда келісім және саяси тұрақтылық, халықтың игілігі үшін экономиканы дамыту, қазақстандық патриотизм, мемлекет өміріндегі аса маңызды мәселелерді демократиялық әдістермен шешу, республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру түсіндірмелері енгізілмей қалған болатын. Елбасының қалағалауымен бұл түсініктер 1995 жылы қабылданған Конституцияға енгізілді.

Конституцияға «Парламент» ұғымы заң шығарушы органды жетілдіру және одан әрі дамыту мақсатында екі палаталы Парламент енгізілді. Парламенттің жоғары палатасы төменгі палатаның «бұқара халық талаптарына аса көңіл бөлуін қадағалау» мақсатында құрылды. Жалпы, Сенат республика басшысы мен төменгі палата Мәжіліс арасындағы жалғастырушы құрылым міндетін атқарады.

1995 жылғы Конституцияға сәйкес парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенат пен Мәжілістен тұрады. Сенат өкілеттілігі – 6 жыл, Мәжіліс өкілеттілігі – 5 жыл. Осы уақыттан бастап кәсіби парламент қалыптаса бастады. Сенатқа әр облыстан, республикалық маңызы бар қалалар мен Қазақстан Республикасы астанасынан екі өкілден сайланады. Сенатқа 7 депутатты қоғамның ұлттық-мәдени және басқа мүдделерін ескере отырып Президент өзі тағайындайтын болды. Мәжіліс – 77 депутаттан тұрды. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің тұңғыш төрағасы – Марат Оспанов.

Президенттік басқарудың жаңа жүйесі атқарушы биліктің қоғамдағы орны мен жауапкершілігін арттырды. 1995 жылғы Конституцияға сәйкес Президент мемлекет басшысы және жоғарғы қызмет тұлғасы болып табылды. Бірақ атқарушы билік оған тікелей басшылық ете алмайды. Яғни, Президенттің Үкіметтен аракашықтығы байқалды.

1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституция мен «Қазақстан Республикасы Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңына сәйкес заң шығарушы орган мен оның мүшелерінің мәртебесі айқындалды. Қос палаталы Парламент Жоғарғы Кеңестер сияқты жылына 2–3 рет өткізілетін сессияларға жиналып отыратын өкілді орган емес, сессиялары жылда қыркүйектің бірінші жұмыс күнінен басталып, келер жылғы маусымның соңғы жұмыс күні біткенше тұрақты қызмет ететін, еліміздегі заң шығару функциясын жүзеге асыратын ең жоғары өкілді органға айналды. 1995 жылы сайланған Парламент – 500-ге жуық заң қабылдады.

Конституциямыздың 61-бабының 1-тармағына сәйкес заң шығару бастамасы құқығы Республика Президентіне, Парламент депутаттарына, Үкіметке берілді. Парламент заң шығару қызметімен қатар, осы заңдардың орындалуын бақылады. Қазақстан Республикасының Конституциясының 53-бабына сәйкес парламент Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті бюджеттің орындалуы туралы есебін бекітеді. Үкіметтің республикалық бюджеттің орында-

луы туралы есебін Парламенттің бекітпеуі – Парламенттің үкіметке сенімсіздік білдіргенін көрсетеді. Парламенттің өр Палатасы дербес, басқа Палатаның қатысуынсыз «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің» үш мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясының қабылдануымен сайлау жүйесінің жаңа кезеңі басталды. Қазақстанның Сайлау туралы заңнамасының негізін 1995 жылы 28 қыркүйекте қабылданған «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» (конституциялық заң күші бар) Президент Жарлығы құрайды. Енгізілген өзгерістерге сәйкес, бірінші шақырылымдағы Парламент Сенатына сайлау –1995 жылы 5 желтоқсанда өтті. 1995 жылғы Парламент сайлауы науқанының ерекшелігі саяси бірлестіктердің өзара бірігуі болды. Сенатқа – 40 депутат, 19 облыстан және астанадан 2 адамнан сайланды. 7 депутатты Қазақстан Республикасы Президенті тағайындады. Сенат төрағалығына – Өмірбек Байгелді сайланды.

Қос палаталы Парламенттің 1996 жылғы 30 қаңтарда өткен бірінші мәжілісінде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев: «...біз Қазақстанның шынайы, өркениетті парламентаризмінің мөлдір бастауында тұрмыз» деп атап көрсетті. Елімізде кәсіби парламент қалыптаса бастады. Парламентаризм дамуында парламенттің заң шығарушы қызметпен кәсіби айналысу, депутаттық қызметтің кәсібиленуі, бір палаталы құрылымнан екі палаталы құрылымға өтуі бағыттары қалыптасты.

Қазақстан тарихында Парламент ең алғаш рет 1996 жылдың қаңтарынан бастап тұрақты негізде заң шығару функциясын атқаруға кірісті. Конституцияның 3-бабының 4-тармағында «Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінуі, олардың тежемелік әрі тепетеңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау ұстанымына сәйкес жүзеге асырылады», – деп көрсетті.

Әкімшілік-аумақтық реформа. Ұлттық топонимиканы жаңғырту мақсатында, ежелгі тарихи-географиялық атаулардың әкімшілік-аумақтық бірлігі қалпына келтірілді. Сонымен қоса, орыс тіліндегі қазақ топонимикалық атауларын ретке келтіру арқылы көптеген облыстардың, қалалардың, аудандардың және басқа елді мекендердің атаулары өзгертілді. Атаулардың атын өзгерту жергілікті халық депутаттары кеңесінің ұсынысы бойынша және Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті жанындағы Мемлекеттік ономастикалық комиссияның қорытындысы негізінде жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Қазақстан Республикасы жеке әкімшілік-аумақтық бірлігінің жеке атауларының қайта өзгертілуі және орыс тіліндегі қазақ топонимикаларын ретке келтіру туралы» 1993 жылғы 4 мамырдағы қаулысына сәйкес бірқатар облыстар, қалалар, аудандар, ауылдар және басқа да елді мекендердің атаулары қайта өзгертілді. Осы қаулыға сәйкес Джамбул

облысы – Жамбыл; Жамбыл облысының Джамбул қаласы – Жамбыл; Жамбыл облысының Джамбул ауданы – Жамбыл; Жамбыл облысының Чу қаласы – Шу; Жамбыл облысының Чу ауданы – Шу ауданы; Жамбыл облысының Джувалин ауданы – Жуалы; Жамбыл облысының Курдай ауданы – Қордай; Жезқазған облысының Джезлинский ауданын – Жезді; Жезқазған облысының жұмысшы поселкесі Джезды – Жезді; Жезқазған облысының жұмысшы поселкасы Джезказган – Жезқазған; Талды-Курган облысы – Талдықорған; Талдықорған облысының Талды-Курган қаласы – Талдықорған; Оңтүстік Қазақстан облысының Джетысай қаласы – Жетісай; Оңтүстік Қазақстан облысының Джетысай ауданы – Жетісай ауданы; Алматы облысының Энбекшиказах ауданы – Еңбекші қазақ; Алматы облысының Иссык қаласы – Есік; Алматы облысының Джамбул ауданы – Жамбыл; Солтүстік Қазақстан облысындағы Джамбул ауданы – Жамбыл ауданы; барлық ауыл кеңестері мен елді мекендерінде (ауыл, поселке, жұмысшылар поселкесі), ауыл кеңестерінде Джамбул атын Жамбыл ауданы және Жамбылға сәйкес Жамбыл деп өзгертілді.

Сонымен қатар облыстар мен аудандарға да жаңа атаулар берілді:

Ақтөбе облысы бойынша – Қарабұтақ ауданын Әйтеке би; Новороссия ауданын Хромтау;

Алматы облысы бойынша – Нарынкол ауданын Райымбек;

Жезқазған облысы бойынша – Приозерный ауданын Тоқырау;

Қарағанды облысы бойынша – Егіндібұлақ ауданын Қазыбек би;

Көкшетау облысы бойынша – Володар ауданын Айыртау;

Қостанай облысы бойынша – Боровской ауданын Меңдіқара;

Маңғыстау облысы бойынша – Ералиев ауданын Қарақиян;

Павлодар облысы бойынша – Краснокут ауданын Ақтоғай; Ермак қаласын Ақсу;

Талдықорған облысы бойынша – Андреев ауданын – Үйгентас; Киров ауданын – Көксу;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша – Ленин ауданы – Қазығұрт; Бутунск ауданы Ордабасы; Шымкент қаласының Дзержинск ауданын – әл-Фараби; Пахтааральск ауданы – Мақтаарал атауларына өзгертілді

Бірқатар облыстардың аумақтық құрылымы қайта қаралып біріктірілді және соған сәйкес олардың шекарасы да өзгерді. Әкімшілік-аумақтық реформаның барысында Жезқазған облысы Қарағанды облысымен, Көкшетау Солтүстік Қазақстан облысымен, Семей Шығыс Қазақстан облысымен біріктірілді. Ал Талдықорған облысы Алматы облысына қосылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 23 мамырдағы «Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімшілік-аумақтық құрылымдарының өзгеруі туралы» (аудандарды біріктіру арқылы) Жарлығы бойынша бұл облыстардың ішкі құрылымында өзгерістер болды. Президенттің жарлығын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 мамырда-

ғы қаулысының нәтижесінде Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстарының шекаралары өзгерді.

1997 жылғы реформаның негізгі мақсаты әкімшілік құрылымды оңтайландыру және облыстардың қаржылық санын қысқарту еді. Кейіннен бұрынғы екі облыстың орталығы – Көкшетауға 1999 жылы және Талдықорғанға 2001 жылы облыс орталығының мәртебесі, сонымен бірге Алматы және Ақмола облыстарына облыс орталығының мәртебесі қайта қайтарылды.

Қайта өзгертілген әкімшілік-аумақтық реформалардың салдары әртүрлі болды. Торғай облысының қысқаруы аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына қатты әсер етті. Жезқазған облысы ірі корпорация «Қазақмыстың» болуының арқасында бұл үдерістен жеңіл шықты. Семей облысының Шығыс Қазақстанға қосылуы Шығыс Қазақстан облысын дотациялық өңірге айналдырды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 тамыздағы «Семей, Шығыс Қазақстан облыстарының 2006–2008 жылдарға қаланы дамыту бағдарламасын бекіту туралы» қаулысы қабылданғаннан кейін жағдай жақсы жағына қарай өзгере бастады. Бағдарламаны жүзеге асыру өндіріс тауарлары мен қызмет көрсету көлемінің ұлғаюына, инвестиция құйылуының артуына, азаматтардың материалдық және пәтер-үй жағдайларының жақсаруына, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның материалдық қор нысанының нығаюына септігін тигізді.

Әкімшілік-аумақтық реформаның ішкі ғана емес, геосаяси маңызы бар. Өйткені, сол облыстардың алғашқы кезекте мемлекеттік шекарасымен бірге сыртқы шекарасы да бір мезгілде жаңаша құрылды. Шекарамен шектес аймақтарды ірілендіру болашақта олардың жағдайларын тұрақтандырды. Тәуелсіз Қазақстанның біртұтас жалпы геосаяси кеңістікте ішкі бірігуіне жағдай жасады. Ірілендірілген шеткі облыстардың маңыздылығы шекараға шектес қаланың атымен емес, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстары сияқты Қазақстанның маңызды аймақтарымен аталды.

1990 жылдардың екінші жартысындағы конституциялық реформалар. 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы құқықтық мемлекет құру жолындағы жаңа реформаларға жол ашты. Конституцияның 1-бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады: оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – деп тұжырымдалды. Құқықтық мемлекетті одан әрі дамыту жолында Конституциялық заңдар да қабылданды.

1995 жылғы Конституция Қазақстан Республикасын президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет ретінде орнықтырды. Еліміздегі саяси реформалау 1997 жылдан тұрақты даму мен барлық мемлекеттік институттар жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталды. Осы жылы

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасы қабылданды. Елбасының 1998 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында елді демократияландыру және саяси реформалау бағдарламасы ұсынылды.

1998 жылы 7 қазанда №284 «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңы қабылданды. 1998 жылғы Конституцияға енгізілген толықтырулар мен өзгерістер мемлекеттік билік жүйесіндегі өкілетті органның орны мен рөлін, маңызын нығайтты. Конституция ережелеріне енгізілген түзетулер еліміздің заң шығарушы органы қызметінің тиімділігі мен депутаттардың кәсібилігін арттыруға бағытталды. Осыған сәйкес, Парламенттің Конституцияға өзгерістер енгізу өкілеттілігі кеңейтілді. Сот жүйесін демократияландыру мақсатында алқа билер соты енгізілді. Осы өзгерістерге сәйкес, ауыл, село және поселкелік әкімдерді сайлау қарастырылды.

Конституциялық ережелегі өзгерістер мемлекеттік қызметшінің жасы алпыс жастан, ал ерекше жағдайларда алпыс бес жастан аспауға тиіс деген сөздер алынып тасталды. Президенттік лауазымға сайлау мерзімін 7 жылға дейін ұзартты. 1999 жылдың 6 мамырындағы Конституцияға енгізілген толықтыруларға сәйкес саяси партияларға Парламент Мәжілісінен 10 депутаттық мандат берілді. Конституцияға өзгерістер енгізілуімен қатар кезектен тыс Президент сайлауы жарияланды.

Сайлау және көппартиялық жүйенің қалыптасуы. Қазақстандағы көппартиялықтың тарихы XX ғасырдың басынан басталады. Ә. Бөкейханов бастаған «Алаш», басшысы К. Тоғысов болып сайланған «Үш жүз» партияларының болғаны тарихтан белгілі. Алайда бірпартиялық жүйеге негізделген кеңестік большевиктік билік орныққаннан кейін жетпіс жылдан астам уақыт КОКП үстемдік етті. Барлық маңызды лауазымды қызметті – Компартияның мүшелері иеленді.

Әміршіл-әкімшіл жүйенің саяси дағдарысы тереңдеген өткен ғасырдың 80-жылдарының екінші жартысынан көппартиялық үдеріс жанданды. 1986 жылғы желтоқсан көтерілісінен кейін, көтеріліс себептері және оған берілген саяси бағамен келіспеушілік «Желтоқсан қозғалысының» құрылуына әкелді. Қозғалыстың басында – 1986 жылғы желтоқсанға қатысты жауапқа тартылған саяси қайраткер Хасен Қожа-Ахмет тұрды.

Билік жүйесінде коммунистік партия басымдылығы сақталып қалды. Жалпыодақтық «көңіл-күй» Қазақстанды да сырт айналып өтпеді: баспасөзде КОКП-ны сынға алу, коммунистердің өзара келіспеушілігі орын алды. 1989 жылы қазанда құрылған «Кеңес» Алматы сайлаушылар клубында КОКП-ның «кеңес қоғамының басқарушы және бағыттаушы күші» болу қабілеттілігінен айырылғандығы ашық айтылды. Қоғамдағы саяси реформалар қоғамдық қозғалыстардың жұмысын жандандырып, олар ұлттық, мемлекеттік құндылықтарды қайта жаңғыртуға белсене араласты. КОКП қатарынан шығу басталды. 1987–1989 жылдары пікірталас клубтары, тарихи-ағарту қоғамдары, азаматтық қозғалыс-

тардың пайда болуына байланысты коммунистік партия қатары сирей бастады. 1989 жылдың аяғында коммунистік партияға мүшеліктен шыққандардың қатары партияға қабылданғандар санынан асып түсті. Коммунистік партиядан 12446 адам, ал 1991 жылы бірінші үш тоқсанда 15 мыңнан артық адам шықты. 1990 жылдың соңында қазақстандық партия ұйымдары қатарында шамамен 800 мың коммунист болды. Осыған қарамастан Қазақстанда Компартия өз ықпалын сақтап тұрды. Мысалы, барлық деңгейдегі Кеңес депутаттарының арасында коммунистер 52,7%-ды құрады. Қазақстанның бұрынғы басшысы Д.А. Қонаев осы кезеңдегі көппартиялық пен бірпартиялық жүйені салыстыра келе: «бізде бір-ақ партия болды. Және ол бәріне жауапты еді. Қазір не көп, партия көп. Және олардың бірде-біреуі ештеңеге жауап бермейді. Бәлкім, әрбір партия қоғамда өзінің лайықты орнын тауып, ол үшін пайдалы іс істейтін күн келер. Дәлірек айтқанда, ол бүгін-ертең емес, күндердің күнінде болатын үміт дүниесі», – деген тұжырым жасады.

1990 жылы елдегі саяси-экономикалық дағдарысқа қарамастан тәуелсіз мемлекет, яғни Қазақстан Республикасын құратын жаңа саяси күштер қалыптаса бастады. 1990 жылы мамыр айында «Әділет», «Ақиқат», «Азамат», «Жерұйық», «Кәусарбұлақ», «Форум» қоғамдық ұйымдарының бастамасымен құрылтай съезі шақырылып, «Желтоқсан» қозғалысы негізінде Қазақстан ұлттық демократиялық партиясы «Желтоқсан» құрылды. Партия көшбасшылары болып Хасен Қожа-Ахмет пен А. Нәлібаев сайланды. 1990 жылдың 26–27 мамырында Дос Көшімов бастаған «Қазақстан социал-демократиялық» (ҚСДП) партиясы өмірге келді. 1990 жылы 1 шілдеде «Азат» азаматтық қозғалысының құрылтай конференциясы өтіп, бас қосуға қатысқандар «Қазақстанның «Азат» азаматтық қозғалысының негізгі мақсаты мен ұстанымдары» деген декларация қабылдады. Онда «Азат» азаматтық қозғалысы тәуелсіздік, мемлекеттік тіл, ұлттық ақша мәселелерін көтерді. Республиканың ішкі қоғамдық-саяси өмірінде әртүрлі саяси және қоғамдық бірлестіктердің қызметтері жолға қойылды.

1990 жылғы 9 қазанда «Қоғамдық бірлестіктер туралы» одақтық Заңның, 1991 жылы маусымда Қазақ КСР-інің «Қазақ КСР-і қоғамдық бірлестіктер туралы» заңның қабылдануына байланысты алғашқы партиялар құрыла бастады. Заңда азаматтар үшін қоғамдық-әлеуметтік һәм өмірлік маңызы бар мәселелер қамтылды, бостандық құқы жарияланды.

1991 жылы 4 қыркүйекте 30 өкіл қатысқан «Азат» партиясының құрылтай конференциясы өтті. Конференция парламенттік типтегі «Азат» Қазақстан республикалық партиясы құрылғанын жариялады. Осы кезде «Азат» қозғалысы екіге бөлінді. Оның бірі – «Азат» Қазақстан азаматтық қозғалысы, екіншісі – «Азат» Қазақстан республикалық партиясы.

Бұрынғы Коммунистік партия 1991 жылы 7 қыркүйекте кезектен тыс съезін өткізіп, өзін-өзі таратты. Съезд бұрынғы Коммунистік партияны Қазақстан социалистік партиясы (ҚСП) деп атау жөнінде шешім

қабылдады. Партия құрамына мемлекеттік жауапты қызметкерлер, халық депутаттары кірді. Тең төрағалары болып Петр Своик пен Фазиз Алдамжаров сайланды.

Әміршіл-әкімшіл жүйенің іргесі сөгілген сайын Қазақстанда демократиялық еркіндікке жол ашылып, көппартиялық жүйе қалыптаса бастады. 1991 жылдың 5 қазанында Қазақстан халық конгресі партиясы (ҚХКП) құрылды. Партияның тең төрағалары болып, «Невада – Семей» қозғалысының жетекшісі, белгілі ақын О. Сүлейменов пен «Аралды қорғау» қоғамдық қозғалысының жетекшісі, ақын М. Шаханов сайланды. 1996 жылы М. Шаханов «Арал – Азия – Қазақстан» қозғалысына ауысып, төрағалық қызметін В. Рогалев, Г. Ерғалиева атқарды. Оның құрылтайшылары – «Семей – Невада», «Арал – Азия – Қазақстан» қозғалыстары, Әйелдер одағы, Тәуелсіз Бірлесу көсіподағы, Қазақ тілі қоғамы мен ұлттық мәдени орталықтар болды. ҚХК партиясының Солтүстік Қазақстаннан басқа 18 облыста өз ұйымдары болды. «Халық Конгресі», «Народный Конгресс» газеттері шығып тұрды.

1991 жылдың 24 қарашасында төрағасы А. Докучаева бастаған, негізі орыс тілді зиялылардан құралған «Қазақстан демократиялық прогресс партиясы» құрылтай съезін өткізді. Қазақстанда саяси үдерістің жандануы кейбір партиялардың бірігуіне жағдай жасады. 1992 жылы 11 қазанда «Азат» азаматтық қозғалысы, «Азат» республикалық партиясы, «Желтоқсан» ұлттық демократиялық партиясы бас қосқан біріктіру съезі өтті. Съезд «Азат» республикалық партия шеңберінде ұйымдасты деген шешім шығарды. Біріккен жаңа «Азат» республикалық партиясының төрағасы болып Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Камал Ормантаев, оның бірінші орынбасары болып Хасен Қожа-Ахмет, бас кеңесшісі болып Жасарал Қуаныш-Әлі сайланды. 1993 жылы 6 ақпанда Қазақстан Халық бірлігі одағы (ҚХБО) құрылды. Одақтың төрағасы болып 1993 жылы 6 ақпандағы құрылтай съезінде С. Абдрахманов, 1993 жылғы 2 қазандағы бірінші съезінде Қ. Сұлтанов сайланды. Халықты одақтың жұмысымен құлағдар етіп отыру «Жас Алаш» және «Экспресс К» газеттеріне жүктелді. Одақ кейіннен «Дәуір», «Время» газеттерін шығарып тұрды.

1993 жылы 17 желтоқсанда «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» кодекстің қабылдануымен Қазақстанда мажоритарлық сайлау жүйесі енгізілді. 1994 жылдан саяси партиялар алғаш рет елдің барлық деңгейдегі өкілдік органдарына сайлауға қатысуға мүмкіндік алды. 1994 жылы 20 ақпанда «Халықтық-кооперативтік партия» (ХКП) төрағасы Өмірзақ Сәрсенов, 1995 жылы 27 қаңтарда Қазақстанның «Дәуірлеу» партиясы, төрағасы Алтыншаш Жағанова, 1993 жылы 6 ақпанда құрылған Қазақстан Халық бірлігі одағы (ҚХБО), 1995 жылғы ақпан айынан Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев бастаған «Қазақстан халық бірлігі партиясына» айналды. 1995 жылы 1 шілдеде төрағалары Төлеген Жүкеев пен Алтынбек Сәрсенбаев бастаған Қазақстанның демократиялық партиясы құрылды. Көппартиялық бәсекелестік

негізінде 1995 жылы желтоқсанда Қазақстан Республикасының қос палаталы Парламентіне бірінші сайлау өтті. Сайлау кезінде – «Қазақстан Халық бірлігі партиясы» барынша көп дауыс (24 адам, оның 12-сі партия мүшесі) жинады.

Көппартиялық жүйенің қалыптасуындағы заңнамалық негіздің жаңартылуы, жетілдірілуі 1996 жылы 31 мамырда қабылданған «Қоғамдық бірлестіктер туралы» және «Саяси партиялар туралы» заңдардан да көрініс тапты. Қазақстан азаматтарының еркін бірігу құқы осы заңдармен қамтамасыз етілді. Бұл заңдар партия қызметтерін конституциялық заңнама шеңберінде реттеумен және парламенттік типтегі партияларды қалыптастыру мақсатында қабылданды. Бірақ 1995 жылғы Парламент Мәжілісіне сайлаудан кейін партиялар дамуындағы дағдарыс байқалды. Мұның басты себебі – партиялар қызметінің сайлау науқанымен шектелуі еді. Дегенмен, дөңгелек үстелдер, келісімшарттардан көрініс тапқан, саяси билік пен саяси партиялар арасында ынтымақтастық бағыттағы басқа да іс-шаралар жүзеге асырылды. 1996 жылы 20 қыркүйекте «Азамат» Қазақстан демократиялық партиясы, төрағалары М. Әуезов, Ғ. Әбілсейітов, П.В. Своик, 1998 жылы желтоқсанда «Қазақстанның республикалық Халықтық партиясы», төрағасы экс-премьер Ә. Қажыгелдин, 1999 жылы 6 қаңтарда «Қазақстанның аграрлық партиясы» (төрағасы Р. Малинов) құрылды. Өзіндік бағыттарын айқындады.

1996 жылы қабылданған «Саяси партиялар туралы» заңда орын алған кемшіліктер партиялардың саяси үдеріске белсене араласуына мүмкіндік бермеді. Сондықтан заңды қайта қарау қажеттілігі туындады. Партиялық жүйедегі дағдарыс 1998 жылдың қыркүйек айынан тереңдей түсті. Саяси партиялар белсенді қызмет етуіне Президенттік, Парламенттік және мәслихат сайлауларының әсері болды. Қазақстанда қалыптасқан көппартиялық жүйе жағдайы партиялық тізім бойынша дауыс беруді енгізуге мүмкіндік жасады. 1998 жылдың 17 қарашасында партиялар қатары А. Перуашов бастаған «Азаматтық» партиямен толықты. 1999 жылдың 10 қаңтарында Қазақстан Президентіне бүкілхалықтық сайлау өтті. Президент алғаш баламалық негізде сайланды. Сайлау нәтижесінде – 81,71% сайлаушының дауысына Н.Ә. Назарбаев ие болды.

Оппозициялық партиядан сайлауға Қазақстан Коммунистік партиясының бірінші хатшысы Серікболсын Әбділдаұлы Әбділдин түсіп, 12,6% дауыс жинады. Президенттік сайлаудан кейін, 1999 жылғы қаңтар айында сайлау штабының негізінде «Отан» Халықтық Демократиялық Партиясы құрылды. «Қазақстанның демократиялық партиясы», «Қазақстан Халық бірлігі партиясы», «За Казахстан – 2030» либералдық қозғалысы 1999 жылғы наурыз айында «Отан» партиясына қосылды. Осы жылдың 12 ақпанында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелді. Төраға – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

1999 жылғы 10 қазанда конституциялық өзгерістерге сәйкес Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісі мен жергілікті мәслихаттар-

дың сайлауы өтті. Сайлау додасына 10 партия қатысты. Қазақстан көппартиялық жүйе бағытында дамып келеді. Қазақстанда ресми тіркелген 10 саяси партия қызмет жасайды: Қазақстан Коммунистік партиясы, «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы, Қазақстан Патриоттары партиясы, Қазақстан социал демократиялық «Ауыл» партиясы, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы, «Руханият» партиясы, «Әділет» демократиялық партиясы, «Қазақстан Коммунистік Халық партиясы», Қазақстанның «Азат» Демократиялық партиясы, «Жалпыұлттық социал демократиялық партия (ЖСДП)». Әр партияның бағыт-бағдарлары, өзіндік даму жолы, ұстанымдары бар.

2005 жылғы Президенттік сайлау. Қазақстан Республикасы конституциялық кеңесінің 2005 жылғы 25 тамыздағы және Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің 2005 жылғы 7 қыркүйектегі қаулысымен президент сайлауын 2005 жылдың желтоқсанында өткізу белгіленді.

2005 жылғы 9 қыркүйекте Республикалық «Отан» партиясының VIII съезінде Президент орнына кандидат ретінде партия жетекшісі Н.Ә. Назарбаев ұсынылды. Съезд шешімі бойынша Президенттің кандидатурасын қолдау үшін «Қазақстанның халықтық коалициясы» құрылды. «Отан» партиясымен бірге 7 саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер кандидаттыққа Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты ұсынды. Сонымен бірге Ерасыл Абылқасымұлы Абылқасымов Коммунистік халық партиясынан, Әлихан Мұхаммедиярұлы Байменов «Ақ жол» демократиялық партиясынан ұсынылды.

Президент сайлауына дайындық оппозициялық лагерьдің жіктелуіне алып келді. «Ақ жол» демократиялық партиясы ішкі алауыздықтан екі қанатқа бөлінді. Бірінші қанат Әлихан Байменовтың төңірегінде қалыптасса, Болат Әбілов тың бастамасымен Ораз Жандасов, Алтынбек Сәрсенбаев екінші қанатқа бөлініп, «Әділетті Қазақстан үшін» қозғалысына бірікті. Бұл қозғалысты Әкежан Қажыгелдин, Заманбек Нұрқаділов қолдады.

Президентікке кандидаттардың ішінде Уәлихан Қайсаров, Өтен Сәлім Сағындықұлы, Асылбек Амантай Хантемірұлы, барлығы 18 үміткер болды. Президенттік орынға 4 кандидат Республикалық қоғамдық бірлестіктен ұсынылды, ал қалғандары — 14 өз-өздерін ұсынушылар. Орталық сайлау комиссиясында президенттік орынға бес кандидат: Нұрсұлтан Назарбаев, Ерасыл Абылқасымов, Әлихан Байменов, Мәлс Елеусізов және Жармахан Тұяқбай ресми тіркеуден өтті.

2005 жылғы 4 желтоқсандағы Президент сайлауы Қазақстанның саяси өміріндегі маңызды оқиға болды. Тізімдегі 8,8 млн сайлаушылардан дауыс беруге 6,8 млн адам қатысты. Н.Ә. Назарбаевқа сайлаушылардың 6,1 млн адамы жақтап дауыс берді. Шынында да, бұл сайлау Н.Ә. Назарбаев саясатының салтанатты жеңісі еді. Сонымен бірге бұл сайлау тұрақты ресми биліктің оппозициямен ұзақ уақыт пікірталастыруына алып келді.

Сайлау нәтижесі бойынша, Н.Ә. Назарбаев 91,15%, Ж.А. Тұяқбай – 6,61%, Ә.М. Байменов – 1,61%, Е.А. Абылқасымов – 0,34%, М.Х. Елеусізов – 028% сайлаушылардан дауыс жинақтады.

1995 жылғы Президент сайлауына 91,21%, 1999 жылы – 87,05%, 2005 жылы 77% халық қатысты. Жалпы, Президент сайлауына қатысқан азаматтардың көрсеткіші неғұрлым жоғары. Парламент сайлауында қатысқан сайлаушылардың көрсеткіші төмендеу (мысалы, 2007 жылғы Мәжіліс сайлауында сайлаушылардың белсенділігі 64%-ды құрады). Бұл тенденция қазіргі жағдайда ТМД елдеріне ғана тән емес, дамыған демократиялық елдерге тән құбылыс. Оған бірнеше себептер болды. Азаматтардың Мемлекет институтына деген саяси қатынасы, бірінші кезекте қазіргі Мемлекет басшысының беделі мен қызметіне байланысты еді.

2006 жылы 11 қаңтарда Астанада, жаңа президент сарайы «Ақ Ордада» Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне ресми кіруіне байланысты ұлықтау рәсімі болып өтті. Оған 70-тен астам әлемдік елдердің өкілдері қатысты.

Нұрсұлтан Назарбаев оң қолын Қазақстан Республикасы Конституциясына қойып Қазақстан халқына ант берді. «Қазақстан халқына сеніммен қызмет істеуге, Конституция және Қазақстан Республикасының заңдарын қатаң ұстауға, азаматтардың бостандықтары мен құқықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентіне жүктелген жоғары міндеттерді адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін», – деді. Мемлекет басшысы Республикалық орталық сайлау комиссиясының төрағасы Оңалсын Жұмабеков Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа Қазақстан Республикасы Президентінің куәлігін тапсырды. Қазақстан Республикасының Президенті сөз сөйледі. Өз сөзін бастай отырып, Нұрсұлтан Әбішұлы: «Бүгін – күн ант қабылдаған, мен үшін ғана емес, барлық біздің халқымыз үшін өте маңызды тарихи күн. Мен осы сайлауда маған көрсеткен барлық халықтық қолдауды саяси тұрақтылықты, ұлтаралық келісім мен динамикалық экономикалық дамуды қолдау ретінде қабылдаймын. Сондықтан менің жоғары қойған қасиетті борышым болашақта да Қазақстан халқына адал қызмет ету», – деді. Мемлекет басшысы бұдан бір ай бұрын Республикада өткен сайлау, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі күнге, болашаққа жалпы мақсатқа бірігуде халқымыздың бірлігінің айқын сенімділігін дәлелдейтінін атады.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның болашағы таңдаған мақсатымызға байланысты екендігін ерекше атап өтті. «Елбасымыздың алға қойған мақсаты келесі онжылдықта Қазақстанды әлемдегі бәсекеге қабілетті елу мемлекеттің қатарына кіргізу, сонымен қатар халқымыздың игілігі үшін қойған жоғары мақсатқа батыл, қайтпас қайсармен ұмтылуға шақырды. Ұлықтау рәсімінен кейін Президент Резиденциясы алаңының алдында Қазақстан Республикасының Жоғарғы қолбасшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Мұхтар Қапашұлы Алтынбаевтың баяндамасын қабылдады. Сонымен қатар ұлттық гвардияның бөлімдері, әскери жасақтар, әскери қызметкерлер

қатысқан салтанатты шеру өтті. Қазақстан Республикасы Президентінің ұлықтау рәсіміне әлемнің әртүрлі елдерінен 300-ден астам тілшілер қатысты.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылы 11 қаңтарда сөйлеген сөздерінің мақсаты халықтың тілегіне, көңіл күйіне жақын қабылданды. Тәуелсіздік жолымен келе жатқан Қазақстан халқының арманы демократиялық, әлеуметтік және гүлденген мемлекет еді. Ел Тәуелсіздігін алу, экономикалық, әлеуметтік, саяси саладағы жетістіктері қазақстандықтарға болашаққа сеніммен қарауға мүмкіндік берді.

2000 жылдардағы көппартиялық пен парламентаризмнің даму эволюциясы. 2007 жылғы конституциялық реформалар. 2002 жылы 15 шілдеде «Саяси партиялар туралы» жаңа заң қабылданды. Онда бұрынғы заңның негізгі қағидалары сақталып, ішінара өзгерістер енгізілді. Саяси партия ұғымының анықтамасы қайта қаралып, нақтырақ айтқанда «мемлекеттік билікті жүзеге асыруға өз өкілдері арқылы қатысу жолымен азаматтардың саяси еркін білдіре алады» деген жолдар алынып тасталды. Енді Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауына қатарынан екі рет қатыспаған саяси партия соттың шешімімен таратылатын болды. Саяси партияларды құру, оны мемлекеттік тіркеуден өткізу талаптары күшейді. Бұрынғы заң бойынша саяси партия құру үшін еліміздің қандай да бір жерінде тұратын 10 адамның бастамасы жеткілікті болса, жаңа заң бойынша (2002 жыл) саяси партия Қазақстан Республикасы азаматтары тобының (бір мың адамнан кем емес, саяси партияның құрылтай съезін шақыратын және облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен астананың үштен екісінің атынан өкілдік ететін) бастамасы бойынша құрылатын болды. Саяси партияны мемлекеттік тіркеу талабындағы тағы бір өзгеріс, оның партия мүшелерінің санына байланысты болды. 1996 жылғы «Саяси партиялар туралы» заң бойынша саяси партияны мемлекеттік тіркеу үшін оның қатарында 3000 мүшесі (Қазақстан Республикасы облыстарының жартысынан астамы атынан өкілдік ететін) болса жеткілікті еді. Жаңа заң бойынша саяси партияның құрамында партияның барлық облыстардағы, республикалық маңызы бар қала мен астанадағы әркайсысында кемінде 700 партия мүшесі бар құрылымдық бөлімшелерінің атынан өкілдік ететін кем дегенде 50 000 партия мүшесі болуы міндеттелді. Осы өзгерістер партиялық алаңнан кейбір партиялардың кетуімен қатар, жаңа талаптарға сойкес 12 саяси партияны дүниеге әкелді.

Саяси партияны мемлекеттік тіркеуден өткізу, құрылтай съезі өткізілген күннен бастап екі айдан кешіктірілмей тіркеуші органға өтініш беру арқылы жүзеге асырылатын болды. Өтінішпен қоса саяси партияның жарғысы мен бағдарламасы, құрылтай съезінің хаттамасы, партия мүшелерінің тізімі және мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алымның төленгені туралы құжат өткізілу талап етілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2002 жылы 20 қыркүйекте бекітілген Қазақстан Республикасының құқықтық сая-

сатының Тұжырымдамасы еліміздегі құқықтық мемлекетті қалыптастыру ісін одан әрі дамытты. Құқықтық дамудың жаңа қырлары қоғам және мемлекеттің әлеуметтік, саяси, экономикалық салалары институттарының модернизациялануынан да айқын байқалды.

Сол кезеңдегі біздің еліміздегі жүріп жатқан қоғамдық-саяси үдерістер, Қазақстан Республикасындағы демократиялық реформаларды дайындау және нақтылау бойынша Мемлекеттік комиссия жұмысы, саяси оппозицияның қызметі – осының барлығы бүкіл құқықтық жүйенің даму логикасына сәйкес жүргізілетін конституциялық реформаларды қажет етті. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы» еңбегінде: «Конституция біздің бостандықтарымыздың негізіне айналды. Ол бізге тәуелсіздік алып келген жеңістеріміздің, біздің тапқан табыстарымыздың бүкіл кешенін баянды етті», – деп жазды. 2004 жылы Конституциялық заңға енгізілген түзетулер мен толықтыруларға орай партиялық жүйеге де өзгерістер енді. Жаңа редакция бойынша саяси партиялар сайлау блоктарын құру құқығына ие болды. Ол 2004 жылғы 19 қыркүйекте Парламент Мәжілісіне сайлауда кейбір партиялардың бірігуіне алып келді.

2004 жылдан бері оппозициялық күштер парламенттік сайлауда артынан бірнеше ұтылысқа тап болды және ыдырауды бастарынан өткізді. Осы жолғы партияның жаңадан ұйымдастырылуы белгілі бір деңгейде оппозицияның саяси кеңістігін тарылтты.

Үшінші шақырылымдағы Парламент Мәжілісіне сайлау 2004 жылдың 19 қыркүйегінде өтті. Сайлауға 12 саяси партия, олардың 4-еуі екі сайлау блогының құрамында қатысты. Сайлау нәтижесінде партиялық тізім бойынша берілетін 10 мандатты 7 пайыздық кедергіден өткен келесі партиялар өзара бөлісті: «Отан» партиясына – 7 депутат, «Асар» республикалық партиясына, «Ақ жол» демократиялық партиясына, «Азаматтық партиясы» мен «АИСТ блогына» – 1 депутат.

Сайлау нәтижесінде Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне 77 депутат сайланады. 67 депутат Республиканың әкімшілік-аумақтық бірлігі ескеріле отырып құрылған, шамамен сайлаушылардың саны тең бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланса, ал 10 депутат барабар өкілдік жүйесі бойынша және біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер негізінде сайланды. Олардың ішінде 7 депутат «Отан» республикалық саяси партиясынан, бір депутат «Асар» республикалық партиясынан, 1 депутат «Ақ жол» демократиялық партиясынан және 1 депутат Қазақстанның Аграрлық және Азаматтық партияларының «АИСТ» сайлау блогынан (Еңбекшілердің аграрлық-индустриялық одағы) сайланған. Сайланған парламентарийлердің жалпы санынан – 59 депутатты саяси партиялар ұсынды: «Отан» республикалық саяси партиясынан – 42, «АИСТ» сайлау блогынан – 11, «Асар» республикалық партиясынан – 4, «Ақ жол» демократиялық партиясынан – 1, Қазақстан Демократиялық партиясынан – 1. Өзін-өзі ұсынған депутаттар саны – 18. Палата

құрамында 69 ер адам және 8 әйел болған. Үшінші сайланған Мәжілістің депутаттық құрамының орташа жас мөлшері – 53 жас (ең жасы – 28 жаста, ең егдесі – 73 жаста). Олардың қатарында 13 ғылым кандидаты мен 15 ғылым докторы және парламентарийлер арасында 21 инженер, 14 заңгер, 16 экономист бар.

Палатада парламенттік стажы бар депутаттар саны өсуде. Мәжілістің 29 депутаты бұрынғы сайланымда жұмыс істеген, олардың 3 – бірінші және екінші сайланымда, 2-еуі – Сенатта, 12 депутат бұрын әртүрлі сайланған Жоғарғы Кеңестің депутаттары болған. Үкімет 291 заң жобасына бастамашы болып, Парламент Мәжілісіне жіберген. Ал депутаттар 55 заң жобасына бастамашы болды. Парламент палаталары 321 заң қабылдап, оларға Президент қол қойған, олардың 10-ына депутаттар бастамашы болған. Үшінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы – Мұхамеджанов Орал Байқонысұлы.

2005 жылдың тамызында 1999 жылы 6 жылға сайланған 16 сенатор орнына сайлау өтті. 2005 жылы Алматы облысының – Ескелді, Шығыс Қазақстан облысының – Көкпекті, Батыс Қазақстан облысының – Жаңғалы, Солтүстік Қазақстан облысының – Тимирязев аудандары әкімдерінің сайлауы өтті. Келесі 2006 жылы 49 аудандық, 10 облыстық деңгейдегі қала әкімдеріне сайлау ұйымдастырылды. Бірақ аудандық, облыстық деңгейдегі әкімдерді сайлау және оны ұйымдастыру тетіктері тиімді ойластырылмады.

Қазақстанда ресми түрде тіркелген 12 саяси партия, 5820 әртүрлі үкіметтік емес ұйымдар, 3340 қоғамдық қор, 1072 ассоциация мен заңды тұлғалар, 471 ұлттық-мәдени бірлестік, 3340 діни бірлестіктер, әртүрлі меншік нысанындағы 6646 бұқаралық-ақпарат құралдары қызмет атқаруда. Осы аталған және азаматтық қоғамның басқа да институттары елді демократияландырудың маңызды факторлары бірегей үлгісі мен басым бағыттары болып табылады.

2006 жылы Қазақстанның саяси партиялары ерекше белсендік танытып, саяси күштер құрылымына жаңа серпін берді. Қыркүйек айында, «Нұр Отан» партиясы мен «Асар» партиясы бірігіп, жаңа «Нұр Отан» партиясын қалыптастырды және партия мүшелерінің саны – 700 мыңға дейін артып, ең ірі партияға айналды. Біріккен партияның мүшелері парламентте көпшілік орынға ие болды. Жаңа «Нұр Отан» партиясы қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласатынын жария етті. Соның ішінде, ең алдымен парламент жұмыстарын күшейтуге, президенттің үндеуіне қолдау көрсетіп, насихаттауға көніл бөлетінін ерекше атап көрсетті. Екі ірі партияның бірігуі Қазақстанның ішкі саяси күштеріне өзгеріс алып келді.

2007 жылы қалыптасқан жағдай жаңа саяси трансформацияларды қажет етті. Президенттік басқарудан демократиялық сипаты басымырақ парламенттік жүйеге өту кезеңі келді. 2007 жылы 21 мамырда Парламенттің қос палатасы Президент Н.Ә. Назарбаевтың Конституцияға өзгерістер енгізу туралы ұсынысын қолдап дауыс берді. Бұл

өзгерістер билік тармақтарының арасындағы тепе-теңдік және тежемеліліктің тиімді жүйесін қалыптастыруға бағытталды. Осы мақсатта Президенттің біршама өкілеттілігі Парламентке берілді. Сөйтіп, Парламент Үкіметті, Конституциялық Кеңестің үштен екі бөлігін, Орталық сайлау комиссиясын, Есеп комитетін қалыптастыру және олардың қызметін бақылау құзырына ие болды. Үкіметтің қызметі тиімді және сапалы болуы үшін оның мемлекет басшысы мен Парламент алдында жауаптылығы қалыптастырылды. Атқарушы билікті реформалау шеңберінде әкімдерді сайлау, жергілікті өзін-өзі басқару институттарын жетілдіру қарастырылды. Бұл іс жүзінде президенттік басқарудан президенттік-парламенттік басқаруға өтуді білдірді. Сонымен, 2007 жылғы конституциялық реформа нәтижесінде Қазақстанда жаңаша саяси жүйе қалыптастыру мүмкіндігі туды. Конституциялық реформалар саяси билік институттарын одан әрі жетілдіру, билік тармақтарының қарым-қатынасын реттеу, қазіргі заманғы талаптарға сәйкестендіру мақсатында жүргізілді. Соның нәтижесінде мемлекеттік басқару жүйесі жаңартылды.

2007 жылдың 20 маусымында Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы бойынша үшінші шақырылымдағы Парламент Мәжілісі өз қызметін тоқтатты. Қазақстан Республикасы Парламентінің жаңа құрамы 2007 жылғы мамыр айында Конституцияға енгізілген толықтырулар мен түзетулер негізінде қалыптасты. Мәжіліс – 107 депутаттан құралды, 9 депутат Қазақстан халқы ассамблеясынан сайланды.

Төртінші шақырылымдағы Парламент Мәжілісіне сайлау 2007 жылы 18 тамызда өтті. Парламент Мәжілісіне сайлау ерекшелігі саяси науқанда батыс елдеріндегі PR-дың (пиар) кеңінен қолданылғандығы. Саяси партиялар ашық теле-дебатқа шықты. Сайлауға 7 саяси партия қатысты. Алайда тек «Нұр Отан» партиясы 7 пайыздық кедергіден өте алды. Парламент құрамы сандық тұрғыдан ғана емес, сапалық тұрғыдан да өзгеріп отырды.

Мәжілістің құрамына бұрынғы сайланымның депутаттық корпусынан – 39 депутат, мемлекеттік басқару органдарынан – 24 адам, жергілікті басқару органдарынан – 19 адам, бизнес құрылымдарынан – 8 адам, білім беру, ғылым және мәдениет саласынан – 8 адам және басқа салалардан – 9 адам кірді.

Палатада білімі бойынша әртүрлі біліктілігі бар инженерлер – 42, заңгерлер – 34, екінші жоғары білім алған педагогтар – 23 депутат. Ал 21 депутаттың – экономикалық, 9-ының ауыл шаруашылық білімі бар.

Депутаттық корпуста, сондай-ақ дәрігерлер, халықаралық қатынастар мамандары, журналистер, мәдениет пен өнер және басқа да мамандықтар қызметкерлері бар.

Мәжілісте – 15 ғылым докторы және 27 ғылым кандидаты болса, 35 парламентарийдің екі жоғары білімі бар.

Палатада әртүрлі ұлттардың өкілдігі кеңейді. Депутаттық корпустың ұлттық құрамына тоқталсақ: 82 қазақ, 17 орыс, 2 неміс және 1 белорус, 1 балқар, 1 кәріс, 1 украин, 1 өзбек және 1 ұйғыр бар.

Әйелдердің саны екі еседен астам артқан (17 депутат).

Төртінші сайланған Мәжілістің депутаттық корпусының орташа жасы – 52 жас, бұл үшінші сайланымдағыдан бір жасқа төмен. Жасы бойынша саны ең көп топ 50-ден 59 жасқа дейінгілер болып табылады (44 депутат), одан кейінгі топ 40-тан 50 жасқа дейінгілер (36 депутат), 60 жастан асқандар – 23 адам және саны ең аз топ 30-дан 40 жасқан дейінгілер (4 депутат). Төртінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы – Мусин Аслан Есболайұлы.

1991–2007 жылдар аралығында егемен Қазақстанда өткен Президенттік, Мәжіліс және жергілікті мәслихат сайлаулары еркін әрі бәсекелестік негізде ұйымдастырылды. Ал бүгінгі күні Сайлау туралы заңға сәйкес Орталық сайлау комиссиясы заңмен талап етілетін құжаттары болған жағдайда Президенттікке үміткерлер нешеу болса да, Мәжіліс және мәслихат депутаттығына кандидаттардың кез келген санын тіркеуге тиіс. Сайлау комиссиясы тіркеуден бас тартқан жағдайда үміткер Орталық сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым жасауға құқылы.

Парламент функциясының ең бастысы – заң шығару қызметі болып табылады. Н.Ә. Назарбаевтың Жаңа Конституцияда дүниежүзілік тәжірибеде дәлелденген президенттік республика жағдайында Парламент – бұл құқығы айқын көрсетілген таза заң шығарушы орган деген ойы нақты көрініс тапты. Қазақстанның қазіргі Парламенті өзінің ұйымдық құрылымы мен мемлекеттік қызметі жөнінен республика тарихындағы соны, тың және зор күбылыс. Жаңа саяси институт болып табылады. Оның құрамында екі палатаның: Сенат пен Мәжілістің болуы бұрынғы Жоғарғы Кеңеске мүлде ұқсамайтын мемлекеттік жүйе құрылымының өмірге келгенін аңғартады.

Қазақстан Парламентінің қызметіне – Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, заңдар қабылдау жатады. Түңғыш рет Конституцияда Парламент заңдар қабылдайтын мәселелер тізімі айқындалған. Заңдық реттелуі талап етілетін аса маңызды қоғамдық қатынастар. Бұл тізімге кірмейтін мәселелер бойынша заңдар емес, қосымша заң құжаттары шығарылады. Мұның өзі заң шығару ісіндегі жаңа көзқарас. Парламент республикалық бюджетті бекітеді. Мемлекеттік салықтар мен алымдарды белгілейді немесе оларды қабылдамай тастайды. Мемлекеттік зайымдар туралы мәселелерді шешеді, жоғары лауазымды адамдарды сайлауға, тағайындауға байланысты міндеттерді жүзеге асырады. Үкімет бағдарламасы туралы баяндаманы тыңдап, бағдарламаны мақұлдайды немесе қабылдамай тастайды. Соғыс және бітім мәселелерін шешеді, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін республика Қарулы Күштерін пайдалану туралы шешім қабылдайды. Бұл құқықтардың бәрі Парламентке заң шығарушы орган ретіндегі басты міндетімен бірге, оның қызметінің сипатына қарай берілді.

2000 жылдары парламентаризммен қатар көппартиялық жүйе дамыды. Атап айтқанда, қазіргі кезде төменде келтірілген саяси партиялар өз қызметтерін атқаруда.

Қазақстан Коммунистік партиясы. Партияның бірінші хатшысы – Ғазиз Алдамжаров. Партия 1998 жылғы 27 тамызда тіркелген, 2003 жылғы 20 наурызда қайта тіркелген. ҚКП мүшелерінің саны 54 246 адамды құрайды. Республиканың барлық облыстарында партияның өз бөлімшелері бар. ҚКП мүшелері, негізінен, соғыс және еңбек ардагерлері, жұмысшылар, зейнеткерлер болып табылады. Партия өзінің негізгі мақсаттары: республикада ғылыми социализмнің қағидаттарына негізделген, еркіндік және әлеуметтік әділеттілік қоғамын құру үшін жағдайлар жасау, коммунистік қоғамдық құрылыс құру деп есептейді. 2007 жылы Мәжіліске сайлауға Қазақстан Коммунистік партиясы қатысқан жоқ.

«Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы. Төраға – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Төрағаның бірінші орынбасары – Қайрат Сатыбалды. «Нұр Отан» Республикалық саяси партиясы 1999 жылғы қаңтарда құрылды. Сол жылдың 12 ақпанында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелді. Қазақстанның барлық облыстарында, Астана және Алматы қалаларында – «Нұр Отан» филиалдары бар. Партияның әлеуметтік негізін бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, студенттер, ғылыми және шығармашылық зиялы қауым, шағын және орта бизнес өкілдері құрайды. Басты мақсаттары: партия қоғамды одан әрі демократияландыруға бағытталған экономикалық және саяси реформалардың жүзеге асуына белсенді түрде жәрдемдесу; азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыру; әлеуметтік әділеттілікті бекіту және елдегі тұрақтылықты сақтау; ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайту; азаматтардың отансүйгіштік сезімі мен Қазақстан Республикасының жанжақты және үйлесімді дамуы үшін жауапкершілігін тәрбиелеу деп жариялады. Мәжілісте «Нұр Отан» парламенттік көпшілікке ие. 2007 жылы Мәжіліске сайлау қорытындылары бойынша партия – 88,41% дауысқа ие болды. «Нұр Отан» партиясынан Парламенттің төменгі палатасына партиялық тізім бойынша 98 депутат сайланды.

Қазақстан Патриоттары партиясы. Төраға – Қасымов Ғани Есенкелдіұлы. Партия 2000 жылғы 4 тамызда тіркелген. 2003 жылғы 21 наурызда қайта тіркеуден өтті. Партияда 172 000 адам бар. Партия мынадай мақсаттарды көздейді: Қазақстан халықтарының ұлттық өркендеуін қалыптастыру және жүзеге асыру, құқықтық демократиялық мемлекет, нарықтық экономикасы бар азаматтық қоғам құру, қоғамның әлеуметтік белсенді бөлігін мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға қатысуға тарту, елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету; адамның жоғары сапалы өмір сүруі үшін жағдайлар жасау және азаматтардың денсаулығына көп көңіл бөлу. 2007 жылы Мәжіліске сайлауда партия 0,78% дауыс алып, Парламентке өтпеді.

Қазақстан социал демократиялық «Ауыл» партиясы. Партия төрағасы – Қалиев Ғани Әлімұлы. Партия 2002 жылғы 1 наурызда тіркелген. 2003 жылғы 2 сәуірде партия қайта тіркеуден өтті. Партия мүшелерінің саны 61 043 адамды құрайды. Қазақстанның барлық облыстарында партияның құрылымдық бөлімшелері бар. Өз мақсаттарымен партия аграр-

лық секторды мемлекеттік реттеуді және қолдауды күшейтуді; ауыл еңбекшілерінің мүдделерін қорғауды; қоғамды одан әрі демократияландыруға бағытталған экономикалық және саяси реформалардың жүзеге асуына белсенді түрде жәрдемдесуді; нарықтық қатынастардың негізделген нысандарын экономиканың барлық салаларында жүзеге асыруды; азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыруды көздейді. 2007 жылы Мәжіліске сайлауда партия 1,51% дауыс алып, Парламентке өтпеді.

Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы. Партия төрағасы – Бәйменов Әлихан Мұхамедиярұлы. Партия 2002 жылғы 3 сәуірде тіркелген. Партия мүшелерінің саны 175 862 адамды құрайды. Партияның мақсаттары: тәуелсіз, гүлденуші, демократиялық және еркін Қазақстан. Негізгі құндылықтары: демократия, тәуелсіздік, еркіндік, әділеттілік. Партия Қазақстанды одан әрі демократияландыру бойынша ұсынымдар жасау жөніндегі келісу комиссияларының жұмысына белсенді араласады. Мәжілістің үшінші шақырылымында партия 1 мандатқа ие болды. 2007 жылы Мәжіліске сайлауда партия 3,09% дауыс алып, Парламентке өтпеді.

«Руханият» партиясы. Партия төрайымы – Жағанова Алтыншаш Қайыржанқызы. Партия 2003 жылғы 6 қазанда тіркелген. Партия мүшелерінің саны 72 000 адамды құрайды. Партияның филиалдары облыс орталықтарында, Астана және Алматы қалаларында жұмыс жасайды. Партияның әлеуметтік негізі – білім беру, денсаулық сақтау, ғылым және мәдениет салаларының қызметкерлері, кәсіпкерлер, студенттер және т.б. Өзінің басты міндеттері: экономиканы көтеру, әлеуметтік мәселелерді шешу, адамгершілігі жоғары және рухани бай қоғамды дамыту деп есептейді. 2007 жылы Мәжіліске сайлауда партия 0,37% дауыс алып, Парламентке өтпеді.

«Әділет» демократиялық партиясы. Партия төрағасы – Нәрікбаев Мақсұт Сұлтанұлы. 2004 жылғы 14 маусымда тіркелген. Партия мүшелерінің саны 70 000 адамды құрайды. Партия аумақтық қағидат бойынша құрылды және республиканың барлық облыстары мен Астана және Алматы қалаларында өз бөлімшелері бар. Партия Қазақстанда құқықтық демократиялық әлеуметтік мемлекет құруды, тиімді, озық және дамыған экономикалық жүйе жасауды, азаматтық қоғам қалыптастыруды өзінің басты міндеті деп есептейді. 2004 жылы Мәжіліске сайлау қорытындыларына сай партиялық тізімдер бойынша дауыс беру кезінде партия 0,76% дауыс алды. Мәжілістің үшінші шақырылымында бір мандаттық округ бойынша сайланған бір депутаты бар. 2007 жылғы 8 шілдеде «Әділет» Демократиялық партиясының V съезінде оның Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық Партиясына қосылуы туралы шешім қабылданды. 2007 жылғы 20 қазанда «Әділет» Демократиялық партиясының VI (кезектен тыс) съезінде «Әділет» ДП-ның *«Ақ жол»* ҚДП-ға қосылуы туралы бұрын қабылданған шешімнің күшін жою туралы шешім қабылданды.

«Қазақстан Коммунистік Халық партиясы». Бірінші хатшысы – Косарев Владислав Борисович. 2004 жылғы 21 маусымда партия мемлекеттік

тіркеуден өтті. Тіркелу сәтінде партия қатарында – 90 000 адам болған. Партия қатарында жұмысшылар, студенттер, зиялы қауым, зейнеткерлер, кәсіпкерлер және т.б. Партияның саяси тұғырнамасына сай ҚКХК қызметінің негізінде қоғамдық дамудың жаңа жағдайларына бейімделген марксшіл-лениндік идеология жатыр. 2004 жылы Мәжіліске сайлаудың қорытындылары бойынша партия 1,98% дауыс алды. 2007 жылы Мәжіліске сайлауда партия 1,29% дауыс алып, Парламентке өтпеді.

Қазақстанның «Азат» Демократиялық партиясы. Төраға – Әбілов Болат Мұқышұлы. Партия «Ақ жол» ҚДП-ның бөлінуі нәтижесінде 2005 жылғы 29 сәуірде құрылған және 2006 жылғы 17 наурызда «Нағыз Ақ жол» атауымен тіркелген. Мүшелерінің саны – 97 157 адамды құрайды. Партияның барлық облыстарда, Астана және Алматы қалаларында өз филиалдары бар. «Азат» – орташа таптың партиясы. Партияның мақсаттары – демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет пен ашық қоғам құру. Тәуелсіз, гүлденуші, демократиялық, еркін Қазақстан құру үшін азаматтардың күш-жігерін шоғырландыру. 2007 жылғы 23 маусымда «Нағыз Ақ жол» ҚДП-ның III съезінде Жалпыұлттық социал-демократиялық партияға қосылу туралы шешім қабылданды. 2007 жылғы 20 қазанда «Нағыз Ақ жол» ҚДП-ның IV съезінде «Нағыз Ақ жол» ҚДП-ның III съезінде бұрын қабылданған ЖСДП-ға қосылу туралы қаулысының күшін жою туралы шешім қабылданды. 2008 жылғы 29 ақпанда IV съездің екінші отырысында «Нағыз Ақ жол» партиясын «Азат» ҚДП деп қайта атау туралы шешім қабылданды, осы атаумен ол 2008 жылғы 11 сәуірде қайта тіркелді.

«Жалпыұлттық социал демократиялық партия (ЖСДП)». Төраға – Тұяқбай Жармахан Айтбайұлы. Төрағаның орынбасары – Қосанов Әміржан Сағидрахманұлы. Партия 2006 жылғы 10 қыркүйекте құрылған. 2007 жылғы 25 қаңтарда тіркелген. Мүшелерінің саны 140 000 адам. Барлық облыстарда, Астана мен Алматы қалаларында партияның өз филиалдары бар. Жалпыұлттық социал-демократиялық партия өзінің алдына демократиялық, құқықтық, әлеуметтік мемлекет, инновациялық экономика құру, жаңа гуманитарлық саясатты жүзеге асыру міндеттерін қойып отыр. Партия әлемдік социал-демократиялық қозғалыстың құндылықтарын, Еркіндік, Әділеттілік, Ынтымақтастық қағидаттарын Қазақстанның саяси тәжірибесінде жүзеге асыру бағытында дәйекті жұмыс жасауда. 2007 жылы Мәжіліске сайлауда партия 4,54% дауыс алып, Парламентке өтпеді.

Еліміздегі демократиялық өзгерістерді одан әрі жетілдіру, әрі партиялық алаңдағы қарым-қатынасты реттеу мақсатында 2008 жылы 2002 жылғы «Саяси партиялар туралы» заңға толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. Соның бірі партия құру үшін қажет 50 000 мүшенің 40 000 дейін төмендетілуі. Парламент Сенатында Президенттен тағайындалатын депутаттар саны 15-ке дейін көбейтілді. Осыған орай, Елбасы 2007 жылы 28 тамызда қосымша 8 сенаторды тағайындады.

Биліктің атқарушы және сот тармақтары. Қазақстан Республикасында биліктің атқарушы тармағын Үкімет, министрлік, жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады. Алайда басқарудың күрделі нысандары ықпал етудің кешенді әдістерін талап ететіндіктен, оған заңды тұрғыда өзге де органдар кіреді. Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады және атқарушы органдардың жүйесін басқарып, олардың қызметіне басшылық жасайды. Үкімет басшысы Премьердің кандидатурасын Парламент депутаттарының жалпы санының көпшілігінің мақұлдауымен Президент тағайындайды. Үкіметтің жеке құрамын Премьер-Министрдің ұсынуымен Президент тағайындайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы мен құрамы: Премьер-Министр Президенттің қарауына Үкіметтің құрылымын ұсынады. Үкімет құрылымы мынадай: Премьер-Министр, Премьер-Министрдің орынбасарлары және министрліктердің басшылары.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің негізгі өкілеттіктері:

– мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

– Парламентке (Мәжіліске) республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;

– Мәжіліске заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;

– Республиканың сыртқы саясатын жүргізу жөнінде шаралар әзірлейді;

– министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды;

– Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілеттігін тоқтатуы: Үкімет жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Президентінің алдында өз өкілеттігін доғарады. Республиканың Премьер-Министрі жаңадан сайланған Парламент Мәжілісінің алдында Үкіметке сенім туралы мәселе қояды. Мәжіліс сенім білдірген жағдайда, егер Республика Президенті өзгеше шешім қабылдамаса, Үкімет өз міндеттерін атқаруды жалғастыра береді. Парламент Мәжілісі немесе Парламент Үкіметке сенімсіздік білдірген жағдайда Үкімет орнынан түсетіні туралы Республика Президентіне мәлімдейді. Орнынан түсуді қабылдау немесе қабылдамау туралы мәселені Республиканың Президенті он күн мерзімде қарайды. Орнынан түсуді қабылдау Үкіметтің не оның тиісті мүшесінің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Премьер-Министрдің орнынан түсуін қабылдау бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Үкіметтің немесе оның мүшесінің орнынан түсуі қабылданбаған жағдайда Президент оған міндеттерін одан әрі жүзеге асыруды тапсырады. Республиканың Президенті өз бастамасы бойынша Үкіметтің өкілеттігін тоқтату ту-

ралы шешім қабылдауға және оның кез келген мүшесін қызметтен босатуға хақылы. Қазақстан Республикасының Үкіметі – атқарушы биліктің жоғары алқалық органы. Қазақстан Республикасы Конституциясының 64-бабына сәйкес Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асыратын атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды. Кез келген мемлекетте Үкімет атқарушы биліктің жоғары алқалық органы болып табылады.

Үкіметтің құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасы Конституциясының «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» деп аталатын V бөлімінде бекітілген. Құжатта Қазақстан Республикасы Үкіметі заңдарының табиғаты ашылып, оның мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі орны айшықталған және қызметі сипатталған. Үкімет министрліктердің, атқарушы биліктің комитеттері және басқа да орталық органдардың жұмысының негізгі бағыттарын айқындап, ұйымдастырып отырады. Үкімет барлық қызметінде Республика Президенті алдында жауап береді.

Жергілікті жерлерде атқарушы билік органдарының жүйесіне әкімдер, басқарма, бөлімдер, комиссиялар және өзге де бөлімшелер мен қызметтер кіреді. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасы атқарушы органдарының бірыңғай жүйесін құрайды. Жергілікті атқарушы органды әкімшілік-аумақтық бірлікке сәйкес, Президент пен республика Үкіметінің өкілі болып табылатын әкім басқарады (Қазақстан Республикасы Конституциясы 87 б., 3 п.). Қазақстан Республикасы Президенті облыстардың, астана мен республикалық мәндегі қалалардың мәслихаттары келісімімен облыстар мен республикалық мәндегі қалалардың әкімдерін тағайындайды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда атқарушы биліктің орталық органдарының ұйымдастырушылық-құқықтық формалары: министрлік, мемлекеттік комитет, комитет, бас басқарма, комиссия, республика агенттігі және мемлекеттік басқарудың өзге де республикалық органдары болып табылады. Ал үкімет құрамына кірмейтіндер: комитет, департамент, агенттік, сонымен қатар республика мемлекеттік комитетіндегі, министрлік жанындағы өзге де мемлекеттік басқару органы. Жалпылама айтқанда оларды ведомстволар деп те атайды.

Республикада сот билігі азаматтық, әкімшілік және қылмыстық сот ісін жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Қазақстанда Конституцияға сәйкес Жоғарғы Сот пен жергілікті соттардан тұратын бірыңғай сот жүйесі жұмыс жасайды. Жоғарғы Сот азаматтық, қылмыстық және өзге де істер бойынша жоғары сот органы болып табылады.

1993 жылғы Конституцияның 16-тарауы сот билігіне арналды. Конституцияның 95-бабында Қазақстандағы сот билігі Конституциялық Сотқа, Жоғарғы Сотқа және Жоғарғы Төрелік Сотқа, сондай-ақ, заң бойынша құрылатын төменгі соттарға тиесілі екені атап көрсетілді. Онда: «Ешқандай өзге органның, лауазымды немесе өзге адамның сот билігі міндеттерін өз мойнына алуға қақысы жоқ», – деп жазылып, «Консти-

туциялық Сот — Қазақстан Республикасы Конституциясын қорғау жөніндегі сот билігінің жоғарғы органы деп табылатыны» белгіленді. Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті 1993–1994 жылдары дүние жүзіндегі өркениетті елдермен тең дәрежеде ынтымақтаса отырып, халықаралық қарым-қатынасты одан сайын нығайта түсті. 1994 жылдың 12 ақпаны күні Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы туралы» №1569 қаулысы жарияланды. Онда Республикадағы сот жүйесін реформалау туралы жан-жақты айтылды. Әсіресе, сот әділдігін өміршең етуде соттардың кәсіби деңгейін көтеру, оларды ұйымдық жағынан нығайту, іс қарауда соттардың өшкімге тәуелді болмауын тиімділікпен арттырудың жаңа жобасы жасалды. Сондай-ақ, жалпы соттар мен төрелік соттарға жіктелудің де қажет емес екенін анықтап берді. Республика Президенті Жоғарғы Сот Кеңесінің және Әділет біліктілік алқасының ұсынуымен судьялардың қызметтік міндетін түпкілікті бекітуді талап етті. Соттардың қызметін жан-жақты қамтамасыз етудегі кадр, ішкі шаруашылық істермен айналысуды сот істерінен бөліп, аппарат басшылығына жүктеу көзделді. Жоғарғы Сот Республикадағы жалпы соттардың ең жоғарғы ұйымы болып табылатындығы атап көрсетілді. Бұл қаулыда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты арнайы сот алқаларына бөлініп құрылатыны, судьялар құрамы да соған қарай іріктелетіні, сондай-ақ, облыстық соттың құрылымы, оның төрағасы, алқа төрағалары, оған теңестірілген қалалық соттың да құрылым жүйесі осы негізде болатындығы жазылды. Ал Қазақстан аумағындағы әскери сот дәрежесіне, міндетіне қарай Республика Жоғарғы Соты Пленумының құрамына кіретіні айтылды. Осы уақытқа дейін барлық сот сатыларында сот ісіне қатысып келген халық заседательдерінің институтын жою керектігі көрсетілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы осы қаулысының, еліміздегі құқық қорғау органдары мен заң шығару орындарында және сот құрылымындағы құқықтық реформалар негізінде 1995 жылғы 20 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» заң күші бар Жарлығы шықты. 84 баптан тұратын бұл жарлық республикадағы тәуелсіз сот билігі мен судьялардың мәртебесі туралы әлемдік өркениеттегі құқықтық нормаларға сай келетін жаңаша заңдар ережесін жасап, бекітті.

2000 жылдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Төрағалары: М.С. Нөрікбаев (1996–2000 жж.), Қ.Ә. Мәми (2000–2009 жж. 2009 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Бас прокуроры болып тағайындалды), М.Т. Әлімбеков (2009 жылдан бері) болды.

2000 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот жанынан сот әкімшілігін жүргізу бойынша Комитеттің құрылуы сот әкімшілігін жүргізудің дамуын жаңа сатыға көтерді. Сот әкімшілігін жүргізу бойынша Комитет соттар қызметін ұйымдастырушылық, мате-

риалдық-техникалық және басқа да қамтамасыз етуді жүзеге асыратын өкілетті мемлекеттік орган болып табылады. Сот жүйесін реформалау жолындағы маңызды қадам сот актілерін орындау бойынша қызметтің 2001 жылы сот өкімшілігін жүргізу бойынша Комитетке берілуі еді.

1996, 1999, 2001, 2005 жылдары Қазақстан Республикасы судьяларының съездері өтті. I съезд соттардың шынайы тәуелсіздігін қамтамасыз ету, құқықтық реформаны жүзеге асыру ісінде соттардың қоғамдық-саяси белсенділігін күшейту мақсатында «Қазақстан Республикасы Судьяларының одағы» республикалық қоғамдық бірлестігін құрды. Оның мәртебесі 2000 жылғы 25 желтоқсандағы «Сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңымен бекіді. Қазақстан Республикасы Соттар одағының түрлі жылдарлағы төрағалары: М.С. Нәрікбаев, С.К. Байбатыров, Қ.Ә. Мәми, Б.Ж. Әбдірайымов, Б.Т. Түргараев, Н.Н. Момбеков, А.Б. Қаженов болды.

2001 жылы 6 маусымда болған Қазақстан Республикасы соттарының III съезінің маңызы зор еді. Оның жұмысына Елбасы Н.Ә. Назарбаев қатысып, баяндама жасады.

Осылайша, 2000 жылдардағы биліктің атқарушы және сот тармақтарының қызметі «Қазақстан–2030» стратегиялық бағдарламасын жүзеге асыруға, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен халықтың әл-ауқатын көтеруге, елімізде заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға бағытталды.

СҰРАҚТАР:

1. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясының қабылдануына қажеттілік неден туындады?
2. 1993 жылғы және 1995 жылғы Конституцияларға салыстырмалы талдау жасаңыз.
3. Қазақстан Республикасында парламенттік жүйенің қалыптасуы қалай жүрді?
4. 1990 – 2000 жылдардың аяғындағы конституциялық реформалар мен президенттік сайлаулардың мәні неде?
5. Қазақстандағы саяси партиялардың ерекшеліктері қандай?
6. Қазақстандағы атқарушы және сот биліктерінің рөлдері қандай?

2.3. Мемлекеттік шекараны анықтау. Ұлттық қауіпсіздік

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін өз аумағын, мемлекеттік шекарасын анықтауға кірісті. Өйткені КСРО құрамында болған кезде Қазақ КСР-інің өз шекарасын басқаруға, оны басқа мемлекеттермен анықтауға құқығы болмады. КСРО-ның 1982 жылы 24 қарашада қабылданған «КСРО мемлекеттік шекарасы туралы» Заңының

бірінші бабында КСРО шекарасы сызығы КСРО аумағының шебін анықтайтын белгі делінсе, екінші бабында «КСРО мемлекеттік шекарасы КСРО Жоғарғы Кеңесінің, КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасының шешімдерімен, сондай-ақ КСРО халықаралық шарттарымен анықталады» деп белгіленді. КСРО-ның ыдырауынан кейін де бұрынғы одақтас республикада мемлекеттік шекараға қатысты басқа құжат болмағандықтан жаңа заңдар қабылданғанша 1982 жылғы «КСРО мемлекеттік шекарасы туралы» Заңы қолданыста болды. Тек, 1993 жылдың 13 қаңтарында Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік шекара туралы» заң қабылдады.

Қазақстан-Қытай шекарасын реттеу. «Даулы жерлер» XIX ғасырда Циньдық Қытай мен патшалық Ресей арасындағы қол қойылған келісімшарт құжаттарда әртүрлі түсіндіру арқылы пайда болды. Кеңестік дипломаттар Қытаймен шекарада даулы жердің бар екеніндігін ұзақ уақытқа дейін мойындамады. Бірақ 1969 жылы сол кездегі Кеңес Одағының Үкімет басшысы А.Косыгин Ханойдан келе жатып Пекинге соқты. Әуежайда ол Қытай премьері Чжоу Эньлаймен кездесіп және одан «Сіз кілең даулы жер жөнінде айтасыз. Бұл не?» деп сұрады. Қытай премьері кеңестік және қытайлық мамандардың өздерінің карталарын алып келуін өтінді. Оларды салыстырып, мемлекеттік шекара өтетін сызық бойынша әртүрлі окылымды тапты. Даулы жердің жалпы көлемі 34 мың шаршы шақырым жерді құрады. Осылайша, кеңес-қытай шекарасында даулы жер пайда болды. Бұған қоса КСРО әскери қуатына сүйеніп Қытай мен Ресей арасындағы 1861, 1864 және 1881 жылдардағы келісім – шарттарды бұзып, шындығында жақын жатқан жерлерді басып алуға барды. Бұл жерлердегі шекара Ресей мен Қытай арасында, алғашқыда 1864 жылы Шөуешек хаттамасымен белгіленген. Кейінірек, 1870 жылы, Хабарасу хаттамамен шекаралық сызықтың нақты өтетін жері белгіленді және бұл 1869, 1870 және 1883 жылдары келісімшарт карталарында белгіленді. Бұл келісімшарттардың шартты күшін жоймайтынын, немесе жоққа шығаруға жатпайтынын айта кетуіміз керек. Себебі Қазақстан өркениетті мемлекет ретінде халықаралық нормаларды ұстануы тиіс. Халықаралық тәжірибеге сай бұл құжаттар өздерінің күшін жоғалтпайды және еш уақытта өзінің іс-әрекетін тоқтатпайды. XIX ғасырдағы орыс-қытай келісімдері Қазақстан мен шектес мемлекеттер арасындағы шекаралық мәселелерді шешуге негіз болды.

Қытаймен шекараны белгілеуде пайда болған тағы бір мәселе, Хабарасу хаттамасының мәтінінің орыс және маньчжурлік тілдерінде әртүрлі оқылуы болды. Әсіресе, бірінші даулы жер бойынша орыс тіліндегі мәтінде Шаған-Оба өзені алабын оңтүстіктен айналып өтетін асуларға үш шекаралық белгі орнату қарастырылған. Маньчжурлық нұсқада батысқа қарай өтетін шекараның жалпы бағыттары, шекаралық белгілерді асуларда емес, аттас шатқалдарда орнату жөнінде көрсетілген. Бұл белгілердің іздері әлі күнге дейін сақталған және Қытай жағының ұстанымы дәл осыған (басқа да дәлелдерінен бөлек) негізделді.

Екінші дау жер жөніндегі жағдайда кеңестік картадағы шекара сызығының негізсіз Қытайға қарай 15 шақырымға жылжытылуымен байланысты туындады. 1864 жылғы 25 қыркүйектегі Шәуешек хаттамасының мәтінінде бұл жердің Қытайға қарайтындығы жөнінде жазылған. Сондықтан оңтүстікке қарай ағатын Сарышілді өзенінің алабы заңды негізде толықтай Қытайға кетуі тиіс болды. Қытай жаңа тарихи жағдайда 1864 жылғы 25 қыркүйектегі хаттаманы негіз ете отырып бұл жерлерге өзінің құқығын жариялады. Қазақстан-Қытай шекарасына қатысты жер мәселесі шамамен 900 шаршы шақырым жер жөнінде жүрді. Ең басынан бастап Қазақстан Республикасы барлық жерді беру жөнінде келіссөздердің жүрмейтінін, 1864 жылғы Шәуешек хаттамасына және басқа да құжаттарға сүйеніп, сондай-ақ қалыптасқан жағдайларға қарап келісімді (тоқтамды) іздеу қажеттігін жариялады. Қазақстан Кеңес Одағының одақтас бір республикасы ретінде алдыңғы келісімдердің ізімен жүруге мәжбүр болғандығын естен шығармау аса маңызды болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қытай Халық Республикасына қатысты ұстанымына келер болсақ: «Көптеген елдер Қытаймен арақатынасты сыртқы саясатының негізгі өзегі деп түсінеді. Ал Қазақстан үшін осынау болашағы зор, экономикасын қарышты қадаммен дамытып жатқан мемлекетпен ойдағыдай қарым-қатынас орнату айрықша маңызға ие», – деген пікірге басымдық береді.

Өйткені, ҚХР Қазақстанның мемлекеттік қауіпсіздігі мен экономикалық дамуына әсер етуші сыртқы факторлардың бірі болып саналады. Қазақстан мен ҚХР арасындағы шекараның жалпы ұзындығы 1782 шақырымды құрайды. Еуразиялық кеңістіктің кіндігінде орналасқан ҚХР үшін Қазақстанмен бейбіт қарым-қатынас орнату маңызды болып табылады. ҚХР үкіметі Қазақстанды саяси және экономикалық жағынан өзінің «батыс қақпасы» санайды. Ал ашық теңізге шығуға мүмкіндігі шектеулі Қазақстан үшін ҚХР Тынық мұхиты аймағына, ондағы елдермен байланыс орнатуға қолайлы «көпір» тәрізді. Сонымен қатар ҚХР Қазақстан үшін бүгінгі күні өркендеп, дамып келе жатқан Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Азияға шығатын «шығыс қақпа» іспеттес.

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында ресми дипломатиялық қатынас 1992 жылдың 3 қаңтарынан орнығып, екі ел арасындағы достық және ынтымақтастық қарым-қатынас жыл санап беки түсті. Алайда екі елдің алдында шешімі қиын шекара мәселесі тұрды. Шекаралық мәселені шешуге алғашқы қадамдар жасалды. Әскери күштерді өзара қысқарту мен Қазақстан-Қытай шекарасы ауданындағы әскери саладағы сенімділікті нығайту және шекаралық сұрақтар жөнінде келіссөздер басталды. Министрлер кабинетінің 1992 жылы 17 шілдедегі қаулысына сай Қазақстан жағы ҚХР-мен келіссөздерге кірісті. Шекаралық мәселелерді шешуге алғашқы қадам Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1993 жыл-

дың қазан айындағы алғашқы ресми сапарынан басталды. Бұл сапарда шекара мәселесіне қатысты ешқандай ресми құжатқа қол қойылған жоқ. 1994 жылы сәуірде Қытай Үкіметі төрағасының Қазақстанға сапары кезінде Н. Назарбаев пен Ли Пэн қазақ-қытай мемлекеттік шекарасы жөніндегі келісімге қол қойды.

1994 жылғы құжат бойынша шекара сызығы түгелдей анықталды, тек екі кішігірім учаске – Алматы облысының Алакөл ауданындағы Сарышілде өзенінің аңғарында көлемі 315 шаршы шақырым учаске мен Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданындағы Шоған-Оба мен Баймырза сулары ауданындағы көлемі 629 шаршы шақырымды құрайтын учаске қалды.

ҚР мен ҚХР арасындағы келіссөздердің нәтижесінде Қазақстан-Қытай шекарасы өтетін сызығы нақты анықталған және мазмұндалған 5 халықаралық келісімшарт жасалды. 1994 жылғы келісімде шешілмей қалған даулы жерлер, бұл мәселені шешудің барлық мүмкін жақтарын зерттегеннен кейін даулы аумақ 53:47 үйлесімдікпен бөлінді. Келісілген екі учаскенің жалпы көлемі 944 шаршы шақырымнан Қазақстанға 537 шаршы шақырым (56,9%), Қытайға 407 шаршы шақырым (43,1%) тиесілі болды. 1998 жылы 4 шілдеде Қазақстан – Қытай мемлекеттік шекарасы жөнінде ұзаққа созылған келіссөздер аяқталды. ҚХР төрағасы Цзянь Цзэминнің Қазақстанға келген екі күндік сапары кезінде екі ел басшылары шекараны түпкілікті белгілеудің және ортақ шекарадағы екіталасты учаске жөніндегі мәселені шешкен тарихи келісімге қол қойды.

1994 жылдың 24 наурызында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев қол қойған Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы қазақ – қытай шекарасы туралы 1997 жылы 24 қыркүйекте және 1998 жылы 4 шілдеде Алматыда қол қойған қосымша келісімдерді ратификациялау жөнінде Қазақстан Республикасының Заңы шықты.

Делимитация аяқталғаннан кейін екі жақта жалпы ұзындығы 1782 шақырымнан астам қашықтықты құрайтын шекараны межелеуге кірісті. Бұл жөнінде 2002 жылы 10 мамырда Қазақстан – Қытай мемлекеттік шекарасын межелеу жөніндегі ҚР және ҚХР Үкіметтері арасындағы Хаттамаға қол қойылды. Бұдан бірнеше ғасыр бұрын қытай философы Конфуций: «Тарихтың қызы – саясат, географияның қызы – тарих» деген. Тарихта да, географияда да Қазақстан мен Қытай стратегиялық әріптестермен достық және тату көршілік қатынас орнату қажеттігін жақсы түсінеді.

Қазақстан және Орта Азия республикалары: шекараны делимитациялау және реттеу үдерісі. 1999 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасымен, Ресей Федерациясымен, Өзбекстан Республикасымен және Түрікменстанмен мемлекеттік шекараларды межелеу туралы Қазақстан Республикасы үкіметінің комиссиясы құрылды. Оның

құрамына орталық және жергілікті атқару органдарының өкілдері кірді. Жұмыс тобына қажетті мамандар мен әртүрлі саланың сараптамашылары тартылды.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін өзінің оңтүстік мемлекеттік шекарасымен шектесетін Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстан республикаларымен дипломатиялық қарым-қатынас орнату негізінде республикалардың үкіметаралық комиссиялары мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау мәселелері бойынша келіссөздер жүргізе бастады.

Қазақстан-Өзбекстан шекарасында өзіндік күрделі жер бөліктері бар. Негұрлым күрделі жер бөліктеріндегі өзгертулер жергілікті билік органдарының арасындағы келісім бойынша (жер бөліктерін ауыл шаруашылықты жермен айырбастау, шаруашылық құрылыстарын салу, санаторий-курорттық аудандарды кеңейту т.б.) немесе географиялық үдерістер күшінің өзгеруінен (жергілікті бедер, өзен арнасының өзгеруі) болды. Тағы да бір мәселе мемлекеттік шекаралық сызықты басып өтетін, ортақ пайдалану нысандары бар (темір жол магистралы, автокөлік жолдары т.б.). Осы және тағы басқа мәселелер, екі елдің шекараны межелеу туралы келісімдерінде талқылаудың басты мәні болып табылды. Бағыс ауылдарының тұрғындары жерлестерінің жетекшілігімен тәуелсіз «Бағыс» ісін ұйымдастыруға дейін жетті. Тіпті істі БҰҰ-на қарауға жібермекші болды. Үкіметтік делегация мүшелері күрделі және ушыққан жағдайда жұмыс жүргізуге тура келді. Кез келген сезіктенушілік байырғы тұрғындардың құқығы бойынша ұлттық мүддеге сатқындық жасалды деп есептелді. Алайда дипломаттар намысқа тырысып, популизм дауылына берілген жоқ. Бағыс ауылы соңында Қазақстанға берілді. Алайда аумақтық жағынан Қазақстан елді мекеннің бір бөлігін иемденуге құқылы болды. Өзбектерге Қызылқұм топырағында орналасқан, үш ауылдың айналасындағы жерлер берілді. Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы «шекаралық даулы мәселелер» басып алушылық немесе заңсыз басқа аумақты иемдену т.б. жағдайда болмағанын атап өту керек. Шекараны межелеу аймақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін тұтызады. Өзбекстан Орталық Азия одағына кіретіндіктен, экономикалық жағынан дамыған басқа да аймақтық мемлекеттермен тығыз байланысты. Аймақтың қауіпсіздік мәселесіне келетін болсақ, Өзбекстан ЕурАзЭО құру мәселесіндегі ұстанымы түсініксіз болғандықтан, ұжымдық қауіпсіздік шартынан шығатындығын мәлімледі. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «ауған мәселесіне» қатысты біздің еліміздің ерекше позициясы қалай екенін, басқа жағынан да қауіп-қатерді бірнеше мәрте атап көрсетті. Осының барлығы аймақтық қауіпсіздіктің жаңа бағыттарын анықтап, Өзбекстанмен шекараны межелеу мәселесін жаңа сапалы деңгейге көтерді.

Қазақстанмен шекарасы ортақ мемлекеттердің бірі Түрікменстанмен шекараны межелеу тез уақытта жасалып, жеңіл өтті. Шекара ұзындығы оңтүстікте Үстірт қыратынан шөл далаға дейін шамамен 426 шақы-

рымды құрайды. 1932 жылы 27 желтоқсанда заңдық негіз ретінде шекараны межелеуге дайындау үшін КСРО ОАК Президиумы қаулысы және 1972 жылғы Түрікменстан КСР мен Қазақ КСР Президиумымен шекара сызығына сәйкес топографиялық картаның құжат-парақтары қабылданды. 2000 жылы қараша айында Ашхабадта өткен бірінші келісім барысында мемлекеттік шекарада сипатталған өту сызығының әдісі мен шекараның сызығында көрсетілген топографикалық картаның тізімі келісілді. 2001 жылы сәуір айында Ашхабадта өткен екінші раунд келісім барысында межелеу шартының жобасы және Қазақстан – Түрікменстан мемлекеттік шекарасын демаркациялау мәселесі келісілді. Екі мемлекеттің басшылары 2001 жылы 5 шілдеде Астанада Түрікменстан Президентінің Қазақстанға ресми сапары аясында, 280 метрді алып тастағандығы көрсетілген 425,8 шақырым шекара, Өзбекстан Республикасы, Түрікменстан, Қазақстан мемлекетінің шекаралары түйіскен жерлерін межелеу туралы шартқа қол қойылды. 2001 жылы қараша-желтоқсанда Ашхабадта өткен үш жақты делегаттар кездесуінде Қазақстан, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы араларындағы шарт үш мемлекеттің мемлекеттік шекарасының түйіскен ауландарын межелеу бабын келісті. Ортақ түстары айқындалды.

Осындай жағдай Қырғыз шекарасында өз жалғасын тапты. Бұл жерде бірнеше мәселе қазақ ақпарат құралдарында хабарланғандай, көршілер қазақстандықтардың Ыстықкөлдегі аумақтық жеке меншігіне қарсы емес екендігі айтылды. 1999 жылдың қарашасынан 2001 желтоқсанына дейін Қазақстан – Қырғызстан мемлекеттік шекарасын межелеу келісімі өткізіліп, 1997 жылы 8 сәуірдегі Мәңгілік достық шартына, 1998 жылы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Қырғызстан Республикасы арасындағы мемлекеттік шекараны межелеу Меморандумымен негізделді. Жұмыс тобымен кездесуде топографиялық топ делегациялары бірқатар жер бөліктерін тапты. Онда өзен мен жота бағыттары ескі және жаңа картада сәйкес келмеді. Сонымен бірге, бірқатар жер бөліктеріндегі шекара сызығы географиялық шекарамен өткізілмеген, кейбір мекендердің шекара сызығы, топографикалық картада көрсетілген сипаттамасымен салыстырғанда едәуір айырмашылық байқалды. 2001 жылы тамыздан қарашаға дейін делегациялар жергілікті жазық далаға сапармен шығып, бірнеше жұмыс кездесулерін өткізді. Нәтижесінде Қазақстан – Қырғызстан мемлекеттік шекарасының сызығының барлық ұзындығы келісілді. 2001жылы 15 желтоқсанда Қазақстан Республикасы мен Қырғызстан Республикасының арасындағы Қазақстан – Қырғызстан мемлекеттік шекарасы туралы шартқа қол қойылды, кейін 2003 жылы маусымда Қазақстан Республикасының Парламентімен ратификацияланды.

Бүгінгі таңда Қырғызстан, Түрікменстан және Өзбекстан республикаларымен шекараны межелеу мәселесі толығымен реттелді. Шекараның ұзындығы Қырғызстанмен шамамен 1242 шақырым, Түркменстанмен – 426 шақырым, Өзбекстанмен – 2351 шақырымды құрайды.

Қазақстан мен Ресей аралығындағы шекараны делимитациялау. Шекара мәселесі жөнінде Ресеймен жасалған заңдық құжаттар аз еді. КСРО-ның сыртқы шекарасы көбінесе формальды жасалды. Кеңестік кезеңде коммунистік партия ұсақ аумақтық «бөліктерді» бір ауданнан екіншісіне «өндірістік қажеттілігіне» қарай берді. Бұл жағдай облыстық мекемелердің шешімімен рәсімделді. Барлығы «жұмыс тәртібі» бойынша жүргізіліп отырды. Межелеу барысында Астрахань және Атырау облысының аудандарында ешқандай шаруашылықтың балансында есептелмеген бірнеше мың гектар жер бөліктері табылды. Қазақстан мен Ресей арасындағы шекараны межелеу сияқты ғаламат маңызды және ауыр мәселе әлемдік халықаралық құқықтық тәжірибеде өте сирек кездеседі, соған қарамастан қысқа уақыт аралығында шекара сызығының барлық нүктелері келістірілді. Қазақстан – Ресей шекаралары құрлықтағы ең ұзын шекара сызығы болып табылады. Оның ұзындығы – 7591 шақырымды құрайды. Шекараны межелеу батыстан басталып Еділ өзенінің төменгі ағысына дейін және шығыста, Оңтүстік Алтай жотасындағы Алтай тауларында, Қазақстан, Ресей және Қытай мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі орналасқан жерде аяқталады. Қазақстанның шығыс, солтүстік және батыс аймақтарындағы 8 облысының шекарасы Ресеймен, ал Қазақстанмен Ресейдің 22 субъектісі шектеледі. 1992 жылы 25 мамырда екі ел басшылары Н.Назарбаев пен Б.Ельцин Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында мемлекеттік шекараны қорғау, бір-бірінің аумақтық біртұтастығын сақтау, оған қол сұқпау жөнінде, өзара көмек, достық қарым-қатынас туралы келісімшартқа қол қойды.

Мемлекеттік мұрағатта болған барлық қажетті құжаттар егжей-тегжейлі зерттеліп, ал қажет болған жағдайда жазық далалардағы жергілікті жеке аудандар да тиісінше қарастырылып, тұрғылықты тұрғындармен кездесу өткізу жүзеге асырылды. ҚазКСР мен РКФСР арасында туындаған республикааралық шекарадағы, бір біріне қайшылықтар кезекші карталарда, жер материалындағы орман шаруашылығын жүргізетін жүйеде, өз уақытында шектескен облыстардың әкімшілігімен келісілгендігі анықталды. Енді бір мәселе, КСРО-ның уақытында ішкі әкімшілік-аумақтық шекаралар шаруашылық әрекетін жүргізуде күрделі шектеулігі болған емес және елді мекендер орналасқан жерлер, шекара сызығы өз орнында көрсетілген картаға сәйкес келмеді. Шаруашылықта даулы мәселелер туындаған жағдайда әр облыс өзінің шекаралық нұсқасын өзінше дәлелдеп сипаттайтын. Осыдан жер мәселесінде шаруашылық жүргізетін жақтары ресми құжаттарды есепке алмайтын. Бұл қайта межелеу туралы жұмысты қиындатты. Бірінші кезеңде – 7440 шақырым шекара сызығының өту жобасының сипаттамасы келісіліп, дайындалды. Қалған 150 шақырымда бірлескен комиссия 16 жер бөлігін анықтады. Онда бірқатар айырмашылықтар табылды, сонымен бірге шекара сызығын өткізуді үйлестіру ұсынылды. Жер алқабын өтемақыға айырбастау туралы ұсыныс жасал-

ганда, бір жағынан шаруашылық және әлеуметтік объектілер басқа аумақтарда қалып қойды. Жер бөліктері туралы тартыстар бір-біріне түсіністікпен қарап, жер алқабын өтемақыға айырбастау туралы ортақ ұсынысқа сәйкес шекара сызығының өтуі реттелді. Мәселен, Пригорный селосы Новотроицк қаласының әкімшілік құрамына кіретін Орынбор облысының шаруашылық субъектісі болып табылады. Жер алқабы 1967 гектар Қазақстаннан жалға алынған. Пригорное селосында 876 адам тұрды, оның 866-сы РФ азаматтары. Барлық коммуникациялар (автожол, электр жүйелері, байланыс орындары, су, газ жүйелері) қызметіне сәйкес Орынбор облысының балансында болды. Халықты әлеуметтік экономикалық жағынан қамтамасыз ету ресейлік жағынан жүзеге асырылды. Шекара күзетілуге тиісті болған жағдайда, Пригорный селосы халқының жылжуын қиындатты және екі жаққа да тиімсіз болды. Апатты жағдай болған кезде, комбинаттың ағынды суы Орал өзеніне құйылып экологиялық апатқа ұшырауы мүмкін еді. Осыған байланысты жақтастар шекара сызығының өтуін үйлестіріп, жоғарыда көрсетілген 1200 гектар аумақ алқабы Ресей Федерациясына бекітілсін деген шешім қабылдады. Қол жеткізген келісімнің нәтижесінде Ресейге Пригорный селосы мен Новотроицк тазартылған ғимараттарымен 1200 гектар аумақ, оның есесіне Қазақстанға Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданындағы егістік жер жалпы көлемі 1300 гектар қайтарылды. Тағы да бір мысал, Огнеупорный ауылы туралы. Ауыл мен карьер Қазақстан аумағында орналасқан. Оның тұрғындары, оның ішінде этникалық қазақтар, Ресей Федерациясының азаматы болып есептеледі. Сонымен бірге, ауылдың инфрақұрылымы (су, газ, электроэнергия, мектеп, медициналық қызмет) толығымен Магнитогорск металлургиялық комбинатының балансына жатады. Ауылдық мекенде Ресей заңдылықтары, рубль ақша айналымы жүзеге асырылған. Магнитогорск металлургиялық комбинатының карьері Қостанай облысының Қарабалық ауданы әкімшілігінің шартына сәйкес 40 жылға жалға пайдаланылады. Барлық ауылдың тұрғындары Ресей Федерациясының аумағында тұруды қалайтындықтарын білдірді, келісім жасалғаннан кейін, Огнеупорный ауылындағы жалпы көлемі 520 гектар жер бөлігін Варваринка алқабындағы және Курск ауданында мекендеген жерге айырбастау туралы шартқа қол жеткізілді.

Карталарда орман шаруашылығын жүргізетін материалдық жерде шекара сызығы әртүрлі көрсетіледі. Қиыншылықтың туындау себебі, бір-біріне қайшылықты келетін кезінде Астрахань және Гурьев облыстық атқару комитеттері шығарған құжаттар болатын. Кеңестік кезеңде осы жер бөліктері үшін, Атырау облысы Құрманғазы ауданы мен Астрахань облысы Красноярск ауданы арасында басталған күрес 60 жыл бойы реттелмеген калпында калды. Құжат түрінде 1947 жылға дейін аумақ толығымен Ресей құрамында болды. Ал 1947 жылғы бұл жер бөліктері картасында Қазақстанға кіреді. Ресей жақтастары орталық жер бөліктерінде «Родина» ұжымшарын құрды. Онда Ресей азаматтығы

бар, этникалық қазақтар тұратын үш қыстақ бар. Алайда қыстақ тұрғылықты өмір сүретін мекен-жай емес. Ұзаққа созылған пікірталастан кейін, онда басқа жер бөліктерінде келісімге келу мен тең бағалы айырбас әдісін қолдану арқылы даулы мәселелер де шешілді. Бұл аумақтар тең бөлініп, тұрғылықты жер Қазақстан мен Ресей арасында тепе-тең жағдайда игерілетін болды.

Қазақстан – Ресей мемлекеттік шекарасын межелеу жөніндегі бірінші хаттамаға 1998 жылы қол қойылды. Келісім үдерісі алты жылға созылды. Нүрсұлтан Назарбаев бұл жұмысты Ресейдің тұңғыш президенті Б.Н. Ельцинмен бастады. 2005 жылы 18 қаңтарда Мемлекет басшысы және РФ Президенті В.В. Путин Қазақстан – Ресей мемлекеттік шекара туралы шартына қол қойды.

Мемлекеттік шекараны түпкілікті анықтаудың тарихи маңызы. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатында мемлекеттік шекара туралы шарттардың қабылдануы маңызды кезең болып табылады. Бұл құжат стратегиялық әріптестіктің жаңа бетін ашып, екі жақтың өзара қарым-қатынасы ретінде тарихқа енді.

Мемлекеттік шекараны межелеуді аяқтаудың ең маңызды қорытындысы:

– біз болашақта ұрпақтарға, халықаралық құқық ережелерімен қорғалған бейбітшілік сүйгіш, тұрақты шекараны қалдырып отырмыз;

– арнайы орнатылған шекаралық таңбалар көмегімен жергілікті жерлерде шекара сызығын белгілеу кезеңдегі демаркациялау болды;

– кейбір бұқаралық ақпарат құралдары мәлімдеуге асығыстық жасап, шекараны белгілеуде қиыншылықтар туындады. Шекара белгілеудегі даулы мәселелерге қатысты Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Ешқандай шекаралық бағаналар, ешқандай «айдалған» далалар және шекарала ешқандай бөгет болмайды. Біздің әрдайым достық пен әріптестіктің шекарасы болды. Бізді әрдайым тарихи тағдырымыз және біздің халқымыздың мәдени-рухани жақындығы біріктірді. Біз әрқашан қуанышта да, қиыншылықта да бірге болдық, біз туысқан халықтардың өркендеу және гүлденген жолындағы талпынысында біргеміз. Сондықтан бізде маңызды сұрақтар бойынша өзара түсінушілік және болашағымыз айқын көрінуде. Қазақстан мен Ресейдің гүлденуі мен тұрақтылық кепілін осыдан көремін», – деген мәлімдеме жасады.

Ұлттық қауіпсіздік. Мемлекеттік тәуелсіздіктің маңызды факторы Қарулы күштер мен қауіпсіздікті, егемен елдің саяси-аумақтық және экономикалық мүдделерін қамтамасыз ететін қызмет жүйесі. Осындай құрылымдар мемлекеттің толыққанды жұмыс жасауы үшін аса қажет. Қазақстан Республикасында осындай құрылымдар 1990 жылдары Мемлекет басшысының тікелей жетекшілігімен құрылды.

Қазақстан Республикасы Конституциясы бойынша Жоғарғы бас қолбасшы – Қазақстан Республикасының Президенті болып табылады.

КСРО-ның ыдырауымен бірге оның Қарулы күштері де ыдырады (1992 жылдың жазына дейін жалғасты). Осындай жағдайда Қазақстан ұлттық қауіпсіздік мүддесіне орай Достастық Қарулы күштерін құру идеясын жақтаған еді.

1991 жылғы тамыз оқиғасынан кейін Қарулы күштер жағдайы қиын болды.

40-әскер штабының таратылуы, Қазақстан аумағындағы құрлықтағы әскерді басқаруда бей-берекетсіздікке алып келді. 1992 жылы мыңдаған әскери қызметкерлер заңсыз түрде Қорғаныс министрлігі бөлімдерін тастап кетті. Бюджеттің толық қаржыландырылмауы, жалақының уақытылы берілмеуі, ТМД-ның басқа елдеріне офицерлердің кетуі, әскери қызметтен бас тарту сияқты жағымсыз жағдайлар әскер мен оның қызметкерлерінің беделін түсіріп тастады. Әсіресе, Байқоңыр, Сарышаған, Семей сияқты полигондар қиын жағдайды бастан кешірді. Осындай жағдайда Қазақстанның Қарулы күштерін құру ел басшыларының қисынды және дұрыс қадамы болды.

1992 жылы 16 наурызда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Республикалық гвардиясын құру туралы Жарлыққа қол қойылды. 1992 жылы мамырда оның қалыптасуы басталып, бастап, жасақтаумен полковник Б.Б. Жанасаев айналысты. Сол айда Республикалық гвардияға шұғыл қызметтен өту үшін Қазақстанның барлық облыстарынан әскер қатарына алғашқы шақырылушылар келді. Республикалық гвардия қолбасшысы қызметін атқару Мемлекеттік қорғаныс комитетінің штаб бастығы генерал-майор С.А. Алтынбековке жүктелді. Құрметті қарауыл ротасы жеке ротаға беріліп, оның командирі салтанатты бөлімшелерді даярлауда үлкен кәсіби тәжірибесі бар капитан Е.Демченко болды.

Қазақстандық гвардияны құру үшін түрлі елдердің ұлттық гвардия қызметтерінің дәстүрі мен тәртібін зерделеу қажет еді. Әлемнің өзге елдері бөлімшелерінің тәжірибесін зерттеумен бір мезгілде Республикалық гвардия штаты құрылды.

Қазіргі уақытта 1995 жылғы «Қазақстан Республикасы Республикалық гвардиясы туралы» (2004 жылғы 20 желтоқсанда өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) Заңына сәйкес Республикалық гвардияға төмендегідей міндеттер жүктелген: қорғалатын тұлғалардың қауіпсіздігін сақтауға, салтанатты жоралғыларды орындауға, аса маңызды мемлекеттік нысандарды қорғауға, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туы мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының үлгілерін (эталонын) қорғауға қатысады. Республикалық гвардияны түрлі жылдары басқарғандар: генерал-майор Т.Ә. Үмбетбаев, генерал-полковник С.Б. Тоқпақбаев, генерал-майор Б.Б. Жанасаев, генерал-майор Б.Г. Ысқақов, генерал-лейтенант А.Б. Тасболатов.

Қарулы күштер мен шекаралық әскерді құру туралы ТМД мемлекеттері басшылары қатысқан Кеңестің келісімінде бекітілген,

өзінің дербес Қарулы күштерін құру құқығына сүйене отырып, 1992 жылы 7 мамырда Президент Қазақстан Республикасының қарулы күштерін құру туралы Жарлыққа қол қойды. Елбасы сол күні Қорғаныс Министрі етіп Ұлы Отан соғысына қатысқан С. Нұрмағамбетовты тағайындады. Қазақстан Республикасының құқықтық өкілеттілігіне әскери құрылымдар, әскери бөліктер, полигондар, қоймалар және ТМД Бірлескен Қарулы Күштерінің мүліктері берілді.

1993 жылы 9 қыркүйекте «Қазақстан Республикасының қорғаныс және Қарулы күштері туралы» Заңының қабылдануы мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ететін көптеген құжаттардың қабылдануына негіз болды. 1993 жылдан бастап әскердегі жағдайды тұрақтандыруға және КСРО Қарулы күштерінің тарауымен пайда болған зардаптарды жою, сонымен қатар әскери дайындықты ұйымдастыруға бірталай іс-шаралар жасалды. 1993 жылы Қазақстан «Ядролық қаруды таратпау жөніндегі» келісім-шартқа қол қойды. Еліміздің халықаралық аренадағы беделі нығайды. 1993 жылы Қазақстанның алғашқы әскери доктринасы қабылданды. Ол егемен мемлекеттің қалыптасу кезеңіндегі әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыруға бағытталды.

Дербес Қарулы күштерді құру ісі әскери қызметкерлерді дайындау жүйесінде де күрделі өзгерістерді талап етті. 1996 жылы 1 шілдеде кәсіби кіші командирлерді дайындау үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Ш.Уәлиханов атындағы Кадет корпусы құрылды. 1997 жылы ақпанда офицер мамандары мен әскери ғылымды дамыту дайындығын жетілдіру мақсатында И.С. Конев атындағы жоғары әскери командалық училище Әскери академия болып қайта құрылды. Тәуелсіздік жылдары елімізде әскери жоғары оқу орындарының тиімді желісі қалыптасты.

Жаңа Әскери доктринаны қабылдау соңғы жылдары әскери құрылыстағы мәселелерді қарастыру қажеттілігінен туындады. Әсіресе, күрделі экономикалық жағдайда мемлекеттің әскери мұқтаждығын қаржыландыру қиындығын еңсеру, әскери реформаны экономикалық жағынан қамтамасыз етуге деген жаңа көзқарас қалыптастыру қажет еді. Осы мәселелер жаңа Әскери доктринаны жасауда ескерілді. Сонымен бірге шет ел мемлекеттері әскери құрылысының тәжірибесі де назарға алынған еді.

2000 жылы шілдеде Қазақстан Республикасындағы әскери реформалардың тұжырымдамасы бекітілді. Аталған құжатта әскери реформаның елдегі өзгерістер үдерісінің ажыратылмас бөлігі болып табылатындығы жазылған.

2001 жылы құрылған төрт әскери округ, кейіннен өңірлік басқарушылық (командования) болып қайта құрылды. Олар: Астана, Батыс, Шығыс және Оңтүстік. 2009 жылы Қазақстанда мерзімі бір жылдық міндетті әскери борышкерлік енгізілген. Қарулы күштерде қызмет ететіндердің саны шамамен – 70 мыңдай, ал әскери күзет құрылымдар саны – 34500-ді құрайды. Республиканың батыс аймағында Каспий

теңізінің стратегиялық нысанында әскери теңіз инфрақұрылым құрылды. Ол біздің шекараға тікелей қатысты жерлерге халықаралық ланкестіктің, экстремизмнің, есірткі және қару-жарақ сатудың заңсыз айналымының енбеуін қатаң қалағалап, әскери жанжалдарды болдырмауды іске асырады.

2003 жылдың 7 мамырында Қарулы күштер әскери басқармасын күшейту бағытында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Штаб басшыларының комитеті құрылды. Қазақстанның қарулы күштері мынадай әскери түрлерге ажыратылған. Олар: Құрлықтағы әскер, Әуе қорғаныс күштері, Әскери-теңіздегі күштер мен Республикалық гвардия.

Ғасырлар тоғысында қауіп-қатерлер мен қыр көрсетулер көбеюде. Осыған сәйкес 2005 жылы 7 қаңтарда мемлекеттік органдардың қызметі мен өкілеттілігін үйлестіруге мүмкіндік беретін «Қазақстан Республикасының қорғаныс және Қарулы күштері туралы» Заңы қабылданды. 2005 жылы 8 шілдеде Қазақстан Республикасының мемлекет басшысы «Әскери міндеттер мен әскери қызметтер туралы» Заңға қол қойды. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясының бекітілуімен, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік Стратегиясында да сапалы өзгерістер орын алды. Ұжымдық қауіпсіздік туралы өңірлік ұйымның Шартына (ҰҚШҰ) басым көңіл бөлінген еді. Оның міндеті – ұлттық Қарулы күштердің жалпы өзара әрекеттесуіне жағдай жасау.

НАТО мен әскери қатынасты дамыту мақсатында Қазақстан «Бейбітшілік үшін серіктестік» атты Қалыптық құжатқа қол қойды. Құжатта көрсетілгендей, Қазақстан мен НАТО-ның ынтымақтастығы ынтымақтастық, ашықтық рухында, қарулы күштерді бақылауды қамтамасыз ету, БҰҰ мен ЕҚЫҰ қамқорлығымен бітімгерлік операцияларына әскери бөлімшелерді даярлау мақсатында жүзеге асырылуда.

2008 жылы Қазақстан Республикасы ӘҚ Әуеүткырлар әскері Іле полигонында «Дала бүркіті – 2008» халықаралық бітімгерлік оқуын өткізді. Оған Қазақстан армиясының іскери қызметкерлері, Ұлыбритания мен АҚШ-тың Қарулы күштері қатысты. 2009 жылдан бері Қазақстан мен Ресей жыл сайын екі ел аумағында бірлескен оқуларды жүргізуді қолға алды.

Қазақстан әскері жыл сайын өзінің күш-қуатын, жауынгерлік әзірлігін арттырып, әскери қызметке келісімшарт негізінде кезеңдік өту жалғасуда. Қазақстандық жас жауынгерлер буыны жаңа техникамен қаруландыруды меңгеріп, демократиялық жетістіктерді қорғауда.

Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті 1997 жылға дейін талай тар жол, тайғақ кешулерден өтті: қызметкерлердің жалақысы қысқарып, әлеуметтік қорғалу жағы ақсаған, кәсіби мамандардың қызметтен өз еріктерімен кетуі белең алған кез де болды. Бірақ аға буынның үздік дәстүрлерін сақтап, шебер жалғастыра білген ҰҚК қызметкерлері Елбасы жүктеген міндеттерді орындаудың өзіндік әдіс-тәсілін таба отырып, жеке дара мемлекеттік институтқа айналды.

ҰҚК қызметкерлері жеткен жетістіктер де бар. Ең алдымен, мемлекетімізге шетелдің арнайы қызметкерлерінің енуін болдырмай, өз істерін абыроймен атқарып отырған қарсы барлаушыларды атауға болады. Бірқатар қызметкерлер арнайы шараларды сәтті іске асырғандары үшін мемлекеттік наградалармен марапатталған. Мысалы, 1996–1997 жылдарда Ақмоланың шойын құю зауытында ордалы жыланның ұясындай жасырын мекендерін жасақтап, осы өнеркәсіп орнында танкіге қарсы қолданатын миналар, қол гранаталарын, Израильдің «Узи» автоматтарын қолдан жасаумен айналысқан топ ұсталды. Құрамына зауыттың кейбір жұмысшылары да кірген қауіпті қылмыстық топ қауіпсіздік қызметінің күшімен дер кезінде құрықталды. Екі оқиғаның артында да оны жымысқы қара ниетпен ұйымдастырушылар болғаны, ел тәуелсіздігіне көлденең тұруға тырысқандар жүргені айқын. Сол жылдары Көкшетау қаласының орталығындағы байланыс бөлімшесі маңындағы құбыр құдығынан да топтастыра буылған жарылғыш заттар табылып, залалсыздандырылған. 1999 жылы Өскемен қаласында Шығыс Қазақстандағы билікті облысымыздағы кейбір пасық ойлы тұрғындардың көмегімен басып алып, ұлттық автономия құрмақ болған Казимирчук (Пугачев) дегеннің қылмыстық тобын әшкерелеп, тұтқындады. Егер олардың арам ойлары іске асқан жағдайда не болар еді? – Оны теледидардан Ирактa, Палестинада және басқа да әлемнің «тыныштықсыз аумақтарында» түсірілген репортаждарды көріп отырып-ақ елестетуге болады. Сондықтан лаңкестіктің және діни экстремизмнің белгілерімен күресу өте маңызды. Ұлттық қауіпсіздік қызметкерлерінің шебер іздестіру шараларының нәтижесінде 1999 жылдың сәуір айында «Алматы – Мәскеу» пойызынан Орал стансасында қылмыстық топ қолға түсті. Олар біздің дәуірімізге дейінгі Рим империясы тұсында жасалған тарихи құны қымбат – 133 алтын монетаны елден алып кетпек болған.

Еліміздегі ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз етуде анықталған фактілерге тоқталар болсақ, күпия мәліметтер жинайтын бірнеше шетелдіктің заңсыз әрекеттері әшкереленді. Қарсыбарлаудың нәтижесінде 2004 жылы Отанын сатқаны үшін бір Қазақстан азаматы 14 жылға бас бостандығынан айырылды. 2006 жылы осындай айыппен Оңтүстік Қазақстан облысындағы құқық қорғау органдарының бір қызметкері 12 жылға сотталды. Қарсы барлау жұмыстары нәтижесінде радиоактивтік материалдар мен иондық сәулелену туралы мәліметтерді жеткізетін заңсыз каналдар анықталып, қолдан құжат жасау арқылы жатжерліктерге Қазақстан азаматтығын беретін шетелдіктердің қылмыстары әшкереленді.

Департамент қызметкерлерінің күшімен 2005 жылы Семей қаласында «Орталық Азия моджахедтерінің жамағаты» атты лаңкестік топтың құрамына енетін «Семей жамағатының» қызметі әшкере болып, тоқтатылды. Ал «Жамағат» мүшелерінің лаңкестік әрекеттерге, тіпті «шаһид» ретінде де дайындалғаны тергеу кезінде толық дәлелденді.

Серіктестік міндеттемелерді орындау бағытында облыс аумағынан заңсыз әскери құрылымдардың бірқатар бұрынғы мүшесін ұстап, Ресей жағына берді. Атап айтсақ, 2006 жылы Семей қаласының ішкі істер басқармасымен бірлесе отырып 50 адамның (Грозный қаласының тұрғындары мен орыс әскерилерінің) өліміне қатысы бар Ресей азаматы А.Мукаев қолға түсіп, федерацияның құқық қорғау органдарына берілді.

Қазіргі уақытта ланкестік әрекеттер діни, ұлттық, саяси сипатқа көшкен. Оңтүстік Қазақстанда заңға қайшы келетін әрекетке барып, діни алауыздықты қоздырмақ болған Мысыр мен Иордания елдерінің миссионерлері қылмыстық жауапкершілікке тартылып, елден аластатылды. «Мұсылман бауырлары» ұйымының ілімін таратпақ болғандардың жолы кесілді. Радикалдық исламды тарату үшін «Ислах», «Тайба» қорларының атын жамылған топтардың әрекеттері өшкереленді. Өзбекстан ислам қозғалысының 9 мүшесі және «Акромия» діни-экстремистік ұйымының 47 мүшесі ұсталып, Өзбекстан құқық қорғау органдарына берілді. Халықаралық іздеу жарияланған алты азаматтың Қазақстанда жүргені анықталды. Олардың төртеуі ұсталып, республикадан шеттетілді.

Сот арқылы Кувейттің «Әлеуметтік реформалар қоғамының», Халықаралық қазақ-араб университетінің дінтану және парсы тілі кафедрасының, «Қосар» қорының жұмыстары тоқтатылды. «Хизб-ут-Тахрир» діни ұйымының 127 мүшесі қолға түсті. Олардан діни мазмұндағы 13,5 мың парақша, 1300 кітап пен журнал тәркіленді. Ұйымның 25 мүшесі әртүрлі мерзімге бас бостандықтарынан айырылды.

«Қанғырып жүрген» қару-жарақ террор құралына айналуы ықтимал. Сондықтан жарылғыш заттарды сақтайтындарды ұстап, заттарын тәркілеп, сондай-ақ үйінде қуаты жағынан өндірістіктен кем түспейтін жарылғыш жасаушы «маманды» құрықтады. Оңтүстік Қазақстан облысындағы мекемелерде құпиялылық режімін бұзған біраз фактілер белгілі болды және осы үшін мемлекеттік құпия құрылымдарда жұмыс істейтін екі қызметкер әкімшілік жауапқа тартылды. Шекара қызметімен бірлесе отырып, Тәжікстан мен Өзбекстаннан келетін заңсыз көшіқонның үш каналын анықтады. 700-ге жуық келімсек ұсталып, осы жұмыстардың басы-қасында жүрген үш ұйымдастырушы, екі делдал әкімшілік жазаға тартылды.

Есірткі бизнесі – ең алдымен ұлттың тамырына балта шабатын қылмыстың аса ауыр түрі. Сондықтан болар, есірткінің халықаралық заңсыз айналымының жолын кесу – Ұлттық қауіпсіздік комитетіне жүктелген. Оңтүстік Қазақстан арқылы Ауғанстан, Тәжікстан және Өзбекстаннан есірткі өкізу мүмкіндігі басым болғандықтан, сақтық шаралары қатты сақталған. Мысалы, 2006 жылы наркотасымалдаушылардың 3 каналы жойылып, 66 келіден аса есірткі алынған. 2005–2006 жылдары қылмыс әлемінде «Жора Ташкентский» деп аталатын азамат құрықталды. Есірткі сатумен, көлік ұрлаумен және бопсалаумен айналысқан үш қылмыстық топтың серкелері мен мүшелерінің қолына кісен

салынды. Биылғы жылы ішкі істер департаменті ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасымен бірге криминалдық авторитет және қылмыстық топтың жетекшілері А. Сатиев (лақап аты «Баклан»), Ж. Бартекеев («Ескa»), Б. Нұрманов («Баха-Кудря») және бұлардан басқа қылмыстық топтардың 7 белсенді мүшесі ұсталды.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті көлеңкелі экономикамен күрес, экономикалық қылмыстарды әшкерелеу, алдын алуда 2004 жылы «Петро Қазақстан» ААҚ-ның 13 млрд теңге заңсыз табыс тапқанын анықтады. Жоғарғы соттың шешімімен антимонополияға қатысты заңнамаларды бұзғаны үшін кәсіпорын 500 миллион теңге айыппұл төледі. 2006 жылы ҰҚКД «Семей Су» ЖАҚ-ның басшысы Р. Сотқымбаевтың қылмыстық әрекетін ашты. Ол алкогольді өнім өндіру кезінде ірі көлемдегі салық төлеуден жалтару жобасын ұйымдастырып, пайдаланған. Мемлекетке келтірілген шығын он миллиардтан астам теңгені құрады.

2006–2007 жылдары Оңтүстік Қазақстан ҰҚК қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа жол берген облыстық соттың судьясын, ішкі істер департаментінің ішкі қауіпсіздік басқармасы бастығының орынбасарын, ИЧ-167/2 мекемесі бастығының міндетін атқарушысын, жол полициясы басқармасы Сайрам аудандық тіркеу-емтихан бөлімінің бастығын және облыстық әділет департаментінің бөлім бастығын, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаменті медициналық-санитарлық бөлімінің бастығын ұстаған. Олар сот үкімімен тиісті жазасын алды. Сонымен бірге, ұйымдасқан қылмыстық топтардың бірнеше мүшесі мен жетекшілері қолға түсті.

ҰҚК қызметкерлері жеткен жетістіктері үшін Қазақстан Республикасының ордендерімен, «Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрметті қызметкері» кеуде белгісімен марапатталып отырады.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті басқа да құқық қорғау және қадағалау органдары секілді жаппай қуғын-сүргін кезеңінде заңсыз сотталған азаматтарды ақтау бойынша үлкен жұмыс атқарды. 1937 жылдан бастап 1953 жылға дейінгі аралықта қозғалған қылмыстық істердің барлық дерлік қайта қаралды.

Жас мемлекетіміздің қалыптасу кезеңінде тарихи әділдік мұддесі үшін өткен оқиғаларды, қарапайым адамдар мен мемлекет қайраткерлері тағдырын ашық көрсететін телевизиялық бағдарламалар, газеттік және журналдық жарияланымдар жасалып, кітаптар мен оқу құралдары жазылды.

Осы жағдайларда арнайы қызмет мұрағаттарының материалдары қоғам алдына ашық қойылды. Тарихтың кейбір ақтаңдақтары қалпына келтірілді. Бірақ сонда да, жұмыс ерекшелігіне қарай, көптеген мұрағаттық құжаттарды көпшілікке көрсетуге рұқсат етілмеген. Бұл сала нормативтік актілермен, бірінші кезекте «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен реттеледі, оны бұзуға біздің қақымыз жоқ. «Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» және «Жедел іздестіру қызметі туралы» Заңдар дүниеге келді. Алғаш рет осы заңдар

арқылы заңдылық, ұстанымдары, құқықты құрметтеу, азаматтардың бостандығын сақтау енгізілді. Сонымен бірге, бұрынғы жіберілген қателіктерді қайталамау жағы да қатты ескертілді.

Ұлттық қауіпсіздік органдары жүйесінде екі жоғары оқу орны бар. ҰҚК академиясы және Әскери институт. ҰҚК академиясы комитеттің жедел әрекет ететін бөлімшелері үшін мамандарды даярлайды. Шет тілдерімен қоса заңгерлік білім беретін оқу мерзімі бес жыл. Ал жалпы азаматтық жоғары білімі барлар үшін оқу бір жылдық курс бойынша жүргізіледі.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінде қызмет ету үміткерден, ең алдымен, тұрақты мінез-құлықты, мықты денсаулықты, ұшқыр ақыл-ойды, негізгі мамандықты және, әрине, Отанға деген сүйіспеншілікті қажет етеді. 2000 жылы ел тәуелсіздігі күні қарсаңында Ұлттық қауіпсіздік комитетінің республикалық мұражайы ашылды. Мұражай материалдары ұлттық қауіпсіздік тынысын баян етеді.

1992 жылы 18 тамызда Елбасы жарлығымен Қазақстан Республикасы Шекара әскерінің Бас басқармасы құрылып, ол тікелей Ұлттық қауіпсіздік комитетіне бағындырылды. Алғашқы қолбасшысы генерал Е. Неверовский. Шекаралық әскер КСРО-ның Шығыс шекаралық округі негізінде құрылған еді. Өз уақытында бұл округ мемлекеттік шекараның кеңес-қытай және кеңес-ауған бөлігін қорғады. Алғашында шекаралық әскер Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылымдық бөлігі түрінде дамыды. 1995 жылы 19 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Шекара әскерінің Бас басқармасы мемлекеттік шекараларды қорғау жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік комитеті болып өзгертіледі. Ұлттық қауіпсіздік комитеті жанынан Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің әскери институты құрылады. Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері ұйымдық жағынан батыс және шығыс басқармадан тұрды.

Тәжікстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасында қалыптасқан жағдайлар еліміздің шекарасы мәселесіне көңіл бөлуді қажет етті. Сондай-ақ осы кезеңде көрші мемлекеттерден азаматтардың заңсыз көші-қоны, есірткі саудасы, табиғи байлықтарды ұрлау фактілері жиіледі. Осындай келеңсіздіктердің алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 10 желтоқсанындағы Жарлығымен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі туралы Ереже қабылданды. Жарлыққа сәйкес мемлекеттік шекара күзеті Қарулы күштер құрамынан шығарылып, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі болып қайта құрылды. Қазіргі таңда Шекара қызметі еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін, қауіпсіздігі мен саяси тұрақтылығын қамтамасыз ету бағытында қызмет жасауда.

Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мемлекеттік басқарудың жаңа саласы – Кедендік қызметтің құрылуына жағдай жа-

сады. Қазақстан еліміздің ішкі және сыртқы саясаты шеңберінде кедендік саясатты жеке сала ретінде анықтай бастады.

1991 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің құрылуы туралы» Жарғысымен Қазақстан Республикасы Кеден қызметінің негізі қаланды. Кеден комитеті құрылған соң 1992 жылғы 28 ақпандағы «Кеден органдарын құру туралы» жарғыға сәйкес алты кеден бекеттері құрылады (Целиноград, Қарағанды, Павлодар, Өскемен, Шымкент, Қорғас).

КСРО-ның ыдырауы салдарынан туындаған саяси және экономикалық дағдарыс еліміздің кеден қызметінің қалыптасуына да кері әсерін тигізді. 1992 жылға дейін Қазақстанның тек ҚХР-мен екі арадағы шекарасына күзет қойылып, онда «Қорғас», «Бақты», «Достық» кеден бекеттері ғана жұмыс жасады. Көрші елдермен кеден шекарасының енгізілуі елімізде көпқырлы кеден ұйымдарының құрылуын талап етті.

1999 жылы 16 маусымда «Қазақстан Республикасының Кеден қызметі туралы» Заң, ал 2003 жылы 5 сәуірде Кеден Кодексі қабылданды. Шекара және кеден қызметінің, сонымен қатар Қазақстан Республикасы ІІМ есірткі бизнесімен күресу Комитетінің біріккен күштерімен көптеген қылмыстар ашылған. Мәселен, 2005 жылы жүргізілген «Барьер» операциясы барысында 1235 есірткіге қатысты қылмыстар әшкереленген. 1379 адам есірткі тасымалдағаны үшін ұсталды. Олардың қатарында Қырғызстан, Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Ресей Федерациясының азаматтары бар.

2010 жылдың 1 қаңтарындағы Кеден одағы туралы келісім күшіне енген уақыттан бастап Кеден қызметі дамуының жаңа кезеңі басталды.

Шекара және кеден қызметі Қазақстанның мемлекеттік және экономикалық мүддесін қорғайды.

СҰРАҚТАР:

1. Мемлекеттік шекараны межелеу қажеттілігі неде?
2. Қазақстанда мемлекеттік шекараны межелеудің маңызы қандай?
3. Қазақстан мен Қытай арасындағы шекараны межелеу мәселесі қалайша шешілді?
4. Қазақстан мен Ресей арасында мемлекеттік шекараны межелеудің ерекшеліктері қандай?
5. Орталық Азия мемлекеттері арасында шекараны белгілеу қалай жүргізілді?
6. Қазақстан басшылығы ұлттық қауіпсіздікті жан-жақты нығайтуда қандай шаралар жүргізуде?

3. НАРЫҚҚА ӨТУ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛГІСІ

3.1. Жоспарлы экономиканың лағдарысы және экономикалық реформалардың басталуы

Жоспарлы экономиканың лағдарысы және нарыққа көшу. Еліміз 1990 жылдардың басында қарама-қайшылықты әрі өзекті мәселелермен бет-пе-бет кездесті. Келеңсіз құбылыстар үсті-үстіне бой көрсетті. Экономикалық лағдарыс терең тамыр жайып, қоғамдық өмірдің барлық саласына әсер етті. Бұрынғы Кеңес басшылығының уәдешіл әлеуметтік саясаты экономиканы лағдарысқа, қаусап күйреуге әкеп соқтырды. 1989–1990 жылдары өндірістік инвестиция тоқтады. Өндіріс көлемі абсолютті түрде құлдырып, Қазақстан экономикалық лағдарысқа ұшырады. Жаңа заман талабына сай келмейтін жоспарлы экономика түбегейлі өзгерісті қажет етті. 1990 жылдардың басындағы Қазақстанның экономикалық саясатындағы басымдылық экономиканы ырықтандыру және жаңа қаржы жүйесін қалыптастыруда дербес бюджет, салық және кеден жүйелерін құру болды. Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның қабылдануы материалдық-техникалық, сыртқы экономикалық қатынастарды жетілдіруге, қаржы салаларында жаңа мүмкіндіктер ашуға жағдай туғызды. Қазақстан 1990–1991 жылдары Беларусьпен, Әзербайжанмен, Қырғызстанмен, Өзбекстанмен, Ресей Федерациясымен және Украинамен экономикалық шарт жасасып, достық пен ынтымақтастық туралы әртүрлі келісімдерге қол қойды. 1990 жылы Дәулет Сембаевтың басшылығымен Жоғарғы экономикалық кеңес құрылды. Заң, экономика салаларындағы жас және жаңаша ойлайтын мамандардың басын қосып, жаңа орган басшылығы нарықтық стратегияны дайындады.

Қазақстан Президенті жанынан жас экономистер және өзге де мамандар, шетелдік кеңесшілерден тұратын топ құрылды. Стратегиялық мақсат – күшті президенттік билік арқылы тәуелсіз мемлекетті дамыту, экономикалық секторлағы мәселені шешу болды. Бұл бағытта экономика министрі, ал кейінірек ГФР канцлері қызметін атқарған неміс экономисі Л. Эрхардтың идеясы негізге алынды. Қазақстанның экономикалық әл-ауқатын көтеруде неміс тәжірибесінен үйрену туралы болжам жасалды. Нарықтық реформаның негізі мемлекеттің қолдауымен жеке кәсіпкерлікке еркіндік берілуі керек болатын. Осыған орай, қазақстандық экономика саласы либералдық жолмен басқарылды. Жергілікті тұрғындардың жеке кәсіпкерлікпен өз бетінше айналысуына кедергі

келтіретін, қорқыныш психологиясын жоюға, өзіндік жекеменшік туралы кеңестік кезеңнен қалған «жағымсыз» көзқарастан арылуға бағытталды. Жаңа қадамдар да жасалды.

Қазақстан экономикасының нарықтық моделін құру кезінде көптеген қиыншылықтар кездесті. Тек қана экономикалық жүйені ғана емес, мемлекеттік құрылымды да заман ағымына сай бейімдеу қажет болды. Ескі көзқарас жетегіндегі бұрынғы кадрлардың басым көпшілігі сол кезде қолға алынған өзгерістер легін мойындаудан бас тартты. Қазақстан өзге де посткеңестік республикалар сияқты барлық қалған әлемді «қуып жетушінің» жағдайында болды. Ашық әлемде өмір сүру тәжірибесінің болмауы, әлемдік нарықтың заңдылықтарын түсінбеу, адам мүмкіндігін соған бейімдеу оңай болған жоқ. Республикалағы қайта құру кезінде Н.Ә. Назарбаевқа кеңесші болып американдық экономист Ч. Бэнг және египеттік заңгер доктор Хасан жұмысқа келді. Белгілі «500 күн» бағдарламасының авторы Григорий Явлинский де біршама уақыт қазақстандық басшының штаттан тыс кеңесшісі болды. Бірақ Явлинский аталған бағдарлама аукымында реформаларды жүргізуді тек одақ көлеміндегі біртұтас халық шаруашылығы кешенінің аясында жүргізуді ойластырды. Одақтық келісімшарттың мүмкін емес екендігі белгілі болғанда, Явлинский одақтас республикалар арасында Экономикалық келісімшарт жасау идеясын ұсынды. Ортақ мұраттарды көздеді.

Кеңестік кезеңнен кейінгі республикалардың экономикалық және әлеуметтік жағдайының тұралауына КСРО-ның ыдырауы да өзіндік әсер етті. Алып империяның құлауына байланысты қоғамның әлеуметтік құрылымы, адамдардың социалистік ұжым құндылықтарымен өмір сүру дағдысы өзгерістерге ұшырады. Бәрін бұрынғыша басқару мен қабылдау, сол қалыпта жүре беру мүмкін емес еді. Қоғам даму мен оның талаптарынан бұл көрініс айқын аңғарылды. Экономика деңгейі 55 пайызға төмендеді. 1991 жылы өнеркәсіп өндірісінің құлдырауы – 8%-ға жетті.

1991 жылдың 15 ақпанында «Жергілікті өзін-өзі басқару» және «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының жергілікті кеңестерінің халық депутаттары» туралы Заң қабылданғанымен, бұрынғы кеңестік дәуірдің үдерісін жалғастырды. 1991 жылы республиканың шығысы 33,7 млрд сомды құраса, кірісі небәрі 16,4 млрд сомға тең болды. Мемлекеттік шығын 17,3 млрд сомды немесе 52%-ды құрады. 1991 жылдың бірінші жартысында мал өнімдерін өндіру 670 мың тоннаны, яғни 1990 жылдың 95%-ын, сүт өндіру 1830 мың тонна, 1990 жылдың 95%-ына тең болды, ет пен сүт өндіру 7–10%-ға кеміді. 1991 жылдың бюджет тапшылығы 20%-ға артты. 1992 жылдың қаңтар айында Ресей ТМД елдерімен алдын-ала кеңеспей, бағаны ырқына жіберді. Екі ел арасында ежелден сауда қарым-қатынасы қалыптасқандықтан, Ресейдің бұл қадамы Қазақстанға едәуір экономикалық шығын алып келді. Елімізде кейбір тауар түрлерінің бағасы шарықтап кетті. Жоғарғы Кеңес 1992 жылдың қаң-

тар айындағы сессиясында Үкіметтің 1993–1995 жылдардағы экономикалық саясаты баяндалған «Дағдарысқа қарсы шұғыл шаралар және әлеуметтік экономикалық реформаларды тереңдету бағдарламасын» қабылдады. Орта мерзімге жасалған тұңғыш жоспарлау тәжірибесі адамдар бойында тамырын терең жайған кертартпалықты, қалыптасқан бейжайлықты өзгертуге жасалған тұңғыш қадам болды. 1992 жылдың 7 ақпанында Президент «Экономикалық реформалар жағдайында мемлекеттік басқару органдарының іс-әрекеті мен оны ұйымдастыруды жетілдіру туралы» Жарлыққа қол қойды. Республика басшылығының осы жылдары жүргізген экономикалық саясаты өндіріс құлдырауын тежеп, тұрақтандыру арқылы оның біртіндеп өсуін қамтамасыз ете алмады. 1992 жылдың жазында елдегі экономикалық дағдарыс өрши түсті. Дағдарыс бұрынғы КСРО аумағында тауар өндірушілер тағайындаған монополиялық жоғары бағадан, халықтың табысының өсу қарқыны бағаның өсу қарқынынан кейін қалғандығынан болды. Халық табысын негізінен тамақ өнімдерін сатып алуға жұмсады. Алайда Үкімет дағдарыстың себептерін ашып, түсінуге асықпады. Қазақстанда энергия көздеріне, шеттен әкелінетін тауарларға баға ырықтандырылмады. Үкімет бағаны бақылаудан айырылып қалды. Бағаны ырықтандыру – 1992 жылдың қараша айында ғана жүзеге асты. Бұл істі жүргізумен қатар бір мезетте еңбекке ақы төлеуді де реформалау керек еді. Мұнысы атқарылмады. Соның салдарынан баға мен жалақы арасында қарама-қайшылық күшейе түсті. Табысты индексациялаудың тиянақты жүйесі жасалмады. Индексация уақытынан кеш, әрі ретсіз жасалды. Оның инфляцияға қарсы әсері жеткіліксіз болды. Бірыңғай ақша жүйесі күйреу жағдайына жетті. Республикада бюджеттік шығынды өз бетінше үлғайту әрекеттері ақшаның одан сайын құнсыздануына әкелді. Инфляция деңгейі 1992 жылы 3061%-ды, ал 1993 жылы 2265%-ды құрады.

Қазақстанда 1990–1994 жылдары өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі тең жартысына кеміді. Ауыл шаруашылығы саласы 1/3, көлік тасымалы 2/3-ге дейін құлдырады. Өнеркәсіп алыптары тоқтап, жұмыссыздық өршіді. Мемлекеттің кәсіпорындарды басқаруға мүмкіндігі болмады. Көптеген кәсіпорындарда өнім және тауар айналымынан түскен қаражат шет елдерге асып кетті немесе талан-таражға салынды. Халықтың кіріс деңгейі күрт төмендеді. Жұрт бірнеше ай бойы жалақыларын алмады. Зейнетақы мезгілінде берілмеді. Халықтың жинаған қоры шектен тыс инфляция салдарынан да кемілі. Банк жүйесінің жетілмеуі экономиканы тежеді. Дүкендерде азық-түлік пен тұрмысқа қажетті тауарлар тапшылығы байқалды. Осының бәрі қылмыстың өсуіне, жауапсыздыққа, немқұрайлылыққа әкеп соқтырды.

Күнделікті қажеттілікті қанағаттандыру, отбасын асырау мақсатында жоғары білімді мамандар қызметтерін тастап, күнкөріс қамына кірісті. Еңбексіз табысқа бет бұрды. Сауда жасауға ауысты. Жоғары білімді, тәжірибелі мамандардың кәсіби мамандығынан кетуі білім беру, денсаулық сақтау салаларының сапасына айтарлықтай әсер етті. Алайда

жұмыссыздық пен нарық жағдайына бейімделген маман жұмысшы күшінің жеткіліксіздігі әлеуметтік маңызды мәселе күйінде қала берді. Жұмыссыздық көлемі 1991 жылы – 0,05%, 1992 жылы – 0,95%, 1993 жылы – 1,2%-ға жетті.

1993 жылдан жұмыссыздар санының біртіндеп үлғаюы байқалды. Қазақстанда тұратын адамдардың өмір сүру, адам даму потенциалы көрсеткіші 1992 жылғы мәлімет бойынша – 0,798. Бұл көрсеткіш бойынша еліміз 174 елдің арасында 64-орынды иеленіп, адам даму потенциалы орташа деңгейдегі елдер тобын бастап тұрды. 1993 жылы 0,740 немесе 72-орында. 1990–1995 жылдары Қазақстан Республикасы тұрғындарының өмір сүру ұзақтығы – 4,7 жылға кеміді. Бұл 1991–1995 жылдары адамдардың өмір сүру деңгейінің төмендегенін көрсетеді. Аз уақыт аралығында тұрғындар өмірінің мұндай қысқаруы соңғы 35 жыл ішінде байқалмаған жағдай еді. Жоғарғы оқу орындарында оқитын студенттер саны да 1991–1996 жылдар аралығында жыл сайын кемігені байқалды. Мысалы, жоғары оқу орындарында 1991 жылы 5763 мың студент білім алса, 1996 жылы 3531 мың студент оқыды, яғни 1991–1996 жылдары Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында оқитын студенттер саны 39%-ға кеміді.

Тұрғындардың әлеуметтік жағдайының нашарлауына мемлекеттің әлеуметтік инфрақұрылымда жасаған реформаларының да әсері болды. Тегін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қызмет көрсету қысқара бастады. Сонымен қатар бұл салаларда мемлекеттік емес қызмет көрсету түрлері қалыптасып үлгермеді. Егер еңбекақы, зейнетақы және басқа да төлемдер көлемі жыл сайын үлғайып отырған жағдайда, бұрын тегін қызмет көрсеткен салаларды біртіндеп ақылы түрге көшіруге болар еді. Алайда елдегі әлеуметтік-экономикалық қиын ахуал, халыққа қызмет көрсету салаларын жекешелендіріп, шағын бизнесті дамытуға мүмкіндік бермеді. 1993 жылдың қараша айынан, яғни ұлттық валюта енгізілген кезден бастап 1996 жылға дейін баға 35 рет өсті. 1991–1995 жылдары жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) төмендеп, халықтың әлеуметтік жағдайы нашарлады. Жұмысшыларға жалақыны уақытында төлемеген мекемелер мен ұйымдар саны 1996 жылдың 1 желтоқсанында 9133-ке жетті. 1991–1995 жылдары мемлекеттік секторда жұмыс жасайтын адамдар саны 1,7 млн адамға қысқарды. Жұмыссыздар саны 1996 жылы 1995 жылмен салыстырғанда 1,9 есеге өсті. Жасырын жұмыссыздық сақталды. Өндіріс орындарында формальды түрде 300–350 мың адам тіркеуде тұрғанымен, 60–70%-ы еріксіз еңбек демалысын алуға мәжбүр болды. Қалғандары толық емес жұмыс аптасында істеді. Жасырын жұмыссыздық республикадағы еңбекке жарамды тұрғындардың 4,5–5,5%-ын құрады. Жұмыссыздық көлемін аймақтық деңгейде қарастырар болсақ, Жезқазған облысында 3,7 есе, Маңғыстау облысында 3 есе, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Батыс Қазақстан және Атырауда – 2,5 ееседен аса, Алматыда 4 есе өсті. Әсіресе ауылдық жерлердегі ахуал қиындап, жұмыссыздық 44%-ды құрады.

Жасырын жұмыссыздық Солтүстік Қазақстан облысында 8%, Талдықорған облысында 6,5%, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Ақмола, Жезқазған, Қостанай облыстарында 5%-дан жоғары көрсеткішке жетті. Жұмыссыздық көлемі салалық жағынан алғанда экономиканың барлық тармақтарын қамтыды, өсіресе өнеркәсіп, құрылыс және ауыл шаруашылығы салаларында қысқару жоғары болды. Қоғамдағы дүрбелең, жұмыссыздық қаркыны белең алды. Кәсібі, мамандығы барлардың өзі екі қолға бір жұмыс таба алмады.

Экономикалық өсу 1996 жылдан байқалды. ТМД және Балтық жағалауы елдері арасында жан басына шаққанда жалпы ішкі өнім өндіруден 6-орынды иеленді. Тұрғындарды әлеуметтік қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығымен 1997 жылдың 10 желтоқсанында –Жалпыұлттық қор құрылды. Қордың үш жылдық қызметінде 938,7 млн теңге жиналды, оның 842,3 млн теңгесі жеке тұлғалар мен ұйымдардан, 96,4 млн теңгесі депозит пен бағалы қағаздардан түсті. Шағын кәсіпкерлікті дамытуға 9956 микрокредит берілді, ол 14600 адамды жұмыс орнымен қамтамасыз етті. Әлеуметтік жағдайы төмен 240619 адамға азық-түлік тағамдары, тауар, ақшалай көмек берілді.

Алайда елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуал бірқалыпты болған жоқ. 90-жылдардың соңына қарай тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз ету күрделі кезеңде қалды. Еңбекпен қамту қызметіне көмек сұрап өтініш жасаған 362,4 мың адамның тек 72,9 мыңы немесе 20,1%-ы ғана жұмысқа орналасты. Күнкөріс деңгейінен төмен табыс табатын адамдар саны жыл санап өсе берді. Егер 1996 жылы 34,6% тұрғын күнкөріс деңгейінен төмен кіріс кіргізсе, 1998 жылы ол 43,4%-ға жетті. Кедейшілік 1998 жылы тіпті қатты сезілді. Республиканың орталық облыстары тұрғындарының 22,7%-ы, шығыста 27,1%-ы, солтүстікте 34,3%-ы, батыста 39,4%-ы, оңтүстікте 55,5%-ы кедейшілікті бастарынан өткізіп жатты. 1997–1998 жылдардағы әлемдік қаржы дағдарысы Қазақстанды айналып өткен жоқ. Зауыттардың тоқтап қалуы, жаппай жұмыссыздықтың етек алуы, аса күшті бюджеттік дағдарыс, зейнетақы мен жалақының төленбей қалу қаупі төнді. Жоспарланған жұмыстардың талайы кейінге ығыстырылды. Халықтың тұрмыс деңгейі тағы да төмендеп кетті. Алайда экономиканың құлдырауына жол берілген жоқ, ол өзінің бекемдігін дәлелдеп шықты. 1997–1998 жылдары үкімет жүргізген бюджет саясаты да экономиканың көтерілуіне ықпал жасай алмады. Зейнетақы реформасының шығындарын жабу, кейбір салаларға көмек беру мақсатында үкімет бюджет тапшылығын 1997 жылы ішкі жалпы өнімнің 3,7%-ына дейін, 1998 жылы ішкі жалпы өнімнің 5,5%-ына дейін көбейтті. Ал 1996 жылы оның деңгейі ІЖӨ-ге шаққанда 2,75%-ды құрады.

1998 жылдан зейнетақы жүйесіндегі, мемлекеттік қызметтегі, сот төрелігіндегі, білім беру мен денсаулық сақтаудағы ұзақ мерзімді реформалар басталды. Мемлекеттік бюджет әлеуметтік саланы тұрақтандыруға арналған шығындарды көтере алмай, нәтижесінде 1998 жылдың ортасында үкімет оны бөлшектеуге (инвестрлеу) мәжбүр болды. Оған

қоса салықтың жиналуы да мардымсыз болды. 1998 жылдың қаңтар-маусым айларында салықтың жылдық мөлшерінің бар болғаны 34%-ы ғана жиналды. Бұл жарты жылдық бюджет шығынының тек 81%-ын жабуға ғана жетті. Бюджет тапшылығынан сыртқы қарыз көбейді. 1998 жылы мемлекеттік қарызды жабуға жұмсалатын ақша 1997 жылмен салыстырғанда 2 есеге артып, ол мемлекеттік бюджет шығынының 10%-ына, табысының 15% көлеміне жетті. Бюджет тапшылығын жабу үшін үкімет қаржы нарығын белсенді пайдалануға ұмтылды.

90-жылдардың соңында Шығыс Азиядан басталған қаржы дағдарысы біздің еліміздің әлі де әлемдік нарыққа толық кірікпегенін, шикізат өндіруші ел есебінде қалып отырғанын көрсетті. Қаржы жүйесіндегі оқшаулық пен мешеулік белгілі дәрежеде дағдарыстың теріс салдарын азайтты. Мысалы, сол жылдары Ресейдегі қаржы дағдарысы Қазақстанмен салыстырғанда анағұрлым терең және ауыр болды. Құнды қағаздар нарығының нашарлауы мен қаржы дағдарысының жақындауы 1998 жылдың қыркүйек айында долларға деген сұранысты арттырды. Көп жерлерде доллар жарты айдай уақыт қымбаттап тұрды. Ұлттық банк бұрын күніне биржада 3–4 миллион доллар сатса, 1998 жылы күніне 6–7 миллион доллар сатты. Биржалық нарықта күнделікті жасалынатын мәміле көлемі 14,5 миллион долларға, ал биржадан тыс нарықта 19,4 миллион долларға дейін көтерілді. 1999 жылы жұмыссыздық 3,9%-ды (251,4 мың адам) құрады.

Тарихта қай елде болсын, капитализмнің пайда болып, дамуы саудагерлер капиталының дүниеге келуінен басталып, кейін барып банк, өнеркәсіп капиталы өмірге еркін енетін-ді. Қазақстанда да осы жағдай қайталанды. Өтпелі кезеңнің алғашқы жылдары саудамен байығандардың арқасында – 300-дей банк құрылды. Өтпелі кезеңде, еліміз капиталистік жүйеге өткен барлық елдер бастан кешірген «жабайы капитализмді», капиталдың алғашқы қорлануы дегенді, яғни қоғамның ат төбеліндей аз бөлігі барды тонап, қылмысты түрде байитынын, солардың қолында байлық жиналатынын, өзге адамдар өзінің жұмысшы күшін байларға сататын үдерісті айналып өткен жоқ. Олай ету мүмкін де емес еді. Тек президенттік басқару жүйесіне өту, халық мұқтажын ескере отырып, үкіметтің елді дағдарыстан шығу жолдарын іздеуі ахуалды аздап болса да оң бағытқа бұрды.

Мемлекет нелігінен алу және жекешелендіру. Қазақстандағы жекешелендірудің негізгі кезеңдері. КСРО тұсында Қазақстан экономикасы шикізат көзі есебінде дамып, ауыл шаруашылығы да сол құрылымның ішінде өзіне тиісті міндетін атқарды. Жалпы кеңестік идеология ауыл еңбеккерлерін аяусыз қанады. Олардың еңбектері мен адами мүмкіндіктері негізінен индустриялық дамуға пайдаланылды. Кеңестік жоспарлы экономика кезінде қаланы асырап отырған ауыл еңбегі өз деңгейінде бағаланбады. Сөйтіп, адамдардың еңбекке көзқарасы төмендеді.

Қазақстан экономикасында, басқа одақтас республикалардағы сияқты, нарықтық қатынастар орнай бастады. Әртүрлі кооперативтер,

жекеменшік фирмалар мен шағын кәсіпорындар пайда болды. 80-жылдардың аяғына қарай орталықтың республиканы бақылау әлсіреп, шетелдермен тікелей экономика және сауда байланыстарын орнатуға мүмкіндік туды. Қазақстан бұрын да өз өнімдерін шетке шығарып отырған, оның 97%-ы шикізаттар, материалдар мен жартылай шикізаттар болатын. Экономикаға түбірлі реформа жасау және меншіктің көп түрлілігі негізінде нарықтық қатынастар орнату үшін бірқатар заңдар қабылдау керек болды. Орталыққа бағынған кезінде Қазақстанда «Қазақ КСР-індегі еркін экономикалық аймақтар туралы», «Қазақ КСР-індегі шет ел инвестициялары туралы», т.б. заңдар қабылданды. 1990 жылы қарашада Сауд Арабиясымен бірікккен «Әл-Барака банк Қазақстан» банкі құрылды, Оңтүстік Кореяның «Самсунг» корпорациясымен іскерлік байланыс орнатылды. Сеулдік кәсіпкерлер Алматыдан мейрамхана ашты. Қазақстан – Қытай өуе жолы мен Жаркент – Құлжа (Инин) автожолы жұмыс істеді. 1991 жылы Қазақстанда әлемнің 25 елінің қатысуымен құрылған – 35 бірікккен кәсіпорын ресми түрде тіркелді.

Республикадағы тоқыраған экономиканы шет мемлекеттердің экономикалық және технологиялық көмегінсіз қалпына келтіру қиын еді. Шетел капиталын тарту үшін республика жаңа заңдар қабылдап, инвесторларды 5 жыл бойы табыс салығын төлеуден босатты. 1991 жылдың 22 маусымында қабылданған «Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жөніндегі» Заң жекешелендіру үдерісіндегі алғашқы бастама болды. Бұл заң негізінде 1991–1992 жылдары жекешелендірудің бірінші кезеңі жүзеге асырылды. Бірінші кезең Қазақстанда социалистік экономикадан кейінгі жағдайдың шиеленісіп, күлдірауымен сипатталды. Республиканың жалпы ішкі өнімі 1991 жылы ағымдағы бағамен 85863,1 млн сомды, 1992 жылы 1217689,2 сомды құрады. Бағаны ырықтандыру салдарынан үдей түскен инфляцияға байланысты жалпы ішкі өнім ағымдағы бағамен 15 есе көбейді. Тұтыну бағасының индексі 1992 жылы 3060,8%-ды құрады, бұл 1991 жылмен салыстырғанда 12,4 есеге (247,1%) көп. Нақты бағамен жалпы ішкі өнім деңгейі 5,3%-ға төмендеді. 1991 жылмен салыстырғанда 1992 жылы экономиканың барлық саласы бойынша өндіріс көлемі күрт азайды. Өнеркәсіптік өнімнің күлдырау қарқыны құрылыста 40,5%-ды, саудада 17,4%-ды, көлікте 19,4%-ды құрады. Өндірістің өсуі тек ауыл шаруашылығында тіркелді. Сатып алу қабілетінің тепе-теңдігі бойынша орта есеппен жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім 1991 жылы 5756 АҚШ долларын, 1992 жылы 5561 АҚШ долларын құрады.

Жекешелендіру кәсіпорын ұжымы тиісті өтініш жасағаннан кейін мемлекеттік органның шешімімен аукцион, конкурстар өткізу, еңбек ұжымдарына өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды тегін беру арқылы жүзеге асты. Бірінші кезеңде шағын жекешелендіру басталып, 5000-ға жуық нысандар жекешелендірілді. Олардың қатарында 470-тен астам кеңшар ұжымдық меншікке берілді. Ауыл шаруашылығы нысандарын жекешелендіру әрбір еңбеккердің мүліктік және жер үлесін анықтап, меншігін дербестендіру арқылы жүзеге асты.

1991 жылы 13 қыркүйектегі Қазақ КСР Президентінің қаулысымен бекітілген «Қазақ КСР-інде 1991–1992 жылдары мемлекеттік меншікті мемлекет меншігінен алу және жекешелендіру бағдарламасында» меншік түрлерінің өзгеру үдерісіне еңбек ұжымдары арқылы ел азаматтарын қатыстыру көзделді. 1992 жылдың 29 маусымында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің №1449-XII қаулысымен мемлекеттік бағытталған 52 млрд сом несиені 2 шілдеге дейін игеру жөнінде тағы бір қаулысы шықты. Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру Қазақстанның 1992 жылғы мамыр айында «Қазақстанның егеменді және тәуелсіз мемлекет ретінде дамуының қалыптасу стратегиясында» айтылды. Мұнда мемлекет дамуының басым бағыттары айқындалып, экономика саласындағы стратегиялық мақсаттар белгіленді. Елімізде үш бағыттағы – шағын, жаппай және жеке жобамен жекешелендіру жасалып, кәсіпорындар құрылды. Алғашқы түста оның да кедергі, қиындықтары болды. Қоғамдық, әлеуметтік һәм экономикалық бағыттарына басымдық берілді.

Оның бірінші көрінісі – тұрғын үй кешеніне қатысты іске асты. Жалғасып жатқан инфляция жағдайында 1991 жылы төлем қаражаты ретінде халыққа тегін пәтер – үйді жекешелендіру купондары берілді. Купондардың саны еңбек өтілімен анықталды. Бұл қадамның маңыздылығы бүкіл халықтың мемлекеттік мүлікті жекешелендіру ісіне қатысуға мүмкіншілік алғанында еді. Бірақ, жақсы мүмкіндікті толық іске асыру тетіктері болмады.

Жалға беретін және ұжымдық кәсіпорындар құрылды. Аукциондарда шаруашылық нысандары сатыла бастады. Сөйтіп, алғашқы халыққа қызмет көрсету нарығы қалыптасу сатысына өтті. Бірінші кезең қорытындысы бойынша мемлекеттік – 4771 мүлік нысаны жекеменшікке өтті. Жекешелендірілген кәсіпорындардың жалпы санының 60%-ын бөлшек сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету, коммуналдық шаруашылық және басқа нысандар құрады. Сауда – 29,6% және тұрмыстық қызмет көрсету 25,8% болды. Жекешелендіру реформасының бірінші сатысында ауылдағы еңбек ұжымдарына барлық мемлекеттік меншік негізінен ақысыз, ішінара сатылып берілді.

1993–1995 жылдары жүргізілген екінші кезеңде мемлекетсіздендірудің бастамашылық қағидаларынан бас тартылды, монополияларға қарсы шаралар қолданылды. 1994 жылы Министрлер кабинеті бекіткен кестеге сәйкес 426 аукцион-конкурс өткізіліп, 4374 нысан сатуға шығарылды. 1995 жылы олардың 2630-ы сатылды. 1995 жылға дейін 9 аукцион өткізіліп, 532 кәсіпорын сатылды. Олардың 409-ы толық сатылып, 108 кәсіпорынның акциялары ішінара өтті. Ал 15 кәсіпорынға мүлдем алушы шықпады. 1993 жылы белгіленген бағамен 414,7 миллион теңге тұратын мемлекет меншігі сатылды. Жекешелендіру басталғалы жеке жобалар бойынша Алматы темекі комбинаты, «Рауан» акционерлік қоғамы, Шымкенттегі кондитер фабрикасы сатылды. Темекі комбинаты үшін

96 млн доллар қолма-қол және 200 млн доллар инвестиция ретінде, кондитер фабрикасы үшін 25 млн доллар нақтылай және инвестиция деп 48 млн доллар валюта алынды. 1995 жылы Қазақстан халқының 97%-ы жекешелендірудің инвестициялық купондары бар чек кітапшаларын қолдарына алған болатын. Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитет төрағасы Э.Өтеповтың айтуынша, республика халқына 1846 млн купон есептеліп берілсе, оның 908 миллионын инвестициялық жекешелендіру қорлары жинап алды. Бұл барлық купонның 49,2%-ын құрады.

Алайда ірі өндірістік кәсіпорынның жұмысын ұйымдастыруда, металлургия саласындағы шетелдік серіктестермен жұмыс істеуде қазақстандық жас бизнесмендердің сауда саласындағы менеджменттік тәжірибесінің жеткіліксіздігі байқалды. Нәтижесінде темірді сату мен кәсіпорынға кокс жеткізіп тұру жөнінде шартқа отырудағы жіберілген қателіктер 1995 жылдың басында кокс қорының үш күнге жететін мөлшерде қалуына әкелді. Айналымдық қаражат толықтай шешілмеді. Кәсіпорындардың жалақы берешегі алты айдан асып кетті. «Эйр-Қазақстанды» алған қазақстандық бизнесмендер ұшақтардың қарызы үшін шетелдік әуежайларда қамауға алынуға дейін жетті. Шетелдік компаниялар азаматтарына қауіптілігіне байланысты «Эйр-Қазақстан» ұшағымен ұшуға тыйым салды. Қазақстандық менеджерлер тәжірибе жинақтап, басқаруды үйрену үшін «Эйр-Астананы» ағылшындармен бірлесе отырып құру туралы Президент шешім шығарды.

1995 жылы республиканың барлық меншік түріндегі өнеркәсіп орындары 642,9 млрд теңге көлемінде өнім өндірді. 1994 жылдың I тоқсанымен салыстырғанда 1995 жылдың I тоқсанында өнеркәсіп өнімін шығару барысындағы құлдырау 9,1%-ды құрады. Жамбыл облысынан басқа бірде-бір облыста өнеркәсіптегі құлдырауды тоқтату мүмкін болмады. Республикадағы кәсіпорындардың 44%-ы өнім өндіруде бұрынғы жылдың деңгейіне жете алмады. 1994 жылы өнім өндіру 175 сала (жылу энергиясы, мұнай өндіру және өңдеу, марганец кеніші, шойын құбырлар жасау, т.б.) бойынша ішінара кеміп кетті. 1989 жылмен салыстырғанда 1995 жылы халық тұтынатын тауарларға баға деңгейі 100 еседей, ал жалақының орта көлемі 15 еседей өсті. Ауылдың жағдайы мүшкіл еді. Кейбір отбасылар көршілерінен азық-түлік сұраған жағдай да болды. Ірі қалаларда қайыршылар, баспанасыз кезбелер саны көбейді.

Үшінші кезең – 1995 жылғы желтоқсанда заң күші бар «Жекешелендіру туралы» Жарлық қабылдаудан басталып, 1999 жылға дейін жалғасты. Үшінші кезеңде «Макроэкономиканы тұрақтандыру бағдарламасы» қабылданды. Ол қатаң шектеу арқылы инфляцияны төмендетуді көздеді. Тұрақтандыру бағдарламасы нарықтық экономика институттары мен инфрақұрылымды дамыту, халықаралық стандарттарға сәйкес екі деңгейлі банк жүйесін жаңғырту, инвестициялық және сақтандыру компанияларын, биржалар мен аудиторлық фирмалар құру, қатаң ақша-несие және нысапты бюджет-салық саясатын

жүргізу, ұлттық валюта бағамының тұрақтылығына қол жеткізу, атаулы жалақыны, берілетін несиелерді шектеу және ақша массасының қатаң көлемін (11722 млн теңгеден аспайтын) белгілеу мақсаттарын алға қойды. Бұл кезеңде шетел капиталы кеңінен тартылды. Нарықтық құрылымдарды дамытуға көңіл бөлінді. Қолданылған шаралардың нәтижесінде 1996 жылдың қарсаңында теңгенің валюталық бағамы тұрақтанды (1994 жылы – 1 доллар үшін 35,76 теңге, 1995 жылы – 60,93 теңге, 1996 жылы – 67,29 теңге), бюджет тапшылығы азайды. Өнеркәсіптің сыртқа шығаруға бағдарланған бірқатар салаларында өндіріс жанданды. Жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім 1994 жылмен салыстырғанда 1997 жылы 14,1 млрд теңге деңгейіне дейін көбейді.

Үшінші кезең – секторлық бағдарламаларға көшу. Бұл кезде жекешелендіру электр энергетикасы мен мұнай-газ саласын қамтыды. Кәсіпорындар соны серпінде дамып, жаңа жұмыс орындары ашылды. Адамдар тұрақты жалақы ала бастады. 1996 жылы ауыл шаруашылығын өркендету мақсатында министрліктің жанындағы ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорына мемлекеттік бюджеттен 2095,8 млн теңге бөлінді. 1996 жылы Азия даму банкі арқылы ауылшаруашылық ұжымдары бірінші кезекте бөлінген 50 млн долларға 50 диірмен, 6 наубайхана, 17 ет және сүт өндіретін технология, 11 макарон жасайтын технологиялық материалдар алды. Алайда үкімет кепілдігімен берілген несиелер дұрыс пайдаланылмады. Алынған несиелердің кейбірі өтелмеді. Мысалы, 1993 жылы «Қазнанөнімдері» концерніне 120 млрд сом, Ауыл шаруашылығы министрлігіне 70 млрд сом, «Эксимбанктің» несие желісі бойынша 630 «Джон-Дир» астық жинайтын комбайнын сатып алуға шетелдік инвестицияның едәуір бөлігі бөлінді, алайда ол өз уақытында қайтарылмады.

«Береке» акционерлік компаниясы 1994 жылы мемлекет кепілдігімен Голландиядан «Тео Симанс» консалтинг менеджмент ВВ» фирмасының жалпы сомасы 8,8 миллион АҚШ долларын құрайтын азық-түлік тағамдарын жеткізген. Алайда артық бағамен әкелінген құрғақ сүт, балалар тағамы мен маргарин нарықта сұраныс таппаған соң, ескіріп бара жатқан өнімдер балалар және емдеу мекемелеріне берілді. Республикалық бюджеттен компанияның мерзімі өтіп бара жатқан қарызын төлеуге – 2,2 млн АҚШ доллары көлемінде қаржы тағы бөлінді. Бұл компания мемлекетке төлейтін қарызы туралы бас қатырмастан, жай ғана коммерциялық келісімшарт бойынша жеткізілген тауарлар үшін Австрияның «Агротех Кондельстезель шарф МБХ» фирмасы мен Австриядағы «Қазақстан» сауда үйіне 2,8 миллион АҚШ долларын, Ресейдің «Ратминвест» фирмасына 4,8 миллион теңге және «Атыраубалық» акционерлік қоғамына 3,3 миллион теңгені аударды. Қаржы министрлігіне қарыз бола тұра, өрі қаржы жағдайы нашар болса да, қызметкерлердің айлық жалақысын 40–90 мың теңге мөлшерінде төлеп тұрды. Осындай мемлекет қаржысын талан-таражға салып, бюджеттен алған қарызын қайтармаған фирмалар болды. Бұл берекесіз жағдай

бюджет шығындарының артуына алып келді. Келтірілген фактілер республикада экономикалық реформаның ғылыми негізде жүргізілмегендігін көрсетті. Қазақстан үкіметі реформаның дербес стратегиясы мен тактикасын жасап, тізгінді өз қолына алуы тиіс еді. Бірақ олай жасалмады. 1997 жылы өндірістің ең көп төмендеуі жеңіл өнеркәсіпте орын алды. 1997 жылдың бас кезіндегі экономиканың жайкүйін мыналай факторлармен сипаттауға болады: іс жүзінде барлық тауарлар мен қызметтердің бағасы босатылды немесе ырықтандырылды, негізгі заңдық актілер өзгертілді, мемлекеттік меншікті жекешелендіру қарымды қарқынмен жүргізілді. 1998 жылы елімізде тіркеуден өткен 1200 кәсіпорынның тек 20-ға жуық ірі кәсіпорын жұмыс жасады. Олардың 30-40 мың жұмыскерлерінің 90%-ы ақысыз демалысқа жіберілді.

Төртінші кезең – 1999 жылдан басталды. Бірінші кезекте мемлекеттік мүлікті басқаруды жетілдіру қажет болды. Мемлекеттік және коммуналдық кәсіпорындарды оңтайландыру басталды. Экономикалық жүйенің қалыптасу кезеңінде инвестициялық саясатқа басымдық берілді. Инвестициялар туралы заңдар қабылданып, инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы, қосарланған салық салуды болдырмау туралы бірқатар үкіметаралық келісімдер жасалды.

Жекешелендірудің төртінші кезеңінің алғашқы бастауында – 1999–2000 жылдарға арналған жекешелендіру және мемлекеттік мүлікті тиімді басқаруды арттыру бағдарламасы түрлы. Құжаттың мазмұны алдыңғы жылдардағы экономикалық реформалардың айтарлықтай маңызды нәтижелерін белгілеуге мүмкіндік береді. Басты нәтиже – нарықтық экономиканың негізі ретінде жекеменшіктің қалыптасуы. «1999–2000 жылдарға арналған жекешелендіру мен мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттыру бағдарламасын» іске асыру барысында мемлекеттің үлестік қатынасы бар – 10 жетекші кәсіпорын анықталды. Олар: «Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндіріс бірлестігі», «Өскемен титан-магний комбинаты», «Қазақтелеком», «Қазақстан алюминийі», «Ақтөбемұнайгаз», «Маңғыстаумұнайгаз», «Қазмыс», «Қазхром трансұлттық компаниясы», «Қазақстанның Халық Жинақ банкі». 1999 жылы «Қазақстанның Халық Жинақ Банкі» АҚ-ның мемлекеттік пакеті акциясының бір бөлігін, 2000 жыл соңында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ын жекешелендіру өткізілді. «Қазақстан алюминийі», «Қазақмыс», «Маңғыстаумұнайгаз», «Ақтөбемұнайгаз», «Қазақстанның Халық Жинақ банкі», «Өскемен титан-магний комбинаты» акционерлік қоғамдарының мемлекеттік пакеттері түгел сатылды.

Төртінші кезеңде мемлекеттік және мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарды оңтайландыру жұмысы басталды. Мемлекет меншігінен алу мен жекешелендірудің өзіндік қиындықтары, қарама-қайшылықтары болды. Ішкі нарықты қорғаудың нақты жүйесі болмағандықтан, сыртқы көптеп енген арзан шетелдік өнімдер отандық өнімдерді ығыстырып, кәсіпорындардың күйреуіне қосымша ықпал етті. 1999 жылы

пайдалы шаруашылықтар 21,9%-ды, шығынды шаруашылықтар 78,1%-ды құрады.

Жекешелендіру – Қазақстанның қазіргі тарихындағы нағыз қайшылықты үдеріс. Жекешелендіруге байланысты қаншама сын айтылды. Қиындықтар мен кемшіліктер орын алды. Дегенмен, ол үдеріс өзінің мақсатына жетті. Қазақстан экономикасында жекеменшік сектор пайда болды. Халық жекеменшіктің ұтымды тұстарына көз жеткізіп, еңбек ету мүмкіндігін алдыңғы кезекке шығарды.

Аграрлық секторды реформалау. Ауыл шаруашылығын жекешелендіру – Қазақстан Республикасының 1992 жылдың 14 қаңтарындағы №1126-XII «Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мүліктерін жекешелендірудің ерекшеліктері туралы» толықтырулар мен өзгертулер енгізілген заңға сәйкес жүргізілді. Аграрлық секторды реформалаудағы маңызды қадам жер қатынастарын реттеу мен жерді жекеменшікке беруден басталды. Қазақстанда жерге деген тікелей жеке меншіктік қатынас болмағанмен, жерді пайдалану құқығы (жер туралы заңнама бойынша) заңдастырылып, алып-сату, жерді пайдалану кепілдікке және жалға беру бастапқы кезден-ақ нарықтық қатынасты құрудың механизмі ретінде қарастырылды. Нарықтық қатынастарға өтуге байланысты мемлекеттік емес агрокәсіпорындардың үлесі артты. Меншік иесі мен тауар өндірушілерді біріктіру ауыл шаруашылығын көтереді деген сенім болды. Қазақстан Президентінің «Жер қатынастарын реттеу жөніндегі кейбір мәселелер», «Жер қатынасының келешекте өзін-өзі жетілдіруі», «Жер туралы», «Ипотека туралы», «Жылжымайтын мүлікке құқығын тіркеу туралы» Жарлықтарында экономиканың аграрлық секторындағы нарықтық қатынастың негізі салынды.

Жекешелендірудің бірінші кезеңінің нәтижелері кәсіпкерліктің дамуына серпін бергенімен, ұжымдық тәртіпке үйренген адамдарға әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қиын соқты.

1992 жылы басталған ауыл шаруашылық нысандарын жекешелендіру ісі үлкен қиыншылықтармен, ауыл тұрғындарының барынша кедейленуімен ерекшеленді. Осыған дейін «үкімет нұсқауымен ғана жүрген» ауыл халқының нарықтық экономикаға бейімделуі оңай болмады. Шаруаларға нарықтық қатынастардың барысы, мән-жайы түсіндірілмеді. Мемлекет өтпелі кезеңнің бар ауыртпалығын ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің иығына арта салды. 90-жылдардың басында ауыл шаруашылығында жүргізілген реформалық шаралардың бәрі сәтсіз болды. Ірі ауыл шаруашылық нысандарын, кеңшарларды тарату, олардың қазыналық үлесінің көпшілігін кеңшар директорларына беру әдісімен жүрді. Ішкі экономикалық қарым-қатынас, әсіресе жабдықтау мәселелерінің шешілмеуіне байланысты кеңшар директорларының көпшілігі шаруашылықты талан-таражға салып, бартерлік айырбаспен құртып жіберді. Сол кездегі ауыл еңбеккерлері жоқшылық әсерінен бір қап ұн үшін – бір ірі қара беруге мәжбүр болды. Келейшілік келді. Бұл жағдай ауыл мен село тұрғындарының та-

быс көзін іздеп қалаларға, өндірістік және сауда орталықтарына жаппай қоныс аударуға әкеліп тіреді.

Жекешелендіру реформасының екінші кезеңі 1993 жылдың 5 наурызындағы Қазақстан Республикасы Президентінің №1135 «Қазақстан Республикасында 1993–1995 жылдарға арналған мемлекет иелігінен алу және жекешелендірудің ұлттық бағдарламасына» сәйкес жүргізілді. Бағдарламаның мақсаты – бәсекелестікті, кәсіпкерлікті дамыту, өндірістің тиімділігін көтеру болды. Осы бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында Президент, Министрлер кабинеті көптеген нормативтік құжаттарды бекітті. Президенттің 1993 жылдың 5 наурызындағы «Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік ауылшаруашылық, дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Жарлығында 1993–1995 жылдары мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру шараларын қадағалауды республиканың мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен жергілікті атқарушы үкімет органдарына тапсырды.

Екінші кезең экономикалық дағдарыстың түйінді кезеңіне айналды. Ресей Федерациясымен шаруашылық байланыстардың үзілуі және осының салдары ретіндегі төлем төленбеу дағдарысы, кәсіпорындардың өзара борыштары 1993–1994 жылдары және 1995 жылдың басында 634913 млн теңгеге жетті. Инфляция (гиперинфляция) өршіп, 1993 жылы тұтыну бағасының индексі 2265% деңгейіне жетті (Ресей Федерациясының жаңа рублінің инфляциясы). Өндірілген ұлттық табыс 1991–1993 жылдары 1976 жылғы деңгейге дейін төмендеп, жалпы құлдырау 38,2% болды. 90-жылдардың басындағы жалпы экономикалық дағдарыс халық тұрмысының күрт нашарлауына әкелді. 1990 жылдан 1994 жылға дейін тұтыну қабілетінің тепе-теңдігі бойынша жан басына шаққанда орта есеппен жалпы ішкі өнім 20%-ға азайып, 4711 АҚШ доллары көлемінде қалды. Халықтың жаппай көші-қоны басталды.

Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдайтын мемлекеттік қор 1994 жылдың аяғында ғана құрылды. Жекешелендіру үдерісі аграрлық салада 1995 жылдан бастап тіпті қарқын ала бастады. 1995 жылдың өзінде республикадағы 2120 мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының 1864-і (84%) жекешелендірілді. Олардың негізінде 3300-ға жуық ауыл шаруашылық құрылымдар құрылды. Олардың 1124-і ұжымдық, 1220-сы шағын кәсіпорындар, 405-і акционерлік қоғамдар, 2800-ден астамы шаруа қожалықтары (фермерлік) және т.б. болатын. 1995 жылы жекешелендірілетін 477 мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарының 383 – сі сол жылдың 27 қарашасына дейін жекешелендіріліп болды, ол 80,3%-ды құрады. Жекешелендірілген ауылшаруашылық кәсіпорындарына қолдау көрсететін тетіктің, тауар өндірушілер мен дайындаушылардың, қайта өңдеу мен қызмет көрсетуші агроөнеркәсіп кәсіпорындары арасында байланыс болмауы себепті ауыл шаруашылығы өнімділігі төмендей берді. Ұсақ шаруа қожалықтары, аты бар да, заты жоқ акционерлік қоғамдар мен

кәсіпорындар бұрынғы ірі ауылшаруашылық нысандарының орнын басуы мүмкін болмады.

Ауыл шаруашылығы саласындағы ауыр жағдай үкіметті 90-жылдардың ортасынан бастап қана ойландыра бастады. Мемлекет ауыл шаруашылығы саласына көмек беру мақсатында тауар өндірушілерге қосымша жәрдем ақша бөліп, асыл тұқымды малды, тұқымды, минералды тыңайтқыштарды, өсімдіктер мен жануарларды сатып алатын бағаны төмендетуді көздеді. Ауыл шаруашылығы техникалары лизингі мен жанар-жағармай алуды жеңілдететін несиемен қамтамасыз ету қарастырылды. 1995 жылдың соңында республикада 2120 ауылшаруашылық кәсіпорнының 1712-сі реформаланды. Олардың негізінде 1178 ұжымдық, 375 акционерлік, 1065 шағын, 27,9 фермерлік шаруашылық қожалықтары, барлығы 33 мың шамасында түрлі ауылшаруашылық құрылымдары пайда болды. Реформаланбаған 392 кеңшар, 1060 басқа да мемлекеттік шаруашылық қалды. Алайда жер үлесі мен мүлік жарналарын тегін дерлік алған ауыл тұрғындары бұл үдерісті кезінде түсініп, өз меншігіне шын мәнінде иелік ете алмады. Олар өндірістік технологияны сақтай алмағандықтан, бәсекеге қабілетсіз өнімдер шығарды және шығынды болды. Осы жағдай ауылдық жерден капиталдың кетуіне алып келді. Несие алуға мүмкіндігі болмаған ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілер пайдасыз ауыс-күйіске, айырбасқа барып, қаражат жағдайын қиындатып алды. Өндірілген өнімдерді өткізу мен ауыл шаруашылығын қамтамасыз ету дұрыс жолға қойылмауынан астық, ет, көкөніс сататын ірі нарықтарға байланыс, сауда қарым-қатынасы қиындады.

Жалпы ішкі өнімдегі аграрлық сектордың үлесі 1991 жылы 29,7% болса, 1995 жылы 12,3%-ға азайып, жалпы өнім 1,9 есеге қысқарды. Ауыл шаруашылығын шикізатпен қамтамасыз етудің күрт төмендеуінің кері әсері көптеген кәсіпорындар жұмысының тоқтатуына әкелді. Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің үлесі 40%-дан 18%-ға дейін құлдырап кетті. Жекешелендіру реформаларынан кейін қалыптасқан жағдай шаруашылықтарды қолдайтын жедел де кешенді шаралар қабылдауды талап етті. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілерді мемлекеттік қолдау мақсатында 1998–1999 жылдары салық жеңілдігі, яғни біраз өнімдерге 10% қосымша құнға салынатын салық белгіленді. 1999 жылдың шілде айынан патенттік салық жүйесі енгізілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 қыркүйектегі №420 «Салық және айып шараларын төлеуді 1999 жылдың 15 желтоқсанына дейін кейінге қалдыру туралы» қаулысы қабылданды. Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы», «Салық және басқа да бюджетке міндетті төленетін төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Заңда 2000 жылдың 1 қаңтарына дейін жинақталған салықтар мен басқа да айып шараларды төлеу мерзімі 3 жылға ұзартылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылдың 21 желтоқсанындағы мәжілісінің №34 хаттамасы шешімімен ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың 2000–2002 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді.

Банктік жүйені реформалау. 1990 жылы желтоқсан айынан Қазақстанда дербес банк жүйесі қалыптаса бастады. Елімізде дербес қаржы-несие саясатын жүргізу арқылы инфляцияны ырықтандыру, әлеуметтік мәселелерді, халықтың әл-ауқатын көтеруге мүмкіндік беретін қазіргі заманға сай екінші деңгейлі банк жүйесін құру және алтын-валюта резервінің қорлануы, қор биржасы, салық, кеден және басқа органдар секілді жаңа мемлекеттік институттарды дамыту мақсатында екі деңгейлі банк жүйесі құрылды. 1991 жылы қаңтарда «Қазақ КСР-індегі банктер мен банк қызметі туралы» Заң қабылданып, елімізде екі деңгейлі банк жүйесінің негізі қаланды. 1993 жылы теңгені енгізу қарсаңында екі деңгейлі банк жүйесі қызмет етті. Мұндай банк жүйесі нарық жағдайында тиімді болып табылды. Екі деңгейлі банк жүйесі жағдайында – Ұлттық банк тәуелсіз болып, мемлекеттік қаржы-несие саясатының тиімділігін арттырады. Ал екінші деңгейлі банктер тәжірибе мен мүмкіндіктер негізінде даму серпініне ие болады.

Облыстық басқармалары мен бөлімшелері бар республикалық мемлекеттік банк Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі болып құрылды. Республикалық Өнеркәсіп-құрылыс банкі акционерлік-коммерциялық «Түранбанкке», Агроөнеркәсіп банкі «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп банкіне» айналды. Акционерлердің ортасынан кейінірек «Қазкоммерцбанк» атанған «Қазақстан Коммерц» банкі шықты. Сыртқы сауда банкі акционерлік-коммерциялық «Әлембанк», Республикалық Жинақ банкі «Қазақстан Республикасының Жинақ банкі» болып аталды. 1993 жылы жоғарыда аталған банктердің барлығы акционерлік болып, ал Жинақ банкі «Қазақстан Республикасының Халық банкі» болып өзгертілді. Қазіргі таңда банк жүйесінің екінші деңгейінің негізгі құрамы болып отырған банктер Қазақстандағы аса ірі жекеменшік банктер қатарына жатады.

Президент 1995 жылы наурызда – «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» заңды күші бар Жарлыққа қол қойды. Ол бойынша Ұлттық банк заң аясында тәуелсіз қызмет жасап және Президентке ғана есеп беретін болып белгіленді. Банктің тікелей қызметі дербес ақша-несие саясатын жүргізу және Қазақстанның қазіргі заманға сай банк жүйесін қалыптастыру болып табылды. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Үкіметпен бірлесе отырып, жалпы мемлекеттік экономикалық саясаттың мәселелерін үйлестіріп отырады.

1995 жылы республиканың банк жүйесін реформалаудың бірінші бағдарламасы қабылданды. Бағдарламаның мәні – экономикада салымшылар жинағының өз есебінен, сыртқы қаржы есебінен банктерде несие берілу колға алына бастады. Елдегі банк жүйесін дамытудағы жасалған маңызды қадам 1996 жылы желтоқсан айында екінші деңгейлі банктердің қаржылық есебінің халықаралық стандартқа өту бағдарламасы қабылданды.

Ұлттық валютаның енгізілуі. Елді экономикалық дағдарыстан шығаруға жасалған алғашқы батыл қадам – Елбасының 1992 жылдың ба-

сында елдің ұлттық валютасын дайындау жөніндегі күпия жарлығы. 1993 жылы 15 қарашада ұлттық валюта – теңге айналымға енгізілді. Бұрынғы одақ елдерінің ішінде Қазақстан ұлттық валютаны ең соңғы болып енгізді. Өйткені Қазақстанның Ресеймен экономикалық байланыстары әлдекайда берік болған еді. Күнтізбедегі 15 қараша – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы күні ретінде белгіленген. Ұлттық валюта – теңге (қолма-қол ақша) банкнот және монета түрінде айналысқа енді. Банкнот – Ұлттық Банктің Алматы қаласындағы Банкнот фабрикасында, ал монета – Өскемендегі монета сарайында дайындалып шығарылды.

Ұлттық валютаның айналымға енуі мемлекеттің ақша-несие және ақша саясатын, сонымен қатар толыққанды банк секторын қалыптастыруды бастауға мүмкіншілік берді. Теңгенің айналымға енуі реформаны күшейтуге, жаңа экономикалық қатынастарға бейімделе отырып, нарықтық қатынастарға өтудің ұлттық бағдарламасын жасауға жол ашты. 1994 жылы қаңтарда экономикалық реформаны одан әрі жүргізуді жандандыру жөніндегі шаралар туралы Президент Н.Назарбаев қаулы қабылдады. Онда дағдарысқа қарсы шаралар мен экономиканы тұрақтандырудың 1994–1995 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеу үшін республикалық комиссия құрылды және комиссия қорытындысы баспасөзде жарияланатын болды. 1996 жылғы 19 ақпаннан бастап шығарылған инвестиялық монеталар Қазақстан Республикасында «Жібек жолы» деп аталды. Қазақстанда инвестиялық монеталар тиімді инвестициялау және жинақ қаражатын сақтау үшін шығарылады. «Қазақстанның әдет-ғұрыптары, ұлттық ойындары» сериясынан «Бесікке салу», «Тұсау кесу», «Қыз қуу», «Беташар» күміс номиналы 500 және Нейзильбер қоспасынан номиналы 50 теңгелік монеталар шығарылған. Бұл ескерткіш монеталар – қазақ халқының әдет-ғұрыптары және ұлттық мәдениетін кеңінен насихаттауға арналған. Ал «Ертеде соғылған монеталар» сериясымен, Қазақстан аумағындағы археологиялық қазбалар кезінде табылған монеталар – «Драхма», «Дирхем», «Отырар», «Сарайшық» деген атпен шықты.

Қазақстанның бүкіл мәдениетін кеңінен таныту, дін, имандылық, жеке тұлғаның рухани және адамгершілік тұрғыдан өзін-өзі жетілдіру іліміне арналған – «Түркістан», «Айша-бибі кесенесі», «Жошы-хан кесенесі», «Бабаджа-хатун кесенесі», «Орталық мешіт», «Нұр-Астана мешіті», т.б. монеталар «Қазақстанның мешіттері мен шіркеулері» сериясымен шыққан.

«Дуадақ», «Сайғақ», «Қар барысы», «Тянь-Шянь аюы», «Жалбағай», т.б. монеталарды Қазақстанның сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жануарлар әлеміне арналған. Мұның қоғамдық та, халықтық та маңызы бар. Асылы, ескерткіш монеталар арқылы да ұлттық мұраттарды, мәдени-рухани құндылықтардың қасиет-қадірін арттыруға болады.

Қазақстан экономикасындағы шетелдік банктер. Қазақстанның экономикалық өміріне шетелдік банктердің енуі 1993 жылдың күзінен бас-

талды. Алғашқылардың бірі болып біздің елде банк операцияларын жүзеге асыруға құлшыныс білдірген американдық «Чейз Манхеттен банк» және голландиялық «ABN AMRO» банк болатын. Бұдан соң Техас штатының қаржылық және өндірістік орталықтары қазақстандық сауда-өнеркәсіптік компаниялармен біріге отырып Қазақстан мен Техас банкін қалыптастырды («Texakabank»).

1995 жылы Қазақстанда – 13 шетелдік банк кеңселері жұмыс істей бастады. Бұлардың міндеті – Қазақстандағы бизнес жағдайын зерттеу және тұтынушылармен арадағы қызмет барысын бақылау болды. Мұндай кеңселерде «Дрезденбанк», «Дойчебанк», «Коммерцбанк» (Германия), сондай-ақ венгрлік «Магуар Банк» және американдық «Сити Банк» жұмыс істеді. Сити Банктің ашылуына әсер еткен жағдай: банктің компаниондары «Филипп Морис» және «Шеврон» компанияларының жергілікті жерлерде банк операцияларын іске асыру жұмысы болды. Бүгінгі таңда «Сити Банк» Қазақстанда корреспонденттік есептер жүргізумен қатар, сауда және қаржылық жобалары арқылы жұмыс жасаумен айналысады.

1994 жылы Солтүстік Қазақстан өніріндегі зауыттардың біріндегі жобаны жүзеге асыру барысында «Эксимбанктің» (АҚШ) қаржысы пайдаланылды. Қазақстанда қытайлық банктер – «Қытай Банкі» және «Қытайдың индустриалды-коммерциялық банкі» қызмет атқарады. Қаржы дағдарысына байланысты Қазақстанның Қытайдан алған үлкен көлемдегі қарызы белгілі дәрежеде екі елдің бұдан былайғы қарым-қатынасына өзгерістер алып келуі мүмкін. Түркияның қатысуымен үш банк – «Түркия – Қазақстан банкі», «Казкоммерц-Зираат банкі» және «Түрік – Қазақстандық халықаралық банкі» жұмыс жасайды. 2000 жылдардан бері ресейлік капитал да банк жүйесіне ақырындап енуі байқалуда. «Альбарака банк Казахстан» банкі араб елдерімен бірігіп құрылған. Соңғы кезде Қазақстанда ислам елдерінің банк жүйесі әрекет ете бастады. Аталған банктер ұжымдық және жеке тұлғалармен байланыс орнатып, кеңінен жұмыс жасайды.

Ірі банктердің ашылуы көбіне ірі келісімшарттарды орындау барысында жүзеге асады, әсіресе мұнай саласында. Мысалы, ірі жобаларға шетелдік инвестицияны тарту мақсатында құрылған Қазақстандық Халықаралық банктің жарғылық салымы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен «Чейз Манхеттен Банк» арасында өзара бөлінді.

Республикалағы құрылған шетелдік банктер желісінің қызметі заң жүзінде бақыланады. Бұл мәселеге қатысты Ұлттық Банк бірқатар ұсыныстар дайындап ұсынды. Инвестициялық қызметке қолдау көрсету үшін елде шетелдік банктердің филиалдарын құру одан әрі жүзеге асырылуда. Қазақстандық банктер капиталындағы шетелдік қаржының үлесі 25% шектелген, бірақ бұл шектеу экономикалық үлерістерді тиімді жүзеге асыру барысында өзгеруі мүмкін. Қазақстанда банктердің негізін қалау үшін әлемдік деңгейде жоғары бағаланған банктер ғана жұмыс жасайды. Инвестициялық банктердің құрылуымен инвестиция көлемі

де ұлғаяды, олар коммерциялық банктердің құрылымы тұрғысынан ғана ерекшеленді. Шетелдік банктермен тығыз қарым-қатынас жасау Қазақстан Республикасының қаржылық жүйесінің сенімділігін арттырады.

СҰРАҚТАР:

1. 1990 жылдардың басында жоспарлы экономика дағдарысының салдары қандай?
2. Қазақстан Республикасының Президенті экономиканы реформалау және нарықтық қатынастарға өту бойынша қандай шешім қабылдады?
3. Ұлттық валютаны енгізу қажеттілігі неден көрінді?
4. Экономикалық өзгерістердің және қайта құрулардың (трансформацияның) қиыншылықтары неден көрініс берді?
5. Қазақстан Республикасында қаржы жүйесінің қалыптасу ерекшеліктері қандай?

3.2. Қазақстан экономикасы – ғасырлар тоғысында

Қазақстан Республикасының экономикалық стратегиясы мен жағдайы. Қазақстан халқының алдында әлемдік экономиканың шикізат шылауы болып қала беру немесе Орталық Азия өңірін елеулі түрде экономикалық интеграциялауға бару сияқты екі таңдау тұрды. Мемлекет экономикалық жағынан әлсіз болса, басқару жүйесінің ешқандай мәні қалмайтынын түсінген Қазақстан екіншісін таңдады. Қазақстан басшылығы түбегейлі нарықтық реформа жүргізе отырып, қоғам өмірінде экономикаға айрықша басымдық берді. Президент Н. Назарбаев туризм, мұнай-газ, машина жасау, тамақ және тоқыма өнеркәсібі, көліктік-логистикалық қызмет көрсету, металлургия және құрылыс материалдары салаларын дамытуға ұмтыла отырып, индустриалдық-инновациялық стратегияны ұсынды.

Қазақстанда нарықтық реформалардың басталуы шетелдің инвестициялық көмегін қажет етті. 90-жылдары шаруашылық саласын жайлаған дағдарыс жағдайында шетел капиталынсыз экономиканы көтеру, оны нарықтық жолға түсіру қиын еді. Барлық дамыған елдер де өздерінің экономикасын дамыту жолында шетелдік қаржы-несиені, инвестицияны пайдаланған. Сондай-ақ, экономикалық дағдарыс, бір жүйеден екінші жүйеге өтерде шетелдік инвестициясыз ішкі қаржылық тапшылықты жою мүмкін емес болатын.

Бұл мәселе заң жобаларын қалпына келтіру арқылы қолға алынды. Қазақстан Республикасында шетелдік инвестицияны тартудың алғашқы қадамы шикізат көздерін игеретін ірі өнеркәсіптерді шетелдік фирмалардың қолына беруден басталды. Біршама қиындықтар туғыз-

ғанымен, сынама әдістер мен кәсіпкерлер арқасында құнды тәжірибе жинақталды. Алғашқы инвестициялық жобалардың ресми мәліметтеріне сүйенсек, 1994–1995 жылдары басталып шетелдік қаржы мекемелері мен жекеменшік компаниялардан ресми көмектер, қарыздар (займдар) және экспорттық несиелер түрінде Қазақстан экономикасына 3 млрд АҚШ доллары тартылды. Өтпелі кезеңде ауыр күйзеліске ұшыраған және сол себептен шетелдік басқаруға берілген барлық мекемелер дер кезінде еңбекақы қарызын өтеді. Зейнетақы қорларына қаражат салды. Энергетика, көлік тасымалдары, т.б. салалар қарыздарын қайтарды. Шетелдік фирмалардың, оның ішінде Қазақстанмен тікелей қарым-қатынас жасаған «Шеврон» компаниясының әлеуметтік салаға әсері зор болды. Өндіріс орындарында 200 мыңға жуық жұмыскер еңбекпен қамтамасыз етілді. 1997 жылы 28 ақпанда «Қазақстанға келетін тікелей инвестицияларға мемлекеттік қолдау көрсету туралы» заң жобасы қабылданды. Қазақстан экономикасына салынатын тікелей шетелдік инвестицияларға жағдай жасау мақсатында жеңілдіктер жүйесі кеңейтілді. Бұл құжаттың басты мақсаты – ең маңызды өндіріс орындарын және қызмет салаларын қолдау болып табылды. Мысалы, келісімшартқа қол қойылған мерзімнен бастап 5 жылға дейін кіріс, жер салығы және мүлік салығына 100% жеңілдік жасау, сонымен қатар одан кейінгі бес жылдықта бұл көлемді 50%-ға төмендету көзделді. Инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қажетті құралдарды, шикізатты, материалдарды кеденлік баж салығынан толық немесе жартылай босату ұсынылды. Мұның барлығы шетелдік инвестиция ағымына күшті әсер етті. Қазақстанмен келісімге отырған шетелдік компаниялардың ұзақ мерзімді инвестициялық міндеттіліктері 60 млрд доллардан асты. Өндірістік инфрақұрылымнан түсетін қаржыны, сондай-ақ сыртқы мемлекеттік займдар, несиелер және республикалық бюджет есебінен қаржыланатын нысандарды мұнай өндірісі шикізат базасын, көлік, энергетика, металлургия, машина құрылысы салаларын дамытуда пайдалану көзделді. «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Заңға сәйкес инвестиция тартылатын маңызды өндірістердің тізіміне жоғары технологиялық машиналар, құрылғылар мен құралдар, электроника және электротехникалық өнімдер өнеркәсіптері енгізілді.

1997 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан экономикасына тартылған тікелей шетелдік инвестицияның көлемі 7 млрд доллардан асты. Бұл көрсеткіш әрбір қазақстандық үшін 165 доллардан келеді. Бұл Ресеймен салыстырғанда бес есе көп. 1999 жылы инвестициялар өскенімен, біздің ел инвестициялық лағдарысты жеңген жоқ. Негізгі капиталға жасалған инвестиция 3,8%-ға өсті. Алайда ел экономикасының тұрақты өсу факторына айнала алмады. Себебі шетелдік инвестициялар шикізат секторына жинақталды. Өкінішке қарай, қаражат өндірісті заман талабына сай бейімдеуге, ресурсты үнемдейтін озық технологияларды енгізуге жұмсалмады. Инвестициялардың жалпы сомасының 72%-ы құрылысқа, 6%-ы ғана машиналар мен жабдықтарға жұмсалды.

Нәтижесінде еліміз бұрынғыша шикізат көзі есебінде жұмыс жасап, экономиканың негізгі салаларындағы өндірістік жабдықтардың тозығы жеткен еді. Осы себептерге байланысты қоғамдық пікірде шетел инвестициясы деген ұғымға теріс пікірлер қалыптаса бастады.

«Қазақстан–2030» стратегиялық бағдарламасының қабылданған уақытынан бастап еліміз оны іске асыру, дамыған нарықтық экономикалық деңгейге жетуге ұмтылды. 1998 жылы ішкі жалпы өнім 2%-ға және өнеркәсіп өндірісі 4%-ға өсіп, реформа басталғаннан бергі уақытта инфляция деңгейі 11,2%-ды құрады. Екі жылға жуық мерзімде теңгенің айырбас бағамы тұрақтанды. Негізгі капиталға деген инвестиция 20%-ға артты. Алайда 1998 жылдың соңғы айларында экономикалық даму деңгейі қайтадан құлдырай бастады. Үкімет экономикадағы күрделі жағдайдың себебін азиялық қаржы дағдарысының салдары деп түсіндірсе, зерттеушілер сол жылдардағы Қазақстан басынан кешірген өтпелі экономика қарама-қайшылықтарын алға тартады. Себебі ел экономикасының барлық салаларында, сондай-ақ әлеуметтік салада нарықтық қатынастарды қалыптастыру күрделі жағдайда жүргені шындық болатын. Онымен қоса жүргізіліп жатқан реформаның тиімділігін көрсететін, оған деген халықтың сенімділігін тудыратын оңды көрсеткіштер де байқалмады.

Өндірісі экспортқа бағдарланған өнеркәсіп кәсіпорындарын түгелдей дерлік шетелдік компанияларға сатып жіберу салдарынан Қазақстан экономикасы қарқынды дами алмады. Қалыптасқан жағдайда экспорттың құрамын өзгерту мүмкін болмады. Қазақстан экономикасының экспортқа шығаратын мұнай, металл, кен, бидай, т.б. негізгі тауарлардың әлемдік нарықтағы конъюктурасы да төмен еді.

Экономикадағы ақшаның аздығы – тауар өндірушілердің қолын байлады. Осыған байланысты Ұлттық Банк қайта қаржыландыру деңгейін 20%-ға дейін, коммерциялық банктер 25%-ға дейін көтерді. Инфляция деңгейі төмендегені байқалғанымен, экономика заңына кереғар ақша арзандамады, керісінше қымбаттай түсті. Төлем мен бюджет дағдарысының тереңдеуі өндірістің құлдырауының басты себебіне айналды. Қаржы саласындағы жағдайға Ресейдегі дағдарыс әсер етті. Нақтырақ айтқанда, Ресей сомы 3 еседен артық девальвацияға ұшырағаннан кейін тауарлар арзандап, Қазақстан нарығына қаптап кірді. Бұл енді ғана аяғынан тұра бастаған отандық тауар өндірушілерге кері ықпал тигізгені сөзсіз. Дәл осындай тауар тасқыны Қырғызстан жағынан да келді. Қырғызстан сол кезеңде – Бүкілэлемдік сауда ұйымына кіріп, оның Орталық Азиядағы плацдармына айналды. Қазақстанға импорт тасқынының артуы долларға деген сұранысты күшейтіп жіберді. Шұғыл және жеткілікті дәрежеде тиімді шаралар қолданылмаса, теңге курсының күрт құлдырап, қаржы дағдарысының үлғаю қаупі төнді. Сол жылдардағы экономистердің көпшілігі теңгені сақтау үшін девальвацияға бару қажеттілігін қолдады. Бірақ теңгені девальвациялау елдің теңге тұрақтылығына деген сенімсіздікті туындатып, нәтижесінде шетелдік

инвесторлардың ел экономикасынан кетуіне жол ашты әрі еліміздің басқа елдерден алған қарыздары мен несиелерінің қымбаттауына әкелді. Осылайша, экономикада «былай тартсаң өгіз өледі, былай тартсаң арба сынады» кері келді. 1998 жылы Қазақстан тұрғындарының 80%-ы жан басына шаққандағы айлық табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен болатын. Осындай жағдайда жасалған девальвация бір жағынан халықтың жиған-терген ақшасын, барлық салымдарын жоқ қылып, екінші жағынан, импортпен келген барлық тауардың бағасын өсіру мүмкіндігін туындататын еді. Жағдайдың ушығуынан елді аман сақтап қалуға теңге көлемінің тым аздығы себеп болды. Осындай қатерлі, ауыр кезеңде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев азиялық және ресейлік қаржы дағдарысынан біздің экономиканы сақтау, қорғау жөнінде үкіметке тапсырма берді.

Қазақстан экономикасы – 1999 жылы қаржы дағдарысын, өндірістік құлдырауды, әлеуметтік шиеленістің өсуін, теңгенің құнсыздануын бастан өткерді. Бірақ, бірте-бірте экспортқа шығарылатын тауарларға бағаның өсуі және астық молшылығы өндірісті жандандырды. Тұтыну секторының кейбір тауарларының бәсекелестік қабілеті артты, ол шетелдік тауарларды ығыстыруға мүмкіндік берді. Осылайша, ел экономикасы нарықтың үлкен сынынан өтіп, 1999 жылы жалпы ішкі өнімнің көлемі 1,7%-ға артып, 1997 жылдың деңгейіне жетті. Иә, өсім аз болғанымен, жалпы ішкі өнімнің тұрақтана бастауы ел үшін аса маңызды еді. Себебі, бұл көрсеткішке қаржы дағдарысынан кейін қол жетті. 1999 жыл ішінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2,2%-ға, ауыл шаруашылығы – 28,9%-ға, құрылыс – 2,4%-ға, тауар өндіру үлесі – 2,3%-ға өсті. Өнеркәсіпте өндірістің өсуі алғаш рет өңдеуші өнеркәсіп есебінен жүрді. Бірақ, ЖІӨ көлемінің артуына мол астық, мұнай мен мұнай өнімдеріне, металдарға әлемдік бағаның артуы да тікелей ықпал етіп отырды.

1999 жылы алғаш рет сауда балансы (сальдосы) 2,2% ел экономикасының пайдасына шешілді. Экспортқа шығарылған мұнай көлемінің есебінен – 67,3% немесе 269,2 млн АҚШ доллары, ал бағаның өсуі есебінен – тек 32,7% немесе 120,8 млн АҚШ доллары алынды. Осы келтірілген мәліметтер Қазақстан экономикасының нарықтық сипат алғандығын әрі әлемдік экономикалық үдерістерге қатыса бастағандығын көрсетті. Дағдарыстан кейінгі жылдары мұнай өндіру тұрақты өсіп, 1999 жылдың өзінде өнім 12%-ға ұлғайды. Алайда Қазақстанның 17,5 млн тонна мұнай өнімдерін шығара алатын қуаты бар үш мұнай өңдейтін зауыты болғанымен, мұнай өнімдерін тұтынуда кашан да тапшылық көрді. Оның басты себебі елдің мұнай өнеркәсібі тек сыртқа экспортқа шығарылуға ыңғайланғандығында еді. Мысалы, 1999 жылы өндірілген 29 млн тонна мұнайдың 23,7 млн тоннасы немесе 82%-ы экспортқа шығарылды. Мұнайға әлемдік бағаның өсуі себепті, Қазақстан мұнайының негізгі иелері шетелдік компанияларды өз өнімін экспортқа шығаруға итермеледі. Ал ішкі нарықта мұнай өнімдерінің жоғары бағасы

қашанда елдің наразылығын тудырып отырды. Мұнай мен мұнай өнімдеріне қарағанда электр энергиясын, газды, суды өндіру ішкі нарықта, шаруашылық салаларын қамтамасыз етуге тиімді жүргізілді.

Нарықтық экономика мен экономикалық өрлеу – шағын және орта бизнестің даму деңгейімен де айқындалады. Шағын және орта бизнес арқылы елді жұмыспен қамтамасыз ету мәселесі шешіліп, әлеуметтік жанжал қаупі сейіледі. Орта таптың қалыптасуына да тікелей ықпал ететін басты фактор – осы шағын кәсіпкерлік. 1999 жылдың 1 қаңтарындағы мәліметтер бойынша өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлеміндегі шағын бизнестің үлесі 2,9%-ы, ал өңдеуші өнеркәсіпте – 3,9% болды. Бұл – әлемнің орташа және дамыған елдерімен салыстырғанда өте төмен көрсеткіш.

Өнеркәсібі жақсы дамыған, әрі халқы тығыз қоныстанған өңірлерде шағын кәсіпкерліктің қарқынды өрістегені байқалуды. Мысалы, 1999 жылғы мәліметтер бойынша Алматы қаласында республика шағын кәсіпорындарының жалпы санының 26,7% қызмет етсе, Оңтүстік Қазақстан облысында 10,2%, Қарағанды облысында 8,5%, Шығыс Қазақстан облысында 7,4% көлемінде болды.

Банк жүйесі. Экономиканың қаржы секторын дамыту кез келген мемлекеттің ең басым міндеттерінің бірі болып табылады. 1999 жылғы мәліметтерде еліміз қаржы дағдарысын жеңгенімен, қаржы жүйесінде тұрақтылық байқалмаған-ды. Осы жылғы мемлекеттік бюджет табысы 91,6% болса, ал шығыны 92,4% болған. Табыс деңгейі ІЖӨ-нің 21%-ын құраса, оның ішінде салық түсімдері 17,4%-ды, шығын 24,6%-ды көрсеткен. Бюджет тапшылығы 1998 жылы ЖІӨ-нің 3,9%-ы болса, ол 1999 жылы 3,5%-ы болды, яғни бюджеттік түсім 89 миллиард теңгеге, оның ішінде салықтың түсімдері 114,6 миллиард теңгеге, ал бюджет тапшылығы 1,2 миллиард теңгеге төмендеді. Бюджеттің орындалу көрсеткіштері жақсарды. Мемлекеттік бюджетке 1999 жылы борышты жабуға кеткен шығын 118,7 миллиард теңге, оның 83,5 миллиард теңгесі ішкі борышқа, 35,2 миллиард теңгесі сыртқы борышқа жұмсалды. Осы жылғы мемлекеттік бюджеттің орындалуы ұлттық валютаның девальвациясына, экспорттық өнімдерге әлемдік нарық бағасының өсуіне, инфляция, салық жүйесінің жақсаруына, т.б. әсер етті. Қаржы жүйесінің тұрақтылығын төмендеткен басты фактор қарыздың жалпы көлемінің 1893,8 миллиард теңгеге жеткені еді. Бұл көрсеткіш елдің ЖІӨ-нің жылдық көлеміне тең, әрі оның ішінде 531,1 миллиард теңге (28%) төлеу мерзімі өтіп кеткен қаржы болатын. Республикадағы кредиторлық берешек дебиторлық берешектен 2,2 есе асты. Ел кәсіпорындарының алыс және жақын шетелдердің кәсіпорындарына берешегі олардың біздің кәсіпорындарға деген берешегінен 5,6 есе асып түсті (тиісінше 611,1 және 109,2 миллиард теңге).

Әлемдік қаржы институттарының әсерімен 2000 жылдың басынан ипотекалық қозғалыс Қазақстанға да келді. Соның көрінісі – 2000 жылы «Қазақстандық ипотекалық компания» АҚ құрылды. Бұл ұйымның

негізгі міндеті – ипотекалық несие беруші екінші деңгейлі банктерді қайта қаржыландыру, берілген ипотекалық несиені секъюритизациялануы жолымен дамыту болып табылды. Компания жұмысының оң бағыт алу нотижесінде Қазақстанда ипотекалық несиелендірудің қарқыны тез өсті.

СҰРАҚТАР:

1. Қазақстан Республикасы экономикалық стратегиясының мәні қандай?
2. 1990 жылдардың соңындағы елдегі экономикалық жағдайды талдаңыз.
3. Ғасыр аралығындағы банк жүйесінің даму ерекшеліктері қандай?

3.3. XXI ғасырдағы қазақстандық экономика моделі: жетістіктер мен сынақтар

Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына енуі» және «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдаулары негізінде Қазақстанның 2003–2005 жылларға арналған индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы қабылданды. Бұл бағдарлама 2015 жылға дейінгі жұмыс тетігі деп жоспарлануда. Бүгінгі күнгі әлемдік дағдарыс жағдайында өндірістің кейбір салаларында алға шығу мүмкіндігі бар екені халыққа жария етілді.

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бергі уақытта өмірге қабілетті және икемді экономика жасау үшін күрделі құрылымдық реформалар жүргізді, экспорттық әлеуетті ұлғайтты және әртараптандыруды басталы. Сондықтан еліміз бүгінде дағдарысқа қарсы саясат жүргізуге қабілетті болып отыр.

Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асырудың құралы – мемлекеттік қаржы ресурстарын тарту арқылы жаңа өндірістерді қаржыландыру болып табылады. Қазір Қазақстанда жаңа өндірісті қалыптастыру және кәсіпкерлікті ынталандыруға бағытталған мамандандырылған индустриалдық-инновациялық инфрақұрылымдар, Қазақстанда мемлекеттік бірнеше даму институттары қызмет атқарады.

Қазақстанда кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мамандандырылған нысандар құрылды. Қазіргі уақытта «Теңіз аймағы Ақтау»; «Астана – жаңа қала», «Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймақтар (АЭА) қызмет етеді. Қарағанды облысы мен Астанада индустриалды аймақтар құрылды. Бұл жерлерде жоғары технологиялық өндіріс құрылыстары жұмыстары жүргізілуде. Мәселен, қазіргі

уақытта АЭА аумағында «Ақпаратты технологиялар паркінде» 21 компания жұмыс істейді. Мұндағы өндірілген өнімнің жалпы мөлшері 928 млн теңгені құрайды.

Әлемдік дамуда Қазақстандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын негізгі факторлардың бірі – кластерлік жүйеге көшу. Кластер аумақтық өзара байланыс және комплементарлы кәсіпорындар жүйесін ұйымдастыру (өнім шығарушылар мен сатып алушылар) ретінде қарастырылады, ол өзінің айналасына кәсіпорындар мен аймақтар, ұлттық экономика бәсекелестігін жетілдіру мақсатында жергілікті орындар мен органдарды байланыстырады.

Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы аясында Қазақстан кластерінің негізі – 2005 жылы салынды. Жобаның мақсаты – Қазақстан экономикасының басымды, мықты секторларының бәсекеге қабілеттіліктерін анықтау және олардың дамуы бойынша нұсқаулар жасау. Ол үшін Қазақстан үкіметі консалтинг компания J.E-мен келісімге отырды. Қазақстан экономикасының мұнай өндіру мен шикізат саласына бағыныштылығынан айыру үшін және оның жоғары өндірістілігін төмендету үшін жеті пилоттық кластерлер анықталды. Олар: «Туризм», «Тамақ өнеркәсібі», «Мұнай-газ машина жасау», «Текстильді өнеркәсіп», «Транспорттық логистика», «Металлургия», «Құрылыс материалдары».

Кластер – бір салада жұмыс істейтін, олардың үйлесуіне жол салатын, бір-бірімен байланысты және жақын орналасқан кәсіпорындар. Кластер қала, аудан немесе тұтас облысты, сонымен қатар басқа қалалар мен көрші елдерді де қамтуы мүмкін. Кеңес Одағы кезеңінде Қазақстанда Жамбыл тері-аяқ киім кәсіпорны кластерлік әдіс үлгісіндегі әртүрлі тері өңдеумен айналысатын бірнеше кәсіпорынды біріктірді. Бір жағынан тапсырыс беруші мен тұтынушыны біріктіру фабрика үшін жайлы жағдай қалыптастырды. Тек өнімнің сапасының нашарлығы мен бағасының жоғарылығы сұраныс тудырмады. Өнім сапасын көтерудің негізгі шарты болып табылатын бәсеке механизмі кеңестік экономикада қолданылмағаны белгілі. Қазақстанда қазіргі уақытта өндіруші өнеркәсіпте кластер әдісі қолданылады. Мысалға, «Қазақмыс» корпорациясын алайық. Мыс өндіру үшін кен өндіріледі, одан ол байытылады, балқытады, соңғы өнім жасайды. Кейін өндірісті кешенді қайта өңдеу жұмысы жалғасады. Қазір мырыш зауыты, эмаль, құбыр, мыс цехы, сонымен қатар өндіріс бойынша қатарлас-транспорттық жүйе, энергожүйе, өзіне электрэнергиясын тасымалдау және өндіруді қосады, осы құрылымға энергияны алу үшін көмір өндіру де енеді. Әрі қарай қосымша материалдар мен механизмдерді өндіретін машина жасау зауыттары қосылады. Бұл үшін кластерлік жолдың инертті өндіріс әдісі жақсы нәтиже береді.

2005 жылдың қорытындысы бойынша, Қазақстанның ішкі өнім өсімі Орталық Азия мен Кавказдың жеті елінің арасында ЖІӨ жиынтығынан асып кетті. Соңғы 10 жылда ЖІӨ Қазақстан тұрғындарының жан басы-

на шаққанда 700 АҚШ долларынан 3 мың 600 доллар деңгейіне көтерілген.

Қазақстан өнеркәсібінде тау-кен саласы жетекші орында екені белгілі. Бұл сала елдің өнеркәсіп өндірісінің 60%-ын құрайды, ал мұнай мен газ 80%-ын иеленеді. Қазақстан мұнай өндірісі бойынша ТМД ішінде Ресейден кейінгі 2-орынды иеленеді. Қазіргі уақытта 110-ға жуық мұнай, мұнайгаздық, мұнайгаз конденсаты шығатын кен орындарын игеру жүріп жатыр. Мұнай өнімдерін өндіру жұмысымен 34 мамандандырылған компания айналысуда. 1991 жылы Қазақстанда 20 млн тонналан астам мұнай мен газ конденсаты алынса, 2005 жылы 61,5 млн тонна болды. 2005 жылы бұл өнімнің экспорт көлемі 54,6 млн тоннаға жетті.

Еліміздегі Шымкент (республика көлемінен 43,4%), Атырау (28,5%) және Павлодар (25,5%) мұнай өндіру зауыттары 2005 жылы 2004 жылға қарағанда 11 млн тонна мұнай, яғни 12,7% көп өндірген. Сонда өндірісте бензин 22,3%-ға, жанар-жағар май 27,3%-ға, мазут 31,1%-ға өскен. Түсті металлургия өнеркәсіп өндірісінің жалпы өнімін 12%-ға арттырды. Республика кәсіпорындары мыс, мырыш, титан, магний, қорғасын, т.б. сирек металдарды өндіреді. Мыс пен қорғасын сыртқа шығарылады. Қазақстан әлемдік ірі мыс өндіруші және шығарушы елдердің қатарына енеді. Әлемдік мыс өндіруде республиканың алатын үлесі үлкен. Елдегі өндірген мыстың барлығы Италия, Германия және батыстың басқа елдеріне экспортталуда. ТМД елдерінің ішінде Қазақстан алтын өндірісі бойынша үшінші орынды иеленеді және бұл саладағы көрсеткіш жыл сайын артып отыр.

Қазақстанның химиялық және мұнай-газ өнеркәсіп кәсіпорындары пластмасса түрлерін, химиялық маталар және жіптер, автокөліктер мен ауыл шаруашылығы көліктеріне доңғалақтар, техникалық бұйымдарын, хромдық қосылулар, кальций карбиді, каустикалық содылар, т.б. шығарады. Фосфор рудаларынан сары фосфор алатын (бұрынғы КСРО өндірісінің 90%-дан астамы) минералды тыңайтқыштар, синтетикалық жуу-тазалау құралдарын қайта өңдіретін ірі кешен жұмыс істейді. Бұл саланы жетілдірудің болашағы Батыс Қазақстандағы мұнай қайта өңдеу кешені өнеркәсібінің дамуымен және фосфор өнімінің жаңа түрлерін ұйымдастырумен байланысты.

Құрылыс өнімдерін шығару өнеркәсіп саласының – 5%-ынан астамын құрайды. Сала кәсіпорындары цемент шығарып, асбестцементті түрбалар, шифер, жұмсақ төсеніш материалдар, линолеум, санитарлық-құрылыс фаянс, еденге, ғимарат сырттарына арналған керамикалық тақтайлар, панелдер және ірі панельді үй құрылыстарына арналған басқа да құрастырмалы заттар, қағаз өндірісіне арналған каолин, радиатрлар, конвекторлар және басқа да өнімдер шығарады.

Экономиканың басым секторын орта және ұзақ мерзімді төмен пайыздық несиелендірумен қамтамасыз ететін – «Қазақстан даму банкі» АҚ, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, инновациялық бизнеске қаржылық көмек көрсететін «Ұлттық инвестициялық қор», шикізат

емес экспорт саласында жұмыс жасайтын жергілікті кәсіпорындарды және шетелге тікелей тартылатын инвестицияларды сыртқы жағымсыз төуекелдерден сақтандыратын «Экспорттық несие және инвестицияларды сақтандыру бойынша мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» АҚ жұмыс жасауда. 2003–2006 жылдары инфрақұрылым саласында 116 жаңа жоба мен өндірісті жөндеуден өткізу үшін 2136,1 млн АҚШ доллары бөлінді.

2006 жылдан көлемді жобалар іске асырылып жатыр: Ақтау айлағын солтүстік бағытқа кеңейту, нәтижесінде айлақтың өткізу мүмкіндігі 2 есеге артты. Оның жалпы сомасы 37,8 млрд теңгені немесе 299,8 млн АҚШ долларын құрап отыр. Жобаға мұнай құю және құрғақ жүк жағалауының құрылысын және қорғаныс гидротехникалық құрылымын салу кіреді. РГТП «Халықаралық Ақтау теңіз сауда порты» («Теңізпорт Ақтау») – Қазақстандағы жалғыз халықаралық теңіз сауда айлағы. 2007 жылы айлақ арқылы жүк тасымалдау көлемі 11 млн тонналы құрады. Оның ішінде 9,3 млн тонна мұнай және құрғақ жүк 1,7 млн тонна отын.

Стратегияны іске асыру үшін бірінші кезеңде Ұлттық инновациялық қор арқылы жобаға 116,9 млн АҚШ доллары көлемінде қаражат бөлінді. Соның ішінде 1,7 млн АҚШ доллары инновациялық грант түрінде берілген. Стратегияны іске асыру көлемінде ең жақсы жобалар: Павлодар қаласындағы Қазақстандық электролиздеу зауыты, Өскеменлегі «Шкода» жеңіл автокөлігін шығару зауыты, Көкшетаудағы «Камаз» ауыр автокөлігін шығару, Семейдегі автобус жинау жобасы іске асырылуда.

Осылайша, индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы Қазақстанның дайын өнімдер өндіру және кеңейту мәселелерін табысты шешуге бағытталып отыр. Бірақ мамандардың пікірлері бойынша, Стратегияны жүзеге асырудың алғашқы жылдарының нәтижесі көңілге толмайды. 2003–2007 жылдары өндіріс саласында қалыптасқан жағдайда құрылыс, қаржы, көлік және телекоммуникациялық қызметтер, сауда қарқынды дамыды. Ал бір жағынан бұл шикізат секторындағы баға мен тұрғындардың табыс көзінің өсуі есебінен артты. Басқаша айтқанда, нарық құрылымында еркін бәсекелестік қағидалары жұмыс істемейтін салалар дамыды. Жалпы, экономиканың заңдылықтары бойынша сапалық жаңғыру не жеңіл, не ауыр өнеркәсіпті қолға алу арқылы жүреді. Экономикалық стратегияның мазмұнындағы ең басты мәселе – шетелден тауар тасымалдау. Болашақта осы бағытқа көңіл аудару аса қажет. Қазақстан кәсіпорындарының өнімдерін сапалық тұрғылан көтеру және олардың өз өнімдерінің әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу мәселелерін шешу көптеген жағдайларды жақсартуды, жаңаша ұйымдастыруды талап етеді.

Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясын іске асырудың алғашқы нәтижелері. 2000 жылдардағы экономиканың өсу үдерісі мен жетістіктері. 2004 жылдың ақпан айында Қарағанды қаласында бояу

материалдарын шығаратын Француз – Ресей – Қазақстан бірлескен «Alian Paint» ЖШС-і ашылды. Бояу шығаратын бұл зауытты француздық «Allios Industries» компаниясы, ресейлік «Интеркраска» кәсіпорны және қазақстандық «Стройкомплект-А» ЖШС-і («Alian Group» холдингі) бірлесіп құрды. «Alian Group» холдингінің бас директоры – Алтыбай Мүсайыпов. Зауыт бір жылда салынып бітті. 2004 жылға дейін осы технология бойынша жұмыс істейтін екі зауыт Францияда мен Ресейде болса, енді, үшіншісі – Қазақстанда.

2006 жылы 7 наурызда Орал жылу қуат орталығындағы жаңа газ турбина стансаның құрылысы аяқталды. Станса қуаты 28 МВатт. Энергетикалық құрал-жабдықты, оның ішінде газ турбиналы қондырғысы, қазан-утилизатор, өзге қосалқы жабдықтарды жапондық «Тохоку Электрик Пауэр» компаниясы әкелген.

2006 жылы қыркүйек айында Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданында екі өнеркәсіп орны іске қосылды. «Ақ-нан ұн» кәсіпорны Сафлор майын шығаратын май зауытын ашты. Сондай-ақ, Шимпласт ЖШС-нің зауыты пластикті құбырлар шығарады.

2006 жылы күзде «Орталық Азия консалтингтік инвестициялық компаниясы» ЖШС Таразда феррокорытпа және болат құю өндірісін ұйымдастыру үшін «Химпром–2030» ЖШС-ін сатып алды. 2007 жылы тараздық болат балқытушылар алғашқы өнімдерін шығара бастады. Болат балқытатын алғашқы пеш іске қосылды. Зауыт іске қосылған төрт айдың ішінде 64,5 млн теңгенің өнімі өндірілді.

2006 жылдың желтоқсан айында Семейде трактор жинаумен айналысатын біріккен кәсіпорын бой көтерді. Шығыс Қазақстандағы трактор зауыты Қазақстан, Ресей, Белоруссия және Өзбекстан елдерінің қатысуымен сапқа тұрды.

Жаңа зауытта ТТЗ-80 доңғалақты тракторын жинау бойынша конвейерлік желі қатарға қосылған. Зауыт машина, ауыл шаруашылық техникасы үшін шатырлы жабдықтар, коммуналдық кәсіпорындар үшін қар тазалайтын техникалар жасап шығарады.

Семейде 2006 жылдан бастап «Қазэлектромаш» ЖШС-да кабельдік-өткізгіштік өнім шығаратын технологиялық желі жұмыс істей бастады. Жаңа желі арқылы анағұрлым қуатты телефон кабелі, электр қуаты берілетін өткізгіштерді шығарады. Сонымен бірге қалада қуаты 30 миллион дананы құрайтын керамикалық кірпіш шығаратын жаңа кәсіпорын ашылды. Азық-түлік комбинатында жоғары сапалы макарон өнімдерін шығаратын жаңа қондырғы іске қосылды. Кабель зауытында бірнеше жыл бойы жай түрған лак-сыр бұйымдарын шығару ісі қайта жолға қойылды.

2006 жылы құрылған «Полихим» ЖШС-і қолға алған Ақтаудағы геосинтетикалық материалдар зауыты 2007 жылы өнім бере бастады. Қазіргі заманғы озық технологиялар, жаңа техникалар қолдану арқылы геотекстиль, геомембрана және полиэтилен сияқты синтетикалық сапалы материалдар шығарылып келеді.

2007 жылы 27 ақпанда Талдықорған қаласының шығысында «Метакон ТК» ЖШС-і зауытында 35–1150 кв-тық жоғары кернеулі электроткізгіш желісі үшін мырышпен қапталған металды тіректердің барлық түрлерін шығаратын автоматтандырылған жаңа жүйе іске қосылды. Зауытта жаңа жүйе бойынша айына мырышпен қапталған металкұрылымдардың қосымша 600-700 тоннасын шығаруға мүмкіндік бар.

2007 жылдың 5 мамырында Шымкент қаласында Қазақстандағы аса ірі фармацевтикалық кәсіпорын – «Химфарм» АҚ (SANTO сауда маркісі) жұмсақ дәрілік формалар өндіру жөніндегі осы заманғы жаңа кешен ашылды. Бұл өндірістің ашылуы – отандық фарминдустрияны дамытудағы жаңа қадам және Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіруіне бағытталған мемлекеттің индустриялық-инновациялық саясатын іске асыруға бағытталған нақты үлес. Кәсіпорында SANTO 24 фармакологиялық топтың дәрілік препараттары, дженериктік және төлтума дәрілердің 200-ге тарта түрі бар. Олардың 100-ден астамы ҚР Денсаулық сақтау министрлігі анықтаған өмірлік маңызы бар негізгі дәрі-дәрмектер тізіміне кірген. SANTO-ның үлесіне бүкіл отандық дәрі өндірісінің 65%-ы келеді. Компания экспортының көлемі 47%-ға өсіп, қазір SANTO препараттары көптеген елдерде – Ресейде, Украинада, Өзбекстанда, Қырғызстанда, Тәжікстанда, Болгарияда табысты сатылуда. SANTO сауда маркісі препараттарын Грузияда, Белоруссияда, Арменияда, Молдовада, Түрікменстанда, Румынияда, Моңғолияда, Ауғанстанда тіркеу басталды.

120 жылдан астам тарихы бар – SANTO кәсіпорнының техникалық қайта жарақтануы отандық фармацевтика өнеркәсібіндегі нағыз серпінді еекірісті көрсетті. Қарағандыда «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығы және фармацевтикалық кешеннің жұмысы жүйелі дамуда. 2005 жылы пайдалануға берілген фармацентикалық өндіріс – «Арглабин», «Салсоколлин», «Саусалин», «Атеролид», «Экдифит» сияқты өтімді фитопрепараттардың жылына 2 миллион ампулалық түрін 120 миллион таблеткалар мен капсулалар және 2 миллион үнтақ түрінде шығарады. Сонымен қатар мұнда шипалық қасиеті жоғары көрсеткіштерімен алысқа танымал, бәсекеге қабілетті отандық дәрі-дәрмектің бірнеше түрі дүниеге келді.

2007 жылы 21 мамырда Семейдің алғашқы жүн өңдеу фабрикасының бұрынғы базасында «БРК-Лизинг» АҚ және «ZAVAst» ЖШС мемлекеттік лизингтік компаниясы трикотаж өнімдерін экспортқа шығаруға бағытталған кәсіпорын ашты. Оның ашылуында жаңа фабрикада шығатын шетелдік және қазақстандық сән үйлерінің қатысуымен тігілген трикотажды киім үлгілері көрсетілді. Отандық сән өнерінің шеберлері «ZAVAst-пен» қазақстандық дайын өнім брендін құру және жетілдіру жөнінде ынтымақтастық туралы өзара келісім жасады.

«30 корпоративтік көшбасшы» бағдарламасы Қазақстан экономикасын жаңа сипатта алға бастырудағы басты қадамдардың бірі болып табылады. Өйткені ол – ішкі жалпы өнімнің, негізгі капиталға қосыла-

тын инвестициялар мен экспорттың құрылымын өзгертуге жағдай жасайтын экономиканы модернизациялау мен әртараптандырудың басты құралы. Бағдарлама екі бағыттан тұрады. Оның біріншісі, мемлекеттің қолдау шаралары арқылы бизнестің ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға деген бастамашылығы, екінші бағытта – мемлекет бизнесті тарта отырып бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған тауарлар мен қызметтерді анықтайды. Қазақстандық тауарлардың халықаралық нарыққа шығуын қамтамасыз ететін өндірістер бойынша жобаларды жүзеге асырады.

2008 жылдан бірінші бағытқа қатысты іс-шаралар жоспары белсенді жүзеге асырылуда. Болашағы жоқ дегендерді жобадан алып тастау үшін серпінді жобаларға талдау жасалып, олардың көкейкестілігі айқындалды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде жалпы құны 54 миллиард АҚШ долларын құрайтын 45 серпінді жобаның базалық тізімі қалыптастырылды. Олардың ішінде 36 миллиард долларды құрайтын 28 өндірістік және 18 миллиард долларды құрайтын 17 инфрақұрылымдық жобалар бар.

Қарағанды облысында «30 корпоративтік көшбасшы» бағдарламасы шеңберінде 2007 жылдың маусым айында жылына 400 мың тонна металл прокатын шығаратын қуаты бар өндіріс, 2008 жылы осы облыстағы сұрыпты прокат өндірісі іске қосылды. Сұрыпты прокаттың алуан түрін шығаратын бұл өндіріс өнімдерін отандық машина жасау және құрылыс кәсіпорындары пайдаланатын болады. Екінші жоба – Ақтөбе облысындағы хром кенін байытатын кен байыту комбинаты. Жоба бәсекеге қабілетті өнім – хром концентратын шығаруға бағытталған. Фабрика жылына 1 миллион тонна кен шығара алады. Ал үшінші жоба – Қарағанды облысындағы кварцтан алынатын металлургиялық кремний өндірісі. Кәсіпорын 2007 жылғы 9 желтоқсанда іске қосылды. Аталған өндірістік бағдарлама жылына 25 мың тонна металлургиялық кремний шығаруға есептелген. Сонымен бірге келешекте ол көлемді 50 мың тоннаға дейін жеткізу көзделіп отыр. Құны 113 миллион еуро тұратын өндірісте 300 адам еңбек ететін болады.

Әлемдік қаржы дағдарысына байланысты орын алған барлық қиыншылықтарға қарамастан, 2008 жыл Қазақстан индустриясы үшін табысты болды. Жыл ішінде жалпы құны 194 миллиард теңгеден асатын 126 инвестициялық жоба пайдалануға беріліп, 10237 қазақстандықты жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етті. Оңтүстік Қазақстан облысында «Ютекс» АҚ дайын тігін бұйымдарын шығарады. Ол 724 жұмыс орнын қамтамасыз етіп отыр. Оның сыртында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «Үлбі металлургия зауыты» АҚ 2008 жылы сыйымдылығы өте жоғары тантал ұнтақтары өндірісін іске қосты. Жаңа жұмыс орындары ашылды.

2008 жылы қаңтар-қыркүйек айларында Өскемен қаласында 30 корпоративтік көшбасшылардың мемлекеттік бағдарламасына кірген 2 жоба: ҮМЗ – тантал өнімдері, «Казцинк» АҚ – қалайы ерітетін және электролизді зауыттың құрылысы іске қосылды. Сондай-ақ қаланың ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарымен индустриалдық-инновациялық

бағдарлама аясында күні 188 млрд теңге 8 жоба жүзеге асырылуда. Титан-магний комбинатында күні 1 млрд теңге тұратын жоба дүрыс жолға қойылды. Соңғы өнім алюминий және ванадиймен қосылған ерітінділер болып табылады. Қалада көбік бетоны, газ бетоны, жылу блоктары сияқты жоғары технологиялық құрылыс материалдарының өндірісі оң бағыт алды. Неміс технологиясын жетік меңгерген «Титан» кәсіпорыны жылына 180 мыңнан астам әйнек пакеттерін шығара бастады.

2008 жылдың қорытындысы бойынша тұтыну базарымен өнеркәсіп нысандарын іске қосуда – Ақтөбе облысы көш басында келеді. Мұнда жыл ішінде 23 жаңа өндіріс орыны іске қосылып, халыққа қызмет етіп келеді.

Ашылған кәсіпорындар саны бойынша екінші орында Қостанай облысы тұр. Бұл облыста жүзеге асырылған 18 жобаның 12-сі тамақ өнімдері саласына жатады. Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында тиісінше 14 және 12 кәсіпорыннан ашылды. Мұнда машина жасау, металлургия және құрылыс индустриясы салалары көш бастаушылар болып табылады. Аталған салалар 2600 адамға жаңа жұмыс орындарын тауып берді.

2008 жылы республиканың әрбір өңірінде 3–4-тен жаңа кәсіпорындар пайдалануға берілді. Мәселен, Алматыда 7 жоба, ал Астанада 2 жоба жүзеге асырылды. Салалар бойынша жіктегенде құрылыс материалдарын шығаратын жобалар алдыңғы кезекте келеді. Олардың саны – 41. Азық-түлік өнімдерін өндіретін кәсіпорындар 31. Сол сияқты, машина жасау саласы 11 кәсіпорынға көбейген. Ал металлургия саласында жұмысқа жаңадан кіріскендер қатары 7 кәсіпорын болып отыр. Сонымен бірге кен өндіру саласы (6) мен химия (5) өнеркәсібі кәсіпорындарының да белсенді дамып келе жатқанын атап өткен жөн. Атырау және Оңтүстік Қазақстан облыстарында 3 тігін саласы кәсіпорны ашылды. Жалпы саны 22-ні құрайтын 2008 жылғы өндірістер қатарында шыны шөлмектерге минералды су құятын, жоғары вольтті желілер үшін бағандар шығаратын, арнайы кокс өндірісі үшін кешендер, сондай-ақ электр және жылу энергияларын өндіретін кәсіпорындар бар.

2008 жылдың тамыз айында Қызылорда облысында қымыз бен шұбат өндейтін бірінші кәсіпорын пайдалануға берілді. 60 мың жылқысы мен 28 мың түйесі бар өңір осынау емдік сусындарымен ежелден бері даңқы шыққан. Құрал-жабдықты Ресейден сатып алған. Кәсіпорын бастапқыда күніне 200 л қымыз бен шұбат өндейді. Өнім осы жерде өндірілген пластик бөтелкелерге құйылып, 2–3 айға дейін сақталады. Халыққа жетуі қамтамасыз етілген.

2008 жылдың 14 қараша күні Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында теңдесі жоқ, жылына 29 мың тонна сапалы өрі бірден тұтынуға дайын өнім шығаратын, 126 гектар жерге орналасқан «ҚазРосБройлер» құс фабрикасының түсауы ресми түрде кесілді. «ҚазРосБройлер» құс фабрикасы Жетісу жерінің шалғайлағы аймақтарының бірі болып санала-

тын Үйғыр ауданында орналасқан. Күс фабрикасы да жаңа жұмыс орындарын ашуды арттыра түсті.

2009 жылдың маусым айында Алматыда ақпараттық инфрақұрылымды дамытушы американдық EMC кәсіпорнының бөлімшесі ашылды. EMC компьютерлік бағдарламалар, электронды мәлімет сақтау жүйелерін өндірумен айналысады. Ақпараттық технологияларды қажет ететін салалар енді-енді аяғынан тұрып келе жатқан біздің елімізге мұндай кәсіпорын аса қажет. 2009 жылы 3 шілдеде Астана қаласындағы «Локомотив құрастыру зауыты» ашылды. Локомотив зауытында 2010 жылы 27 локомотив құрастырып шығару көзделуде. Жобалық қуаттылығы бойынша зауыт жыл сайын 150 тепловоз шығарады. Аталған кәсіпорынды іске қосу шамамен 700 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді. 2009 жылы барлық 14 облыста және Алматы қаласында жалпы көлемі 114 миллиард теңгені құрайтын 16 индустриялық жоба іске қосылды. Оның нәтижесінде 4 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылды. Сондай-ақ, Шығыс Қазақстанда радиациялық технологиялар кешеніндегі алғашқы өндірістік жобалар жүзеге асырылуда. Қазірдің өзінде ядролық технологиялар паркінде Оңтүстік Корея, Ресей және Украинаның серіктестерімен бірлескен 4 кәсіпорын құрылған. Жобалардың жалпы құны 2,9 млрд теңгені құрайды. Бұл әлеуметтік салаға да оң әсерін тигізіп, 100 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беріп отыр.

Шығыс Қазақстан облысында құны 10 млрд теңгеге жуықтайтын 18 жоба іске асырылды. Президенттің тапсырмасымен Үкіметтің 2005 жылғы қаулысымен құрылған «Ядролық технологиялық паркі» АҚ еліміздің индустриялық-инновациялық даму стратегиясына сәйкес келеді.

Бүгінде «Ядролық технологиялар паркі» жаңа ғылыми жетістіктер арқылы дамуды көздейтін бизнестің негізгі орталығына айналуда. Ұлттық технопарк ядролық технологиялар саласындағы ғылыми негіздегі жоғары технологиялық компанияларды дамыту, тың технологияны өркендетуге арналған заманауи инфрақұрылымды құру, бәсекеге төтеп бере алатын жобаларды өрістетіп, оларды ішкі нарыққа енгізу арқылы индустриялық саланы дамыту, инвестиция тарту сынды нақты мақсаттарды көздеп отыр. Бұл мақсат-міндеттер біріккенде негізінен төрт бағытты құрайды: біріншісі – ядролық және жаңама технологиялар; екіншісі – радиациялық технологиялар; үшінші бағыты – энергия мен энергия сақтау көздерінің балама және жаңартылған жолдары болса, төртіншісі – нанотехнология және бұрын-соңды елімізде жүзеге асырылмаған тың технологиялар.

2009 жылы Жамбыл облысында құрылыс индустриясын дамыту және құрылыс материалдарын өндіру мақсатында 6 жоба іске асырылды. Олардың ірілері – Мынарал, Хантау цемент зауыттары болып саналады.

Біздің алдымызда Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жетілдіру міндеті тұр. Мұнсыз постиндустриялды қоғам құру, бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан орын алу мүмкін емес екені анық.

Өкінішке қарай, Қазақстанда кластерлік инновациялар енгізу баяу және мемлекеттік бағдарламалармен өз деңгейінде байланыс мардымсыз болып тұр. Қазақ индустриалдық-инновациялық стратегиясының алғашқы қорытындысы осыны көрсетеді. Дегенмен, елдің экономикалық даму қарқыны жылдам. Бұл үдеріс белгілі бір сапалық өзгеріс беретіні, жаңа жетістіктерге бастайтыны анық.

Қазіргі кезде республикада 6 арнайы экономикалық аймақ (АЭА) бар. Шартты түрде оларды былайша үш топқа бөлуге болады. Бірінші топқа – белсенді түрде жұмыс істеп тұрған «Астана – жаңа қала» және «Ақтау теңіз порты» АЭА кіреді. Екінші топқа – бірте-бірте дамып келе жатқан «Ақпараттық технологиялар паркі» және «Оңтүстік» АЭА, ал үшінші топқа – жаңадан құрылып жатқан «Бурабай» және «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА жатады.

«Астана – жаңа қала», «Ақтау теңіз порты», «Ақпараттық технологиялар паркі» аумағында 167 жоба іске асырылды. Сондай-ақ, осы үш аймақта және «Оңтүстік» АЭА-да тағы да 127 жоба жүзеге асырылуда. Онымен қоса, елімізде екі жерде – Астана мен Қарағандыда индустриялық аймақтар бар. Бұл аймақтарды дамытуға республикалық бюджеттен 20 млрд-тан астам қаржы бөлінді. Жаңа жұмыс орындары айқындалды.

«Бурабай» АЭА еліміздегі туристік инфрақұрылымды дамытатын орталық ретінде 2008 жылы қаңтарда құрылды. Жалпы алғанда, «Бурабай» АЭА-ның құрылысына және оны дамытуға 61 142 мың теңге бөлінді. Жобаны 2012 жылға дейін іске қосу жоспарланып отыр. Соның ішінде 3 млрд АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартылады. Қазірге дейін «Бурабай» АЭА-ның әкімшілігі, салық департаменті құрылды. «Туризм Бурабай Сити» ЖШС-і аймақтың инженерлік инфрақұрылымының құрылысын жүргізуді қолға алды.

Ел экономикасының қарыштап дамуына әсер ететін бірнеше фактор бар. Солардың бірі – жол. Жол тек қана қатынас, қазба байлықты сыртқа шығару, сауда-саттықты арттыру рөлдерін ғана атқарып отырған жоқ. Сонымен қатар қазіргі уақытта мол қаржы табу көзі ретінде де қарастырылып отыр. Осы орайда, Қазақстанның батысы мен шығысын, оңтүстігі мен солтүстігін жалғастыратын және іргелес мемлекеттермен сауда-саттық, транзиттік бағыттарда жиі пайдаланылатын жолдарымыздың халықаралық талапқа сай болуы маңызды.

Маңызды саланың бірі – әуе жолы арқылы тасымал. Бұл саланы дамыды деп айтуға әлі ертерек. «Эйр-Астана» ұлттық әуекомпаниясының ұшақтары Қазақстан, ТМД және алыс шетелдер әуесінде қызмет жасайды. 2004 жылы 225 жетекші жолаушы тасымалдау әуекомпаниялары арасында 189 орынды иеленді. 2006 жылы Қазақстан әуекомпанияларының жолаушы айналымы 3,29, млрд жолаушыны құрады. Республикада сонымен қатар жетекші шетел компаниялары Britisch Airways, Lufthansa, KLM, Transaero, PIA, Turkish Airlines, Iran Air, т.б. жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы №1227 Қаулысымен «Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытудың 2006–2012 жылдарға арналған бағдарламасы» бекітілді. Бағдарламаны іске асыру үшін жұмсалатын қаржы ресурстарының жалпы көлемі 1283 млрд теңгені құрады. Оның ішінде республикалық бюджеттік комиссияның шешіміне сәйкес 830 млрд теңге республикалық бюджеттен республикалық маңызы бар жолдарға бөлінді. Атап айтқанда, 2006 жылға – 62 млрд теңге; 2007 жылға – 93 млрд теңге; 2008 жылға – 113 млрд теңге; 2009 жылға – 125 млрд теңге; 2010 жылға – 133 млрд теңге; 2011 жылға – 144 млрд теңге; 2012 жылға – 160 млрд теңге бөлініп, жан-жақты қарастырылды.

2006–2012 жылдарға арналған автокөлік саласын дамытуға арналған мемлекеттік бағдарлама республикалық маңызға ие 25665 км жол, облыстық және аудандық маңызға ие 18 089 км жолды жөндеуді жалғастыруда. 2007 жылы жалпы жиынтығы бойынша 11429 км республикалық маңызға ие жол жөнделіп, оған 184,6 млрд теңге жұмсалды. Жергілікті маңызға ие 3500 км жолға 31,1 млрд теңге жұмсалды. Халықаралық еуроазиялық транзит аясында Қазақстан үш торапқа қатысты: Еуропа – Ресей – Қытай, Еуропа – Қытай – Ресей – Орталық Азия бағыты. Қазақстан арқылы өтетін теміржол жүгі көлемі 6 млн тоннадан асады, ал автокөлік жүгі – 0,1 млн тонна. Бірнеше транспортты инфрақұрылым нысаналарында – Астана қаласының әуежайында, Достық-Алашанькоу шекаралық өткелінде және Достық – Ақтоғай теміржол учаскесінде жұмыстар жүргізілуде. Ақсу – Дегелең теміржолы, Батыс – Атамекен, Қызылоскер – Киров, Алматы – Хоргос көлік жолдары пайдаланылуға тапсырылды.

Мұнай, мұнай өнімдерін және магистральді құбырлар бойынша газды тасымалдау саласы біршама дамыды. Қазақстан мұнай мен газды өндіретін аймақтардан ресейлік құбыр жүйелеріне дейін тасымалдау инфрақұрылымына қол жеткізді. Мұнай құбырының ең басты экспорттаушысы: Каспий тасымалдау құбыры консорциумы. Негізгі газ тасымалдаушы құбырлар: Бұхара – Жайық, Орта Азия – Орталық құбырлар. Экспортты мұнай құбырларын босату мүмкіндіктері 310 млн баррельдей, экспортты газ құбырлары – 5 млрд м³ транзитті газ құбырлары – 110 млрд м³. Қазақстан сонымен қатар Баку – Тбилиси – Жейхан мұнай құбырына қосылуды жоспарлауда. Бірінші кезекте Қазақстаннан көмірсутекті мұнай құбырына арнайы салынған айлақ Ақтау қаласынан оңтүстік шығысқа қарай 76 км қашықтықтағы Құрық терминалынан танкерлер жеткізеді. Ал 2010 жылы Каспий қайраңымен арнайы мұнай құбыры жеткізілмек. Біздің еліміз әлемнің мұнай және газ тұтынушыларына Баку – Тбилиси – Жейхан жүйесі арқылы шығу әрекеті белгілі дәрежеде Ресей сияқты көршілердің көңілін алаңдатып, назарын аударды.

Түркиядан еуропалық нарыққа мұнай тасымалдайтын құбырдың құрылысын 2007 жылы сәуірдің соңында италиялық Eni S.P.A. мұнай-газ компаниясы бастаған болатын. Eni-дің барлау және бұрғылау бо-

йынша бас өндіріс директоры Стефано Као «Қазмұнайгаз» жобасына трансанатолилық Самсун – Жейхан мұнай құбырын шақырды. Құрылыс аяқталғаннан кейін 555 километрлік магистральдың өткізу қабілеттілігі тәуілігіне 1,5 млн баррельге жететін болады

Мемлекеттің даму болашағында ең негізгі фактор – телекоммуникация және байланыс. Халықаралық кеңістікте, сарапшылардың бағалауы бойынша Қазақстан ақпараттық деңгейі бойынша 60–70-орында. Алайда экономикада, мемлекеттік басқаруда, мәдениетте және әлеуметтік салада технологияның жетістіктері қолданылуда. Олардың негізін ақпарат технологиялары жетістіктері мен телекоммуникация және компьютерлік құрал жабдықтары, тұрғындардың ақпараттану деңгейі, компьютерлік технологияларға қол жеткізу құрап отыр. Ол қоғамның барша саласын қамтыды.

Қазақстанда ұлттық ғарыштық бағдарлама жасалып, іске асырылуда. Осы салада мамандандырылған ұйымдар («Ақкөл» басқару орталығы) құрылып, бірінші отандық «KazSat» серіктестігі ұшырылды.

2008 жылғы 8 қазанда Мәскеуде Халықаралық іскерлік кеңесі мен Маркетинг және менеджмент орталығы ұйымдастырған IV Халықаралық сапа ассаблеясына қазақстандық 15 кәсіпорын қатысты. Жамбылдық жол құрылысшылары «Алтын сапа сертификатына» ие болды.

2008 жылдың 8 қазанында Шар – Өскемен бағытындағы жаңа теміржолмен алғашқы жүк пойыздары жүріп өтті. 2008 жылы қараша айында Ақтөбе облысында Ойыл өзені арқылы салынған көпір мен «Қобда – Ойыл» тас жолы, «Атырау – Ақтау» автожолының 115 шақырымдық «Доссор – Құлсары» учаскесі, Алматы облысы Ескелді ауданының әкімшілік орталығы Қарабұлақ кентінің Мелькомбинат ауылында жаңа көпір пайдалануға берілді. 2008 жылғы желтоқсанның 4-інде «Шонжы – Көлжат» автомобиль жолының 114 шақырымындағы жұмыстар аяқталып, ел игілігіне берілді.

2009 жылдың шілде айында елордада көлік инфрақұрылымындағы Кіші көлік сақинасын құрайтын бірқатар нысандар іске қосылды. 2009 жылы 20 қарашада Бурабай автобаны пайдалануға берілді. 2009 жылы «Жол картасы» бағдарламасы аясында Алматы қаласындағы Алатау ауданының жалпы жол құрылысы жұмыстарына 1 миллиард 175 миллион 295 мың теңге қаржы бөлініп, барлығы 160 көшеде қарқынды жұмыс жүргізілді.

Қостанай, Астана және Қарағанды қалалары арқылы өтетін Ресей Федерациясының шекарасы – Алматы автомобиль жолының Астана – Қарағанды учаскесін қайта жаңарту және пайдалану, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолын қайта жаңарту және республикалық жолдарды қалпына келтіру, апатты көпірлерді жөндеу, жол айналасын абаттандыру жұмыстары жоспарланды. Олардың бірқатары қазіргі таңда жүзеге асты.

2000 жылдардағы аграрлық сектор. 2002 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 552 млрд теңгені құрады. Бұл – 2001 жылмен салыс-

тырғанда 2,7%-ға артық көрсеткіш. Соның ішінде, егін, бау-бақша шаруашылығының өнімі – 321,2 млрд теңге (1,8%), мал шаруашылығының өнімі – 230,8 млрд теңге (4,2%) болды. Өсімдік шаруашылығының үлес салмағы 61%-дан 58%-ға дейін төмендесе, ал мал шаруашылығының үлесі 39%-дан 42%-ға дейін көтерілді.

2003 жылы астық және дәнді дақылдар түрлерінің түсімі – 1 гектардан 10,8 ц-ді құрады, ал 1998 жылы 1 гектардан 5,6 ц алынған болатын. Дәнді дақылдардың, күнбағыстың және көкөністің ең жоғарғы түсімі 2000–2003 жылдары жекелеген шаруашылықтардан алынса, қант қызылшасы, картоп және мақта шаруа қожалықтарынан алынды. 2003 жылы бидайдың жалпы өнімі 1991 жылмен салыстырғанда 1,7 есеге (11,5 мың тонна), күнбағыс 3 есеге (292 мың тонна), мақта 33% (387 мың тонна) өсті. Агроөнеркәсіптік кешеннің қызметін реттеп отыратын Орман, Су және Жер кодекстері мен 370-тен астам заң актілері қабылданды. Қазір елімізде тұрақты және жерді уақытша пайдаланатын институттар мен жекеменшік мекемелер қатар жұмыс істейді. Әр түрлі ақпарат көздерінде Қазақстанда құнарлы жерлерді жеке меншікке қаратып алған ірі латифундистердің пайда болғаны айтылады. Ауыл шаруашылығына белгіленген 156,5 мың га жер ауылдық меншікке сатылды. Бұл кірістер Қазақстанның Ұлттық қорына 4 млрд теңге түсірді. Су қатынасы жүйесі нарықтық талаптарға сәйкестендірілді. Бүгін суландыратын арналардың 4%-ы республикалық, 60%-ы коммуналдық, 36%-ы жекеменшіктің иелігінде.

2003–2005 жылдары Мемлекеттік агроөнеркәсіптік бағдарламаны жүзеге асыру аяқталды. Агроөнеркәсіптік кешеннің дамуы тұрақтанды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің көлемі және оның өнімдерін өңдеу өсті. Кәсіпорындар мен шаруашылықтардың жаңа жабдықтар мен ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алуына мол мүмкіндіктер жасалды.

Ауыл шаруашылық өнімдерін экспорттау ісі импорттаумен салыстырғанда 35%-ға асып түсті. Нан өнімдерін өндіру көлемі өндірістің ұлттық стандартын 4 есеге, картопты 2 есеге, көкөністі, 20%-ға, күріштің, 52%-ға, сүтті 17%-ға, ет өнімдерін, 19%-ға өсірді.

2003–2005 жылдары Қазақстанның ауыл шаруашылығы дағдарыс жағдайынан шығып, қалыпты қызмет етуге кірісті. 2001 жылмен салыстырғанда мүйізді қараның саны 24,3%-ға, қой 30,8%-ға, шошқа 20%-ға, жылқы 22,5%-ға, күс 22,3%-ға өскен. Асыл тұқымды мал өсіру саласында нарықтық жағдайға жауап беретін әрі заман талабына сай негіз қалыптасты. Республикалық бюджеттен 2005 жылы асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолдауға және игеруге 1,5 млрд теңге бөлінді. Бұл 2002 жылғы көрсеткіштен 66,3%-ға артық.

Қазір мал шаруашылығы өндірісінде топтастыру мен мамандандыру үлерісі, яғни оны өндірістік негізге бейімдеу жүріп жатыр. Мал шаруашылығы өнімдерін өткізетін базарлары ұлғаюда. Осы мақсатта құрылған «Мал өнімдері корпорациясы» АҚ-ын түрлі облыстарда арнайы

жабдықталған бірнеше дайындау пункттері бар. Корпорация мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша 60-тан астам жергілікті кәсіпорындармен бірлесіп жұмыс істейді. Қазіргі уақытта бұл корпорацияның Қытай мен Ресейде өзінің өкілдіктері ашылған. Сондай-ақ, олар өздерінің өнімдерін Италия, Германия, Түркия, Қытай, Ресей, Украина, Беларусь, Қырғызстан және Өзбекстанға экспорттайды. Өзара байланыс, келісім бар.

Ауылды жандандыру, жоспарлы экономикадан қалған терең дағдарысты жеңу, таза пайданы мемлекет қазынасына түсіру, т.б. жұмыстар жүргізілуде. Егін алқаптарын үлғайту, аграрлық-техникалық шараларды толық және сапалы өткізу түсімділікті өсіруге және ауыл шаруашылығы өнімдерінің көптеген түрлерін жинауға мүмкіншілік берді.

2004–2010 жылдарға арналған ауылдық аймақтарды дамытуға бағытталған «Мемлекеттік бағдарлама» аясында білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет нысандарын қаржыландыру және елді мекендерді сумен қамтамасыз ету ісі жүйелі жоспарланған. Жемісті нәтижелері де бар.

Қаржы қызметі нарығының дамуы. 2000 жылы Ұлттық Банкте сақтандыру және банктік бақылау қызметі құрылды. Экономиканың жоғарғы қарқынмен өсуі үшін қаржы-несиелік саясаты маңызды рөл атқарады. 2001 жылдан республиканың Ұлттық Банкі қаржы-несиелік саясат бағытын үш жыл бұрын анықтап, жыл сайын оны нақтылап отырады. Бұл елде макроэкономикалық тұрақтылық қалыптасқаннан кейін ғана мүмкін болды. 2001 жылы бағалы қағаздар нарығын бақылау 2001 жылдың шілде айынан бастап Ұлттық Банк жарғылық капиталдың ең аз мөлшерін нақты белгіледі, банк саласы ережелері қатаңдатылды. Ол қайта құрылып жатқан банктер үшін 1 млрд теңге, аймақтық банктер үшін 500 млн теңгеден кем емес, басқа жұмыс істеп тұрған банктер үшін 1 млрд теңгеден жоғары болып белгіленді. Ұлттық Банктің қызметі қатаң ережелерге көшкеннен кейін еліміздегі коммерциялық банктердің саны үш есеге кеміді. Олардың аз ғана бөлігі қызмет көрсету деңгейін жақсартуға даяр болды. Банк капиталын арттыру, ұсақ банктік құрылымды жою күрделі мәселе болды. Банктердің бірігу және қосылу үдерісі нәтижесінде үлкен мүмкіншілігі бар, қаражаты тұрақты ірі банктер құрылды. Әлемдегі нарықтық экономикасы дамыған елдердің банк жүйесі «негізін» дәл осындай ірі банктер құрап отыр. Мұнда бірнеше ірі коммерциялық банктер барлық банктер активтерінің басым бөлігін иеленеді.

Қазақстандағы банктік капиталдың шоғырландырылуы – банктер арасындағы бәсекелестікті күшейтті. Ол өз кезегінде банктердің қызмет көрсету сапасын арттыруға алып келді. Банк саласындағы көптеген сарапшылар мен мамандардың еңбек етуі еліміздегі банк жүйесінің ерекшелігін одан әрі жетілдірді.

Ұлттық Банкке деп қойып отырған банктердің жеке капиталын өсіру туралы қатаң талабы және реформа кезіндегі қалыптасқан нормативтер

республиканың банктік жүйесінің қаржы дағдарысы әсерін ауыртпалықсыз көтеруіне және Ресей мен басқа да мемлекеттерде болған қаржылық дағдарыстан аман-есен шығуына мүмкіндік берді.

Республика экономикасының осал жері бір-бірінен алыс орналасты. Әртүрлі аймақтарға қаржы ресурстары біркелкі бөлінбелі. Қазақстан экономикасының осындай және басқа да ерекшелігіне орай банктер ұсақ бизнес пен ауылшаруашылық өндірісі басым болған аймақтарда шоғырланды. Ол еліміздің көптеген облыстарындағы жергілікті тұтынушылардың шектеулі шеңберінде қалып қойған банктердің жұмыс мүмкіндіктерін шектелі. Осы жылдары адал адамдарды алдап соққан алаяқтардың банк «пирамидалары» да біздің елімізден сырт қалмады.

Банк жүйесін қайта құру кезеңінде ұсақ және жергілікті банктер Ұлттық Банкпен белгіленген жоғары межені көтере алмайтын болғандықтан, 1998 жылдан бастап барлық жерде біріккен микрокредиттік мекемелер мен несиелік серіктестіктерді құру басталды. Олар бірінші кезекте, кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарсы күреске бағытталды. Ауылдық жерде банктік қызметке қол жеткізуді қамтамасыз ету көзделді. Әрі пошта-жинақ көрсетуді тиімді ету мақсатында ауылдық жерлерге арнап пошта-жинақ мекемелері саласын кеңейту туралы шешім қабылданды. Бұл алыс аймақтардағы халықтың банк секторына жеке жинақтарын салуға мүмкіншілік берді.

Ұлттық Банк рөлін арттыру мақсатында қаржылық жүйені реттеу, оны тәртіпке келтірудегі нақты қадамдар жасалды. Реттеу мен тәртіптеу шаралары әртүрлі бақылаушы органдар арқылы жүзеге асты. Мысалы, банк қызметін Ұлттық банк, сақтандыру компаниялары жұмысын – Қаржы министрлігі, зейнетақы қорларын – Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі реттеп отырды. Алайда қаржы жүйесін реттеуге бағытталған үдеріс ұзаққа созылды әрі тиімсіздігін көрсетті. Сондықтан 2000 жылы сақтандыру және банктік қадағалау, 2001 жылы нарықтық құнды қағаздарды қадағалау, ал 2002 жылы зейнетақы жинақ қорларын басқаруды қадағалау Ұлттық Банктің құзырына берілді. Қаржылық жүйе оң бағыт алды.

Ипотекалық несиелендіруді жақсарту мақсатында – 2003 жылы «Ипотекалық несиелерді кепілдендіретін Қазақстандық қор» құрылды. Компания қызметінің негізгі мақсаты – екінші деңгейдегі банктер мен жеке тұлғаларға берілген ипотекалық несиелердің бір бөлігін кепілдендіру болып табылды. Дегенмен, бүгінгі күні Америка Құрама Штаттарының ипотекалық компаниялары тарапынан басталған қаржы дағдарысы Қазақстанның банк жүйесіне де, оның ипотекалық саясатына да тікелей ықпал етіп отыр. Бірнеше жыл бойы әлемде теңдесі жоқ өсу, әсіресе тұрғын үйлерге бағаның шектен тыс артуы бүгінгі терең дағдарысқа алып келді.

2001 жылы «Қазақстандық актуарлық орталығы» АҚ өз жұмысын бастады. Компания сақтандыру мекемелеріне консалтингтік қызметтер көрсету, оның ішінде актуарлық есептер саласында қызмет көрсетумен



Тастан жасалған еңбек құралдары



Сақтар өмірінің тұрмысы бейнеленген құмыра



Кейінгі қола дәуірінің тұрғын жайлары. Реконструкция. Бұқпы тауы. Орталық Қазақстан



Балбал — ежелгі түркі тас мүсіні



Ұмай – ана



Алтын адам, б.э.д. V ғасыр



Түркі жауынгерінің сауыт-сайман, қару-жарағы



Қожа Ахмет Иассауидің шежіре кітабы мен жеке мөрі



Жошы хан



Мырза Мухаммед Хайдар Дулати



Керей хан



Жәнібек сұлтан



Абылай хан



Жошы хан кесенесі



Арыстан-баб



Абай Құнанбаев



Шоқан Уәлиханов



Ыбырай Алтынсарин



Жазғы ауыл



Верный қаласы



XIX ғасырдың соңындағы Ақмола қаласы



Патша шенеунігінің қазақ даласына келуі



Көшіс аударушылар



Орал қаласы, 1917 жыл



Кеңес өкіметінің орнауы



Ахмет Байтұрсынов жас қазақ зиялыларының ортасында



Тағыр басындағы қазақ зиялылары: Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов



Тұрар Рысқұлов



Бауыржан Момышұлы



Мәншүк Мәметова



Әлия Молдағұлова



Оң жақ шетте отырған Ж. Шаяхметов



Күлән Бәйсейітова жастар арасында



Дина Нұрпейісова және Жалбыз Жабаев



Алғашқы соқа ізі



Ашық әдіспен кен өндіру



Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы



Байқоңырдағы ұшу алаңы



Ядролық қаруға қарсы шеру, 1990 жыл, мамыр



Аралдың батыс жағалауы



Ядролық қаруға қарсы халықаралық конгресс. Алматы, 1990 жыл, мамыр



Д.А. Конаев
(1912 – 1993 жж.)



КОКП ОК Бас хатшысы М.С. Горбачевтің
Көкшетау облысына сапары, 1991 жыл, мамыр



Н.Ә. Назарбаевтың Қазақ КСР Президенттігіне
ант қабылдау сәті. 1991 жыл, 10 желтоқсан



Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік елтаңбасы



Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік туы



Халық қаһарманы



Алтын қыран



«Ерен еңбегі үшін» медалі



Алтын алқа



Бибігүл Төлегеновамен кездесу



Халық аспаптарының күмбірлеген үні



КСРО Халық әртісі Ермек Серкебаев



Қазақстанның алғашқы ғарышкерлері Тоқтар Дүбкіров пен Талғат Мұсабаев



Дәстүрге құрмет



Жастар сері – домбыра



Н.Ә. Назарбаевтың БҰҰ Бас хатшысы Кофи Аннанмен кездесуі, 1999 жыл, 17 желтоқсан



ШЫҰ Кеңесіне мүше мемлекет басшылары жұмыс барысында



ВН.Ә. Назарбаевтың Рим папасы Иоанн Павел II-мен кездесуі, 1998 жыл, 24 желтоқсан



Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының Съезі



Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас Қолбасшысы Н.Ә. Назарбаевпен кездесу



Н.Ә. Назарбаевтың «Самсунг» корпорациясы жетекшілерімен кездесуі, 1997 жыл, 22 наурыз



Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Президенті қызметіне ресми кірісуінің салтанатты рәсімі, 2006 жыл, 11 қаңтар



Н.Ә. Назарбаевтың ҚХР премьері Ху Цзиньтаомен кездесуі, 2006 жыл, 19 желтоқсан



Н.Ә. Назарбаев пен Ресей Федерациясы Президенті Д.А. Медведев, 2008 жыл, 23 мамыр



Н.Ә. Назарбаев пен Түркия Президенті Абдолла Гүл



Н.Ә. Назарбаев пен БАӘ Президенті шейх Халифа бен Зайд әл-Нахайан, 2009 жыл, 17 наурыз



Қарметкомбинаты



Қостанай тоқыма компаниясының өндіріс орны



Мұнай өңдейтін зауыт



Астық жинау



Нан өнімдері зауыты



Металлургиялық цех



Сұрыпты илем дайындау орны




Жылу энергетикалық орталық тетігін басқару



Олимпия жеңімпазы
В. Смирнов, 1994 жыл



Олимпия жеңімпазы, Баркер Кубогының иегері,
боксшы Б. Артаев, Афины, 2004 жыл



1996 жылғы Олимпия жеңімпазы
Ю. Мельниченко



Олимпия жеңімпазы О. Шишигина, 2000 жыл



«Бәйтерек»







«Нұр-Астана» мешіті





Абай шыңында



Халықаралық Еуразиялық конгреске қатысушылар, 2010 жыл, мамыр

айналысты. Өйткені сақтандыру мекемелерінде тиісті мамандар жетіспейтін. Сақтандыру нарығын дамыту 2003 жылы құрылған «Сақтандыру төлемдерін кепілдендіретін қор» жұмысымен байланысты. Оның негізгі қызмет түрі міндетті сақтандыру, келісім-шарт арқылы төлеуді кепілдендіру болып табылады.

Қазақстан қаржы нарығын дүниежүзілік стандартқа жақындату мақсатында 2003 жылғы желтоқсандағы Қазақстан Президентінің Жарлығына сәйкес Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу мен бақылау Агенттігі құрылды. Бұл мемлекеттік орган лицензиялау мәселелері, қаржы нарығын реттеу және бақылаумен айналысады.

Қазақстанның Ұлттық Банкі республиканың банк секторына халықаралық стандартты енгізу саясатын жүйелі жүргізіп келеді. Нәтижесі де жоқ емес. Қазақстан әлемдік экономикалық қауымдастыққа сенімді кірді және қаржылық даму кезеңінде көптеген параметрлері бойынша басқа ТМД мемлекеттерін басып озып, Шығыс Еуропа мемлекеттеріне жақындап келеді.

2003 жылы Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамыту тұжырымдамасы қабылданды. Тұжырымдаманың мақсаты – республиканың қаржы жүйесін, нақтырақ айтқанда, Базель комитеті ұсынған және Еуропалық одақ елдері қабылдаған халықаралық стандартқа жақындату болып табылады. Ондағы ең жаңа бағыттардың бірі – Қазақстанда екінші деңгейдегі банктер мен ұйымдар, банк қызметінің жекелеген түрлерімен айналысатын несиелік серіктестіктер, сонымен қатар микронесиелік ұйымдар арқылы үшінші деңгейдегі несие жүйесін құру болатын. Ол үшін арнайы заңдар қабылданды. Бүгінгі күні әлемді жайлаған қаржы дағдарысы қазақстандық банк жүйесінде қайта құрулар жүргізуге алып келгені белгілі. Оның салдары бірнеше банктердің жабылуынан, ірі банктердің үлесіне мемлекет капиталының енуінен және басқа да шаралардан көрініс берді.

2003 жылдан Қазақстанның барлық банктері қаржы есебінің халықаралық стандарттары бойынша жұмыс жасап келеді. 2006 жылдың басына дейін Қазақстанда екінші деңгейдегі 34 банк, соның ішінде 12 банк (Қазақстандағы бейрезидент еншілес тоғыз банкті қоспағанда) шетелдік банктердің қатысуымен қызмет жасайды. Банктердің дербес есеп айыратын капиталының жиынтығы 586,9 млрд теңгені (4,3 млрд долларға парапар), ал активтер жиынтығы 4515,1 млрд теңгені құрады (33,4 млрд доллар). Банк активтерінің 68%-ға жуығы экономикаға несие түрінде үйлестірілген.

2004 жылы бағалы қағаздар нарығының, сақтандыру нарығының, зейнетақы жүйесінің қызметін реттеу қызметтері Ұлттық Банктен дербес орган – Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және бақылау жөніндегі агенттікке берілді. Ол Президентке тікелей есеп береді. Елімізде дамыған несиелік және депозиттік нарық қалыптасып үлгерді. Экономиканы несилендіру банктер үшін іс-әрекеттің басымдық түріне айналды. 2006 жылдың 1 қаңтарында

екінші деңгейдегі банктердің экономиканың әртүрлі салаларындағы салымы 3062 млрд теңгені құрады. Оның көлемі он төрт жыл бұрын, яғни 1996 жылы 60,9 млрд теңге болатын. Қысқа мерзімді несиеге қарағанда орта және ұзақ мерзімді несиелердің үлесі артып келеді.

Екінші деңгейдегі банктердегі халық депозиттерінің көлемінің тез қарқынмен ұлғаюын, банктердің қорларының толығуы және олардың несиелік әлеуетінің нығаюын ішкі ағынның жинақталуы есебінен шешуге мүмкіндік берілуде. Ұлттық Банктің депозиттерді сақтандыру жүйесін банк күпиясы институты сияқты шарасының енгізілуі банк жүйесіне деген азаматтардың сенімін арттырды. Халықаралық қаржы ұйымдары мен банктерді былай қойғанда, 2006 жылдың 1 қаңтар айында заңды және жеке тұлғалардың жалпы салымы 2523 млрд теңгені құрады. Салымдардың мөлшерін алам басына шаққандағы көрсеткіш жағын Қазақстан қазіргі кезде ТМД мемлекеттері арасында Ресейге ғана жол береді. Депозиттердің ұлттық валютадағы өсу қарқыны, депозиттердің шетелдік валютадағы өсу қарқынынан асып кетті. Бұл – халықтың ұлттық валютаға және банк жүйесіне толықтай сенімінің айғағы.

Экономиканы долларлау (долларизация) мәселесі біртіндеп өзінің өзектілігін жоғалтуда. Бұл жерде тиімді банк жүйесі мен қаржы-несиелік саясатының, инфляцияның төмен қарқынын сақтау мен ұлттық валютаның тұрақты айырбас курсын сақтауға бағытталған әрекеті айтарлықтай рөл атқарады.

Пластикалық картамен қызмет көрсететін төлем жүйесі шапшаң даму жолында. Қазақстан банктерімен осы уақытқа дейін 3,22 млн төлем карточкалары шығарылған, яғни экономиканың төрттен бірі осындай қызмет түрін қолданады. Ұлттық Банктің аралық төлем карточкалары жүйесі Бағдарламасының мақсаты халыққа қызмет көрсететін біртұтас төлем кеңістігі мен электронды ақшаны қолданатын сауда-сервистік кәсіпорынды құру болып табылады.

Еліміз халқын әлеуметтік қолдауға бағытталған зейнетақы жинақ жүйесі – 1998 жылдан қызмет көрсете бастады. Оған 2006 жылдың басына дейін 14 жинақтаушы зейнетақы қоры кірген. Салымшылардың зейнетақы жинағы 648,6 млрд теңгені құрайды. Осы активтерді инвестициялаудан түскен таза табыс, барлық жеке зейнетақы шоттарына бөлгенде 155,1 млрд теңгені құрады.

Жинақтық зейнетақы жүйесінің негізгі мәселелері салымшылардың қаржысын инвестициялауға байланысты. Ең бірінші талап қалыпты өмір сүруге зейнетақы төлемінің жеткіліктілігі болуы. Шындығында, Қазақстанның заңдары зейнетақы активтерін тек жоғарғы өтімді қаржы құрылымдарына салуға ғана мүмкіндік береді. Өкінішке қарай, өтімді жұмыс жүргізетін қаржы құрылымдары елімізде аз, оның үстіне олар қарызды банктерден алғанды жөн көреді. Зейнетақы активінен түсетін кіріс төмен. Мұның барлығы зейнетақы жинағын күнсыздандырып, болашақ зейнеткерлердің төлем көлемін төмендетеді.

2006 жылдың 1 қаңтарында нарықтағы әрекет ететін құнды қағаздар мен жарналы инвестициялық қорлардың жай-күйі – 45 бірлікті құрады. Жарналық инвестициялық қорлар активінің көлемі – 12,31 млрд теңге, ал акционерлік инвестициялық қорлардың активі – 17,48 млрд теңгеге жетті. 2006 жылдың 15 қарашасында екінші қатардағы жаңа үлгідегі банкноттар айналысқа енгізілді. Тайландтың Бангкокта 2007 жылғы 7–9 мамырда үкіметтік емес халықаралық ұйымы ұйымдастырған «Валюта мәселелері жөніндегі халықаралық қауымдастық» конференциясында «Ең үздік жаңа валюта» конкурсында ҚР Ұлттық Банкінің номиналы 1000 теңгесіне орын берілген.

Экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және болашақ ұрпаққа қор жинақтау мақсатындағы Ұлттық қорда 2005 жылдың желтоқсанында 8015 доллар жинақталса, 2008 жылы оның көлемі бірнеше есе өсті. Бірақ 2008–2009 жылдары әлемдік қаржы дағдарысы Ұлттық қордың біраз бөлігін ел экономикасын тұрақтандыруға жұмсауға мәжбүрледі.

Қаржы қызметінің нарығын қалыптастыру – ел экономикасының түбегейлі мақсаттарының бірі. Себебі қаржы жүйесі адам бойындағы қан тамырлар сияқты бүкіл экономикалық құрылымның дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының инвестициялық саясаты. 1999 жылы Қазақстан экономикасы қаржы дағдарысын, өндірістік құлдырауды, әлеуметтік шиеленістің өсуін, теңгенің құнсыздануын бастан өткерді. Бірақ экспортқа шығарылатын тауарларға бағаның өсуі және астық молшылығы өндірісті жандандырды. Тұтыну секторының кейбір тауарларының бәсекелестік қабілеті артты. Ол шетелдік тауарларды ығыстыруға мүмкіндік берді. Осылайша, ел экономикасы нарықтың үлкен сынынан өтіп, 1999 жылы жалпы ішкі өнімнің көлемі 1,7%-ға артып, 1997 жылдың деңгейіне жетті. Иә, өсім аз болғанымен, жалпы ішкі өнімнің тұрақтана бастауы ел үшін аса маңызды еді. Себебі бұл көрсеткішке қаржы дағдарысынан кейін қол жетті. 1999 жыл ішінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2,2%-ға, ауыл шаруашылығы – 28,9%-ға, құрылыс – 2,4%-ға, тауар өндіру үлесі – 2,3%-ға өсті. Өнеркәсіпте өндірістің өсуі алғаш рет өңдеуші өнеркәсіп есебінен жүрді, бірақ ЖІӨ көлемінің артуына мол астық, мұнай мен мұнай өнімдеріне, металдарға әлемдік бағаның артуы да тікелей ықпал етіп отырды.

2001 жылы Қазақстан ТМД елдері ішінде жан басына шаққандағы инвестиция көлемінен бірінші және бұрынғы социалистік лагерде болған елдердің ішінде Венгриядан кейінгі екінші орында болды. Қазақстанда шетелдік инвестициялар ең көп тартылған сектор – мұнай-газ саласы ең жоғары қарқынмен дамыды. Мұнайдың сақталған үнемінің көлемі 30 млрд баррельді құрады, яғни, 4 млрд тонна, ал газ – 3 трлн м^3. Кейінгі жылдары Қазақстандағы мұнай өндіру көлемі екі есеге дейін өсті. 2005 жылы 18 қыркүйекте Қазақстанда миллиард тонналық мұнай өндірілді. Шетелдік инвесторлардың өз қаражатын дәл осы мұнай-газ

саласына тартуы да себепсіз емес. Бұл салада: «Теңізшевройл» ЖШС, сондай-ақ көмірсутегін іздеу және барлау жұмыстарымен айналысатын компаниялардың консорциумдері Қарашығанақта «Карачаганак Петролеум Оперейтинг Б.В.», Каспийде «Аджип КО», «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» ААҚ, «РД ҚазМұнайГаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» ААҚ, «Қаражанбасмұнайгаз» АҚ жер қойнауы байлығын игеріп келеді.

Мұнай-газ өндірісі саласына бағытталған инвестиция көлемі – 2005 жылы 5,5 млрд доллар немесе елге келген инвестиция көлемінің 84%-ын құрады. «Тенгизшевройл» ЖШС, «Қарашығанақ интеграциялық ұйымы», «Маңғыстаумұнайгаз» ААҚ, «Узеньмұнайгаз» ААҚ, «ПетроКазахстанИнк» ААҚ және тағы басқа он ірі өндіруші компания үлесіне инвестиция 90%-дан келді. Барлау, геологтық іздеу жұмыстарын тоғыз компания белсенді түрде жүзеге асырады. Олар: «Аджип ККО», «Тенгизшевройл» ЖШС, «Маерск Ойл Казахстан ГмбХ» т.б., олардың үлесіне 89% инвестициядан келеді. Алайда барлау, геологиялық іздеу жұмыстары республикалық бюджеттен қаржыландырылуда. Республикада «ЛукОйл» ААҚ және «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ компанияларының біріккен тобы жұмыс жасайды. Оның негізгі міндеті – 3,5 млрд доллар инвестицияны құрайтын Каспий газ-химиялық кешенінің жобасын дайындау.

Бүгінгі таңда Қазақстан да белсенді инвесторлардың қатарына қосылып келеді. ТМД аумағында біздің елдің инвестициясының көлемі 25 млрд долларды құрайды. Осыған сәйкес бұл ағым әлі де қарқынды өседі деген жорамал бар. Себебі ұлттық инвесторлардың тобы сыртқы нарықта белсенді түрде бәсекелесе алады.

Отандық ірі кәсіпорындардың Ресей, Украина, Қырғызстан, Тәжікстан, Грузияда өздерінің нысандары бар. Инвестиция құю туралы Молдовамен келіссөздер жасалуда. Қырғызстанда қазіргі уақытта қазақстандық капиталдың үлесімен 400-ге жуық біріккен кәсіпорындар энергетика, газ саласында, құрылыс заттары өндірісінде, банк секторларында жұмыс істеп жатыр. 2006 жылы қазақстандық бизнес құрылымдарының көмегімен цемент зауыты, жүгері өндірісінің комбинаты, тоқыма өнеркәсібіндегі Кант зауытының екінші айналымы іске қосылды.

«Қазақмыс» корпорациясы біраз уақыт бұрын ғана Германиядан металлургиялық зауыт сатып алды. Қазақстан мен Грузия арасында 60-қа жуық келісім – шарт жүзеге асырылды. «ҚазМұнайГаз» АҚ Қаратеңіз жағалауында қазіргі заманға сай келетін мұнай өңдейтін зауыттың құрылысын бастауда. Бакуде Поти айлағында бидай өндірісі терминалы іске қосылды, Достық стансасында «ҚазТрансГаз» АҚ өзінің «Тбилгаз» жекеменшік газ тасымалы желісін құруды көздеп отыр. Соңғы кезде қазақстандық банктер Ресей, Украина, Грузия, Қырғызстан, Тәжікстан елдеріне өздерінің капиталдарын белсенді түрде орналастырып жатыр. Қазіргі уақытқа дейін сыртқа капитал салудан – «БТӘ банк» тәжірибесі озық болып саналды.

2007 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 1990 жылмен салыстырғанда 1,4 есеге өсті және 3392 млрд теңгені құрады.

Салалық құрылымда негізгі капиталға салынған барлық инвестицияның 50%-ға жуығы кен өндіру саласын дамытуға бағытталған. Техникалық құрылым бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялардың құрылыс-монтаж жұмыстарына жұмсалған шығындары көбейген, 2007 жылы олардың көлемі 1790 млрд теңгені құрады. Негізгі капиталға инвестицияның салынуының ең жоғары өсімі Батыс Қазақстан және Ақмола (1,7 есе), Жамбыл, Қостанай облыстарында және Алматы қаласында (1,3 есе) байқалды. Бұл аймақтардағы қаржы көбінесе құрылыс-монтаж жұмыстарына және кен өндіру орындарын дамытуға бағытталды. Ал статистикалық мәліметтерге сүйенсек, инвестиция көлемінің азаюы Атырау (10,8%) және Ақтөбе облыстарында (8,7%) байқалған. Бұған ең бастысы кейбір инвестициялық жобалардың аяқталуы себеп болып отыр. Республикада инвестицияның кеңінен тартылатын салалары бұрынғысынша – мұнай және табиғи газ өндіру саласы (негізгі капиталға салынатын инвестиция көлемінің 30,7%), ал онан соң жылжымайтын мүлік операциялары (28,3%), транспорт және байланыс (10%), өңдіргіш кәсіпорындар (11%) саласын қамтуда. 2007 жылы темір жол саласындағы инвестиция 138 626 млн теңгені құрады.

Кез келген мемлекеттің жүргізіп отырған саясатының ең басты құрылымы экологиялық тепе-теңдікті сақтау, қоршаған ортаны ластауға жол бермеу болып табылады. Мұның қоғамға, халыққа әсер-ықпалы орасан зор.

Қоршаған ортаны қорғау саласында саясатты күшейту жөніндегі қабылданатын қадамдарға қарамастан әлі күнге дейін жоғары экологиялық стандарттарды белгілеуде экономика секторларының қызығушылығы сақталып отыр. Экономика секторында еліміздегі экологиялық жағдайдың нақты жай-күйіне әсер ететін мүдделі тараптардың болмауы және жеткіліксіздігі (мемлекеттік органдар және ТМҰ) байқалуда. Әлі де болса проблемалардың бірі экологиялық іс-шараларды қаржыландырудың жеткіліксіздігі болып табылады. Мемлекеттік реттеу механизмдері инвесторларға үлкен тұрақтылықты және ұзақ мерзімге салықтық және заңнамалық төуекелдерді азайтуға кепілдік беруі тиіс. Үкімет тарапынан табиғатты қорғау қызметін экономикалық басқару механизмдеріне енгізуге қатысты мемлекеттік бюджетті шектеу түріндегі сақтық бар. Елімізге еніп отырған шетелдік инвесторлар салымының экономикаға тигізетін тиімді жақтарымен қатар көлеңкелі тұстары да баршылық. Біздің ойымызша, мемлекет шетелдік бизнесмендердің қызметін тікелей бақылауға алып, олармен келісімшарт негізінде міндеттемелерін анықтап алулары қажет. Ең бастысы, Қазақстанға тигізетін қауіп-қатері болмауы тиіс.

Шетелдік инвесторлардың ұсынып отырған көптеген жобаларын біздің отандық өндірушілердің өздері-ақ іске асыруына мүмкіндігі бар. Себебі, бұл салалар көп көлемдегі кіріс капиталына ие болып отыр. Жекелеген тұлғалардың ұсынып отырған жобаларының негізсіз болатынын да мойындау қажет. Егер де біз өз елімізде тиісті деңгейдегі тех-

никалық базаларды қалыптастырмасақ, кажетті нәтижелерге қол жеткізе алмаймыз. Егер мұндай талаптар орындалмаса, инновациялық үдерістер керісінше, Қазақстанның ең өлсіз жері болуы мүмкін.

Қазақстан жаһандық экономика жүйесінде. Қазақстан да әлемдік экономикада өзінің нақты орнын алуы тиіс. Оның басты шарттары – Қазақстанның экономикалық кеңістігіне халықаралық стандартты енгізу және либералды экономикалық жүйені қалыптастыру. Бүкіләлемдік сауда ұйымына мүше болу. БСҰ-ға мүше болуға өтініш берілген – 1996 жылдан бері 14 жыл өтті. Қазақстан Республикасының бұл ұйымға енуі БСҰ мүшелері саналатын басқа елдермен қатар елдің тұрақты экономикасын қалыптастыруға, аграрлық және өндіріс секторларын мемлекеттік қолдауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

2005 жылды, негізінен Қазақстан өміріндегі кезеңдік уақыт деп айтуға болады. Әлемдік қауымдастықтағы өзінің нақты орнын анықтау мен экономиканы мемлекеттік реттеу саласындағы өзінің мүмкіндіктерін шынайы бағалау республикаға бірқатар заңнамалық актілер мен бағдарламалық құжаттар дайындауға мүмкіндік берді. Жер байлығын пайдалану мен мұнай операцияларын жүргізген мұнайгаз жобаларының еліміздегі үлесін сатып алу кезінде Қазақстанның заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізілді. Қазақстан мұнай мен газ кен орындарын игеру кезінде толыққанды инвестор ретінде қатысқысы келетін ниетін білдірді.

Сонымен қатар «теңізде мұнай операциясын жүргізу кездерінде өнімді бөлу жайындағы келісімшарт туралы» шешімдер Қазақстан экономикасының барлық саласын дамытуға екі жақты келісім ұстанымын қалыптастыру мақсатында жасалды. Мұның барлығы Қазақстан басшылығының мемлекеттің нақты мүддесін түсінгенін және мұнайгаз секторындағы өзінің бағытын нығайтуға күш салғанын анғартады.

2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа Жолдауында Қазақстанның алдағы уақытта әлемдегі 50 бәсекеге қабілетті елдің қатарына кіру міндеті қойылғаны белгілі. Бұл міндет – Қазақстан экономикасы дамуының жаңа кезеңін ашты.

Әлемдік сауда көлемімен салыстырғанда біздің республикада өндіріс әлі де болса бәсекеге қабілетті емес. Жалпыға бірдей белгілер бойынша, 3,25% әлемдік экспорты бар өндіріс орны ғана бәсекеге қабілетті болып саналады. Тауар топтары бойынша әлемдік экспорттағы біздің еліміздің үлесі: ауыл шаруашылық өнімдер – 0,18%; қайта өңделген өнімдер – 0,02%; химикаттар – 0,01%; базалық машина құрылысы – 0,22%; минералдар – 0,49% (2000 жыл). Әлемдік саудада мұндай төмен көрсеткіштермен пайда көру мүмкіндігі жоққа тән. Реформа жылдары өндіріс орындарында жұмыс істейтіндердің саны 2 есеге азайып, негізгі қордың тозуының деңгейі 60%-ға жетті. Инвестиция көлемі жеткіліксіз. Ал Қазақстанның БСҰ-ға мүшелікке өтуі отандық өндірістің даму деңгейіне байланысты болады. Әлемдік нарықта сыртқа шығарылатын өнімнің көп бөлігін шикізат емес, керісінше, дайын өнім құрайды. Қазақстанда бәсекеге қабілетті тауар шикізат болып табылады, оның көлемді

бөлігі экспортқа шығарылады. Қазақстанның шикізат секторы сыртқы нарықта үлкен сұранысқа ие. Ал БСҰ-ға енген соң, нарықтық конъюнктураға тәуелді болады. Бұл бір жағынан өндіріске қазіргі заманғы технологиялар мен өнеркәсіпті ұйымдастырудың жаңа әдістерінің енуіне мүмкіндік береді. Ішкі нарықта бәсекелестікке әсер етеді. Сыртқы нарықта қазақстандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігі артады, әсіресе инновациялық бағыт ұстанғандарға аса қажет шетелдік инвестицияның қарқыны ұлғаяды. Халыққа қызметі арта түседі.

Мамандардың айтуынша, қазақстандық фармацевтика саласы қазіргі кездің өзінде-ақ БСҰ-ның барлық талаптарына сай келеді.

Қазақстанның нарықтық экономикасын АҚШ және ЕО елдері танып отыр. Экономикада мемлекеттің араласуынсыз жүзеге асырылатын ашықтық деңгейіне қол жетті; сыртқы сауда либерализацияланды; елдегі жекеменшік 80%-ға көтерілді; макроэкономикалық тұрақтылық орнады; теңгенің айырбас бағамы тұрақтанды. Республиканың экономикалық дамуы негізгі өлшемдерге сәйкес, өзара шектеусіз халықаралық саудаға қосылуға дайын. БСҰ-ның бақылаушы мәртебесіне ие болған Қазақстанда соңғы 6 жыл ішінде бірқатар ұйымдастыру іс-шаралары жүзеге асты. Қазақстан және БСҰ қарым-қатынасы бұдан әрі қалай жүретінін болжау қиын. Бұл үдерістің тиімді де, залалды да тұстары баршылық.

СҰРАҚТАР:

1. Индустриальдық-инновациялық даму Стратегиясының мәні неде?
2. 2000 жылдардағы шынайы экономика дамуының үдерістері мен нәтижелері қандай?
3. Экономиканың аграрлық секторының жетістіктері мен проблемалары қандай?
4. Қазақстан БСҰ-ға кіру қарсаңында қандай шараларды жүзеге асыруда?

3.4. Әлемдік қаржы дағдарысы және «Жол картасы»

2007 жылдың тамыз айында басталған Америка Құрама Штаттарындағы ипотекалық дағдарыстан кейін барлық бағыттағы нарықтар жабылды. Сөйтіп, АҚШ ипотекалық заемдар нарығындағы 2007 жылдың басында туындаған дағдарыс әлемдік қаржы нарығына айтарлықтай ықпал етті. Алдыңғы кезеңде сырттан қомақты қарыз алған қазақстандық банктер бірқатар қиындықтарды бастан өткізді. Оған қоса әлемдік азық-түлік нарықтарындағы – 2007 жылғы сілкініс теріс ықпал етумен жағдай күрделене түсті. Мәселен, дәнді дақылдарды негізгі

өндіруші елдерде өнім құнының төмен болуы, өсімдік шикізаты (биоэтанол) түріндегі отынның балама түрлерін әлемдік өндірудің өсуі нәтижесінде астықтың, күнбағыс майының әлемдік бағасы өсті. Сыртқы сауда, валюта және банк жүйелерінің өлсіздігі, экономиканың құлдырауы да байқала бастады.

Президент тапсырмасымен қысқа мерзімде дағдарысқа қарсы бірінші кезектегі іс-шаралар жоспары әзірленді. Жедел түрде екінші деңгейдегі банктердің өтімділігін қолдау бойынша шаралар қабылданды.

Мұндай қадамдар Ұлыбритания, АҚШ, Ресей елдері тараптарынан да жасалды. Уақытында қабылданған шаралар өз нәтижесін беріп, қазіргі мемлекетіміздің қаржы-несие жүйесі тұрақтанды. Мұнда мәселе тек сол екінші деңгейдегі банктерге 4 млрд доллардың жетіспеуінде ғана емес еді. Мемлекет бірде-бір банктың «ойсырауына» жол бермеу үшін қолынан келген барлық шараларды жасауға даяр болды. Бүкіл әлем бойынша тұрғындар салымының қайтарылуы белең алса, біздің елімізде, керісінше жыл басынан бері ол 30%-ға артты. Бұл жағдай халықтың билікке деген сенімді көрсетті. Президенттің 5 миллион көлеміне дейінгі депозиттердегі салымдарға мемлекеттің кепілдемесін беру жөніндегі шешімі азаматтардың сенімін күшейте түсті.

Еліміздің экономика саласы 2007 жылдың бірінші жартысында алдыңғы жылдардан жалғасқан оң үдерістерді (өнеркәсіптің, жылжымайтын мүлік нарығының, құрылыстың, сауданың, банк қызметі нарығының жоғары даму қарқыны) сақтап, экономикаға несие 47%-ға жуық, резиденттердің банк жүйесіне депозиттері 24%-ға үлғайды.

Қазақстандық экспорттың негізгі тауары металға баға өте жоғары болғандықтан, жалпы алғанда экономика аса қатты құлдырамады. Тек қана банктерден алған (әсіресе, шетелдерден қарыз ақша алған банктерде) несиелердің есебінен құрылыс саласы елеулі қиындықтарға тап болды. Нәтижесінде, құрылыс материалдары жетіспей көптеген құрылыс нысандары қаңтарылып тұрып қалды. Дегенмен, мұнайдың бағасы барреліне 120–140 доллар, ал мыстың тоннасы 7 мың доллар болып тұрған кезде тау металлургиясы мен мұнай-газ секторы қиыншылықтарға төтеп бере білді. Сөйтіп, дағдарыстың алғашқы кезеңінде мәселенің күрмеуі банк секторымен, құрылыспен, құрылыс материалдары өндірісімен, шағын және орта бизнес және осыларға қатысты секторлармен байланысты болды. Дағдарыстың алғашқы кезеңінде дағдарыспен күресу үшін құрылыс саласына бюджеттен 4,5 миллиард доллар бөлінді. 2007 жылы орташа жылдық инфляция – 10,8%-ды құрады.

Дағдарыстың екінші сатысы – 2008 жылдың қыркүйек айының соңы мен қазан айының басында Ресейде бағаның бірден құлдырауынан басталды. 2008 жылдың қараша айында дағдарыстың екінші кезеңі басталған кезде Үкімет, Ұлттық Банк және Қаржы қадағалау агенттігі меморандумға қол қойып, Ұлттық қор мен бюджеттен жалпы көлемі 10 миллиард доллар бөлді. Ол қаржы секторы, құрылыс, орта және шағын бизнес, ауыл шаруашылығы өндіріс кешені мен инновациялық

және инфрақұрылымдық жобалар бойынша негізгі бес бағытта жүмсалды. Халық мүддесі көзделді.

Дағдарыс салдарынан әлемдегі экономикалары дамыған АҚШ, Жапония және Еуропалық Одақтың көптеген елдерінің өсу қарқыны баяулап, әлемдік экономиканың тежелуіне және жалпы әлемдік тұтынудың қысқаруына ықпалын тигізді. Халықаралық валюталық қордың әлемдік экономика қарқыны 2008 жылғы 3,7%-дан 2009 жылы 2,2%-ға дейін төмендеуі күтілді. 2008 жылдың екінші жартысында жаһандық қаржы нарығы дағдарысының екінші толқыны салдарынан сұраныс қысқарып, халықаралық тауарлар нарығында бағаның төмендеу жағдайы байқалды. Нәтижесінде, әлемдік экономиканың өсуі төмендеді. Қазақстан да сыртқы жағымсыз факторлардың әсерін сезінді. Еліміздің тауар экспортының негізі болып табылатын – мұнайға, металға әлемдік бағалар күн санап төмендеді. Мысалы, 2009 жылдың шілдесінде мұнай бағасы өзінің шарықтау шегіне жеткеннен соң, ол сол айдағы деңгеймен салыстырғанда үш есеге дейін төмендеді. 2008 жылдың басынан бері негізгі өнеркәсіп металдарының бағасы сұраныс азайғандықтан, орташа алғанда 35–40%-ға төмендеді. 2008 жылдың 9 айында жалпы ішкі өнімнің нақты өсуі деректер бойынша 3,9%-ды құрады. Өңдеу өнеркәсібі салаларында, әсіресе металлургияда өндіріс көлемінің азаюы байқалды.

Халықаралық сарапшылар мұнайдың әлемдік бағасы бір баррель үшін 2009 жылы 40 доллар және одан кейінгі жылдар 50 доллар болады деген болжам жасаған. Сарапшылардың бағалауы бойынша АҚШ-тың жалпы ішкі өнімі 2009 жылғы бірінші тоқсанда 5,9%-ға, Еуроаймақта 1,9%-ға, Ұлыбританияда 1,5%-ға, Ресейде 7%-ға төмендеді. Қытайдың жалпы ішкі өнімінің нақты өсу қарқыны 6,0%-ға дейін төмендеді. Бұл соңғы 18 жылда байқалған алғашқы керегар көріністердің бірі болатын.

2009 жылдың қаңтар айында ақша айырбастау орындарында АҚШ доллары мен еуроның қолда бар сатылымы 2 миллиард долларды құрады. 2 миллиард доллар Қазақстан үшін бір айға өте көп болғандықтан, заңды және жеке тұлғалардың 3,8 миллиард доллар депозиттері теңгеден долларға айналдырылды. Бұл шамамен олардың банкке орналастырған жалпы қаражатының 10%-ы болатын. Бұл үдеріс қаңтар айында күш алып кеткендіктен, осындай девальвациялық толқуларды тоқтату қажет болды. Ақша бағамын тіркеп, орташа мерзімге долларға дәліз ашылды (алып-қосуы 5 теңге деп жарияланған).

2009 жылдың 4 ақпаны күні теңгенің құны бірден өзгеріске ұшырады. Бір күн бұрынғы 1 долларға шаққандағы 122,32 теңгеден 143,98 теңгеге тура келді. Сол күнгі девальвация көрсеткіші 18%-ды құрады. Теңге кенеттен құнынан айырылды. Оның себебі – әлемдік қаржы дағдарысы салдарынан 2008 жылдың басынан 2009 жылдың қаңтар айына дейін, әлемдегі бірнеше негізгі экономикалық бірлестіктер мен ТМД мемлекеттерінің валюталары құны бірінен кейін бірі төмендегенінен.

2008 жылдың бірінші жарты жылдығында, мұнайдың шарықтаған бағасы Қазақстанға көп шетелдік валюта әкелді. Тек шикі мұнайдың экспорты Қазақстанға 43,5 миллиард доллар түсірді. Мұнайдан түскен доллар валюталық нарыққа құйылды. Бұл Қазақстанның теңгесінің айырбастау курсын қамтамасыз етті. 2008 жылдың 9 айында Қазақстанның шетелдік валюта қоры ай сайын өсіп отырды. Қыркүйек айынан кейін, әлемдік қаржы дағдарысының екінші толқыны басталды. Әлем нарығындағы шикізат ресурстары бағасы күрт төмендеді. Қазақстанның экспорты азайып, кірісі төмендеді. Сөйтіп, валюта нарығындағы жағдай өзгере бастады. Валюта нарығындағы теңгенің айырбастау курсын тұрақты ұстау үшін Қазақстанның Халық Банкі барлық мүмкіндіктерді пайдаланды. 2008 жылдың қазан айынан бастап 2009 жылдың қаңтар айына дейін Халық Банкі валюта нарығына 6 миллиард доллар құйды. Бұл Қазақстанның 2008 жыл аяғындағы шетел валюта қорының 13%-ын құрады, тек қаңтар айының өзінде 2,7 миллиард доллар құйылды. Осы кезде үкіметке жылдам шешім жасаудан басқа жол қалмады. Теңгенің девальвациялануына жол берілді.

2009 жылы Ұлттық Банктің валюталық активі 20 миллиард долларды құрап, 5 миллиард доллар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры мен екінші деңгейлі банктер арқылы нақты секторларға жеткізілді. Олар несиелер түрінде ұзақ мерзімді теңгелік активтерге конвертация жасалды. 2008 жылдың 1 мамырымен салыстырғанда 2009 жылдың 1 мамырындағы он екі айлық инфляция 20%-дан 8,8%-ға дейін азайды.

2008 жылы сыртқы қарыздардың үлкен көлемі жабылды, ал 2009 жылдың бірінші тоқсанында қалған бөлігі төленді. 2009 жылдың екінші тоқсаны аяқталған кезде банктерде тек тұрақты төлейтін төлемдер ғана қалды. Сөйтіп, негізгі проблемалар шешілді. Банк секторының сыртқы өз қарыздары 46 миллиард долларды құрады. Екі жылға жетпейтін уақытта ол 35 миллиард долларға дейін қысқартылды. Екінші тоқсанның қорытындысы бойынша ІЖӨ 25%-дан аз болды.

«Жарамсыз» қарыздар банкі стрестік активтер банкі деп аталады. Оған бюджеттен бір миллиард доллар ақша бөлінді. Бұл мәселе бірнеше рет талқыланды. Кейбір мамандар құрылыс кредиттерін сатып алуды ұсынса, екіншілері ипотеканы, үшіншілері жұмыс жобасын сатып алуды көзделі. Ең маңыздысы «БТӘ» мен «Альянс» банктердің сыртқы қарыздарын қайта құрылымдау жөніндегі шешім жасалды.

«БТӘ» мен «Альянс банкі» девальвацияға шыдай алмайтын болғандықтан, оларға тікелей қолдау көрсету жөнінде шешім қабылданды. Олардың сыртқы қарыздары аса ауқымды болатын («БТӘ банктің» барлық міндеттемесі 64 пайыздан, Альянс банктікі 70 пайыздан астам). «БТӘ банкте» ақпан айында мәжбүрлі допэмиссия арқылы капитализациялау жүргізілді. Оның 78% акциясы «Самұрық-Қазына» қорына тиесілі болды. Бұл банктер акцияларының бақылау пакеттерін стратегиялық инвесторларға сатуға дайын екендіктерін мәлімдеген еді. Осындай бір инвесторлардың бірі – Ресей Жинақ Банкі. «БТӘ банктің» сырт-

қы қарыздарын қайта құрылымдау үшін Goldman Sachs сыртқы кеңесші ретінде жалланып алынды. «Самұрық-Қазына» қоры әуел бастан-ақ бұл банкте ұзақ қалуға ынталы болмады. «Альянс банктің» акционерлері «Самұрық-Қазына» қорына банктің 76% акциясын ұсынды. Бірақ нақты бір шешім қабылдана қойған жоқ. Сарапшылардың пікірінше, «Қазкоммерцбанк» пен Халық Банкте сыртқы қарыздар жөнінде ешқандай мәселе туындамаған. «Самұрық-Қазына» олардың 25 пайыздан акцияларын сатып алған. Сонымен қатар осы төрт кредиттік ұйымдарға ипотекалық кредиттерді қайта қаржыландыруда қолдау көрсетіліп, шағын және орта бизнеске, сондай-ақ агроөнеркәсіп кешендері компанияларына несие берілген. Халық Банкте «Самұрық-Қазына» қорына кіруге деген мәміле сәуір айының ортасында толық аяқталды.

2008 жылдың аяғында Қазақстанның жалпы сыртқы қарызы – 107,81 миллиард долларды құрады. Ол жалпы ішкі өнімнің 82,9%-ы, бұл көрсеткіш 2007 жылдың соңындағы 96,91 миллиард доллардан 11,2%-ға өскенін көрсетеді. Оның ішінде қысқа мерзімді сыртқы қарыз 10,64 миллиард доллар, ұзақ мерзімді сыртқы қарыз 97,176 миллиард доллар. Мемлекеттік және мемлекеттің кепілдігіндегі қарыз 2,17 миллиард доллар немесе 2%, жекеменшік және мемлекет кепілдік бермеген қарыз 105,65 миллиард доллар болды. Бұл – 98%-ды құрады.

Қазақстанның соңғы 15 жылдағы экономикалық дамуының табыстары біршама деңгейде Ұлттық Банктің қаржы секторын дамыту жөніндегі қызметіне және бағаны тұрақтандыруға бағытталған қаржы-несие саясатына байланысты болды. Сонымен бірге дағдарысты еңсеруге қатысты арнайы бағдарламалар да жүзеге асырылуда. Елімізге Біріккен Араб Әмірліктері Ислам банкін құру және Астанада «Әбу-Даби Плаза» құрылысын бастау үшін қаржы салмақ. Ресейлік ВЭБ үш миллиард долларға кредиттік лимит ашты. Оңтүстік Кореядан электр стансасын салуға үш миллиард доллар инвестиция тартылмақ. Қашаған (Қашаған кен орны) Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде орналасқан және әлемдегі бесінші ірі мұнай кен орны болып табылады. Мұнай қоры шамамен 7–9 миллиард баррельді құрайды және Теңіз, Қарашығанақ (мұнай-газ кен орны) сияқты инвестициялары тоқтаусыз құйылып жатқан дәстүрлі ірі жобалардың кірісі де күтілуде.

2008 жылдың 25 қарашасында ҚР Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігі экономикалық жағдайға байланысты 2009–2011 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасының шығыстарын қысқартуды сұрады. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында айтылған және «Нұр-Отан» платформасында айқындалған барлық тапсырмалар өзгеріссіз қалып, оны үш жылдың ішінде (2009–2011 жылдар) толық көлемде іске асыру да қарастырылған. «2009–2011 жылға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заң жобасында әлеуметтік саланы қолдау мен дамытуға арналған шығыстарды жыл сайын өсіру көзделген. Нақтырақ айтқанда, бюджет саласында төмендегідей міндеттер алға қойылды:

– бюджет саласының еңбекақыларын 2 есе көбейту, оның ішінде, 2009 жылы 25%, 2010 жылы 25%, 2011 жылы 30%;

– психологиялық, эмоциялық және табиғи жүктемелеріне қосымша ақы алатындардың санын ұлғайту (неонотологтар, онкогемотологтар, фтизиатрлар, сәуле диагностикасының және бірқатар басқа мамандықтардың қызметкерлері);

– әлеуметтік қамтамасыз ету мен әлеуметтік көмек саласында зейнетақының орташа мөлшерін 2009 жылы 25%-ға, 2010 жылы 25%-ға, 2011 жылы 30%-ға ұлғайту;

– жолдауға сәйкес мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен мемлекеттік арнайы жәрдемақылардың мөлшерін орташа 9%-ға ұлғайту;

– жылына 20 мың оралманды тарихи отанына орналастыру үшін квоталарды ұлғайтуға қаражат бөлу;

– бала тууды ынталандыру және демографиялық жағдайды жақсарту мақсатында бала күтіміне арналған айлық жәрдемақы мөлшерін арттыру. 2010 жылдан бастап 4 және одан көп бала туылуына байланысты бір жолғы жәрдемақының мөлшерін арттыру;

– 2010 жылдан бастап алғаш рет мүгедек балалардың ата-анасына, қамқоршыларына жәрдемақылар енгізу. Оның мөлшері 2009 жылы 14548 теңгені, 2011 жылы 15639 теңгені құрайды;

– білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға арналған барлық іс-шараларды толық көлемде қаржыландыру;

– «100 мектеп, 100 аурухана» жобасы шеңберінде мектепке дейінгі ұйымдардың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру нысандарын салу мен қайта жаңартуды одан әрі іске асыру. Мемлекеттік жоғары оқу орындарының оқу корпустары мен жатақханаларына күрделі жөндеу жүргізуге қаржы салу;

– тұтастай алғанда, құны 30 миллиард теңгені құрайтын (оның ішінде 2009–2010 жылдары 25,9 миллиард теңге) техникалық және қызмет көрсету саласының кадрларын даярлау бойынша Кәсіптік және техникалық білім беруді дамытудың 2008–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға қаражат бөлу;

– мемлекет басшысының Парламент сессиясының ашылуында берген тапсырмасын іске асыру мақсатында студенттердің стипендияларының мөлшерін (2009 жылы 25%-ға, 2010 жылы 25%-ға, 2011 жылы 30%-ға) арттыру. Стипендиялардың орташа мөлшері 2009 жылы 9375 теңгені, 2011 жылы 15 235 теңгені құрайды;

– 2009 жылдың 1 қыркүйегінен бастап ұлттық университеттегі кадрларды оқытуға арналған мемлекеттік білім беру гранттарының мөлшерін ұлғайту;

– денсаулық сақтау саласында тегін медициналық көмектің кепілді көлемін қамтамасыз етуге және кеңейтуге арналған шығыстар 2009 жылы 34 миллиард теңге, 2010 жылы 47 млрд теңге, 2011 жылы 54 млрд теңге, оның ішінде жергілікті бюджеттерге ағымдағы нысаналы трансферттерге

VII–VIII–IX қан факторларының гемофилиясымен ауыратындарды қамтамасыз етуге жыл сайын 3 млрд теңгеден астам қаржы бөлу т.б.

Экономикалық белсенділікті ынталандыру үшін мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялар сатып алуды жүзеге асыруы кезінде қазақстандық үлесті дамыту жөнінде іс-қимылдар жасауда. Әкімшілік кедергілерді азайту жөнінде жұмыстар жүргізіліп, меншікті және кәсіпорындарды тіркеудің ең жоғары мерзімі қысқартылып, құрылыс салуға рұқсат алу рәсімдері жеңілдетіліп, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге мораторий жалғасты.

Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы тапсырмаларын іске асыру мақсатында 2009 жылғы республикалық бюджет нақтыланды. Үкіметтің дағдарысқа қарсы бағдарламасының іс-шараларын, оның ішінде өндірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясы мен оны іске асыру жөніндегі «Жол картасын» жүзеге асыруға бағытталған.

«Жол картасын» қаржыландырудың жиынтық сомасы бүгінде – 191,0 млрд теңге болып отыр (оның ішінде 51,0 млрд теңгесі жергілікті бюджеттерден бірлесіп қаржыландыру есебінен).

«Жол картасы» аясында өндірлерді жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясы көзделген. Сонымен бірге Президент нұсқауына сай «Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшы» бағдарламасын қоса алғанда, 2015 жылға дейінгі индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыруды жандандыру, елдегі бизнес жағдайын жақсартуға бағытталған заңнаманы өзгерту, бюджеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қолға алынуда.

«Жол картасы» бағдарламасын жүзеге асыру барысында 2009 жылы еліміздің көлік және коммуникация саласында 55 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды. 2009 жылы 16 қарашада Ақтөбе қаласындағы Маресьев және Ливенцов көшелерінің қиылысында «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы аясында салынған, ауысымында 500 адамды қабылдайтын жаңа қалалық емхана ашылып, халыққа қызмет көрсете бастады.

2009 жылы «Жол картасы» аясында 56 спорт нысаны жөндеуден өтті. аталған бағдарлама бойынша Жамбыл облысының Айшабибі ауылында қайта жөнделген Мәдениет үйі ашылды.

2009 жылы Қарағанды облысында жөндеу жұмыстары жүргізілген 610 нысанның 419-ы пайдалануға берілді. Ал Жамбыл облысында бағдарламаның аясында жөндеу мен қайта жаңартуды қажет ететін 267 жоба толығымен жүзеге асырылуда. Елордада – «Жол картасы» жобаларын жүзеге асыруға бөлінген 10 миллиард теңгенің 75%-ы игерілді.

2009 жылғы қазанның 1-індегі деректерге қарағанда, Жол картасының 3 621 жобасы бойынша жұмыс толық аяқталды. Бұл іске асырылып жатқан барлық жобалардың шамамен 70%-ы. «Жол картасы» бағдарламасы 2010 жылы да жалғасады. 2010 жылдың 20 қаңтарында Пав-

лодар облысының Ақсу қаласында «100 мектеп, 100 ауруханa» бағдарламасы аясында салынған жаңа мектеп – энергетиктер мен металлургтер қаласындағы ең үлкен білім ошағы болып табылады. Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданына қарасты Ботакара кентінде бағдарлама аясында орталық аудандық ауруханa пайдалануға берілді.

XXI ғасырдың алғашқы он жылдығы Қазақстан экономикасына аз сынақтар әкелген жоқ. Тиімді басқару мен халықтың табанды еңбегі арқасында Қазақстан уақыт үдесінен шыға алды.

СҰРАҚТАР:

1. Ғаламдық қаржы-экономикалық дағдарыстың себептері неде?
2. Үкімет тарапынан ұсынылған ғаламдық қаржы-экономикалық дағдарысты еңсерудің тетіктері қандай?
3. «Қазына» тұрақты даму Қорын» құру мақсаты неде?
4. Қазақстанда қаржы дағдарысын еңсеру бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесі қандай?
5. «Жол картасы» бағдарламасының мазмұны мен нәтижесі қандай?

4. ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ

4.1. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты

1990 жылдардағы дағдарыс жағдайындағы әлеуметтік сала. Нарықтық қатынастарға өтудің алғашқы кезеңінде қазақ елінің басым көпшілігінің өмір сүру деңгейі нашарлап, кедейшілік белгісі біліне бастады. Кедейшілік Қазақстанда КСРО кезінде де болды. Алайда денсаулық сақтау мен білім беру тегін болғандықтан, оның ауыртпалықтары тез ұмытылды. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары кедейшілік Қазақстандағы аса маңызды мәселелердің қатарында тұрды. Табысы мен тұрмыс деңгейі әртүрлі тұрғындарға мемлекет тарапынан жасалған әлеуметтік қолдау мақсатқа жеткізе бермеді. Аздаған әлеуметтік көмек отбасы табысына айтарлықтай әсер ете алмады. Отбасына берілетін әлеуметтік жәрдем түрлерінің өзіне қатаң бақылау қойылып, мемлекет тарапынан бөлінетін қаржы жыл сайын қысқарды. Ол әлеуметтік жағ-

дайы төмен адамдар үшін ауыр тиді. Алайда тұрғындардың бәрі бірдей келейшілік жағдайда өмір сүрді деп айтуға да болмайды. Қоғамда азды-ғана ауқатты адамдар тобы қалыптасты. Олар кең пәтерлерде, өздерінің жекеменшік үйлерінде тұрды. Қымбат тағам өнімдерін пайдаланды. Кейбір еті тірі, саудаға бейім, пысық, ширақ адамдар Қытайдан, Түркиядан, Ресейден және басқа да алыс-жақын шетелдерден тауарлар әкеліп сатты. Горбачевтің «қайта құру» жылдарынан басталып, егемендіктен кейінгі алғашқы жылдары көптеген шағын кооперативтер жұмысын бастады. Олардың көпшілігі сауда-саттықпен айналысты және едәуір бөлігі белгілі бір ірі кәсіпорындардың қолеңкесінде, сондағы басшылардың ақша тауып баю құралы ретінде құрылды. Жоғары лауазымды бастықтар арасында сауда үйлерін ашқандары да кездесті. Алайда өнім өндіретін жекеменшік кәсіпорындар некен-саяқ еді.

Тұрғындардың бір бөлігін қоғамдық қорлар қамтамасыз етті. Ең төменгі қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында негізгі тауар түрлері мен қызмет көрсету салаларына дотация және бағаны бақылау сақталды. Бюджеттен қоғамдық транспортқа, нан өнімдеріне, мектепке дейінгі балалар мекемелеріне, балалар тауарларына мемлекеттен дотация бөлінді. Білім беру, денсаулық сақтау салалары халыққа тегін қызмет көрсетті.

Кеңестік кеңістікте өмір сүрген адамдардың өзіндік ерекшеліктері де бар еді. 1990 жылдың мамыр айындағы халық өмірінің бір көрінісін «Социалистік Қазақстан» газеті былай деп жазды: «Мамыр айының соңғы оңкүндігі басқа жақты қайдам, Алматыға бұрын-соңды болмаған дүрлігіс ала келді. Астананың үлкенді-кішілі дүкендеріне жөнкілген адам тасқынында есеп болмады. Бұрын сөмкелеп, дорбалап таситын жұрт енді арбалап, «Волгалап» әкетіп жатты».

Аласапыран сыры мынада еді: сол кезде мал және ұн өнімдерін шамамен үш еседей, қалғанын бір жарым-екі есе қымбаттату жөнінде үкіметтің өкіметке ұсынысы жария болды. Мамырдың 25-іне қарай бұл «шапқыншылық» шарықтау шегіне жетті. Жұрт көзіне көрінгенді қапшықпен, қораппен көтеріп кете бастады. Түз екеш түзды – қабымен арқалап кеткендер болды. Бұл көрініс біздің онсыз да қымбатшылықтың азабын арқалаған, тапшылықтың талайын көрген жұртымыздың ертеңгі күнге сенімсіздігін білдіруімен бірге, арандарының да ашыла түскенін айғақтайды.

Алматы дүкендеріндегі аласапыран кезіндегі қалалық сауда басқармасының мәліметтеріне қарасақ, бұрын қала бойынша бір күнде 63,1 тонна ұн сатылса, мамыр айының 25-і күні 223,7 тонна, яғни төрт есеге жуық көп ұн сатылған. Күріш бұрын күн сайын 11,8 тонна сатылса, осы күні 161 тонна сатылған. Қант пен макарон бұрынғыдан үш есе, өсімдік майы алты есе көп сатылған. Өнеркәсіп өнімдерінен мақта-мата өнімдері, ішкиім, сейсеп, көйлек-көншек, аяқ киім бұрынғысынан анағұрлым көп сатылғаны анықталды.

Мыналай аласапыраннан кейін үкімет өзінің ұсынған бағдарламасын қайта сараптан өткізу үшін қайтып алды. Мамыр айының соңына

қарай халықтың дүкендерге ағылуы саябырлады. Алайда дүкендер сенбі-жексенбі күндері жұмыс істемейтін болды. Аса үлкен азық-түлік дүкендерінің сүт, нан, тұз, сіріңке сияқты халыққа қажет өнімдер сататын бөлімдері ғана жұмыс істеді. Оның себебін Алматы қалалық сауда басқармасы былайша түсіндірген: сенбі-жексенбі күндеріндегі дүрлігіс барысында астанадағы ірі-ірі дүкендердің алдына бақылау қойылған. Сонда заттарды тасып жатқан машиналардың 70%-ы сырттан келгенін байқаған. Алматы қалалық атқару комитеті сенбі-жексенбі күндері дүкендерді сырт жақтан келген «шапқыншылықтан» сақтап қалу үшін осындай шешімге келген.

Астанадағы ахуал өлгіндей болғанда, аймақтардағы жағдай тіпті ушығып кетті. Орталық Қазақстан өңіріндегі Мәскеуге бағынатын кәсіпорындарда өлеуметтік ахуал шиеленісті. Халық ресми билікке ереуілге шығу арқылы наразылықтарын білдіріп жатты. 1989 жылы жазда Қарағандыда бағаның өсуі мен түрмыстың қымбатшылығына қатысты кеншілер ереуілі болды. Осы жылдары елде ереуіл комитеті немесе жәрдем сұрап баратын бірде-бір орган болмады. Қарағанды қаласында 1990 жылы 1маусым – Балаларды қорғау күні №157 «Нептун» балалар бақшасының ұжымы ереуіл жасамақ болып шешті. Бұл кеншілер қаласын ерекше еленделтеген жағдай еді. Балалар бақшасы ұжымы кадр және қаржы-шаруашылық істерін шешуде толық дербестік берілуін талап етті. Қалалық атқару комитетінің «Балалар бақшасының қызметкерлері күніне 13 сағат жұмыс істесін» деген шешімі де балабақша қызметкерлерінің наразылығын туғызды. 1991 жылы 10 желтоқсанда Қарағанды кеншілері тағы да ереуілге шықты. 22 баптан тұратын талаптары орындалмағанына наразы болған кеншілер жұмысты біржолата тоқтатты.

1989 жылғы мәлімет бойынша, Қазақстан бұрынғы КСРО-да кедейшілік жағынан Тәжікстан (51,2%), Өзбекстан (43,6%), Түрікменстан (35%), Әзербайжан (33,6%), Қырғызстаннан (32,9%) кейін 6 орында, айлық табысы 75 сомнан кем халық 15,5% құрады. 1990 жылдары жұмысшы жастардың еңбекақысы да төмен деңгейде болды. Мысалы: 159 жұмысшының бесеуінің айлық еңбекақысы 100 сомнан төмен, 67-сі – 150, 55-сі – 100 сом алса, 32-сінің ғана айлығы 250 сомнан асқан. Ал №17 құрылыс-монтаж басқармасындағы жұмысшылардың орташа айлығы – 259, инженер-техник қызметкерлерді – 317 және 398 сомды құрады.

1992 жылдың басынан республиканың экономикалық жағдайы нашарлап, мемлекеттік еңбекпен қамту мекемелеріне 70,5 мың жұмыссыз адам тіркелді. Олардың қатарында 29 жасқа дейінгі жастар басым болды. Еңбек нарығына өндірістің құлдырауы қатты әсер етіп, өтініш берушілер саны күн санап өсе берді. 1992 жылдың соңында материалдық-техникалық қорлардың жетіспеуіне байланысты 138 мың адам жұмыс істейтін 160 кәсіпорын өндірісі толық немесе ішінара тоқтады. 40 кәсіпорын толық емес жұмыс уақытына көшті. 43 мыңнан астам

жұмыссыз амалсыз еңбек демалысына шықты. Штаттың қысқаруына байланысты жұмысын жоғалтушы адамдардың қатары көбейді. 1993 жылы республикада 9,3 млн еңбекке жарамды адам болды, ол халық санының 55%-ы еді. Оның 5,8 миллионы қалалық жерлерде тұрды. Республика халық шаруашылығында жұмыс істейтін 7,5 млн адамның 5,3 миллионы материалдық өндіріс саласында, 2,2 миллион адам өндірістік емес салаларда жұмыс істеді. Мемлекеттік секторда еңбек ететіндердің саны 6,0 миллион болды және кооперативтік секторда 184,6 мың, жеке шаруашылықтарда 93,8 мың адам жұмыс істеді. Жыл сайын мемлекеттік секторда еңбек етушілер қатары сиреп, 1990–1991 жылдары 52 мың адамға қысқарды. Еңбек ресурсының жалпы есебі бойынша 851, 6 мың адам үй шаруашылығымен айналысты. Тұтас алғанда, мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру үдерісіне байланысты жұмыссыздар қатары өсіп, қоғамдағы әлеуметтік жағдай шиеленісе түсті.

90-жылдардың басында қоғамымызда азаматтардың еңбек жағдайы қиын халде еді. Әсіресе, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісіндегі хал-ахуал сын көтермеді. Толық емес мәліметтер бойынша, материалдық игілік өндіру саласындағы төртінші-бесінші қызметкер зиянды еңбек жағдайында жұмыс істеді. Тау-кен, металлургия, химия өнеркәсібіндегі әрбір үшінші, көптеген жағдайда әрбір екінші адамның жұмыс орнындағы еңбек жағдайы санитарлық және экологиялық нормаларға сәйкес келмеді. Еңбек қауіпсіздігінің талаптарына толық жауап бермеді.

БҰҰ-ның Даму бағдарламасы 1991 жылғы есебі бойынша Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстандағы адам даму индексінің көрсеткіштері төмен құлдырады. Оның 84%-ы экономикалық құлдыраудан, 13%-ы адам жасы ұзақтығының қысқаруынан және 3%-ы білім беру сапасының төмендеуінен болды.

Нарықтық қатынастар экономикада қалыптасқан осал тұстарды тезақ сезді. Төлемдегі іркілістер, материалдық ресурстардың жетіспеушілігі, дайын өнімдерді өткізудегі қиыншылықтар, энергия қуаттары мен отын, жанар-жағармай бағасының күрт өсуі, т.т көптеген кәсіпорындарға ауыр соққы болып тиді. Кейбір жерлерде жұмыс тоқтады. Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеттің деректеріне қарағанда – 1993 жылдың 1 қазанына дейін құрамында барлығы 114 мың жұмысшысы бар 130 кәсіпорын өндірісті жартылай немесе толық тоқтатуға мәжбүр болды. Сондай-ақ, 42 ұжым толық жұмыс уақытын сақтамайтын еңбек тәртібіне көшті. Өскемендегі жібек мата комбинаты мен Қарағандыдағы №1 машина жасау зауыты өндірісті тоқтатты. Ал Ақтөбедегі «Прогресс», «Ақтөберентген» өндірістік бірлестіктері мен ферроқорытпа зауыты, Атыраудағы химия зауыты, Жамбылдағы «Химөнеркәсіп», Қарағандыдағы «Карбид» өндірістік бірлестіктері және басқалар лажсыздан өндірісті ішінара тоқтата тұру туралы шешім қабылдады. Мұның бәрі жұмыссыздар санын еселей түсті. 1993 жылы алдыңғы 1992 жылмен салыстырғанда жалақысы сақталмайтын немесе белгілі бір мөлшерде

ғана сақталатын шартпен еріксіз еңбек демалысына шығарылған жұмысшылардың саны 60%-ға артып кетті. 4 мыңға жуық адам түрлі себептермен жұмыс орындарынан біржола босатылды. Мемлекеттік статистика және талдау орындары жүргізген зерттеу жұмысының нәтижесінде республикамыздың тек 8 облысы мен Алматы қаласында ғана өндірістің тоқтатылуына байланысты 78 өнеркәсіп орны мен 13 құрылыс ұйымында жарты миллионнан астам адам-күні жоғалтылғаны анықталды.

Жоғалған адам-күні өз кезегінде қаржы мәселесіне де кері әсерін тигізді. Мысалы, бір ғана Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Фосфор» өндірістік бірлестігінде әртүрлі себептермен пайдаланылмаған 109 адам-күні кәсіпорын үшін 23 миллиард сомның өнімін кем берумен бірдей екені есептелді. Мұндай жағдай «Шымкентшина» өндірістік бірлестігіне де тән: оңдағылар материалдық ресурстардың жетімсіздігі салдарынан 106 мың адам-күнін тәкке ысырап етіп, 6,2 миллиард сомның өнімінен айрылып қалды.Республика бойынша жан басына келетін жалпы қосылған құнның (ЖҚҚ) орта мөлшері 1993 жылы 1628,5 теңгені құрады.

1991–1995 жылдары экономика салаларындағы жалпы еңбекпен қамтамасыз етілгендердің жылдық көрсеткіші 3,7%-ға төмендеді. Ал 1993–1996 жылдары жан басына шаққанда ЖҚҚ деңгейі төмен болып келетін үш облыстың (Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстарының) үлесіне ЖҚҚ республикалық көлемінің 14%-ы ғана келді. 1996 жылы ЖҚҚ жан басына келетін орташа республикалық көрсеткішінен жоғары деңгейде Атырау, Маңғыстау, Павлодар, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстары, Ақмола және Алматы қалалары болды. 1995–1996 жылдары ауыл отбасыларының табыс көрсеткіштері қала отбасыларынан 2,4 есе, ал 1997 жылы 2,3 есе төмен болды. Ауылдағылардың негізгі жұмыс орнынан алатын еңбек табысының 1995 жылғы әр айлағы деңгейі 571 теңге (табыстың жалпы мөлшерінің 57,7%), 1996 жылы – 806 теңге (56%), 1997 жылы IV тоқсанда – 1213 теңге (61,7%) болған. Қаладағы отбасыларында әр 100 адамның 80%-ы табыс тапса, ауылды жерлерде 70%-ды құраған.

Нарыққа өту, есепке алу мен реттеуге көнбейтін қалыптасқан дәстүрден тыскары еңбектің («шелноктар», патентсіз сауда жасау, т.б.) және көленкелі нарықтың кеңеюі сияқты келеңсіз құбылыстардың пайда болуымен қатар жүрді. Нарықтық экономика жабайы түрде қалыптаса бастаған сол жылдары Қазақстанда қылмыстық, рэкеттік топтар алғаш көзге түсті. Алматы ұйымдасқан қылмыстық топтар ұясына айналды. Оған банк жүйесі мен шағын және жеке кәсіпкерліктің дамуы, жеке капиталдың шоғырлануы, шетелдік азаматтар мен кәсіпкерлердің, әсіресе қытайлық азаматтардың, мыңдаған мигранттардың ағылып келуі, жастар арасындағы жұмыссыздық, көленкелі бизнес, контрабандалық тауарлар, есірткі айналымы торабының болуы басты себептерді айқындай түсті. Қылмыстық топтар базарларды, ойын-сауық орындарын, автотұрақтарды, шекарадағы контрабандалық тауарлар мен спирттік өнімдерді, автокөліктерді жеткізу мен алып-сатуды да бақылады. Жеке мүдде негізгі назарда тұрды.

Барлық учаскелерде де қаражат зорулігі катты сезілді. Зейнетақы, жәрдемақы мен жалақы төлемсіздігі созылмалы сипат алды. Азық-түлік пен өндірістік тұтыну заттары заттай төлем мен айырбас арқылы алынды. Ол жаппай белең алды. БҰҰ ДБ есебі бойынша АДИ көрсеткіші 0,5 болса, онда ол әлеуметтік-экономикалық дамуы төмен елдер қатарына жатқызылады. Оған Африканың экватор бойындағы елдері, кішігірім аралдардағы мемлекеттер, Пәкістан және Үндістан жатады. Ал АДИ деңгейі 0,5–0,799 аралығында болса, олар дамудың орта дәрежесіндегі елдерге жатады. АДИ 0,8 және одан жоғары болса, олар индустриясы дамыған, сондай-ақ табиғи қазынасы бай мемлекеттерге енеді. Мысалы, мұнай экспорттаушы елдер. 1990 жылдардың аяғына таман АДИ көрсеткіші жақсара бастағаны байқалды. БҰҰ ДБ есебі бойынша 1996 жылы Қазақстанда АДИ 0,7 құраған, ал бұл көрсеткіштер Атырау облысында – 0,813, Маңғыстауда – 0,835, Алматыда – 0,844-ке жеткен.

1998 жылдың бірінші жартысында 1997 жылдың бірінші жартысымен салыстырғанда жұмыс жасайтын адамдар саны кемігені байқалды. Ол, өсіресе, Солтүстік Қазақстан облысында (15,8%), Батыс Қазақстанда (15,1%), Ақмола (14,5%), Павлодар (14,1%), Жамбыл (11,0%), Қостанай (10,1%) облыстарында орын алды. Жұмыс істеушілер саны ауыл шаруашылығы, аң аулау және орман шаруашылығы (21,2%), сауда, автомобиль және үй шаруашылығында пайдаланатын бұйымдарды жөндеу (8,6%), көлік және байланыс (6,1%), өнеркәсіп (7,0%) сияқты экономикалық қызмет түрлерінде азайды. 1998 жылы шілде айының соңында ресми тіркелген жұмыссыздар саны 268,8 мың адам болған. Ресми тіркелген жұмыссыздардың тек 61%-ы ғана жәрдемақы алды, оның 37%-ы ауыл тұрғындары. Жамбыл облысының еңбек нарығында да күрделі жағдай қалыптасты. Жұмыс іздегендердің 5,7%-ы ғана жұмысқа орналастырылды. Батыс Қазақстанда – 10,5%, Қызылордада – 13,0%, Алматыда – 19,9%, Оңтүстік Қазақстан облысында – 20,0% адам жұмысқа орналасты.

Республика бойынша жұмыссыздық үшін төленетін жәрдемақының 1998 жылғы шілдедегі орташа көлемі 2744 теңге немесе ең төменгі күнкөріс деңгейінен 1,4 есе төмен болған. Жасырын есепте жоқ жұмыссыздық жоғары деңгейде қалды. 1998 жылдың 1 тамызындағы мәлімет бойынша 303 кәсіпорын толық емес жұмыс күніне көшіп, 584 кәсіпорынның жұмысы тоқтап тұрды. 1998 жылы маусым айында Алматы, Ақтөбе, Қарағанды Қызылорда және Маңғыстау облыстарынан басқа облыстарда орташа номиналды жалақының өскендігі байқалды. Батыс Қазақстанда (11,8%), Қостанайда (9,5%), Ақмолада (8,4%), Солтүстік Қазақстан облысында (8,3%) өсті.

1990 жылдардың басындағы нарыққа өту кезеңі өзінің күрделілігімен тан қалдырады. Әуелде кеңестік империяның шалғайдағы, артта қалған өңірі болған Қазақстанның бір шаруашылық жүйесінен екіншісіне өтуі аса үлкен қиыншылықтармен жүрді. Халықтың төзімділігі, аз нәрсеге қанағат ететін тәубешілдігі, тоталитарлық кезеңде жоқшылыққа үйрену ұстанымдары нарыққа өту кезеңінде ішкі қарулы қақтығыстарға,

азамат соғысына жол бермеді. Бұған, сөз жоқ, тарих пен дәстүрге, достық қарым-қатынасқа алалдық оң әсерін тигізді. Бірлік пен береке, берік дәстүр де ұнамды сипат берді.

Кеңестік империяның құрамында болған республикалардың экономикалық жағдайы да, нарыққа өту мүмкіндіктері мен жоспарлары да біркелкі болған жоқ. Қазақстан шаруашылық жағынан Ресейге бағынышты болғандықтан, нарыққа өтудің тез және ауыр жолын таңдауға мәжбүр болды. Қалыптасқан нарықтық инфрақұрылымы жоқ елдің халық шаруашылығын басқару оңай іс емес еді. Оның негізгі тетігі қаржы-несие жүйесі де ол кезеңде орнығып үлгерген жоқ болатын. Сол себепті, 90-жылдардың басы экономикалық коллапс немесе агония ұғымына сәйкес келеді. Дегенмен, қанша қиыншылықтар болғанымен нарықтық қатынастарға өтудің басқа жолы болған жоқ. Экономиканы тығырықтан ұлттық мүддені ескере отырып жасаған жүйелі реформалар ғана алып шығуы мүмкін еді.

ТМД-ға мүше мемлекеттердің қалыптасуының бастапқы кезеңінде өз міндеттерін нақты орындамауы жағдайды ушықтыра түсті. Достастықтың өз ішіндегі келісімдердің орындалмауы еліміздің қоғам өміріне, даму сапасына кері әсер етті. Еркін экономика қалыптастыру мен нығайту ісінде көсіби мамандар тапшылығы сезілді. Дұрыс шешімін таппаған экономика терең дағдарысқа ұшырады. Инфляция шарықтады. Банк жүйесінің кембағалдығы сауданы тұқыртып, төлем тапсырымдарын орындау айларға созылып кетті. Посткеңестік аумақты жайлаған саяси дағдарыс, біртұтас шаруашылық жүйесінің ыдырауы, жоспарлы экономиканың тұралауы ел басшыларын тіршіліктің жаңа жолдарын іздеуге мәжбүрледі. Бұл – жол әлем халықтарының бірнеше жүз жылғы тәжірибесімен қалыптасқан нарық жолы болатын.

Мемлекет тарапынан әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асырудың материалдық және қаржылық негізін жасайтын экономикалық реформалар қолға алынды. Кеңестік кезеңнен кейінгі барлық республикалардағыдай Қазақстанға да тәжірибе мен теориялық негіздің болмауы тән болды. Сондықтан 90-жылдардың басында әлеуметтік саясатта патерналистік сақталды. Көптеген түйінді мәселелерді шешу азаматтардың өз иығына түсті. Қазақ КСР-і 1991 жылы «Еңбек саласындағы мемлекеттік әлеуметтік кепілдік және жалақының ең төменгі мөлшері туралы» заң қабылдады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, КСРО халық депутаты Н.Ә. Назарбаев халықпен арнайы кездесулер өткізіп, БАҚ беттерінде елдегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді түсіндірді. Елді тоқырау кезеңі қандай қиындыққа әкеп тірегенін, қайта құрудың қандай ғаламдық шараларды қажет ететінін айтып, өз ойымен бөлісіп отырды. Халықтың алдыңғы кезеңде қалыптасқан психологиясын өзгертуге ұмтылды. 1990 жылдың қаңтар айында Алматы мақта-мата комбинатының Мәдениет сарайында жастармен болған кездесуде: «Батыстың тең праволы әріптестері болудан үмітіміз бар екен, онда батысша жұмыс істеу ке-

рек. Ал Батыста, өздеріңіз білесіздер, жұмыс істей біледі. Бір ғажабы, біз қай жерде болмасақ та, қандай фирмалардың кәсіпорындарында болмасақ та барлық жерде жұмысқа жастар, жігерлі, тапқыр адамдар серпін беруде», – деп айта келе, бізде жастардың мұндай іскер құлшысының онша сезілмейтінін сынға алды. Кеңестік кезеңнен қалған мұндай енжарлыққа тоқырау заманында, ол туғызған кежегесі кері кетушілікті де кінолауға болатынын, бірақ қазір мәселе кінолілерді іздеу емес, жағдайды түзеу екенін баса айтты. Ол жылдардағы басты мақсат – қайта құрудың тежеліп қалуына жол бермеу болатын. Өйткені, кез келген аялдаудың өзі елеулі қоғамдық қайшылықтар туғызып, кеңестік қатаң диктатураға қайта оралу қаупін төндірді. Елімізде соғыс пен күйзеліс заманындағыдай көдімгідей ашаршылық пен жүдеп-жадаушылық қатері төнді. Осындай дағдарысты кезеңде мемлекет Қазақстан Республикасы тұрғындарын әлеуметтік жағынан қолдау шараларын іздестіріп, осы саладағы дағдарыстан шығудың жолдары мен нақты бағдарламаларын ұсынды. Ол бірнеше кезеңдермен жүзеге асырылды.

1991–1994 жылдарды қамтитын бірінші кезең – егеменді еліміздің алғашқы қадамдары, өндірістің жаппай құлдырау кезі. Елдегі экономикалық дағдарыс, бағаны еркіне (либерализация) жіберуге, ақшаның құнсыздануына (инфляция), тұрғындардың әлеуметтік жағдайының төмендеуіне алып келді. 1991 жылға дейін қабылданған нормативтік-құқықтық акт ең төменгі жалақы көлемін анықтады. Бала туғанға дейінгі демалыс және баланы күту демалысы жеңілдігі, мемлекеттік кәсіпорындардың әлеуметтік жеңілдігі және басқа да келелі әлеуметтік мәселелер реттелді. 1991 жылы қабылданған Заңдық акт қалыптасқан жаңа жағдайға бейімделді. 1991 жылы – «Халықты жұмыспен қамту туралы» («О занятости населения») Заң қабылданды.

Қалыптасып отырған ахуал еңбекті қорғаудың жаңа механизмін құруды қажет етті. 1992 жылы 4 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Көп балалы отбасыларын әлеуметтік жағынан қолдау жөніндегі шаралар туралы», 1993 жылы 12 қаңтарда дағдарысқа қарсы әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдету мақсатында «Қазақстан Республикасының Экономикалық өзгерістер ұлттық кеңесін құру туралы» жарлықтарға қол қойды. Еңбекті қорғаудың құқықтық негізі Қазақстан Республикасының «Еңбекті қорғау туралы» Заңы болып табылады.

«Еңбекті қорғау туралы» Заңы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 22 қаңтардағы Қаулысымен күшіне енді. 1994 жылы желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президенті әлеуметтік-экономикалық, еңбек қатынастары саласында әлеуметтік серіктестікке қатысты үш тарапты мемлекеттік комиссия құру туралы қаулыға қол қойды. Бұл қаулы әлеуметтік саладағы үштарапты қатынастардың дамуына жол ашты. 1995 жылдың 1 қазанынан бастап жәрдемақы көлемі ең төменгі жалақы мөлшерімен анықталатын болды. Штаттың қысқаруына орай жұмыстан босағандарға үш ең төменгі жалақы көлемінде

жәрдемақы берілді. Жұмыссыздыққа байланысты жәрдемақыны арнаулы әлеуметтік қорғау орындарына тіркелген адамдар ғана иеленді. Ауыл шаруашылығы мен материалдық емес өнеркәсіп саласының жұмыссыздары екі ең төменгі жалақы көлемінде жәрдемақы алды. Жоғары оқу орындарын бітірген жас мамандар, бала күтіміне байланысты демалыстан кейін жұмысқа шыққан әйелдер төменгі жалақы көлемінде жәрдемақы алды.

Алға қойған экономикалық мақсаттарға жету үшін тиісті бюджеттік, салықтық, қаржы-несиелік және әлеуметтік саясатты жүзеге асыру басталды. Осыған орай, макроэкономикалық тұрақтылыққа жету және шектен тыс инфляцияны тежеуге бағытталған монетарлық стратегияны жүзеге асыру қажеттілігі артты. Қазақстан 1993 жылға дейін Ресей сомасын (рубль) пайдаланды. Қазақстанның өндірістік және қаржы жүйесі 1993 жылдың қараша айында төл теңгемізге көшкенге дейін Ресейге тәуелді жағдайда болды. Қазақстанның бұрынғы одақтың бірыңғай ақша, қаржы және экономикалық жүйесінде қалып қоюы нарықтық қатынасқа көшуді күрделендірді. Сонымен бірге, сомдық аймақта болудың үзап кетуі – Қазақстан үшін қаржылық қорлардың құнын анағұрлым өсірді және республика кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін төмендетті. Сол жылдары Қазақстан мен оның басшылығы атына көптеген шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары тарапынан сенімсіздік білдірген және көңілге күмән ұялатқан сын-пікірлер де айтылды. Мәселен, Ресейдің тәуелсіз басылымдары беттерінде Жириновский, Солженицындер: «Қазақстан – уақытша құбылыс, ол тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүре алмайды», – деп сөуегейлік танытса, жаңа либерал саясатшы-экономистер: «Қазақстан Ресей Федерациясымен байланысын жоғалтып, банкротқа ұшырайды да, Ресейге тізерлеп өзі-ақ келеді», – деп өздерінше болжам жасады. Қазақстан үкіметі 1992–1994 жылдары кездескен қиындықтарға қарамастан, экономиканы ырықтандыруға, нарықтық қатынастардың заңдық және институттық базасын жасауға, нарықты тұтыну тауарларымен толтыруға ұмтылды. Ұлттық теңгенің енгізілуі 1994 жылы-ақ гиперинфляцияны бәсеңдетуге, ал 1995 жылы оны екі таңбалы көлемге дейін түсіріп, инфляция үдерісін ауыздықтауға мүмкіндік берді. Сыртқы саудадағы шектеулердің көпшілігін алып тастаудың нәтижесінде Қазақстаннан активтер шығарыла бастады.

Республика бойынша реформаның алғашқы кезеңінің нәтижесі нарыққа өтудің қысқа мерзімді іс емес екенін көрсетті. Керісінше, бүкіл әлеуметтік-экономикалық жүйені қайта құрудың күрделі, кезеңдік, ұзақ уақытқа белгіленген үдеріс екендігін көрсетті. Қазақстандағы реформа экономика көрсеткіштерінің, шаруашылық әдістерінің ілгерілеуін ғана емес, сондай-ақ қоғамның даму үлгісінің, оның әлеуметтік, құндылықты бағыттарының алмасуын айқындады. Қазақстан Ресейдің ізімен нарыққа жеделдетіп өтудің монетарлық үлгісін таңдауға мәжбүр болды. Бұл жоба батыс өмірінен алынғандықтан, Қазақстанның даму ерекшеліктеріне онша сәйкес келмеді. Нәтижесінде, нарықтық эконо-

миканы дамытудың стандартты жолы бағаны ырықтандыруға және қаржы-несиелік саясатты шектеуге қабілеті жетпеді. Ұлттық өндіріс дамымағандықтан баға тез көтеріліп, қаржы дағдарысы қайта орнықты. Қазақстандық кәсіпорындардың өнімдеріне, алдымен ауыр өнеркәсіп өнімдеріне сұраныс күрт төмендеді. Өнімге сұраныс болмауы себепті экономикадағы құлдырау 1995 жылға дейін созылды. Экономиканы жандандыру үшін, түбегейлі нақты шешімдер қабылдау қажет болды.

Екінші кезең 1995–2000 жылдар аралығын қамтыды. 1995 жылы еліміздің жаңа Конституциясы қабылданды. Онда Қазақстан өзін әлеуметтік мемлекет деп бекітті. Мемлекет тұрғындарды әлеуметтік қорғау, яғни еңбекке жарамды, өздігімен қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын адамдарға жағдай жасау секілді өзге де әлеуметтік саясат тетіктерін қарастыра бастады.

Қазақстанда 1996 жылдың соңына қарай 391,7 мың жұмыссыз тіркелді. Оның 41%-ын (161, 5 мың адам) 16 мен 29 жас аралығындағы тұрғындар, 60% (235 мың) әйелдер құрады. Республикадағы халықтың 44%-ын ауыл тұрғындары құраса, жалпы жұмыссыздардың 43,6%-ы, яғни 170,8 мыңы солардың үлесіне тиісті. Жұмыссыздықтың ең жоғарғы деңгейі 1992 жылы (48%) байқалды. 1991–1996 жылдары ауылдағы жұмысқа жарамды тұрғындардың 22%-ы ғана еңбекпен қамтылды, жұмыссыздық 40–48%-ды құрады. Бұдан экономиканы қайта құру шараларының ауылдық жерлерде тұратын адамдардың өміріне айтарлықтай әсері болмағаны байқалады. Қиын да күрделі кезең алыс-жақынға да, үлкен-кішіге де әсер етті.

Жоспарлы экономиканы нарықтық қатынастарға көшіруде республиканың ауыл шаруашылығы ең консервативті әрі күрделі сала болып табылды. Ауыл шаруашылығын қайта құрудағы басты мәселе өндірістің биологиялық циклінде болатын, дәстүрлі қалыптасқан сала жаңа жағдайға тез бейімделе алмады. Үкімет ауыл шаруашылығы қорын дайындық шараларынсыз, жедел, алдын-ала бағасын белгілемей (әсіресе жерді) кадрлар дайындап алмай, құқықтық негізін қамтамасыз етпей жүргізуінің де кері әсері болды. Елді осындай дағдарысты жағдайдан алып шығатын Үкіметтің әлеуметтік салалағы ауқымды шараларының бірі – шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау саясаты еді. Осы мақсатта Үкімет әлеуметтік-экономикалық және құқықтық шараларды жүзеге асырды.

Қазақстанға мамандықсыз жұмысшылар мен шетел жұмысшы күшін тартуды шектеу және қатаң бақылау қою белгіленді. Қазақстан 1996 жылы Халықаралық еңбекті ұйымдастырудың №148 «Еңбекшілерді жұмыс орындарындағы ауаның ластануы, шуыл және вибрациядан болатын кәсіптік қатерден қорғау туралы» және № 155 «Өндірістік ортадағы қауіпсіздік пен еңбек гигиенасы туралы» конвенциясын мақұлдады.

Кез келген нарықтық экономика түбегейлі үш ұстанымға негізделеді: экономикалық еркіндік, экономикалық шарттық қатынастар және меншік. Біздің елдегі сияқты нарықтық жүйені жаңадан құрып,

қалыптастырған кезде аталған үш элемент экономикалық реформаның басты бағыттары ретінде қаралуы және негізгі ұстаным болуы тиіс еді. Экономикалық еркіндік әркімнің сауда жасауға, тапқан табысын жинақтауға немесе өз қалауымен жұмсауға еркіндік құқығын береді. Өтпелі кезеңде экономикалық еркіндік ұстанышын енгізуге ұмтылыс жасалды. Алайда нарықтық экономикадан бейхабар тұрғындарға ол оңай болмады. Қазақстандағы өзгерту үлерісі экономиканың бір баспалдағынан екіншісіне көшуге байланысты емес, бір экономикалық жүйенің түбегейлі өзге екінші жүйемен алмасуына байланысты еді. Ол тарихта бұрын болған өтпелі кезеңнің ешқайсысына да ұқсамады. Тіпті, бұрынғы социалистік лагерьлердің, оның ішінде шығыс Еуропалық елдердегі өтпелі кезеңнен де бөлек болатын. Сондықтан ала қоятын дайын үлгі де болмады. Жетпіс жыл бойы шаруашылықтың нарықтық тәсілінің бәрінен бас тартқызылған Қазақстан халқы «феодализмнен капитализмді аттап өтіп, социалистік жүйеге бірден өткенін» мақтан тұтатын, нарықтық экономикадан бейхабар еді. Сондықтан Қазақстанның алдында нарықтық экономиканы жаңартудың міндеті тұрған жоқ еді. Бәрін тыңнан бастау, жаңаша ұйымдастыру қажет болды. Жаңа бағыт, көзқарастың қажеттілігі туды.

Жоспарлы экономиканың жарлықпен алып тастауға болмайтын өлістері мен тетіктерін ұзақ уақыт бойы өзгертуге тура келді. Нарықтық экономика тетіктері баяу, әрі ұзақ уақыт қалыптасып бекитіндіктен де халықтың көпшілігі нарыққа бағдарланған реформаны, әсіресе оның өндірістің кемуі, инфляцияның өсуі, жұмыссыздықтың көбеюі, тұрғындардың нақты өмір деңгейінің төмендеуі сияқты қашып құтыла алмайтын салдарларын саналы түрде қабылдауға дайын болмады. Кеңестерден кейінгі өтпелі кезеңнің, социализмнен капитализмге көшудің ешбір теориясы болмаған елде халықтың қолдауынсыз, тым болмаса оның көпшілігінің үнсіз келісімінсіз реформаны түбегейлі жүзеге асыру қиынға соқты. Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық дағдарыс және экологиялық мәселелер ушығып, реформаны олан әрі күрделендірді, оған айрықша сипат берді. Оны оңды шешудің жолдары да қарастырылды.

2000 жыл – республиканың экономикалық тұрақты дамуға бетбұрыс жылы, яғни әлеуметтік реформаларды іске асыруға қолайлы жағдайдың туған кезеңі болып табылады.

2000 жылдардағы әлеуметтік саланың дамуы. 2001–2007 жылдары әлеуметтік саясат тұрақты экономикалық өсу жағдайында жүргізілді. Алдыңғы кезеңдерде экономикада өндірістің төмендеуі, ақшаның құнсыздануы сияқты дағдарыс белгілері білініп, сапалы әлеуметтік саясат жүргізуге қолайлы жағдай болмаған еді. 2001 жылдан әлеуметтік саясат қарқынды жүргізіле бастады. Зейнеткерлерге, ҰОС мен еңбек ардагерлеріне, көп балалы аналарға, толық емес отбасына, жағдайы төмен тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету басты мақсат болды. Елдегі инфляция көлемі 1992 жылғы үш мың алпыс бір пайыздың орнына жеті пайыздан төмен мөлшерге түсті. Экономиканың осылайша

өркендеуінің нәтижесінде еліміз жыл сайын өз азаматтарының зейнетақысы мен жалақысының мөлшерін өсіре бастады. Алдағы он жылда елімізде кедейшілікті тықсырып, орта таптың басым түсуін қамтамасыз ету мақсат етілді. Бұл бағытта батыл қадамдар жасалды.

2002 жылдан елімізде «Мемлекеттің атаулы әлеуметтік көмегі туралы» Заңы енгізілді. Қазіргі күні мемлекет өзінің әлеуметтік саясатын білім беру, денсаулық сақтау, тұрғындарды әлеуметтік қорғауға бөлінетін қаржыны молайтуға бағыттап отыр. 2002 жылы 15 жас және жасы одан жоғары экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың саны 7,4 млн адам болды. Бұл өткен жылғыдан 10,7 мың адамға (0,2%) көп. Жалдамалы қызметкерлердің саны 4 млн адам немесе экономикада жұмыспен қамтылғандардың 60% және өткен жылға қарағанда 167 мың адамға (4,3%-ға) артты. Олардың мемлекеттік және беймемлекеттік ұйымдарда – 3,3 млн-ы, жеке тұлғаларда – 0,5 млн-ы, шаруа (фермер) қожалықтарында – 0,3 млн-ы жұмыспен қамтылған. Жұмыссыздар саны 690,7 мың адам болды немесе өткен жылғыдан 89,6 мың адам (11,5%) аз. Жұмыссыздық деңгейі 2001 жылы – 10,4% құрады.

Республикадағы жұмыссыздық мәселесін шешуге бағытталған Үкіметтің 2000–2002 жылдары кедейшілік пен жұмыссыздықпен күрес бағдарламасы жасалды. Бағдарламада 2002 жылға қарай жұмыссыздық деңгейін 9%-ға қысқарту мақсатында 400 мың жаңа жұмыс орындарын ашу белгіленді. Сондай-ақ, ең аз дегенде отбасындағы бір адамды еңбекпен қамтамасыз ету мақсат етілді. Осындай бағдарлама әр аймақ бойынша жасалып түрлі елді мекендегі әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың картасы өзірленді.

Республика бойынша 2000 жылдың басынан осы категориядағы адамдарға 8,8 млрд теңге бөлінді, оның 6,4 млрд теңгесі мемлекеттік бюджеттен, 2,4 млрд теңге қайырымдылық қорлар мен басқа бюджеттен тыс мекемелерден аударылды. Тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз етуде Алматы қаласы, Алматы, Ақтөбе облыстарының көрсеткіштері жоғары болды.

Жұмыс орындарын құруда әлеуметтік жағдайы төмен тұрғындарды қолдау ісінде аймақтық қорлар белсенді жұмыс жасады. 2000 жылы қорлар 303,4 млн теңге көлемінде 9863 шағын несие бөлді. Тұрақты мекен-жайы жоқ адамдарға да әлеуметтік қолдау шаралары қолданылды. 2000 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Тұрақты мекен-жайы жоқ адамдарға әлеуметтік оңалту орталықтарын құру туралы» №408 қаулысына сәйкес республикада 20 орталық құрылды.

2000 жылдан кейін республиканың көптеген аймақтарында біртіндеп жұмыссыздық деңгейінің төмендегені байқалды. Мәселен, Атырау облысындағы жұмыссыздық деңгейі 2000 жылы 15,5%, 2003 жылдың қорытындысы бойынша 9,4%-ға дейін төмендеді. Қызылорда облысында 2000 жылы 14,5%, 2003 жылы 10,8%, Жамбыл облысында 2000 жылы 14,4%, 2003 жылы 10,7% төмендеген. Жұмыссыздықтың ең төменгі деңгейі Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарында (7,6%) байқалды. Жұмысқа

орналастырылғандардың жоғары деңгейі – Алматы қаласы мен Ақтөбе, Қарағанды облыстарында, жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға тартудың жоғарғы көрсеткіші – Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облыстары мен Алматы қаласында байқалды. Оқуға тартылған жұмыссыздардың ең көп саны – Қарағанды облысында 4,8 мың адам, Алматы облысында 4,0 мың адам, Шығыс Қазақстан облысында 2,5 мың адам, Алматы қаласында 2,5 мың адам, ал оқуға тартудың ең аз деңгейі Жамбыл, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарында байқалды. Аймақтық дамудағы оңды үдерістермен қатар, ауыл шаруашылық үлесінің төмендегенін айтуымыз керек. Республика бойынша ауыл шаруашылығының үлесі 1999 жылғы 11%-дан 2003 жылы 8,2%-ға дейін төмендеді.

Аймақтың жалпы өнімінің салалық құрылымындағы ауыл шаруашылығы үлесінің төмендеуі өнеркәсіптік аймақтарда ғана емес, ауыл шаруашылығы басым аймақтарда да байқалды. Мысалы: Ақмола облысындағы ауыл шаруашылығының үлесі 1999 жылы 37,04%-ды құраса, бұл көрсеткіш 2003 жылы 31,3%-ға дейін төмендеді. Солтүстік Қазақстан облысында бұл көрсеткіш осы ретте 1999 жылы 38,96% болса, 2003 жылы 36,2%-ды құрады. Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтері бойынша 2003 жылдың үшінші тоқсанында жұмыспен қамтылғандардың саны 7,2 млн адамға жетіп, жұмыссыздық деңгейі 8,2% (2002 жылғы үшінші тоқсанда 8,3%) болған. Жұмыс іздеген адамдардың саны қысқарған (2002 жылы – 362,8 мың адам), алайда ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылуы төмен деңгейде қала берді. Оған дәлел өтінішпен барғандардың әрбір үшіншісі ауыл тұрғыны екен. 2003 жылдың желтоқсанында тіркелген жұмыссыздардың үлес салмағы (142,8 мың адам) экономикалық белсенді халықтың 1,8%-ы құрады. Бұл көрсеткіш 2002 жылмен салыстырғанда 26,3%-ға төмен. Алайда еңбек нарығында тепе-теңдік болмады. Республика бойынша 2004 жылдың 1 қаңтарында бір бос жұмыс орнына орта есеппен 10 жұмыссыздан, ал ауылдық жерлерде – 55 жұмыссыздан келді. Жұмыссыздардың негұрлым көбірек саны Шығыс Қазақстан облысында – 22,2 мың, Қостанай облысында – 14,5 мың, Алматы облысында – 10,2 мың, Жамбыл облысында – 10,1 мың адам тіркелген. 2004 жылы 1 қаңтарда елімізде 244,3 мың жаңа жұмыс орындары ашылып, барлығы 154,6 мың адам, оның ішінде ауылдық жерлерде 48,7 мың адам жұмысқа орналасты.

2003 жылғы қаңтар-қазанда республика бойынша орташа айлық жалақы 22697 теңгені құрады. Жалақының ең төмен мөлшері 2003 жылдың 1 маусымына дейін 5000 теңге көлемінде (бұл 2002 жылғы ең төмен жалақының мөлшерінен 19,6% көп) болса, 1 маусымнан бастап жалақының ең төмен мөлшері 5500 теңге сомасында белгіленді. Табысы ең төмен халықтың үлесі 2003 жылдың үшінші тоқсанында 20%-ды құрады (2002 жылы – 23,7%). Табысы ең төмен күнкөріс мөлшерінен төмен халықтың ең жоғары үлесі Оңтүстік Қазақстанда (29,3), Қызылорда, Маңғыстау (28), Алматы (26,8) облыстарында байқалды. Қазақстан Рес-

публикасы Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша, 2003 жылғы IV тоқсанда республика бойынша ең төмен күнкөріс деңгейінің көлемі – 5114 теңге мөлшерінде белгіленді. Халықты әлеуметтік қорғаудың өңірлік органдарының деректері бойынша, 2003 жылғы 12 ай ішінде атаулы әлеуметтік көмек кедейлік шегінен төмен табысы бар 859,8 мың аз қамтамасыз етілген азаматтарға тағайындалды. Бұл – 2002 жылмен салыстырғанда –1,4 есе аз.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдету мақсатында қабылдаған 2005–2007 жылдарға арналған Бағдарламасы аясында әлеуметтік қамсыздандырудың үш деңгейлі жүйесі құрылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саясатты жедел модернизациялау жолында» атты халыққа Жолдауына сәйкес республикада зейнетақының, шәкіртақының, біркатар халыққа төленетін төлемдердің көлемі артты. Қоғам дамуына көп көңіл бөлінді. Халыққа қызмет ету негізгі назарға алынды.

2005–2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамыту Мемлекеттік бағдарламасы жалпы құрылыс саласына үлкен қарқын беріп, пәтер саудасы Қазақстан нарығының негізгі сегментіне айналды. Құрылыс өндірісінің тиімді нарқын қалыптастыру, ипотекалық несиелендіруді қол жетімді ету арқылы осы бағдарлама аясында 4 мыңнан астам пәтер пайдалануға берілді.

2005–2007 жылдарға арналған шағын және орта кәсіпкерлікті жедел дамыту шаралары Бағдарламасының негізгі мақсаты орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту, сонымен қатар олардың қызметін белсенді ету Қазақстанның бәсекеге қабілеттігін арттыру болып табылады. Алайда мемлекеттің Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамытуда жасаған шаралары оң нәтижесін бермегені де рас. Мұның көптеген себептері заңның толық жетілдірілмеуі, әкімшілік кедергілер, бақылау органдары тарапынан жемқорлықтың болуы, несие пайызының жоғарылылығы, кәсіпкерлердің өздерінде сауда орындарының қалыптаспауы мен болашаққа деген нақты идеяларының болмауы.

Республика кәсіпкерлері өздерінің мүдделерін қорғауда республикадағы әртүрлі салалар бойынша ассоциацияларға бірікті. 1992 жылдың маусым айында Қазақстан кәсіпкерлерінің I форумы өткен болатын. Осы кезден бастап іскер орта, қоғамдық ұйымдар, мемлекеттік органдар, министрліктер мен ведомстволар өкілдері қатысуы арқылы өтетін кәсіпкерлер конгресі үнемі өткізіліп тұрады.

2005 жылдың сәуір айында «Атамекен» атты Қазақстан жұмыс берушілері мен жалпыұлттық кәсіпкерлер одағы құрылды. Құрылтайшылар мен одақтың мүшелері – Қазақстан экономикасының жетекші салаларының өкілдері. Алайда Қазақстанда бейресми бірлестіктер саны көбейіп жатса да, олардың іс-әрекеттерінің тиімділігі әлі төмен.

2005 жылдың төртінші тоқсанында жұмыссыз халық саны (15 және одан жоғары жастағы, табысты жұмысы болмаған, оны белсенді іздеген,

жұмысқа кірісуге әзір болған адамдар) 641,3 мың адамды құраған. Бұл 2004 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 14,5 мың адамға немесе 2,2%-ға аз. Жұмыссыздық деңгейі 2004 жылдың төртінші тоқсанында – 8,4% болса, 2005 жылы 8,1% болды. Ерлер арасындағы жұмыссыздар – 273,5 мың адамды (42,6%), әйелдер – 367,8 мың адамды (57,4%), жұмыссыздық деңгейі – тиісінше 6,8% және 9,5%-ды құрады.

Жұмыссыз халық құрылымындағы 15–24 жастағы адамдар – 26,3%, 25–29 жастағылар – 17,4%, 30–34 жастағылар – 14,4%, 35–39 жастағылар – 9%, 40–44 жастағылар – 9,2%-ды алып отыр. Жастар жұмыссыздығының деңгейі 2004 жылдың төртінші тоқсанында – 14,2%, ал 2005 жылы 12,8%-ды құрады.

Қазақстанның Статистика агенттігінің 2008 жылдың қараша айындағы дерегі бойынша жұмыссыздар саны 558,9 мың болған. Президент жанындағы стратегиялық зерттеулер институтының маманы жұмыссыздар саны 1 миллионға жуықтады деп мәлімдеді.

Республика экономикасында 2009 жылғы III тоқсанда 8,0 млн адам жұмыспен қамтылды. Жұмыспен қамтылғандар арасындағы жалдамалы қызметкерлер үлесі 66,2%, өз бетінше жұмыспен қамтылғандардың үлесі – 33,8%-ды құрады. 2009 жылғы III тоқсанда жұмыссыздар саны – 535,7 мың адам, жұмыссыздық деңгейі 6,3%-ды құрап отыр. 2009 жылғы III тоқсанда жұмыссыздардың жалпы санындағы жастардың (15–24 жастағы) үлесі 14,4% немесе 77,1 мың адамды құрады. Жұмыссыз ерлердің үлесі – 42,9%, әйелдердің үлесі – 57,1%-ды құрады. Жұмыссыз әйелдердің саны 305,9 мың адам, бұл ерлердің санынан 76 мың адамға (33,1%-ға) артық.

Жұмыссыздар ішінде жалпы орта білімі бар адамдар – 37,2% (199,5 мың адам) және арнаулы орта кәсіптік білімі барлар – 25,2% (135,2 мың адам), жоғары білімі бар жұмыссыздардың үлес салмағы 24,4%-ды (130,5 мың адам) құрады. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша 2009 жылғы қыркүйектің соңында жұмыссыздар ретінде тіркелген адамдар саны 84,1 мың адам, бұл 2008 жылғы осы кезеңдегіден 25,5 мың адамға немесе 43,5%-ға көп. Экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы тіркелген жұмыссыздардың үлесі 2008 жылғы қыркүйекте – 0,7% болса, жұмыссыздар саны артып, 2009 жылы 1,0% болды.

2009 жылы қазан айындағы жұмыссыздар саны – 539,9 мың адам, жұмыссыздық деңгейі 6,4% екен. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жұмыспен қамту органдарында 2009 жылғы қазанның соңына 85,5 мың адам ресми тіркелген. Жұмыссыздар ретінде тіркелгендердің үлесі экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың 1 пайызын құраған. Десек те, жұмыссыздар мен оларды еңбекке қамту ісіндегі мемлекеттік тұрғыдан ауқымды шаралардың, жүйелі жұмыстың қажеттілігі сезілді.

Жастарға қамқорлық. Жер-жерлегі жағдайды түзету мақсатында Президенттің 2003–2005 жылдары ауылды дамыту бағдарламасы қабыл-

данды. Осы жылдар аралығындағы мақсатты түрде жүргізілген аграрлық саясат ауылды дамытуға және депрессивті, экологиялық ахуалы нашар аймақтарды қолдауға бағытталды.

2008 жылы желтоқсанда Қазақстан халқының құрамында жастар – 4,5 миллион адамды, яғни 29,5%-ды құрады. Экономикалық белсенді жаста – 2,4 миллион, 15–24 жас аралығындағылар – 1,3 миллион, 26–29 жас аралығындағылар – 1,1 миллион. Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан жастар мәселесіне көп көңіл бөлінуде. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «жазғы демалыс кездерінде студенттерді түрғын үйлер түрғызатын құрылыс отрядтарына жұмысқа тарту, елімізді көгалдандырудың «Жасыл ел» бағдарламасын өрістетіп, бұл игілікті іске де студент жастарды қатыстыру тапсырмасын іске асыру мақсатында 2005 жылдан бастап «Жасыл ел» және студенттік құрылыс жасақтары құрылды. «Жасыл ел» бағдарламасы аясында экологиялық шаралар қолға алынып, бұл бағдарламаға көңіл бөлген жастар саны 1 миллионға дейін жетті.

Жастардың әр деңгейлі топтарының әлеуметтік мүдделерін қорғайтын жастар бірлестіктері мен ұйымдары бар. Жастар ұйымдары мен қозғалыстарының ішінде «Нұр Отан» партиясының жастар қанаты үлкен беделге ие. Бүгінгі күні оның мүшелері қоғамның жан-жақты дамуына қатысты ұсыныстар айтып, еліміздің тұтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге белсенді қатысып келеді. Жастарға қатысты кешенді мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын анықтау, оны қалыптастыру және іске асыруға байланысты 2008 жылы 1 шілдеде Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес құрылды. Кеңес мемлекеттік жастар саясатын іске асыру тиімділігіне талдау жасап отырады. Дегенмен жастар мәселесі біржола шешіліп, дұрыс жолға қойылды деуге әлі де ерте.

2007 жылдың тамыз айынан басталған әлемдік дағдарыстың салқыны Қазақстанға да тиді. 2009 жылдың ақпан айында Қарағандыда жұмысшыларына еңбекақы төлей алмай отырған кәсіпорындар саны 14-ке жеткен, кем дегенде екі айлық жалақысын алмаған екі жарым мың адамға кәсіпорындар 57 миллион теңге қарыз болып отыр. Оңтүстік Қазақстан облысында алты кәсіпорын уақытша тоқтап, 2100 адам ақысыз демалысқа кетті. 2009 жылдың 13 қаңтарында өткен Үкімет отырысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі 1 қаңтардағы жағдай бойынша барлығы 7229 адам қызмет ететін 25 кәсіпорын жұмысын толығымен тоқтатты, ал жартылай жұмыспен қамту шартымен жұмыс істеп жатқан кәсіпорындар саны – 234, оларда 72 196 адам жұмыс істейді. Соның ішінде 818 жұмысшы мәжбүрлі демалыста немесе жартылай жұмыс күні режімінде жұмыс істеуде деген мәлімдеме жасады.

2009 жылдың 1 қыркүйегінде ашылған төртінші шақырылымдағы ҚР Парламентінің үшінші сессиясында да әлеуметтік салаға маңыз берілді. Елдегі жағдайды тұрақтандыру мақсатында мемлекет 19 миллиард доллар бөлді. Аумақтардағы халықты жұмыспен қамту бағдарламасына 191 миллиард теңге тартылып, 400 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтасыз етті.

Еліміздің дағдарыстан кейінгі қарқынды дамуын қамтасыз ету мен заңнаманы кешенді түрде жаңалау үшін нақты бес бағыт айқындалды. 2009 жылы Қазақстандағы машина жасау, металлургия, мұнай өңдеу, фармацевтика мен химия салаларындағы 25 индустриялық жобаға 30 миллиард доллар бөлінді.

2009 жылдан ауылға келген жас маманға қаржылай көмек көрсету мақсатында республикалық бюджеттен алдағы үш жылда 14,3 миллиард теңге бөліну көзделді. 2008–2009 жылдар көрсеткіштеріне қарағанда халықтың табысы 5 есеге, зейнетақы мен өтемақылар 3 есеге, шәкіртақы 6 есеге өскен. Жеке автокөлік иелерінің қатары екі жарым есеге көбейіп, тұрғын үй 24 миллион шаршы метрге артты. Бұған қоса 616 мектеп, 125 аурухана мен 29 мың шақырым жол салынды. Қазақстан халқы 1999 жылдан бергі 10 жылда 1 миллион 272 мың адамға көбейді. Ал ТМД, Қытай, Моңғолия, Түркия мен Иранның тарихи отанына оралған қандастарымыздың саны 650 мың адамға жетті.

Елімізде ана мен баланың денсаулығын жақсартуды көздеген шаралар жыл сайын іске асырылып, оң нәтижесін бере бастады. Әйелдің денсаулығы жөніндегі мақсатты мемлекеттік бағдарлама – «Халықтың денсаулығы» 1998 жылы 16 қарашада ҚР Президент жарлығымен бекітілді.

2005–2007 жылдарға арналған әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдету бағдарламасына сәйкес, 2005 жылдан бастап балаларды дәрідәрмекпен, ал жүкті әйелдерді – құрамында темір мен йоды бар препараттармен амбулаториялық деңгейде тегін қамтамасыз етілетін болды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2009 жылдың 5 наурызында Астанада өткен Қазақстан әйелдерінің 5-форумында көпбалалы аналарды қолдау мақсатында Үкіметке аналардың құрметті атақтарын беру мәселесін қайта қарауды тапсырғаны туралы айтты. 2010 жылдан бастап «Алтын алқа» наградасымен бұрынғыдай 10 емес, 7 баласы бар аналар, ал «Күміс алқамен» 6 баланы тәрбиелеген аналар марапаттала бастады.

Қазақстанда балалар құқығына көзқарас соңау кеңестік кезеңдегі олардың азаматтық құқықтарын ескермей балалардың әлеуметтік мұқтаждықтарын қамтамасыз ету, шынайы мұқтаждықтарды айқындау, өз пікірін құрметтеу тұжырымдамасына негізделеді.

Халықаралық құқық қорғау стандарттарын имплементациялау және бала құқығын қорғайтын маңызды халықаралық шарттарға қосылу мәселесіне ерекше назар аударылады. Қазақстанға Бала құқықтары жөніндегі БҰҰ комитеті 2003 жылы ұсынған. Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясын іске асыру қарастырылған. Балалардың денсаулығы құқықтарын қамтамасыз ету, әсіресе барынша қаукарсыз топтардағы: босқын-балаларды, ауылдық жердегі, сондай-ақ шалғай және халқы аз облыстардағы балаларды алғашқы медициналық-санитарлық көмек алу мүмкіндігімен қамтамасыз ету қарастырылған.

Еліміздегі патронаттық тәрбие жүйесі дамыған отбасы үлгісіндегі балалар ауылдары тиімділігін және қажеттілігін дәлелдеді. Бүгінде ба-

лалардың отбасында өсуге және тұруға құқықтарын іске асыру үшін жағдай жасалған.

Қазақстанда балалар құқықтарын қорғаудың маңыздылығы мен басымдылығы жүйелі, тұрақты, инновациялық әдістер мен нысандарға бағытталған ағартушылық қызметті жүзеге асыру қажеттігін анықтайды. Азаматтық қоғам ресурстары бұл мәселені шеше алмайды. Сондықтан балалар құқықтары бойынша ағарту саласындағы оң бағытты мемлекеттік саясат қажет. Бұрынғы тарихи кезеңдегі де, қазіргі замандағы да балалар туралы қамқорлық Қазақстанның елдік ерекшелігі болып табылады және балаларға қатысты құқық қорғау пікірін қалыптастыру мақсатында халықпен ағарту жұмыстарын дамыту міндеті тұр.

Қалыптасқан дәстүрге байланысты әйелдердің үй шаруашылығымен айналысу және бала тәрбиелеу қажеттігіне байланысты жұмыста оларға деген сұраныс аз. Олардың кәсіби әлеуеті толық көлемде пайдаланылмайды. Мұндай жағдайды болдырмау үшін әйелдердің шешім қабылдаудағы мүмкіндіктерін кеңейту қажеттігі, ерлер мен әйелдердің саяси және экономикалық басшылыққа тең қол жеткізуін қамтамасыз ету жөнінде айтылуда. Әйелдердің ауылдағы жағдайын жақсартуға күш жұмсау қажет. Ауылдық жерлердегі кедейшілікті азайту жөніндегі бағдарлама шеңберінде ауыл әйелдерінің жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларға қол жеткізуін қамтамасыз ету қажет. Бұл жеке құндылықтар мен мүдделерді іске асыру мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді. Мемлекеттік қызметшілердің гендерлік теңдікті қамтамасыз ету саласындағы білім деңгейін, әйелдердің өз құқықтары мен оларды қорғау мүмкіндіктері туралы ақпараттандырылуын арттыру қажет. Сондай-ақ, әйелдерді лидерлік технологияларға, өз мүмкіндіктерін қорғауға оқытуды жүзеге асырған орынды.

Басты проблеманың бірі – алимент төлеуді қамтамасыз ету болып табылады. Алимент алмайтын жалғыз басты ана, оның құқықтары мен бала құқықтар кешені түгел бұзылатын жағдай да болады: қалыпты тіршілік ету деңгейіне құқығы, ерекше қамқорлық пен көмекке құқығы, білім алу құқығы. Толық емес отбасында ата-анасының функциясын орындауға мәжбүр әйел екі есе жүктеме алады. Ерлер сияқты әйел де некені бұзу кезінде бірдей міндеттер алуға тиіс.

Зейнетақы жүйесінің реформасы. Зейнетақы қорлары және олардың қызметі. Республикада табысы аз тұрғындардың ширек бөлігін зейнеткерлер мен мүгедектер құрайды. 1988 жылы мемлекеттен көрілігіне байланысты зейнетақы алатындардың республикада орташа айлық зейнетақысы 88 сом болса, мүгедектердікі 69 сомнан, ал колхозшы зейнеткерлердікі 53 – 60 сомнан айналды. Оның ішінде көрілігіне байланысты зейнетақы алатын колхозшылардың 123 мыңнан астамы немесе олардың жалпы санының 65%-ы ең төменгі мөлшерде (40 сом) зейнетақы алып отырды. Ең төменгі мөлшерде зейнетақы алатын колхозшылар, әсіресе, Жезқазған, Қостанай, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Целиноград және Шымкент облыстарында тұрды. Олардың орта-

ша айлық зейнетақы мөлшері 44–51 сомнан аспады. Ал карттығына байланысты мемлекеттік зейнетақы алатын Көкшетау, Орал, Семей, Солтүстік Қазақстан, Талдықорған, Алматы және Қостанай облыстары зейнеткерлерінің кірісі 82–84 сомды құрады. Кәсіпорындар мен ұйымдардың шаруашылық есеп пен еңбекке ақы төлеудің жаңа шартына көшу табысы аз бұл топтың жағдайын одан сайын қиындата түсті.

Қоғамда табиғи қартаю үдерісі байқалды. 1990 жылы 60 жастан жоғары тұрғындар – 10%-дан аспаған болса, 1995 жылы – 12%-ға жетті. Әлемдік стандарт бойынша тұрғындардың 10%-ының жасы 60-тан асса, ол қартаю үдерісін біліреді. Еңбекпен қамтылған тұрғындар саны азаюда, егер 1990 жылы бір зейнеткерге 3 жұмыс істейтін адамнан келсе, 1996 жылы – 1,8 адам болып азайды.

1994 жылдан әлеуметтік сақтандыру жүйесінің мемлекеттің үлесі шектелген атаулы сипатқа ие жаңа кезеңі басталды. 1994 жылдың 1 сәуірінен бұрынғы әлеуметтік жеңілдіктердің орнына анағұрлым нақтыланған жаңа механизм енгізілді. Республика тұрғындарының белгілі бір бөлігіне айлық жалақының ең төменгі көрсеткіші көлемінде өтемақы берілді. Зейнетақысы ең төменгі жалақының екі еселенген көлемінен аспайтын жұмыс жасамайтын зейнеткерлерге ай сайын ең төменгі жалақы көлемінде жәрдемақы төленді. Қазақстанның әлеуметтік саладағы дағдарысы зейнеткерлер өмірінен көрініс берді. Бұрынғы КСРО-ның заңдық және демократиялық жағынан нашар ең бір осал тұсының бірі осы зейнетақымен қамтамасыз ету саласы болатын. «Дербес зейнетақы» деп аталғанының өзі одақтық, республикалық, жергілікті болып бөлінді. Ол негізінен, партия қатарында болып жауапты жетекші қызмет атқарғандарға, жоғары мемлекеттік марапаттарға ие адамдарға, Еңбек ерлеріне берілді. Колхозшылар ұзақ уақыт зейнетақымен қамтылмады, олардың және тұрғындардың басқа бөлігінің зейнетақылары «дербес зейнетақымен» салыстырғанда төмен болды.

1995 жылы зейнетақы үш рет қаралып, нәтижесінде 1,9 есе өсті. Егер 1991 жылы зейнетақымен қамтамасыз ету 9,5 млн сомды құраса, 1995 жылы 46 млрд теңге жұмсалды.

1996 жылы зейнетақы көлемі 20%-ға ұлғайтылып, 2477 теңгені немесе 37,8 АҚШ долларын құрады. Қалыптасқан экономикалық ахуалға, демографиялық жағдайға байланысты Үкімет зейнетақы саласын реформалау жолдарын қарастыра бастады. Экономика ғылымында «бақытты болуға мәжбүрлеу» заңы дейтін бар. Осы заң аясында міндетті зейнетақы қорлары, сақтандыру қорлары жұмыс істейді. Қазақстанда да Елбасымыздың тікелей тапсырмасымен зейнетақы қорлары құрылып, жұмыс істеп жатыр. 1996 жылы Парламентте «Республика азаматтарын зейнетақымен қамсыздандыру Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу», «Мемлекеттік Зейнетақы қоры туралы», «Мемлекеттік емес зейнетақымен қамсыздандыру қорлары туралы» деген үш заң жобасы дайындалды. Заң жобаларының негізгі мақсаты – қазіргі зейнеткерлерді қорғау және болашақ зейнеткерлерге жағдай жасауға бағытталды.

1997 жылдың наурыз айында Қазақстан Республикасы Үкіметі «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін реформалаудың тұжырымдамасын» мақұлдады. 1997 жылдың 20 маусымында «Қазақстан Республикасында Зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» заңы қабылданды. Жаңа реформаға сәйкес зейнетақы жасы ұзартылды: ерлер – 63 жас, әйелдер – 58 жас. Зейнетақы орталығынан зейнетақы алу үшін 1998 жылы 1 қаңтарына дейін ер адамнан – 25 жыл, әйел адамнан – 20 жыл еңбек өтілі талап етілді.

Қазақстан Чили үлгісіне негізделген зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесіне көшті. Чилиде зейнетақы жүйесін реформалау XX ғасырдың 80-жылдарында жүргізілген болатын. Чили зейнетақы жүйесі – салымшылар зейнетақы жарналарының жеке капиталына негізделген ынтымақты түрде біртіндеп өтеуі бар жинақтаушы жүйе. Салымшылар өкімшілік акционерлері болып табылмайды. Алайда өз қаржысын қамсыздандыруға жауапты.

1998 жылдың 1 қаңтарынан мемлекеттік зейнеткерлікке шығу ережелері мен тәртіптері белгіленген және зейнетақы жинақ қоры жүйесін реттеуші «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру» туралы Заңы күшіне енді. Зейнетақымен қамтамасыз ету екі жүйеден: бірінші, Мемлекеттік орталықтан зейнетақымен қамтамасыз ететін зейнетақыны төлеу жөніндегі ортақ жүйе. Ол республикалық бюджетке түскен әлеуметтік салық пен басқа да төлемдерге негізделді. Екінші, жинақтаушы зейнетақы жүйесі немесе жинақтаушы зейнетақы қоры жүйесінен тұрды.

Зейнетақы реформаларын одан әрі жетілдірудің батыл қадамдарының бірі зейнетақыны саралап арттыру. Арттырылған зейнетақы мөлшерін 1 млн 30 мың зейнеткер (олардың 64%-ы) алды. Зейнетақыны арттырудың орташа мөлшері республика бойынша 2300 теңгені құрады. Зейнетақыларды қайта есептеу нәтижесінде 5000–6000 теңге шегінде ең төмен зейнетақы алатын зейнеткерлердің саны екі есеге қысқарды. Зейнетақы мөлшері орташа 23,4% (6485 теңгеден 7927 теңгеге дейін) өскен. 6000-нан 12000 теңгеге дейінгі мөлшерде зейнетақы алатын зейнеткерлер үлесі екі есеге жуық көбейді. 2003 жылдың 1 желтоқсанда 6,1 млн адам (активті және пассивті салымшыларды қоспағанда) жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қатысушысы болды. Бұл жұмыспен қамтылған адамдардың 89,3%-ы немесе республиканың экономикалық белсенді халқының 81,3%-ын құрады.

Еліміздегі жинақтаушы зейнетақы жүйесінің дамуы үш кезеңнен тұрды. *Бірінші кезең 1998–2001 жылдар* – жүйенің және оның қатысушыларының қалыптасу уақыты. Бұл кезеңде жүйеде қызмет ететін барлық қатысушылардың қызметін міндетті лицензиялау енгізілді. Зейнетақы активтеріне иелік етуге шектеулер белгіленді. 1999 жылдың желтоқсан айының соңына дейін зейнетақы және жәрдемақы төлеудегі 50 млд. теңге қарыз толығымен жабылды.

Осы кезеңде зейнеткерлерді әлеуметтік жағынан қолдауды мақсат еткен – «Поколение» қоғамдық құрылымы өмірге келді. 1996 жылдың

күзінен митинг, пикет және басқа да қарсылық акцияларын белсенді түрде ұйымдастырды. «Зейнеткерлік туралы заң зейнеткерлерге қарсы, ал Үкіметтің экономикалық саясаты нәтижесіз» деп санаған «Поколение» қозғалысы зейнетақы мен төменгі жалақы көлемі ең төменгі өмір сүру деңгейінен кем төленбеуін талап етті.

Екінші кезең 2001–2004 жылдарды қамтыды. Бұл кезеңде реформалау тәжірибесі зейнетақы жинақтарының сақталуы мен ерікті зейнетақы тәсілдерін дамытуды, келелі мәселелерді шешуді күн тәртібіне қойды. Осыған орай, заңнамаға төмендегідей толықтырулар енгізілді: инфляция деңгейін ескере отырып, ЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарының нақты енгізілген жарналар мөлшерінің сақталуына мемлекеттік кепілдік беру, еңбек жағдайлары ерекше қауіпті өндірістерде жұмыс істейтін қызметкерлер үшін, жұмыс берушінің есебінен қосымша ерікті зейнетақымен қамсыздандыру; зейнетақы алушының жасына және зейнетақы шотындағы жинақтардың мөлшеріне қарай жинақтаушы қорларынан кесте бойынша берілетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асырудың жаңа ережесін қолданысқа енгізу.

Үшінші кезең 2005–2006 жылдар. 2006 жылдың 1 қаңтарында республикада – 14 зейнетақы қоры жұмыс істеді. Қазақстан Республикасында күнкөріс деңгейі төмен отбасына төленетін жәрдемақы сақталды. Бұл кеңестік кезеңнен мұра болып қалды. Алайда ақшаның құнсыздануы салдарынан оның деңгейі төмендеді. Арнайы жәрдемақылар туғаннан жарымжан балаларға, жұмыс істемейтін көп балалы аналарға берілді. Сонымен қатар біздің елімізде бала туғанда берілетін жәрдемақы бар. Оның басқа төлемдерден өзгешелігі отбасының табыс көлемі мен кірісіне қарамастан беріледі.

Экологиялық жағдайы нашар аймақтар да жәрдемақымен қамтылған. Аймақтар екі категорияға бөлінеді: «дағдарыстың алдындағы» және «экологиялық жағдайы нашар» аймақтар. Қазақстанның Атырау мен Батыс Қазақстан облыстарынан басқа аймақтардың барлығы экологиялық ахуалы күрделі Семей және Қызылорда облыстарында төленетін жәрдемақы көлемі 20%-ға жоғары, экологиялық қауіпті аймақтарда елімізде белгіленген жәрдемақы көлемінен 50%-ға жоғары.

Елдегі жинақтаушы зейнетақы қорлары туралы Қазақстан Республикасының Президенті жауапты тұлғаларға «Ең бірінші жинақтаушы зейнетақы қорларындағы қаржының аман сақталуына, екінші оның өсімділігін арттыруға ерекше көңіл бөлінсін» деген нақты тапсырма берген. Үкімет пен Парламент Президенттің осы орынды тапсырмасын жүзеге асыру барысында нақты шараларды өмірге әкелді.

Алайда зейнетақымен қамсыздандырудың кейбір кемшіліктері де сақталып отыр. Адам құқықтары жөніндегі уәкілге келіп түскен өтініштерді талдаудан зейнеткерлікке 1995 жылғы 1 қаңтарға дейін шыққан адамдарға зейнетақы тағайындау кезінде зейнетақы адамның нақты алған жалақысынан емес, жалақының орта есебінен есептелгені мәлім болды. Мұндай тәсілді өзгертіп, адамдардың көрсетілген санат-

тарының зейнетақы төлемдерінің мөлшерін нақты жалақыны негізге ала отырып қайта есептеу қажет. Қарттар туралы қамқорлықтың бүгінгі жүйесінің негізгі кемшілігі қарттар мен мүгедектер бір интернат үйлерінде тұруды жалғастыруы. Жалғызілікті қарт және жұмысқа жарамсыз азаматтарды әлеуметтік қолдау үшін 2003 жылы республикада 75 интернат-үйлері жұмыс жасады. Оларда мемлекет толық қамтамасыз ететін 16 мыңнан астам адам тұрады.

1990 жылы Ұлы Отан соғысы жеңісінің 45 жылдығына орай Қазақстан Республикасы Президентінің тұрғын үй туралы Жарлығы шықты. Онда 1990 жылдың 1 қаңтарына дейін кезекте тұрған соғыс ардагерлері мен мүгедектерін тұрғын үймен қамтамасыз ету міндеттелді. 1991 жылдың 13 қыркүйегінде ҚазКСР Президенті Жарлығымен «Қазақ КСР-інде мемлекеттік меншікті жекешелендірудің купондық механизмдері туралы», ал 1992 жылдың 24 қаңтарынан Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тұрғын үй қорларын жекешелендіру туралы» Ережесі бекіді. Бұл ережеде тұрғын үй қорындағы пәтерлер үшін тұрғын үйді жекешелендірудің заңдық негізі, тәртібі, ережесі мен жолдары анықталды. Мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендіру нәтижесінде азаматтар өз жекеменшік пәтерін сатуға, айырбастауға тағы басқа да мүмкіндік туды. Қазақстан халық шаруашылығын құрылымдық жағынан қайта құрудың алғашқы жылдарында тұрғын үй құрылысы қысқарды. Мемлекеттік тұрғын үй құрылысын қаржыландыру бюджет қорлары арқылы жүргізіле берді. Тұрғын үй бұрынан кезекте тұрған азаматтарға тегін берілді.

Мемлекеттік емес тұрғын үй нарығы қалыптасу сатысында тұрғандықтан пәтерді жеке меншікке сатып алушылар сұранысын қанағаттандыра алмады. Бұл жылдары мемлекеттік тұрғын үй құрылысы тәжірибе жүзінде тоқтап, бай және ауқатты тұрғындар жеке меншік құрылысты жандандырды.

1992 жылдың 6 қыркүйегінде «Жаңа тұрғын үй саясаты Мемлекеттік бағдарламасы және оны іске асыру механизмдері туралы» Жарлық шықты. 1992 жылға дейін бұрынғы Одақтың Халық Комиссарлары Кеңесінің тұрғын үй саласына қатысты жеңілдіктер қарастырылған алғашқы қаулысы (1945 жылғы қыркүйектегі) негізге алынып келді. Қаулыда Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен олардың отбасына бірінші кезекте жеңілдікпен пәтер беру туралы айтылған болатын. Осы қаулыны жүзеге асыру мақсатымен мемлекеттік кез келген мекеме салған үйінің 10%-ын жергілікті Кеңеске беруге заң жүзінде міндеттелді. 1992 жылы Республика Жоғарғы Кеңесі «Тұрғын үй Кодексі» туралы Заң қабылдады. Онда жергілікті Кеңестерге салынған тұрғын үйдің 10%-ын беретін қаулы-қарарларға шек қойылды. Содан бастап жергілікті кеңестер пәтер беруді азайтты. Тіпті мүлдем доғарды. 1993 жылдың қыркүйек айындағы ҚР Президентінің «Жаңа тұрғын үй саясаты» туралы Жарлығында «мемлекет белгілі бір санаттағы азаматтарға, әсіресе халықтың табысы аз жіктеріне әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді», – деп

атап көрсетілді. Жаңа тұрғын үй саясаты – кезекті сақтау, қаржы және белгіленген мөлшерде өтемсіз дотация беру, тұрғын үй – коммуналдық қызметінің бағасы мен пәтер ақының өсуіне өтем жасау үшін жәрдемақы беру мәселесін реттеуді мақсат етті.

1993 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің тұрғындардың баспанасына ұзақ мерзімді несие беру мен құрылыс ұйымдарын қысқа мерзімді несиемен қамтамасыз ететін – Тұрғын үй құрылысы мемлекеттік банкін құру туралы Жарлығы жарияланды. Қазақстанда жылжымайтын мүлікті құрылыс жинақтау жүйесі арқылы алу тәжірибесі 1994 жылдың басынан қалыптаса бастады. Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс банкі Германияның тұрғын үйді несиелендіретін банк жүйесімен қатынас орнатты. Банкке 450 құрылыс жинақтаудың 30 млн теңге қоры тартылды.

1994 жылы 5 сәуірде №1640 Қазақстан Республикасы Президентінің «Азаматтардың баспанамен қамтамасыз етілу құқығы туралы» Жарлығы шықты. Осы жылы 3 қарашада Президент «Жеке тұрғын үй құрылысы туралы» Заңға қол қойды. Осы заңдық құжаттардың бәрі тұрғын үй құрылысын мемлекеттік қаржыландырудың кенет қысқару жағдайында тұрғын үй нарығын реттеуге бағытталды. Қабылданған Мемлекеттік бағдарлама аясындағы жаңа тұрғын үй саясаты әр адамды баспанамен қамтамасыз етуді тоқтатты. Мемлекеттік баспана құрылысына өтуге орай, тек әлеуметтік жағынан қолдауды қажет ететін арнайы топтағы адамдар мемлекеттен баспана алуға мүмкіндігі болды. Тоқтап қалған тұрғын үй құрылысын жүргізуді тұрғындардың қосымша ақша қоюына құқық немесе ұзақ мерзімге жеңілдетілген несие беру арқылы шешу қарастырылды. Тұрғын үй құрылысына: бюджеттен тыс қаражат қарастыру (ішкі мүмкіндіктер немесе инвестиция тарту), өлшеуіш құралдар орнату үшін қосымша қаржы бөлу ескерілді. 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясында Қазақстан Республикасының барлық азаматтардың баспанамен қамтылуына барлық жағдай жасалуы қажеттігі айтылды. Тұрғын үй нарығын қалыптастыру үшін баспана халыққа толығымен жеке меншікке беріліп, пәтер иелері кооперативтері құрылды (КСК) және тұрғын үй жөндеу кәсіпорындарын қайта құру қарастырылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев 1995 жылы 21 желтоқсанда «Жаңа тұрғын үй саясаты туралы» 1992 жылғы 6 қыркүйектегі №1344 Жарлығына өзгертулер енгізді. 1997 жылы Қазақстанда тұрғын үйдің 85%-ы жекешеленіп, осы жылдың қаңтарында 600 ПИК құрылды. Ең жоғары көрсеткіш Семейде, тұрғын үйдің 85%-ы кооперативтерге бірікті, Петропавлда – 75%.

ПИК-тің өздерінің қалауы бойынша тұрғын үйді жөндейтін және қызмет көрсететін арнайы кәсіпорындарымен келісімшарт жасауына немесе құрылысты өз күштерімен жүзеге асыруға мүмкіндіктері болды. 1990 жылдардың алғашқы жартысында тұрғын үйді жөндеу мен коммуналдық қызмет түрлеріне тариф көтерілді. Бұл әлеуметтік жағы-

нан нашар қорғалған адамдарға қиын тиді. 1996 жылы орташа жалақы 2,6%-ға, ал тариф – 30%-ға көтерілді. Бұл мәселенің алдын алу мақсатында 1996 жылы 12 сәуірінде арнайы қаулы қабылданды. Онда тұрғын үй үшін төленетін төлемдер отбасы табысының 30%-ынан аспауы тиістігі айтылды. Бұл көрсеткіштен асып кеткен жағдайда жәрдем төленуі тиіс болды. Алматы, Атырау, Қарағанды, Павлодар, Семей, Ақтөбе, Талдықорған, Жезқазған қалаларында тұрғын үйге жәрдем беретін орталықтар ашылды. Республикадағы тұрғын үй мәселесін шешу жолдары қарастырылды.

Тұрғын үй құрылысын қаржыландыру тетігін жасау, халықтың қалың жіктерінің тұрғын үй проблемаларын шешу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000–2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары жасалды. 2000 жылғы 21 тамызда №1290 «Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын ұзақ мерзімді қаржыландыру және ипотекалық несие беру жүйесін дамыту тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы үкіметі қаулысымен бекітілді.

Мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендіру (приватизация) бағаның тұрақсыздығы, ақшаның құнсыздануына байланысты тұрғындардың сатып алу мүмкіндігін төмендетті. Ол Қазақстандағы тұрғын үй саласы ахуалын өзгертті. Мемлекет тарапынан жасалған мұндай шаралар тұрғын үй нарығын қалыптастыру осы саладағы азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз етудегі теңгермешілікті жою мақсатымен жүзеге асырылды. Бірақ, тәжірибе көрсеткендей, тұрғын үй нарығын қалыптастыру да еңбек нарығы мен капиталдағыдай дайындық шараларынсыз іске асырылды. Тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасына өзгеріс енгізілуі осы салада қиындықтар туғызды. Көп қабатты тұрғын үйлердің құрылысы ұзақ уақыт тоқтап тұрды. Баспана кезегіне тұрушылар кезегі жылжымады. Баспана бағасы жыл санап өсе берді (әсіресе Алматы қаласында). Осы салада тұрғындардың мүмкіндігі және әлеуметтік жағынан бөлінуі байқалды. Сөйтіп, осы кезеңде тұрғын үй саласында жағымды және жағымсыз үдерістер қалыптасты. Жағымды жағы – азаматтар өз мүлкінің толық иесіне айналды. Өзінің тұрғын үйін сатуға, айырбастауға, мұраға қалдыруға немесе сыйлауға толық құқылы болды. Ал жағымсыз жағы – баспана кезегінде тұрған адамдардың басым көпшілігі үшін бұл мәселенің шешілуі күрделене берді. Пәтер бизнесі саласында алаяқтар көбейді. Оған қоса күн санап баспанаға төлейтін төлемдер (электр қуатын тұтыну, телефон, коммуналдық қызмет) өсіп отырды. Зейнетақы, жәрдемақы және еңбекақының өз уақытында берілмеуі жағдайында тұрғындардың әлеуметтік жағдайын қиындата түсті. Егер мемлекеттің кең көлемді қолдауы болмаса тұрғын үй мәселесі ұзақ уақыт шешімін күтіп қала беретіні сөзсіз еді. Қаланың санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық тазалығын сақтау да маңызды мәселе болды. Қалаларда 20–30 жыл, тіпті онан бұрын салынған үйлер қайта жөндеуді талап етті. Талап деңгейінен төмен, апатты жағдайдағы тұрғын үйлер де назардан тыс қалды.

1999 жылы Қазақстан қаржыгерлері құрылыс жинақтау қоры мәселесін қайта көтерді. Олардың есептеуінше, 1,5 млрд теңге Қазақстан тұрғындарының қолдарында сақталды. Осы қаржыны айналымға енгізу қажет болды. Банк дағдарысы мен экономикалық дағдарыс жағдайында қазақстандықтар қаржыларының бір бөлігін депозитке салып, ипотекалық несие алу үшін жинақтауға асықпады. Ұзақ мерзімді депозитке салушылар саны аз болды. Банк жүйесіне деген адамдардың сенімін нығайту мақсатында депозитті ұжымдық сақтандыру жүйесі жасалып, банк құпиясын сақтау қатаңдатылды.

2003 жылы Қазақстанда – 2 млн шаршы метр баспана салынды. Ол – 2002 жылмен салыстырғанда 30%-ға артық. Алайда бұның өзі қанағаттандырарлық деңгейде болмады. Есептеулердің көрсетуінше ұлттық тұрғын үй мәселесін шешу үшін жыл сайын аз дегенде 4 млн шаршы метр баспана салынуы қажет болатын. 2004 жылдың 19 наурызындағы Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа Жолдауында тегін баспанамен (тұрғындардың муниципалдық баспанамен қамтылатын жекелеген топтарынан басқа) қамтамасыз ету алдағы уақыттың жоспарында жоқ екенін ашық айтты. Тұрғын үй қорының 97%-ы жеке үй үлесіне тиетіндігі және оның төмендемейтіндігі де ескертілді.

Президент тұрғын үй құрылысы еліміз экономикасының қозғаушы күші болып табылатынын өлденеше рет ескертті. Тұрғын үй құрылысы саласындағы жаңа саясат 2005 жылдан жүзеге асыруды тапсырды. Жаңа саясаттың мәні – тұрғын үйдің шаршы метрінің құнын азайту, несиелендіру мерзімін ұзарту, алғашқы төленетін жарнаның көлемі мен несиелендіру пайызын төмендету арқылы несиені қайтару мерзімін 20 жылға дейін ұзарту, сөйтіп, тұрғындардың басым көпшілігінің баспанамен қамтылуына жол ашу болып табылды.

Алғашқы төленетін жарна тұрғын үйдің жалпы құнының 10%-ын құрады, несиелендіруді 10%-ға дейін төмендету белгіленді. Тұрғын үй жинақтау қоры 50%-дан 25%-ға төмендеді. Қалған несиені қайтару мерзімі 15 жылдан 25 жылға дейін ұзартылды. Жаңа үлгіде жоспарланған тұрғын үйдің 1 шаршы метрі – 700 АҚШ долларынан 350 долларға төмендетілді.

Тұрғын үй саласындағы жаңа саясат әлеуметтік жағдайы орта деңгейдегі тұрғындар үшін қолайлы болды. Алдымен мұғалімдер, дәрігерлер, мемлекеттік қызметкерлер баспанамен қамтылды. Дегенмен, алғашқы жарна 10% және қалған соманы 20 жылға бөлгенде ай сайын 70–80 мың теңгені төлеуге тұрғындардың көпшілігінің мүмкіндігі болмады. Сондықтан сұранысқа 1 және 2 бөлмелі пәтерлер ие болды. Ал жасы 45-тен асқандар үшін несиеге баспана алу тіпті мүмкін болмады. Көптеген аймақтарда мемлекеттік бағдарлама аясында несиеге салынған баспананы беру мәселеге айналды. Мысалы, Жамбыл облысында салынып тапсырылуға тиісті 240 пәтерді алуға екінші дәрежелі банктердің анықтауынша 6 адамның ғана мүмкіндігі болған. Қарағанды облысында несие көлемін төлеуге мүмкіндігі бар адам жоқ болып шыққан. Салыстырмалы түрде алып қарағанда, Қостанай, Қызылорда,

Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарында жағдай жақсы. Талдықорған қаласында сатып алушы болмағандықтан, жаңадан салынған екі үй бос тұрды. Ипотекаға баспана алуға өтініш жасағандардың 412-сі Алматы облысынан, оның 203-і талдықорғандықтар болғанымен, оның 6-ауының ғана несие төлеуге мүмкіндігі барлығы анықталған.

Алматы қаласында несие төлеуге мүмкіндігі бар полиция қызметкерлері, соттар, қаржы полициясының прокурорлары, әр деңгейдегі әкімшілік қызметкерлер, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары баспаналы болды.

2008 жылы Алматы және Астана тұрғындары (үлескерлер) тарапынан жергілікті әкімшіліктегі лауазымды тұлғалар мен құрылыс компанияларына көп наразылық танытқан. Мәселен, үлескер К.А. Әбикенова Астана қаласында «Жұлдыз» тұрғын үй құрылысын тоқтатқан «Фабрика недвижимости» ЖШС құрылыс компаниясы үстінен шағымданған. Үш баланың анасы барлық мүлкін сатып, пәтер құнының жүз пайыз үлесін салған. Сөйтіп, отбасымен үйсіз қалған. Қайта тіркеу үшін ЖШС-тің офисіне келуге шақыру хат алғанымен, көрсетілген мекенжай жоқ болып шыққан. Үлескерлердің тұрғын үй құқығының бұзылуы және оларды жекелеген құрылыс компаниялары басшыларының алдап кеткені туралы құқық қорғау органдарына хабарланып, қылмыстық істер қозғалған.

Алматы қаласындағы «Дуэт» тұрғын үй кешенінің үлескерлері «Компания «Казстрой» ЖШС басшылығының шарттық міндеттерін орындамағандығынан осындай жағдайға тап болған. Үш ай бойы прокурорлық және оңтүстік астананың қаржы полициясы департаментінің аудиторлық тексеруі нәтижесінде ҚР ҚК 177-бабының 3-бөлімі, б-тармағы бойынша қылмыстық іс қозғалды.

2009 жылдың қаңтарында Қазақстан Республикасы Үкіметі дағдарысқа қарсы сегіз бағытты тұратын бағдарлама қабылдады. Соның бірі – тұрғын үй нарығын тұрақтандыру. Қазақстандағы тұрғын үй төңірегіндегі мәселенің 80 пайызы Астана мен Алматыдағы үйлерге қатысты болды. Сондықтан аталған қала әкімдеріне жаңа құрылыстар салуға қатаң тыйым салынды. Үкімет ипотекалық мәселені қайта қарап, дағдарысқа қарсы бағдарлама бойынша қайта қаржыландырудың пайыздық үстемақысын 12,5 пайыздан 11 пайызға, бюджеттік қызметкерлер үшін 10,5 пайыздан 9 пайызға төмендетті. Үлескерлерді қорғаушылардың бүкілхалықтық қауымдастығы тұрғын үй кешенінің 20 және 42 кварталдары, «Қуат» корпорациясы, «Казкоммерц инжиниринг», «Елисей алаңдары» құрылыс компанияларындағы тиесілі баспанаға қолдарын жеткізе алмай жүрген үлескерлердің жағдайын оң шешу үшін құрылыс нысандарын бітіруге ақшалай қаржы бөлулерін сұрап, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы Үкіметке, Алматы және Алматы облысының әкімдігіне, «Самұрық-Қазына» ХҚҚ, «Казкоммерцбанк» акционерлік қоғамдарына өтініш жасады.

Қазақстандағы тұрғын үй қорының жалпы аумағы – 268 млн шаршы метрге жуық. Үкімет үлестік құрылысты қолдау үшін 2007 жылғы

қыркүйектен бастап 2009 жылғы желтоқсанға дейін республикалық бюджеттен 205,8 млрд теңге бөлді. 2008 жылы республикамызда жалпы көлемі 6,8 млн шаршы метрді құрайтын 29786 тұрғын үй салынса, 2009 жылы онан сол азырақ 6,4 млн шаршы метр тұрғын үй тұрғызылды. 2009 жылы Алматыда 4 306 үлескердің мәселесі шешіліп, 25 тұрғын үй кешені пайдалануға берілді. 2009 жылы Үкіметтің «Жол картасы» аясында еліміздің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамытуға 61,2 млрд теңге бөлінді. 2009 жылы Астана қаласының Сарыарқа ауданында 3 мектеп пайдалануға берілді. Үкімет Ұлттық банк және Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігімен 2009–2010 жылдарға арналған экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі жоспарын бекітіп, «Самұрық-Қазына» қоры арқылы ипотекалық несиелеу және тұрғын үй секторын дамытудың арнайы бағдарламасын іске қосты. Осы бағдарлама қаражаты есебінен екінші деңгейлі банктер арқылы салынып болмаған тұрғын үй кешендерін аяқтау үшін займдар берілді.

2009 жылдың басынан бері қаржы полициясы 212 үлескерге залал келтірген 4 құрылыс компаниясының басшыларына қатысты 8 қылмыстық іс қозғады. «АТФ» банкі арқылы «Самұрық-Қазына» қорымен қаржыландырылған Астанадағы «Альянскұрылысинвест» ЖШС-нің 2400 үлескері 2010 жылы баспаналарына ие болады.

Денсаулық сақтау. XX ғасырдың 80-жылдарындағы дағдарыс денсаулық сақтау саласында да көрініс берді. Денсаулық сақтау саласында шаруашылық есепті мекемелер көбейді. Халық емшілері медициналық білім деңгейінсіз, арнайы құжатсыз ел ішін шарлап жүрді. Медициналық сақтандыру полисі дегеннің де тиімді және тиімсіз жақтары болды. Тұрғындарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету де өзекті мәселеге айналды.

Кеңестік кезеңде КСРО фармацевтік өнеркәсібіне арналған жабайы өсімдік шикізатының 80 пайыздан астамы Қазақстан мен Орта Азияда дайындалды. Қазақстан Республикасында жылына «Қаздәрсөнеркәсіп» бірлестігі 500–600 тонна, Орман және аң шаруашылығы кәсіпорындары – 50–60 тонна, Ботаника және фитоинтродукция институты – 10 тоннаға дейін, Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің ұйымдары – 5–7 тонна дәрілік өсімдік жинады. Шымкентте шетелге экспорттау үшін дермене шөбінен сантонин жасалды. Жыл сайын 30 тоннаға дейін әртүрлі дәрілік шөп пен таушымылдық тамырлары түнба жасау үшін Батуми зауытына жөнелтілді. Кейін Қазақстанда оның аз ғана мөлшері сатылды. Левзеяның, алтын тамырдың және т.б. жай-күйі де осы іспеттес, мия тамырының ахуалы да дәл осындай болған. Соның салдарынан, республикаға экономикалық шығын келді. Қазақстандағы фармацевтік өнеркәсіп орындары ұзақ жылдар күрделі жөндеуден өтпеді. Ол Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде фармацевтік өнеркәсіпсіз қалды. Біздің мемлекетіміздің дәрі-дәрмектерге деген сұранымы жылына 300 млн АҚШ доллары бола тұра,

қолда бар қуаттар оның 3%-ын ғана қамтамасыз етті. Қалғандары таяу және алыс шетелдерден импортталды. Сөйтіп, республиканың денсаулық сақтау ісі шетелдің дайын дәрі-дәрмек препараттарына 97% тәуелді болды. Қазақстан Республикасындағы нарықтық экономикаға өту кезеңінде қалыптасқан қаржы тапшылығы, халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді күрт нашарлатып жіберді. Өзіміздің дамыған фармацевтік өндірісіміздің болмауы әлеуметтік маңызды проблемаға айналды. Фармацевтік өнімдерді негізгі тұтынушылар халықтың табысы төмен тобы (мүгедектер, зейнеткерлер, үш жасқа дейінгі балалар) болып табылатындықтан, олар негізінен арзан әрі тиімділігі төмен дәрілік заттарды сатып алды. Республикада дәрілік заттардың қауіпсіздігіне, тиімділігіне және сапасына мемлекеттік бақылау әлсіреді. Дәрілік заттарды контрабандалық жолмен әкелудің көлемі кейбір көрсеткіштер бойынша фармацевтік өнімнің заңды айналымының көлемімен тең түсіп жатты. Бұл жағдай өндірушілер қызметіне де, сонымен қатар фармацевтік өнімдерді ресми түрде импорттаушылар қызметіне де кері әсерін тигізді. Тұтастай алғанда фармацевтік рынокқа мемлекеттің ықпалы әлсіз болды. Мұның өзі саладағы тігінен басқару жүйесінің бұзылуымен тікелей байланысты.

Шетелдік инвесторлар негізгі екі түрлі себепке байланысты Қазақстанда фармацевтік өнеркәсіпті дамытуға мүдделі болмады. Оның бірі – фармацевтік рынoктың нашарлығы болса, екіншісі – Қазақстанда фармацевтік өнеркәсіптің дамуы шетелдік тауар өндірушілер өндіретін дайын өнімдерді өткізетін рынокты жоғалтуға әкеліп соғатын еді. Қазақстан Республикасының Үкіметі 1993 жылғы 18 қарашада №1149 «Қазақстан Республикасының фармацевтік өнеркәсібін дамыту жөніндегі шаралар туралы» қаулы қабылдады. Қазақстан Республикасының фармацевтік өнеркәсібін дамытудың базасы «Алматы фармацевтік фабрикасы» АҚ-ы, «Шипа» АҚ, «Химфарм» ААҚ (Шымкент қ.), «Павлодар фармацевтік зауыты» ЖҰАҚ-ы фармацевтік кәсіпорындары мен Қазақстан Республикасының Биотехнологиялар жөніндегі ұлттық орталығының «Биомедпрепарат» АҚ, «Алматы биокомбинаты» республикалық мемлекеттік кәсіпорындары болды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің ет комбинаттары мен сүт зауыттарындағы «Ертіс» АҚ, «Қазақ Алжанта фарм» ЖШС БК, «Ромат» фармацевтік компаниясы», «Таймаз» АҚ және «Береке» АҚ медициналық препараттар зауыттары және цехтары, жекеменшік «Ромат» фирмасы (Семей қаласы), «Вита-Вент» фирмасы, «Қызыл май» фирмасы (Алматы қаласы) және т.б. фармацевтік кәсіпорындары жұмыс жасады. Сол жылдары республикада жұмыс істеп тұрған фармацевтік бағдардағы өндірістік қуаттар табиғи және моральдық жағынан ескірді. Оларда шығарылатын өнім түрлері өсімдіктер мен жануарлардан алынатын субстанциялар, сондай-ақ қарапайым дәрілердің түрлері, тұнбалар, экстрактілер, майлар, микстуралар, т.б. болды.

1997 жылы Қазақстанның 20 ет комбинатының 2-сі ғана және 2 сүт зауыты дәрілік препараттар шығарды. Олар Семей қаласындағы «Са-

рыарқа» АҚ, Павлодар қаласындағы «Ертіс» АҚ, Орал қаласындағы Батыс Қазақстан облыстық «Береке» сүт комбинаты АҚ, және Ақмола қаласындағы «Наркез» қалалық сүт зауыты. Бұл кәсіпорындар жануарлардан алынатын шикізаттан жасалатын 7 түрлі дәрі-дәрмек препараттарын шығарды. Ол бұрынғы КСРО өндіретін номенклатураның 15%-ы ғана еді. «Ертіс» АҚ-нда 1995 жылы іске қосылған медициналық препараттар зауытын (МПЗ) қоспағанда, аталған зауыттардың барлығы да жеке жобалармен салынып, 70-жылдардың басында іске қосылған болатын.

Қазақстан Республикасының «Азаматтардың денсаулығын сақтау жайлы» Заңы және «Халық денсаулығы» Қазақстан Республикасы Президентінің (1996 жылғы 16 қараша) бекіткен «Халық денсаулығы» Мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылды. 1989 жылдан республикамызда Бүкілəлемдік денсаулық сақтау ұйымының ұсынысымен туберкулезбен күресудің (DOTS) стратегиясы іске асырыла бастады. Туберкулезбен күресудің аймақтық және ұлттық бағдарламалары жасалды. 1997 жылдан бері жыл сайын республикалық және жергілікті деңгейлерде диабетке қарсы құралдарды орталықтандырылған сатып алу жүргізіледі. 1999 жылдың 26 наурызында Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ауыл тұрғындарына алғашқы дәрігерлік-санитарлық көмек көрсетуді жақсарту шаралары туралы» қаулысы жарық көрді. Мемлекетімізді дамытудың негізгі басымдықтарының бірі – денсаулық сақтау жүйесін дамыту болып табылады. «Қазақстан–2030» Даму стратегиясында халықтың денсаулығы еліміздің әлеуметтік-экономикалық деңгейінің аса мәнді сі ретінде белгіленген.

Қазақстанда қазір демографиялық жағдайға қатысты қолайлы саясат ұсталынуда. Оған жас нәрестелерге дәрі-дәрмектің тегін берілуі, Сара Назарбаеваның ұйымдастырған «Бөбек» қоры, ана мен баланы қорғауға қатысты реабилитациялық орталықтарының жұмыс жасап жатқандығы, әлеуметтік қорғау саясатының қызметіне дәлел бола алады. Алайда халықтың білместігі, ақпаратсыздығы, белсенділігінің төмендігі бұл жеңілдіктерді пайдаланбауына әкеліп соқтыруда. Ал осы фактор халықтың әлсіз жерін пайдаланушылар санын қатарын және бұл мәселені өз мүқтаждықтарына пайдаланушыларды көбейтуде. Екінші жағынан бұл мәселенің жүзеге асу механизмі қатаң қадағаланбай отыр.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі №1438 Жарлығында халық денсаулығының жай-күйін көтеру шаралары көтерілді. Соңғы жылдары Қазақстан едәуір экономикалық өсуге қол жеткізгендіктен, денсаулық сақтау саласын қаржыландыру елеулі өсті. Туудың, өлім-жітімді, өмір сүрудің орташа ұзақтығын тұрақтандыруға қол жеткізілді. Жұқпалы аурулармен ауыру төмендеген. Денсаулық сақтау саласында бірқатар реформалар жүргізіліп, олардың бір бөлігі табысты іске асырылғанымен, басқалары соңына дейін

жетпеген. Олардың қатарына міндетті медициналық сақтандыру жүйесін құруды, отбасылық медицина моделіне көшуге әрекеттенуді жатқызуға болады. Қазақстанда соңғы жылдары белгілі бір медициналық-демографиялық өзгерістер болды. Республикада халықтың саны 2003 жылы 1999 жылмен салыстырғанда 49,6 мың адамға өсті және 2004 жылдың басында 14 951,2 мың адамды құраған. 2003 жылы бала туу көрсеткіші халықтың 1000 адамына шаққанда 17,2%-ды құрап, 1999 жылмен салыстырғанда 1,2 есеге өскен. Республикада бала туудың өсу үдерісі 1999 жылдан бастап байқалған. 1999 жылдан бастап халықтың өлім-жітім коэффициентінің болмашы өсуі байқалған. Халықтың өлім-жітім құрылымында жүрек-қан тамыры, онкологиялық аурулар, жарақаттану жетекші орын алады. Өлім-жітім құрылымының көрсеткіштерін бұрмалау факторларының бірі – өлім себебін тиімді сараптау жүйесінің жоқтығы. Республика халқының болжамды орташа өмір сүру ұзақтығы соңғы 5 жыл (1999–2004 жж) ішінде тұрақтанып, 2003 жылдың соңына қарай 65,9 жасты: ерлерде – 60,5 жасты, әйелдерде – 71,5 жасты құрады.

2001 жылдан бастап ауруханалық мекемелер санының көбеюі байқалады. Айталық, олар 2001 жылы – 845, 2002 жылы – 860 болған. Дәрігерлердің саны 54,6 мыңға, орта медициналық қызметкерлер 115,0 мыңға жеткен. Дәрігерлермен қамтамасыз ету халықтың 10 мың адамына шаққанда – 36,5 пайызды, орта медициналық қызметкерлермен қамтамасыз ету – 76,9 пайызды құраған. Әлеуметтік-экономикалық ахуалдың жақсаруы және жүргізілген алдын алу, санитарлық-гигиеналық және індетке қарсы іс-шаралардың нәтижесінде республикада жұқпалы аурулардың, бірінші кезекте, ішек және басқа аса қауіпті аурулардың, сондай-ақ арнайы алдын алу құралдарымен басқарылатын қауіпті аурулардың азайғаны байқалады. Айталық, соңғы бес жыл ішінде вакцинамен басқарылатын жұқпалы аурулар тобындағы мынадай аурулар: қызылша – 58,2 есе, сіреспе – 5,0 есе, көкжөтел – 4,7 есе, дифтерия – 3,6 есе азайды. Елдің полиомиелиттен бос аумақ болып табылатынын ДДҰ мойындап отыр. Ішек жұқпалы аурулар тобында мынадай аурулар: іш сүзегі – 3,5 есе, бактериялы дизентерия – 3,1 есе, сальмонеллез – 1,7 есе, ішектің өткір жұқпалы аурулары мен «А» вирусты гепатит – 1,6 есе азайды. Өткір ішек жұқпалы аурулары бірді-екілі жағдайға дейін азайды. Аса қауіпті жекелеген жұқпалы аурулар ілуде бір тіркеледі.

Республикада санитарлық талаптар мен нормаларға сәйкес келмейтін бақылаудағы нысандар санының жыл сайын азаю үдерісі күшейіп отыр. Санитарлық талаптарға жауап бермейтін нысандардың, соның ішінде су құбырларының үлес салмағы 1999 жылғы 31,1%-дан 2003 жылы 15,1%-ға дейін, жалпы білім беру мектептерінде – 14,2%-дан 5,9%-ға дейін, балалардың мектепке дейінгі мекемелерінде – 7,6%-дан 2,7%-ға дейін, азық-түлік базарларында – 42%-дан 18%-ға дейін, қоғамдық тамақтану нысандарында – 22,2%-дан 10,5%-ға дейін, сауда нысандарында – 15,7%-дан 5,9%-ға дейін азайған. Қабылданған шараларға қарамастан, халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жөніндегі ахуал ауыр болып отыр.

Су құбырымен келетін ауыз суға республика халқының тек 75,1%-ы ғана қол жеткізуде, бірқатар өңірлерде бұл көрсеткіш 60,0%-дан аспайды. Тұтастай алғанда, ел бойынша жұмыс істемейтін (10,0%) және санитарлық нормативтерге жауап бермейтін (15,1%) су құбырларының үлес салмағы жоғары болып отыр. Халықты сапасына кепілдік берілген ауыз сумен қамтамасыз етудің қанағаттанғысыз жағдайы жыл сайын бірқатар өңірлерде індеттік жағдайлы шиеленістіріп жібереді.

Тамақ өнімдерінің нарығындағы ахуал да күрделі. Бақылау органдарының тиісті өзара іс-қимылдарының болмауына байланысты республикаға сапасыз, соның ішінде халықтың денсаулығы үшін қауіпті тамақ өнімдері көп мөлшерде әкелінуде. Отандық тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарында және қоғамдық тамақтану нысандарында тиісті өндірістік бақылаудың болмауы проблема болып отыр. Бұл сапасыз тамақ өнімдерін шығару мен сатуға әкеліп соқтырады.

Ауылдық жерлерде денсаулықты дамытудың мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларының шеңберінде 2004–2010 жылдары денсаулық сақтау нысандарын салу, қайта салу, күрделі жөндеу қарастырылған. 2005 жылы АДА (ауылдық дәрігерлік амбулатория), АУА/АА (ауылдық учаскелік аурухана/ауылдық аурухана) және аудандық емханаларды мемлекеттік мекемелер мәртебесіне көшіру ісін аяқтау көзделген. Қазақстан кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың кеңестік жүйесін мұра етіп алды және соңғы жылдар ішінде бұл салада түбегейлі өзгерістер болған жоқ. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2015 жылға дейінгі тұжырымдамасында жоғары кәсіби білімі бар мамандар мен ғылыми кадрларды даярлауға ұстанымдық көзқарастарды өзгерту көзделген. Республикада медициналық кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың сапасы және ғылыми зерттеулердің жеткіліксіз деңгейі көрінуде. Ақылы оқыту негізінде студенттерді қабылдаудың жыл сайын өсіп отыруы алаңдаушылық туғызады. Егер 1999 жылы ол 1059 адам болса (мемлекеттік тапсырыс бойынша қабылдау – 1245), 2001 жылы шарт негізінде 2 есе дерлік көп қабылданған (грант – 1345, шарт – 2190). Мұның бәрі оқу бітірушілерді даярлаудың деңгейіне ықпал етеді және көрсетілетін медициналық көмектің сапасына әсерін тигізеді.

СҰРАҚТАР:

1. 1990 жылдары әлеуметтік саладағы дағдарыстың көріністері қандай?
2. Мемлекеттің 2000 жылдардағы әлеуметтік саясатының мазмұны қандай?
3. Зейнетақы жүйесін реформалау қашан басталды және қалай жүргізілді?
4. Мемлекет тарапынан тұрғын үй мәселесін шешу бойынша қандай шаралар қабылданды?
5. Денсаулық сақтау жүйесінде қордаланып қалған мәселелердің қатарына не жатады?

4.2. Білім, ғылым, мәдениет

Білім. Қазақстан кеңестік кезеңде одақтас республикалардың бірі ретінде білім беру мен ғылымды дамыту салаларында ұйымдастырылған шаралардан тыс қалмады. Алайда Қазақстан білім мен ғылым саласында дербес саясат ұстана алмағандықтан, ұзақ жылдар бойғы өркениетті елдер тәжірибесіне назар аударылмады. Ұтымды да тиімді түстарына көңіл бөлмеді. Ақпараттық-технологиялық бағыттар назардан тыс қалды. Оқу орындарын, ғылыми-зерттеу мекемелерін мемлекет өзінің қатаң бақылауына алып, идеологиялық ұстанымды үнемі қадағалап отыруы мұндағы ғылыми-педагогикалық әлеуеттің белсенділігі мен шығармашылық ізденімпаздығына бөгет жасады. Материалдық-техникалық жабдықтауда да келеңсіздіктер орын алды.

1990 жылы республика мұғалімдерінің 81,7%-ының жоғары білімі, 4455 мұғалімнің, яғни 2,44%-ының жалпы орта білімі бар болды. Жоғары білімі бар мұғалімдердің үлес салмағы, әсіресе Ақтөбе, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Торғай және Целиноград облыстарында төмен болды (80%-дан төмен). Әртүрлі себептермен мұғалім кадрлар тұрақтамады. 90-жылдары мектептерден 23902 педагог, соның ішінде 782 жас маман кетіп қалды. Олардың 14 мыңының жоғары білімі болды. Жоғары білімі бар мұғалімдердің тұрақсыздығы — Алматы, Жамбыл, Шымкент облыстарында және Алматы қаласында ерекше айқын байқалды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары білім саласында жан ауыртар жайсыз жағдайлар да орын алды. Жергілікті билік оңтайландыру желеуімен — Білім мекемелері желісін мүлдем тұралатты. 1991 жылмен салыстырғанда 1998 жылы республикадағы мектепке дейінгі мекемелер саны 70%-ға дейін, жалпы білім беретін мектептер жүйесі 301 мектепке, интернаттық мекемелер желісі 1042-ге, мектептен тыс мекемелер саны 937-ге қысқарды. Заң бойынша адам аз қоныстанған елді мекендер бес оқушы болса да, мектеп ашу еркіне ие. 9 сыныптан кейін бала жалпы орта білім беретін мектепте қалуға, техникалық мамандық беретін училищеге (лицей) немесе басқа да орта арнаулы оқу орнына түсуге құқылы.

1997 жылы республикада 229 шағын комплектілі мектептер жабылды. Ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағынан ғана емес, рухани тұрғыдан да жұтаңдаған кезінде, мектептердің жабылуы елдің интеллектуалдық әлеуетін әлсірете түсті. Білім беретін мекеме қызметін ғана емес, мәдени-ағарту орталықтарының міндеттерін де атқарып келген ауыл мектептері кезінде ауылдың әлеуметтік-психологиялық ахуалына игі әсерін тигізгені белгілі.

Осындай дағдарысты жағдайға қарамастан Қазақстан Республикасы білім саласына үлкен маңыз берді. Себебі, елдің өсіп-өркендеуі, өркениетті өмірден өзіндік орын алуы, оның ұлттық білім деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты. Қазақстан Республикасының

Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан–2030» Даму стратегиясында білімді дамытуды ерекше атап көрсетті. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған даму стратегиясы және әрбір білім дамуының кезең-кезеңін қамтитын стратегиялық жоспарлары дайындалды.

XX ғасырдың 80-жылдарының екінші жартысында қоғамдық-саяси өмірде орын алған қайта құрулар Қазақстанның білім беру жүйесі мен ғылым саласын ұйымдастыруда да жаңа өзгерістер жасауға негіз болды. Білім реформасы 1991 жылдан бері бірнеше кезеңде жүріп жатыр. Атап айтқанда:

– реформаның бірінші кезеңі 1991–1993 жылдарды қамтыды. Тәуелсіз

Қазақстанның білім жүйесінің құқықтық негізін қалыптастыру, оны заңдық тұрғыда қамтамасыз ету мақсатында 1992 жылы «Білім туралы», 1993 жылы «Жоғарғы білім туралы» Заңдар қабылданды. Бұл заңдарда жоғары білім жүйесін реформалаудың құқықтық негізі жасалып, осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі ұстанымдары айқындалды.

– 1993–1996 жылдарды қамтыған екінші кезең, білім жүйесінің тұжырымдамалық-бағдарламалық тұрғыдағы жаңару кезеңі. Осы жылдарда білімдегі өзгеріс, жаңалықтардың нақты сипаты айқындалып, бағыт-бағдары белгіленді. Білім берудің әр саласын қамтыған 18 тұжырымдама жасалды. Білімді мемлекеттік қолдаудың – Ұлттық бағдарламасы дайындалды. Білім саласындағы мемлекеттік саясат Концепциясы, Қазақстан Республикасындағы гуманитарлық білім Концепциясы бекітілді.

– 1996–1997 жылдарды қамтыған үшінші кезеңде басқару мен қаржыландыру жүйесі жетілдірілді. Оқу орындарын қаржылай қолдаудың жаңа көздері іздестіріліп, балалмалық білім мекемелері ашылды. Басқару жүйесіндегі олқылықтарды жою мақсатында білім саласындағы мемлекеттік саясатты барлық деңгейде үйлестіріп отыратын – Білім комитеті құрылды. Оқу орындарын ғылыми-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз етіп, жаңа оқулықтар, оқу әдебиеттерін дайындаумен айналысатын – Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы ұйымдастырылды. 2000 жылдың мамыр айынан бастап осы академияның «Білім-Образование» ғылыми-педагогикалық журналы шығып тұрады.

– 1998–2000 жылдарды қамтыған төртінші кезең – білім жүйесін тұрақтандыру және оның дамуының стратегиялық бағдарлану кезеңі. 1998 жылы білім жүйесін тұрақтандыру мен дамыту мақсатында бірқатар білім орталықтары құрылды. Олар:

– білім стандарттарын әзірлеу және білім саласына бақылау жасау міндеттерін атқаратын Республикалық Мемлекеттік стандарттар орталығы;

– дарынды балалармен жұмыс жүргізетін «Дарын» республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығы;

– 1999 жылдың 23 тамызында Қазақстан Республикасы Үкіметі «Алтын белгі» туралы ережесінің бекітілуі;

– білім жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасын қамтамасыз ететін Республикалық білім жүйесін ақпараттандыру ғылыми-тәжірибелік орталығының құрылуы. Сайып келгенде, аталған құрылым мен орталықтар ғылым-білім жүйесін нығайтып, оны жаңа ақпараттық технологиялармен толықтыру ісінде берері мол.

Білім берудің бүкіл жүйесін одан әрі ақпараттандыру мақсатында ҚР Үкіметі «Қазақстан Республикасының бастауыш және орта кәсіптік білім беретін оқу орындарын ақпараттандыру бағдарламасын» бекітіп, «2002–2004 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру тұжырымдамасын» мақұлдады. 2001 жылдың сәуір айында Астана қаласында «Сорос – Қазақстан» қорымен бірлесе отырып, АҚШ, Түркия және Ресей Федерациясының ақпараттандыру және жаңа технологиялар саласындағы мамандарының қатысуымен «Білім беру жүйесін ақпараттандыру: халықаралық тәжірибе» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Осы жылдың қазан айында Алматы қаласында «Қазақстандық білімді ақпараттандыру: XXI ғасырға қадам» атты халықаралық форум өткізілді. Оның жұмысына әртүрлі елдер мен халықаралық қоғамдық ұйымдардан 350 өкіл қатысты. Білім жүйесінің өзекті мәселелері қозғалды.

Білім беру саласы 2001 жылдан реформаның бесінші кезеңіне аяқ басты. 12 жылдық орта білім беруге көшу, білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру, отандық білім беру ісін әлемдік білім беру кеңістігіне оңтайлы кіріктіру, жаңа ақпараттық және озық кредиттік технологияларды оқу-тәрбие үдерісіне енгізу және басқа да күрделі өзгерістер бесінші кезең еншісінде. Бастысы, әрине білім мазмұны мен сапасына маңыз беріліп, кәсіби маман дайындаудың тиімді тұстарын жүйелі жүргізудің басым бағыттары айқындалды.

XXI ғасыр – телекоммуникациялық жүйелер мен қоғамды ақпараттандыру ғасыры. Еліміздегі уақытша қиыншылықтың желеуімен осындай аукымды үдерістен жастарды шет қалдыруға болмайтын еді. Сондықтан барлық жалпы білім беретін мектептер толық компьютерлендірілді. 2001 жылдың 3 желтоқсанына дейін 857 мектеп Ғаламтор жүйесіне қосылды. Білім беру ісін басқаруды ақпараттандыру жүйесінің бірінші кезеңі аяқталды.

Мектептердегі компьютерлендіру үдерісі – 2001 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығы қарсаңында аяқталды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес бастауыш сынып мұғалімдерінің апталық жұмыс уақыты 20 сағаттан 18 сағатқа дейін түсірілді. Балабақшалардағы мектепке дейінгі оқыту бөлімдері және мектептердегі дайындық сыныптары үшін де осындай уақыт деңгейі қарастырылған. Мұғалімдерге еңбек демалысы уақытында денсаулығын жақсарту үшін жәрдемақы төленетін болды. «Үздік ұстаз» атағын алғандар үшін айлық есептік көрсеткіштің мың есесі деңгейінде аукымды мемлекеттік грант беріледі. Бұған басқа да әлеуметтік аукымды жеңілдіктер қосылған. Мектептер мен балабақшалардың ғимаратта-

рын салу және жөндеу секілді ауқымды жұмыстардан тысқары сол білім ордаларындағы оқу кабинеттері осы заманғы интерактивті жабдықтармен қамтылды. Елімізде оқу барысы ақпараттық-коммуникациялық технологиямен қамтылды.

Республикада сабаққа қатыспайтын балалар да болды. 2001 жылғы 15 қарашаға дейінгі мәлімет бойынша 10 күннен астам мектепке бармаған 741 оқушы болған. Олар, негізінен тұрмысы нашар отбасы балалары. Мектепке бармаудың негізгі себептері: көші-қон, ізделуде, тергеуде жүру, оқығысы келмеу, қажетті білім беру ұйымдарының, киім мен аяқ киімнің болмауы.

Ауылдық білім беру ұйымдарының жұмысын жақсарту, әрі ауыл мектептерінің материалдық-техникалық жағдайын нығайту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметі 2003 жылғы 4 ақпанда «Ауыл мектебі» бағдарламасын бекітті. 2005 жылғы мәлімет бойынша, бастауыш біліммен республика халқы толық қамтылды. Дегенмен, ересек тұрғындардың 8,3%-ы орта мектепті бітірмеді.

Егер осы бағыттағы мемлекет қамқорлығын айтар болсақ, 2006 жылы ғана мектептерді 353 лингафондық мультимедиа кабинетімен және 747 физика кабинетімен жабдықтау үшін республикалық және жергілікті бюджеттен 6 миллиард теңгенің сыртында қаржы бөлінді. Ғаламторға қосылған мектептердің саны жыл сайын артып келеді. Бүгінгі таңда еліміздің барлық мектептерінің 97 пайызы ғаламторға қосылып, осы арқылы өмірдің кез келген саласынан көптеген ақпараттар жинауға мүмкіндік жасалған. Ал қашықтықтан оқытуды өндіріске енгізуге байланысты, оқыту теледидарын пайдалануға орай және оқытушылар мен оқушылардың білім порталы қорына ену мүмкіндігі жақсаруы үшін республика мектептерінде ғаламтордың кең ауқымды, шапшаң түрін пайдалануға мүмкіндік туды. Тек соңғы айда ғана 10 мың мектепте интерактивті оқыту жүйесін енгізуге орай техникалық мүмкіндігі бар мектептерде ғаламтордың кең ауқымды шапшаң жүйесі пайдалануға берілді. 2006 жылы Қазақстанда тұңғыш рет мемлекет басшысының қатысуымен жалпы білім беретін мектептер үшін онлайн төртібіндегі интерактивті сабақ өтті. Оқушылар Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен тікелей сұхбаттасуға мүмкіндік алды. Олар мектеп, елдің болашағы, республикамыздың түкпір-түкпіріндегі даму барысы жайлы ой бөлісті. 2006 жылы алыс ауылдар мен селолардағы 34535 оқушыны мектепке жеткізу үшін 803 автобус бөлінді.

2006 жылдың 1 наурызында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев халықтың алдына 2015 жылға қарай бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу туралы міндет қойды. Бұл стратегия ел үшін маңызды және қоғамның барлық салаларына қатысты. Әсіресе, білім беру мен ғылымды дамыту бәсекеге қабілеттіліктің бірден-бір белгісі. Алайда еліміздің алдына қойылып отырған міндеттің өзіндік қиындығы да бар. Әлемдік экономикалық форумның 2006 жылғы жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі бойынша Қазақстан әлемнің дамыған елінен онша қашық тұрған жоқ, 56-орында.

Мемлекеттің жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі тығыз «бағанда» анықталады. Соның бірі тікелей білім саласына қатысты. Ол білімнің сандық жағы (оқушылардың орта және жоғарғы оқу орындарына қамтылуы) мен білім сапасын (білім жүйесінің сапасы, математика және жаратылыстану ғылымларын оқыту сапасы) қамтиды. Сонымен қатар арнаулы ғылыми қызмет пен мамандар дайындау, кадр дайындау деңгейі, т.т. ескеріледі. Алайда қандай жоғары деңгейдегі жоғарғы оқу орыны болсын, жалпы орта білім саласы бүгінгі талаптарға сай келмейтін болса, еліміздің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан орта мектептің білім беру деңгейі мен сапасына техникалық мамандар дайындайтын училищелер мен колледждерде жастарды мамандыққа дайындауға баса мән берілуі қажет.

2005–2006 жылдары республикада орта білім беретін 7802 мемлекеттік мектеп, 133 мемлекеттік емес, 78 кешкі мектеп жұмыс жасады, онда 2,7 млн адам оқыды. 320 кәсіптік мектеп пен лицейде және 510 колледжде 559,6 мың адам оқыды. Кеңестік кезеңде қазақ мектептерінің саны күрт азайып, қазақ ұлтының балалары өз ана тілінде білім алу мүмкіндігі шектелген болатын. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бергі уақытта осы олқылықты толтыру мақсатында қазақ мектептеріне басымдық берілуде. 1991 жылдан қазақ мектептерінің саны 811-ге өсті. Қазір Қазақстандағы мектептердің 3716-сы немесе 45,2%-ы ұлттық мектептер. 2073-і қазақ және орыс тілдерінде білім беретін аралас мектептер. Біздіңше, бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Бір ғана «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы аясында ұлттық мектепке, оңдағы білім мазмұны мен сапасына айтарлықтай маңыз берілуде. Оқулық пен оқу құралдарының сапалық қырларына да назар аударылуда.

Біздің елімізде әртүрлі себептерден ата-ана, отбасы жылуын көре алмай жүрген балалар бар. Білім және ғылым министрі Ж. Түймебаев «2007–2011 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бағдарламасының жүзеге асыру барысы туралы» баяндамасында осы және өзге де мәселелерге кеңінен тоқталып өтті. Қазіргі таңда елімізде 46 мың 126 жетім баланың бар екенін, олардың 16 мыңы балалар үйлері мен интернаттарда, 28 мыңы қамқоршылықта, сондай-ақ 2005 отбасында патронаттық асырап алу бойынша тәрбиеленуде екен. Белгілі болғандай, қазіргі таңда балалар үйінің саны 159-ға жеткен. Жылына бір балаға кететін қаржы 773 мың теңге болса, бұл 2006 жылмен салыстырғанда 2 еседе көбейген. Осы ретте Жансейіт Түймебаев зайырлы қоғамда балалар үйлері болмағаны дұрыс деген өзінің пікірін де ортаға салды. Балаларды патронаттық тәрбиеге алу үшін мыңнан астам отбасы кезекке тұрса, бір балаға жұмсалатын қаржы 25 мың, ал тәрбиеге алушыға 400 теңгелік жалақы тағайындалады екен. Жоғарыда аталып өткен бағдарламаны жүзеге асыру екі кезеңнен тұрады: 1-кезең – 2007–2009 жылдар; 2-кезең – 2010–2011 жылдар. Бағдарлама мақсаты – балалардың өмір сүру сапасын әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз ету арқылы жақсарту.

2009 жылы қаңтар айында Астанада Түңғыш Президенттің бірінші интеллектуалдық мектебі ашылды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2009 жылдың 6 наурызындағы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» деген халыққа Жолдауында: «Біздің адамдарымыз оқып-үйренуге тиіс, бүкіл әлемде адамдар өмір бойы оқумен өтеді. Мына жағдайда қайта оқуға, сөйтіп бүгін қажет болып отырған мамандықты игеруге мүмкіндік те бар, қажеттілік те бар» деп әлемдік дағдарыс жағдайында қазіргі оқу орындарының базасында сұранысқа ие мамандықтарға адамдарды қайта даярлау қажеттігін баса айтты.

2009 жылы 1 қыркүйекте «100 мектеп» бағдарламасы бойынша 25 мектеп, 58 жаңа балабақша пайдалануға берілді. 2009 жылы орта оқу орындарын жөндеуден өткізуге 27 миллиард теңге бөлінді. 2 мыңға жуық мектепке жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 5 мың мектеп ағымдағы жөндеуден өтті. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасы Түңғыш Президентінің интеллектуальдық мектептері Көкшетау мен Семей қалаларында ашылды. Мұның бәрі, сөз жоқ, ұлттық бағыттарға негізделген. Жас ұрпақтың жүйелі білім алып, кәсіби маман болуы, елге қызмет етуі көзделген. Бұл бағыттарда да жемісті жетістіктер болары хақ.

Азия дамыту Банкі ұйымдастырған «Білім және кәсіби дағды: Азия мен Тынық мұхиты аймағындағы елдерді жеделдетіп дамыту стратегиясы» зерттеуінің нәтижесі бойынша, Қазақстан Азия елдері ішінде білім дамуы индексі бойынша 1-орынды иеленді (EDI). Қазақстан 177 елдің ішінде сауаттылық деңгейі бойынша 14 орынға табан тіреді, бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексіндегі ғылыми көрсеткіші өсті. «Бастауыш білімді қамту», «Ересектердің сауаттылық деңгейі», «Гендерлік индекс», «Бастауыш сыныптық білімі барлар үлесі» сияқты көрсеткіштер бойынша бірқатар елдерді басып озды.

Білім беру саласында проблемалар да бар. 2010 жылғы 1 қаңтардағы есеп бойынша, қазір республикада 373,1 мың баладан тұратын 4972 мектепке дейінгі мекеме жұмыс істейді. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың 38,7%-ын ғана қамтиды. Бір қуантарлығы, ауылдық мектептерде ашылған 2969 шағын орталықта бұрын балабақша есігін ашпаған, әлеуметтік жағынан аз қамтылған ауыл отбасынан 75872 бала тәрбиеленіп келеді. Жалпы айтсақ, қазіргі кезде 2003 балабақшада 297,2 мың бала бар. Мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшамен қамтудың жоғары көрсеткіштері Қостанай (90,3%), Қарағанды (69,6%), Ақтөбе (64,3%) облыстарында, ал төмен көрсеткіштері Оңтүстік Қазақстан (14,4%) және Алматы (21,5%) облыстарында байқалуда. 2009 жылға дейін балабақшаға кезекте тұрған балалардың саны – 260 мыңға жетіп жығылады. Әсіресе, балабақшаға деген сұраныс Оңтүстік Қазақстан облысында (33,5 мың) және Алматы (22,2 мың) мен Астана (31,5 мың) қалаларында ерекше артып отыр. Демек, бала тәрбиесі, олардың дұрыс қалыптасып, өсіп-есеюі – ата-ананың ғана емес, мемлекеттің де

жауапкершілігін еселеп арттыра түседі. Өйткені ұлт пен ұрпақ мәселесі қай кезеңде де маңызды фактор болып табылады.

Кез – келген ел экономикасының қарқынды дамуын қамтамасыз ететін жоғары білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын даярлау – негізгі басымды бағыттардың бірі болып саналады. Содан да болса керек, ЮНЕСКО техникалық және кәсіптік білімге баса назар аударса, БҰҰ Декларациясы оны мыңжылдық даму мақсатына жатқызды. Бәсекеге қабілетті ел елдің қатарына кіруді алға қойған Қазақстан да осы бағытта елімізде 2008–2012 жылдарға арналған техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын қабылдап, негізгі міндеттерді айқындады. Елбасы Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларында кәсіптік және техникалық білім берудің маңыздылығына ерекше мән беріп, оған жаңаша көзқарас қажеттігін баса айтып жүр. 2006 жылдың желтоқсанында өткен шетелдік инвесторлар Кеңесінің 16-отырысында Президент Үкіметке осы мәселеге қатысты мемлекеттік бағдарлама әзірлеуді тапсырды. «Атамекен Одағы» Ұлттық экономикалық палатасы, мемлекеттік органдар мен холдингтер өкілдері, дүниежүзілік банк сарапшылары, жұмыс берушілер мен ғалымдардан тұратын жұмысшы тобы үш жылға жуық уақыт бойы осы бағдарламаны әзірледі. Техникалық және кәсіптік білім берудің тиімділігі жоғары ұлттық жүйесін қалыптастыру – ел экономикасының қарқынды дамуының негізгі факторы, жастардың жұмыспен қамтылуына жағдай жасау арқылы Қазақстан қоғамының әлеуметтік тұрақтылығын сақтау болып табылады. Отандық экономиканың жоғары технологиялық салалары мамандандырылған еңбек ресурсын және дамыған ғылыми-техникалық базаны қажет етеді.

Қазіргі күні кәсіптік мектептер мен колледждердің әрбір төртінші шәкірті техникалық және ауыл шаруашылық мамандықтары бойынша білім алып жатыр. Яғни, дәнекерлеуші, қырнаушы (токарь), крандшы, ауыл шаруашылық техникаларының дәнекерші ұстасы, жарық жөндеуші мамандары жетіспейді. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, 2010 жылға қарай техникалық және қызмет көрсету еңбегі мамандықтарына кадр жетіспеушілігі 560 мың адам деңгейінде сақталады.

Кәсіптік-техникалық салада іргелі өзгерістер 90-жылдардың басында басталды. Сол кезеңдерден бастап, аталмыш сала жергілікті атқарушы биліктің құзырына беріліп, техникалық және кәсіптік оқу орындарының саны жаппай қысқартылды. Кәсіптік мектептерде оқитындар күрт азайды. Мысалы, 2000 жылдары кәсіптік мектептерде оқитындар саны екі жарым есеге, ал колледждерде екі есеге азайды. Ауылдық жерлердегі жағдай тіптен өршіді. Бірқатар елді мекендерде кәсіптік білім беретін мектептер мен жатақханалар жекеменшікке өтіп кетсе, кейбіреулері жабылды. Бір ғана мысал келтірсек, бұрын 23 кәсіптік-техникалық мектеп болған Жамбыл облысында тек біреу ғана қалған. Орталық үйлестіруші басқару органының назарынан тыс қалған кәсіптік және техникалық мектептер мен колледждер өз күнін өздері көруге тура келді.

Жергілікті атқарушы орган оны бақылаудан шығарып алды. Қазіргі күні сол олқылықтың орнын толтырып, көсіптік және техникалық білім беру жүйесін жандандыру қолға алынып отыр. Дегенмен, 90-жылдардағы қалпын сақтап қала алған аймақтар да бар (Батыс Қазақстан және бұрынғы Талдықорған облыстары). Бүгінде Ақмола облысында жағдай біршама түзеліп келеді. Өткен жылы Ақтөбе облысында құрылыс саласына мамандар даярлайтын екі колледж ашылды. Жамбыл облысында да мемлекеттік көп салалы колледж бен көсіптік мектеп оқушыларды қабылдады. Қостанай, Қарағанды, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы және Астана қалаларындағы жабылған жоғары оқу орындары мен олардың филиалдары негізінде тоғыз көсіптік-техникалық білім мекемесі іске қосылды.

2007 жылғы 1 қаңтардағы мәліметтер бойынша, елімізде техникалық және қызмет көрсету еңбегі саласына мамандар дайындау бойынша 320 көсіптік мектеп пен 510 колледж айналысады. Оларда барлығы 600 мыңға жуық бала оқиды екен. Мемлекет қазынасынан қаржыландырылатын көсіптік мектептерде оқитындар саны жалпы көрсеткіштің 93 пайызын құрайды. Ал колледждерде бюджетте оқитындар саны анағұрлым аз. Яғни, техникалық және көсіптік білім беруді жетілдіру арқылы 12 жылдық білім беруге көшуді ескере отырып, жалпы орта білім берудің кіріктірілген білім беру бағдарламаларын әзірлеп, іске асыру міндеті тұр.

Соңғы он бес жылда бюджеттен қаржының тұрақты бөлінбеуі техникалық-материалдық базаның ескіруіне, қызмет көрсету сапасының құлдырауына әкеп соқтырды. Жалпы, елімізде сұраныс пен ұсыныстың сәйкессіздігінен жыл сайын 21 мыңға дейін жұмыс орны бос қалады. Бұған техникалық және қызмет көрсету еңбегіндегі жағдайды алдын ала болжаудың жоқтығы да кері әсерін тигізуде. Бағдарламада жаңа білім беру бағдарламаларын, оқытудың ақпараттық, интерактивтік, дистанциялық технологияларын енгізу үшін педагогика қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, өндірістік оқытып-үйрету шеберлерінің отандық және шетелдік өндіріс орындарында тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру қарастырылып отыр. Сонымен қатар техникалық және көсіптік білім беру ұйымдарында жұмыс істеу үшін техникалық мамандықтар бойынша мемлекеттік білім беру гранттарын бөлу есебінен жоғары оқу орындарында мамандар даярланатын болады. Бұл көсіптік және техникалық білім беру саласында мамандарды даярлау және қайта дайындықтан өткізуде халықаралық ынтымақтастық туралы бірқатар шетелдік ұйымдармен келісім-шартқа қол жеткізілді. Мәселен, Еуропалық білім қоры (ЕФО), Рогаланд округының көсіптік оқу және даярлау орталығы (Норвегия), In Went біліктілікті арттыру және дамуды қолдау халықаралық орталығы (Германия), Адам ресурстарын дамыту қызметі (HRD, Корея), т.б. бар. Осы келісім-шарттар негізінде үш жүзден астам қазақстандық оқытушылар мен ұстаздар шетелдерге шығып, тәжірибе жинақтап келеді. Тәжірибе көрсеткеніндей, алыс-жа-

қын шетелдерде болған оқытушы-ұстаздар ел-жер көрумен ғана шектелмей, белгілі бір мамандықтар төңірегінде кәсіби тұрғыдан шыңдалып, ондағы озық технологиялармен танысады. Өзара салыстырулар жасайды. Жаңа көзқарастар қалыптастырады, оны жүзеге асыруға батыл қадамдар жасайды.

2007 жылдың ақпан айында Білім және ғылым министрлігі жанынан техникалық және кәсіптік білім беру департаменті құрылды. Үкіметтің қолдауымен осы саланы дағдарыстан шығарудың бірінші кезекті іс-шараларының жоспары бекітілді. 2008 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Шағын кәсіпкерлік қоры» АҚ-мен келісімшартқа отырып, жоғары және кәсіптік оқу орындарында оқитын 500 студентті оқу-өндірістік тәжірибеден өткізіп, еңбегі үшін ақша төлейтін болып келісті. Және бос орындар жәрмеңкесін өткізіп, 1000-нан астам түлектерді жұмысқа орналастыратын болды. Бұған дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ, «Қазпошта» АҚ, «Атамекен» одағы, «Кнауф Гипс Қаратау» ЖШС, «Kazenergy» қауымдастығы» ҰК АҚ, Шығыс Қазақстан облысы әкімі мен «Азия Авто» АҚ, сондай-ақ Алматы қаласы мен Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Жамбыл облыстарының әкімдерімен осындай келісімшарттарға отырған болатын. ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігімен бірлесіп, табиғи көздерді пайдаланушылардың орта білім жүйесінің басым міндеттерін қаржыландыруға арналған ақшасын пайдалану жөніндегі бірлескен комиссия құрылып, құрамы анықталды.

Техникалық және кәсіптік білімді дамыту мәселелері 2009 жылғы 27 – наурызда «Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білімді дамытудың 2008–2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету» туралы Парламенттік тыңдалымда қаралды. 2009 жылы 24 техникалық және кәсіптік оқу орны Ұлыбритандық колледждермен, оның ішінде Кембридж аймақтық колледжімен ынтымақтастық жөнінде 14 колледж келісімге қол қойды. ҚР Білім және ғылым министрлігі «UCPMI» (Франция) Консорд Консалтинг тобымен және GEMCO INTERNATIONAL BV компаниясымен және FONTYS (Голландия) қолданбалы ғылымдар университетімен екі ынтымақтастық ниет білдіру хаттамасына қол қойды. «Жол картасын» іске асыру шеңберінде оқу орындары базасында 100 926 адамды даярлау мен қайта даярлауға 10 млрд 783 млн теңге қарастырылса, облыстық, Астана және Алматы қалалары әкімдіктерінің 2009 жылдың 25 желтоқсанындағы мәліметі бойынша, 9 млрд 470 млн теңгеге 95,6 мың адамды даярлау және қайта даярлау курстарымен қамтыған. Соның ішінде жұмыссыздарды қайта даярлау үшін – 64,6 мың адам, мемлекеттік тапсырыс бойынша кадрларды даярлау үшін – 20,2 мың адам, шетел мамандарын қазақстандық кадрлармен алмастыру үшін – 10,8 мың адам есепке алынған. 2009 жылдың соңына дейін қайта даярлау курсын 74,4 мың адам аяқтап, олардың 39,3 мыңы жұмыспен қамтылды.

Жоғары оқу орындары. Жоғары оқу орындарының жүйесінде ағарту, өнеркәсіп пен құрылыс, ауыл шаруашылығы салалық топтары жетекші орын алды. Бұл өбден орынды да еді. Өйткені Қазақстанның экономикалық өмірінде ауыр индустрия мен аграрлық сектор зор маңызға ие болып қала берді. Ал жастарға толық орта білім беру кеңестік мәдени саясаттың басты буыны деп есептелді. 1990 жылы республика жоғары оқу орындарының 76%-ы аталған үш салалық топтан тұрды. Студенттердің басым бөлігі өнеркәсіп пен құрылыс, ауыл шаруашылығы, ағарту мамандықтарын оқыды. Айталық, 1990 жылы Қазақстан студенттерінің 39,7%-ын педагогикалық институттарда оқитындар құраса, 28,6%-ы өнеркәсіп пен құрылыс мамандықтарын, 13,7%-ы ауыл шаруашылығы маманлықтарын таңдаған екен. Осылайша, әрбір он студенттің сегізі болашақ мұғалім, ауыл шаруашылық маманы, немесе өнеркәсіп пен құрылыстағы инженерлік-техникалық интеллигенция өкілі еді.

1989–1990 оқу жылында Қазақстандағы 55 жоғары білім беретін оқу орындарында 200-дей мамандық бойынша әртүрлі саланың өкілдері дайындалды. Жоғары мектеп жүйесінің кеңеюі еліміздегі әр салада қызмет жасайтын мамандар арасындағы жоғары білімділер санын арттырды. 80-жылдардың аяғында республикадағы жұмыс істейтін әрбір 10 мың адамға шаққанда 455 жоғары білімді маманнан келген екен (КСРО бойынша көрсеткіш – 547 адам). Бұл көрсеткішті аймақтар бойынша салыстырсақ, Алматы қаласында – 1159, Қарағанды облысында – 477, Шығыс Қазақстан облысында – 460, Қызылорда облысында – 436, ал ең төменгі көрсеткіш Көкшетау, Талдықорған облыстарында – 355, 347 жоғары білімді маманнан келді.

Қазақстан экономикасының дамуындағы қалыптасқан тенденциялар жалпы жоғары білім дамуына да теріс әсерін тигізді. Өнеркәсіп тарапынан жаңа технология мен жаңа машиналарға деген сұраныстың болмауы себепті, тоқырау жылдары машина құрылысы, робот техникасы, жаңа материалдар жасау бағыттарының даму мүмкіндігі пайдаланылмай қалды. Яғни, Қазақстан үшін білікті мамандар даярлау саясатындағы кездескен олқылықтардың бірі облыс орталықтарында педагогикалық институттарды ашу «дәстүрге» айналып жатқан кезде, есесіне ғылым мен техниканың озат үлгілерін өндіріске енгізетін мамандар даярлау назардан тыс қалып қойды. Мәдениет пен өнерге қатысты жоғары оқу орындары мейлінше аз болса, әскери және дипломатиялық мамандар даярлайтын оқу орындары жайлы да осыны айтуға болатын еді. Кеңес дәуірінде Қазақстанда университеттік білім беру жүйесі қалыптаспады. 19 облысы бар республика үшін 2 университеттің (Алматы мен Қарағандыда) ғана қызмет жасап тұруын кол жеткізген табыстан гөрі, теріс саясаттың салқыны деген дұрыс шығар. Жаңа университеттерді ашу ісі толықтай Мәскеудің қолында болғандықтан, мұндағы мәселе шешілмеген күйінде қала берді.

80-жылдардың аяғына таман Қазақстандағы барлық 40,5 мың ғылыми қызметкерлердің 902-сі (2,2%) ғылым докторлары және 14,2 мыңы

(35%) ғылым кандидаттары болды. Олардың 15,9 мыңы ғылыми мекемелерде қызмет жасады, соның ішінде ондағы ғылым докторлары мен кандидаттарының үлесі тиісінше 390 (2,4%) және 4,2 мың (27%) болды. Ал жоғары оқу орындарындағы 21,9 мың (54%) ғылыми қызметкерлердің 477-сінің (2,2%) ғылым докторы және 8,3 мыңының (38%) ғылым кандидаттары деген атақтары болған екен.

Ғылыми кадрлардың өсуі елдің жалпы білім және ғылыми әлеуетінің дамуымен тығыз байланысты болғанмен, ғылыми-педагогикалық кадрлардың аймақтық орналасуы әлі біркелкі емес еді. Олардың басым бөлігі оңтүстік өңірде шоғырланды. 90-жылдар басында жоғары оқу орнындағы ғылыми-педагогикалық кадрлардың 51%-дан астамы Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Талдықорған облыстары мен Алматы қаласында еңбек етті, 14%-ы Қарағанды мен Жезқазған облыстарында, 8%-ы Семей мен Шығыс Қазақстан облыстарында, 6%-ы Қазақстанның батыс өңірінде, қалғаны (21%) Солтүстік өңірде еді. Жоғары мектептегі ғылым докторларының жартысынан көбі (54%), ғылым кандидаттарының жартысына жуығы (40%) бір ғана Алматы қаласында тұрып жатты. Осы жайттарды еске алған түста, кеңестік жүйе кезінде білім-ғылым ісіне жіті көңіл бөлінбегені, ұлттық кадрлардың жүйелі даярланбағаны, маңызды мамандықтарға жеткілікті дәрежеде назар аударылмағаны аңғарылар еді. Империялық жүйенің әлеуметтік-экономикалық бағыттармен бірге білім-ғылым жүйесін өзінің ұысында ұстағаны жасырын емес.

Жоғары білім беруді одан әрі жетілдіру, мамандар мен ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлаудың аймақтық университет жүйесін дамыту мақсатында республика Министрлер Кабинеті 1994 жылға бөлінген қаражат шегінде, қаржыландырудың қолданылып жүрген тәртібін сақтай отырып өзінің қаулысымен С. Сейфуллин атындағы Ақмола педагогикалық институтын – Ақмола университеті етіп қайта құрды. Осы шара аясында Х. Досмұхамедов атындағы Атырау педагогика институты – Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар педагогикалық институты – Павлодар мемлекеттік университеті, К.Ушинский атындағы Петропавл педагогика институты – Солтүстік Қазақстан университеті, І. Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогика институты – І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті болып қайта құрылды. Жоғары білімді мамандар мен ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлайтын осы 5 жаңа аймақтық университет құрылғаннан кейінгі жерде бүкіл республика іс жүзінде университеттік жүйемен қамтылды. Бұдан бұрын мұндай жоғары буынды оқу орындары Алматыда, Қарағандыда, Қостанайда, Түркістан мен Өскеменде ашылған болатын.

Жоғары білім беру жүйесінде болған жаңа үлгілердің арасында 1992 жылы негізі қаланған Қазақстан менеджмент, экономика және болжау (ҚМЭБИ) институтының ашылуын атап көрсетуге болады. Оның басты үш факультетінде іскерлік әкімшілдік, қоғамдық ғылымдар және

қоғамдық басқару жөніндегі бағдарламалар жұмыс істеді. Мұнда әлемнің әртүрлі елдерінен: Дания, Франция, Оңтүстік Корея, Ұлыбритания және АҚШ-тан келген оқытушылар дәріс берді. Институтқа Еуропа одағының ТАС 18 Бағдарламасы, Британияның «Ноу-хау» қоры, ЮСАИД секілді ұйымдар, сондай-ақ көптеген демеушілер қаржылай қолдау көрсетті.

1993 жылы үкімет жеке меншік университеттер ашуға заң жүзінде рұқсат бергеннен кейін олардың саны өсті. Университеттер, академиялар мен институттар көбейді. 1994 жылы Алматыда жоғары өкімет билігі үшін мамандар даярлауға тиіс Қазақстан Ұлттық жоғары мемлекеттік басқару мектебі ашылып, ол 1998 жылы 18 қыркүйекте Президенттің Жарлығымен Мемлекеттік қызмет Академиясы болып қайта құрылды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік университетінде, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде, Қазақ мемлекеттік басқару академиясында, Қазақ Ұлттық техникалық университетінде, Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде және т.б. оқу орындарында тәжірибелік негізде жоғары білім берудің көп сатылы құрылымы енгізілді. 1997 жылы Қазақстан Республикасының жоғары білім жүйесінде 83 мемлекеттік емес жоғары оқу орны, 57 мемлекеттік жоғары оқу орны, оның ішінде 27 университет, 9 оқу академиясы, 2 автономиялық университет: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жұмыс істеді.

1999–2000 оқу жылы қарсаңында елімізде жұмыс істеген 163 жоғары оқу орындарында 365,4 мың студент білім алды. Барлық студенттердің 223 мыңы немесе 61%-ы мемлекеттік оқу мекемелерінде ақылы негізде және жеке меншік ЖОО-да оқыды. 1998–99 жылмен салыстырғанда студенттердің жалпы саны 46,6 мың адамға немесе 15%-ға артты. Мемлекеттік жоғары мектептердегі барлық студенттердің 49%-ы ақылы негізде білім алса, ал 1999/2000 оқу жылында 1 курсқа қабылданған талапкерлер арасында мұндай студенттер үлесі 73%-ға жетті. Егер 1995 жылы елімізде 41 мемлекеттік емес жоғары оқу орындары болса, 1999 жылы олардың қатары 106-ға, XX ғасырдың 90-жылдарындағы жағдайға тұтастай талдау жасағанда Қазақстан Республикасы білім беру саласында айтарлықтай табыстарға жетті деген қорытынды жасауға болады. Халық санағының мәліметтері бойынша, 1999 жылы Қазақстанда халықтың 12,4%-ның – жоғары білімі, 22,3%-ының – арнаулы орта, 36,8%-ының – жалпы орта, 18,1%-ының – негізгі жалпы, 7,5%-ының бастауыш білімдері болған.

Қазақстан Республикасы Үкіметі білім саласына қатысты бірқатар ережелерді бекітті. 1999 жылдың 20 шілдесінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен жоғары оқу орындарында мамандар даярлауды несиелендіру ережесі бекітілді. Жастар мемлекеттік білім несиесін алып, мамандық беретін оқу орындарын өздері таңдайтын болды. Мақсатты, кепілдіксіз несие шарт жасалған күннен бастап он бес жыл

мерзімге есептелді. Республиканың жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау ісін несиелеу жұмысымен 2000 жылдың қазан айына дейін «Тұран Әлем» ашық акционерлік қоғамы шұғылданып келді. Бұдан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанынан құрылған – «Қаржы Орталығы» тікелей айналысады.

Білім беру саласын жекешелендірумен тым әуестенудің, асыра сілтеудің нәтижесінде шаруашылыққа үлкен нұқсан келді. Оқу сапасының төмендігі, ақылы түрде білім беретін оқу орындарының төлемінің жоғары деңгейде болуы, білім ақысы мен беретін білім деңгейі талапқа сай келмейтін оқу орындарының шектен тыс көбею тенденциясы байқалды.

Қазақстандағы білім беру жүйесі жаңа әлеуметтік-саяси өзгерістерге бейімделе бастады. Экономикалық дағдарыс қоғамның барлық саласын, оның ішінде білім саласының барлық деңгейлерінен көрініс тапты. Мемлекеттің білім саласына жұмсайтын шығыны жыл сайын кеми берді. Мысалы: 1990 жылы 6%-дан, 2000 жылы 3,5%-ға қысқарды. Мемлекет бюджетінен бөлінетін қаржы 1993 жылы – 8,1% болса, 1998 жылы – 6,3%, 1999 жылы – 4%-ды құрады.

Ұлттық білім жүйесінің жаңа құрылымы Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабына және 1997 жылы ЮНЕСКО ұсынған білімнің Халықаралық Стандарттық Жіктемесіне сәйкес түзілді. Үздіксіздік пен сабақтастық ұстанымдарына негізделген білім берудің мектепке дейінгі тәрбие мен оқу, орта білім, жоғары білім, жоғары білімнен кейінгі білім деңгейі қалыптасты.

2000 жылдан еліміздегі жоғары оқу орындары желісін оңтайландыру үдерісі қолға алынды. «Жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі №648 бұйрығына сәйкес еліміздің 8 мемлекеттік жоғары оқу орындарына ерекше «ұлттық» мәртебесі берілді. Олар: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Қазақ ұлттық музыка академиясы.

2001 жылы Астанада М.В Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің филиалы ашылды. Сынақ қорытындысы бойынша оған 99 студент қабылданды. Астанада ММУ филиалының ашылуы мен жұмыс істеуі студенттердің ММУ-дің оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша білім алуына мүмкіндік берді. Олар бір жылдай тиісті пәндерді меңгеріп, ММУ-дің өзінде диплом жұмыстарын жазып, еңбектерін Мәскеудегі Мемлекеттік сынақ комиссиясының мәжілісінде қорғай алатын болды. ММУ-ді аяқтағаны туралы құжат алғаннан кейін олардың осы университеттің магистратурасы мен аспирантурасында

оқуын жалғастыруға, өз еңбектерін осындағы журналдар мен жинақтарда жариялауға құқы бар.

Президент жарлығымен 2003 жылғы қыркүйекте Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетіне де Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мәртебесі берілді. Білім-ғылым жүйесінен жоғары жауапкершілік талап етілді.

2005 жылы әрбір төртінші жас қазақстандық жоғары оқу орындарында оқып жатты немесе олардың жоғары білімді дипломы бар еді. Тәуелсіздік алған алғашқы кезде республикадағы білім беру қызметі көп жағдайда бытыраңқы дамып, оны басқару мен жоспарлаудың өзі қиын болды. Студенттердің саны да жыл сайын көбейе түсті. Егер 1990 жылы еліміздегі әрбір 10 мың адамға 170 студенттен келсе, 2001 жылы 347 студент, ал 2005 жылы оның көлемі 510-ға дейін өсті. 2000–2005 жылдар аралығында жоғары оқу орындарынан мамандық алып шыққан түлектердің саны елдегі әрбір 10 мың адамға шаққанда 50-ден 101-ге дейін жетті.

Мемлекеттік емес жоғары оқу орындары саны өсіп, 2005 жылы 130-ға дейін жетті. Оларда оқитын студенттер саны – 378955-ке жетті. Демек, республикадағы барлық студенттердің жартысына жуығы. 2005–2006 оқу жылында Қазақстандағы жоғары мектептердің – 71,8%-ы мемлекеттік емес, яғни жеке меншік оқу орындары болды.

Осылайша, оқу орындары жүйесін кеңейту және студенттер санын көбейту арқылы жоғары білім беретін жеке меншік оқу орындары білім беру нарығында үстемдік құра бастады. Қазақстан Республикасының әр облысында жоқ дегенде бір ЖОО мемлекеттік емес және ол барлық студенттердің кем дегенде 7–15%-ын қамтиды. Мемлекеттік емес жоғары мектептердің көбі Алматыда (жеке меншік ЖОО-ның жалпы санының 46,2%-ы), Оңтүстік Қазақстан (13,2%) және Қарағанды (10,4%) облыстарында шоғырланған. Оларда тиісінше студенттердің көпшілігі білім алуда. Айталық, Алматыда 49 жеке меншік жоғары оқу орнында дәріс алатын 37 мыңнан астам шәкірт қаладағы барлық студенттердің 32,8%-ын немесе республикадағы мемлекеттік емес жоғары оқу орындардағы барша студенттердің 39,6%-ын құрайды. Бұл көрсеткіш Оңтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстары бойынша тиісінше 12,5% және 11,9%-ды құрады.

2006–2007 оқу жылының басында Қазақстанның 176 жоғары оқу орындарында 768,4 мың студент оқыды. Олардың 25,2%-ы жоғары арнайы білім, 73,8%-ы жоғары базалық білім (бакалавриат) және 1%-ы жоғары ғылыми-педагогикалық білім (магистратура) алып жатты.

2005–2006 оқу жылымен салыстырғанда бакалаврлар саны 1,3 есе көбейсе, магистрлар саны 7,6-ға, жоғары арнайы білім алушылар саны 39,6%-ға азайған. Студенттер қатарындағы мұндай өзгеріс жоғары мектептерге қабылдау құрылымындағы өзгерістерге байланысты болып отыр. Студенттердің 50,4%-ы күндізгі, 49,3%-ы сыртқы және 0,3%-ы кешкі бөлімдерде оқиды. Соның ішінде, олардың 50,8%-ы мемлекеттік жоға-

ры оқу орындарының студенттері. Осы студенттер құрамындағы мемлекеттік білім гранттары есебінен оқып жатқандары 119,5 мың адам немесе 15,6%, мемлекеттік білім тапсырысы негізінде оқитындар 10,4 мың адам немесе 1,3%, ақылы негізде оқитындар 638,6 мың адам немесе 83,1%-ды құрайды.

2007 жылы университеттер саны – 177-ге жетті. Оның 68-і мемлекеттік және 109 мемлекеттік емес оқу орны, сондай-ақ Ресей университеттерінің 5 бөлімшесі жұмыс істеді. Жоғары оқу орындарының саны көп болғанымен, бәрі бірдей сапалы білім бере алған жоқ. Республикадағы білім сапасын жақсарту мақсатында 2008 жылы 74 оқу орнында тексеру жүргізілді. Біліктілік талаптарын сақтамағаны үшін 1 оқу орнының басты лицензиясы қайтарып алынып, еліміздің заңнамасына сәйкес осы мәселеге қатысты іс құжаттары аймақтық мамандандырылған соттарға жіберілді. Ал 24 жоғары оқу орнының 112 мамандық бойынша лицензиялары қайтарып алынды. Оған қоса, 7 жоғары оқу орнының басты лицензиясы және 38 жоғары оқу орнының 242 мамандық бойынша лицензиялары уақытша тоқтатылды. «Білім туралы» заңға сәйкес, жоғары оқу орындары бөлімшелерінің білім беру қызметі 2008 жылдың тамыз айынан бастап тоқтатылды. Еліміздегі университеттер мен институттардың саны біршама қысқарды. Егер 2007 жылы жоғары оқу орындарының саны 176 болса, 2008 жылы 144-ке азайды. 2009 жылы Қазақстанда 144 жоғары оқу орны болды. Оның 85-і университет, 32-сі институт, 26-сы академия, 1-еуі консерватория.

Бұл жүйе біртіндеп ұлттық жоғары оқу орнынан кейінгі білім жүйесінің нәтижелілігін арттыру мақсатында PhD бағдарламасына ауысуда.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді реформалаудың басты ерекшелігі – PhD бағдарламасында диссертация атақ үшін қорғалмайды. Әрі бұл бағдарламаға академиялық магистр атағы бар, ғылыми даярлықтан өткен ғылыми және ғылыми-педагог кадр қабылданады.

2009 жылы 13 қазанда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 75 жылдығын атап өтті. Елбасы университет профессорлары мен оқытушыларына және студенттеріне арнап дәріс оқыды. Мемлекет басшысы Қазақстан ғылымының дамуына ҚазҰУ-да жұмыс істейтін ғылыми мектептер, профессор-оқытушылар ұжымы зор үлес қосып отырғандығын айтты. Елбасы ең жаңа құралдармен жасақталған химия факультетінің жаңа оқу корпусын ашты.

Білім саласындағы халықаралық байланыстар. Қазақстан егемендік алғаннан бері білім саласындағы халықаралық байланыстарды жолға қойды. Қазақстанның егемендігін бірінші болып таныған бауырлас Түркия мемлекетімен арадағы байланыс тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері арта түсті. 1992 жылы Қазақстан мен Түркия Президенттері білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастық келісім – шартына қол

қойды. Екі ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Сүлейман Демирел «Үлкен студент – оқушы жобасын» іске асырды. Осы жоба шеңберінде жыл сайын Қазақстаннан Түркияның жоғары оқу орындарына, аспирантураларына қазақ жастары барып білім алды. Олар оқуміммен бірге ізденістерін жалғастырады, тәжірибе жинайды. Елге қызмет етудің үлгі-өнегесін қалыптастырады.

1992 жылы Көкшетау, Кентау қалаларында, 1993–1995 жылдар аралығында Алматы, Қызылорда, Ақтөбе, Атырау, Шымкент, Жамбыл, Жезқазған, Қарағанды, Өскемен, Талдықорған, Астана, Қостанай, Павлодар, Семей қалаларында қазақ-түрік лицейлері ашылды. Қазір Қазақстанда 25 қазақ-түрік лицейі, 1 бастауыш мектеп бар. Бұл игі істер Қазақ-Түрік Білім Қоры (KATEV) тарапынан іске асырылды. Осы лицейлерде оқушыларға қазіргі заманға сай білім берілуде. Лицейде оқитын оқушылар Қазақстанда, шетелдерде ұйымдастырылған әртүрлі пәндік олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болуда. 1992 жылдың 30 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы Үкіметтері арасында келісім шеңберінде Түркістан қаласында түркі жұрты әлеміндегі тұңғыш халықаралық қазақ-түрік университеті ашылды. Университеттің Алматыда, Шымкентте, Кентауда бөлімшелері бар. Қазақстан Республикасы Ресей, Түркия, АҚШ, Ұлыбритания, Польша, Германия мемлекеттерінің білім беру саласымен байланыс орнаткан. 1992 жылы Ресейге – 22 мың, Түркияға – 914, Польшаға – 65, АҚШ-қа – 17 адам оқуға барды. 2004 жылға қарай Ресейде 16,4 мың, Түркия-да – 740, Польшада – 500, АҚШ-та – 500-ге жуық, Египетте 250 қазақстандық студент оқыды. 1990 жылдардың басында кеңестен кейінгі дағдарысқа байланысты Ресей мен ТМД-ның басқа да мемлекеттері арасындағы білім беру, студент алмасу әлсіреді. 1990-жылдардың екінші жартысы мен 2000 жылдары Қазақстанның білім саласындағы байланысы – Батыс елдері мен Ресей арасында қайта жандана түсті. Сонымен қатар Қазақстанның жоғары оқу орындарында Үндістан және Азияның басқа да елдерінен, Африкадан студенттер келіп оқыды. Шетелдерден туған елімізге оралған қазақ диаспорасының (Қытай, Моңғолия, Түркия) балалары жоғары оқу орындарында оқыды. Қазақстанда біріккен Қазақ – Түрік, Ресей – Қазақстан, Қазақстан – Египет, Қазақ – Американ, Қазақ – Британ техникалық университеттері ашылды.

Студент алмасу бағдарламасы бойынша экономикалық, халықаралық қатынас, шетел филологиясы, әскери іс мамандықтарын қазақстандық студенттер шетелдерден оқып қайтты. Білім беру саласындағы үлкен жоба шетелдерде мамандар даярлаудың мемлекеттік «Болашақ» бағдарламасы болып табылады.

1993 жылдың 11 қарашасында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен «Болашақ» халықаралық стипендиясы белгіленді. 1994 жылы алғаш рет 187 қазақстандық студент АҚШ, Ұлыбритания, Германия және Франция елдерінің жоғары оқу орындарына аттанды. Кеңестен кейінгі кеңістіктегі мемлекеттер тарихында

бірінші рет талантты жастардың мемлекет есебінен шетелдерден білім алуына мүмкіндік туды.

«Болашақ» мемлекеттік бағдарламасы. 2005–2007 жылдарға дейін «Болашақ» туралы ақпарат мемлекеттік құпиядай жасырын ұсталды. Алғашқы жылдары аталған бағдарламаны жергілікті лауазымды қызметкерлердің өз пайдасына жаратқаны туралы – «Түркістан» газетінің 2009 жылдың 25 маусымдағы санында да жазылды. Сондай-ақ, әлемнің жетекші оқу орындарына Шет тілдер институты түлектері көптеп аттанды. Шет тілін жақсы меңгерген мамандардың байқаудан өтуі де, стипендия туралы ақпарат алуы да басқа ЖОО түлектеріне қарағанда оңайырақ болатын. Егер 2004 жылы 785 студенттің әлемнің 13 елінде білім алуға мүмкіндігі болса, 2005 жылдан мемлекеттік стипендия саны 3000-ға көбейтілді және әлемнің 32 еліндегі 630 алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында білім алуға қол жеткізді.

Елімізде батыстың менеджмент пен стандартын өз салаларына енгізуде. 2008 жылдан стипендия арқылы магистр мен докторлық дәрежені алуға көбірек көңіл бөлініп келеді. Сонымен қатар осы жылдан бастап алғаш рет мемлекеттік тілден емтихан алу шарты енгізілді. Ауыл жастарының әлемнің алдыңғы қатарлы оқу орындарында білім алуы үшін «ауылдық квота» берілетін болды. «Квотаның» басты мәні – шет тілін білу деңгейіне қойылатын талап жеңілдетілген, оған қоса техникалық мамандық иелерін тіл үйрену курстарына жіберу мүмкіндігі қарастырылған. «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасының түлектері мемлекеттік қызметте, білім және денсаулық сақтау жүйесінде, ұлттық компанияларда қызмет етуде.

2008 жылы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен «Болашақ» халықаралық стипендианттарының II форумы өтті. Ғылыми-техникалық және экономикалық ілгерілеудің негізгі қозғаушы күші болып табылатын білім – қоғамның жемісті дамуының кепілі болып табылатындықтан, білім беру саласында артта қалушылық мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігіне, ұлттың келешегіне кері әсер етеді. Білім – экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан маңызды, білім – болашаққа салынған сенімді инвестиция көзі. Оның құнды әрі қымбат тауар болғанына да біраз болды. Ал кез келген елдің қарқынды дамуы тек табиғи байлық көздерімен ғана емес, азаматтардың сауаттылығына да тікелей байланысты. Қазақстандықтардың үштен бір бөлігін – 30 жасқа толмаған жастар құрайды. Бұл – өзіндік пікірі, мақсаты мен ұстанымы бар, келешектен үміті зор халықтың бір санаты. Оларды жан-жақты азамат ретінде қалыптастыру үшін сапалы білім беру қажет. Сапалы білім – тұлғаның ертеңгі күнгі бәсекелестікке төтеп бере алатын жоғары білікті маман болуының негізі. Мемлекеттік саясаттың негізгі ұстанымдарының бірі жеке тұлғаның ерекшеліктері мен әлеуметтік мәртебесіне қарамай, баршаның білімге қол жетімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясы мен «Білім туралы» Заңына сай, барлық азаматтар конкурстық

негізде мемлекеттік стипендиясы бар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға құқылы. Ал қажетті балл жинай алмағандар ақылы негізде оқи алады. Егер ол студент оқуда жоғары көрсеткіш көрсетіп жатса, мемлекеттік білім беру тапсырыс бойынша бос орынға ауысуына мүмкіндік бар (конкурстық негізде). Сапалы білім алу үшін жақсы жоғары оқу орнында оқу керек. Сондықтан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі жоғары оқу орындарын онтайландырды. Бұл моральдық-этикалық, ұйымдастырушылық, барлық жағынан өте күрделі үдеріс болғанымен, заман қажеттілігі болатын. Бір кездері саны болғанымен, сапасы көңілден шықпаған ЖОО саны 176-дан 144-ке төмендеді, яғни 36-сы қысқарды. Оларда барлығы – 633 814 студент білім алуда. Мемлекет тарапынан жастарға қамқорлық жасап, қолдау көрсетуде. Себебі еліміздің ертеңі – қазақстандық жоғары білімнің үздік дәстүрін жалғастыратын білімді жастар.

Студенттерді әлеуметтік қолдаудың бір түрі – студенттерді несиелендіру жүйесі. Несие беру кезінде Қазақстан Республикасы БҒМ қарасты «Қаржы орталығы» кепіл болады. Бағдарламаға еліміздің жетекші банктерін тарту арқылы несие алып оқығысы келетін студенттердің тиімді таңдауына жағдай жасалып отыр. Маңыздысы, әрине «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындаудағы үміткерлерді іріктеу ережесі, басым мамандықтар тізбесі, шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының, ғылыми орталықтар мен зертханалар жүйесі жаңжақты айқындалған. Дайындығы мен таңдауы, білім сапасы сай келетін әрбір жас ұрпақ үміткер ретінде қатысуға толық хақылы. Ұлттық көкжиектері қалыптасқан, патриотизмі жоғары жас ұрпақ білім-ғылым ісін таңдаса, оған қуану керек. Қолдау көрсеткен жөн.

2008–2009 оқу жылы білім саласына ауыр жыл болды. Жемқорлықпен күрес жолында кішігірім қайта реформалауға ұшыраған білім жүйесі қаржы дағдарысының да дүлей толқынына тап келді. Әлемдік дағдарыс жағдайындағы адамдардың қызметтен қысқаруы, жаңа жұмыс көздерінің табылмауы ата-аналарының студент баласының оқу ақысын төлеуін қиындатты. Республика жоғары оқу орындары арасынан алғаш болып бұл мәселені Орталық Азия университеті көтерді. Екінші кезекте Парламент мәжілісі депутаты Сағынбек Түрсынов Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаевқа елімізде қанша студенттің оқу ақысын төлей алмайтындықтан оқудан шығып қалуы мүмкін екенін депутаттық сауал жолдау арқылы сұрады. Білім саласындағы бұл мәселемен Елбасы Н.Ә. Назарбаев та хабардар болып, «Нұр Отан» ХДП саяси кеңесі бюросының кеңейтілген мәжілісінде Үкіметке еліміздің жоғары оқу орындарында ақылы негізде оқитын студенттерді қолдау үшін үшінші курстан бастап оқу озаттарына арналған қосымша мемлекеттік білім беру гранттарын бөлуді тапсырды.

Экономикалық қиыншылықтарға қарамастан, мемлекет халықтың аз қамтылған бөлігіне, оның ішінде студенттерге баса көңіл бөліп отыр. Материалдық қолдауға зәру студенттерге ұзақ мерзімді жеңілдетілген

несие беріледі. Ол жетім, мүгедек студенттер және көп балалы отбасылардың, ата-аналары мүгедек немесе зейнеткер болып табылатын отбасылардың, сондай-ақ ата-ананың қамқорлығынсыз немесе бір ғана әкесі, не болмаса анасы ғана бар отбасы балалары сияқты 40 мың студентке беріледі. Несиені техникалық және медициналық мамандық бойынша «үздік» және «жақсы» оқитын студенттер ала алады. Жеңілдетілген несие наурыздың бірінен бастап, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ бекіткен банкте беріле бастады. Студент жоғары оқу орнын тәмамдап, диплом алғаннан кейін несиені қайтарады. Бұл бағыт та студенттердің алаңсыз білім алуына көп көмегін тигізеді.

Нарықта жоғары білікті мамандарға сұраныс көп. Қазіргі күні компаниялардың кәсіби кадрларды жинақтай алуы сол фирманың өміршеңдігі мен табысты жұмысының кепіліне айналып отыр. Содан да болса керек, адам ресурстары жөніндегі көптеген топ-менеджерлер кадрларды қабылдау барысында маман дайындау деңгейі сияқты көптеген жекебас ерекшеліктеріне үлкен мән береді. Оқыту үдерісі бір орында тұрмайды. Білім саласының алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – жоғары оқу орындары мен колледждер түлектерінің тың идеялармен ел экономикасына жаңа леп әкеліп, алға жылжытуына ықпалдасуы. Сондықтан еліміз Болон үдерісіне белсенді қатысып отыр. Осы арқылы оқуын әрі қарай жалғастырғысы келген студент Болон үдерісіне кірген кез келген елдің ЖОО-да оқи алады. Ол білім алып қана қоймай, қажет болса, осы жалпы құрылымға кіретін кез келген еуропалық ЖОО-дан белгілі үпай – «несие» ала алады. Осылайша, оқытуды бақылаудың бірыңғай жүйесі жақсы білім алуға ықпал етеді. Елбасы халыққа Жолдауында әлеуметтік жағдайды көтеру үшін елдің адам ресурстары мен өмір сүру деңгейінің сапасын жақсарту арқылы қол жеткізуге болатындығын атап өтті.

Бұл – білім-ғылым және денсаулық сақтау кешенінің негізгі миссиясы. Осы тұрғыдан келетін болсақ, әсіресе, жаһандық дағдарыс тұсында студенттерді әлеуметтік қолдау білім беру үдерісіндегі маңызды қадам болып табылады. Жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар да толығымен мемлекеттің қамқорлығында. Оларға тамақтану, жатын орны және медициналық көмек тегін. Бір балаға кететін бір жылдық шығын 500 – 700 мың теңге аралығында. Осы санаттағы балалар жоғары, орта кәсіптік арнаулы білім беру мекемелеріне түскен жағдайда оларға талапкерлердің жалпы санынан 1 пайыз мөлшерінде квота бөлінген. Сондай-ақ, шәкіртақыға үстеме қосылады. Қамқоршысыз қалған 18 жасқа толмаған әкесіз, анасыз немесе тұл жетім балаларға жәрдемақы төленеді. Жыл сайын Қазақстан Республикасы Президентінің атаулы стипендиясын алушылар саны артып келеді. Бүгінгі күні студенттер – 9 375, магистранттар – 23 958, аспиранттар – 28 750, ал докоранттар – 36 699 теңге көлемінде стипендия алады. 2010 жылы – 25 пайыз, ал 2011 жылы – 30 пайыз қосу жоспарланған.

Қазақстанның әлемдік сахнадағы рөлі әр саладағы түрлі ғылыми жетістіктермен өлшенеді. Халықаралық сарапшылардың бағалауынша, еліміз ТМД елдері ішіндегі алдыңға қатардағы елдердің санатына жатады. Бұл тек экономикалық көрсеткіштерге ғана емес, сондай-ақ өмір сүру сапасына да қатысты. Мұндай бағалау критерийлерінің бірі – елдің ғылым-білім саласының жағдайы. Азия дамыту банкі ұйымдастырған «Білім және кәсіби дағды: Азия мен Тынық мұхиты аймағындағы елдерді жеделдетіп дамыту стратегиясы» зерттеуінің нәтижесі бойынша, Қазақстан Азия елдері ішінде білім дамуы индексі бойынша 1-орынды иеленді (EDI). Біз 177 елдің ішінде сауаттылық деңгейі бойынша 14-орындамыз. ЮНЕСКО статистикалық институтының мәліметінше, еліміз барша халықтың сауаттылығы жөнінен 129 елдің ішінен бірінші орынға шықты. Оған қоса, бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексіндегі ғылыми көрсеткіштеріміз айтарлықтай өсті. «Бастауыш білімді қамту», «Ересектердің сауаттылық деңгейі», «Гендерлік индекс», «Бастауыш сыныптық білімі барлар үлесі» сияқты көрсеткіштер бойынша Жапония, Германия, Италия және тағы да басқа дамыған елдерді басып оздық. Қанша дегенмен, әлемнің кез келген еліндегі жағдай осындай халықаралық зерттеулер рейтингімен өлшенетінін ескерсек, бұл – біз үшін жағымды жаңалық. Сондай-ақ «Математика мен жаратылыстану пәндерін зерттеудегі халықаралық тенденция» жобасы шеңберінде (The Trends in International Mathematics and Science Study – TIMSS) өткізілген әлем елдері мектеп оқушыларының математика және жаратылыстану (физика, химия, биология) пәндері бойынша рейтингі қоғамда талай пікір тудырды. Еліміздің мектеп оқушылары математика мен жаратылыстану пәндерінен болған халықаралық емтиханнан сүрінбей өтіп, 5 және 11-орындарға ие болды. Оған біз дәстүрлі оқу жоспары мен осы пәндерге деген қажеттілікті жете түсіну арқылы қол жеткіздік деп айта аламыз. Қазақстандық мектеп оқушыларының бұл нәтижесі шетелдіктерді бей-жай қалдырмай, дәстүрлі академиялық зерттеу әлем елдерінде алуан пікір тудырды. Олар зерттеу қорытындысын мойындай отырып, мұнайымен танымал Қазақстан – жер аумағы бойынша әлем елдері ішінде тоғызыншы орынды алып қана қоймай, сонымен қатар ол жаратылыстану ғылымдары саласында да көшбасшы елдердің бірі деп жазды.

Сонымен қатар бүгінде елімізде Қазақстанның ғылыми-техникалық дамуының ұзақ мерзімді ұлттық әлеуетін анықтау бойынша алдын – ала зерттеулер жүргізілуде. Қазақстан Республикасы Бірінші Президентінің Қоры жанынан ғылыммен айналысатын жас мамандардың басын қосатын жас ғалымдар кеңесі құрылды.

Білім бағдарламаларын жақсы меңгеріп, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып жүрген, оқу орнының қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсене араласқан ЖОО студенттері мен аспиранттарын қолдау үшін әл-Фараби, Қ. Сәтбаев, А. Жұбанов, Абай, Шоқорім және басқа да қоғам қайраткерлері атындағы атаулы стипендиялар бар.

Еліміздің сапалы кадр әлеуетінің қалыптасуында президенттік «Болашақ» бағдарламасының рөлі зор. Жыл сайын осы бағдарлама бойынша 3000 студент шетелде білім алады. 2009 жылы оқуға жіберілетін кейбір ЖОО тізіміне, үміткерлердің жас ерекшеліктеріне қатысты бірқатар өзгерістер енгізіліп, ауылдық жерде оқитын жастар мен мемлекеттік қызметкерлерге квота қарастырылды.

Жас мамандардың өздеріне артылған үмітті ақтап жатқанын айтқан орынды. Мысалы, павлодарлық Қуат Есенов Гиннестің рекордтар кітабына жер шарының ең көп титулды оқушысы ретінде тіркелді. Ол халықаралық математикалық олимпиадалардан алты алтын медаль, бір күміс және бір қола медаль иеленді. Қазіргі күні Қуат білім алумен қатар Массачусет технологиялық университетінде (АҚШ) өзі де сабақ беріп жүр. Мұның барлығы да айналып келгенде, еліміздің экономикалық гүлденуіне бағытталған Қазақстанның білім әлеуетінің жоғары екенін айғақтай түседі.

Ғылым және оның басымдықтары. КСРО ыдырап, бұрынғы одақтық республикалар дербес тәуелсіз мемлекет болғанға дейін де Қазақстанда ірі ғылыми-өндірістік мекемелер қалыптасты. 1988 жылдың соңында Қазақстанда 233 ғылыми мекеме, соның ішінде 92 ғылыми-зерттеу институттары қызмет істеді. Онда 41 мыңнан астам ғылыми және ғылыми педагогикалық қызметкер болды. Оның 989-ы ғылым докторы және 14,8 мыңы ғылым кандидаты болды.

КСРО кезінде Қазақстанның ғылыми орталықтары Мәскеуге қарап келді. Мәскеу үшін республиканың ғылыми орталықтары аймақтық болып саналды. Көптеген салалар бойынша ғылымды облыстардың аймақтық ерекшеліктерін ескермей тиімсіз орналастыру орын алды. Мысалы, металлургия, химия, ауыл шаруашылығы, тау-кен ісі, геология, энергетика бойынша ірі ғылыми зерттеу институттары Алматыда орналасқанмен, бұл салалардың өндірістік қуаты басқа аймақтарда қалды. Ғылыми мекемелердің 40%-дан астамы Алматыда шоғырланды. Бұл көрсеткіштер Солтүстікте16,3%, Оңтүстікте 13,2%, Батыста 11,7%, Шығыста 8,2%, Орталық Қазақстанда 10% үлесін алды.

1990 жылдардың басында Республика Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен Жаңа және ғарыштық технология, радио-электроника және байланыс, информатика және есептеу техникасы, биотехнология, минералды шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі Ұлттық ғылыми орталықтар құрылды. Қазақстанда кеңестік тоталитарлық жүйе жағдайында әлеуметтану, саясаттану, демография мамандықтарын оқытуға, мамандар дайындауға мән берілмеді. Мұндай үдеріс бұрынғы КСРО-ның барлық республикаларына тән болды. Кеңестен кейінгі кезеңде аталған мамандықтарды оқыту, ғылыми кадр дайындауға көңіл бөліне бастады.

1980–1990 жылдары республикадағы ғылыми мекемелер саны 4%-ға көбейді. Бірақ ғылыми ой потенциалының аймақтық орналасуындағы әркелкілік сақталып қалды. 1990 жылдары республика ғылыми

мекемелері шығарған өнімдерін тұтынушы кәсіпорындармен, білім беру және ғылыми кадрларды дайындау жүйесімен тығыз байланыста болу мақсатымен Алматы, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан сияқты ірі қалалар мен өнеркәсіпті аудандарында орналасты. Мысалы: Алматы қаласында 40%, Солтүстік Қазақстанда 17,9%, Оңтүстікте 13,7%, Батыста 11% және Орталық, Шығыс Қазақстанда тиісінше 9,2 және 8,2% дәрежесінде болды.

1990 жылы Алматыда урология, Семейде радиациялық медицина және экология ғылыми-зерттеу институттары ашылды. Бұл мекемелердің алдына өздерінің атына сай ғылыми-зерттеулер жүргізу талаптары қойылды. ҚР Президентінің «Республиканың ғылыми-техникалық дамуы мен ғылымын ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 1993 жылғы 21 қаңтардағы №1090 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы болып қайта құрылды. 1999 жылғы 12 ақпандағы Қазақстан Республикасы Президентінің №34 Жарлығына сәйкес «ҚР Ұлттық ғылым академиясы» Республикалық мемлекеттік мекемесі құрылды. Оны мемлекеттік басқаратын және қызметін бақылып отыратын орган Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі болды. Мұндай жағдайда, Ұлттық ғылым академиясы осы министрліктің Ғылым департаментінің қызметін атқаратын болып шықты.

Кеңес дәуірінде халықтың еркінен тыс Семей өңіріндегі жүргізілген ядролық сынақтардың қайғылы кесіреті туралы былайғы жұрт түгілі жергілікті адамдар да білмеді. 80-жылдардың ортасындағы қайта құру үдерісіндегі жариялылық, демократиялық ұстанымдар, ашық қоғамдық қатынастарға бет бұру мұндағы залалдардың салдарларын көрсете бастаған еді. Міне, асқынған осы экологиялық кәсіретпен күресу, оның кесапатына ұшыраған адамдардың денсаулығына араша болу міндеті – Семейдегі институтқа тапсырылды.

Одақтық және республикалық министрліктер мен ведомстволарға қараған салалық ғылыми мекемелер саны 1990 жылға қарай 100-ге жуықтады. 90-жылдары республиканың жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелері жүйесінің көлемі 11,1 пайызға өсті. Өкінішке қарай, бүкіл дүние жүзінде ғылыми-техникалық прогреске ұмтылыс жан-жақты үрандалып, көтеріліп жатқан тұста біздегі іргелі және қолданбалы зерттеулермен шұғылданатын мекемелердің санлық өсуі жағынан 45,4%-дан 43,3%-ға дейін азайып кетті. Бұл 80-жылдар межесінде республикадағы ғылымды ұйымдастыру, оны білікті мамандармен жабдықтау саясатында жіберілген елеулі кателіктердің бірі еді.

Нарықтық қатынастарға өту жағдайында ғылым саласына қатысты мәселелер шиеленісе түсті. Ғылымнан қызметкерлердің, әсіресе, жастардың басқа салаларға кетуі – кадр дағдарысын туғызды. Экономикалық құрылымдық тағы басқа да қайта құрулар мен халық шаруашылығының терең күйзеліске ұшырауы салдарынан елдегі ғылымның дамуына айтарлықтай көңіл де, қаражат та бөлінбеді. Ғылым саласында-

ғы материалдық-техникалық база да сан алуан қиындыққа ұрынды, соның салдарынан көбі қысқарды. Мемлекеттік меншіктегі ғылыми ұйымдар саны 1998 жылы 203 болса, 2002 жылы 158-ге азайды. Ал жеке меншіктегілері 26 және 109 ұйым, яғни жеке меншіктегі ғылыми зерттеу ұйымдарының саны арта бастады.

Нарық жағдайындағы ғылымның бірқатар мәселелерін сараптай келіп, 1990 жылдардың басында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ғылымды және халыққа білім беру ісін дамыту мәселелері жөніндегі комитет төрағасы Оразалы Сәбденов: «Жастардың ғылыми саладан кетуінің зардабы таяу жылдарда сезіліп қалар. Ал ең ауыр зардабы әлі алда, «нарық жаңғырығы» қайта соққан кезде білінеді. Әбден кемеліне келгенде ғылымнан теріс айналса интеллектуалдық қуат қана кемімейді, зерттеушілер буындарының арасы ажырап қалады», – деп ғылыми кадрлар дайындауға, ғылымды, ғылыми-техникалық саланы дамытуға, оның жетістігіне сүйенуге баса мән берді.

Ғылымды өрменді дамыту үшін ірі инвестициялар, ең алдымен мемлекеттік қаржыны жұмсау талап етіледі. XX ғасырдың соңғы он жылдығында дамыған елдердің жалпы ішкі өнімінің ғылыми сыйымдылығының көрсеткіштері (ғылыми-зерттеу жұмыстарына жұмсалатын ұлттық шығынның жалпы ішкі өнімге қатысы) шамалы жылдық флуктуациямен (айырбас бағамының сақталуымен) тұрақталды. Бұл көрсеткіш АҚШ, Жапония және Германия үшін – 2,5–2,8% деңгейінде, Франция мен Ұлыбританияда – 2,2–2,4%, Италия мен Канадада – 1,3–1,5% деңгейінде тұрақтанды.

Қазақстан Республикасының сыйымдылығы, өкінішке қарай, өте төмен. Айталық, ғылымға жұмсалатын шығынның жалпы ішкі өнімге қатынасы 0,3%-дан аспайды және ол 1999 жылы рекордтық төмен деңгейге – 0,07%-ға дейін құлдырады.

1990–2001 жылдары Қазақстанда ғылыми мамандардың жалпы саны 3 еседен астам азайды. Республиканың мамандары үшін аса ауыр болған 1990–1996 жылдары мамандардың жалпы саны 2,5 ееге қысқарды (50,6 мыңнан 20,6 мың адамға дейін), яғни әр екінші ғылыми қызметкер кәсібін өзгертіп, басқа салаларға (бизнес, сауда және т.б.) ауысуға мәжбүр болды. Дегенмен, 80-жылдардың ортасынан бүкіл елде басталған қайта құру, бетбұрыс нәтижесінде көптеген жақсы жоспарлар жасалып, шешімдер қабылданды. Асығыс жасалған шаралар да аз болған жоқ. Қабылданған шаралардың барлығы жоғары білім мен ғылымдағы тежелу механизмінің негізіне тиіспеді. Сол себепті олардың нәтижесі төмен болды. Алдыңғы қатарлы Батыс елдерімен салыстырғанда білім мен ғылыми-техникалық даму дәрежесіндегі одан әрі артта қалушылық тенденциясы тоқтамады. Экономикалық ынталандыруды ғылым дамуын басқарудың негізгі тетігіне айналдыру басқарушылықтың тамыр жайған әкімшіл-әміршіл әдісіне қайшы келді. Ұсақ қамқоршылық, зерттеудің негізгі бағыттарын анықтаудағы, кадр, материалдық және қаржы ресурстарын пайдаланудағы дербестіктің болмауы жоғары оқу

орындары мен ғылыми ұжымдардың ынталылығын тежеп отырды. Ұйымдастыру құрылысының қатаң орталықтандырылуы жаңадан пайда болған мәселелерге шапшаң көңіл аударуға мүмкіндік бермеді.

Осындай қордаланған күрделі жағдайда, республика жоғары білімі мен ғылымы алдындағы дүниежүзілік шепке шығу, мүлдем жаңа технологияларды жасау сияқты жауапты міндеттерді шешуі өте қиын проблемаларға айналатыны түсінікті еді. Мұның өзі Қазақстандағы жоғары білім мен ғылыми-техникалық саясатта жаңа қадам жасау қажеттілігін алға қойды. Яғни, республика жоғары білімі мен ғылымы саласындағы ұйымдастыру-басқару, құқықтық және әлеуметтік саясатта өте терең әрі дәйекті қайта құрулар жүргізудің алғышарттары пайда болды. 90-жылдарға қарай жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтар жұмысында демократияландыру үдерістері тереңдеп, жариялылық, ашық пікір алысу жанданды. Жоғары мектептер мен ғылыми мекемелердің басқару жүйесінде орталық органдардың қысымынан біртіндеп арылу жүріп жатты. Сөйтіп, 90-жылдар межесінде Қазақстанның жоғары білімі мен ғылыми мекемелерінің дамуындағы келеңсіз көріністерді жеңу үшін әлеуметтік-саяси және адамгершілік-психологиялық климатты жалпылай өзгертулердің қажет екендігі білінді.

Ғылыми зерттеулермен шұғылданатын қызметкерлер саны 1998 жылы 17,6 мың адам болса, 2002 жылы олардың саны 16,0 мыңға дейін азайды. Елдің ғылыми қуаты жоғары ғылыми дәрежесі бар мамандарды — ғылым кандидаттары мен докторларын даярлауға тікелей байланысты. Ғалымды даярлауға өте көп уақыт пен қаржы жұмсалады, сондықтан ғылыми кадрлардың табиғи сабақтастығын сақтау — аса маңызды мәселе. Осы мақсатта Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссия туралы» 1992 жылғы 17 мамырдағы №784 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Жоғары аттестациялық комиссиясы құрылды. Осы Жарлық негізінде Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 23 шілдедегі №627 «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссия туралы» және 1992 жылғы 16 қазандағы №868 «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссия туралы Ережені бекіту жөніндегі» қаулылары қабылданды. Қазақстан Республикасы ЖАК Президиумының 1993 жылғы 7 ақпандағы №29 Қаулысымен «Ғылыми дәрежелер мен атақтар беру тәртібі туралы Ереже» бекітілді. Қазақстан Республикасы МАК-нің 1996 жылғы 12 мамырдағы №194-а Қаулысымен «Ғылыми дәрежелер мен атақтар беру тәртібі туралы Ереже» бекітіліп, іске қосылды. Жаңа Ережеге ғылыми атақтар алуға дайындық талаптары, диссертациялық кеңестер жұмысын ұйымдастыру сияқты тараулар енгізіліп, ғылым докторлары үшін баяндама бойынша диссертация қорғау тәртібі күшін жойды.

1996 жылдан ғылымнан мамандардың кетуі саябырлай бастады. Алайда бұл жағдай 2000 жылға дейін жалғасты. Зерттеуші мамандардың

біршама көбею үдерісі 2001 жылы ғана байқалды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәліметтеріне сүйенетін болсақ, 2002 жылы Қазақстанда 350-ден астам ғылыми, жобалау және конструкторлық ұйымдар, оның ішінде 5 ұлттық ғылыми орталық, 150-ден астам мемлекеттік және жеке меншік жоғары оқу орындары болған. Қазақстан ғылымының кадрлық әлеуеті тұрғысынан келсек, оны 2 400 ғылым докторлары мен 10 000 ғылым кандидаттары құрады. Оның ішінде 800 ғылым докторы мен 2500 ғылым кандидаттары мемлекеттік ғылыми ұйымдардың ғылыми зерттеу институттарында еңбек етті.

Тәуелсіздіктің 10 жылдығы қарсаңында Астана қаласында қазақстандық археология ғылымының жетістіктеріне арналған «Қазақстанның ежелгі асыл мұралары» атты көрме ұйымдастырылды. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция болып, оның негізінде түркология ғылымы саласындағы жетістіктері үшін Күлтегін атындағы сыйлық тағайындалды. 2001 жылдың 9 шілдесінде «Ғылым туралы» Заң қабылданды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір ғылыми құрылымдары Алматыдан Астанаға көшіріліп, ғылымды ғаламдастыру бағытында жоғары оқу орындарының жанынан ғылыми орталықтар құрылды. Мысалы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жанынан «Еуразия» гуманитарлық ғылыми-зерттеу орталығы, математикалық және техникалық ғылыми-зерттеу орталығы, химия-биологиялық ғылыми-зерттеу орталығы, конъюнктура және әлемдік экономика институты ұйымдастырылып, экономика институтының бөлімшесі – әлеуметтік-экономикалық зерттеу орталығы құрылды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 21 қазанда №1208 «Қазақстан Республикасында ғылыми қызметті ұйымдастыру жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы шығып, соның негізінде «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі таратылды. ҚР Ұлттық Ғылым академиясы республикалық мемлекеттік мекемеден «Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы» қоғамдық бірлестігі ретінде қайта құрылды. Кеңестік сипаттағы – академия жүйесі жойылды.

2003 жылы республикада 267 ұйым ғылыми зерттеулер мен ізденістер жүргізді. Оларда 16,0 мың адам, соның ішінде – 9,36 мың зерттеуші мамандар, 1,36 мың техниктер, 3,0 мың қосалқы қызметкерлер, басқа да қызметкерлер –2,28 мың адам болды. Зерттеуші мамандар қатарында 942 қызметкердің – ғылым докторы, 2688 адамның ғылым кандидаты дәрежесі болды.

2005 жылы Білім және ғылым министрлігінің қарамағында – 55 ғылыми ұйым болды. Оларда жұмыс істейтін 5 мыңнан астам адамның 2,3 мыңнан көбі – ғылыми қызметкерлер, соның ішінде – 450 ғылым докторы мен 1000-ға жуық ғылым кандидаты бар еді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2006 жылғы Қазақстан халқына арналған Жолдауында дамудың жеті басым бағытын айқындады, оларды жүзеге асыру әлемдегі бәсекелестікке қабілетті елдердің қатарына біздің еліміздің де қосылуына жол ашатын міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Осындай ең өзекті басымдықтардың бірі қазіргі білім беру мен озық ғылымды дамыту болып табылады. 2007 жылы 2000 жылмен салыстырғанда Қазақстан Республикасында ғылымға бөлінетін қаржы 7 есе көбейді.

Қазақстан өзінің алғашқы геостационарлық байланыс және тарату негізінде «KazSat» серігі жобасын жасады. Жобаның құны – 65 млн АҚШ долларын құрады. Спутник Хруничев атындағы Ресей Мемлекеттік ғарыш ғылыми-өндіріс орталығында жасалды. «KazSat» тек Қазақстан емес, Ресей және кейбір Орта Азия мемлекеттерінің сұраныстарын қанағаттандырады деп күтілді. Жобаны іске асыру елімізде телекоммуникация мен байланыс жүйесін, Ғаламтор байланысын қоса, сондай-ақ Каспий аймағын зерттеуге шекаралас аймақтардың ақпараттық тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс болатын. Қазақ елі үміт артқан – «KazSat» Жер серігі толық жұмыс аткармай, істен шықты. Спутниктік байланыс, ең алдымен Батыс Қазақстандағы мұнай компанияларына қызмет көрсетеді. Бұл қызмет түрімен Satel компаниясы қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен ірі ғылыми-техникалық бағдарламалар бекітілді. Олардың ішінде «Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарлар мен микроорганизмдердің гендік қорын сақтаудың, дамыту мен пайдаланудың 2001–2005 жылдарға арналған» бағдарламасы, «Қазақстан аймақтары бойынша 2001–2005 жылдары ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді, ұқсатуды және сақтауды ғылыми қамтамасыз ету» бағдарламасы, «Қазақстан Республикасы ғылыми-техникалық ақпаратының мемлекеттік жүйесін дамыту» және басқа бағдарламалар бар.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ғылымның сапасына ерекше назар аудара бастады. Диссертациялық кеңестердің жұмыс тәртібін, ғылым кандидаты мен ғылым докторы ғылыми дәрежелерін беру рәсімін реттейтін нормативтік құқықтық база қайта қаралды. Қорғауға ұсынылатын диссертациялардың негізгі ғылыми жаңалықтарының жариялануына, диссертациялық кеңестің қызметіне қойылатын талаптар күшейтілді. Мысалы, Қазақстан Республикасы БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті қорғалған диссертациялардың екеуіне теріс шешім берген жағдайда, диссертациялық кеңестің қызметі тоқтатылады. 2008 жылы диссертациялық кеңестерді онтайландыру жүргізіліп, 29 докторлық кеңес қысқарды немесе ірі ұйымдарға қосылды. 2009 жылы олардың саны – 147, оның 142-сі докторлық, 5-і кандидаттық кеңес: 55-і гуманитарлық ғылымдар бойынша, медициналық, биологиялық және ауылшаруашылық мамандықтары бойынша – 45, жаратылыстану мен техникалық ғылымдар бойынша –

47. 2007 жылы 323 докторлық, 1792 кандидаттық (салыстырмалы түрде 2008 жылы – 310 докторлық пен 1325 кандидаттық) диссертация қорғалды. Қорғалатын диссертациялардың басым бөлігі гуманитарлық ғылымдарға тиесілі. Салыстырмалы түрде айтсақ, жаратылыстану – 16,6%, техникалық және қолданбалы – 31,9%. Егер 2000 жылы қорғалған диссертациялардың тек 26-сы ғана кері қайтарылса, 2007 жылы – 199, 2008 жылы – 198 жұмысқа қатысты теріс шешім шығарылды. 2008 жылы ғылыми жұмыстарға сараптама жасаудың сапасын арттыру мақсатында Ғылыми-техникалық ақпарат ұлттық орталығымен бірлесіп, «Плагиат-Информ» жобалық бағдарламасы қабылданды. Ғылымды дамытудың 2007–2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы бекітіліп, нанотехнология және биотехнология жөніндегі 5 ірі ұлттық зертхана құрылды. Еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының жанынан инженерлік мамандыққа бейімдейтін 15 зертхана ашылды. Ғылыми ұйымдардың да желісі кеңейіп, 2008 жылдың 5 мамырында Мемлекет тарихы институты өз жұмысын бастады. 2009 жылдың 4 қыркүйегінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ақордада Қазақстанның ғылымы мен ғылыми жүйесін дамыту мәселелері жөнінде жұмыс бабындағы кеңес өткізді. 2009 жылдың 30 қыркүйегінде Президент Әкімшілігі қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы ғылыми институттар басшыларымен кеңес өткізді. Онда ғылыми-зерттеулердің бағыт-бағдарлары мен сапалы, сапасыз оқулықтар жайы айтылды.

Ғарыш. Байланыс және оның жаңа түрлері. Байқоңыр – 7 мың шаршы шақырым жерді алып жатыр. Онда тоғыз ұшыру кешені, 15 ұшыру қондырғысы бар. Олар «Циклон», «Протон», «Зенит», «Рокот», «Союз» және «Днепр» секілді зымырандарға арналған. Қазақстан өз тәуелсіздігін алған соң Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың шешімімен «Байқоңыр» ғарыш айлағы деп аталды. Тоқтар Әубәкіров 1991 жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. Ол өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал теңізі аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. 1991 жылы 10 қазанда – Жерге оралды. Қазақстан Республикасының ұшқыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровке 1995 жылы Қазақстан Республикасының «Халық Қаһарманы» атағы берілді.

1994 жылы Ресей Қазақстанмен Байқоңырды 20 жылға жалға алу үшін шартқа отырды. Байқоңыр ғарышты игерудегі халықаралық орталыққа айналды. Ұлыбритания, Сауд Арабиясы, Италия, Малайзия, Германия, Египет, Жапон, Белоруссия, Иран және АҚШ-тың ғарыш аппараттары да осы жерден көкке самғады.

Екінші ұшқыш, ғарышкер Талғат Мұсабаев 1990 жылы Ю.А. Гагарин атындағы ғарышкерлер дайындау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кірісті. 1991 жылы «Ғарышкер-сынақшы» квалификациясын иеленіп, 1994 жылдың 1 маусымынан 4 қарашаға дейін (ұзақтығы 127 тәулік) «Союз ТМ» ғарыш кемесінде борт инженер ретінде, 1998 жылдың 29 қаңтар мен 25 тамыз аралығында (ұзақтығы 208 тәулік) «Союз ТМ-27» және «Мир» ғарыш кемелерінің кеме командирі ретінде ғарышта болды.

Қазақстан әлемдік Ғаламтор жүйесіне 1994 жылы қосылды. Республикада алты коммерциялық провайдер ғаламтор қызметін көрсетеді. Ғаламтор провайдерлер арасында бәсекелестік байқалмайды. Алайда ғаламтор қызметіне жыл санап сұраныстың артуы, алдағы уақытта бірнеше компаниялармен толықтыруды қажет етеді.

Елімізде ұялы және пэйджингтік және басқа да мобильді байланыс түрлері жылдам қарқынмен дамуда. Becet International Motorola желісін пайдаланып Қазақстанның барлық аймағын ұялы байланыспен қамтамасыз етеді. Қазақстанда ұялы байланыс 1994 жылы мемлекеттің алғашқы эксклюзивті лицензиясын Алтел компаниясына беруден басталды. Мемлекеттік Алтел компаниясының негізі 1994 жылдың 18 наурызында қаланды. Қазақстан жағынан құрылтайшы Қазақтелеком, шетел жағынан ағылшын компаниясы. Компания АҚ БЕСЕТ Интернэшнл деген атпен құрылды (Сауда белгісі Алтел). Компанияға лицензия 1994 жылдың ақпанынан 1999 жылдың ақпанына дейін бес жыл мерзімге берілді. Кейінірек БЕСЕТ Интернэшнл Алтел болып өзгерді. Алайда 1998 жылы Алтел компаниясы Көлік және коммуникация министрлігіне өзінің эксклюзивті лицензиясын мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде ұсыныс жасады.

Алтел компаниясы лицензиясының мерзімінен бұрын тоқтатылуы үкіметтің басқа лицензияларды тендер ұйымдастырып беруіне мүмкіндік жасады. Сөйтіп, 1999 жылдың ақпан айында Қазақстанда тағы да екі ұялы оператор қосылды. Олар – ASM Қазақстан және КАР – Тел.

1994–1998 жылдары ұялы байланыс нарығында бір ғана оператор болса, 1998 жылы бірнеше ұялы оператор пайда болды. Бұл уақытта абоненттер саны 20 мыңнан асты. 1999–2000 жылдары ұялы телефон нарығында жаңа операторлар пайда болды. Қымбат бағалы телекоммуникациялық құрылғылар сатып алынды. Ұялы телефон қызметі қымбат болғандықтан 1998–2000 жылдары оны тұтынушылар саны айтарлықтай өсе қойған жоқ.

Тіл мәселесі. Дүние жүзінде, 210 елде 5 млрд-тан астам адам – 1651 тілде сөйлейді екен. Соның алтауы, яғни қытай, ағылшын, орыс, испан, француз, араб тілдері – дүниежүзілік тіл. Бұрынғы КСРО-да қазақ халқы саны жағынан 5, тілдік жағынан славян тілдерінен кейін екінші (түркі тілдестер ішінде) орында болды. Ал тілдік жағынан дүние жүзі бойынша – 85 орынды иеленді. Кеңестік кезеңде қазақ тілі өзінің қызмет ететін функцияларынан айырылып, қолданыс аясы тарылды. «Кеңес мәдениеті – мазмұны социалистік, түрі – ұлттық, рухы – интернационалдық мәдениет» деген қағида ұлттық мәдениеттің таза сыртқы белгілерін ғана қалдырды. Кеңестік мұндай «мәдениет» шын мәнінде бірыңғайлыққа және мәдениеттің жұтаңдауына әкелді. Ұзақ уақыт бойы жасалған ұлттың бай тарихын ұмыттырды.

80-жылдардың екінші жартысында Қазақстанда мемлекеттік тіл күн тәртібіндегі өткір мәселелердің бірі болды. Ұлт зиялыларының үлкен еңбегінің арқасында 1989 жылы 22 қыркүйекте «Қазақ КСР тілдері

туралы» Заң қабылданды. 1990 жылғы маусымда Қазақ КСР-інің Министрлер Кеңесі Президиумы қазақ тілі және басқа да ұлт тілдерін 2000 жылға дейінгі дамытудың Мемлекеттік Бағдарламасын бекітті. «Тіл тағдыры – ел тағдыры» деп, ана тіл өткеніміз бен болашағымызды жалғастырар көпір екенін санамен сезінгелі де 20 жылдан аса уақыт өтті. Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп атап көрсетілді. Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасалатыны айтылды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 24-бабында (1993 жыл) «Мемлекет білім берудің, ғылым мен мәдениеттің басым дамытылуын қамтамасыз етеді» деп атап көрсетілді. Мәдениет саласындағы ізгі саясаттың Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы», «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» еңбектерінде көрініс тапты. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңес бекіткен (1993) «Қазақстан Республикасы әлеуметтік – мәдени дамуының тұжырымдамасында»: «...қазақ мәдениетіне, яғни мемлекетке тарихи атауын берген халықтың мәдениетіне даусыз басымдық берілуге тиіс, өйткені ол Қазақстаннан басқа ешжерде шын мәнінде түлеп, қажетінше дами алмайды», – деп жазылды. Тұжырымдамада бұрын сан ғасырлық отаршылдық саясаттан зардап шеккен қазақ халқының рухани жағынан шынайы түлеуі мен оның мәдениетінің гүлденуі қоғамдағы әлеуметтік-мәдени жағдай мен моральдық ахуалдың ізгіліктенуіне, Қазақстанда тұратын басқа да ұлт өкілдерінің мәдениетінің дамуына жәрдемдесетіні де айтылған. Қазақстан Республикасының мұндай ұстанымы «БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі комитетінің кемсітпеу туралы жалпы ережелеріне» сәйкес, онда егер елдің байырғы халқы ұзақ уақыт бойы тәуелді жағдайда болып келсе, оның мәдениетіне деген бұрынғы жол берілген нақты кемсітушілікті түзету үшін мұндай көзқарас әділетті әрі қажетті болып табылады» деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы ұстанымы қазақ өнері мен мәдениетін республиканы мекендейтін басқа да халықтардың мәдениетін көркейтіп, рухани сұранымын қанағаттандырумен сабақтастықта қарау болып табылды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының өзінде оннан астам ұлттық мәдениет орталығы құрылды. Орыс, кәріс, неміс театрлары жұмыс істеді, «Нава» фольклорлық ансамблі, вокальді – аспапты «Яшлык» ансамблі, ондаған жеке ұжымдар мен жүздеген жеке орындаушы өз өнерін дамытты. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына, мәдениет саласындағы саясат жөніндегі бүкіл дүниежүзілік конференция (Мехико–82) декларациясына, БҰҰ мен ЮНЕСКО Жарғыларына сәйкес мемлекеттік тәуелсіздікті, шынайы егемендік пен мәдени мұраларын қайта жаңғыртуға, дамытуға мол мүмкіндіктер туды.

1996 жылы 4 қарашада Қазақстан Республикасы Президенті қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін айқындайтын «Қазақстан Республикасының тіл саясаты тұжырымламасын» бекітті. 1997 жылы 11 шілдеде «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заң қабылданды. Аталған Заңның I тарауының 4-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» болып бекітіліп, орыс және басқа да ұлт тілдері туралы I тараудың 5, II тараудың 8–15, III тараудың 16–18 баптарында айтылды (*Хрестоматияны қараңыз*). Осы Заңды жүзеге асыру мақсатында 1998 жылдың 14 тамызында қабылданған «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту туралы» Үкіметтің №769 қаулысында іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу туралы айтылды. Мемлекеттік тілді дамыту және іс-шараларды ұйымдастыру мен үйлестіру жұмыстарын жүргізу мақсатында бірнеше ресми органдар құрылды. Мәселен, 1998 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанынан Мемлекеттік терминологиялық комиссия, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылдың 9 қазанындағы №1545 Қаулысымен «Республикалық мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту орталығы» республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны ашылды.

Қазақстандық зиялы қауым өкілдері де мемлекеттік тіл мәселесін дамытуға белсене араласты. Осы орайда, белгілі қоғам қайраткері, ақын Мұхтар Шахановты, «Мемлекеттік тіл» қоғамдық қозғалысы төрағасының орынбасары, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Асылы Османды және басқа да азаматтардың есімдерін атап айтуға болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы №550 Өкімімен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» мемлекеттік тілді дамыту іс-шаралары, мемлекеттік тілді нығайтудың жоспары, іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізудің міндеттері, оны жүзеге асыру мерзімі белгіленді.

Тәуелсіздік алғанымызға он тоғыз жыл өтсе де, елімізде мемлекеттік тіл мәселесі шешуін толық таппай отыр. Тіл тағдырының күрделі мәселеге айналуының бірнеше себептері бар. Оның басты себебі – кеңес үкіметінің ұлт мәселесіндегі «солақай» саясаты. Басқаша айтқанда, коммунистік партияның «кеңес халқын» қалыптастыру желеуімен орыс тілінің мәртебесін үнемі нығайтып отыруы. Соның салдарынан қазақ қоғамында – қазақ тілді және орыс тілді қазақтар деген екі түсінік қалыптасты. Оған қазақтардың өз ішінде бөлшектеніп, ата-анасы баласын, баласы ата-анасын түсінбейтін кер заман болғанын айту орынды.

Бүгінгі Қазақстан Республикасында Елбасының тікелей араласуымен мемлекеттік тілді жан-жақты дамыту және мемлекеттік тіл бүкіл қазақстандықтардың күндылығына айналуы үшін қыруар жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, мемлекеттік тілді дамытуға мемлекет тарапынан 2005 жылы 133 миллион, ал 2006 жылы 560 миллион, 2007 жылы 3 миллиардтан астам, 2008 жылы 5 миллиардтан аса теңге бөлінді.

Елімізде мемлекеттік тілді тиімді оқытуды арттыру мақсатында 16 аймақтық, 15 қалалық, аудандық қазақ тіліне оқыту орталықтары жұмыс

істесе, 2008 жылы осындай тағы отыз орталық ашу, ал 2010 жылы олардың саны жүзден астам болады деп жоспарлануда.

Қазіргі кезде Қазақстанда барлығы – 7721 мектеп болса, оның ішінде 3788-і таза қазақ мектептері. Бұл 50 пайыздан астамы дегенді білдіреді. Оларда 1 миллион 545 мың оқушы оқиды.

Қазақстанда 130-дан астам ұлт өкілдері тұратыны белгілі. Қазақстанда әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар. Бүгінгі күні республикамызда қазақ тілінен өзге тілдерде оқытатын жалпы білім беру мектептерінің саны 1 852. Оның ішінде 1727-і орыс, 2-і тәжік, 63-і өзбек, 1-і украин, 4-і ағылшын, 1-і түрік, 14-і ұйғыр мектептері.

Қазақстандағы 22 этнос тілі – 108 мектепте жеке пән ретінде оқытылады. Мұнан басқа 195 мамандандырылған лингвистикалық орталықта 30 этностың балалары мен ересектердің тіл үйренуге мүмкіндігі бар. Қазір онда 7 мыңнан аса адам оқиды. Қазақстанда қазақ және орыс театрларынан басқа өзбек, ұйғыр, көріс және неміс ұлт театры жұмыс істейді. Оның үшеуі ТМД көлемінде бір-бірден ғана.

Қазіргі кезде Қазақстан – тек қана экономикасы дамуы жағынан ғана емес білім және ғылым салалары дамуы жағынан алдыңғы қатарға шыққан мемлекеттердің бірі. Сондықтан елімізде мемлекеттік тіл – қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін жақсы меңгеруі әлемдік білім мен ғылым кеңістігіне еркін енуімізге мүмкіндік ашатындығына маңыз берілуде. Елбасы 2008 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдету керектігін, мемлекеттік тілді оқытуда халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, қазіргі заманғы озық бағдарламалар мен әдістерді қолдану қажеттігін айтқан болатын. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың үш тұғырлы тіл қалыптастыру идеясының түп негізі осында жатыр. Бұл, шындығында, Қазақстанның болашақта өркениетті елдер қатарына қосылуының бірден-бір жолы.

Мемлекеттік тілді үйрету орталықтарының саны жыл санап артып келеді. 2009 жылы 93-ке жетті. Мемлекеттік тілді үйренушілер үшін жалпы тиражы 260 мың болатын 8 сөздік басылып шықты. 2009 жылы мемлекеттік органдарда іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу 60,5 пайызға жетті.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінің дамып, қалыптасуында Елбасының еңбегі орасан зор. Осы орайда: «Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі», – деп айтқаны қалың көпшілік арасына тез тарады.

Тәуелсіздіктің рухани бастаулары. Қазіргі Қазақстан мәдениеті. Наурыз мейрамы 1988 жылдың 22 сәуірінде – 62 жылдық үзілістен кейін қазақ жеріне қайта оралды. Алматы қаласындағы Максим Горький атындағы демалыс паркінде өткен ұлттық мерекенің ашылуына Г.В. Колбин және Алматы қаласындағы сегіз аудан мен облыстық партия

комитетінің хатшылары, министрліктердің басшылары Орталық Комитеттен арнайы жасырын тапсырма болуы себепті қатысқан жоқ. Мерекенің ашылуында Мұхтар Шаханов:

Канша ғасыр сен берген даламызға
Өзгеше бір өні едің байтақ елдің,
Сәлем, Наурыз!
Сен біздің арамызға
Алпыс екі жылдан соң қайта келдің, –

деп басталатын «Наурызға ода» атты өленін оқыды. Ұлтымыздың зиялы азаматтары Тұрар Рысқұлов пен Темірбек Жүргеновтың жұбайлары Әзиза мен Дәмеш апайлар қатысып, Наурыз төңірегінде кең көлемде сөз сөйледі.

1989 жылы көктемде Наурыз Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан республикаларында жалғасты. Еліміздің тәуелсіздігімен қайта жаңғырған «Наурыз мейрамы» жалпы халықтық мерекеге айналды. Наурыз Шығыс елінің бүкілхалықтық мейрамы, яғни Ұлыстың ұлы күні. «Наурыз мейрамы» – бірліктің, татулықтың, еңбектің, көктемнің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде тойланады. Бұл мерекемен қатар республикамызда тұратын басқа да ұлттар мен ұлыстардың ұлттық мерекелері, салт-дәстүрлері, мәдениеті қатар дамып келеді. Мәдениет министрлігінің мәліметіне сүйенсек 1995 жылы мәдени-ағарту мекемелері – 180 мыңдай мәдени шара өткізіп, оған 24 миллиондай адам қатысқан. Театр сахналары мен музыкалық ұжымдар репертуарында Қазақстан тақырыбы басымдыққа ие болды. Құрманғазы Сағырбайұлы, Абай Құнанбаев, Жамбыл Жабаев, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Мағжан Жұмабаев және басқа да мемлекет, ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің мерейтойларына арналған фестивальдер өтті. Абай Құнанбаевтың 150 жылдық мерекесі күрметіне республикада 156 жаңа қойылым көрсетілді. Мамандандырылған музыка өнерін дамыту мақсатында халықаралық конкурстар мен фестивальдер өткізілді. Алматы қаласында «Азия дауысы», «Үкілі домбыра», «Жігіттің сұлтаны», «Қыз сыны», «Жас қанат», «Ермек Серкебаев шақырады» т.б. мәдени-көпшілік шаралары ұйымдастырылды.

Тәуелсіздіктен кейінгі үш-төрт жылдың ішінде жиырмадан астам қазақ тіліне арналған оқулықтар мен оқу құралдары оқырманға жол тартты. 1992–1995 жылдар аралығында қазақ тілінде оқитын орта мектептерде өтетін пәндерге байланысты 112 толтума оқулық жарық көрді. 1995 жылы Қ.И. Сәтбаевтың алғы сөзімен жарияланған (Москва, Центроиздат, 1927) «Ер Едіге» эпосы қайта басылды. Ғ. Қараштың «Заман», С. Ақынжановтың «Қыпшақтар Қазақстанның орта ғасыр тарихында», «Қазақтың ғашықтық жырлары», «Қазақтардың ерлік жырлары» басылып шықты. «Құран» тұңғыш рет қазақшаланды. Әл-Фарабидің,

Шәкәрімнің еңбектері, Қожа Ахмет Иасауи трактаттары, М. Дулатовтың екі томдығы, Х. Досмұхамедовтың еңбектері, М.Ж. Көпеевтің екі томдығы, «Қазақ», «Айқап», «Дала уалаятының газеті» деп аталатын жинақтар мен осы іргелі басылымдардың библиографиялық көрсеткіші жарыққа шықты. 1976 жылы КОКП тұратып тастаған «Көшпенділер. Эстетика» кітабы жарияланды. Ғылым академиясының құрамындағы философия институты жанынан құрылған «Ақыл кітабы» ғылыми-баспа үйінен ағылшын және орыс тілдерінде «Новый Казахстан: 5 лет независимого развития», авторлар ұжымының «Философия. Наука. Общества», «Права и свободы человека в Казахстане», «Казахстанская философия канун XXI века», кезеңнің күрделі проблемалары талданған «Казахстан на пути к устойчивому развитию», «Евразийская интеграционная политика Республика Казахстан: проблемы и перспективы», «Политическое лидерство в современном Казахстане», «Общечеловеческие и национальные ценности в изменяющемся обществе», т.т. көптеген кітаптар жарық көрді.

Тарих және басқа да қоғамдық ғылымдар саласынан академик М. Қозыбаевтың «История и современность», «Ақтаңдақтар ақиқаты», «Тарих зердесі», К. Нүрпейісовтың «Алаш және Алашорда» сынды кітаптары, Ғ. Ақпанбектің «Қазақ халқының дүниетанымы», Қ. Жарықбаевтың «Ұлттық психология», М. Орынбековтың «Предфилософия протоказахов» кітаптары, Қазақстанның даму институты әзірлеген «Қазақтар» анықтамалығы, тарих және этнология институтының ғалымдар ұжымы шығарған «История Казахстана: белые пятна», «История Казахстана с древнейших времен до наших дней» көп томдығы, М. Мағауиннің «Қазақ тарихының әліппесі», М. Тәтімовтың «Қазақ әлемі» кітаптары жарық көрді.

Кеңестік тоталитарлық жүйенің қанды құлпының астында қалған есімдер халқымен қайта қауышты. Осы кезде республикалық баспалардан тұңғыш рет «Мұхаммед пайғамбар» (Ф.Оңғарсынованың аудармасы), Шәкәрім Құдайбердиевтің «Менің өсиетім» («Өнер»), «Родословная», Ахмет Байтұрсыновтың «Қазақ тілінің мәселелері» («Ана тілі»), Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» («Рауан»), С. Асфендияровтың «Қазақстан тарихы» («Санат»), Халел Досмұхамедовтың «Аламан» («Ана тілі»), Ә. Диваевтың «Тарту», Тәлжан Шонанұлының «История о казахском земельном вопросе» («Санат»), Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Қазақ шежіресі», Ыбырай Алтынсариннің «Мұсылмандық негіздері», Әубәкір Кердерінің «Қазағым», Бұқар жыраудың «Ай, Абылай, Абылай», Махмұд Қашғаридің «Көне түрік тілдерінің дамуы», Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақстанның көне мәдениеті», Мұхамеджан Тынышбаевтың «История казахского народа», сондай-ақ Әлихан Бөкейхановтың, Мұстафа Шоқайдың, Тұрар Рысқұловтың, Сұлтанбек Қожановтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың жеке шығармалары, көп томдықтары басылды. Зерттеу еңбектері жарық көрді.

2001 жылдан бастап жұмыс істеп тұрған мұражайлар саны жылына орта есеппен 17,3%-ға өсіп, елдегі мұражайлардың, жалпы санының көп бөлігі (89,8%) – мемлекеттік, қалғаны – жеке меншік нысанда болған. Ауылдық жерде 67 (40,4%) мұражай жұмыс істейді. Соңғы 2 жылда мұражайлар қорлары құнды экспонаттардың үштен бір бөлігіне толықты. Халықтың білім деңгейінің артуымен бірге библиографиялық ақпаратқа деген сұраныс өсіп отыр. Бұл кітапхана пайдаланушылары санының (2002 жылдан бастап орта есеппен жыл сайын 2,3%-ға) үздіксіз өсуіне, сондай-ақ оларды техникалық қамтамасыз етуге (46,4%-ы дербес компьютерлермен жарақталды) әкеліп отыр. Соңғы жылдары кітапханалар саны 77 бірлікке өсті. Кітапханалардың жалпы санының 2900-і (81,9%) – ауылдық жерлерде орналасқан. Елдің кітапхана қоры 115,4 млн бірлікті құрайды. Жыл сайын клуб тектес мекемелердің желісі (орта есеппен 9,1%) кеңейе түсуде. 2002 жылмен салыстырғанда клуб тектес мекемелердің саны 20%-ға өсті және 2004 жылы 2259 бірлікке жетті, олардың негұрлым көп бөлігі ауылдық жерлерде орналасқан. 2001 жылдан бастап клубтардың белсенділігі үздіксіз өсуде, 2003 жылмен салыстырғанда клуб ұжымдары өткізген іс-шаралар саны 5,3%-ға артты. Іс-шаралардың жалпы санының үштен бірі балаларға арналған іс-шаралардың үлесіне тиеді. 2001 жылдың ақпан айында еліміздің мәдени өмірінің жарқын беттерінің бірі «Асыл Мұра» – Қазақстанның музыкалық мұрасы жобасының түсаукесері Алматы қаласында өтті. Жоба мақсаты құнды ұлттық музыкалық мұраны табу, жүйелеу, қайта өңдеу, тазарту және қазіргі аудио таспаларға көшіру. Жоба аясында халықтық, классикалық және қазіргі Қазақстанның үздік мәдени мұра үлгілері қалпына келтірілді.

Кеңестік тоталитарлық жүйеден босаған елдің ақын-жазушылары шығармаларына XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы қазақ елі дамуы арқау бола бастады. 2001 жылы Оразақын Асқардың «Тәуелсіздік тартулары», 2004 жылы ақын Несіпбек Айтұлының «Бойтерек», жазушы Әлібек Асқаровтың бірнеше шығармасы: 2005 жылы «Слезы соленого сердца», 2006 – 2008 жылдары «Социализм өңгімелері», «Социализм хикаяты», «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді...», «И смех, и слезы, и любовь», 2006 жылы Рафаэль Ниязбектің «Айбозым менің», 2007 жылы Нұрғожа Ораздың «Тәуелсіздік таңы атты», 2008 жылы Жақсыбай Самраттың «Өзгеленді бұл ғалам», Тұрсын Жұртбайдың «Ұранным Алаш...» және басқа да ақын-жазушылардың шығармалары баспадан шықты.

Қазақстанның танымал жұлдыздары, халықаралық конкурстардың лауреаттары Айман Мұсақожаева, Әлібек Дінішев, Майра Мұхамедқызы, Талғат Мұсабаев, Нұржамал Үсенбаева әлем сахналарынан өнер көрсетті.

Қазақстан Республикасында Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Ермек Серкебаев, Ескендір Хасанғалиев, Роза Рымбаева, Ақжол Мейірбеков, Мәдина Ералиева, Майра Ілиясова, Алтынбек Қоразбаев,

Рамазан Стамғазиев, Нұрлан Өнербаев, Мақпал Жүнісова, Толқын Забирова және басқа да танымал әншілермен қатар соңғы жылдары Алтынай Жорабаева, Досымжан Таңатаров, Тоқтар Серіков, Бейбіт Сейдуәлиева, Бейбіт Қорған және басқа да жас әншілер халық қошеметіне бөленуде. «Дос-Мұқасан», «Гүлдер» ансамблі, «Мұзарт» триосы, «Нұр-Мұқасан» дуэті, биші Шұғыла, «Наз», «Алтынай» би ансамблі алыс-жақын шетелдерге кеңінен танылды.

Елімізде «Қазақ әуендері», «Алтын Самұрық», «Майра», «Ел» продюсерлік орталықтары ән кештерін ұйымдастырып тұрады. 2005 жылдан «Алтын Самұрық» ұлттық байқауы өткізіледі. Байқау екі кезеңнен тұрады, бірінші күні «Жыл әншісі», «Жыл жаңалығы», «Жыл тобы», «Жыл альбомы» сынды бірқатар номинациялар бойынша өнер жұлдыздары марапатталады. Ал екінші күні қазылар алқасы тарапынан таңдалған үздік 10 әнші, өздерінің арасынан бір-біріне дауыс беру арқылы «Алтын Самұрықтың» иегерін анықтайды. «Алтын Самұрықты» 2005 жылы Қаракат Әбілдина, 2007 жылы «Мұзарт» тобы, 2009 жылы отбасылық дуэт Тоқтар Серік пен Бейбіт Сейдуәлиева иеленді.

Қазақстанның елордасы – Астана қаласының мәдени инфрақұрылымы кеңейтілуде. Қ. Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық драма театры мен М. Горький атындағы орыс драма театры, К. Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театры жұмыс істейді. Президенттің мәдениет орталығы, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы салынып, іске қосылды. Мемлекеттік цирк, Бейбітшілік және келісім сарайы қолданысқа берілді. Бұл құрылыс нысанын салу идеясы 2003 жылы қыркүйек айында өткен әлемдік және дәстүрлі діндер өкілдерінің бірінші съезінде көтеріліп, пирамида пішіндес сәнді ғимарат салуды жиналғандар бірауыздан қолдаған болатын. Жобаның авторы британ сәулетшісі Норман Фостер. Биіктігі 77 метр, аумағы 25,5 мың шаршы метр ғимарат 2006 жылы қолданысқа берілді. Елімізде отандық авторларды көркемдігі жоғары туындылар жасауға тарту, сондай-ақ өнерді дамыту мақсатында жыл сайын «Астана-Бәйтерек» ұлттық байқауы өткізіледі.

Концерттік залдардың инфрақұрылымы айтарлықтай өзгерді. Олардың сыйымдылығы артты, яғни 2005 жылдың басында 18477 орынды құрап отыр. Ол 2003 жылмен салыстырғанда 21,9%-ға артық. Қазақстанның концерттік ұйымдары, сондай-ақ мемлекеттік (79%) және жекеменшік (21%) түрлері де өріс алды. Жыл сайын орта есеппен филармония концерттерінің саны 56%-ға, олардағы тыңдаушылардың саны 10%-ға өскен. 2004 жылы Қазақстанда 9420 көркемөнерпаздар ұжымы жұмыс істеді, олардың 7053-і (74,9%) – ауылдық жерлерде. Көркемөнерпаздар ұжымдары негізінен хор, вокаль (26,6%) және хореографиялық (23,5%) болып табылады. Ұжымдық көркемөнерпаздар шығармашылығының жұмысына – 125,2 мың адам қатысты.

«Азия дауысы» халықаралық ән байқауын ұйымдастырушылар 2003 жылы – «Астана–2003» қазақ әндерінің бірінші халықаралық сайысын

өткізді. Қазақстанда «Жас Қанат», «Жігер», «Алтын Алма», «Шабыт» және басқа да фестивальдер еліміздің талантты жастарына арналып жыл сайын өтеді.

Айтыс. Айтыс өнері өткен ғасырдың 80-жылдарынан қайта жаңғырды. Ақындық өнер – ертеден дәстүр болып жалғасып, классикалық түрге ие болған өнер. Кеңестер одағында айтыс өнері үш-ақ халыққа тән болды. Ол – қазақ, қырғыз, қарақалпақ. Жазушы Мұзафар Әлімбаевтың айтуынша, шетелдерден Мадагаскар аралының бас халқы мальгаштарда бар екен айтыс өнері. Ол елде ешбір той-мереке, салтанат жиын хатенсіз, яғни, тапқырлардың жарысынсыз өтпейді екен.

Айтыс өнері қоғамның даму кезеңдеріне қарай өзіндік ерекшеліктері болғанымен, қазақ халқымен бірге жасап келеді. Кеңестік қызыл империя ыдырай бастаған 1989 жылы Монғолияның, Өзбекстанның, Қырғызстанның, Ресейдің айтыскерлерінің қатысуымен Алматыда төрт күн бойы халықаралық айтыс өтті. Қазақ ақындары – Ташкентте, Бішкекте өткен айтысқа қатысты.

Бауырлас халықтар арасындағы рухани көпірге айналған ақындар айтысына ғалымдар Мырзатай Жолдасбеков, Рахманқұл Бердібай, Түрсынбек Кәкішев, Нығмет Ғабдуллин, Серік Қирабаев, ақындар Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев белсене ат салысты. Қазақ КСР-і теледидары ақындар айтысын бүкіл республикаға көрсетіп отыруды үдеріске айналдырды. Облыстарда ақындардың іріктеу сайысы өткізіліп, жеңгендері облысаралық айтысқа шықты. Әселхан Қалыбекова, Әсия Беркенова, Қонысбай Әбілов, Шолпан Қыдырниязова, Аяз Бетбаев, Мұхтар Құралов, Шымболат Діллдебаев, Шорабек Айдаров секілді талантты айтыскерлер елге танылды. Шымкент, Жезқазған, Қызылорда, Торғай, Орал, Семей облыстарында ақындық мектептер қалыптаса бастады. Тәуелсіздік жылдары айтыскерлер арасынан Аманжол Әлтаев, Мәлс Қосымбаев, Ақмарал Ілеубаева, Мұхамеджан Тазабеков, Айнұр Түрсынбаева, Оразәлі Досбосынов, Бекарыс Шойбеков және басқа да дарындар айтыс өнеріне өзіндік колтаңбаларын қалдырды. Ақындар Әселхан Қалыбекова, Әсия Беркенова, Қонысбай Әбілов, Әсімхан Қосбармақов – Қазақстанның халық ақыны деген атаққа ие болды. Шығысқазақстандық Абаш Кәкенов Қазақстан Жастар одағының сыйлығын алды. Аманжол Әлтаев пен Мұхамеджан Тазабеков жастардың мемлекеттік «Дарын» сыйлығының иегері атанды. Бірнеше өнерпазға Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері атағы берілді.

Қазақстанда Абай мен Жамбылдың 150 жылдық, Түркістанның 1500 жылдық, Тараздың 2000 жылдық мерейтойына орай ақындар айтысы өткізілді. Айтыс өнерін 1997 жылдан «Хабар» агенттігі жабық акционерлік қоғамы халыққа насихаттап келеді. 2002 жылдан «Айтыс» бағдарламасы «Каспионет» спутник жүйесі арқылы аптасына бір рет алыс-жақын шетелдерде көрсетіледі. Ұлт руханиятының жарқын да жасампаз көріністерін айқын аңғаратын айтыс өнеріне халықтың қызығушылы-

ғы еселеп артқанымен, жүйелі өткізілуінде ала-құлалықтар байқалып қалды. БАҚ жүйесінде сөз болды.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2004 жылғы 13 қаңтарда «2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлыққа қол қойды.

Бағдарлама қабылданғаннан бергі төрт жылда тарих пен мәдениеттің 51 ескерткіші қайта жаңғыртылып, Қазақстан аумағындағы 39 қалашықта, қоныста, тұрақта, обалар мен қорғандарда маусымдық археологиялық зерттеулер жүргізілді. Қытайға, Түркияға, Моңғолияға, Ресейге, Жапонияға, Египетке, Өзбекстанға, Арменияға, АҚШ пен Батыс Еуропа елдеріне 15 ғылыми экспедиция ұйымдастырылып, Қазақстан тарихы, этнографиясы, өнері жөнінде бұрын белгісіз болып келген 5000-ға жуық қолжазбалар мен баспалық басылымдар табылды. Тек Қытайға жасалған экспедицияның барысында Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне қатысты бұрын зерттелмеген маньчжур тіліндегі 3 мың, қытай тіліндегі 300, шағатай тіліндегі 60, ойрат тіліндегі 70 дерек табылды. Ұлттық және әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиет басылымдарының фольклортану, әдебиеттану мен өнертану, философия, тарих ғылымы, саясаттану, тіл білімі сияқты 16 бағыты бойынша бірнеше жүз томды құрайтын кітаптар шығарылды. 100 томдық «Бабалар сөзінің» 51 томы, «Қазақ философиясының» 16 томдығы, «Әлемдік философиялық мұраның» 18 томдығы, «Баласағұн» қалашығы, Отырар, Орхон ескерткіштерінің толық атласы жасалды. «Қазақстанның электрондық кітапханасы» және «Мәдени мұра» ғаламтор – порталдары жасалды. Қазір «Мәдени мұра» бағдарламасының 2007–2009 жылдарға арналған екінші кезеңі аяқталып, үшінші кезең бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру барысында мынадай тағылымдарға көз жетті:

Бірінші тағылым: «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы – тәуелсіздігіміздің салтанатты шеруі. Ғасырлар бойы аңсаған азаттықты бекемдеуде ұсақ-түйек деген болмайды екен. Бәрі маңызды, бәрі ауадай қажет. Солардың ішінде айрықша қамқорлыққа зәруі мәдени-рухани төл құндылықтарымызды сақтап қалу еді. «Қай халықтың болмасын, – дейді Н.Назарбаев, – өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі мәдениеті. Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады». Онсыз қазақ қазақ емес, жас мемлекетіміздің болашағы баянды емес. Қазақтың тілін, тарихын, ән-күйін, өнерін, діні мен дінін отарлық ойраннан, социалистік эксперименттерден туындаған апат қаупінен құтқаруды өз міндетіне алатынын еліміз тәуелсіздіктің арқасында ғана барша әлемге паш ете алды.

Мойнына алған міндетті атқарудың қазақстандық жолын да өзі тапты. Мұндай керемет соңғы үш ғасырға жуық мерзім ішінде мандайымызға жазылмаған еді.

Екінші тағылым: тарих күрсағында пісуі әбден жеткен, тіпті мерзімі өтіп кеткен қажеттілікті мемлекеттік саясат пен практика деңгейінде ұлықтаған Елбасымыздың көрегендігі мен сезімталдығы. Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының депутаты Қ. Сұлтанов дөп басып айтқандай, Президент Жарлығы тек зиялы қауым ғана емес, бүкіл халықтың көңілінен шығып, қолдауына ие болды. Ұлттың рухын, ұжданын көтеріп, өзіне өзінің кім екенін таныттты. Болашаққа сенімін нығайтты. Бұл саяси шешім ұлттық мұрамызға, тарихымызға, рухани болашағымызға шындап бет бұруымыздың бастамасы болды. Президентіміз Н.Назарбаев ұлы істі бастап қана қойған жоқ, ұлайы басы-қасында жүрді. Мүмкін-мүмкін еместігіне қарамастан қаржылық, материалдық-техникалық, дипломатиялық, интеллектуалдық, заңнамалық әлеует атаулының бәрін игі мақсатқа табандылықпен жұмылдырды. Осылардың бірде-біреуін ұысынан шығарып, назардан тыс қалдырғанда нәтиже бүгінгідей болмас еді. Тарих адамдардың саналы іс-әрекетімен түзілетінін әркім біледі, әйткенмен тұлғаның стратегиялық уақыт үдесінен шыға алуын мәңгі құндылыққа жатқызғанымыз абзал. Уақыт шіркінді кім тоқтата алған. Елбасы тағына талай тұлғалар келер, кетер. Солардың бәріне Н.Назарбаевтың «Мәдени мұрасы» үлгі-өнеге болып қалғаны – қалған.

Үшінші тағылым: «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының қорытындылары Қазақстан зиялылары мен мамандары әлемдік талаптар деңгейінде жұмыс істей алатынын айғақтады. Американдықтар, француздар, қытайлар, тағы басқалар қазақстандық өріптестерінің табысын мойындады, бұдан былайда да бірлесе, ынтымақтаса зерттеулер жүргізуге даяр екенін білдіруде, алынған нәтижелерге қызығушылық танытуда. Ұлт зиялылары мен оқығандарының осы жолғы әлеуметтік-кәсіби кемелдігінен екі пайым туындап отыр. Бірі – ел алдындағы парызын олардың абыроймен атқарып шыққаны, екіншісі – Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы интеллектуалдық тұрғыдан шынайы екені.

Төртінші тағылым: әлемдік өркениеттер жүйесіндегі Қазақстанның тарихи орны мен мәртебесінің тиянақталғаны. Отарлау мен тоталитарлық жылдарда арғықазақтар мен қазақтардың надандығы, тағылығы, мәдени артта қалғаны талай «зерттеулерге», КОКП құжаттарына арқау болып, санамызға сіңдірілген еді. Енді сол тұжырымдардың іргесі сөгіліп, «жаназасы» шығарылды. Біздің дәуірімізге дейін-ақ Қазақстанның сапалы металы Еуропада қолданым тауыпты, арғы бабаларымыз Сарыарқаның төрінде мемлекетін құрыпты. Белгілі археолог К. Байпақовтың сөзімен жеткізсек, бізге бұрын мұндайды аштық деп жариялау түгіл, атаудың өзі мүмкін емес-тін. Қысқасы, бүгінде Қазақстан әлемді, әлем Қазақстанды таныды.

Бесінші тағылым: «Мәдени мұра» қазақстандық патриотизмді, отаншылдық сезімді қалыптастыруға, барша қазақты, қазақстандықтарды ұлттық идея төңірегіне топтастыруға тамаша мүмкіндік ашқан іргетас қалады. Біздің өткеніміз ешкімнен кем емес екен, бүгінгі табыстарымызды кездейсоқтық деуге негіз жоқ көрінеді, болашаққа нық сеніммен қадам жасауға оңтайлы алғышарттар бар. Ұлы дала қашан да азаттықты, бірлікті, жасампаздықты мақсұт тұтқанын мемлекет деңгейінде дәріптеудің реті туып тұр. Мәселе пәрменді тетіктерді түзіп, іске қосуда. Ол еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін қамтып жатуы керек. Президентіміздің: «Келешекте мектеп, орта арнаулы және жоғары оқу орындарының бағдарламаларын осы «Мәдени мұра» кітаптары негізінде қайта қарап, толықтыру мәселесін де ойластырылуы қажет», – деген тапсырмасы стратегиялық мән-мағынаға толы.

Алтыншы тағылым: кеңестік жылдардан бері желісі үзілмей, жалғасып келе жатқан тозық дәстүрдің – мәдениетке сарқынды ұстаным бойынша қаржы бөлудің өмір сүруін тоқтатқаны. Әлемдік билікті қолына алуды армандаған, жанталаса қаруланған КСРО-да әлеуметтік-мәдени салаға мардымсыз қаражат бөлу Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңде айықпас дертке айналған еді. Ел тәуелсіздігі мен экономикасының өрлеуі мәдениетті сарқынды қаржыландыруды тоқтатуға қол жеткізді. Бұған қозғау салған, әрине, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы.

Жетінші тағылым: әлемге көлдей жайылып келе жатқан жаһанданудан ұлттық болмыс-бітімімізге төнген қатерге қарсы қояр қорғанның қатарға қосылғаны. Жаһанданудың технологиялық, интеграциялық, қаржылық, экологиялық берерін көдеге жарата алсақ, ұтарымыз хақ. Ал оның тілге, ақпараттық қауіпсіздікке, тәлтума мәдениетімізге, салт-дәстүрімізге қысымы алдын ала қамданбасақ, қапы қалдырары сөзсіз. Міне, осыған төтеп беретін әлеуеттің көзі ашылды. «Мәдени мұра» қазынасын бірінші кезекте жастардың игеруіне жағдай туғызып, балабақшадан көмелеттік жасқа жеткенше қолынан тастамайтын, санасынан шығармайтын құндылыққа айналдыруды жүзеге асырған жөн.

Түптеп келгенде, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын кеңестік тәрбие мен білім алған аға ұрпақ өкілдері кейінгі толқын жастар үшін жүзеге асырды. Ұрпағының болашағына аландаған азаматтар Елбасы идеясын жеті тағылыммен безендіре алды. Осынау үлгі-өнегені тәуелсіздік өркендері лайықты жалғастырып әкетсе, «Мәдени мұраның» діттеген мақсатына жеткені. «Біз,– деді Н.Назарбаев,– келер ұрпақтарымыз ұлайы жалғастыруға тиісті ұлы істі бастап бердік. Алыс жол алғашқы адымнан. Ол тоқтамайды да».

Кино өнері. Кино өнерінде 1980 жылдардың соңында қазақ режиссерлері түсірген фильмдер Италияда, Канадада, ФРГ-да, Францияда, АҚШ-та өткен халықаралық фестивальдерде жүлделі орындарды иеленді. 1989 жылы кеңес киносын сарапқа салған «Искусство и кино» журналының сұрыптауы бойынша қазақ киносы бірінші орынға

шықты. 1987 жылы Алматыда Рашид Нұғымановтың «Ине» фильмі түсірілді. 1980 жылдардың соңында кинематограф Серік Апырымов «Соңғы аялдама» фильмін көрерменге ұсынды.

1990 жылдардың ортасында С. Апырымов «Ақсуат» фильмін түсірді. 2000–2005 жылдары Қазақстанда 30 түрлі жанрдағы көркем фильм түсірілді. Режиссер С. Апырымов түркілердің шығу тарихын зерделей-тін – «Аңшы» фильмін түсірді. Ардақ Әміркүловтың «Отырардың күйреуі» атты тарихи киносы мен Сатыбалды Нарымбетовтың «Көзімнің қарасы» фильмін көрермен жылы қабылдады. Бұл екі фильм де Мемлекеттік сыйлық алды. Талантты жас режиссер Рүстем Әбдірашевтің «Қаладан келген қыз» (2004) картинасы Ресейдің Анапа қаласында өткен ТМД және Балтық елдерінің халықаралық кинофестивалінде бас жүлдені жеңіп алды. Тәуелсіздік жылдары С. Бодровтың «Көшпенділер», Дәрежан Өмірбаевтың «Шұға», Сатыбалды Нарымбетовтың «Мұстафа Шоқай», Данияр Саламаттың «Әкем екеуіміз», Ардақ Әміркүловтың «Қош бол, Гүлсары» және басқа да фильмдер түсірілді. «Рэкетир» фильмімен танылған кинорежиссер Ақан Сатаев отандық кино тарихындағы тұңғыш мистикалық триллер «Адасқандар» фильмін, Ермек Тұрсынов «Келін» фильмін түсірді.

Қазақ киносының ілгері басуына 2008 жылдың 7–13 қыркүйегі аралығында Астана қаласында өткен V Халықаралық «Еуразия–2008» кинофестивалі серпін берді. Онда отандық 12 кино өмірге жолдама алды. Фестиваль аясында көрсетілген «Мұстафа Шоқай», «Әкем екеуіміз», «Отырардың күйреуі», «Жетімдер» фильмдеріне келуші көрермен көп болды.

2009 жылдың ақпан айында Францияда 15-халықаралық Азия фильмдерінің «Синемас Азия» фестивалінде «Қаладан келген қыз», «Құрақ көрпе» фильмдерімен көрерменге таныс, «Шөкен жүлдыздарының» бас жүлдесін, Челябинскіде өткен «Золотой витязь» халықаралық кинофестивалінде «Ең үздік режиссура», «Тарлан» және басқа да фестивальдерде жүлделі орындарға ие болған режиссер Рүстем Әбдірашевтің «Сталинге сыйлық» туындысы Азия елдерінен қатысқан жүздеген картинаның ішінен іріктеп алынған 11 фильмнің арасынан Гран-приді жеңіп алды. Фильмге кеңестік тоталитаризм тақырыбы арқау болған. Бүгінгі қазақ киносы халықаралық фестивальдерде жүлде алып, әлемге таныла бастады.

2009 жылдың 16 наурызында Алматы қаласындағы «Цезарь» кинотеатрында Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ-ның ұсынуымен «Алашорда» деректі фильмінің түсаукесері болды. Фильмде XX ғасыр басында саясат сахнасына шыққан Ә. Бөкейханов бастаған Алаш қайраткерлерінің саяси күресі және Ресей империясының әртүрлі губернияларынан бөлініп тасталған қазақ жері мен қазақ мемлекеттілігі жойылу қаупінде тұрған кезеңдегі саяси оқиғалар туралы баяндайды. 2009 жылы отандық 11 кино, 1 телехикая, 5 анимациялық фильм түсірілді.

Қазақстанда халықаралық мәдени байланыстар жолға қойылып, табысты жұмыс істеді. Қазақстан мәдениетін әлемге таныту мақсатындағы бірқатар шаралар атқарылды. Қазақстан Республикасы Үкіметі, Мәдениет министрлігі Қазақстан мәдениетін әлемдік деңгейде насихаттауға баса мән берді. Мысалы, Алматы хореография училищесінің оқушылары Швейцарияда, АҚШ-та болып өнер көрсетті. Республикалық корей музыкалық-драма театры Оңтүстік Кореяда (1991) өткен Әлемдік этникалық фестивальға қатысты.

Абай күндері Мәскеуде, Санк-Петерборда, Парижде, Өзбекстанда, Түркияда, Қытайда, Моңғолияда, Иракта, Украинада табысты өтті.

Қазақстан 49 таяу және алыс шетелдердің халықаралық ұйымдармен мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойды. Ресейдегі Қазақстан жылы, Қазақстандағы Ресей жылы өткізілді. 2004 жылы өткен ТҮРКСОЙ Тұрақты Кеңесі XXI отырысы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымдарына мүше мемлекеттердің мәдениет министрлерінің II жұмыс бабындағы кездесуінің өткізілуі қазіргі заманғы Қазақстан өміріндегі маңызды оқиға болды.

2008 жылдың қыркүйек айында V «Еуразия» халықаралық кинофестивалі өтті. Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласының 10 жылдығына «Опералия–2008» 4-халықаралық музыкалық фестивалі ұйымдастырылды. Түркіменстанның, Катар, Египет және Иорданияның Қазақстандағы мәдениет күндері өтті. Қазақстанның Моңғолиядағы, Тәжікстандағы мәдениет күндері ұйымдастырылды.

Спорт. 1995 жылы Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамыту жөніндегі шұғыл шаралар туралы» Жарлығы, 1996 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақ-стан Республикасында халықтың дене тәрбиесі дәрлығының президенттік сынамалары туралы» қаулысы қабылданды. 1999 жылы «Дене шынықтыру мен спорт туралы» Заң қабылданды. 1996 жылғы Атланта олимпиадасында біздің спортшылар 199 мемлекеттің бәсекесінде 22-орынға табан тіреді. Бұл – тәуелсіздіктің туын жаңа көтерген жас мемлекет үшін тамаша табыс еді. Біздер қол жеткізген 11 медаль (3 алтын, 4 күміс, 4 қола) Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Ақмола облыстары мен Алматы қаласы спортшыларының үлесіне тиді. Бұл Олимпиадада, әсіресе, Бекет Махмұтов пен Әбдісалан Нұрмаханов бастаған бокс құрамасы тамаша табысқа жетті. Боксшылар 4 медальға ие болды. Василий Жиров қазақ боксшыларының тарихында бірінші болып, Баркер кубогын жеңіп алды.

2000 жылғы Сидней олимпиадасында Қазақстан құрамасы 3 алтын, 4 күміс медальмен, жалпы командалық 24-орынға ие болды. Сидней олимпиадасында Болат Жұмаділов, Ермахан Ыбырайымов, Ольга Шишигина, Александр Винокуров секілді саңлақтар жүлде алды. Бұл жолы да бокшыларымыз тамаша табысқа жетіп, 2 алтын, 2 күміс медаль иеленді. 20 жастағы Бекзат Саттарханов Олимпиада чемпионы атанды.

Бокс құрамасы Олимпиада ойындарында командалық есепте 3-орыннан көрінді.

Бұл жолы Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Алматы қалаларының спортшылары алтын, күміс медальдарды жеңіп алды. Сиднейде республикадағы 14 облыстан тек үш-ақ облыстың спортшылары жеңіс тұғырына көтерілді. Осы жерде кезінде Кенес Омаровтай білікті маман іргетасын қалаған Жамбыл бокс мектебін ерекше айтуға тиіспіз. Жамбылдың қос санлағы – Ермахан Ыбырайымов пен Болат Жұмаділов 1995–2000 жылдар аралығындағы әлем чемпионаттарында – 1 алтын, 2 күміс, 2 қола, Олимпиада ойындарында – 1 алтын, 2 күміс, 1 қола медальға ие болды. Болат Ниязымбетов Атлантада қола жүлде алды.

Елімізде спортқа деген мемлекеттік көзқарасты айқындайтын – Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 1996–2000, 2001–2005 жылдарға арналған екі бірдей мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2001–2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың нәтижесінде Қазақстанда дене шынықтырумен және спортпен шұғылданушылар санының орнықты өсу үлерісі байқалды. Егер Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың басында 2001 жылы спортпен шұғылданушылар саны 1436,3 мың адам болса, 2002 жылы 1546,3 мың адамға көбейді. 2003 жылы 1752,1 мың адамға, 2004 жылы 1885,9 мың адамға өсті. Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың соңында 2 млн адамды немесе ел халқының 13,7%-ын құрады.

Штаттағы 30 мыңға жуық дене тәрбиесі қызметкерлері дене шынықтыру және спорт сабақтарын ұйымдастырып өткізеді. Бұл – 2001 жылмен салыстырғанда 6737 адамға көп.

2001 жылы штаттағы дене шынықтыру және спорт саласы қызметкерлерінің саны 23239 болса, 2002 жылы 24684, 2003 жылы 26624, 2004 жылы 28337, 2005 жылы 29976 адам болды.

Жыл сайын өткізілетін дене шынықтыру-сауықтыру және бұқаралық спорттық іс-шаралардың саны өсіп келеді. Оларға 2,5 миллионнан аса адам қатысады. Дене шынықтыру мен спорттың материалдық-техникалық базасы нығайып келеді. Спорт ғимараттарының саны 2001 жылдан бастап 2366-ға көбейіп, саны 28666-ға жетті. Астана, Орал, Қостанай, Шымкент, Павлодар, қалаларында спорт сарайлары салынып іске қосылды. Қарағанды, Өскемен, Астана, Атырау қалаларында қазіргі заманғы спорт кешендері пайдалануға берілді. Астана, Қарағанды, Атырау, Қостанай, Павлодар, Талдықорған, Ақтөбе, Оралдағы стадиондар, Алматы қаласындағы «Медеу» спорт кешені қайта күрделі жөндеуден өтті.

Елімізде тұрғылықты жері бойынша 488 жасөспірімдер клубы, дене тәрбиесі даярлығының 73 балалар мен жасөспірімдер клубы, 499 дене шынықтыру-сауықтыру және 87 кәсіби клубтар құрылды. Жалпы білім беретін мектептердің бағдарламасына дене тәрбиесінен аптасына үшінші

сабақ, ал жоғары және орта арнаулы оқу орындарында аптасына төрт сағаттық сабақ енгізілуде.

Дене тәрбиесінен үшінші сағат республикадағы жалпы білім беретін мектептердің 75,3%-ында, ал ұлдар мен қыздарды бөлек оқыту 46,6%-ында енгізілген.

Жазғы және қысқы спорт түрлерінен оқушылардың республикалық спартакиадасы, универсиадалар, футболдан, хоккейден, шаңғыдан бұкаралық жарыстар және т.б. ұзақ үзілістен кейін қайтадан өткізіле бастады.

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің саны көбейіп, ол 2005 жылдың 1 қаңтарында 389-ға жетті, бұл 2004 жылмен салыстырғанда 22-ге артық. Сондай-ақ, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде шұғылданушы балалар саны да өсіп келеді. Оларда шұғылданушылар саны 200 529 адамды құрайды, ол 2004 жылмен салыстырғанда 14 653 адамға көп. Олардың арасында 1 разрядты спортшылар – 7300 адам, спорт шеберлігіне кандидаттар – 6333 адам, спорт шеберлері – 1705 адам. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі жаттықтырушы – оқытушылар құрамы 7717 адамды құрайды. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде шұғылданушылардың көбірек саны Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында байқалды.

Спорттағы дарынды балаларға арналған – 3 республикалық және – 13 облыстық мектеп-интернат ашылды.

3 республикалық олимпиадалық даярлық орталығы және 13 өңірлік олимпиада резервін даярлау орталығы ашылды. Олимпиадалық даярлық орталықтарында шұғылданушылар саны 765 адамды құрайды, олардың 285-і ауыспалы құрамда, 480-і тұрақты құрамда. 1 разрядты және спорт шеберлері кандидаты спортшылар саны 275 адамды, спорт шеберлері 173 адамды құрайды.

Олимпиада резервін даярлау орталықтарында шұғылданушылар саны 642 адамды құрады, олардың 262-сі ауыспалы құрамда, 380-і тұрақты құрамда болды. 1 разрядты және спорт шеберлігіне кандидат спортшылар саны 305 адамды, ал спорт шеберлері 87 адамды құрайды.

Қазақстан Республикасындағы спорттың танымал түрлері – күрес, бокс, дзюдо, ауыр және жеңіл атлетика болып табылады.

Медициналық және медицина-биологиялық қамтамасыз ету мәселелерін шешу үшін Спортшылардың допингке қарсы республикалық зертханасы және Алматы қаласында Спорт медицинасы және оңалту орталығы ашылды. Ел өңірлерінде 10 дәрігерлік дене шынықтыру диспансері жұмыс істеді.

Афины олимпиадасында бақ сынаған құраманың мықтылары кішкен-тайынан өз мектебімізде шыңдалған спортшылар болды. 90-жылдардың соңына дейін созылған экономикалық дағдарыстың спорт саласын да қатты теңселткенін жоғарыда айттық. Ал өтпелі кезең ауырлықтарының спорт саласына әсері Афины олимпиадасында ерекше көрінді.

Қазақстан құрамасы бұл жолы жамбылдық боксшы Бақтияр Артаевтың жалғыз алтын медалін қосқанда 8 жүлдені қанағат тұттық. Афи-

ны олимпиадасында біздің ұзақ жыл қордаланған мәселелеріміз су бетіне шығып, спорт саласын дендеген дерт анық көрінді. Яғни, білікті кадрлардың тапшылығы, ғылыми жүйенің жоқтығы, спорттық медицинаның әлсіздігі, облыстарда спорт саласын зерттеу-сараптау ісінің тоқырауы Афины олимпиадасында алдымыздан шықты.

2006 жылдың 28 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамытудың 2007–2011 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» бекітілді. Қазір бағдарламаның 2007–2009 жылдарға арналған бірінші кезеңі іске асырылуда.

2006 жылдың көктемінде Президенттің тікелей ұйытқы болуымен – Туризм және спорт министрлігі құрылды. Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2007–2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленді.

Қазақстан спортшылары 2006 жылы Доха қаласындағы (Катар) 15-жазғы Азия ойындарында 85 медальға ие болды. Оның 23-і алтын, 20-сы күміс және 42-сі қола медаль. Алдыңғы Азия ойындарында 20 алтын, 26 күміс, 30 қола медаль алып, жалпыкомандалық 4-орын алды. Испанияда өткен әйгілі «Вуэльта» веложарысында қазақстандық спортшылар Александр Винокуров пен Андрей Кашечкин жеңіске жетті. 2006 жылы нысана көздеуден және ауыр атлетикадан Ольга Довгун мен Илья Ильин әлем чемпиондары атанды. Илья Ильин жыл спортшысы ретінде танылды. Дмитрий Карпов – Әлем кубогы кезеңдерінің жиынтығы бойынша ол сайыстан әлемнің үздік спортшысы атанды.

Қазақ спортшылары Атланта, Сидней, Афины Олимпиадаларында командалық үшінші орынға ие болды. 2008 жылғы Бейжің Олимпиадасында 13 медальға, оның 2-еуі алтын, 4 күміс және 7 қолаға қол жеткізді. Медаль саны жөнінен 205 мемлекеттің ішінде 19, жалпы есепте 29-орынға табан тіреді. Біздің республикамыздан алтын медальді ауыр атлет Илья Ильин мен боксшы Бақыт Сәрсекбаев иеленді. Күміс медаль иелері: дзюдошы Асхат Житкеев, ауыр атлеттер Ирина Некрасова мен Әсет Мәмбетов, еркін күрестен Таймураз Тигеев. Қола медальді грек-рим күресінен Нұрбақыт Теңізбаев және Әсет Мәмбетов, ауыр атлет Мария Грабовецкая, еркін күрестен Елена Шалыгина және Марид Муталимов, боксшы Еркебұлан Шыналиев пен таэквондашы Арман Шылманов алды.

Ел намысын қорғап, халықаралық деңгейдегі жарыстарда оза шауып бәйге алып жүрген қыздарымыз да бар. Әлия Юсуповаңың көркем гимнастикадан отанымызға жасаған еңбегі орасан зор. Ол – Афины, Бейжің Олимпиадаларында 4–5-орында көрінді. Майсара Аманбаева – 69 келіде өнер көрсететін таэквондашы. 2007 жылы Словенияда өткен әлем чемпионатында қола медаль алған. Эльмира Айғалиева – Жамбыл облысының балалар мен жасөспірімдер арасындағы Олимпиадаға даярлау орталығының оқушысы. 2009 жылы Қарағанды қаласында өткен Қазақстан кубогының 6 дүркін жеңімпазы. Жұлдыз Есімова – Жастар арасында Әлемнің 2 рет қола және 1 күміс медалін жеңіп алған. Жан-

сая Әбдімәлік – 2008 жылы Вьетнамда шахматтан өткен Әлем біріншілігінде 8 жасар шахматшымыз жеңімпаз атанды. Ол бірнеше халықаралық жарыстар мен Азия чемпионы. Атақты Әлем чемпиондары А. Карпов пен Г. Каспаровтар әлем шыңын 12 жасында бағындырған болса, Жансая олардың рекордын 4 жаска жаңартты. Әлия Тілеубаева – Астана қаласы Қ. Мұнайтпасов атындағы дарынды балаларға арналған спорт мектеп-интернатының 10-сынып оқушысы. Көркем гимнастикадан еліміздің 8 дүркін чемпионы, 1 күміс және 2 қола медаль иегері. Әмина Рахым – АҚШ, Еуропа және Азия құрлықтарында теннис кортына шыққан 21 жасар спортшымыз, ол бірнеше рет чемпион атанған. Дариға Данияр – Астанадағы қаржы-экономикалық колледжінің 3 курс студенті, Қазақстан чемпионатының 2006 жылы – қола, 2007 жылы – күміс, 2008 жылы – алтын медалі иегері. Азия чемпионатының бас жүлдегері, әлем чемпионатының қола жүлдесінің иегері.

Туризм. Туризм саласын дамыту – ұлттық экономиканың даму катализаторы болып табылады. Туризм дамыса – жаңа жұмыс орындары ашылады, ұлттық табыс өседі, жергілікті инфрақұрылым дамиды, сөйтіп халықтың тұрмыс деңгейінің жақсаруына оң ықпал етеді. Қазақстан өзінің дербес ел ретінде дамуы барысында туризмге тікелей қатысты «Қазақстан Республикасының туристік қызметі туралы» Заңын және 2000 жылы 26 қазанда Қазақстан Республикасы Үкіметі «Қазақстанның туристік имиджін қалыптастыру бойынша шаралар жоспарын мақұлдау туралы», 2000 жылдың 30 қазанында «Туризм жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы», 2001 жылы 6 наурызда «Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың тұжырымдамасы туралы», 2002 жылы 29 желтоқсанда «Туризм саласын дамытудың 2003–2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы» және басқа да құжаттар қабылдады. Алайда туризм елімізде баяу дамып жатқан саланың бірі. Дүниежүзілік туристік ұйымның анықтамасы бойынша мемлекеттер «туристерді қабылдайтын елдер» және «туристерді жіберетін елдер» болып екі санатқа бөлінеді. Қазақстан бұл жіктеу бойынша туристерді жіберетін елдер санатына кіріп тұр. Әлемдік тәжірибеде туристерді жіберетін елдер санатына жоғары дамыған, үлкен өнеркәсіп өлеуетіне ие мемлекеттер жатса, Қазақстан бірқатар экономикалық көрсеткіштері бойынша дамыған елдерден кейін калуда. Ал еліміздің туристерді жіберетін елдер санатына кіруі бірнеше факторға байланысты. Елімізде өндірістің, оның ішінде жеңіл өнеркәсіптің құлдырауы салдарынан «шоп-туризм» немесе «дүкен-туризм» деген құбылыс өріс алды.

Елімізге Ұлыбритания, Франция, Жапония, Италиядан және Ресей мен Германиядан туристер келген. Алайда туристердің басым көпшілігі танымдық мақсатта емес, іскерлік ниетпен келетіні белгілі болып отыр. Ресей мен Германия туристерінің Қазақстанда болу себебі, негізінен осы елдердің ірі этникалық диаспораларының қоныстануы. Соңғы жылдары Израиль, Иран, Литва мемлекеттері азаматтары туристік сапармен Қазақстанда болды.

Туризм экономикалық және әлеуметтік салада мемлекеттің дамуына айрықша ықпал ететін қызмет түрі болып табылады. Сондай-ақ, ол дамыған елдерде халықты жұмыспен қамтамасыз етудің басты қозғаушы күші рөлін атқарады. «Қазақстан–2030» Даму стратегиясына сәйкес, біздің елімізде туризм 2015 жылға дейін мемлекеттің экономикалық даму басымдылығының бірі болып белгіленген. Қазір аталған бағдарламаның аясында елдің экономикасын әртараптандыруға бағытталған индустриялық-инновациялық стратегия іске асырылуда. Алда Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын көтеріп, республиканың барлық өңірінде туризм индустриясы мен инфрақұрылым нысандарын салу бойынша кең көлемді шараларды іске асыруды қамтамасыз ету міндеті тұр. Туризмді дамыту жөніндегі қызмет 2006 жылдың 29 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілді, онда 2007–2011 жылдарға арналған туристік саланы дамытудың мемлекеттік бағдарламасы белгіленген.

Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік туристік ұйыммен тығыз ынтымақтастық орнатты. 2007 жылдың қараша айында Картахен-де-Индиас қаласында (Колумбия) Біріккен Ұлттар Ұйымының Дүниежүзілік туристік ұйымы Бас ассамблеясының 17-сессиясына Қазақстан делегациясы қатысты. Ассамблеяның қорытындысында Қазақстан ДТҰ Атқарушы Кеңесінің құрамына сайланды және еліміз 30 туристік державаның қатарына кірді. 2009 жылы Бас Ассамблеяны Қазақстанда өткізу туралы ұсынысымыз ДТҰ Хатшылығы мен XVII Бас ассамблеяның қатысушылары мақұлдады. Бұл әлемдік туристік қауымдастықтың мемлекеттік және жеке ұйымдары арасында серіктестік географиясын тұрақтандыру мен кеңейтуге ашылған мол мүмкіндік. Сондай-ақ, алдағы кезде кәсіпкерлікті дамытуда, әсіресе көсіби білім беру және қонақ үй қызметі саласында жаңа серпін береді.

Біздің еліміз қазірдің өзінде тиімді капитал орналастыру және инвестиция салу тұрғысынан көптеген шетелдік инвесторларды қызықтырып отыр. Мәселен, соңғы кезде шетелдік компаниялар туризм секторына және туристік инфрақұрылымның дамуына, Іле Алатауының етегінде (Шымбұлақ, Түрген) тау шаңғысы курортын салуға тиісті қаражат бөліп келеді.

Ал, Қазақстан өз кезегінде Алматы облысының Қапшағай су қоймасы жағалауында, Ақмола облысының Шортанды – Бурабай курорттық аймағында, Маңғыстау облысындағы «Кендірлі» және «Ақтау-Сити» демалыс аймағында көзделген инвестицияны дамытумен тартымды туристік орталықтарды салу, сонымен қатар Ұлы Жібек жолына орналасқан Түркістан қаласында және Байқоңыр ғарыш айлағында мәдени-танымдық туризмді дамытуға баса мән беріп отыр. Қазақстан – Азия мен Еуропаның ең ірі мемлекеттерін біріктіретін аумақта орналасқан. Бұл тиімді географиялық жағдай халықаралық туристік байланыстардың дамуына оң әсер етіп келеді.

2009 жылдың 5 қазанында Астанада Дүниежүзілік туристік ұйымы Бас Ассамблеясының кезекті 18-сессиясы өтті. Еуразия құрлығында

алғаш рет ұйымдастырылған мәжіліске 112 елдің 360 өкілі – туризм және спорт министрлері, осы саладағы ұлттық комиссиялар мен комитеттердің мүшелері қатысып, бүгінгі әлемдік туризм саласын дағдарыс жағдайынан шығару мәселелерін жан-жақты талқыға салды.

Сессияның негізгі тақырыбы – бүгінгі қаржы дағдарысы және туризм арқылы жаһандағы экономикалық тұрақсыздықты еңсеру мәселелеріне арналды. Қазақстан халықаралық туризмді ірі туристік нысандарды салу арқылы дамытуды көздеп отыр. Еліміздің ішкі туризмі көтеріліп келеді. Онымен қатар шетелден келетін туристердің санын 14 млн-ға дейін жеткізу жоспарда бар. Осыған орай, отандық туризмді дамыту жұмысы екі негізгі бағдарлама бойынша жүргізілуде. Біріншісі – Қысқы Азия ойындары өтетін 2011 жылға дейін есептелген, екінші бағдарлама елімізде ірі туристік орталықтардың құрылысын көздейтін 2030 жылға дейін қарастырылған. Сондай-ақ бүгінде арнайы бағдарлама болмаса да, отандық ғарыш туризмін қолға алу жоспарланған.

ДТҰ Бас Ассамблеясының кезекті 19-сессиясын Оңтүстік Кореяда өткізу жөніндегі шешім шығарылды. Ал Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тамыздың 29-ын Бүкіләлемдік ядролық қару-жарақтан бас тарту күні ретінде белгілеу жөніндегі ұсынысын барлық делегаттар қолдап, сессияның қорытынды қарарына енгізді.

СҰРАҚТАР:

1. Қазақстанда білім беру саласын реформалау мәселесі немен түйінделеді?
2. Қазақстан ғылымының дамуы болашағы мен мәселелері қандай?
3. Қазақстандағы тіл саясаты және «тілдердің үштұғырлылығының» мәні неде?
4. Мәдениетті дамыту үшін мемлекет тарапынан қандай шаралар қабылданды?
5. «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының мазмұны мен нәтижесі қандай?
6. Қазақстан спорт саласында қандай жетістіктерге жетуде?

4.3. Қоғамдық өмір

Азаматтық қоғамның қалыптасуы және дамуы. Азаматтық қоғам – құқық және мемлекет тарапынан қорғалатын, адам бостандығы мен құқығын көрсететін, жеке бостандыққа ие экономикалық тәуелсіз адамдардың қоғамы. Біздің елде құқықтық мемлекетті қалыптастыру саяси жүйенің басты мақсаты болып отыр. Бұған қол жеткізу оңай емес. Құқықты мемлекет – бұл тұрақты конституциялық құқық тәртібінің нәтижесі. Азаматтық қоғам – экономикалық еркіндіктер мен либералдық-демократиялық тәртіп негізінде, кеңестік кезеңдегі көзі ашық ав-

торитаризм элементтерімен болса да, жеке тұлғаның дербестігін орнықтыру және қоғамның өздігімен реттелу салдары. Сонымен құқықтық мемлекеттің ең негізгі белгілерінің бірі заңның үстемдігі болып табылады. Құқықтық мемлекеттің қалыптасуын, дамуын, жетілуін, еліміздің конституциялық дамуынан көре аламыз. Конституция – адам құқықтары мен бостандығын қорғаудың кепілі.

1990 жылдардың басында Қазақстанда 300 бен 400-дің арасында үкіметтік емес ұйымдар болса, кейінгі жылдары олардың саны 5 мыңға жуықтаған және оған мүше адамдар саны да күн санап артып келеді. Қазақстан Президентінің бастамасымен дүниеге келген – Азаматтық форум бүтінде үкіметтік емес ұйымдардың бірлесіп, ортақ мәселелерін талқылауға арналған алаң және ол үкіметтік емес секторлың дамуына ықпал етіп отырған іргелі шаралардың қатарына жатады.

1990 жылдардың соңындағы мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың арасындағы қатынастардың прогрессивті дамуына қарамастан, үкіметтік емес ұйымдардың 90%-ы қаржыны шетелдік қорлардан алды. Бизнес құрылымдары да экономикалық тиімсіздікті алға тартып, үкіметтік емес ұйымдарды қаржыландыруға белсенді қатыскан жоқ. 2000 жылдан бастап үкіметтік емес ұйымдар азаматтық қоғамды қалыптастыруда демократияландырудың ең тиімді әрі ең қажетті тетігі ретінде мойындала бастады. Тәуелсіздік жылдарында үкіметтік емес ұйымдар саны 10 есеге өсті. Бұл азаматтардың белсенділігінің артуын көрсетеді. Бүтінгі таңда 6 мыңнан артық үкіметтік емес ұйымдар қоғамның экономикалық, әлеуметтік және саяси мәселелерін шешуге мемлекеттік және қоғамдық институттармен бірге сүбелі үлес қосып отыр. Үкіметтік емес ұйымдардың басты міндеті адам құқықтарының мемлекет тарапынан бұзылуына жол бермеу болып табылады. Үкіметтік емес ұйымдармен байланысты дамытудың негізгі бағыттары: сараптамалық кеңестерге, депутаттармен бірге жұмыс топтарына қатысу, мемлекеттік қызметкерлердің үкіметтік емес ұйымдардың іс-шараларына қатысуы, сауалдарға жауап беру, заң жобаларына ұсыныс жасау, салалық министрліктермен бірге еңбек ету. Елдің дамуына «Тіл тағдыры» (М. Шаханов), «Азаматтық альянс» (А. Соловьева), «Әділ сөз» (Т. Қалеева), «Адам құқықтары бойынша халықаралық бюро» (Е. Жовтис) тағы басқа үкіметтік емес ұйымдар белгілі дәрежеде әсер-ықпал етіп жүр.

Қазақстанда азаматтық қоғам және үкіметтік емес секторлың қалыптасуының өзіндік ерекшеліктері бар. Азаматтық қоғамның нарықтық үлгісіндегі үкіметтік емес сектор азаматтардың қоғамда өзін-өзі танытуына үлкен септігін тигізеді.

1995–1997 жылдары үкіметтік емес ұйымдардың саны өсіп, халықаралық қорлардан қолдау тапты (гранттар), әр салаға қатысты негізгі жұмыс бағыттары айқындала бастады. Кадрлық әлеует нығайып, кәсіби деңгейі көтерілген үкіметтік емес ұйымдар жобаларды орындау қызметі алға басты. Негізгі бағыттардың мамандануы қалыптасып, үкіметтік емес ұйымдардың арасында бәсекелестік дамыды. 1990–2002 жылдар аралығындағы

сараптамалық талдау қоғамдық қорлардың өсіп, ал қоғамдық бірлестіктердің қысқарғандығын көрсетті: 1991 жылы қоғамдық бірлестіктер – 81%, ассоциациялар – 16%, қорлар – 3%, ал 2002 жылы бірлестіктер – 57%, ассоциациялар – 12%, қорлар – 31%. Бірыңғай қазақстандық азаматтық қоғамды қалыптастыру жалпыұлттық идеяның іске асырылуы болып табылады. Осы мәселеде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың рөлі жоғары. 1996 жылы сәуірде өткен Қазақстан халықтары ассамблеясының (ҚХА) III сессиясында Елбасы республикада азаматтық қоғам құру мәселесін көтерген болатын. Ал 1997 жылы маусымдағы ҚХА IV сессиясында жаңа қазақстандық азаматтықты қалыптастыру ең маңызды саяси мәселелердің бірі ретінде көрсетілді. Конституцияның 19-бабында жазылғандай: «Қазақстан – зайырлы мемлекет». Сондықтан әрбір Қазақстан азаматы «қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы».

Кейінгі жылдары бәсекеге қабілетті қазақстандық ұлт қалыптастыру мәселесі қойылуда. «Қазақстандық ұлт» терминін этникалық жағынан емес, азаматтық тұрғыдан түсіну қажет.

1998 жылдан бастап үкіметтік емес ұйымдар мемлекет тарапынан қолдауға ие болып, нәтижесінде олардың арасындағы қарым-қатынас жаңа сапаға көтерілді. Үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттік органдар арасында серіктестік қалыптасып, ортақ мәселелерді шешуге бағытталды. Грант берушілер талаптарынан тәуелсіз болу үшін кәсіпкерлік қызметті жетілдіру жолға қойылды. 2000 жылдан үкіметтік емес ұйымдардың одақтары, ассоциациялардың жүйелі тармақтары қалыптаса бастады. 2001–2002 жылға сараптамалық талдаулар Қазақстанда коммерциялық емес ұйымдардың әртүрлі бағытта қалыптасқандығын көрсетті. Барлық үкіметтік емес ұйымдардың 15%-ы – экономикалық, 8%-ы – құқық қорғаумен, 14%-ы – гендерлік және бала-жастар мәселелерімен, 13%-ы – медицина, мәдениет, ғылым және білімммен, 7%-ы – әлеуметтік қолдау және мүгедектер мәселесімен, 6%-ы – қоғамдық ұсынысты қолдаумен айналысатындығы атап көрсетілген.

Қазақстанда қалыптасып отырған ахуалға Алтынбек Сәрсенбайұлы: «Қазақстанда 15 жылда ұлтқа ие болатын, ұлттың дамуына бағдарлы жол ашатын саяси басқару элитасы қалыптаспағаны дүние жүзіне әшкере болып қалады. Бұл тек Н. Назарбаевқа емес, қазақтың әрбір азаматына қатысты әңгіме», – деп бағалады.

Қазақ халқы ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Сол дәстүрмен еліміз егемендік алған алғашқы жылдардан бері жастар саясатын мемлекет ұлттық деңгейде қолға ала бастады. 1991 жылғы 28 маусымда «Қазақ КСР-нің мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заң қабылданды. Қазақстан Республикасының Президентінің 1999 жылы 28 тамыздағы №73 Өкімімен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы» тұжырымдамасы бекітілді.

Қоғамдағы әйелдердің саяси белсенділігі күшейді. Әйелдер қозғалысының қалыптасуымен кейбір үкіметтік емес ұйымдардың – Рес-

публикалық әйелдер одағы, «Алматы фемида лигасы», «Жанар» әйелдердің қоры, «Мүгедек әйелдердің республикалық ассоциациясы», «Солдат және матрос аналарының одағы», «Көп балалы әйелдер ассоциациясы» қызметінің негізделуімен сипатталады. Бастапқы кезеңде мемлекеттің әйелдерге қатысты саясаты кеңес жүйесінің қағидалары мен тетіктерін тікелей көшірумен шектеліп, әйелдер тек әлеуметтік мәселелермен ғана айналысты. 1994 жылғы Жоғарғы Кеңес пен жергілікті өкілді органдар сайлауына әйелдер ұйымдарының кеңесінен 6 ғана үміткер қатысты. Сайлауға қатысқандардың 12%-ы ғана әйелдерді құрады.

1990 жылдардағы дағдарыста әйелдер отбасының асыраушысына айналды. Әйел – ананың мойнына көп күш түсті. Ол елдегі демографиялық ахуалға әсер етті. 1995–1998 жылдары Қазақстандағы әйелдер қозғалысы жандanып, республикадағы әйелдердің үкіметтік емес ұйымдары алты есе өсті. Осы кезеңде әйел – ана беделін, қоғамдағы орны мен рөлін көтеруге арналған кеңестер өткізу дәстүрге айналды. 1995 жылдың қыркүйегінде Пекин қаласында әйелдер мәселесіне қатысты IV Халықаралық конференция өтті. 1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Отбасы, әйелдер және демографиялық саясат проблемалары жөніндегі кеңес құрылып, уақыт өте келе ол Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы отбасы және әйелдер ісі жөніндегі Ұлттық комиссиясына айналды. Ол комиссия әйелдер мәселесі, отбасы, балалар, жастар және демография жайын кең көлемде қарастырып келеді.

1998 жылдан басталып, әйелдерге қатысты мемлекеттік саясат тереңдетілді. 1998 жылы 22 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құқықтық мәртебесі жағынан Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы консультативті-кеңестік ұйымға айналған отбасы және әйелдер ісі бойынша Ұлттық комиссия құрылды. Бұл комиссия отбасы мүдделерін қорғау, әйелдердің саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірге қатысуына жағдай жасауға маңыз берді. Комиссияға ғылым, мәдениет, өнірлік, шағын және орта бизнес өкілдері, мемлекеттік қызметкерлерден тұратын 28 адам кірді. Комиссия төрайымы лауазымы министр деңгейінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамының мүшесі болды.

1998 жылы биліктің өкілді органдарына сайлаудың алдында әйелдердің үкіметтік емес ұйымдарының ұсынысымен 20 ірі ұйымды біріктірген Комиссия құрылды. Қазақстан Республикасында әйелдердің мәртебесін көтеру жөніндегі жұмыста үкіметтік емес ұйымдар зор рөл атқарады.

Азаматтық қоғамда – адам факторы басты орынға қойылады. Адам – азаматтық қоғам құрылымының негізгі діңгегі. Азаматтық қоғамның басты институттары қоғамдық-саяси партиялар, бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдардың қызметі мемлекет тарапынан нормативтік-құқықтық актілермен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл ретте Қазақстан Республикасында дербес мемлекеттілікті қалыптастыру барысында аталған азамат-

тық қоғам институттарының қызметтерін құқықтық негізде реттейтін бірнеше заңдар қабылданды. Мәселен, 1996 жылы 31 мамырда қабылданған «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының заңы, 2001 жылы 16 қаңтарда қабылданған «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», 2002 жылы 15 шілдеде қабылданған «Саяси партиялар туралы» Заң, т.б. атауға болады.

Қоғам мен биліктің арасындағы пікір таласы алаңдарын дамытуға жағдай жасау қажеттілігін ескеріп, Қазақстан Республикасының Президенті демократия мен азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі Ұлттық комиссияны құру туралы шешім қабылдады.

2001 жылы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заң қабылданып, 2002 жылы Қазақстан Республикасындағы коммерциялық емес (үкіметтік емес) ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың үкіметтік тұжырымдамасы бекітілді. 2003 жылы Үкімет үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың 2003–2005 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданып, оның негізінде аймақтық бағдарламалар дайындалды. Сонымен қатар билік органдары мен үкіметтік емес ұйымдар арасында өзара пікір алмасу, серіктестік қарым-қатынас орнады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев қатысқан бірінші азаматтық форумнан кейін азаматтық қоғамды дамытудың міндеттерін шешуге арналған іс-шаралар жоспары қабылданды. Бұл форум Қазақстандағы үкіметтік емес сектордың дамуының, билік пен үкіметтік емес ұйымдардың арасындағы нәтижелі қатынасты орнаткан жаңа кезеңнің бастауына айналды.

2003 жылы 14 қазанда Астана қаласында өткен бірінші азаматтық форумда Елбасы үкіметтік емес ұйымдардың саяси жағынан танылғандығын мәлімдеді. Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттік ұйымдар арасындағы байланыстың жүйелі тетіктерін ашып көрсетті және азаматтық қоғамды дамыту мәселесі айтылды.

2005 жылы сәуірде қабылданған «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» Заң билік органдары мен үкіметтік емес ұйымдар қарым-қатынасында жаңа жүйе қалыптастырды. 2005 жылы 11 қыркүйекте Астанада өткізілген Екінші Азаматтық форум еліміздің қоғамдық өміріне кәсіпкерлік-ассоциациялардың қатысуына жағдай туғызды. Онда елдегі үкіметтік емес ұйымдарды, бизнес пен кәсіподақты біріктірген Қазақстанның Азаматтық альянсы құрылды.

2006 жылы 25 шілдесінде «Қазақстан Республикасындағы Азаматтық қоғамды дамытудың 2006–2011 жылдарға арналған тұжырымдамасын» талқылауға арналған басқосу өтті. 2006–2011 жылдарға арналған азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасында мемлекеттік ұйымдар мен азаматтық қоғам институттарының арасындағы байланыстың тетіктері атап көрсетілді. Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасына сәйкес 5820 үкіметтік емес ұйым тіркелген. Ол ұйымдарда тұрақты негізде 35 мың адам, уақытша (кеңесшілер, сарапшылар) – 50 мың адам, өз еркімен 100 мың адам жұмыс істейді. Соңғы 10–12 жыл

көлемінде үшінші секторда үкіметтік емес ұйымдардың бейнесін айқындайтын, түрғындардың алдында жетекші-ұйымдастырушылар қалыптаса бастады. Осындай беделді ұйымдар мемлекеттік ұйымдармен қарым-қатынас жасап қана қоймай, өте маңызды әлеуметтік, экономикалық, саяси шешімдердің қабылдануына ықпал жасады.

2007 жылғы 17–18 қазанда өткізілген III Азаматтық форумда азаматтық қоғам мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылдың жүйелі механизмін қалыптастыруға алғышарттар қабылданды. Сонымен қатар Үшінші форумның басты ерекшелігі билік пен бұқараның бетпе-бет кездесуі еді.

Үкіметтік емес ұйымдардың азаматтық инициативалары қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында шоғырланған. Кедейшілік, жұмыссыздық, көп балалы отбасылар, оралмандар, мүгедектер, экологияға байланысты Қазақстанның көптеген азаматтары өздерінің мүмкіндіктерін, талаптарын үкіметтік емес ұйымдар арқылы ұсынады. Осы бағытта пенитенциарлық жүйенің реформалануы, диабет ассоциациясының құрылуы, мүгедектер қоғамы, «Поколение» зейнеткерлер ассоциациясы, «Баспана» ассоциациясы, экологиялық үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын атап өтуге болады. Қазақстанда шетелдік қорлар мен агенттіктердің бірнеше бөлімшесі (мысалы: Сорос, Еуразия, Каунтерпарт Консорциумы, Хивос, Фридриха Эберт атындағы қор, т.б) құрылды.

2009 жылы 23–24 қарашада халықаралық қауымдастыққа азаматтық қоғамның даму деңгейін таныстыру және алдағы жұмыс бағыттарын айқындау мақсатында 4-азаматтық форум өтті. Алқалы басқосуға 700-ден астам делегат қатысты. Қытай, Үндістан, Франция, Болгария, Әзербайжан мемлекеттерінен өкілдер келді. 2009 жылы елімізде 18 мыңнан астам үкіметтік емес ұйым жұмыс жасады. 2008 жылғы мәліметтер бойынша 206 ҮЕҰ түрлі бағыттағы 226 жобаны іске асырған.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси желел жаңару жолында» атты халыққа Жолдауында елімізде қоғамды либералдандыру нәтижелі жүргізіліп отырғанын айта келе, «Қазақстанда сан алуандық және көппартиялық орныққан: әр қазақстандық кез келген қоғамдық және саяси бірлестікке еркін кіре алады; 5 мыңнан аса үкіметтік емес ұйымдарды қоса алғанда, азаматтық қоғам институттары мен құрылымдары жасақталып, жұмыс істеуде» деген пікірін айтты. Қазақстан бүгінгі таңда бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылу үшін азаматтардың шығармашылық негізі мен бастамаларын ынталандыруға көңіл бөліп отыр.

Бұқаралық ақпарат құралдары. 1991 жылдан – «Баспасөз және басқа бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заң жұмыс жасай бастады.

Қазақстанда 735 жаңа газет-журнал, оның ішінде қазақ тілінде – 250, орыс тілінде – 395, ұйғыр тілінде – 4, өзбек тілінде – 5, неміс тілінде – 2, корей тілінде – 2. Олардың 85-і тәуелсіз, 12-і жеке меншік басылым еді. Осы кезеңде 200-ге жуық жаңа, жеке акционерлік телерадиокомпаниялары пайда болып, олардың құрылтайшыларының құрамы

сапалық жағынан өзгерді. Осыған дейін олар мемлекеттік және партиялық ұйымдарға тәуелді болса, енді телекомпаниялардың көпшілігі жеке тұлғаларға, редакцияларға, акционерлік компанияларға тиесілі болды. Соның нәтижесінде қоғамның кейбір топтары әлеуметтік, саяси үдерістерге, рухани өмірдің дамуына ықпал жасауға ұмтылды. Ақпараттық құралдардың экономикалық жағдайы мұндай үдерістердің белсенділігіне жол бермеді.

Алғашқы кезеңде мемлекеттік телеарнаны жаңа технологиямен жабдықтауға қаржы қол байлау болса, екінші жағынан кәсіби журналист мамандардың тапшылығы да кері әсер етті. Коммунистік идеология қалыптастырған журналистік бірізділік пайымдаулар жаңа заман талабына жауап бере алмады. Өтпелі кезеңнің әлеуметтік қиыншылықтары журналистердің материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруды талап етті. 1992 жылы сәуір айында Қазақстан Республикасы Президентінің «Нарықтық қатынастарға көшудің өтпелі кезеңдегі бұқаралық ақпарат құралдарын қорғау туралы» Жарлығы шықты. Бұл мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарын қорғаудың құқықтық негізін салды. 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Конституция бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігін заңды түрде бекітті. Президент жарлығымен салықтарға, пошта шығындарына жеңілдіктер беріліп, жаңа баспаханалық құрал-жабдықтар алуға қолдау көрсетілді. Коммерциялық бағыттағы басылымдар қалыптасып, ең алғашқы таблоидты «Караван» газеті шығарылды. Қазақ тіліндегі басылымдар кеңес билігі кезінде айтылмай ақтаңдаққа айналған — ұлттық тіл мен мәдениет, зиялы қауым, қоғам және мемлекет қайраткерлері, батырлар мен хандар есімін жаңғыртуға арналған өзекті тақырыптарды көтерді. Ұлт тарихына деген ұмтылыс, серпіліс байқалды. Қазақ тілді басылымдар ұлттық өзіндік сананы, ұлттық рухты оятушы факторларға айналды. Дегенмен, әлі күнге дейін қазақ басылымдары экономикалық және әлеуметтік мәселелерге арналған тақырыптарға аз көңіл бөлуде. Оның есесіне осы кезеңдегі ірі қазақстандық банкирлер қаржыландыратын орыс тілінде арнайы экономикалық басылымдар: «Панорама», сонан соң 1992 жылы «Деловая неделя» газеттері шығарылды. Бастапқы кезде экономикалық және сараптамалық материалдар, мәліметтер тек аз ғана топты қызықтырды. Ал экономикалық газеттер ірі және орта бизнес өкілдеріне ақпараттық бағдар, бизнес-элитаға сапалы және дұрыс ақпарат бере алатын, әлемдік экономика, банк және қаржы мәселелерін түсіне алатын журналистер тобының қалыптасуына жол салды. Саяси және идеологиялық бағыт-бағдардың түбегейлі өзгеруі, журналистер тарапынан жедел бетбұрысты талап етті. 1990 жылдардың ортасындағы Қарағанды шахта кеншілерінің шеруі, «Невада–Семей» ядролық қаруға қарсы қозғалысы, кезекті парламент сайлаулары, қоғамның келейленген бөлігі, жемқорлардың әшкереленуі төрізді саяси оқиғалар республикадағы телеарналардан көрсетіле бастады. Саясатта, экономикада, рухани өмірдегі ақпараттарға демократиялық және гуманистік қағидаттар ықпалы

көбейді. Оған биліктің тармақтары, қоғамдық бірлестіктер мен партиялар, одақтар, кейбір жеке азаматтар да бейімделе бастады.

1990 жылдардың басында қазақ теледидары экономикалық және идеологиялық қиыншылықтармен бетпе-бет кездесті. Журналистердің тәжірибесінде бұрын-соңды кездеспеген сот үдерістері, талаптар, пікірталас мақалалар арқылы жергілікті және республикалық, теледидар мен басылымдар арасындағы ақпараттық қақтығыстар басталды. Мемлекеттік теледидар жаңа ақпараттық түсірілімдерді дайындау ісімен «уақыт алып» жүргенде, «КТК», «ТАҢ-ТВ» тәрізді коммерциялық телеарналар өз жұмыстарын белсенді түрде жүргізе бастады. Әлеуметтік реформалар, нарық қатынастары, жекешелендіру мәселелеріне арналған тақырыптар ерекше көп көтерілді. Ресей басылымдарының тақырыптары отандық теледидардың «негізіне» айнала бастады. Ұлттық тележурналистер қоғамды сілкіндіруге ұмтылғанымен, олардың әлеуметтік-саяси ролі төмен болды. Оған Қазақстанда озық технология мен коммуникация құралдарының аздығы ғана емес, ақпараттандыру дүрбелеңінің аяқ басуы да себепкер еді.

Жаңа әлеуметтік-саяси және нарықтық жағдайлар тәуелсіз телерадиокомпанияларды құрылымдық жағынан біріктіруге мәжбүр етті. 1995 жылы Орта Азиялық тәуелсіз электронды ақпарат құралдарының ассоциациясы құрылды. Оған 12 өзбек телерадио ұйымы, 6 тәжік корпорациясы республиканың 14 облысын біріктірген «Сарыарқа», 63 жеке телерадиокомпания кірді. Ұйымның басты мақсаты – ұжымдық бірлік негізінде тәуелсіздікті қорғау еді. 1995 жылы спутниктік теледидарды дамытудың үкіметтік бағдарламасы ақпараттық дамудың жаңа көкжиектерін анықтады. Ол ИНТЕЛСАТ спутнигі арқылы 50-ге жуық еуропалық, азиаттық, американдық бағдарламаларды қабылдауға мүмкіндік берді. Қазақстан Республикасының ақпараттық саясаты ТМД елдерінің ақпараттық кеңістігін қалпына келтіруге жағдай тудырып, 1992 жылы бұқаралық ақпарат құралдары бойынша Алматы декларациясының қабылдануы Орта Азиялық тәуелсіз ақпарат құралдарымен қарым-қатынасты нығайтты. Демократиялық, құқықтық, әлеуметтік мемлекетті құрудағы ақпарат құралдарының талпынысы ешқандай қарсылыққа ұшыраған жоқ. 1997 жылдан кейін мемлекет нарық заңдарын игеру бағытында бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты қатаң шаралар қолданды. Бұл кезеңде жаңа басылымдар мен жаңа телеарналар қалыптасып, басылымдардың материалдық-техникалық базасы жақсарды. Басылымдар арасында бәсекелестік үлғайып, телерадио желілеріне тендерлер ресми түрде жарияланатын болды. Алайда ақпарат нарығында әлі де болса Ресей ақпарат құралдарының бағыты күштірек байқалды. Осы жылдары Ресей ақпарат құралдары «қара пиар» тәсілдерін қолдана бастады. Кеңес баспасөзінде болмаған «диффамация» – жала жабу термині алғаш пайдаланылды.

Жекешелендіру үдерісі Қазақстанда ірі қаржы топтарын қалыптастырды. Баспасөздің күшін, қажеттілігін сезген олар жаңа басылымдар

ашып, жоғары деңгейлі басылымдарды иеленуге ұмтылды. 1990 жылдардың ортасынан бастап өз топтарының экономикалық мүдделерін қорғайтын ақпараттар күресі басталды. Беделге әсері болатын ақпараттар беру, бәсекелестерді ығыстыру, меншікті басып алу тәсілдері қолданылды. Мемлекеттің нарықтық экономикаға бет бұруына сәйкес, экономикалық мазмұнына мән берілген басылымдар көбейе түсті. Оған халықаралық экономикалық байланыстардың дамуы, шағын және орта бизнесті дамыту саласында заңдардың дайындалуы, ел экономикасында банк секторының дамуы белсенді алғышарттар жасады. Ақпараттық нарықта кеңес уақытында болмаған жаңа жарнама бағыты пайда болды.

Қазақстан Республикасы Президентін сайлау, парламент депутаттарының сайлауы тәрізді саяси науқандар бұқаралық ақпарат құралдарын саяси өмірге белсенді араластырды. Кейбір басылымдардың кәсіби деңгейі өте төмен деңгейде болуына байланысты, Батыстан қаржыландырылған «Интерньюз» ұйымы аймақтық ақпарат құралдарымен байланыс орнатып, кәсіби шеберлікті көтеруге үлес қосты.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда полиграфия ісі жолға қойылып, түрлі түсті журналдар, ақпараттық-жарнамалық басылымдар шығарыла бастады. Ірі медиа холдингтер бірігіп, медиа-құрылымдар: Рауан медиа группа, Евразийская группа, Холдинг Алма-Медиа-Хабар, КазКоммерцБанк, Қазақстан темір жолы, Маңғыстау Мұнай-газ, Отан медиа групп және т.б. қызмет етті.

2001 жылы Қазақстанда 1482 бұқаралық ақпарат құралдары болса, оның 1357-сі баспасөз және 125 электронды басылым және әр ай сайын 25–30 бұқаралық ақпарат құралы қосылып отырды. Осы жылы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне ақпарат құралдарын тіркеу туралы мыңдаған өтініштер келіп түсті. Ірі медиа холдингтерден ақпараттық нарық бөліне бастады. Медиа холдингтердің қалыптасуы саяси тұрақтылыққа әсер етіп, телеарна бағдарламалық бағытын бірізділікпен дамытты.

ҚР Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі №1149 жарлығымен бекітілген 2004–2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатындағы «Хабар», «Қазақстан» телеарналарының және қазақ радиосының бағдарламаларымен ауылдық аумақтарды қамту үшін 2005 жылы республикалық бюджеттен 5 млн теңгеден аса қаражат бөлінді.

«Қазақстан» РТРК» АҚ халықты көбірек қамту мақсатында 2004 жылы «Шалқар» үшін 21 таратқыш, Қазақ радиосы үшін 37 таратқыш іске қосылды. «Хабар» республикалық телеарнасы бағдарламаларын көрсету үшін 107 және «Қазақстан» АҚ ұлттық телеарнасы үшін – 141 таратушы құрал пайдалануға берілді.

«Қазақстан» РТРК» АҚ 2005 жылы 355 498 мың теңгеге өңірлік телеарналарға телевизиялық қондырғылар, 79 767 мың теңгеге об-

лыстық телеарналарға транзисторлы телевизиялық таратқыштар сатып алынды.

«Қазақтелерадио» АҚ мамандарымен қолданыстағы және жаңадан енгізілген радио-теле тарататын станцияларда 2005 жылы 252 телевизиялық және 55 радиотарататын таратқыштар жөнделді.

«Қазақтелерадио» радиотелевизиялық станцияларының телевизиялық және радиосигналдарын таратуда техникалық сапасын жақсарту үшін 2005 жылы 27 жоғары энергопайдаланатын және пайдалы қуаттың төменгі коэффициентті ескірген лампалық таратқыштарды хабар таратудың сапасын айтарлықтай арттыратын қазіргі заманғы элементті базасындағы қаттыденелі таратқыштарға ауыстырды.

Халықты стерефонды FM диапазонындағы радиотаратқышпен қамтуды одан әрі арттыру мақсатында «Қазақтелерадио» АҚ өз қаражаты есебінен 1 кВт қуатты әлемдік стандартқа жауап беретін 54 радиохабар таратқыштарды сатып алды, оның 36-ы УКВ диапазонындағы «Дождь-2» ескірген таратқыштарды ауыстыруға, 18-і «Шалқар» бағдарламасы бойынша қамтуды кеңейту үшін орнатылды. Депутаттық сұраныстар бойынша – «Қазтелерадио» АҚ жеке қаражаты есебінен 63 таратқыш іске қосылды.

Қазақстан Республикасында 2006 жылдың 7 сәуіріне дейін 7092 бұқаралық ақпарат құралдары тіркелген, олардың ішінде 2466 БАҚ үнемі жұмыс жасайды. Бұл 2005 жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 17%-ға жоғары. Республика бойынша жұмыс жасап отырған бұқаралық ақпарат құралдарының саны бойынша Алматы қаласында – 883 (36%), Оңтүстік Қазақстан облысында – 249 (10%), Қарағанды облысында – 200 (8%) болып отыр.

Республикада қоғамдық-саяси ақпаратпен қатар жарнамалық, ғылыми, әйелдерге, балаларға, жастарға арналған, діни, арнайы мамандандырылған және өзге де басылымдар бар. 2006 жылы мерзімді ақпараттық басылымдардың үлесі – 50%, қоғамдық-саяси – 16%, ғылыми – 9%, жарнамалық – 10,5%, әйелдерге, балаларға, жастарға арналған және діни – 2%-дан келеді. Масс-медианың 80%-ын мемлекеттік емес БАҚ құрайды. Өңірлердегі мерзімді баспасөз құралдарының тиражы 1000-нан 3600-ге дейін жетеді. Мысалы, оңтүстік өңірде ол 1205 данадан, батыста – 1023, шығыста – 5564, солтүстікте – 1735 және орталық өңірде – 3667-ні құрайды.

«Қазтелерадио» АҚ мәліметі бойынша 2006 жылы республикалық арналардың телевизиялық және радиобағдарламалардың таратылу аумағы: «Хабар» – 95,7%, «Қазақстан» – 96,25%, «Ел арна» – 75,5%, «Еуразия – бірінші арнасы» – 78,6%, «Қазақ радиосы» – 86,99%-ды құрады. Сонымен қатар, «CaspioNet» ұлттық спутник арнасы Еуропа, Орта Азия, Орталық Шығыс және Африканың солтүстік бөлігіне таралады. Арнаның тұрақты аудиториясы 99 миллион көрерменді қамтып отыр. Арна тәулігіне 24 сағат үзіліссіз жұмыс жасайды. Республикалық деңгейдегі мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге байланысты

мемлекеттік тапсырысты орындауды күнделікті жексенбіден басқа күндері тәулігіне бір сағат көлемінде «Қазақстан» республикалық телеарнасы жүзеге асырады.

Өңір өмірін кең көлемде көрсету үшін әрбір филиал облыс орталықтарындағы қосымша жеке арналары арқылы хабар таратады.

Облыстық телебағдарламалар Қазақстан Республикасы аумағында жұмыс жасайтын Ұлттық спутниктік телерадиохабартарату желісінің (ҰСТЖ) спутник арналары бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауында әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясын ұсынды. Осыған сәйкес, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің 2006 жылғы 1 наурыздағы шешімдерін орындау үшін Қазақстан Республикасы ақпараттық кеңістігінің бәсекеге қабілеттілігін дамытудың 2006–2009 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленді. Тұжырымдамада ғаламдық ақпараттық кеңістікті және Қазақстан Республикасының ақпарат нарығын дамытудың негізгі үдерістері, қазіргі заманғы ақпарат нарығындағы бәсекеге қабілеттіліктің өзекті проблемалары талданды. Мемлекеттік саясаттың ақпарат саласындағы негізгі қағидаттары, стратегиялық мақсаттары мен міндеттері, сондай-ақ оларды іске асыру тетіктері айқындалды. Тұжырымдама 2006–2009 жылдарға арналған нысаналы бағдарламалар, заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілер әзірлеуге негіз болды.

Қазақстанда облыстық, қалалық және аудандық БАҚ: «Алматы ақшамы», «Вечерный Алматы», «Астана қаласының теледидары», «Эра-ТВ» және басқалары жұмыс істейді. Халқының құрамы, тарихи өткені, дүниетанымы жағынан аумақтардағы аудиториялардың көрермендері үшін ақпарат тарататын өңірлік БАҚ-тар жұмыс істейді.

Жалпыұлттық БАҚ-қа қатысушылар қатарына «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» сияқты газеттер, «Парасат», «Континент», «Мысль» сияқты журналдар, «Қазақстан», «Хабар», «Ел арна» сияқты телеарналар, «Мир» ХТРА-сы және басқалар жұмыс істейді.

БАҚ қызметінің және Қазақстан Республикасы ақпараттық нарығының жұмыс істеуінің негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы сөз бостандығы мен шығармашылық еркіндікке кепілдік берген. Цензураға тыйым салынған. Сонымен қатар әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар, идеологиялық және саяси әр алуандылықты таниды. Қазір Қазақстанда ақпарат нарығының негізгі, елеулі элементтері қалыптасқан.

Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары атауларының жалпы санының 90%-ға жуығы орыс тілінде, 5% – ағылшын тілінде, 5%-ы әлемнің басқа тілдерінде таратылды. Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік БАҚ-тың аса ірі желілері «Қазпошта» акционерлік қоғамы, «АиФ-Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі біріккен

кәсіпорны, «Еуразия-пресс» АҚ, «Алма-ТД» АҚ, «Секател» және «Қазорталық-ТД», «Кателко+» ЖШС болып табылады. Осы құрылымдар тарататын масс-медианың тұтас жиынтығы жалпы көлемнің 70%-ын құрайды.

Ұлттың өсуі де, өшуі де қазір ақпараттық саясатқа тікелей тәуелді екені аян. 2007 жылы елімізде мемлекеттік тілде 453 газет-журнал шықса, соның 300-ге жуығы Шымкент қаласынан жарық көреді екен. Сонда қалған 160-қа тақауы бүкіл республикаға тиесілі. Ал орыс тілінде 2303 газет-журнал баспадан шығады. Бұған қоса көрші Ресей елінен 5248 әр бағыттағы басылым тарайды.

Қазақ баспасөзіне қатысты Алтынбек Сәрсенбайұлы: «...біздің қазақ халқының басым көпшілігі ауылдарда тұрады, демократиялық реформа мен экономикалық реформа қатар келді ме, ауылдықтар газетке жазылмақ былай тұрсын, нан тауып жеулері қиын болып кетті. Осы себептен, негізгі әлеуметтік жағдайлары кенжелеп қалған ауыл тұрғындары болғандықтан, қазақ басылымдары көтеріле алмай қалды. Кез келген газет қай жерде дамиды, ол нарық болған кезде, газетті сатып алатын оқырмандар пайда болған кезде, оқырманның қалтасына ақша біткен кезде дамиды.

Мен ойлаймын: егер бізде жақсы билік қалыптасса, қазақ халқы он жылдың ішінде урбанизация кезеңін бастан кешіреді, яғни, қазақ халқының негізі қалада тұратын болады. Сол кезде қазақ баспасөзінде жаңа тыныс ашылады деп», – деп жазды.

2009 жылы республикада 2 946 бұқаралық ақпарат құралы елге хабар таратты. Олардың 80 пайызы жекеменшікте болды. ҚР-ның «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңы азаматтық қоғамды қалыптастырып, нәтижесінде саяси мәдениет деңгейін көтерді. Қазақстандық БАҚ жүйесі мемлекеттік саясаттың берік діңгегіне айналды.

Діни қатынастар. 1992 жылы қабылданған – «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заң бойынша азаматтар діни бірлестіктер құра отырып, ұйымдаса алады. Діни бірлестіктерді Әділет Министрлігінде тіркеудің өзіндік шарттары бар. Бұл шарттар орындалғанда ғана бірлестіктер тіркеліп, өз қызметін жүзеге асырады.

Дін мен қоғам бір-бірінен ажырамайтын құбылыс. Қазақстан мемлекетіндегі этносаралық, дінаралық татулық, орнне көптеген елдерге үлгі. Елімізде дінаралық қақтығыстар болмағаны жұртшылыққа аян. Қазақстан Республикасының Ата Заңында жазылғандай, еліміз – зайырлы мемлекет. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары мемлекет органдары діни ұйымдардың жұмыстарына тікелей араласпады. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекет ретінде 1995 жылғы 16 қарашадағы ЮНЕСКО Бас конференциясы қарарымен бекітілген Төзімділік қағидаттары декларациясын қолдайтындықтан, діни төзімділік пен бейбітшілік қағидалары еліміздің саясатында басты орын алады.

Біріккен Ұлттар Ұйымы деректерінде 1996 жылы әлемдегі мұсылмандар саны – 1,5 миллиард адамға жеткен. Ал Ислам Конференция-

сына мүше мұсылман елдерінің саны 55. Кейбір мұсылман елдерінде әлемдік деңгейдегі ғалымдар мен технологиялық табыстар байқалғанымен, ислам әлемі өндірушіліктен гөрі тұтынушылық сипатымен ерекшеленуде.

Қазақстан мұсылмандарының діни істерін ұйымдастырып, діни бірлестіктер, мешіттер мен шетелдердегі мұсылман ұйымдарымен халықаралық қатынастарды реттейтін дербес мекеме «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» 1990 жылы құрылды. 2000 жылғы маусым айындағы құрылтайда ҚМДБ төрағалығына білікті ғалым, профессор Әбсаттар Дербісәлі тағайындалды.

Тәуелсіздік алған жылдардан бергі кезеңде дінді әртүрлі бағытта түсіндірулер көбейіп, соның салдарынан азаматтардың түрлі діни ағымдар ықпалына түскендігі де шындық. Азаматтық қоғамда діни — плюралистік көзқарастардың болуы табиғи нәрсе. Алайда діннің негізгі қағидалары бұрмаланбауы тиіс. Дін туралы сауатты ақпаратты жақсы игерген тұлға ғана діни адасудан аулақ болады. Елімізде дінді түрлі мақсатпен түсіндіруге діни басқарма тосқауыл қойып, құқықтық органдар олардың заңсыз іс-әрекеттеріне заң жүзінде сараптама жасап отырады. Елімізде діндер мен діни ағымдарға қатысты мәселелер жеткілікті. Ұлттық қауіпсіздігімізге қауіп төндіретін құбылыстардың саяси-әлеуметтік тенденцияларға айналып кету қаупі де жоқ емес. 2001 жылдың 30 қаңтарында қабылданған «Әкімшілік заң бұзушылықтар жөніндегі кодексі» ҚР соттарына белгілі бір тәртіп бойынша тіркелмеген діни бірлестіктердің жұмысын тоқтатуға немесе айыппұл салуға құқық берген.

Қазақстан халқының шамамен 67—70%-ы ислам дінін ұстанушылар немесе 24 этникалық топтан құралған. Республика халқының 58%-ы қазақтар және оларға қоса ұйғыр, татар, өзбек, түрік, күрд, дүңған, шешен, әзербайжан, башқұрт, ингуш, балқар секілді этникалық топтар ислам дінін, оның ішіндегі сунниттік жолын, әзербайжан және күрд этникалық топтарының бір бөлігі мен шағын ирандық топ қана шиит жолын ұстанады.

Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің дін істері бойынша комитеті мәліметтеріне сүйенсек, 1990 жылы елде 671 діни бірлестік бар. Олардың саны 2002 жылы 2618-ге, 2004 жылдың басында 1648-ге, 2007 жылы 3429-ға жеткен. Мешіттердің саны 1990 жылы 25 болса, 2004 жылдың басында 1534, 2007 жылы 1757 көрсеткішке жеткен. Қажыға 2000 жылы 80 адам барса, 2002 жылы олардың саны 400 адамға артқан. 1989 жылы орыс православие храмының саны 60 болса, олардың саны енді 232-ге жетіп отыр.

2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 40-тан астам конфессия мен деноминация өкілі болып табылатын діни бірлестіктердің жалпы саны 3420-ны құрады. Діни бірлестіктер жалпы санының 1853-і Ислам, 267-сі Орыс православие шіркеуі, 94-і Римдік-католик шіркеуі, 1101-і Протестантизм, 78-і дәстүрлі емес әрі жаңа құралымдар (бахайлар,

Кришна санасы қоғамы, Соңғы өсиет шіркеуі және басқалары) және басқа да саны аз діни құралымдар – 349.

Діни бірлестіктерде 2565 діни ғибадат құрылыстары бар. Олардың 1727-сі – мұсылман мешіттері, 241-і – православие шіркеуі, 74-і – католик костелдері, 10-ы – синагога және бес жүзден астам протестанттық және басқа да шіркеулер. Діни бірлестіктер 38 атаулы мерзімді баспасөз басылымдарын шығарады. Ел азаматтарының шет елге ұйымдасқан түрде шығуының ең бұқаралық сипаттағы түрі – қажылық сапарға шығушы қазақстандық зиярат етушілердің саны жыл сайын артып келеді.

Қазақстанда 8 жоғары (оның ішінде 2 исламдық, 1 католиктік, 1 лютерандық, 4 протестанттық), 6 арнаулы орта және 3 жалпы білім беретін діни оқу орны бар. Ірі мешіттердің жанында арнайы курстар мен шіркеулердің жанында жексенбілік мектептер ашылған. Қазіргі уақытта Қазақстанда – 22 елден 413 шетелдік миссионер жұмыс істеуде. Қоғамдық тұрақты дамудың және барлық халықтардың әл-ауқатының жақсаруының негізгі факторларының бірі бейбіт конфессияаралық диалог болып табылады

Біздің елде барлық ұлттардың, ұлыстар мен этникалық топтардың мәдениеті – жалпыұлттық игілік ретінде қаралады. Барлық азаматтарға өздерінің этномәдени мүдделерін қорғау мен іске асыруда тең құқықтарға конституциялық кепілдік беріледі. Әлеуметтік зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес республикада дінге сенушілердің саны өсуде. Қазіргі таңда қазақстандықтардың шамамен 62%-ы өздерін дінге сенуші деп санайды. Тәуелсіздік жылдарында, әсіресе, еврейлер мен олардың діни бірлестіктерінің саны күрт өскен. Тәуелсіздікке дейін бірде-бір діни ұйымы болмаған еврейлердің 2006 жылы 25 діни бірлестігі жұмыс жасаған. Қазақстан еврейлері құрылтайы «Шалом» деп аталатын газет шығарады. Тәуелсіздік алған жылдарда протестанттықтың жаңа формалары елімізде миссионерлік іс-әрекеттерін қарқынды жүргізді. Олар негізінен АҚШ-та орналасқан протестант миссионер ұйымдары, Елуліктер, Методистер (Біріккен методист шіркеуі – (АҚШ, Флорида штаты), Мун сектасы (Оңтүстік Корея), меннондар, Пресвитериандар (АҚШ), Жаңа апостолдар шіркеуі (АҚШ), Әлемдік Қырман шіркеуі (АҚШ, Колорадо штаты, Қожайындар шіркеуі (АҚШ, Флорида штаты), Агапе, Жаңа өмір шіркеуі, Ізгі хабар, Иегова куәгерлері (АҚШ) және т.б. АҚШ-та діни фундаментализмнің негізін қалаған протестант шіркеулері.

Соңғы жылдары Қазақстанда үгіт-насихат жұмыстарын күшейткен дәстүрлі емес діни ағымдар қатарына – «Сайнтология шіркеуі», Бахаизм, Қадияния (Ахмадия), Кришна қоғамы, сатанизм, Виссарионство шіркеуі сияқтыларды кіреді. Елімізде ислам атын жамылып, әртүрлі негізсіз, зиянды үгіт-насихат жүргізіп жатқан діни ағымдар баршылық «Хизб-ут-Тахрир» Құран Кәрімде «халифат құру» туралы ешқандай мәлімет келтірілмегеніне қарамастан Орталық Азиядағы елдердің ор-

нына «халифалық» мемлекет орнатқысы келеді. Дін атын жамылып жүрген осындай ағымдар таза діннің беделін түсіріп, адамдарды теріс жолға салып, ұлттық қауіпсіздігімізге зиян келтіруде.

2001 жылғы қыркүйекте Рим Папасы Иоанн Павел II-нің Қазақстанға келуі елеулі қоғамдық-саяси және діни іс-шаралардың қатарынан ерекше орын алды.

Қазақстанда діни бірлестіктермен өзара іс-қимылды орталық және жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады. 2005 жылы желтоқсанда діни бірлестіктердің қызметін бақылау, реттеу мақсатында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Діни істер комитеті құрылды. Сонымен қатар 2000 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жанынан құрылған діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңес те өз қызметін жүргізуде. Ірі діни орталықтар мен бірлестіктердің жетекшілері де республикалық және Қазақстан халықтарының кіші ассамблеясының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның құрамына кіреді. Бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджеттен 177,7 млн теңге мөлшерінде (2007 жылға – 68,1 млн теңге, 2008 жылға – 31,6 млн теңге, 2009 жылға – 78 млн теңге) ақша бөлу де жоспарланды.

Қазақстан Республикасы Парламенті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын қабылдады. Заң мемлекет пен діни ұйымдардың өзара қарым-қатынасын реттеу мәселесін тәртіпке келтіру, діни ұйымдардың құқықтары мен міндеттерін заңды түрде бекіту қажеттілігінен туындап отыр. Енгізілген толықтырулар негізінен діни бірлестіктердің қызметін және құқықтық мәртебесін реттеуге бағытталған. Сондай-ақ, мемлекеттің бақылау функцияларын және діни бірлестіктердің жауапкершілігін күшейтуді көздейді.

Бұл – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылдың 30 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасы азаматтық қоғамды дамытудың 2006–2011 жылдарға арналған тұжырымдамасында белгіленген адам құқығы мен бостандығын қорғау тұрғысындағы міндеттердің қатарына жатады. Аталмыш заңда мынадай мақсаттар айқын көрінеді: діни сенім бостандығы аумағындағы азаматтардың құқықтарын қорғау, діни бірлестіктер қызметтерін реттеу, азаматтық заңнамаға сәйкестендіру қажеттігі. Бірінші мақсат халықаралық құқықтық актілер жайларына қатысты туындап отыр. Оның ішінде БҰҰ-ның адам құқығына байланысты Жалпыға бірдей Декларациясы, дін мен сенімге негізделген кемсітушілік пен төзімсіздік танытудың барлық нұсқасын болдырмау (ликвидация) жайлы Декларация.

Мемлекеттің қолдауымен Ислам мәдениеті мен білім беру қоры құрылуда. 2009 жылдың 2 шілдесінде Бейбітшілік және келісім сарайында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің III съезі өтті. Форум

жұмысына әлемнің 35 елінен 77 делегация қатысты. Олар дүниежүзіндегі барлық әлемдік және дәстүрлі діндер мен конфессиялардың өкілдері болып табылады. Еліміз тәуелсіздігін алған 1991 жылдан – 2009 жылға дейін діни бірлестіктердің саны 6 есеге өсіп, 1991 жылғы 671-ден – 2009 жылы 4200-ге жетті. 2009 жылы 3200-ге жуық мешіт, шіркеу, ғибадатханалар жұмыс жасады.

АҚШ мемлекеттік департаментінің «Діни сенім бостандығы – 2009» баяндамасында Қазақстанда 265 орыс православ шіркеуі, 93 католик шіркеуі, 1018 протестандық христиан ұйымы тіркелгендігі хабарланған. Елде екі баптистік топ: евангелиялық христиан-баптистері одағы және евангелиялық христиан баптистері шіркеуі одағы бар. Алғашқысының 10 мыңдай жақтаушысы мен 227 тіркелген тобы бар. Екінші ұйымға мыңға жуық адам мүше. Басқа да христиандық діни топтарға пресвитериандар, лютерандар, елуліктер, сондай-ақ Иегова куәгерлері және жетінші күннің адвентистері жатады. Методистердің, меннониттердің және мормондардың аздаған топтары да тіркелген. Халықтың 1 пайыздан аз мөлшерін құрайтын еврейлердің Алматыда, Астанада, Өскеменде, Қостанайда және Павлодарда синагогалары бар. Мемлекеттік статистикада басқа да 43 діни топ, соның ішінде бес буддистік топ, харикришна қозғалысының 12 бөлімшесі, сондай-ақ саентология шіркеуі, бахайшылар, христиан ғылымы және бірлестік шіркеуі тіркелген. Қазақстанның БҰҰ тарапынан қолдау тапқан маңызды бастамаларының бірі – 2010 жылды «Халықаралық мәдениеттер жақындастығы жылы» деп жариялауы.

2010 жылғы 1 сәуірдегі мәліметтер бойынша елімізде 40-тан астам конфессиялар мен деноминациялар бар. Діни бірлестіктердің жалпы саны – 4453. Мешіттер саны – 2369, православие храмдарының саны – 265, католиктердің храмдарының (костел) саны – 88, синагогтар саны – 6.

2010 жылғы 1 мамырдағы мәліметтер бойынша елімізде 26 діни оқу орындары бар. Оның 2-еуі мұсылман ЖОО, 1-еуі Қазақстан Республикасы имамдарының біліктілігін жетілдіру институты, 6-ауы медресе, 1-і православие рухани училищесі, 1-еуі католиктер семинариясы, 15-і протестанттық діни оқу орындары.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 18-бабына сәйкес, әр адам дінге және дін тұту бостандығына құқылы. Сонымен бірге Пактінің осы бабы заңмен белгіленген және қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпті, денсаулықты және бейбітшілікті қорғау үшін қажет жағдайларда дін тұту немесе сенім бостандығын шектеуге рұқсат береді. Осы мәселе бойынша республикада 2008 жыл бойы пікірталастар өтті. Мысалы, Шымкентте, Астанада, Алматыда, Қостанайда МЕҮ, ЕЫҚҮ өкілдерінің діни қайраткерлерінің және дін өкілдерінің қатысуымен талқылау жөнінде «дөңгелек үстелдер» өткен. Заң жобасының жекелеген ережелерімен келіспейтін арыздарды «Новая жизнь» Шіркеуі, «Христиане адвентисты седьмого дня» Шіркеуі, «Голгофа ЕХБ» Шіркеуі жіберген. 17 арыз жеке жазылса, 4 хат ұжымдық түрде ресімделіп, олар-

ға 118 қол қойылған. Заңнамаға енгізілетін түзетулерге қатысты хаттар негізінен Алматы, Астана және Қостанай облысынан келген. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл осы хаттардың мазмұнын Парламент депутаттарына жеткізген. Қазіргі уақытта дін туралы заңнамаға түзетулердің еліміздің Конституциясына сәйкестігі ҚР Конституциялық кеңесінің (Мемлекет басшысының хаты бойынша) қарауында. «Общество сознания кришны» мен Алматы облысының Қарасай батыр ауданы әкімдігінің арасында туындаған мәселелерді талқылаған Кеңестің кезекті отырысында аталған келіспеушілік Қоғам мүшелерінің құқықтарын реттеу не бұзу сипатында емес екені туралы пікірлер айтылды. Дау жер заңнамасының нормаларының бұзылуына байланысты туындағаны айқындалды.

«Свидетели Иеговы» Діни Орталығы ОВ – 156/6 мекемесі бастығының сотталғандармен кездесуіне тыйым салған ісіне шағымданған. 2009 жылдың басынан бастап Орталық өкілдері колонияға баруға рұқсат алған. Сонымен қатар Қазақстандағы Бахаи Ұлттық Діни Жиналыстың Иран түрмелерінде ұсталып отырған бахаистерді қорғауға қатысты хаты келіп түсті.

Азаматтардың құқығын қорғауға бағытталған он екі норманың ішіне азаматтардың денсаулығына және адамгершілікке зиян келтіретін діни бірлестіктер қызметтеріне жол бермеу, өз істеріне күшпен тартушы және отбасылардың ажырасуына әкелетін, міндетті білім алуға кедергі жасайтын діни бірлестіктердің қызмет жасауына жол бермеу де жатады. Сонымен қатар, діни бірлестіктердің немесе оның мүшелерінің пайдасына орай мүлкін алуға, прозелитизм мақсатында қайырымдылықты қолдануға жол бермеу, тұрғын үйлерде діни дәстүрлер орындалған кезде көршілердің құқықтарын қорғау нормасы бар. Сол секілді балалар арасында діни қызметтерге байланысты жиындар өткізу үшін ата-аналарының рұқсаттарын алу, қоғамдық орындарда діни материалдар тарату үшін азаматтардың келісімі мен ынтасы болуы ескерілген. Азаматтардың діни сенімдері мен салт-дәстүрлерін қорлауы мүмкін ашық мерекелер ұйымдастыру, мәтіндер тарату мен ілу және басқа да материалдарға тыйым салынады. Еуропада діни ұйымдарды тіркеуге қойылатын заң талаптары өте қатаң. Мысалы, Австрияда 16 мың адам, Румынияда 20 мың адам, Чехияда 10 мың адамнан кем болмауы тиіс. Кейбір елдер діни бірлестіктердің қызметін де белгілейді. Мәселен, Румынияда 12 жыл, Австрияда 10 жыл белгіленген.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Мен бүгінгі таңда өз жұрттарының ежелгі қазынасын қалпына келтіріп, ынғайтып жатқан, Қазақстан мемлекеттігіне сенім көрсетіп, ортақ шаңырағымыздың босағасын бекемдеуге баға жеткісіз үлес қосып жүрген ұлттық-мәдени бірлестіктердің өкілдеріне алғысымды жолдаймын.

Мен өзіміздің діни бірлестіктердің жетекшілеріне рақмет айтқым келеді, егер бүгін қазақстандықтар дінаралық алауыздық дегенді білмей отырса, онда бұл солардың беделі мен білігінің жемісі», – деп ұлтара-

лық келісімнің негізгі ұйытқысы болып отырған ұлттық-мәдени және діни бірлестіктер жетекшілері қызметіне жоғары баға берді.

Елбасы дін мәселесін ерекше назарда ұстап отыр. Дін – ұстараның жүзіндей өткір ұғым. Қазақстан көп ұлтты ғана емес, көп дінді мемлекет. Сондықтан елі ішті тыныш болуы үшін дінаралық татулық саясатын да берік ұстану – елдік мұрат, басты ұстанымдардың бірі.

Қазақстанның Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялауы заңнаманы Пакт ережелеріне сәйкес келтіруді талап етеді. Халықаралық және ұлттық құқықтың сәйкессіздігінің бірі – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 08.07.2005 жылғы №67 Қазақстан Республикасы Заңымен енгізілген діни қауымды заңды тұлға құрмай міндетті есепке алу. Сондай-ақ, осы қауымдардың басшыларын тіркеуден бас тартқаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы норма бар.

Діни бірлестіктерді, топтарды немесе миссионерлерді есепке алу туралы мәселе Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакттің мәтінінде, Адам құқықтары жөніндегі комитеттің – мемлекеттердің Пактіні орындауын бақылайтын және Пакт нормаларын талқылауға құқығы бар БҰҰ арнаулы шартты органының түсініктемесінде көрсетілмейді. Пактінің 18-бабында дінге наным бостандығына шектеу тек бес жағдайда – қоғамдық қауіпсіздікті, тәртіпті, денсаулықты, моральді, басқа да адамдардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау ісінде ғана көзделеді. Діни наным бостандығын шектеудің өзге мақсаттарына жол берілмейді.

2003 жылы қыркүйек айында қауіпсіздік пен бейбітшілік жолындағы күреске әлемдік діндердің күш-жігерін жұмылдыру, түрлі конфессиялар арасында жүйелі сұхбатты жолға қою мақсатында Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің I съезі өтті. Оған Еуропаның, Азияның, Таяу Шығыстың және Американың 17 елінен ірі діни бірлестіктердің басшылары қатысты. Съезге қатысушылар діни айырмашылықтарды жеккөрушілік пен кемсітушілікті тұтандыру мақсатында пайдалануға жол бермеу; адамзатты діндер мен мәдениеттер қақтығыстарынан сақтандыру; халықаралық лаңкестік ұйымдардың дінді жамылып адамзатқа қарсы қылмыс жасауына тосқауыл болу турасында декларация қабылданды.

2006 жылы Астана қаласында әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің II съезі өтті. Бұл съезге әлемнің 43 елінен 29 делегация қатысты. Олардың құрамында тек қана діни бірлестіктердің басшылары ғана емес, ғалымдар, Еуропа мен Азия елдерінің саясаткерлері, халықаралық ұйымдардың өкілдері де болды. Съездің мақсаты – тұрақты конфессияаралық институт құру. Қарама-қайшылығы күннен-күнге арта түскен жаңа әлемде конфессияаралық сұхбат ынтымақтастықтың негізі болмақ. Мұның қазіргі кезде маңызы зор.

2009 жылы Әлемдік және Дәстүрлі діндер лидерлерінің III форумы өтті. Президент Н.Ә. Назарбаев жақын арадағы жылдардың бірін БҰҰ Мәдениеттер мен діндер жақындасуының халықаралық жылы деп жариялауды Біріккен Ұлттар Ұйымының құзырымен өткізілуін ұсынды.

Экологиялық қозғалыстар. Қазақстанда 1980 жылдардың соңынан экологиялық қозғалыстар қалыптаса бастады. Экологиялық қозғалыстар саяси-экономикалық және әлеуметтік салаларда жүргізілген реформалар жағдайында түрлі әлеуметтік топтардың мүдделері мен құқықтарын қорғау мақсатын көзделі. Нәтижесінде – әлеуметтік топтардың қоғамдық бірлестіктерге бірігуін жылдамдатты. Қазақстанда жұмыскерлердің мүдделерін қорғайтын тұңғыш тәуелсіз кәсіподақтар қалыптаса бастады. Азаматтық өзіндік сананың қалыптасуының айқын көрінісі – 1989 жылы ядролық полигондарды жабу міндетін өз мойнына алған «Невада–Семей» қозғалысының негізі қаланды.

Ақын М. Шахановтың бастамасымен Балқаш және Арал проблемалары бойынша комитет құрылды. 1990 жылдардың басында құрамына 28 әртүрлі ұйымдар, партиялар, қозғалыстарды біріктірген әлеуметтік қорғау Коалициясы құрылды. Оның басты мақсаты – қоғамдағы күрделі әлеуметтік мәселелерді талдап, оны шешудің жолдары мен тетіктерін бірлесе ұсыну болды. Демократиялық үлгілістер республикада еңбекшілердің бұқаралық бірлестігін құруға мүмкіндік жасады. Қазақстанның көптеген қалаларында экологиялық қозғалыстар дүниеге келді.

«Табиғат» экологиялық одағы – 1991 жылы тіркелді. Одақ жемісті еңбегі үшін 2002 жылы БҰҰ бекіткен «Global 500 Roll of Honour» атағын иеленді. «Табиғат» экологиялық одағы 2000 жылы бірінші Балқаш форумын, 2005 жылдың 30 қыркүйегінде Қазақстан қауымдастықтары мен кәсіпорындарының екінші халықаралық «Балқаш–2005» форумын ұйымдастырды. Форум жұмысы Балқаш өңірінің мәселелеріне арналды. Оған Қазақстан, Қырғызстан және Қытай елінің тиісті министрліктері мен ведомстволарының жетекшілері, Балқаш көлімен шектесетін облыс әкімдіктерінің жауапты қызметкерлері, эколог-мамандар мен халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысып, аталған көл мен өңір аумағындағы су бассейндерінің қазіргі хал-ахуалына қатысты, ондағы экологиялық жағдайды жақсартуға байланысты мәселелер қозғады. Шараның мақсаты жұртшылық назарын Іле-Балқаш аймағы мен Балқаш көлінің қазіргі кездегі экологиялық проблемаларына аударып, оны шешудің тиімді жолдарын әзірлеу болатын.

Балқаш өңіріндегі ахуал бүгін де күрделі. Арал оқиғасы қайталануы мүмкін. Балқаш өңірі аясының кеңдігі мен онда халықтың тығыз қоныстануы аталған проблеманы одан бетер ушықтырып отыр. Ғалымдардың пікірінше, Балқаш аймағының проблемасы ең алдымен, Қытай Халық Республикасының Іле өзенінен суды мол ала бастауына байланысты туындап отыр.

2006 жылдың қазан айында Қазақстанның алғашқы экологиялық ұйымдарының бірі – «Табиғат» экологиялық одағы өзінің 15 жылдық

мерейтойын көшеттер отырғызумен атап өтті. 1991 жылы тіркелген «Табиғат» одағы 2006 жылға дейін елдегі экологиялық мәселелердің басы-қасында жүрді. Одақтың белсенді қызметі арқасында Балқаштың экологиялық жағдайына көңіл бөлініп, Алматы маңындағы қалдық су жиналатын Сорбұлақ жасанды көлін тазарту мәселелері қарастырылды. «1957 жылдан бері Қазақстандағы мұздықтардың үштен бірі еріп кетті. Олар толықтай тауысылып қалса, біздің жер шөлге айналады. Мұздықтарды сақтап қалудың бірден бір жолы – ауадағы көмірқышқыл газын өңдейтін ағаштар отырғызу», – деген М.Елеусізов Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен құрылған «Жасыл ел» бағдарламасы үлкен үміт күттіретінін айтты.

2004 жылдың 20 сәуірінде Алматыда «Жасыл ғаламшар үшін» экологиялық қоғамдық ұйымы құрылып, оның төрағалығына Мұсағали Дуамбеков тағайындалды. Бұл қоғамдық ұйымның басты мақсаты – Қазақстан қол қойған халықаралық дәрежедегі конвенцияларды мемлекет деңгейінде іске асыру, Қазақстандағы экологиялық жағдайды сауықтыру үшін жұмыс жасау, сондай-ақ құжаттарды мемлекеттік деңгейде жүзеге асыру. Қоғамдық ұйымның бірінші мақсаты – экономиканы экологияландыру, мұнда мүмкіндігінше өндірісте табиғи ресурстарды аз пайдалану арқылы, экономиканы экологияландыру. Екінші – заңды экологияландыру. Қоршаған ортаға байланысты 11 заң бар болса, осы заңдар бір-біріне қарама-қайшы, осы заңдарды топтастырып, экологиялық кодекс жасау. Үшінші – үкіметті экологияландыру. 2004 жылдың 18 мамырында Шығыс Қазақстанда «Экология» қоғамдық қоры құрылып, бұдан былай бұл қор табиғат қорғау шаралары мен жобаларының орындалуын қатаң бақылауға алуды басты міндеттерінің қатарына жатқызды.

2005 жылдың 18 ақпанында Елбасы Н.Назарбаевтың халыққа Жолдауында студент жастардың күшімен еліміздің барлық аймақтарын көгалландыру және өсімдіктер мен жануарлар әлемін қорғау, оларды тиімді пайдалану туралы маңызды ұсыныс айтылды. Қазақстан Республикасы аумақтарының орманды жерлерін ұлғайту және елді мекендерді көгалландыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы №632 қаулысымен «Жасыл ел» бағдарламасы бекітіліп, іске асырыла бастады.

«Жасыл ел» республикалық штабының негізгі қызметі – елімізді көгалландырумен қатар жастарды сауықтыру және жұмыспен қамтамасыз ету, еліміздің барлық жастар ұйымдарының ара-қатынасын жақсарту. Қазақстан Республикасын көгалландырудың 2005–2007 жылдарға арналған – «Жасыл ел» бағдарламасы жүзеге асырылды. 2006 жылы «Жасыл елдің» жұмысын 60 000-нан астам жастар аткарды. 32 мың студент пен жұмыссыз жастар еңбекпен қамтамасыз етілді, бұл жоспарланғаннан 2,5 есе көп. Олар еліміз бойынша 37 мың гектар жерді көгалландырып, 18 млн көшет отырғызды. «Жасыл ел» жасақтары Павлодар мен Шығыс Қазақстан облыстарындағы тастанды және қарағайлы ор-

мандардың өртенген жерлерін тазалап, Маңғыстау, Қызылорда және Атырау облыстарындағы шөлейтті жерлермен, құмды бөгеттермен күресіп, бақтар, саябақтар, аулалар мен көпшіліктің демалыс орындарын абаттандыру мен күтім жұмыстарын жасап, кең көлемдегі сенбіліктер өткізді.

2007 жылғы 16 қазанда Қазақстан Республикасы Үкіметі 2008–2010 жылдарға арналған «Жасыл ел» бағдарламасын бекітті. 2008–2010 жылдарға арналған «Жасыл ел» бағдарламасының мақсаты ормандардың сақталуын қамтамасыз ету, орман көмкерген жер алқаптарын біртіндеп ұлғайту. Ормандарды өрттерден күзетуді, зиянкестер мен аурулардан қорғауды жақсарту, ормандардың жас құрылымын, сапалық құрамын және санитарлық жай-күйін жақсарту, елді мекендердегі жасыл желектердің алқаптарын ұлғайту, олардың төңірегінде жасыл аймақтар құру және кеңейту, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін 2–3%-ға төмендету.

2008 жылы «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша 20 мыңнан астам адам еңбекпен қамтылды. 2008–2009 жылдары «Жасыл ел» бағдарламасы жастар мен қоғам тарапынан қолдау тауып, өртенген ормандарды тазалау, оны қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді. Еліміздің орман қорын ұлғайтып, оны қорғау барысында бірқатар іс-шаралар өткізді. «Жасыл ел» жасақтары кең-байтақ даламыздың шөлейтті жерлеріне сексеуіл көшеттерін отырғызып, көгалдандыру жұмыстарын атқарды. Республикалық және облыстық деңгейлегі темір жол мен автокөлік жолдарының жиектеріне жас ағаштар отырғызып, өсіп түрған жасыл желектерді қалпына келтірді.

Жалпы, «Жасыл ел» бағдарламасы жастарды еңбекке баулу мен тәртуда, оларды қоғамдық маңызы бар нысандарға бағыттап, ұлттық мұрат жолындағы ортақ та абыройлы іске қатыстыру болып табылады.

2009 жылы 28 ақпанда ақын Олжас Сүлейменов бастаған «Невада–Семей» қозғалысының құрылғанына 20 жыл толды. Семей ядролық полигонының жабылуына ықпал еткен бұл ұйым басқа да қоғамдық ұйымдармен бірлесіп өзге полигондарды жабу мақсатына белсенді жұмыс жүргізуде.

СҰРАҚТАР:

1. Қазақстанда азаматтық қоғамның қалыптасуының ерекшеліктері қандай?
2. Қазақстанда тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының қалыптасуы қандай жолдардан өтті?
3. Қазақстанда конфессияльды қатынастар қалай дамуда?
4. Экологиялық қозғалыстардың экологиялық мәселелерді шешудегі рөлі қандай?

4.4. Этнодемографиялық үдерістер

1990 жылдардағы Қазақстандағы этнодемографиялық үдерістер. Қазақстанның демографиялық мәселесі – қазақ қоғамының маңызды мәселелерінің бірі. XX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда 5 рет халық санағы жүргізілген: 1959, 1970, 1979, 1989, 1999 жылдары. Тәуелсіздік қарсаңында, яғни, 1989 жылғы санақ бойынша, қазақтар республика халқының 39,7%-ын ғана құрады. Қазақстандағы барлық халық саны – 16 млн 475 мың болса, оның 6 млн 535 мыңы ғана қазақ ұлты еді. Бұл көрсеткіш жерімізді мекендеп отырған халықтың жартысынан астамы өзге ұлт екенін көрсетті. Қазақстанда өткен ғасырдағы 80-жылдардың соңы мен 90-жылдардың басында экономикалық дағдарыстың тереңдей түсуі салдарынан халықтың тұрмыс дәрежесі төмендеп, демографиялық жағдай едәуір нашарлады. Халық санының өсуі өте баяу жүруде. Оған эмиграция, туу деңгейінің төмендеуі және өмір сүру ұзақтығының қысқалығы әсер етуде. 90-жылдардан бастап жаппай миграция мен туу үдерісінің күрт төмендеуінен 2 млн-ға жуық халқымыздан айырылдық.

Бұрын, 1970–1980 жылдарда да Қазақстанға келушілерден кетушілердің саны басымырақ болғанымен, халықтың табиғи өсуі олардың орнын толықтырғандықтан, еліміздегі халық саны азаймай, едәуір өсіп отырған болатын. Соның нәтижесінде республика тұрғындары 1959 жылы 9,3 млн болса, 1970–1989 жылдар арасында 13 млн-нан 16 млн-ға дейін өсті. 90-жылдардан бастап күшті эмиграциялық қозғалыстың, яғни саны көбейген көшіп кетушілердің орнын халықтың қарқыны төмендеген табиғи өсуі толықтыра алмады. Қазақстандағы тұрғындар саны 1989–1992 жылдар аралығында 0,7%-ға өссе, кейінгі жылдарда күрт кеми бастады.

1991 жылдан бастап миграцияда жаңа құбылыс ТМД елдерінен және алыс шетелдерден қазақ ұлты өкілдерінің келе бастағаны көрініс берді. 1991–1992 жылдары Моңғолиядан – 41 мың қазақ келді. 1993 жылы (Миграция департаментінің көрсеткіші бойынша) алыс шетелдерден 23 мыңнан аса қазақ келген. Ресейден, Прибалтикадан, Украинадан, Закавказьеден, Тәжікстаннан 50 мыңға жуық қазақ елге оралды. 1991–1995 жылдардың арасында республикадан кеткендердің саны келгендерден 1 млн-ға жуық және жыл сайын өсіп отырды. Осы жылдары Қазақстанға көшіп келгендердің саны 2240,8 мың адам болса, кеткендері 32 210, 3-тен асып кетті. Кетушілердің ұлттық-этникалық құрамы жағынан көбі орыстар – 52,3%, украиндар – 7,2%, белорусьтар – 1,4%. Алыс шетелге кетушілердің құрамында немістер – 78%, орыстар – 13%, украиндар – 3%, еврейлер мен гректер – әркайсысы 1%-дан.

Осындай миграциялық үдерістердің нәтижесінде республиканың ұлттық құрамында өзгерістер жүрді. Олардың ең бастысы өзінің Отанында, туған жерінде жарты ғасырдай азшылыққа айналып, талай де-

мографиялық апаттарды басынан кешірген қазақтар көп ұлтты халықтың енді басым көпшілігіне айналды. Тек 1989–1995 жылдар аралығында егеменді елімізде қазақтардың үлесі 39,7%-дан 46%-ға өсті.

Республика халқының саны – 1992 жылдың аяғында 17 млн болды. Оның 9,8 млн адамы қалалық жерлерде, 7,2 млн ауылдық жерлерде тұрды. Нарыққа өтудің өтпелі кезеңі халықтың демографиялық жағдайына да едәуір салмақ салды. Бала туу азайды. Халықтың табиғи өсімі төмендеп, әртүрлі себептермен өлім-жітім көбейді. Қазақстан бала туу көрсеткіші бойынша 1960 жылдары Орта Азия республикаларының қатарында болса, 1980 жылдары олардан қалып қойды. Демографиялық ахуалдың нашарлауының 1941–1945 жылдардағы соғыс салдары, көптеген қазақ отбасында бала тууды реттеушілік (бір-екі баламен шектеу), миграциялық үдеріс (тың игеруді желеу етіп келгендер, т.т.) сияқты өзіндік себептері болды.

1980 жылдардың соңы мен 1990 жылдардың басында республикаға келушілер саны артты. Әсіресе, Моңғолиядан қазақтардың көптеп көшіп келуі көші-қон сальдосын жақсартты. Республика тұрғындары 1993 жылдан бастап кеміп, 1997 жылы республика тұрғындарының саны 16 млн 400 мың адамды құрады. Адам саны 1993 жылы – 42,7 мыңға, 1994 жылы – 192 мыңға, 1995 жылы – 207,2 мыңға азайды. Бала туу деңгейі төмендеп, өлім деңгейі өсті. 1989 жылы бала туу көрсеткіші – 382 мың болса, 1995 жылы – 278 мыңға, яғни 7,6%-дан, 10,2%-ға кеміді. Өтпелі кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық ахуал, қоғамдағы дағдарыстың тереңдеуі мен ақшаның құнсыздануы салдары, бұрынғы әлеуметтік инфрақұрылымның күйреуі, жұмыссыздықтың өсуі, экологиялық проблемалар адамдардың өмір сүру деңгейінің төмендеуіне, денсаулығының нашарлауына әкелді.

1991–1996 жылдары 1274,7 мың адам Қазақстаннан басқа елдерге қоныс аударды. Олардың 30–34%-ы алыс шетелге, қалғаны жақын елдерге кетті. Жақын шетелдер арасында Ресейге қоныс аударушылар көп болды. 1990 жылы – 74%, 1992 жылы – 81%, 1996 жылы – 89% құрады. 1990–1995 жылдары қоныс аударғандардың – 51–52% орыстар (1994 жылы – 59%) немістер 16–28% және басқа ұлттар (1993 жылы – 29%, 1995 жылы – 14%) 1993 жылы – 79 мың, 1996 жылы – 65 мың неміс өз отандарына қоныс аударды. 1990–1996 жылдары Қарағанды облысында халық саны 9,9%-ға, Ақмола облысында 10%-ға, Солтүстік Қазақстан облысында 7,7%-ға Шығыс Қазақстан облысында 6,4%-ға азайды. 1998 жылғы жеті ай ішінде Арқалық қаласынан 6256 адам көшіп кетті.

Қазақстанда тұратын қазақтардың жыл сайынғы өсімі оралмандар есебінен көбейе түсті. Орыс, украин, неміс ұлт өкілдерінің саны азайды. Егер 1979–1989 жылдары орыстар санының кемуі 8 облыста байқалса, 1996 жылдан бастап Алматы қаласын қоса есептегенде барлық облыстарда кему байқалды. Егер 1979 жылы қазақтар республиканың 5 облысында ғана 50%-дан көп болса, 1989 жылы – 9 облыста, 1995 жылы –

12 облыста өсу байқалды. Қазақ ұлтының үлес салмағы артты, орыстар қалаларда және солтүстік, орталық және шығысында басым орналасты.

2000 жылдардағы әлеуметтік-демографиялық динамика. 2002 жылдың 1 желтоқсанындағы еліміздегі халық саны алдын ала деректер бойынша – 14830 мың адамды құрады, соның ішінде 8376,5 мыңы (56,5%) – қалалықтар және 6453,5 мыңы (43,5%) – ауыл тұрғындары. 2002 жылғы қаңтар-желтоқсанда республикадан тыс жерлерге 113,6 мың адам көшкен, соның ішінде 80,4 мыңы – ТМД елдеріне, 33,2 мыңы – ТМД елдерінен тыс жерлерге көшкен. 2002 жылғы қаңтар-желтоқсанда республикаға көшіп келгендер саны 53,8 мың адам болды.

2008 жылдың 11 айында Қазақстанға белгіленген тәртіппен шет мемлекеттерден 1 264 546, соның ішінде ТМД елдерінен 1 137 214 азамат келген және тіркелген. Олардың белгіленген келу ережесін бұзғаны үшін 121 мыңнан астамы әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Олардың негізгі бөлігін еңбек мигранттары құрайды.

Халық санағының қорытындысы бойынша Қазақстан халқының саны 2009 жылғы ақпанның 24-інен 25-іне қарағандағы түнгі сағат 24.00-де 16004,8 мың адамды құрады. Сөйтіп, 1999 жылғы санақпен салыстырғанда халық санының өсімі 6,8%-ды құрап, республика халқының саны – 1022,9 мың адамға өскен. Қала халқының саны 8639,1 мың, ауыл халқы 7365,7 мың адамға сәйкес келген. Атап айтқанда, қала халқы 2,3%-ға, ауыл халқы 12,7%-ға көбейген. Ерлер саны 7722,8 мың, әйелдер саны 8282,0 мың адамға жеткен. Он жыл бұрынғы санақпен салыстырғанда ерлер саны 507,1 мың, әйелдер саны 515,8 мың адамға өскен. 1999 жылғы халық санағы бойынша әрбір 1000 әйелге 929 ер адамнан келсе, 2009 жылғы санақ бойынша ол 932-ні көрсетті. Қазақтар саны өткен санақпен салыстырғанда 26,1%-ға өсіп, 10098,6 мың адамды құрады. Өзбектер саны 23,3%-ға өсіп, 457,2 мың адамға, ұйғырлар 6%-ға өсіп, 223,1 мың адамға жетті. Орыстар саны 15,3%-ға азайып, 3797,0 мың, немістер 49,6%-ға азайып, 178,2 мың, украиндар 39,1%-ға азайып, 333,2 мың, татарлар 18,4%-ға азайып, 203,3 мың адамды құрады. Басқа этностар 5,8%-ға азайып, 714,2 мың адамдық көрсеткішке тұрақтады. Нәтижесінде ел халқының жалпы санындағы қазақтардың үлесі 63,1%-ды, орыстар 23,7%-ды, өзбектер 2,8%-ды, украиндар 2,1%-ды, ұйғырлар 1,4%-ды, татарлар 1,3%-ды, немістер 1,1%-ды және басқа этностар 4,5%-ды құрады. Ал 2009 жылғы халық санағын есепке алғанда 2010 жылдың 1 қаңтарындағы жедел ақпараттарға сәйкес, республика халқының саны 16196,8 мың адамға жетті. 2010 жылдың басында қазақтардың үлесі 63,6%-ды, орыстар – 23,3%-ды, өзбектер 2,9%-ды, украиндар 2,0%-ды, ұйғырлар 1,4%-ды, татарлар 1,2%-ды, немістер 1,1%-ды, басқа этностар 4,5%-ды көрсетті.

Шетелдерлегі қазақ диаспорасы. «Диаспора» сөзі грек тілінен шыққан, «шашырау» деген мағынаны білдіреді. Біртіндеп бұл термин жаңа ортада этникалық аз топ боп өмір сүріп жатқан басқа діни және этникалық топтарға қолданыла бастады. Қазіргі саяси ғылымда «диаспора»

ұғымы этникалық саясаттың алты санатының біріне жатады және «көшіп барған, қарсы алған елінде тұратын және әрекет ететін, бірақ шыққан елімен күшті сентименталдық және материалдық байланысы бар этникалық азшылық топты» сипаттайды. Қазақ диаспорасы алысқа, сыртқы шекараларды кесіп өтіп, әуелі Қазақстаннан Қытайға, Ресейге, Орта Азия мемлекеттеріне, Ауғанстан мен Иранға, сосын бүкіл дүние жүзіне көшіп-қонған.

Қазақ диаспорасы өз тарихында саяси және діни себептердің салдарынан күштеген немесе мәжбүрлеген сипаттағы көші-қонды бастан кешірді. Қазақ диаспорасы өкілдері барша қазақ халқының құрамдас бөлігі болып табылады. Біртұтас атақонысы – Қазақстан, мұсылман дінін ұстанады. Түркі тілдес халықтарға жатады. Бірақ, бұрынғы ішкі және сыртқы саяси оқиғалар салдарынан қазіргі кезде Отанынан тыс жерлерде, яғни Азия, Батыс Еуропа және Америка елдерінде көбірек тұрады.

Қазіргі кезде түрлі ақпарат көздерінің мәліметтері бойынша, қазақ диаспорасы өкілдерінің саны – 4 млн-нан 5 млн-ға дейін жетеді.

Қазақ ирредентасы мен диаспорасы – біздің мемлекетіміздің олар тұратын елдермен жүргізетін сыртқы саясатының маңызды компоненттерінің бірі. Сол елдермен жасалатын мемлекетаралық қарым-қатынастарға тарихи Отаны – Қазақстан және басқа ұлт арасындағы этникалық аз топ ретіндегі қазақтардың жағдайы ықпал етеді. Осыған байланысты нақтылай кететін нәрсе, Қазақстанмен шектес жатқан аумақтардағы – Ресейдегі (Астрахань, Орынбор, Қорған, Омбы, Таулы-Алтай автономиялық облыстары), Өзбекстандағы (Сырдария, Шыршық, Қызылқұм, Мырзашөл аудандары) және Қытайдағы (ШҰАА Алтай, Тарбағатай, Іле, Құлжа, Еренқабырға, Баркөл-Құмыл аудандары) қазақтарды ешқандай да «диаспора» терминімен анықтауға болмайды. Өйткені олар өздерінің тарихи аумақтарында тұрып жатыр, сондықтан халықтың осы тобы «ирредента» терминімен анықталады.

Қазақ диаспорасының ерекшеліктері туралы мынаны айтуға болады: көшпелілер өркениеті генінің арқасында қазақтар әлемнің кез – келген еліне сәтті бейімделді. Сөйте тұра, олар барлық уақытта да этникалық аз топ болды және болып қала береді, яғни тұратын елінде нақты саяси салмағы жоқ.

Ресейде түрлі деректер бойынша 870 000-нан 1 310 000-ға дейін қазақ тұрады. Олар Ресейдің 22 өңірінде шоғырланған. Негізінен (70%) ауылды жерлерде. Тіл қазақтардың жинақы өмір сүретін жерлерінде сақталған.

Қалмақ Республикасында өмір сүретін бес мыңнан астам қазақтар өз халқының тілі мен мәдениетін сақтауға тырысуда. Жыл сайын «Жерлестер» қазақ қоғамы «Ораза мейрамы», «Құрбан мейрамы», «Наурыз» тойларын атап өтеді. Қазақтар арасында Қалмақта танымал көптеген адамдар бар. Олар: еңбек сіңірген дәрігерлер, ауыл шаруашылығы, мәдениет, білім, ғылым қызметкерлері. Республиканың екі ауылдық мектебінде қазақ тілі курсы оқытылады.

Қазіргі таңда Қытайда түрлі деректер бойынша – 1 300 000-нан 2 000 000-ға дейін қазақтар тұрады. Бұл – біздің отандастарымыздың шетелдегі ең үлкен колониясы.

Түркиядағы қазақ диаспорасы XX ғасырдың 50-жылдарынан құралған. Олардың көші-қон жолдары 40-жылдары басталған, Шыңжан-Уйғыр автономиялық ауданының (ШҰАА) Алтай округінен Үндістан, Пәкістан, Сауд Арабиясы арқылы жүріп өткен. Бұл диаспоралық топты шыққан жеріне қарай «Алтай қазақтары» деп атайды (3450 отбасы Стамбул консулдық округінде тұрады). Негізінен, олар Орта жүзден шыққандар, керейлер мен наймандар. 1980 жылы Түркияға Ауғанстан мен Иранда тұратын Кіші жүзден, Алай руынан шыққан қазақтар (740 отбасы) көшіп барды, оларды «Ауған қазақтары» деп атайды. Түркиядағы қазақтардың саны әртүрлі мәлімет көздері бойынша 10 000-нан 25 000-ға дейін жетеді.

Моңғолияның Ұлттық статистикалық басқармасының мәліметтері бойынша этникалық қазақтардың жалпы саны – 102 983 адам. ҚР Моңғолиядағы елшілігінің мәліметі бойынша, онда 126 000-ға дейін қазақтар тұрады. Моңғолиядағы күрделі экономикалық проблемаларға байланысты күштеп қоныс аудару үдерісі таяудағы 5–10 жылда арта түседі деп болжануда Моңғолиядағы қазақтардың тіршілік деңгейінің анағұрлым төмендігі, әлеуметтік инфрақұрылымның жете дамымауы, ұлттық мәдениетін, тілін сақтауға және дамытуға деген алаңдаушылық олардың тарихи Отанына қайтуына ықпал етті.

Сапалы білім алу, өздерінің өмірлік жоспарларын, соның ішінде кәсіби мансабын жүзеге асыру, осы маңызды жағдайлар Моңғолия қазақтарын Қазақстанға көшіп келуге қызықтырды. 1991 жылы Моңғолиядан 97 қазақ Қазақстанға қоныс аударды. Бұл үдере (үкіметтік деңгейде ұйымдастырылмаған) көшу болатын. Қазақтарды Талдықорған (қазіргі Алматы) облысындағы Сарыөзекке орналастырды. Мүмкіндігінше жұмыс орындарын тауып берді. Қазақстанға 1991–2000 жылдар арасында Моңғолиядан 70 000 шамасындағы қазақ оралды. Олар Қостанай, Павлодар, Қарағанды және басқа да облыстарға қоныстанды. ДҚҚ мәліметтері бойынша олардың ішінен 10 000 қазақ кері қайтқан.

Қазақ ирреденталарының ең көп бөлігі Өзбекстанда шоғырланған (Демограф-ғалым М. Тәтімовтің мәліметі бойынша – 2 500 000 қазақ, Өзбекстан Үкіметінің мәліметі бойынша – 1 300 000 қазақ). Олардың ішіндегі 350 000 қазақ Қарақалпақстанда тұрады. Қазіргі кезеңде 9 облыста ұлттық мәдени орталықтар құрылған. Жыл өткен сайын қазақ тілінде оқытатын мектептер саны кеміп келеді. Бүгінде Өзбекстанда осындай 380-дей мектеп бар (500 болған).

Өзбекстан таяудан бері – латын әрпін ресми пайдаланады және бұл тілді оқып-үйрену аясындағы өзара қарым-қатынасты қиындатты. Көрші Өзбекстанда тұратын қазақтарда проблема аз емес, олар – ана тілінде білім алу мен мерзімді баспасөзге жазылудың шектеулілігі, мәдениет, әдебиет, өнер саласындағы және әлеуметтік-экономикалық проблема-

лар. Өзбекстанның аудандары мен қалаларында экрандардан Қазақстан телевидениесінің хабарлары біртіндеп түсіп қалуда. Білім беру жүйесінің де өз қиындықтары бар. Қазақ тіліндегі оқулықтар жетіспейді. Жыл сайын қазақ тілінде оқытатын мектептер саны қысқаруда. 1996 жылы Өзбекстанның жалпы білім беретін оқу орындарының латын графикасына көшуі де білім алуға қосымша қиындықтар туғызуда. Диаспораның 60%-ы ауылдық жерлерде тұрады. Олар мақта мен күріш өсіреді, мал шаруашылығымен, соның ішінде қойдың қаракөл түрін өсірумен айналысады. Қалалықтар, негізінен білім беру, денсаулық сақтау, тұрмыстық қызмет көрсету және басқа да материалдық емес салаларда жұмыс істейді.

Мемлекеттік басқару органдарындағы этникалық қазақтардың өкілеттілігі лауазымды үлтпен салыстырғанда айтарлықтай төмен. Тіпті республиканың қазақтар өте тығыз қоныстанған өңірлерінде – Қарақалпақстанда, Ташкент, Науаи облыстарында диаспора өкілдері-басшылардың саны едәуір кеміген. Оларды басшылық орындардан, жоғары жалақылы немесе мәртебелі лауазымдардан босатқан. Қазақ диаспорасы бұл жағдайды өздерінің әлеуметтік, саяси құқықтарына нұқсан келтіру деп қабылдайды. Ал биліктегілердің әрекеттері республикада, әсіресе қазақтар жинақы тұратын жерлерде әлеуметтік шиеленіске әкеп соғуы мүмкін. Тұрмыстық деңгейдегі этникааралық жанжалдар санының артуы – мұның жанама дәлелі болады.

Қазақ диаспорасы АҚШ-та, Еуропада және әлемнің басқа да елдерінде қалыптасқан. Америка Құрама Штаттарына қазақтар II Дүниежүзілік соғыстан кейін көшіп бара бастады. АҚШ мультимәдени және полиэтникалық ел ретінде көшіп-конған қазақтарды 1960 жылдардың ортасынан бастап, яғни 1965 жылғы көші-қон заңын ырықтандырғаннан кейін тарта бастады. «Америка этникалық топтарының Гарвард Энциклопедиясына» сәйкес 1960 жылдары АҚШ-та 20 шақты қазақ отбасы болған. Бұл 20 отбасының 13-і осы елге 1960 жылдардың ортасында көшіп келіп, Нью-Йорк, Вашингтон (Колумбия округі) метрополиінде және Калифорния штатында қоныстанған бұрынғы вермахт тұтқындарының отбасы. 1996 жылы Индиана университетінің (Блумингтон) жанынан Қазақ студенттік қауымдастығы құрылды. Ол жыл сайын Наурызды тойлайды. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен және әдет-ғұрыптарымен таныстырады. Тақырыптық конференциялар өткізеді.

Қазіргі кезде Ұлыбритания, АҚШ, Еуропа және әлемнің басқа да елдерінде қазақ диаспорасының қалыптасуы мен Францияда тұратын отандастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының проблемаларына тоқталар болсақ, АҚШ пен Батыс Еуропа (негізінен ГФР, Франция, Скандинавия) елдеріндегі қазақ диаспорасы оқуға бару нәтижесінде және «еңбек» көші-қоны толқынында қалыптасқан. Қолайлы әлеуметтік-экономикалық өмір жағдайы мен сіңісті ділі оларды Еуропада ұстап тұр. Басқа елдерде қазақ ұлтының өкілдері саны аздығынан жергілікті халыққа сіңіп кеткен.

Тұманды Альбион жағалауындағы қазақ диаспорасы өкілдерінің саны аз болуына 1960–1990 жылдардағы британ көші-қон саясатының құқықтық шараларының әсері болды. Ұлыбританияда қазақтар, негізінен Лондон мен Рединге тұрады. Бұл олардың кәсіби бағдары мен қызмет аясына байланысты. Ұлыбританиядағы қазақ диаспорасының өкілдері моноұлтты некені қалайды және оларға тұрып жатқан еліне өз отбасын көшіріп алып келу тән. Сондықтан оларға этникалық түп-тамырын жоғалтпау және балаларын қазақ тілі мен мәдениетіне жақындастыру маңызды.

Ол үшін 1992 жылы Ұлыбританиядағы қазақтар қоғам құруға шешім қабылдады. Өйткені, 1985 жылы бұл елге Түркия мен ҚХР қазақтары оқу және жұмыс істеу үшін көшіп келе бастады. Бұл қоғамның мақсаты – Ұлыбританияда тұратын қазақтардың арасында бір-бірімен байланыс орнату. Сондай-ақ, этникалық Отаны – Қазақстанмен жан-жақты байланысты нығайту болды. Мұндай қадамдардың бірі 1995 жылғы маусымда Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ұлыбританияға ресми сапары кезінде жасалды. Қазақ диаспорасының өкілдерін Президент қабылдап, әңгіме барысында олар өз проблемаларын талқылады. Өкінішке қарай, Ұлыбританиядағы қазақ қауымдастығын ерекшелендіріп тұрған нәрсе олардың бастарының бірікпеуі, қазірге дейін ҚХР-да, Түркияда және Қазақстанда тұратын қазақтармен тығыз байланыс орнатылмаған. Қазақ қоғамы берген мәлімет бойынша, Лондонда Түркиядан шыққан қазақ диаспорасының 65 өкілі тұрады. Бұған ҚХР, Қазақстаннан және басқа елдерден келген қазақтар кірмеген. Олар қазақ диаспорасының санын 100–120 отбасына көбейтеді.

Қазіргі кезде Швецияда 30-дай қазақ отбасы тұрады, негізінен Түркиядан барғандар. Олар – Стокгольмде, Евелле, Вастераста, Гетеборгте тұрады. Соңғы уақытта олардың саны осы елдің азаматтарымен некеге тұрған Қазақстаннан келген қазақтармен толығуда.

ГФР-ға қазақтар түрік еңбек көші-қонының құрамдас бөлігі ретінде 1960 жылдардың ортасында көшіп келе бастады. Сонымен қатар II Дүниежүзілік соғыс уақытынан бастап Алманияда екі – қазақ-түрік азаматтығы бар бұрынғы легионерлер тұрады. ГФР-да қазақтар Рура мен Рейн өнеркәсіптік аймағындағы жұмыстан басқа қоғамдық-саяси қызметпен айналысты. Соның ішінде Мюнхеньде «Азаттық» радиостансасының қазақ редакциясында жұмыс жасады. ГФР-дағы қазақтар мына жерлерде тұрады: Мюнхеньде – 60 отбасы немесе 300 адам, Кельнде – 90 немесе 450, Гамбургте – 4 немесе 20, Батыс Берлинде – 20 немесе 100, Хайдельбергте – 1 немесе 5, Майнце – 2 немесе 10, Майндегі Франкфуртте – 1 немесе 5. Барлығы: 178 отбасы немесе 890 қазақ тұрды.

ГФР-да өскелең қазақ жастарының арасында мәдени-білім беру шараларын өткізу үшін Мюнхень мен Кельнде қазақ қоғамдары ұйымдастырылған. ГФР-дағы бұл қоғамдардың қызметінің жандандай түрғанын іс жүргізу мен үйлесімді әрекет ету тәжірибесінің жоқтығымен түсіндіруге болады. 1993 жылы Мюнхеньде «Еуропалық қазақ

түріктерінің бюллетені» шыға бастады. Бірінші нөмірі түрік тілінде, ал екіншісі қазақ тілінде шықты. Бюллетеньде Түркиядағы, Германиядағы, Францияда ғы, Швециядағы, Австриядағы, Ұлыбританиядағы, Швейцариядағы және Данияда ғы қазақ қауымдастықтарындағы болып жатқан оқиғалар туралы ақпараттар басылды, Қазақстандағы жетістіктер туралы хабарламалар жарияланды. Екі жылда (1993–1994) екі нөмірі ғана жарық көрді. ГФР-да тұратын қазақтарды олардың жоғары білім деңгейі мен әлеуметтік мәртебесі ерекшелендіреді. Өйткені көшіп келген қазақтардың алғашқы буындары өз балаларына жақсы білім бере алды, қазір олар заңгер, стоматолог, инженер болып жұмыс істеуде.

Бүгінде әлемнің қырықтан астам елінде тұратын қазақ диаспораларының өкілдері қазақ ұлты өкілдерінің жалпы санының үштен бірін құрайды немесе 4,5 млн адам. Олардың көпшілігі Қазақстанмен шекаралас мемлекеттерде тұрады.

Оралмандарды қолдау. «Нұрлы көш» мемлекеттік бағдарламасы. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы шетелден келген дарынды ақын-жазушыларға қамқорлық жасауды дәстүрге айналдырған. 1996 жылы тұңғыш мүшәйра ұйымдастырылған еді. Кейін ол жыл сайын өткізілетін дәстүрлі жыр мерекесіне айналды. 1996–2000 жылдар арасында шетелдерде тұратын отандастарға қолдау көрсету Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы №3308 Жарлығымен бекітілген Шетелдерде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды. Бағдарлама іс-шаралар кешенін қамтитын алты бөлімнен тұрады: ғылыми қамтамасыз ету, нормативтік құқықтық база, білім беру, мәдениет, туризм және спорт, кітап шығару мен бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері, ұйымдастыру шаралары. Алайда объективтік және субъективтік себептерге байланысты бұл бағдарлама ойдағыдай жүзеге асырылмады. Алға қойылған мақсаттарды сапалы да толыққанды жүзеге асыру үшін 2005 жылғы қарашада Президент «Шетелдерде тұратын отандастарды қолдаудың 2005–2007 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» атты №1673 Жарлыққа қол қойды. Бағдарлама республикалық бюджеттен қаржыландыру есебінен жүзеге асады. 2005–2007 жылдарға арналған қаржыландырудың жалпы көлемі 1 789773 мың теңге, соның ішінде 2005 жылға 591589 мың теңге, 2006 жылға 594418 мың теңге, 2007 жылға 603766 мың теңге қарастырылған.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілетін оралмандардың көшіп келу квотасы жылдан-жылға өсуде. Сөйтіп, 2000 жылы 500 отбасына, 2001 жылы 600, 2002 жылы 2655 отбасына, 2003 жылы 5000 отбасына, 2004 жылы 10000 отбасына квота бекітілді. «Оралмандардың 2005–2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы №1508 Жарлығымен оралмандардың 2005–2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы әрбір күнтізбелік жылға 15000 отбасына дейінгі санда белгіленген. Қазақстанда білім алуға ниет білдіруші қазақ диаспорасы қатарынан жастар өкілдерінің саны жыл сайын өсіп келеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәліметі бойынша, 2002 жылы қазақ диаспорасы өкілдері мен оралмандар үшін Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде 10 жоғары оқу орнында қосымша дайындық бөлімдері ашылды. Қазіргі уақытта еліміздің 15 жоғары оқу орнында дайындық бөлімшелері жұмыс істеуде. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен келісілген және 2002 жылғы 7 маусымда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген (мемлекеттік тіркеу нөмірі 1873) Қазақ диаспорасы өкілдерін Қазақстан Республикасының оқу орындарында оқуға іріктеу және жіберу тәртібі, шарттары туралы ережесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2002 жылғы 23 сәуірдегі №334 бұйрығымен бекітілген.

Маңызды бағыттардың бірі – қазақ диаспорасын ақпараттық қамтамасыз ету. 1995 жылғы 20 сәуірден бастап шетел қазақтарына арналған еларалық апталық – «Қазақ Елі», 1998 жылдың 25 мамырынан – «Алтын бесік» журналы жарыққа шыға бастады. Мемлекеттің күшімен шетелдерде теле және радио хабарлар тарату жөнінде әрекеттер жасалуда. Алыс шетелдерге телехабар тарататын CaspioNet ұлттық жер серігі телевидениесі жұмыс істейді. Шекаралас мемлекеттер аумақтарында «Хабар» агенттігінің, «Қазақстан» ұлттық арнасының телехабарлары таратылады. Бұдан басқа, екі жақты халықаралық уағдаластықтар шеңберінде «Мир» телеарнасы жұмыс істейді. 2002 жылдың 20 ақпанында «Аманат» студиясы құрылды. «Қазақпарат» агенттігі жаңалықтар ағынын әлемнің 100 елінде таратады. Шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдері үшін қазақстандық баспасөздің қол жетімділігі мәселесін ішінара шешуге «CaspioNet» спутниктік телеарнасының мүмкіндіктері мол. Қазіргі уақытта телеарна Еуропа, Орта Азия, Орта Шығыс және Солтүстік Африка елдерінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде хабар таратуды жүзеге асырып келеді. Бұдан басқа, «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Үкіметтері арасында «KazSat» байланыс және хабар таратудың қазақстандық спутнигін жасау жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім жасасу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы №1351 қаулысына сәйкес осы келісімге қол қойылды. Оның көмегімен қазақ диаспорасы жинақы орналасқан жерлерде қазақстандық хабар таратушылардың бағдарламаларын қабылдауға арналған цифрлық стандартты эфирлік қабылдағыштарын орнату мүмкін болады. Сондай-ақ, бейнелік-насихаттау сипатындағы қазақстандық телерадиобағдарламаларды, көркем және деректі фильмдерді, сериалдарды, өзге де бейнеөнімдерді тарату жөніндегі шаралар кешені іске асырылады.

Қазіргі таңда 11 елде қазақ ұлттық-мәдениет орталықтары жұмыс істейді. Олардың ішінде Өзбекстандағы, Қырғызстандағы қазақ мәдениет орталықтары, Моңғолиядағы Баян-Өлгей өңірлік қоғамы Қазақстанмен тығыз байланыста жұмыс істеп келеді. Қазақ мәдениет орталықтарының дені Ресейде шоғырланған. Қазақстанмен шекаралас Ресей өңірлерінің барлығында (Астрахань, Волгоград, Саратов, Самара,

Орынбор, Қорған, Омбы, Новосібір, Түмен және Челябі облыстары, Алтай Республикасы және Алтай өңірі), Мәскеу, Санкт-Петербург, Екатеринбург қалаларында, сондай-ақ Татарстан, Башқұртстан, Саха және Қалмақ республикаларында қазақ ұлттық-мәдениет орталықтары бар. Сондай-ақ Стамбулдағы (Түркия) қазақтар қоғамы, Лондон (Ұлыбритания) қазақтарының қауымдастығы, Кельндегі (Германия) қазақ мәдениет орталығы қазақ мәдениетін насихаттауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруда. Австрия, Швеция, Венгрия, Украина сияқты мемлекеттерде кіші қазақ мәдениет орталықтары жұмыс істейді. Ресейде, Қытайда, Түркияда және Еуропа елдерінде тұратын қазақтардың Қазақстанда кәсіпкерлік қызметпен шұғылдануға, сондай-ақ өз инвестицияларын Қазақстан экономикасының перспективалы салаларына салуға мүмкіндіктері бар. Шетелдегі өз отандастарының экономикалық және қаржылық әлеуетін өзінің дамуы үшін жемісті пайдаланып отырған Қытайдың тәжірибесін атап өту керек. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы отандастармен жұмыс істеуде біршама тәжірибе жинақтады. Қауымдастық өзі құрылған күннен бергі он жылдың ішінде шетелде тұратын отандастармен қоғамдық өмірдің барлық салаларында қарым-қатынас орнатуға бағытталған кең іс-шаралар кешенін іске асырды. Қауымдастықтың шетелдік мемлекеттік ұйымдармен және қоғамдық бірлестіктермен тікелей жұмыс істеуге толық мүмкіндігі бар.

Сонымен қатар Қазақстан – қазақтарды тарихи Отанына тарту жөнінде белсенді саясат жүргізуде. Тек 2005 жылғы 6 айдың ішінде Қазақстанға 37 853 адам көшіп келген. Атап айтқанда, ТМД елдері бойынша көшіп келгендердің 71%-ы Өзбекстаннан және 20,2%-ы Ресейден. Алыс шетелдерден көшіп келгендердің 56,9%-ы – Қытайдан, 30,8%-ы – Моңғолиядан; 6,6%-ы – Алманиядан. Көшіп келгендердің жалпы санының 79,3%-ы – қазақтар. Жалпы 1993 жыл мен 2005 жылғы 1 қазан аралығында елге 117 698 отбасы көшіп келген (464 426 адам).

Көшіп-қонушылардың құқықтарын қамтамасыз ету аса өзекті халықаралық проблемалардың бірі болып табылады. Қазіргі кезде Қазақстанда көші-қон үдерістері заңмен реттелген. «Қазақстан-2030» Даму стратегиясының аясында Көші-қон саясатының 2007–2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілген. 2008 жылдың басында Қазақстанда 451 босқын тұрған. Сонымен бірге шетелдік отандастардың оралу және жұмысқа орналасуына кедергілер де жоқ емес. Мәселен, 1991–2007 жылдар аралығында Қазақстанға 166 мың отбасы (651 299 адам) келген. Алайда белгіленген көшіп келу квотасына сәйкес тек әрбір екінші отбасы ғана ресми қабылданған (48,7%). ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінде Қазақстанда босқын деп танылғандардың саны 2009 жылдың 1 қаңтарында 128-ге артып, 578 адамды құраған. Оның екеуі Эфиопиядан, біреуі Сомалиден, қалғандары Ауғанстаннан келген.

2008 жылдың ортасына дейін оралман мәртебесін алған көшіп келушілердің жұмысқа орналасу үшін әлеуметтік жеке код (ӘЖК) алу-

ларына құқықтық негіз болмаған. Үкімет осы мәселені 1997 жылы қабылданған «Уәкілетті ұйымдардың әлеуметтік жеке код беру тәртібін бекіту туралы» қаулысымен бекітті.

Оралмандардың жұмысқа орналасуына кәсіби қазақ және орыс тілдерін білмеуі, олардың жоғары білім туралы дипломдарында ностирификацияның болмауы кедергі болған. Қытайдан және Иранннан келген оралмандардың зейнетақы алуында да қиыншылықтар (осы елдердің бұл салада екі жақты келісімдерінің жоқтығына байланысты) туындады. Бұлар азаматтық алған жағдайдың өзінде де тек жасына қарай мемлекеттік арнайы жәрдемақы алады. Сонымен бірге оралмандардың тұрғын үй алу құқығының бұзылған кездері де болған. Ресми статистикаға сәйкес, 2008 жылдың басында квота бойынша келген отбасылардың тек 68%-ы ғана тұрғын үймен қамтамасыз етілген. Қалған отбасылар тұрғын үй мәселесін өз күштерімен шешуге ұмтылған.

Жергілікті жерлерде оралмандарды жұмыспен және тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелерінің шешілмеуі, олардың ел ішіндегі тағы көшіп-қонуын туындатты. Өзбекстаннан келген оралмандар көшіп келу квотасына енуді және азаматтық алуды мақсат етіп солтүстік облыстарға барғанымен, кейін оңтүстік өңірлерге қоныс аударған. Осындай жағдайлар көші-қон үдерісін қадағалау мен оралмандардың қоғамға кірігуін қиындатты.

Көші-қон мәселесімен айналысатын халықаралық сарапшылар саяси-экономикалық ахуалы орнықты ел ретінде Қазақстанда жақын жылдарда сырттан көші-қон үдерісінің өсуі ішкі жағдайға елеулі әсер етеді деп болжайды.

Оралмандардың 2008 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 30 желтоқсандағы №506 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі 2008 жылға 15000 отбасына квота бөлді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Тарихи атажұртына көшіп келу үшін оралмандарға бөлінетін жыл сайынғы квотаны 2009 жылы 5 мың отбасына дейін ұлғайтып, жылына 20 мың отбасына жеткізуіміз керек», - деп нақты тапсырма берді. Елбасының осы Жолдауын орындау мақсатында «Нұрлы көш» ұлттық жобасы әзірленді. Жобада «қазағым, Қазақстаным» деп келген оралмандар мен отандастарымызды және тоқырау өңірлерінен ауысатын жерлестерімізді баспанасыз қалдырмау жағы да қарастырылған. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өкілетті органдар оралмандардың бейімделуіне және жұмысқа орналасуына кәжетті жәрдем көрсетті. Оралмандарды әлеуметтік қолдау және жұмысқа орналастыру жөніндегі 2003–2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. 2004 жылдың 1 қаңтарына жұмыспен қамту органдарында есепте тұрған оралмандардың саны – 5,0 мың, республикада жұмыс жасаған шетелдік азамат саны - 7,8 мың.

«Нұрлы көш» бағдарламасы 2008 жылдың 2 желтоқсаны күні Үкімет қаулысымен бекітіліп, үшжылдық бюджеттің есебіне енгізілді. Аталған

мемлекеттік бағдарламаның басты мақсаты – шеттегі қандастарымызды, сондай-ақ еліміз аумағының қолайсыз аудандарында тұратын тұрғындарды басқа аймақтарға қоныстандыру және олардың жайғасуына жәрдемдесу.

Бағдарламадағы мәліметтер бойынша, өткен жылдары Қазақстанға 53,4 мың адам келген, бұл 2006 жылғы деңгейден 20,0%-ға төмен. Мұның ішінде қанша пайызы оралмандар екені туралы дәл мәлімет жоқ. Бірақ негізгі көшіп келушілер Өзбекстан (47%), Ресей (20%-дан астам) және Қытайдан (11%). Ал басқа тараптан атажұртқа бет түзеген көш көрінбейді. Бағдарламаны іске асыруға 2009–2011 жылдарға 197 795,6 млн теңге, оның ішінде қосымша 118 073,7 млн теңге қарастырылып отыр. Жүзеге асыру 2010 жылдан басталмақ. Алматы көші-қон комитетінің мәліметі бойынша, Астана мен Алматы қалаларына «Нұрлы көш» бағдарламасы арқылы қоныстандыру жүргізілмеуі де мүмкін. Өйткені, тұрғын үй қымбат, әр бөлінетін жер телімі тапшы. Есесіне өзге облыстар бойынша қоныстандыру жүргізілмек. Әсіресе, облыс орталықтарында, жұмыс орны жеткілікті қалаларда, шекараға іргелес елді мекендерде, ауылдық елді мекендерге қоныстандыруға көңіл бөлінбек.

«Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша барлық көшіп келушілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Тұрғын жайлар жергілікті атқарушы органдардың коммуналдық меншігіндегі тұрғын үй есебінен үлестірілмек. Кейбір аймақтарда оралмандарды шоғырландырып қоныстандыратын қалашықтар салынбақшы. Олардың қарызын қайтару үшін оралмандарға «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкінен» 4%-дық мөлшерде несие беріледі. Оны қайтару үшін жұмыспен қамтылып, кәсіппен шұғылдануға қаржы бөлінбек. «Нұрлы көш» бағдарламасының осы тектес басты бағыттарына сәйкес әр облыста өңірлік жоспар жасалуда. «Нұрлы көш» бағдарламасының тағы бір иігі тұсы – неғұрлым оқыған, көзі қарақты, ғылыми дәрежесі барларға немесе кәсіппен айналысуға бейімділердің елге келуіне квота үлестіруде басымдық беріледі.

ЮНЕСКО-ның деректері бойынша, бүгінде – 35 адамның біреуі халықаралық көшіп-қонушы болып табылады. Туған елдерінен тыс тұратын адамдардың саны – 175 млн адамға жетті. Бұл Жер шары тұрғындарының 3%-ын құрайды және Бразилия халқымен салыстырарлықтай. Халықаралық көші-қон азаматтар жаппай көшкен мемлекет, транзит мемлекет, көшіп-қонушыларды қабылдайтын мемлекет немесе жоғарыда айтылғандардың бәрі қатысты мемлекет болсын, барлық елге түгелдей дерлік қатысты. Халықаралық көші-қон жаһанданудың ажырамас бөлігі болды. Көшіп-қонушылар қоғамның барынша қауқарсыз әлеуметтік тобы болып табылады. 1990 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы Барлық еңбек етуші-көшіп-қонушылардың және олардың отбасыларының құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенцияны – еңбек етуші-көшіп-қонушылардың құқықтарын қорғайтын бәрін қамтитын халықаралық шарт қабылдады. Алайда конвенцияны ратификациялаған елдер – көшіп-қонушылардың шыққан елдері. Қазіргі кезде

Қазақстанға көшіп-қонушылар ағынының артқанын, сондай-ақ мемлекет белгілеген еңбек көші-қоны квотасының көбейгенін ескере отырып, аталған конвенцияға қосылу мәселесін зерделеу қажеттігі туындады. Сонымен қатар заңсыз еңбек көші-қоны мәселелерін шешу үшін Орталық Азия өңірі елдерінің мүмкіндіктерін біріктіру қажет. Уақытша үкіметаралық орган заңсыз және заңды еңбек көші-қоны проблемаларын шешу тәсілдерін келісу тетігі болуы мүмкін. Көшіп-қонушылардың еңбек құқықтарын іске асыру кезінде туындайтын мәселелер – көшіп-қонушылардың келген елде кездесетін жалғыз проблемасы ғана емес.

Дүниежүзі қазақтары құрылтайы. Шетелдерге тарыдай шашырап кеткен қазақтар:

Әй, Алтай, өттең Алтай, көркем Алтай,
Кір жуып, кіндік кескен өлкем Алтай.
Армансыз бұл дүниеден өтер едім,
Бір иіскеп топырағыңды өлсем, Алтай! –

деп туған елін-жерін аңсаумен өмірін өткізіп жатты. Еліміз тәуелсіздігін алғанына жарты ай өткенде, яғни 1991 жылдың 31 желтоқсанында Президент радио арқылы шетелдердегі қазақ диаспорасының өкілдеріне арнап сөз сөйледі. Қазақстан Үкіметі «Басқа республикалардан және шет елдерден селолық жерлерде жұмыс істеуге тілек білдіруші байырғы ұлт адамдарын Қазақстанда қоныстандырудың тәртібі мен шарттары туралы» арнайы қаулы қабылдады. Сөйтіп, атамекенге келем деген ағайындарға жол ашылды.

1992 жылы 29 қыркүйекте азаттығымыздың алтын бесігі – Алматыда Дүниежүзі қазақтарының түңғыш құрылтайы ашылды. Құрылтайға – Түркия, Германия, Франция, Швеция, Норвегия, Моңғолия, Ресей, Қырғызстан, Түрікменстан, Өзбекстан және басқа елдерден, барлығы – 33 елден, сондай-ақ Қазақстан облыстарынан келген өкілдер – 800-ден астам кісі қатысты.

Мәжілісті Дүниежүзі қазақтары құрылтайын ұйымдастыру комитетінің төрағасы, сол жылдардағы Қазақстан Республикасы премьер-министрінің орынбасары Мырзатай Жолдасбеков ашты. Түркиядан келген Дәлелхан Жаналтайға сөз кезегі келгенде: «Мен бұл күнді көрем деп ойлаған жоқ едім. Құдайға шүкір, өшкенім жанды, өлгенім тірілді! Енді арман жоқ!» - деді. Осы сөз құрылтайдың өзегіне айналды. Күн тәртібінде – Дүниежүзі қазақтары қауымдастығын құру, оның жарғысын қабылдау, басшы органдарын сайлау талқыланды.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы болып Республика Президенті Н.Ә. Назарбаев сайланды. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы, белгілі жазушы Қалдарбек Найманбаев төрағаның бірінші орынбасары, Түркиядан келген қандас бауырымыз Дәлелхан Жаналтай, Мырзатай Жолдасбеков, Алтынбек Сөрсенбаев – төралқа мүшелері болып сайланды.

Мәжілісте Елбасы Н.Ә. Назарбаев халқымыздың тарихы мен тағдырын тебірене толғаған баяндама жасады. Осы құрылтай кезінде алыстан келген ағайын елді аралады. Жезқазғанда, Ұлытауда, Түркістанда аруақтарға тағзым етті. Туған елі мен жерін аңсаған Моңғолияның Баян-Өлгей аймағынан Қазақстанға көшіп келген ақын Бекен Қайқатұлының:

Атамекен, нұр алайын деп келдім,
Шертіп бір күй, уанайын деп келдім.
Сен жыласаң – жоқтау айтып тоқтаусыз,
Сен қуансаң – қуанайын деп келдім, –

деп жазған сағынышқа, елге деген махаббатқа толы өлеңі – «Егеменді Қазақстан» газетінде жарияланды. Аталған басылымда бүкіл қазақ халқының көңіл-күйін білдіретін «Таныт, қазақ, ұлтыңды, тауып атажұртыңды!», «Жинал, қазақ, жеріңе – егеменді еліңе!», «Әлемге атын қосқан, алаштың басын қосқан – Қазақ елі» және басқа да топтамалар жарық көрді. Әлем қазақтарының 1992 жылғы қыркүйектің 29-ында Алматыда өткен алғашқы құрылтайының шешімімен – Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы дүниеге келді. 1976 жылдан шетелдердегі қандастармен мәдени байланыстар орнататын – «Қазақстан» қоғамы жұмыс жасады. 1993 жылдың 17 наурызында осы қоғамның кезектен тыс V конференциясы өткізіліп, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы мен «Қазақстан» қоғамы бірікті. «Қазақстан» қоғамы өкілеттілігі тоқтатылып, дербес жұмыс істеуін тоқтатты.

Дүниежүзі қазақтарының екінші құрылтайы – 2002 жылдың 23–24 қазаны аралығында діниміздің дала төсіндегі діңгегі – қасиетті Түркістанда өтті. Оған дүниеге тарыдай шашылған қазақтардың 400-ге жуық өкілдері жиналды.

III Дүниежүзі қазақтары құрылтайы еліміздің жаңа байтағы, туған Қазақстанымыздың рәмізі Астанада өтті. Бұл 2005 жылғы еліміздегі ең үлкен жиын болды. Жиынға әлемнің 32 елінде тұратын қазақ диаспорасының өкілдері келді. Құрылтайдың 2005 жылы өтуі кездейсоқ емес. Бұл кезеңде тәуелсіз Қазақстан дамудың үлкен де күрделі жолынан өтті, саяси жағынан толық тұрақтылыққа қол жеткізді. Экономикалық дамудың бүкіл әлем мойындаған биік деңгейіне көтерілді. Міне, осы биікте тұрып шетелдегі 5 млн қандастарымыздың қазіргі хал-ахуалы қандай, оларға атажұрттан жасалынатын көмек пен қолдауды қайтіп тиімді жүргізуге болады деген мәселелерді бір жүйеге түсіретін уақыт келген еді. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың атына Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы атынан құттықтау жеделхаты келіп түсті. Жеделхатта: «Шетелдегі 5 миллионнан астам ағайындарымыз Сізді Қазақстан Республикасының Президенті ғана емес, жер жүзіндегі бүкіл қазақтың Көшбасшысы, арқа сүйер Асқар тауы деп есептейді. Және Сізді әлемдегі ең беделді, ең данқты қайраткерлердің бірі ретінде мақтан етеді», – деп жазылған.

Құрылтай өзінің бұл міндеті мен мақсатын толық орындады. Ол бұдан бұрынғы құрылтайлармен салыстырғанда анағұрлым іскерлік жағдайда өтті. Бұған құрылтайдың бірінші күні «Диалог алаңы» атты жалпы тақырыппен 4 жерде өткен дөңгелек үстел мәжілістері айқын дәлел. Мұнда құрылтай делегаттары шетелдік отандастарымызға мәдениет және ақпарат, оқу-білім, көші-қон, бизнес-іскерлік саласында қолдау көрсету жөніндегі өзекті мәселелерді ортаға салды. Осыларға қатысты министрліктер мен басқа да мемлекеттік органдардың басшылары, Сенат және Мәжіліс депутаттары алыстан келген ағайындарымызбен бір үстел басында көзбе-көз отырып ой бөлісті. Көкейде жүрген сан-салалы сұрақтарға жауап берілді. Әлем қазақтарының басқосуында мұндай кең ауқымды жан-жақты пікір алмасу бұрын-соңды болған емес.

СҰРАҚТАР:

1. Қазақстандық көші-қон үдерісінің себептері қандай?
2. 1990–2000 жылдардағы этнодемографиялық салада қандай үдерістер орын алды?
3. Шет елдердегі қазақ диаспорасының ерекшеліктері неде?
4. Репатрианттардың бейімделу мәселесі қандай?
5. «Нұрлы көш» Мемлекеттік бағдарламасының мазмұны неде?
6. Қазақтардың бүкіләлемдік құрылтайын өткізудің мәні қандай?

5. ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ӘЛЕМ

5.1. Ядролық қарудан бас тарту және қауіпсіздікті нығайту

Қазақстанның ядролық қаруды таратпаудағы алғашқы қадамы – 1991 жылы Семей ядролық сынақ полигонын жабудан басталды. КСРО өмір сүріп отырған кездің өзінде жасалған бұл батыл қадам – Қазақстанның әлем алдындағы абыройын асқақтатып, беделін өсірді.

КСРО ыдырағаннан кейінде Қазақстан аумағында әркайсысы 10 оқтұмсықтан тұратын 108 зымыран қарулы кезекшілігін атқара берді. Олардан өзге 240 қанатты ядролық зымыраны бар ТУ-95 МС 40 стратегиялық бомба тастағыш ұшақтары қалды. Байқоңыр, Семей және Сарыөзекте ядролық құрылғыларды сынауға және зымыран-ғарыштық

техниканы ұшыруға арналған ерекше нысандар орналасты. Бұл жылдары ядролық қарудың ел аумағында болуының өзіндік жағымды әрі жағымсыз түстарын таразылаған әртүрлі пікірлер айтылды. Кейбіреулер ядролық қарудың болуы мемлекетіміздің халықаралық беделін өсіреді десе, ал басқалар Қазақстанның Орталық Азияда ғана емес, сондай-ақ Оңтүстік Азия, Таяу және Орта Шығыста жетекші күш болып, тұрақтылықтың кепіліне айналатындығын алға тартты.

Қазақстан дипломатиясының негізін қалаушылардың бірі Қ.К. Тоқаев өзінің «Қазақстан Республикасының дипломатиясы» еңбегінде: «Мемлекетіміздің ядролық әлеуетіне кейбір экстремистік режімдердің үлкен үмітпен қарағаны да күпия емес. Жекелеген елдерде тіпті «тұңғыш мұсылман атом бомбасын» жасауды көксейтін азғыру сөздері де айтыла бастады. Осындай қауіпті мұра әлдебір жауапсыз әрі дәлдүріш саясаткердің қолына түссе ядролық бопсалаудың құралына айналуы да ғажап емес еді» деп, сол кезеңнің шындығын жазған-ды. Сондай-ақ, Қазақстанның толыққанды ядролық державаға айналуына кедергі болған бірқатар сыртқы саяси факторларды да атап өтуіміз керек. Мәселен, өзін КСРО-ның мұрагері санаған Ресей белсенді әрі ашық қарсылық танытты. Қарудың көп тарап кетуінен сескенген АҚШ та өз наразылығын көрсетті.

Республика басшылығына ядролық қаруды елден шығару талап етіле бастады. 1991 жылы наурызда Қазақстанға ресми сапармен келген АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Д. Бэйкер, Ұлыбритания сыртқы істер министрі Д. Херд (1992 жыл), Франция сыртқы істер министрі Р. Дюма, АҚШ мемлекеттік хатшысының орынбасары Р. Бартоломью ядролық державалар қатарының артуын қаламайтындықтарын, Қазақстанның ядролық қарудан бас тартқаны жөн болатынын ескертіп айтты. Осылайша, Қазақстан ядролық қарудан бас тартты. Бұл – Президент Н.Ә. Назарбаевтың елімізді әлемдік қауымдастыққа мойындатқан оң шешімі болды. Қазақстан әлемнің алпауыт елдеріне өз тарапынан ядролық қаруды таратпау, халықаралық қауіпсіздік саласына өзіндік үлес қосуға деген талпыныстан туындаған екі талап қойды: біріншіден, ядролық державалар біздің елдің қауіпсіздігіне кепілдік берулері, екіншіден, Стратегиялық шабуыл қаруын қысқарту туралы шарт екі жақтылдан –көпжақтыға айналуы шарт.

Қазақстанда 1992 жылдан Қауіпті Бірлесіп Қысқарту бағдарламасы іске асырыла бастады. «Нанн-Лугар бағдарламасы» деп аталатын бұл бағдарлама аясында тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан аумағында қалған ядролық, химиялық және биологиялық қарудың нысандары мен инфрақұрылымдарын жою және залалсыздандыру жөніндегі жобалар кешені, стратегиялық шабуыл қаруын бөлшектеу, экспорттық бақылау жүйесін құру жүзеге асырылды. Бағдарламаның шеңберінде Америка Құрама Штаттары Семей полигонында ядролық сынақ кешенін толық консервациялау, осы мақсатта мамандар даярлауға, ядролық қарудың инфрақұрылымын қауіпсіз жоюға көмек көрсетуді өз мойнына алды.

1992 жылғы 23 мамырда Лиссабонда Қазақстан Ресей, Украина, Белоруссия мен АҚШ өкілдері аталған төрт мемлекеттің аумағында орналасқан стратегиялық ядролық күштерге қолданылатын «Стратегиялық шабуыл қаруын қысқарту мен шектеу туралы шарттың» ережелерін іске асырумен жауапкершілік аясын нақтылайтын бес жақты «Хаттамаға» қол қойды. Лиссабон Хаттамасында Белоруссия, Украина және Қазақстанның ядролық қаруға ие емес елдер ретінде «Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа» қосылу міндеттемелері тиянақталды.

1993 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесі «Ядролық Қаруды Таратпау Шартын» (мұнан кейін ЯҚТШ) бекітті. Қазақстанның ЯҚТШ-ға қосылуы еліміздің сыртқы саяси бағытын іске асырудың маңызды кезеңіне айналды. Қазақстан ЯҚТШ-ға мүше бола отырып, осы шартқа сәйкес ядролық қарусыз ел мәртебесіне сай басты ұстанымдары мен міндеттемелерін қатаң сақтады.

1994 жылғы 5 желтоқсанда ЕҚЫҰ-ның Будапешт саммитінде ядролық қаруды таратпау туралы шартқа (ЯҚТШ) қосылған мемлекеттерге «Қауіпсіздік кепілдігін беру туралы меморандумға» Ресей, АҚШ және Ұлыбритания қол қойды. Кейінірек Қазақстанның қауіпсіздігіне Франция және Қытай тарапынан да кепілдік берілді.

Ядролық арсеналды шығару бойынша өз міндеттемелерін орындай отырып, Қазақстан өз жеріндегі ядролық қарудың инфрақұрылымын жою мәселесімен және бұрынғы әскери өндірістерді азаматтық мақсаттарға көшірумен айналысты. Осы мақсатта Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (МАГАТЭ) аясында ядролық материалдарды бақылау мен есепке алу, АЭС-ті пайдалану, ядролық материалдар мен қондырғылардың физикалық қорғалуының мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру бойынша Қазақстанға техникалық көмек көрсетудің үйлестіру жоспары жасалды. Оған Ұлыбритания, АҚШ, Швеция және Жапония қатысты.

1994 жылғы 14 ақпанда Қазақстан Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттікке (МАГАТЭ) мүшелікке қабылданды. ЯҚТШ ережелеріне сәйкес 1994 жылғы 26 шілдеде Алматыда Қазақстан Үкіметі мен МАГАТЭ арасында – Кепілдіктер туралы келісімге қол қойылды. ҚР Президентінің Жарлығымен бекітіп, 1995 жылдың 19 маусымынан күшіне енді. 1995 жылдың мамырына қарай Қазақстан аумағынан ядролық қару әкетілді және барлық ұшыру қондырғылары жойылды.

1995 жылы шілде айының 29-ында Қазақстанның Семей полигонында, Қазақстанның ядрофизигі әлем мемлекеттерінің бақылауында басқару орталығындағы қызыл кнопканы басты, сол сәтте Семей полигонының ең соңғы сынақ құдығы 100 тонна жарылғыштың жарылуымен бүтіндей күйреді. Осы оқиғаға куә болған әлем ғалымдары мен келген комиссия мүшелері еріксіз шапалақ соқты. Соңғы сынақ құдығының түбегейлі құртылуы – Семей полигонында енді сынақ жасалмайтындығының белгісі болды.

Семей полигонын толығымен құрту үшін Қазақстан мемлекетінің ядролық қару орталығы АҚШ үкіметімен 5 жыл жұмыс істеді. Қазақстан үкіметі 1991 жылдың 28 тамызында Семей полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойғаннан кейін Қазақстан және АҚШ үкіметі полигонды жарып құрту жөнінде ақылдаса бастады. АҚШ үкіметі Семей полигонын жарып құртуға 172 миллион доллар беріп көмектесті. 1995 жылы – Қазақстан шын мәнісіндегі ядролық қарусыз мемлекетке айналды.

Семей полигонының жабылуы ерекше мән-мағынаға ие. Оның басты бір себебі, бұл әлемдегі ең ірі полигон, оның жалпы жер көлемі 85 мың шаршы метрді құрайды. 118 жер асты каналы мен 13 құдығы бар. 1949 жылдан 1989 жыл аралығындағы 40 жылда 470 рет күпия түрдегі ядролық сынақ өткізілген, оның ішінде 100 рет сынақ жер бетінде өткізілген болатын. Алайда КСРО кезінде Семей полигоны жайлы үкіметтің ең жоғарғы басшылықта отырған бірнеше адамына ғана белгілі болатын. Әдеттегі жер карталарында мүлдем көрсетілмеген бұл полигоннан тіпті жергілікті үкімет басшылары да хабарсыз еді.

1991 жылы полигон жабылғаннан кейін ондағы әскерлер мен ғалымдар кете бастады. Олар өздерімен бірге бүкіл материалдарды да алып кетті. Тек бос қалған полигон мен зардап шегушілерді қалдырып кетті. Полигонға жақын жерде орналаскан ауыл тұрғыны, полигонның мыңдаған зардап шегушілерінің айтуынша, Семей полигоны сырттағылар үшін күпия болғанмен, полигондағы жауапты адамдар оларға полигонда жүргізіп жатқан ядролық сынақтар еш зияндық әкелмейді деп жұбатқан.

Семей полигонының себебінен зардап шеккендердің жалпы саны – 1,5 миллион адам. Семей полигонында жасалған ядролық сынақтардың зардабы екінші дүниежүзілік соғыста АҚШ-тың Жапонияға тастаған ядролық бомбысының зардабынан 1000 есе жоғары. Демек, ядролық сынақ – адамзаттың қасіреті, ұлт пен ұрпақ үшін мәңгілік жазылмас жара, бедерлі таңба еді.

СҰРАҚТАР:

1. Қазақстан аумағында ядролық қарудың шоғырландырылу себептері неде?
2. Ел басшылығы ядролық қару мәселесіне қатысты қандай саясат жүргізді?
3. Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуына не себеп болды?
4. Ұлттық қауіпсіздікті нығайту үшін ядролық қарудан бас тартудың мәні қандай?

5.2. Әлемнің жетекші елдерімен стратегиялық байланыс

1990 жылдардың басындағы Қазақстанның халықаралық жағдайы. 1990 жылдың 25 қазанында Қазақ КСР-ның Жоғары Кеңесі Қазақстан аумағының тұтастығы мен мызғымастығын бекіткен мемлекеттік егемендік туралы Декларация қабылдады. Тарихи құжатта Қазақ КСР-інің халықаралық дербес субъектісі болуға, сыртқы саясатты өз мүдделеріне сай белгілеуге, дипломатиялық және консулдық өкілдіктер алмасуға, халықаралық ұйымдардың, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының және оның мамандырылған мекемелерінің қызметіне қатысуға құқығы бар екені жан-жақты айқындалды.

КСРО құрамында болған түста біздің республиканың Сыртқы істер министрлігі болды. Бірақ, бұл мекеме елдің дербес сыртқы саясатын жүргізуге ешқандай құзыры жоқ еді. Сондықтан да Қазақстанның сыртқы саясатының қалыптасуы объективті және субъективті себептерге орай қиыншылықтармен жүрді. Шетелдерде Қазақстанның бірде-бір дипломатиялық өкілдігі болмағандықтан, бұл саладан тәжірибесіз еді. Қазақстан сыртқы саясатты реттеп отыратын білікті мамандарға зәру болатын. Қ. Тоқаев өзінің «Беласу» атты еңбегінде: «Бұрын республикалық Сыртқы Істер Министрлігі одақтың сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшесі болды да, негізінен консульдық және хаттамалық міндеттер атқарып келген... 90-жылдардың басында ғана Қазақстан СІМ-нің бірнеше қызметкері шетелдегі кеңес елшіліктерінде тәжірибеден өтіп, жұмыс істеуге мүмкіндік алды. Президент одақтық министрліктен шақыртып алған Төлеутай Сүлейменов тәуелсіз Қазақстанның бірінші сыртқы істер министрі болды», – деп жазады.

Қазақстанның орасан зор табиғи байлық қоры болуымен қоса, бұрынғы Кеңестер Одағының ядролық әлеуетінің елеулі бөлігін иеленді. Ол әлемдік қауымдастық назарын Қазақстанға аударды. Көптеген мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар Қазақстан жайлы мәліметті ескі ақпарат көздерінен алды. Бұл жағдай Қазақстан туралы біржақты пікір қалыптастыратындықтан, еліміздің жаңа келбетін әлемге танымал етіп көрсету қажет болды.

1990 жылдары халықаралық қатынаста бұрынғы ұстанымдар түбірімен өзгерді. Қазақстан егемендіктің алғашқы жылдарынан-ақ халықаралық саяси жүйеде өзінің бағыт-бағдарын анықтау мәселесін қойды. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының тұжырымдамасын Президент Н.Ә.Назарбаев 1992 жылғы мамыр айында «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты еңбегінде атап көрсетті. Қазақстанның сыртқы саясатының қалыптасуы төмендегі міндеттерді жүзеге асырудан басталды:

– Қазақстан Республикасының жаңа сипатын тану;
– Қазақстанды халықаралық дәрежеде мойындату;
– Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету;
– Әлемдік деңгейдегі шаруашылық жүргізу және экономикалық байланыстарға белсене араласу.

Тәуелсіздік алғаннан кейін екі айдың ішінде Қазақстанды – әлемнің 92 мемлекеті таныды.

1992 жылдың 2 шілдесінде Республика Президентінің жарлығымен «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі туралы Ереже» қабылданды. Сыртқы істер министрлігін құру оңай болған жоқ. Алғашқы кезде КСРО Сыртқы істер министрлігінің орталық аппаратында істеген және шетелдерде жұмыс істеп жүрген қазақстандықтар елімізге қызметке шақырылды. Республикаға – 12 маманданған дипломат келді.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан бергі жылдарда сыртқы істер министрлігіне – 1991–1994 жылдары Т. Сүлейменов, 1994 жылы Қ. Саудабаев, 1994–1999 жылдары және 2001 жылдардан 2006 жылға дейін Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев министр болды.

Қазақстан өзінің сыртқы саясат тұжырымдамасында көрші мемлекеттермен арадағы өзара қарым-қатынасқа айқын басымдық берді. Ресей Федерациясымен 1992 жылдың 25 мамырында «Достық ынтымақтастық және өзара көмек туралы» шартқа, 1994 жылдың 28 наурызында «Интеграция және экономикалық ынтымақтастықты одан әрі тереңдету туралы» шартқа, 1995 жылдың 20 қаңтарында «Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығын кеңейту және тереңдету туралы» бірлескен декларацияға қол қойып, олар мемлекеттік егемендікті және аумақтық тұтастықты өзара сыйлау, күш қолданбау, мәселелерді бейбіт түрде шешу, теңдік және бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпаушылық, адам құқығын жүзеге асыру ұстанымдарын басшылыққа алатындығын жариялады. Сонымен қатар Қазақстан мен Ресей:

– Ұлттық белгісі бойынша кемсітушілікке жол бермеу, жеке бастың құқығы мен бостандығын қатаң түрде сақтау, екі ел арасындағы ғылыми, мәдени байланыстарды дамыту;
– Алдағы уақытта ұлттық экстремизмнің, сепаратизмнің кез келген көріністеріне табанды түрде қарсы шығу;
– Қазақстан мен Ресей арасындағы әскери ынтымақтастық туралы (1994 жылғы 28 наурыз) келісімді басшылыққа ала отырып, екі ел аймақтық қауіпсіздікті бірлесіп нығайту және қорғаныс саласындағы ынтымақтастықты дамыту ұстанымын қойды.

Қытай Халық Республикасымен қарым-қатынасқа ерекше маңыз берілді. 1992 жылы 3 қаңтарда дипломатиялық қатынастар орнату туралы мазмұндамаға, 1993 жылдың 18 қазанында және 1995 жылдың 11 қыркүйегінде бірлескен Декларацияға қол қойылды. Онда Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы сепаратизмнің қандай түрі болса да, әрі сауда экономикасының әскери салаларда және халы-

қаралық қатынас саласында ынтымақтастықта болатындығы мәлім етілді. Н.Назарбаев пен Цзянмин Қазақстан – Қытай шекарасы жөнінде 1994 жылы 26 сәуірде келіссөз жүргізді.

Сондай-ақ, Орталық Азиядағы көрші мемлекеттермен Одақтастық шарт жасалды.

1995 жылы 15 ақпанда сыртқы саясат мәселелеріне арналған мәжілісте еліміздің сыртқы саясатының тактикалық және стратегиялық міндеттері белгіленді. 1996 жылы 11 қыркүйекте екінші рет өткен Сыртқы Істер министрлігі алқасының кеңейтілген мәжілісінде Қазақстан дипломатиясының қызметі, міндеттері талқыланды. Қазір Қазақстанды әлемнің 120-дан астам мемлекеті мойындап, елде 68 елшіліктер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктері тіркелген. Қазақстанның дипломатиялық өкілдіктері әлемнің 100-ден астам елінде ашылған. Сондай-ақ, Қазақстан көптеген халықаралық ұйымдарға мүше. Ортақ мүраттар төңірегінде берік байланыс бар.

Егемендік алғаннан бері республиканың дербес сыртқы саясаты берік орнығып, байыпты бағдарламалардың негізінде ұстанған бағыттың дұрыстығын дәлелдеді.

Әлемнің жетекші елдерімен стратегиялық одақтастық құру. АҚШ 1991 жылдың 25 желтоқсанында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін таныды. Осы жылы мемлекеттік хатшы Дж. Бейкер Алматыға келіп, Президент Н.Ә. Назарбаевпен келіссөздер жүргізді. 1992 жылдың сәуір айында Қазақстанға АҚШ конгресінің Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық бойынша делегациясы келді. Осыдан кейін толыққанды екіжақты дипломатиялық қатынастар орнығa бастады. 1992 жылы 15 қыркүйекте Қазақстан Республикасында ашылған алғашқы елшілік – Американың елшілігі еді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев АҚШ Президенті Джордж Буштың шақыруымен 1992 жылдың 18–20 мамыры аралығында Америка Құрама Штаттарына алғашқы ресми сапармен барды. Бұл сапар Қазақстан – Америка қатынастарының негізін қалады. Онда екі мемлекет басшылары «жаңа қатынастар» орнағанын жария етті. Осы сапар кезінде «Сауда қатынастары жөніндегі келісім», «Қаржы салымдарын өзара қорғау жөніндегі шарт», «Қазақстан Республикасы және АҚШ үкіметтері арасындағы өзара түсіністік жөніндегі меморандум», «Қос қабат салық салуды болдырмау жөніндегі конвенция келісімі туралы» бірлескен мәлімдемелерге қол қойылды. Осылайша, Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы екі жақты қарым-қатынастардың негізі қаланды.

Қазақстан АҚШ-пен қарым-қатынастарында 1994 жылы ақпанда қол қойылған басты құжат – «Демократиялық әріптестік туралы хартияның» ережелерін негізге алады. Орталық Азиядағы АҚШ-пен әріптестік қатынастарды ресми белгілеген бірден-бір ел Қазақстан болды. Бұл құжатта Қазақстанның бұрынғы КСРО-ның құқықтық мұрагер мемлекеті ретіндегі мәртебесіне байланысты КСРО мен АҚШ ара-

сындағы стратегиялық шабуыл қаруларын қысқарту және шектеу туралы келісімді бекіткен. Сонымен қатар ядролық қарусыз мемлекет ретінде ЯҚТШ-ға қосылған, халықаралық қауіпсіздікті күшейтуге үлкен үлес қосқан мемлекет екендігі атап көрсетілді. 1994 жылы көктемде елде жүргізіліп жатқан жекешелендіруге АҚШ-тың компаниялары тартыла бастады. Қазақстан нарығына бірінші болып келген «Шеврон» мұнай компаниясы еді.

1994 жылы АҚШ-тың Қазақстанға берген экономикалық несие көмегі 311 млн долларды құрады. Оның ішінде Нанн-Лугар бағдарламасының ядролық қаруды залалсыздандыруға бөлінген қаржысы 85 млн доллар шамасында болды. Жалпы, ТМД елдеріне 1,8 млрд доллар қаржы бөлінді.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың АҚШ-қа 1997 жылғы қараша айында жасаған сапары барысындағы келіссөздер нәтижесінде 18 құжатқа қол қойылды. Оның ең бастысы «Экономикалық серіктестік туралы іс-қимыл» бағдарламасы болды. Бұл бағдарлама 1994 жылы қабылданған «Демократиялық серіктестік туралы хартияға» елеулі толықтыру болды. Қол қойылған ресми қағаздарға «Ядролық энергияны бейбіт пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісім», «Кеден қызметтері арасындағы өзара іс-қимыл және өзара көмек» туралы құжаттар, сондай-ақ «Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнын игеру жөніндегі» және «Каспий қайраңының өнімдерін бөлу жөніндегі» екі ірі коммерциялық келісімшарт та кіреді. 2000 жылы екі жақты қатынастарда аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, халықаралық лаңкестікке, есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес іс-қимылы мен Қазақстан қоғамын демократияландыру, мұнай тасымалдау мәселелері бойынша қарқынды келіссөздер жүргізілді.

Әлемді дүр сілкіндірген 2001 жылғы 11 қыркүйектегі лаңкестік актілерден кейін Қазақстан алғашқылардың бірі болып АҚШ халқына көңіл айтып, қолдау көрсетті. Халықаралық лаңкестікке қарсы күрес барысында біздің еліміз АҚШ әуе күштеріне «Мызғымас еркіндік» операциясын (Ауғанстан) жүзеге асыру үшін әуе жолын ашып берді.

Қазақстан – Америка қарым-қатынастарының тереңдеуіне екі ел парламенттерінің өкілдері маңызды үлес қосты. АҚШ Конгресі Қазақстанда болып жатқан саяси, экономикалық реформаларға бірнеше рет жоғары баға беріп, еліміздің лаңкестікпен күресте және Ирақты қалпына келтіру бойынша қосқан үлесіне алғыс білдірді. Әйгілі «Нанн-Лугар» бағдарламасының авторларының бірі АҚШ-тың сенаторы Р. Лугар 2003 жылы 17–18 тамыз аралығында Астанала болды. Кездесу барысында Р. Лугар халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесі, жаппай қырып-жою қаруын таратпау бойынша екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамытқаны үшін I дәрежелі «Достық» орденімен марапатталды.

АҚШ-тың вице-президенті Р. Чейнидің Астанаға 2006 жылдың 5–6 мамыры аралығындағы ресми іссапары барысында Орталық Азия және

Каспий қайраңының жағдайы, халықаралық саясаттың өзекті мәселелері талқыланып, екіжақты қарым-қатынасты жетілдіре түсу мәселелері қозғалды. 2007 жылы 5–9 қараша аралығында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қ. Саудабаев Вашингтонға сапары барысында қол жеткен негізгі нәтиже Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуге өтінішіне АҚШ-тың қолдау көрсетуі болды.

Кіші және орта бизнесті дамытуда бірқкен бастамалар және Орталық Азия елдерінің экономикалық интеграциясы жөніндегі жобалармен толығып жатқан сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық қарқынды түрде дамуда. 2007 жылы тараптар жаңа Қазақстан – Америка «Мемлекеттік-жеке әріптестік» бағдарламасын жүзеге асыруды бастады. Оның мақсаты нақты инфрақұрылымдық жобалар бойынша екі елдің мемлекеттік органдары мен жеке секторы арасында өзара әрекеттесу үшін платформа құру болып табылды. АҚШ-пен өзара қарым-қатынаста экономикалық ынтымақтастыққа баса назар аударылады. Еліміз үшін Американың кен өндіру және өңдеуші компанияларымен ынтымақтастықтың маңызы жоғары.

2002 жылдың 12 желтоқсанындағы Қазақстан Республикасы мен АҚШ Үкіметінің арасындағы есірткіні бақылау мен құқықтың қорғалуын қамтамасыз ету жөнінде өзара түсіністік меморандумына, 2007 жылы 28 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мен АҚШ Мемлекеттік департаментінің заңдылықты орындау және есірткімен күрес жөніндегі кеңсесі арасында, қосымша хаттамаға қол қойылды. Осы хаттаманың шеңберінде АҚШ Үкіметі есірткілерді қадағалау саласындағы жобаларға сәйкес тиісті оқыту мен құрал-жабдықтар беру арқылы көмек көрсетеді. 2007 жылы 13 желтоқсанда Вашингтон қаласында ҚР Төтенше және өкілетті елшісі Е. Ыдырысов пен АҚШ Қорғаныс министрі Роберт Гейтс 1993 жылы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы құрылықаралық баллистикалық зымырандардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісімнің түзетуіне қол қойды. Аталған түзету «Қауіпті бірлесіп азайту» бағдарламасының жұмысын кезекті жеті жылдық мерзімге ұзартты.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатында – Еуропалық Одақтың алатын орны ерекше. Ең алғаш 1993 жылғы 2 ақпан күні Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ (ЕО) арасында дипломатиялық қатынас орнатылды. Осы жылы 1993 жылдың желтоқсанында Брюсселде ЕО жанынан Қазақстан Республикасы Өкілдігі ашылды. Қазақстанның Еуропалық Одақпен «Әріптестік және ынтымақтастық туралы» жасасқан келісімі кең көлемді қарым-қатынастың негізін қалады. Осы құжат елімізді халықаралық саяси, экономикалық қауымдастыққа кіруге жағдай туғызды және еуропалық жетекші мемлекеттермен сауда-экономикалық ынтымақтастықтың тиімділігін арттыруға қазіргі кезде септігін тигізуде.

Еуропалық Одақ пен Қазақстан Республикасы арасындағы ресми саяси қарым-қатынас 1992 жылғы 2 наурыздан басталды. Осы күні Президент Н. Назарбаев Вице-президент Ф. Андриессен бастаған Еуропалық комиссия делегациясын қабылдады.

1993 жылғы 1–2 ақпанда мемлекет басшысының Брюссельге ресми сапары болды. Еуропалық комиссия президенті Ж. Делормен өткен келіссөзінен кейін Еуропалық Одақ және Қазақстан арасындағы өкілдіктер алмасу жөніндегі келісімге қол қойылды.

1994 жылғы қарашада Алматыда Еуропалық комиссияның (ЕК) өкілдігі ашылды. Өкілдіктің бас кеңсесі 2007 жылдың 1 шілдесінен бастап Астанаға орналасты. Алматыдағы бюро Қырғызстан және Тәжікстан қарым-қатынастары мәселелерімен айналысады. Сонымен бірге ЕК әртүрлі өңірлік жобаларын жүзеге асырады.

1995 жылғы 23 қаңтарда Брюсселде Президент Н. Назарбаев пен Еуропалық Одақ кеңесінің төрағасы А. Жюппе Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Келісім 1999 жылдың 1 шілде айынан бастап күшіне енді.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2000 жылдың маусымы мен 2002 жылдың қараша аралығында Брюссель қаласына жасаған сапарлары – Еуропалық Одақ пен Қазақстан арасындағы қатынастарды дамытуға елеулі серпін берді. Президент ЕО-ның жалпы сыртқы саясаты және қауіпсіздік саласындағы саясаты мәселелері жөніндегі жоғарғы өкілі, ЕО кеңесінің бас хатшысы Х. Соланамен, ЕК басшысы Р. Продимен кездесті.

ЕО штаб-пәтерінде ҚР Үкіметі мен ЕО арасындағы термоядролық синтез мәселесіне қатысты атом энергиясы жөніндегі келісімге қол қойылды.

2006 жылдың 3–6 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев Бельгия Корольдігіне ресми сапармен барды. Қазақстан бұл сапарды Қазақстан Республикасының ЕО-мен екіжақты қатынастарының дамуының соңғы жылдарда қол жеткізген белгілі бір кезеңі ретінде қарастырды. Кездесу шеңберінде Елбасы ЕО-ның жалпы сыртқы саясаты және қауіпсіздік саласындағы саясаты мәселелері жөніндегі жоғарғы өкілі, ЕО кеңесінің бас хатшысы Х. Соланамен, ЕК Президенті Ж.М. Дурау Баррозумен, Еуропарламент төрағасы Х. Боррель Фонтельеспен және ЕК-ның Сыртқы байланыстар және көршілестік саясаты жөніндегі комиссары Б. Ферреро-Вальднермен келіссөз жүргізді.

2007 жылдың 10 қазанында Орталық Азия бойынша турне шеңберінде Астанаға ЕО-ның жалпы сыртқы саясаты және қауіпсіздік саласындағы саясаты мәселелері жөніндегі жоғарғы өкілі, ЕО кеңесінің бас хатшысы Х.Солана келді. Келіссөздер барысында Қазақстан және ЕО арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту туралы сөз қозғалды.

Қазақстан мен ЕО арасындағы өзара ықпалдастықтың жұмысшы органы – Серіктестік комитеті. Комитеттің жыл сайын өтетін мәжілістерінде екіжақты қатынастардың келелі мәселелері талқыланады.

Қазақстан Республикасы мен ЕО арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық «Серіктестік және ынтымақтастық туралы» келісім аясында жүзеге асырылады. 2004 жылғы 1 мамырдан бастап ЕО-ға 10 жаңа мүше елдің қосылғаны ескеріле отырып, 2004 жылғы 30 сәуірде Брюссельде келісімді кеңейтілген Еуроодақ шарттарына бейімдейтін Қазақстан Республикасы мен ЕО арасында «Серіктестік пен ынтымақтастық туралы» келісім хаттамасына қол қойылды. 2005 жылғы 28 маусымда Қазақстан Республикасы Президенті хаттаманы ратификациялау туралы заңға қол қойды.

Қазақстан Республикасы ЕО-ның Орталық Азиядағы ірі сауда және инвестициялық серіктесі болып табылады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы толыққанды тәуелсіз, егеменді мемлекет ретінде әлемнің бірқатар елдерімен екі жақты қарым-қатынас орнаткан. Азиялық бағытта Қазақстан Республикасының Моңғолия, Корея Республикасы, Жапония, Катар, Үндістан, Оңтүстік Африка Республикасы, Сингапур, Пәкістан, Малайзия, Иран, Бахрейн, Израиль, Оман Сұлтандығы, Кувейт, Сауд Арабиясы Корольдігі, Біріккен Араб Әмірліктері, Палестина, Ауғанстан, Египет, Иордан Хашимит Корольдігі, Марокко Корольдігі, Сирия, Ливиямен шарттық-құқықтық негізде екіжақты саяси, экономикалық, мәдени қарым-қатынастар орнатылды.

Еуропалық және американдық бағытта Қазақстан ел экономикасына құйылатын шетелдік капитал салымдарына қолайлы жағдай туғызу мақсатында Португалия, Австрия, Финляндия, Чехия, Болгария, Түркия, Словакия, Польша, Литва, Латвия, Армения, Бельгия, Германия, Греция, Италия, Гүржістан, Испания, Канада, Куба, Люксембург, Нидерланды, Норвегия, Румыния, Ұлыбритания, Франция, Швейцария, Швеция мемлекеттерімен екіжақты байланыстар орнатты.

Сондай-ақ, Орта Азиялық республикалар, ТМД шеңберіндегі бұрынғы одақтас елдер Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Гүржістан, Белоруссия, Молдова, Украинамен толыққанды екіжақты қарым-қатынастар орнатылып, сауда-экономикалық, саяси, мәдени байланыстар жүргізілуде.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан қалыптасқан сыртқы саяси келісімдер Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігу үдерісін жеңілдетіп, оның егемендігі, қауіпсіздігі, аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету жолында елеулі рөл атқарды. Қазақстанның сыртқы саясаттағы ұстанымы бүгінгі күнге дейін елдің ішкі экономикалық-әлеуметтік реформаларына оң ықпал етуде.

«Қазақстан–2030» Даму стратегиясының бекітілуімен Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік саласында да сапалы өзгерістер орын алды. Ұжымдық даму стратегиялық бағдарламасындағы бірінші басым бағыт – ұлттық қауіпсіздік.

Қазақстан 2002 жылы НАТО-ның «Жоспарлау және шолу үдерісі» бағдарламасына қосылды. АҚШ, Ұлыбритания бөлімшелерімен бірге «Дала қыраны–2003» лаңкестікке қарсы оқу-жаттығуына қатысып, әскери тәжірибе жинақтады.

Қазақстан бітімгершілік күштерін дамыту бағдарламасын әзірлеп, НАТО стандартына сай 2002 жылы «Қазбат» жасақталды. «Қазбат» бітімгершілік батальоны 2003 жылдың соңында меморандумға сәйкес БҰҰ-ның «Көгілдір каскалары» құрамына кірді.

Оңтүстік, Батыс, Шығыс, Орталық әскери округтері кейіннен 2003 жылы 13 мамырда Астана, Батыс, Шығыс, Оңтүстік өңірлік қолбасшылығы болып қайта құрылды. Қарулы күштерде қызмет ететіндердің саны – 74 мыңды, ал әскери күзет құрылымдар саны – 34 500-ді құрады. Республиканың батыс аймағында Каспий теңізінің стратегиялық нысанында әскери теңіз инфрақұрылымы жасалды. Ол біздің шекараға тікелей қатысты жерлерге халықаралық лаңкестік, экстремизм, есірткі және қару-жарақ сатудың заңсыз айналымын әскери қақтығыстардың өктемдік саясатын болдырмауды қамтамасыз етеді.

2003 жылдың 13 мамырында Қарулы күштер әскери басқармасын күшейту бағытында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен –Штаб басшыларының комитеті құрылды. Қазақстанның қарулы күштері мынадай әскери түрлерге бөлінген: Құрлықтағы әскер, Әуе қорғаныс күштері, Әскери-теңіз күштері.

Ғасырлар тоғысында қауіп-қатерлер мен қыр көрсетулер көбеюде. Осыған сәйкес, 2005 жылы 13 қаңтарда мемлекеттік органдардың қызметі мен өкілеттілігін үйлестіруге мүмкіндік беретін «Қазақстан Республикасының Қорғаныс және қарулы күштері туралы» Заңы қабылданды. 2005 жылы 21 шілдеде Қазақстан Республикасының мемлекет басшысы «Әскери міндеттер мен әскери қызметтер туралы» Заңға қол қойды.

2007 жылы 21 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бекітуімен жаңа Әскери доктрина қабылданды. Қазақстанның жаңартылған әскері жылдан-жылға өзінің күш-қуатын арттырып, жауынгерлік әзірлігін көтеріп, әскери қызметке келісімшарт негізінде кезеңдік өтуді жалғастыруда. Қазақстандық жас жауынгерлер буыны жаңа техникамен қаруланууды меңгеріп, демократиялық жетістіктерді қорғауда.

Қазақстан жаңа доктринаға сәйкес халықаралық стандарттарға сай келетін әскер жасақтауды жоспарлауда. Басты мақсат еліміздің қорғаныс қабілетін арттырып, оның қауіпсіздігін сақтау болып отыр.

Қазақстан химиялық қаруды жасауға, өндіруге, жинақтауға және қолдануға тыйым салу туралы, оны жою туралы конвенцияға 1993 жылы 13 қаңтарда қол қойды. Ол – 1999 жылдың 24 маусымында бекітілді. Конвенцияның ережелерін орындау мақсатында ұлттық орган құрылды. Конвенцияға қатысушы мемлекеттер конференциясы сессиялары мен жыл сайынғы отырыстарына Қазақстан өкілдері тұрақты түрде қатысады. Сондай-ақ, Қазақстан Бактериологиялық және токсиндік

қаруды жасау, өндіру және жинақтауға тыйым салу туралы және жою туралы конвенцияға да қосылды. Ол 2007 жылғы 7 мамырда бекілді.

2002 жылғы 13 мамырда Қазақстан Ядролық жабдықтаушылар тобының (ЯЖТ) 40-мүшесі болып қабылданды. ЯЖТ-ға қатысудағы Қазақстанның мақсаты ланкестікке қарсы күрес, жаппай қырып-жою қаруының таралуына қарсы тұру шараларын жандандыру, ядролық жабдықтар мен қосарланған мақсаттағы өнімдердің пайдалануы мен қозғалысына бақылауды күшейту болып табылды.

2005 жылдың шілдесінде Қазақстан «Краков бастамасы» деген атпен белгілі жаппай қырып-жою қаруының таралуы жөніндегі қауіпсіздік бастамасына қосылды. Бұл бастаманың мақсаты – күдікті әуе және теңіз кемелерін, сонымен қатар жаппай қырып-жою қаруымен байланысты материалдарды тасымалдайтын құрлық көліктерін ұстау операциясына барлық мемлекеттерді жұмылдыру еді.

Қазақстан алғашқылардың бірі болып Ресей мен АҚШ Президенттерінің 2006 жылдың шілде айында ұсынған «Ядролық ланкестік актілерімен қарсы күрес» жөніндегі жаһандық бастамаға қосылды.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының тұжырымдамаларында (1995, 2000, 2005 жылдары қабылданған) еліміздің сыртқы саяси басымдықтары айқындалды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап сыртқы саясатта ортақ мүддені көздеу ескерілді. Қазіргі таңда да Ресеймен, Қытаймен, Орта Азия мемлекеттерімен, Еуропалық Одақ елдерімен, АҚШ-пен экономикалық және саяси әріптестігін жалғастырып, одан әрі нығайта түсуде.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы стратегиялық басым бағыттарының бірі – Ресей Федерациясымен сан-салалы қарым-қатынасты дамыту. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ, Қазақстан Ресеймен тату қарым-қатынас орнату жолын таңдады. Қазақстан мен Ресейдің «қоян-қолтық» араласып, ынтымақтастықта болуына себепші бірнеше фактор бар, бұл - ортақ тарих, 7 мың шаршы шақырымға созылған ортақ шекара, үксас діл, т.т.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың пікірінше, көршілес екі елдің арасында ортақ келісім мен өзара мүддемізді есепке ала отырып шешілмейтін мәселе жоқ. Бұл саяси жағдайларға да, экономикаға да қатысты. Ол барлық халықаралық мәселелерде Қазақстан мен Ресейдің үксас әрі жақын көзқарастар ұстануынан көрініс беріп отыр.

1992 жылдың 25 мамырында Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаев пен Ресей Федерациясы Президенті Б. Ельцин Мәскеу қаласында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа, Байқоңыр ғарышайлағын пайдалану тәртібі туралы келісімге қол қойды. 1993 жылғы 9 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы елшілігі ашылды.

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев 1993 жылы Ресей Федерациясына ресми сапары барысында саяси, экономикалық және әскери мәселелер бойынша Ресей Президенті Б. Ельцинмен, Ресей Үкіметі басшысы В. Черномырдинмен келіссөздер жүргізді. 1994 жылдың 28–30 наурызы аралығында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев Ресей Федерациясында арнайы сапармен болды. Президент Н.Ә. Назарбаев М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде сөйлеген сөзінде – Еуразиялық одақ идеясын ұсынды. Бағыттары мен маңызын көрсетті.

1995 жылы 20 қаңтарда Мәскеуде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Ресей Федерациясы Президенті Б.Н. Ельциннің арасында келіссөздер өтті. Келіссөздерден кейін Қазақстан-Ресей ынтымақтастығын кеңейту және тереңдету туралы декларацияға, Қазақстанда тұрақты тұрып жатқан Ресей Федерациясы азаматтарының және Ресей Федерациясында тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық мәртебесі туралы ҚР мен РФ арасындағы келісімге, сонымен қатар Ресейге тұрақты тұру үшін көшіп барған Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қазақстанға тұрақты тұруға көшіп барған Ресей Федерациясы азаматтарының азаматтық алу тәртібін жеңілдету туралы келісімге қол қойылды.

Ресей Федерациясы мен Қазақстан арасында ынтымақтастықтың тереңдеп дамуында 1998 жылдың 6 шілдесінде Мәскеуде қол қойылған «Мәңгілік достық пен ынтымақтастық туралы» Декларацияның тарихи маңызы зор. Осы құжат негізінде Қазақстан мен Ресей Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі мәселесін шешілмей тұрған жерінен алға қарай ілгерілетті. Екі мемлекет арасындағы қаржылық өзара келіспеушіліктерді реттеу және Байқоңыр ғарыш айлағын бірлесіп пайдалану мәселелері шешілді.

2005 жылы қаңтарда Ресей мен Қазақстан арасындағы – 7591 шақырымды қамтитын мемлекеттік шекара белгіленген тарихи маңызды құжатқа қол қойылды. 2006 жылы екі ел басшыларының кездесулері нәтижесінде 20-дан астам келісімдерге қол қойылды. 2007 жылдың мамыр айындағы Астана кездесуінде Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Ресей Президенті В.В. Путин қол қойған үш үлкен құжат қабылданды. Оның алғашқысы - Қазақстан мен Ресейдің 2007–2008 жылдарға арналған стратегиялық жұмыс жоспары. Онда ғарышты бірлесіп игеру, жаңа үлгідегі әскери-техникалық ынтымақтастық, отын-энергетика кешені, атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану және тағы басқа мәселелер қаралды. Екінші құжат - Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасында сауда өкілдіктерінің бөлімшелерін ашу туралы келісім. Үшіншісі – екі ел Үкіметі арасындағы 2008 жылдан бастап уран байыту жөніндегі халықаралық орталық құру туралы келісім. Келесі – 2007 жылдың желтоқсан айында Мәскеу қаласындағы кездесуде Каспий бойына газ құбырын салу туралы келісім жасалды. 2008 жылы сайланған Ресей Федерациясының Президенті

Д.А. Медведев алғашқы ресми іссапарын Қазақстаннан бастады. Бұл шара Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынасты жаңа қырынан көрсетті. КСРО тарағаннан бергі кезеңдерде жүргізілген екіжақты ынтымақтастық қарым-қатынастардың нәтижесі Қазақстан мен Ресейдің сан ғасырлық тарихында бұрын-соңды болмаған жаңа деңгейдегі қатынастарды орната алды.

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылдың 3 қаңтарынан орныға бастады. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев 1993 жылдың 18–20 қазаны аралығында Қытайға жасаған ресми сапарында ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминьмен кездесті. Келіссөздердің нәтижесінде Қазақстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы достық қарым-қатынас негіздері туралы бірлескен декларацияға, әуе қатынастары, тұрғындарға визаларды рәсімдеу тәртіптері, халықаралық автокөлік қатынастары, қызмет бабымен азаматтардың сапарлары туралы бірқатар маңызды келісімдерге қол қойылды.

Бүгінгі таңда Қазақстан – Қытай қатынастары нәтижесінде қол жеткізілген келісімдер жүйелі жүзеге асырылуда. Қазақстан Республикасы мен Қытай арасындағы стратегиялық әріптестіктің ұзақ мерзімді әрі тұрақты дамуын «Тату көршілік, достық пен ынтымақтастық туралы шарт» (2002 жылғы 23 желтоқсан), 2003–2008 жылдардағы «Ынтымақтастық бағдарламасы» (2003 жылғы 3 маусым) және «Ынтымақтастық комитеті» (2004 жылғы 2 шілдеде құрылған), «Стратегиялық әріптестікті орнату және дамыту туралы бірлескен декларациясы» (2005 жылғы 4 шілде) жан-жақты қамтамасыз етуде.

1994 жылғы 25–28 сәуір Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Ли Пэннің Қазақстанға ресми сапары болды. Келіссөздер барысында Н.Ә. Назарбаев пен Ли Пэн Қазақстан-Қытай шекарасы жөнінде, Қытайдың Қазақстанға мемлекеттік несие мен гуманитарлық көмек беру, халықаралық жүк және жолаушылар тасымалын дамыту және т.б. келісімдерге қол қойды.

Екі жақты ынтымақтастықтың жетістіктерін еске алғанда, Қытайдың Қазақстанға қауіпсіздік саласында кепілдік беруін (1995 жылғы ақпан), шекара мәселесінің толық шешілуін, трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылуын (2001 жылғы 12 қыркүйек) атап өтуге болады. Қазақстан мен Қытай Шанхай ынтымақтастық ұйымының шеңберінде берік байланыстар бар. Қытай Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары бойынша кеңесті шақыру үдерісінде, Бейжің Астанамен Әлем және дәстүрлі діндер жетекшілері съезінің шеңберінде өзара түсіністікті жұмыс жасауда. Бүгінгі таңда екіжақты қатынастардың барлық бағыттарын ілгерілетуде сауда-экономикалық ынтымақтастық жетекші орынды алуда. Қазақстанды Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшелігіне қабылдау туралы екі жақты келіссөздер кезінде әлемнің ірі сауда державалары арасынан Қытай алғашқылардың қатарында қолдау білдірді.

Қазіргі кезде Қазақстан мен Қытайдың сыртқы саудасында өзара тауар айналымының көлемі жағынан Орталық Азия және Шығыс Еуропа елдері ішінде Ресейден кейінгі екінші орында. 2008 жылдың қаңтар-маусым айларында екі жақты тауар айналымы 8 млрд доллардан асты (35,3%-ға өсті). Қолданыстағы Атасу – Алашанькоу мұнай құбыры стратегиялық маңызға ие. Ол Қазақстанға мұнай экспортының бағыттарын әртараптандыруға мүмкіндік беруді және ҚР-дың транзиттік әлеуетін де толығырақ пайдалануға жол ашты. Екі ел арасындағы ынтымақтастық жаңа сапаға көтеріліп, шикізаттан тыс салалардағы әрекеттестік оң бағыт алуда. Осыған орай, 2007 жылы тараптар Экономиканың шикізат емес салаларындағы ынтымақтастық бағдарламасына қол қойды. Аталған құжат екі жақты тауарлар айналымын тиімді әртараптандыру мақсатында ынтымақтастықты дамытуды қарастыруда. Трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау жөніндегі бірлескен комиссия шеңберінде ынтымақтастықтың құқықтық базасын нығайту жұмыстары жалғасуда. Екі ел арасында мәдени-гуманитарлық шаралар да жүзеге асырылуда. Бейжің қаласында Абайдың 150 жылдығын тойлауға байланысты салтанатты іс-шаралар (1995 жыл), Қазақстанның Қытайдағы Мәдениет күндері (2001 жыл), Қытайдың Қазақстандағы Мәдениет күндері (2002 жыл), Алматыда Қытайдың ғылыми-техникалық көрмесі ұйымдастырылды (2002 жыл), Алматының Шанхайдағы мәдениет күндері (2004 жыл), Шанхайдың Алматыдағы мәдениет күндері (2005 жыл) өтті. 2008 жылдың маусымында Қазақстан астанасының 10 жылдық мерекесін тойлау шеңберінде Астанада Чунцин қаласының (ҚХР, Сычуань провинциясы) Мәдениет күндері жоғары деңгейде өткізілді.

Франция Саяси зерттеулер институтының ғылыми қызметкері Марлен Ларюэль Қытайдың экономикасы мен саяси ықпалының артуына байланысты: «Қытай геосаяси тұрғыдан ықпалын арттырып жатқан сайын қауіп те өсуде», - деп сараптайды. Қытай мен Орталық Азияның өркілы дамуы көп жылдар бойы біраз қиындық туғызып, қытай мен тепе-теңдік табудың біраз қиынға соғатындығын, Қытайдың күллі әлемге әсер ететіндей қаукарға ие екендігін жазады. Қазақстан мен Орталық Азия үшін өзекті мәселе Ресей, Батыс және Қытаймен арада тепе-теңдікке келу.

Қазақстанның сыртқы саясаты елдің тұрақты дамуы мен гүлденуіне бағытталған. Сондықтан Қазақстан өзінің сыртқы саясатында халықаралық және аймақтық ұйымдармен ынтымақтастықты жан-жақты дамытуда. Бүгінгі күні еліміз - 70-тен астам халықаралық және аймақтық ұйымдардың мүшесі. Өзге елдермен қарым-қатынас барысында халықаралық құқық ережесі - мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау, егемендік пен тәуелсіздікті сыйлау қағидасын ұстанады.

XX ғасырдың 90-жылдарында әлемдік саяси қауымдастыққа ыдырау мен ықпалдасу үдерістеріне тән болды. Бір жағынан, әлемдегі ең ірі державалардың бірі КСРО-ның ыдырап, социалистік жүйедегі Че-

хословакия мен Югославия бөлшектенсе, екінші жағынан, екі герман мемлекеті – ГДР және ГФР бірігіп, батыс Еуропа елдерінің Еуропалық Одаққа ықпалдасу үдерісі арта түсті.

АҚШ-ғы 2001 жылғы 11 қыркүйектегі оқиға әлемдік қауымдастықты дүр сілкіндірді. Мемлекеттер өз күштерін біріктіргенде ғана заманауи қауіп-қатерлерге қарсы тұрып, өз егемендіктерін сақтай алатындығы дәлелденді.

СҰРАҚТАР:

1. 1990 жылдардың басындағы Қазақстанның халықаралық жағдайы қандай болды?
2. Қазақстанның әлемнің жетекші елдерімен өзара байланысының ерекшеліктері неде?
3. Қазақстанның Ресей, Қытаймен ынтымақтастығы қандай рөль атқарады?
4. Қазақстанның АҚШ-пен, Еуропа, Азия елдерімен қарым-қатынасының бағыттары қандай?

5.3. Қазақстан және халықаралық ұйымдар

ТМД-ның құрылуы. Қазақстан ТМД және Орталық Азия кеңістігінде. 1991 жылы қарашада Ново-Огаревода жеті республика (Ресей, Белоруссия, Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан) жаңа мемлекетаралық құрылым – Тәуелсіз Мемлекеттер Одағын құру жөніндегі ниеттерін білдірді. Одақтың сақталуына мүдделілік танытқан «жетілік» басшылары 1991 жылдың 25 қарашасы күні жаңа одақтық келісімге қол қоюға уағдаласты. Алайда ол бірнеше себептерге байланысты жүзеге аспады. Бұл келісімге тек М. Горбачев қана қол қойып, жобаны басқа республикалардың қарауына жіберді. Шын мәнінде республикалар 1991 жылдың 1 желтоқсанына белгіленген Украинадағы жалпыхалықтық референдум қорытындыларын күтіп отырды. М. Горбачевтың КСРО-ны сақтап қалуға жанталаскан «жігерін құм қылып» Украина халқы толық тәуелсіздікті қолдап дауыс берді. Бұрынғы одақтың ішінде Ресейден кейінгі екінші орын алатын – Украина бірауыздан тәуелсіздікті таңдады. Осының жалғасындай, 1991 жылғы 8 желтоқсанда Брест маңындағы Беловеж орманында Белоруссия, Ресей, Украина басшылары «1922 жылы одақтық келісімге қол қойған КСРО құрылтайшылары КСРО халықаралық құқықтың толыққанды субъектісі ретінде өз ғұмырын тоқтататынын» мәлімдеді. Бұл келісім 1922 жылғы КСРО-ның құрылуы туралы келісімді тоқтатып, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құрудың алғышартын қалыптастырды. Осы келісімнен кейін КСРО-ның құрамындағы одақтас республикалар құқықтық кеңістіктен шығып қалды. Осындай қиын-қыстау сәтте Қазақстанның

басшысы Н.Ә. Назарбаев 1991 жылдың 13 желтоқсанында Ашхабадта түркі тілдес республикаларға кездесуді ұсынды. Бұл кездесу барысында олар Беловеж келісімінің маңыздылығын саралап, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына кіру жөнінде шешім қабылдады. Алайда ең шешуші кездесу 1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы қаласында өтіп, КСРО-ның ыдырап, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуы заңдастырылды. Орталық Азия республикалары және Қазақстан басшылары Алматыда бұрынғы КСРО құрамына кірген он бір мемлекет басшыларының саммиті аясында бірқатар ресми құжаттарға, яғни 1991 жылғы 8 желтоқсандағы Минск қаласында Белоруссия, Ресей, Украина қол қойған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы келісімнің хаттамасына, «Алматы декларациясына», ТМД-ның координациялық институттары туралы келісімге, ТМД елдері басшылары Кеңесінің БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдарда мүше болу туралы шешімдеріне қол қойылды. Бұл кездесуде КСРО-ның құқықтық мұрагері ретінде Ресей Федерациясының БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесіне мүшелігі туралы өте маңызды мәселе шешілді. Алматы кездесуіне қатысушылар бірнеше маңызды құжаттар қабылдады. Саммитте достастыққа кірген мемлекеттер аумағының тұтастығын мойындау; әскери-стратегиялық күштерді біртұтас басқару және ядролық қаруға біртұтас бақылау орнату келісілді. ТМД-ның жоғары басқару органдары Мемлекет басшыларының және үкімет басшыларының кеңесі құрылып, достастықтың ашықтығы жарияланды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Егеменді ел ретіндегі Қазақстанның қалыптасуы мен дамуының стратегиясын жемісті жүзеге асыру үшін қолайлы сыртқы саяси жағдай қалыптастыру керек. Ол үшін мемлекеттілікті нығайту, модернизацияға бағыттылу, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді сақтау, сонымен қатар ТМД, әлемдік қауымдастық шеңберінде ықпаласуды арттыру», - деді. Сыртқы саясаттың негізгі мақсаты - қолайлы сыртқы саяси ортаны қалыптастыру және саяси, экономикалық реформалардың негізінде елдің тұрақты дамуына оңтайлы жағдайды туғызу болып белгіленді.

1992 жылы қаңтар айында Қазақстан Еуропалық қауіпсіздік және өзара көмек Ұйымына (ЕҚӨҚҰ) кірді. Ал 2 наурызда Біріккен Ұлттар ұйымына қабылданды. Елбасы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 47-сессиясында баяндама жасады.

Н.Ә. Назарбаевтың сыртқы саяси доктринасының діңгегі – көпбағытты саясат ұстану қағидасы. Көпбағыттылық – әлемде елеулі рөл атқаратын және Қазақстан үшін қарым-қатынаста маңызды болып табылатын мемлекеттердің барлығымен достық әрі өріптестік байланыс орнату деген сөз. Президент сөзімен айтсақ: «Қазақстан геосаяси жағдайы және экономикалық әлеуетіне орай тар, аймақтық деңгейдегі мәселелермен шектеліп қалуға құқығы жоқ. Бұлай істеу, тек елдің көпэтникалы халқына ғана емес, сонымен қатар әлемдік қауымдас-

тыққа да түсініксіз болар еді. Қазақстанның болашағы – Азиямен де, Еуропамен де, Батыспен де, Шығыспен де байланысты. Осындай саясат жүргізгенде ғана біз Қазақстанның қауіпсіздігіне төнетін қатерлерден сақтана аламыз. Елдегі экономикалық және саяси жаңаруларға сыртқы саяси қолайлы жағдайды нығайта аламыз. Сыртқы қоршаған орта қолайсыз болса, таяу және ұзақ мерзімге белгілеген мақсаттарымызға жетуіміз екіталай». Елбасының көпбағыттылық қағидасы өзін толық ақтады. Көпбағытты саясатты ұстанудың арқасында Қазақстан ұлттық мүддесін тиімді қорғап, халықаралық кеңістікте өз алдына дербес әрі ықпалды мемлекетке айнала алды.

Әлемде мұнай, газ, көмір және уран кендері қоры жағынан жетекші орындардың бірін алып отырған Қазақстанға әлемдік қауымдастық XXI ғасырдағы негізгі қуат көздерінің бірі ретінде қарайды. Сонымен қатар экспортқа шығаратын астық көлемі де үлкен. Қазақстан сыртқы саяси қызметінің басты бағыттарын анықтауда осы геосаяси факторларды ескереді.

Қазақстан Республикасы көпбағытты саясат ұстану негізінде тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ сыртқы саяси басымдықтардың тұрақты жүйесін қалыптастырды. Қазақстан өзінің сыртқы саяси стратегиясын қалыптастыруда әлемдік күштердің алуан түрлілігін ескерді.

Қазақстан өз қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету үшін ең жақын және тарихи дос көрші мемлекеттермен де, Таяу және Орта Шығыс елдерімен де, демократияшыл индустриясы дамыған мемлекеттермен де берік байланыстар орнатып, интеграциялық үдерістерді күшейте түсу бағытын ұстанып отыр.

Қазақстан ТМД, ОАЭО және ЕурАзЭҚ сияқты ұйымдар арқылы посткеңестік кеңістіктегі ықпалдастыққа ұмтылды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Сыртқы саяси тұжырымдамасында ТМД шеңберіндегі ынтымақтастыққа басымдық берілген. ТМД-ны құру туралы декларация 1991 жылы 21 желтоқсанда Алматы қаласында қабылданды. Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығы – бұрынғы Кеңес Одағының елдерін біріктіретін әрі саяси, экономикалық, мәдени және басқа да байланыстарды өрбітетін жалғыз ұйым болып табылады. ТМД-ның құрылу тарихында Қазақстанның да шешуші рөл атқарғандығын ескеруіміз керек. Қазақстан Президентінің ТМД шеңберіндегі ықпалдастық пен ынтымақтастық үдерістерін тиімді ету мақсатындағы бастамалары, ұйымға мүше мемлекеттердің экономикалық және әскери-саяси өзара қарым-қатынастарын кеңейтуге жаңа мүмкіндіктер ашты. Олар: Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін (Азия кеңесі, АӨСШК), Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымын, Еуразиялық экономикалық қауымдастықты және Біртұтас экономикалық кеңістікті құру болып табылады.

Қазақстан ТМД кеңістігіндегі Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Орта Азиялық ынтымақтастық ұйымы сияқты басқа да аймақтық ұйымдар

қызметіне белсене араласады. Ең басты мақсат – жаңа әлемдік тәртіп жағдайында аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Қазақстан экономикалық, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, гуманитарлық салада ТМД шеңберінде ынтымақтастықты кеңінен жүзеге асыруда. Қазақстан экономика саласындағы ықпалдасуды өзара қарым-қатынастың іргелі қағидасы ретінде ұстануда. Себебі сауда-экономика саласындағы ынтымақтастық Достастық елдерінің экономикалық мүдделерін үйлестіруге мүмкіндік береді. ТМД елдерінің экономикалық дамуының әртүрлі деңгейлерін ескерсек, онда олардың экономикалық тұрғыдан бірлесу үдерісінің оңай шаруа еместігін де аңғарамыз. Кедендік одақты, Валюталық Одақты құру және қаржылық ықпалдастықты дамыту мәселелерін шешу ісі қарама-қайшылықтарға толы әрі күрделі жағдайда жүзеге асуда. Дегенмен, нақты іс-шаралардың орындалғандығын да айтуымыз қажет. Мәселен, 1994 жылы ТМД елдері Еркін сауда аумағын құру туралы келісімшартқа қол қойылса, 1995 жылы Қазақстан, Ресей және Белоруссия мемлекеттері арасында Кедендік одақ құрылды. Кедендік одаққа 1996 жылғы наурызда Қырғыз Республикасы, 1998 жылы сәуірде Тәжікстан Республикасы қосылды. Кедендік одақтың атқарушы органдары Мемлекетаралық кеңес пен Интеграциялық комитет болып табылады. Кедендік одақты құрудағы негізгі мақсат тауарлардың, көрсетілетін қызметтің, капиталдың, жұмыс күшінің ортақ нарқын белгілеу болды. Кедендік одақ шеңберінде салық заңнамасы мен көлік саласына қатысты бірқатар маңызды құжаттарға қол қойылды. Елбасы Кедендік одақтың Мемлекетаралық кеңесінің төрағасы ретінде 1998 жылдың басында ТМД-да біртұтас гуманитарлық және ақпараттық кеңістік құру жөніндегі ұсыныстардан тұратын – «Қарапайым адамдарға қарапайым он қадам жасайық» атты бастамасын ұсынды. Бұл – билік пен халық арасын жақындата түсті.

Сонымен, Қазақстан ТМД шеңберінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында ынтымақтастықты кеңінен жүзеге асырып келеді. Қазақстан үшін күн тәртібінен түспейтін өткір де өзекті мәселе – халықаралық лаңкестік және экстремизммен күрес болып табылды. Елбасы Қазақстан халқына арнаған 2006 жылғы Жолдауында «Лаңкестікке, ұйымдасқан қылмысқа, заңсыз қару-жарақты таратуға, есірткі саудасы мен басқа да осындай қатерлерге қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастықты нығайту және кеңейту» қажеттігін баса айтты. Еліміз ТМД елдерінің біріккен әскери жаттығуларына, лаңкестікке қарсы орталық қызметіне, халықаралық лаңкестікпен және экстремизммен күресу бағдарламасына, есірткіге қарсы күрес мақсатында жүргізілетін әскери жаттығуларға қатысып, тәжірибе алмасып келеді.

XX ғасырдың 90-жылдарында басталған ықпалдасу үдерісі XXI ғасырдың басында жаңа деңгейге көтерілді. Достастық аумағында ықпалдасудың бағыттар мен соны кезеңі басталды. Қазақстан Республикасының өзіндік ықпалдасу ұстанымдары қалыптастырылды. Ол, біріншіден, кез келген ықпалдасу төменнен шынайы экономика секторымен қол-

дануы керек, ал саясаткерлер ісі – осы үдеріске бағытталуы керек; екіншіден, ықпалдасу үдерісі объективті себептерден туындауы керек және мемлекеттердің бірігуге ұмтылысынан, еркіндік ұстанымына негізделуі тиіс; үшіншіден, ықпалдасудың нақты стратегиясы мен шынайы мақсаттары қажет; төртіншіден, мемлекеттің сыртқы саясатының басым бағыты ретінде мойындалуы керек; бесіншіден, көп деңгейлі ықпалдасу, ықпалдастық орталықтарын қалыптастыру. Қазақстан басшысы интеграцияландыруды елімізді тұрақтылыққа, прогреске, экономикалық және әскери-саяси тәуелсіздікке апаратын жол ретінде анықтады. Осыған орай ТМД ұйымын реформалаудың қазақстандық бағдарламасын ұсынды. Президент «Независимая газетаға» берген сұхбатында: «ТМД елдері үшін ықпалдастық, ынтымақтастық – экономикалық тиімділік қана емес, ертеңгі күнге деген сенімділік, рухани-психологиялық тұрақтылық та болып табылады», – деп мәлімдеді.

Қазақстан ықпалдасудың негізгі бес бағытын негізге алады. Олар: көші-қон саясатын, біртұтас көлік-коммуникациялар жолын дамытуды, білім мен ғылым интеграциясын дамыту, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық пен шекараралық қылмыспен күрес. Жалпы, бүгінгі күні ТМД қызметі нәтижесінің мардымсыздығы мүше мемлекеттердің басқа деңгейдегі байланыстарды орнатуға итермеледі. Мәселен, ТМД шеңберіндегі көпжақты ынтымақтастық нәтижелі болмағандықтан, мүше-мемлекеттер өзара екі жақты қарым-қатынастар арқылы ықпалдастықты жүзеге асыруда. Соның бірі – Орталық Азия аймағындағы үдерістер.

Орталық Азия мемлекеттеріне кезінде КСРО құрамына кірген Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Түркіменстан жатады. 4 млн шаршы километр аумақты алып жатқан бұл мемлекеттер – пайдалы кен қазбаларына бай өлке. Батыс пен Шығыс елдерінің қызығушылығын тудырып отырғандығы да анық. Бүгінгі күні Орталық Азия аймағы жаһандық һәм әлемдік саяси картадан өз орнын іздеуде. Аймақ тұрақтылығы мен үдемелі дамуының басты жолы – аймақтық ықпалдасуды Қазақстан сыртқы саясатында жаһандану қауіптеріне қарсы тұрудың ең тиімді тәсілі ретінде таңдап отыр. Бұл үдеріс су-энергетикалық қорларын және транзиттік-көліктік әлеуетін ұтымды пайдалану, аймақтық қауіпсіздіктің тиімді жүйесін құру, ланкестікке, діни экстремизмге және есірткі бизнесіне қарсы күресті біріге отырып шешуге мүмкіндік береді. Орталық Азиядағы ықпалдастық үдерісі 1994 жылы Орталық Азия Одағын құрудан басталды. Оның негізі Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан мемлекеттері арасындағы Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы (БЭК) жасалған келісімшартпен қаланды. Аймақтық ықпалдастықта 1997 жылы Бішкек қаласында қол қойылған Мәңгілік достық туралы келісімшарттың маңызы зор. Келісімшартта өзара қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен халықаралық аренада өзара қарым-қатынасты орнату мәселесі басты орынға қойылған.

Аймақтық өзара қарым-қатынастағы қарама-қайшылықтарға байланысты Орталық Азия ынтымақтастық жобасы бірнеше мәрте қайта

қаралып, аймақтық құрылымдар жетілдірілді. Нәтижесінде, 1998 жылы Орталық Азия Одағы Орталық Азиядағы экономикалық қауымдастыққа айналды. 1996 жылдан Ресей, 1999 жылдың шілдесінен Грузия, Түркия және Украина бақылаушы мәртебесіне ие болды. Орталық Азиядағы экономикалық қауымдастыққа 1998 жылы Тәжікстан қосылды. Ал 2001 жылы Орталық Азиядағы экономикалық қауымдастық Орталық Азиядағы ынтымақтастық ұйымына (ОАЫҰ) айналды. ОАЫҰ шеңберінде президенттер халықаралық су-энергетикалық консорциум және есірткіге қарсы коалиция құру туралы шешім қабылдады. 2004 жылы Душанбе қаласында өткен Орталық Азиядағы ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысында ұйымға Ресей Федерациясы қосылды.

2005 жылы ақпанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Орталық Азия мемлекеттерінің одағын құру туралы бастамасын аймақ басшылары оң қабылдады. 2005 жылы «Орталық Азия Ынтымақтастығы» ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының саммитінде бұл аталған ұйым Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа (бұдан әрі – ЕурАзЭҚ) бірікті.

ЕурАзЭҚ ҮҚШҰ, ШЫҰ, АӨСШК қарым-қатынас жүйесінде. Еуразиялық экономикалық қоғамдастық 2000 жылғы 10 қазанда Астана қаласында халықаралық экономикалық ұйым ретінде Кеденділік Одаққа қатысушы мемлекеттердің басшылары қол қойған ЕурАзЭҚ құру туралы шартқа сәйкес құрылды. ЕурАзЭҚ бастауы 1994 жылы Чолпан ата қаласында (Қырғызстан) Орталық Азия Одағы шеңберінде өткен Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан мемлекет басшыларының кездесуінде Біртұтас экономикалық кеңістікті құру туралы қабылданған шешіммен байланысты.

ТМД шеңберінде Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың қалыптасуы Достастық елдерінің ықпалдастықтың жаңа деңгейіне ұмтылатындығын көрсетті. ТМД-ның ішкі мәселелері де ықпалдастықтың жаңа деңгейін қажет етті.

Бұл ұйымға Қазақстан, Белоруссия, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Өзбекстан, Армения, Молдова республикалары мүше, ал Украина бақылаушы мемлекет болып табылады. ЕурАзЭҚ құру негізіне «Кеденділік одақты және Біртұтас экономикалық кеңістікті тиімді қалыптастыру» мақсатында қалыптастырылған сауда-экономикалық ынтымақтастық тұжырымы алынды. Мемлекетаралық Кеңес, Интеграциялық Комитет, Парламентаралық Ассамблея және Қоғамдастық Соты ЕурАзЭҚ-тың басқару органдары болып белгіленді.

2003 жылы мамыр айында БҰҰ ЕурАзЭҚ-ты халықаралық ұйым ретінде мойындады. ЕурАзЭҚ-тың 2003 жылдың 27 сәуірде Душанбе қаласында өткен Мемлекетаралық Кеңесінде Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтағы іс-ахуалы және интеграциялық ынтымақтастықты жеделдету жөніндегі ұсыныстар туралы» баяндамасы тыңдалды.

Аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы келесі қадам – Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ). Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт 1992 жылы ТМД шеңберінде Достастық елдерінің ұжымдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әскери-саяси ынтымақтастықты нығайту мақсатында құрылғандығы белгілі. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа ресми түрде 1992 жылы 15 мамырда Ташкент қаласында қол қойылды. Келісімге ТМД-ның алты мемлекеті – Армения, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан қол қойды. Кейіннен Белоруссия қосылды. Ұйымның жоғарғы органы – Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі. Сонымен бірге, өкілетті өкілдерден тұратын Тұрақты Кеңес, Сыртқы істер министрлері кеңесі, Қорғаныс министрлері кеңесі, Қауіпсіздік кеңестер хатшылық комитеті, ұйымның бас хатшысы, ұйым хатшылығы қызмет жасайды.

Тәуелсіз Қазақстан кеңестік жүйеден кейінгі кеңістікте орналасқан елдермен ТМД, ЕурАзЭҚ ұйымдары шеңберінде экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстарды қалыптастырды. Бүгінгі күні бұл ұйымдар шеңберіндегі қарым-қатынастың басым бағыттарының бірі – көші-қон мәселесін шешу болып отыр. Ал аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыруда ҰҚШҰ-ның маңызы зор.

Қазақстан тек Орталық Азия аймағында ғана емес, Еуразия аймағында да ықпалдастыққа ұмтылуда. Әсіресе, Шанхай ынтымақтастық ұйымының алатын орны ерекше. Ол бүгінгі күні қол жеткізген нәтижелерімен ерекшеленеді. Олар: аумақтық мәселені шешу; лаңкестікке қарсы күрестегі жетістіктер; әскери салалағы тығыз ынтымақтастық; басқа халықаралық ұйымдармен байланыс орнату; экономикалық ынтымақтастықты тереңдету жолындағы нақты жобалар.

1996 жылы 26 сәуірде Шанхайда бес мемлекет – Қазақстан, Ресей, Қытай, Қырғызстан, Тәжікстан «Шекара аймағында әскери салада сенімді бекіту туралы келісімшартқа» қол қойып, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының негізін қалады. Сол кезде ұйым «Шанхай бестігі» деп аталғанымен, кейін 2001 жылғы саммитте «Шанхай бестігіне» Өзбекстанның қабылдануымен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы деп аталды. Саммиттен кейін «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымын құру туралы» декларация жарияланды. Сонымен бірге «Лаңкестік, сепаратизм және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясы» деп аталатын тағы бір маңызды құжат қабылданды. Сөйтіп, аймақтық саясатта алғаш рет лаңкестік, сепаратизм және экстремизм ұғымдарына анықтама берілді. Ақиқатында, бұл құжат АҚШ-тағы 2001 жылғы 11 қыркүйек оқиғасына 3 ай қалған уақытта қабылданған еді. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы әскери одақ емес, ол аймақтық қауіпсіздік саласындағы ықпалдастықпен қатар, экономика саласындағы байланыстарға ұмтылатын ұйым болып табылады.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі (Азия кеңесі, АӨСШК). АӨСШК-ні құру туралы идеяны ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев 1992 жылы 5 қазандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында

ұсынды. Ұйымның негізгі мақсаты – Азия аймағындағы бейбітшілік, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге қатысты көп жақты қарым-қатынастарды орнату және осы мәселелерді шешу барысында ынтымақтастықты нығайту.

I саммитте екі маңызды құжатқа – Алматы актісі мен АӨСШК Ланкестікті жою және өркениеттер арасындағы диалогқа қолдау көрсету туралы декларацияға қол қойылды. Осы құжаттар негізінде АӨСШК Азиядағы дау-жанжалдар мен қақтығыстарды реттеу мақсатындағы форумға айналды.

2004 жылы қазан айындағы АӨСШК-ге мүше елдерінің II кездесуінде Сенім шаралар каталогы қабылданды. Бұл әскери-саяси, экономикалық, гуманитарлық және басқа салалардағы шаралар жиынтығынан тұрды. АӨСШК-ге мүше мемлекеттер басшыларының шешімімен Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылы БҰҰ 47-сессиясында кеңесті құру туралы идеясын қолдау ретінде 5 қазан Азия кеңесі күні болып жарияланды. АӨСШК аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету факторына айналды.

II саммит 2006 жылы маусым айында өтті. 2007 жылғы желтоқсан айынан бастап Азия кеңесі БҰҰ Бас Ассамблеясы жанындағы бақылаушы мәртебесіне ие болды. Қазақстан – АӨСШК-ні құру туралы идеяны ұсынушы ғана емес, осы идеяны іс жүзіне асырушы мемлекет. Бұл еліміздің ұйым торағалығына екі мерзімге, яғни 2002–2006 жылдардағы (бірінші мерзім) және 2006–2010 жылдардағы (екінші мерзім) сайлануынан да көрінеді. Бүгінгі күні еліміз АӨСШК-тің 2010 жылы өткізілетін III саммитіне дайындық үстінде.

ШЫҰ мен АӨСШК – тұрақтылық пен қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету жағынан мақсаттары мен міндеттері ұқсас құрылымдар. Бірақ бұл екі ұйым бірін-бірі қайталамайды әрі бір-біріне қайшы келмейді. Керісінше, Азиядағы қауіпсіздіктің ұжымдық жүйесін толықтырып отыр. Егер Шанхай ынтымақтастық ұйымы оған мүше мемлекеттердің нақты құқықтары мен міндеттемелеріне негізделген бірлестік болса, АӨСШК өзекті де өткір мәселелерді еркін талқылауға және оны шешу жолдарын іздеуге арналған кеңейтілген форум болып табылады. ШЫҰ мен АӨСШК Азия құрлығындағы қазіргі заманғы халықаралық қатынастардағы айрықша маңызы бар фактор ретінде танылып отыр.

2003 жылғы 19 қыркүйекте Беларусь, Қазақстан, Ресей және Украина президенттері Біртұтас экономикалық кеңістікті (мұнан әрі – БЭК) құру туралы келісімге қол қойды. БЭК Достастық кеңістігіндегі экономикалық ықпалдастықты жүзеге асырудың бір жолы. ТМД құрамына кіретін төрт мемлекет ықпалдастықтың жаңа деңгейіне көшу туралы шешім қабылдады. БЭК қызметіне экономикалық сипат тән. 2004 жылы 20 мамырда БЭК-ті құру туралы заң күшіне енді. 2004 жылы 24 мамырда Ялтада БЭК-тің дамуының басым бағыттарын анықтаған мүше мемлекет басшыларының кездесуі өтті.

Каспий қайраңын бөлу: Қазақстанның ұстанымы. КСРО-ның ыдырауы салдарынан туындаған күрделі мәселелердің бірі – аукымы 440 мың шаршы шақырымға жуық әлемдегі ең ірі құрлықішілік су айдыны Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі. Бұл әлі күнге дейін шешілмей келеді. Егер 1991 жылға дейін Каспий екі елге тиесілі болса, енді ол бес мемлекетке Қазақстан, Ресей, Иран, Әзербайжан, Түрікменстанға ортақ болып отыр. Қазақстан Республикасының Каспий теңізінің құқықтық мәртебесіне қатысты ұстанымы Каспийге БҰҰ-ның Теңіз құқығы жөніндегі 1982 жылғы конвенциясының теңіздің әртүрлі бөліктерінің режимдері мен еніне қатысты жеке ережелерін қолдану болып табылады.

Қазақстан жағалаудағы мемлекеттердің саяси және экономикалық мүдделерін тиімді қамтамасыз ету мақсатында БҰҰ-ның көрсетілген Конвенциясының ережелеріне сәйкес Каспийде аумақтық теңіз, балық аулау аймағын және ортақ су кеңістігін орнатуды ұсынды.

Каспий теңізінің жағалауы мемлекеттері басшыларының екі саммиті (2002 жылғы 23–24 сәуірде, Ашхабад және 2007 жылғы 16 қазанда, Тегеран) және Сыртқы істер министрлерінің үш кеңесі (1996 жылғы 11–12 қарашада, 2004 жылғы 6 сәуірде, 2007 жылғы 20 маусымда) өтті. Бірақ Каспий теңізінің жағалауы мемлекеттері басшылары әлі күнге дейін ортақ шешімге келген жоқ. Мемлекет басшыларының 2008 жылы Бакуде өткізілуі тиіс деп жоспарланған III саммиті жағалау мемлекеттерінің (Түрікменстан) түгел келе алмауына байланысты 2009 жылға шегерілді. Басты келіспеушілік – Түрікменстан мен Әзербайжан арасындағы кен орны үшін талас және Иранның 20%-ға тең үлестік бөлуді талап етуі болып отыр. Әлемдік тәжірибедегі жалпыға бірдей қабылданған орта сызық әдісі бойынша су кеңістігін бөлу қағидасы басшылыққа алынса, Каспий теңізінің бүкіл аумағының шамамен 29% Қазақстанға, 21%-ы Әзербайжанға, 19%-ы Ресейге, 17%-ы Түрікменстанға және 14%-ы Иранға тиесілі болып еді. Ал 20% бөлу идеясы Каспийде қалыптасқан тарихи және саяси болмысты бұзуды білдіреді.

Қазақстан Каспийдің түбін межелеу ісіне аскан жауапкершілікпен қарайды. Осыған орай, еліміз Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі бойынша ұстанатын саясатында өз мүддесін қамтамасыз етуді әрі жағалау мемлекеттерін жақындастыруды мақсат етеді. 2009 жылы 11 қыркүйекте Қазақстанның Ақтау қаласында Каспий жағалауындағы мемлекеттердің жетекшілері бейресми саммитке жиналды.

Еуропа Одағы, Қытай, Үндістан, Пәкістан, Сирия, Түркия және тағы басқа елдер Каспийдің энергия ресурстарына қол жеткізгісі келеді. Сонымен қатар аймақтағы табиғи газ қорларына да қызығушылық танытып отырғандар аз емес. Еуропа Одағы қолдап отырған Набукко газ құбыры жобасы Әзербайжан мен Түрікменстаннан газ алуды көздеуде. Бұл жоба арқылы Еуропаға жылына шамамен 31 миллиард текше метр газ тасымалдануы мүмкін деген болжам да бар. Набукко жобасы арқылы ЕуроОдақ Ресейдің газына деген тәуелділігін азайтқысы келеді.

Қазақстан және түркі елдері әлемі. 1991 жылдан бері Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастар, өзара сыйластық пен сенімділік ахуалы негізінде тұрақты саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы жан-жақты тығыз ынтымақтастықты одан әрі тереңдетумен ерекшеленді. Түрғыт Өзалдың ұсынысымен (1992 жылдан) түркі тілдес елдер мемлекет басшыларының жыл сайын жоғары дәрежелі бас қосуын өткізу дәстүрге айналды. Екіжақты қатынастардың бастамасы 1994 жылы қол қойылған «Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы өзара достастық және ынтымақтастық шартынан» басталды.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2003 жылғы мамырда Түркияға жасаған ресми сапары барысында Астана мен Анкара арасындағы қатынастардың ұзақ мерзімдік әріптестік деңгейге жеткендігі айтылды. 2004 жылдың маусым айында Стамбулда өткізілген НАТО саммиті және 2005 жылдың 25 мамырында Бакуде өткен «Баку – Тбилиси – Жейхан» мұнай құбырының әзербайжандық учаскесінің іске қосылу рәсімі де берік достығы мен шынайы ынтымақтастықтың айғағы. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Түркия Президенті А.Н. Сезердің кездесулерінде көп қырлы байланыстың орнағандығы да кең көлемде айтылды.

2007 жылы қазанда Түркия президенті А. Гүлдің Қазақстанға сапарында Н.Ә. Назарбаев түркі тілдес елдердің Парламентаралық ассамблеясын құру туралы өз ұсынысын білдірді. Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда айналымы 1,5 млрд долларды құрап отыр. 2008 жылы кездесуде екі ел басшылары 2010 жылға дейін осы көрсеткішті 5 млрд долларға жеткізуге уәделесті. Қазақстан нарығында түрік капиталының қатысуымен 1674 кәсіпорын жұмыс жасауда. Жалпы түрік инвестициясының көлемі 560 млн долларды құрайды. Қазақстандағы екі қазақ-түрік университеті мен 27 қазақ-түрік лицейі білім беру саласындағы ынтымақтастықтың көрінісі болып отыр.

Түркия сыртқы саясатты дамыту үдерісінде Қазақстанды Орталық Азиядағы ең сенімді саяси және экономикалық әріптес ретінде таниды. Сонымен бірге екі ел арасында мәдени ынтымақтастық та жақсы жолға қойылған. Мәселен, 1992 жылы көктемде Стамбул қаласында (Түркия) түркітілдес мемлекеттер мәдениет министрлерінің I кездесуінде – Түрксойдың негізі қаланды. Ұйымның негізгі мақсаты – түркі мәдениеті және өнерін зерттеу және оны әлемдік деңгейде насихаттау. Ұйымды құрушы мемлекеттер қатарында: Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Түркия және Өзбекстан республикалары бар.

Түрксой ұйымы шеңберінде түркі тілдес мемлекеттердің мәдениетін әлемге танытуда көптеген шаралар жүзеге асырылды. Қазақ жазушылары мен ақындарының танымал шығармалары түркі тілдеріне аударылды. Өнер күндері жыл сайын өткізілетін дәстүрге айналды. Түрксой ұйымының жетекшісі болып қазақ мәдениетінің жанашыры, қоғам қайраткері Д. Қасейінов сайланды.

1992 жылы 27 тамызда Қазақстан мен Әзербайжан мемлекеттерінің арасында дипломатиялық қатынастар саяси мекемелердің нота алмасуы арқылы орнатылды. 1994 жылы Әзербайжан Республикасында Қазақстан Республикасының, ал 2004 жылы – Қазақстан Республикасында Әзербайжан Республикасының елшіліктері ашылды.

Екі елдің қорғаныс мекемелері, ұлттық қауіпсіздік органдары, шекара қызметтері, құқық қорғау құрылымдары арасындағы ынтымақтастық дамуда. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтау мәселесінде де ортақ ұстанымдар болғандықтан, осыған орай екі ел арасында Каспий теңізінің түбін белгілеу туралы келісімге қол қойылған. Қазіргі кезде Қазақстан мен Әзербайжан Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны өзірлеу жөніндегі жұмыстарын жалғастыруда. Сондай-ақ, экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан – Әзербайжан үкіметаралық комиссиясы екі жақты қатынастарды дамытуда үлкен жұмыстар атқаруда. Комиссияның 2006 жылы мамыр айында Бакуда өткізілген төртінші отырысы екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымын қамтыды. Тоқтала кетсек, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өнімдерін өзара жөнелтуді жандандыру; мұнай-газдық машина жасау, химия және мұнай-химия, көлік саласында; отын-энергетика кешенінде; агро-өнеркәсіп кешенінің өнімдерін қайта өңдеу; Каспий теңізінде қоршаған ортаны сақтау, мәдени-гуманитарлық байланыстарда өзара ынтымақтастықты дамыту кең өріс алды.

Экономикалық ынтымақтастықтың маңызды бір саласы – мұнай-газ секторы. Осы орайда, Қазақстан мұнайын «Баку – Тбилиси – Жейхан» құбыры арқылы тасымалдаудың жолдарына қатысты жүргізіліп жатқан екіжақты келіссөздерді атап өткен жөн. Қазақстан мен Әзербайжанда көмірсутегі шикізатын өндіруді ұлғайту жоспарларын ескере отырып, екі ел үшін мұнай-газдық машина жасау саласында ынтымақтастықты жандандыру көзделген. Көлік саласында екі елдің «Еуропа – Кавказ – Азия» (ТРАСЕКА) халықаралық көлік дәлізі жобасына қатысуы да маңызды мәселелер қатарына жатады.

Сонымен, еліміз түркі әлемі елдерімен түрлі саладағы ынтымақтастықты дамытуда. Қазақстан Каспий мәртебесі арқылы әлемдік нарыққа шығудың балама жолдарын да тиімді қарастыруда.

Халықаралық ұйымдар. Жаһандық өлемдегі Қазақстан тұғырының ұстанымының нығаюы. Қазақстан БҰҰ Даму бағдарламасымен және тағы басқа құрылымдарымен ынтымақтастық негіздегі қарым-қатынас өрісін кеңейтті. Қазақстанда БҰҰ жүйесінің 16 ұйымы қызмет жасайды: БҰҰ Даму бағдарламасы, БҰҰ Балалар қоры, БҰҰ Халық қоныстану қоры (ЮНФПА), БҰҰ есірткі және қылмыс мәселелері жөніндегі басқармасы, БҰҰ Жоғары комиссарының босқындар ісі жөніндегі басқармасы, БҰҰ Еріктілері, БҰҰ әйелдерді дамыту қоры, Халықаралық еңбек ұйымы, БҰҰ Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, БҰҰ өндірісті дамыту жөніндегі ұйымы, Дүниежүзілік банк, Халықаралық валюта

қоры, Қоғамдық ақпарат департаментінің өкілеттілігі, БҰҰ гуманитарлық қызметті реттеу бойынша басқармасы, т.б.

БҰҰ бағдарламалары аясында бөлінген қаржылар елдегі экологиялық, білім беру және денсаулық сақтау салаларының өзекті мәселелерін шешуге жұмсалуда. БҰҰ білім, ғылым және мәдениет саласының мәселелері бойынша ұйымның Бас конференциясында (27-сессиясы) Абайдың 150 жылдық мерейтойын атап өту туралы шешім қабылданып, қазақ халқын, руханият әлемін дүние жүзіне таныту мақсатында ірі қаламдар жасалды.

Ынтымақтастықтың негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының ғаламдық және аймақтық қауіпсіздік саласындағы стратегиялық мүдделерін халықаралық деңгейде қамтамасыз ету, саясат пен экономикада әділетті әлемдік тәртіп пен орнықты дамуды қалыптастыруға үлес қосып, әлемдік қауымдастық мүшелері арасындағы қарым-қатынастарды үйлестіру.

Еліміз 1997 жылы Еуроатлантикалық әріптестік кеңесі болып қайта құрылған ірі халықаралық ұйым саналатын Солтүстік Атлантикалық ынтымақтастық кеңесіне 1992 жылдан бастап мүше. 1994 жылы 27 мамырда Қазақстан «Бейбітшілік үшін әріптестік» құжатына, ал 1996 жылы Қазақстан мен НАТО арасында қауіпсіздік туралы келісімге қол қойылды. Осыған орай Қазақстан НАТО-ның дағдарыс жағдайларын басқару бойынша жаттығуларына белсене қатысуда. 2002 жылы Қазақстан Орталық Азия мемлекеттерінің ішінде алғашқылардың бірі болып НАТО-ның «Жоспарлау және шолу үдерісі» бағдарламасына қосылды. Сонымен бірге бітімгершілік күштерін дамыту бағдарламасын әзірледі. 2002 жылы НАТО елдерімен әскери-техникалық ынтымақтастықтың нәтижесінде НАТО стандарттары бойынша «Қазбат» жасақталды.

Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-ға мүше болып қабылдануы, Қазақстанның 1975 жылғы Хельсинки қорытынды актісіне негізделген жалпыеуропалық үдерістерге еркін қатысуға, тәжірибе алмасуға деген ұмтылысын көрсетеді.

Қазақстан ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастық барысында үлкен жетістіктерге қол жеткізді: ЕҚЫҰ Орталық Азиядағы экономикалық жағдайға байланысты, аймақтың нарықтық экономикаға өтуіне қатысты, экономикалық реформалар жүргізу, адам құқықтарын қорғау, аймақтық қауіпсіздік салаларында бірқатар семинар өткізді.

ЕҚЫҰ-мен Қазақстан Республикасы Үкіметі арасында өзара түсіністік және Алматыдағы ЕҚЫҰ орталығын ашу жөнінде, Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросымен өзара түсіністік меморандумдары қабылданды. Өзара түсіністік меморандумына негізделіп демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросы Қазақстанда сайлау заңнамасын, сөттық жүйені реформалау сияқты жұмыстарды атқаруда. ЕҚЫҰ қауымдасқан 56 мемлекеттің Сыртқы істер министрлері 2007 жылы қарашада Қазақ-

станның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуін қолдады. Алайда Қазақстанға қойылатын мынадай талаптар бар: меншік иелерінің орташа табын қалыптастырған нарықтық экономика; азаматтар құқықтарының қорғалуы; қоғамда тұрақты даму мен үкіметтік емес секторлардың көрініс табуы ЕҚЫҰ Қазақстанға демократиялық өзгерістерді тереңдету, әсіресе әділ де таза сайлау ұйымдастыру, БАҚ пен журналистерге қатысты саясатты демократияландыру шараларын жүзеге асыру, т.т. Сөйтіп, «БАҚ туралы», «Сайлау туралы», «Саяси партиялар туралы» заңдарға өзгерістер енгізілді.

ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету еліміздің әлемдік қоғамдастықтағы рөлін нығайтады. ЕҚЫҰ-ға төрағалыққа сайлану арқылы Қазақстан қоғамы кезекті жаңа даму сатысына өтті. Елбасы 2008 жылдың басында Қазақстан халқына арнаған «Еуропаға жол» атты Жолдауында еліміздегі экономикалық жетістіктерді – Еуропаның стандарттарына сәйкестендіруді мақсат етті.

Бүгінгі күні Қазақстан халықаралық және аймақтық ұйымдар мүшесі ретінде Азияда сенім шараларын орнату, Еуразия кеңістігінде ынтымақтастық үдерістерді нығайту, өркениеттер мен діндер сұхбатына шақыру, аймақтағы ұжымдық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру бағыттарында тиімді әрі нәтижелі жұмыстар атқаруда.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 29 тамыз №653 Жарлығымен бекітілген 2009–2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасы (Астана, 2008 жыл) Елбасының 2008 жылғы 6 ақпандағы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес әзірленді.

Қазақстан Республикасының стратегиялық мүддесі – Сыртқы саясаты тұжырымдамасына сәйкес Еуропа елдерімен жан-жақты ынтымақтастықты дамыту. Қазіргі уақытта Еуропа елдерімен екіжақты қарым-қатынастардағы технологиялық, энергетикалық, сауда және көліктік ынтымақтастық әлеуеті толық іске асырылмауда. Еуропалық Одақ елдері Орталық Азия мемлекеттерімен, атап айтқанда, Қазақстанмен ынтымақтастыққа да айрықша назар аударады. Олардың ортақ ұстанымы – 2007 жылғы маусымда Еуроодақтың саммитінде қабылданған «ЕО және Орталық Азия: әріптестіктің жаңа стратегиясы» атты құжатта көрсетілген. Басты мақсат – Қазақстан Республикасының Еуропаның жетекші елдерімен стратегиялық серіктестік деңгейіне шығу.

Еліміз Еуропа мемлекеттерімен технологиялық, энергетикалық, көлік саласындағы техникалық реттеу және метеорология саласындағы; сауда-экономикалық; шағын және орта бизнесті дамытудағы; өмір сүру сапасы саласында гуманитарлық өлшем тұрғысындағы ынтымақтастықты дамытуды көздеп отыр. Сонымен бірге еуропалық тәжірибені пайдалана отырып, қазақстандық институционалдық-құқықтық базаны жетілдіру мен Қазақстан Республикасының 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі үшін жан-жақты жағдай жасау – басты мақсаттардың бірі.

Еуропа елдерінің мамандарын шақыра отырып, технопарктердің аумағында инновациялық менеджмент саласындағы мамандарды даярлау және инженер кадрларды қайта даярлау жөнінде бірқатар оқу іс-шараларын өткізу, Қазақстанда бар көлік коммуникацияларын реформалау және жаңаларын құру жөнінде еуропалық технологияларды пайдалануда ынтымақтастықты дамыту көзделіп отыр. Еуропада пайдаланылып жүрген аграрлық технологиялар ұлттық ауыл шаруашылығын елеулі түрде дамытуға қызмет етеді.

Қазақстанның Еуропа нарығында орнығуы және ұзақ мерзімді сипатта қатысуы мақсатында қазақстандық тараптың Еуропа елдерінде айлақтар, терминалдар, мұнай өңдеу зауыттары, автомай құю стансалары және басқа инфрақұрылымдық нысандарды сатып алуы жөнінде жұмысты жалғастыру көзделуде.

ЕО-ның жаңа энергетикалық стратегиясының негізгі бағыттарының бірі – ғаламдық жылыну мәселесі. ЕО қалпына келтірілетін энергия саласындағы технологиялар бойынша әлемдік көшбасшы саналатынын, Қазақстанда осы энергия түрінің елеулі әлеуеті бар екенін ескере отырып, энергия үнемдейтін және экологиялық таза технологияларды енгізу мен дамыту мәселелері бойынша ЕО елдерінде таныстыру және оқу-үйрену семинарларын ұйымдастыру, халықаралық конференциялар мен көрмелерге қатысу арқылы тәжірибе алмасу көзделіп отыр. Сонымен бірге қауіпсіздікті арттыру арқылы еуразиялық құрлықаралық көлік дәліздерін одан әрі дамыту жоспарланған.

Соңғы жылдары Қазақстан және Еуропа елдері арасындағы сауда айналымы қарқынының үлгаю үдерісі байқалады. Алайда экспорт құрылымында дәстүрлі түрде шикізаттық тауарлар басым түсіп жатыр. Қазақстан мен Еуропа елдерінің арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды тереңдету мақсатында Қазақстанның Еуропадағы сауда өкілдігін және бірқатар Еуропа елдерінде оның бөлімшелерін ашу да көзделіп отыр.

Салық салуды, оның ішінде шағын және орта бизнеске қатысты мемлекеттік қолдау саласында тәжірибе алмасу мақсатында көптеген іс-шаралар да көзделген. Климаттық өзгерістердің алдын алу саласында, Астана қаласында Еуразиялық су орталығының әлеуетін пайдалана отырып, су ресурстарын қорғау және зерттеу мәселелерінде іс-қимылды үйлестіру жөнінде шаралар жоспарланып отыр. Сондай-ақ, Ұлттық медициналық холдингті, білім беру, ғылым, денсаулық сақтау ұйымдарын және университет клиникаларын басқарудың осы заманғы тәсілдерін жасау, көпжақты байланыстарды кеңейтуге ықпал ету, тұрғындарға сапалы медициналық көмек көрсетуде еуропалық тәжірибені зерделеу қажеттілігі туындап отыр.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіби білім беру салаларында, жоғары білім саласындағы өзара іс-қимылда, студенттерді және профессор-оқытушы құрамын алмасуда, оның ішінде «Erasmus Mundus» және TEMPUS бағдарламалары аясында, сондай-ақ

Еуропа елдерінің білім беру ұйымдарымен екіжақты шарттар негізінде ынтымақтастықты дамыту жүзеге асырылуы тиіс. Қазақстандық және еуропалық оқу орындары арасындағы байланыстарды кеңейтуге ықпал етуді, білім сапасын басқарудың университеттік жүйесі мен Қазақстан-Британ техникалық университетінің және Қазақстан-Неміс университетінің базасында жоғары білім беру саласындағы білім беру орталықтарын құру, мемлекеттік қызметшілерді кәсіби даярлауда және қайта даярлауда еуропалық тәжірибені зерделеу де жоспарланған. Әскери білім беру және әскери-ғылыми қызмет, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою салаларында да атқарылатын көптеген іс-шаралар айқындалып отыр.

Соңғы жылдары Қазақстанда ұлттық заңнаманы жетілдіру жөнінде үлкен жұмыс жүргізіліп, 2007 жылғы мамырда Конституцияға өзгерістер енгізілді. Мадридте Сыртқы істер министрлері кеңесінде қабылданған (2007 жылғы қараша), Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі туралы шешім нотижесінде еліміздің төрағалық етуінің басымдықтары егжей-тегжейлі қаралуда. Олардың қатарына мынадай мәселелер жатады: ЕҚЫҰ кеңістігінде демократиялық институттарды дамыту үшін жағдайлар жасау жөніндегі іс-қимылды жалғастыру; ЕҚЫҰ-ның барлық мемлекеттерінің транзит-көлік әлеуетін, еуразиялық құрлықаралық көлік дәліздерін дамыту, экологиялық проблемаларды шешу; Қазақстанның бейбітшілікті, қауіпсіздікті және ядролық қарусыздануды қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отырып, сенім білдіру шаралары мен өңірлік қауіпсіздікті нығайту; ЕҚЫҰ қызметіндегі қауіпсіздіктің әскери емес аспектілерін, атап айтқанда, ланкестікке, экстремизмге, есірткі құралдарының заңсыз айналымына, ұйымдасқан қылмысқа, қару-жарақпен және адамдармен сауда-саттыққа қарсы күрес салаларын дамыту, сондай-ақ ЕҚЫҰ-ның әріптес елі – Ауғанстанды қалпына келтіру. Аталған мәселелердің қай-қайсысы да маңызды. Жүйелі жұмысты, жауапкершілікті талап етеді.

СҰРАҚТАР:

1. ТМД-ның халықаралық ұйым ретіндегі ерекшелігі неде? Қазақстанның өңірлік интеграциялық үдерістердегі рөлі қандай?
2. ЕурАзЭҚ, ҰҚШҰ, ШЫҰ, АӨСШК секілді өңірлік құрылымдардың сипаты неде?
3. Каспий қайраңын бөлу мәселесіндегі Қазақстанның ұстанымы қандай?
4. Қазақстанның түркі әлемі елдерімен өзара қатынасы қалай дамуда?
5. Қазақстанның халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығы қандай деңгейде?
6. Қазақстанның жаһандық әлемдегі ұстанымдары.

6.
Н.Ә. НАЗАРБАЕВ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ

6.1. Президент және жаңа астана

Президент тағдыры – ел тағдыры. XX ғасырдың 40-жылдарында өмірге келгендердің тағдыры оңай болмағандығы белгілі. Тарихқа көз жүгіртсек, соғыс және одан кейінгі жылдардағы халықтың ауыр тұрмысы, көрген бейнеті, шеккен қасіреті сол кезеңдегі ұрпақтың санасына өзіндік ізін салды. Сондай-ақ, халық шаруашылығын қалпына келтіру, жаңа қалалардың, зауыттардың салынуы, Теміртау сияқты жас қалалардың бой көтеруі, т.б. тарихи оқиғалар да жас буынның өмірге құштар, батыл болмысты, қайратты болып жетілуіне әсер етті.

Тұңғыш Президентіміздің тұлға ретінде қалыптасуы білім алған Абай атындағы орта мектеп өмірімен, ондағы сыныптастар ортасымен және мектептен кейінгі еңбек жолымен сабақтастықта болды. Нұрсұлтан Әбішұлы мектепте үздік оқыды. Осыған орай, ЖОО-ға бөгетсіз түсуге деген мүмкіндігі болса да, металлург болу жолын таңдады. Жас Нұрсұлтанның бойындағы бірбеткей қалып, бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу қабілеті, ашық-жарқын, жайдары мінез бен дүниетанымдық деңгейдің кеңдігі жұртшылықтың назарын өзіне аударатын. Днепродзержинск техникалық училищесінің бітіру кешінде карт шебер Қазақстаннан келген балалармен қоштасып тұрып, олардың әрқайсысына болашағы жөнінде былай деген еді: «Сен, – дейді ол біреуіне, – цехтың басшысына дейін көтерілесің, сен – директорлыққа дейін. Ал сен, – деді Нұрсұлтан Назарбаевтың бетіне мұқият үңілген шебер, – үкімет басында боласың». Қазақстан Магниткасының цехтарында көрікші болып еңбек жолының ауыр сатыларынан өткен, одан кейін партия-комсомол жұмыстарында жауапты қызметтерді атқарған Нұрсұлтан Әбішұлы 1984 жылдың наурыз айында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындалады. Сол кезеңде Нұрсұлтан Назарбаев одақтас республикалардағы ең жас басшылардың бірі болды.

XX ғасырдың 90-жылдары КСРО-ның ыдырауы, орталықтың тиімсіз басқару уақыты ғана емес, бұл азық-түлік пен киім-кешектің қалың жұртшылыққа тапшы кезеңін де айқындады. КСРО кеңістігінде ұлтаралық жанжалдардың орын алған кезеңі болғандығы да мәлім. Адамдардың бойын қорғансыздық, дәрменсіздік сезімі жайлағандығы да шындық. Кезінде Қазақстанға күштеп қоныс аударылған немесе жұмыс

іздеп келіп, орныгып қалған этникалық топ өкілдері өз Отандарына мыңмыңдап орала бастады. Осындай саяси белгісіздіктің, экономикалық күйреудің, қаржылық былықтың ауыр жағдайында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев елдің жарқын болашағына жол сілтеді. Елдің ертеңгі күніне деген сенімділігін оятты. Алаш ардақтыларының бірі Міржақып Дулатұлының «Жұрт болудағы мақсат – осы күнгі тірі жүрген адам баласына ғана емес, кейінгі нәсіл-нәсіп, үрім-бұтақтың кем-кор болмауы үшін керек зат... Біздің жұрт осыны ойлау керек» дегеніндей, Нұрсұлтан Әбішұлы ескі жүйенің күйреу жағдайында жаңа социумды – зайырлы, демократиялық Қазақстанды құру секілді аса күрделі, бүгінгі ғана емес, кейінгі ұрпақтың қамы жолындағы жауапкершілігі мол жұмыстарды жүйелі бастап, батыл да табанды әрекеттерімен абыроймен жалғастырып келеді.

Саяси жүйенің құрылысы мүлдем жаңа мәнді иеленді: алдымен бір, содан соң екі Палаталы парламент, бірегей Қазақстан халықтарының ассамблеясы құрылып; экономиканың қайта жаңғыру саясаты, ұлттық валюта – теңгені енгізу жаңа сипатқа ие болды. Қысқа мерзімде жекешелендіру жүргізілді. Тұралап жатқан кәсіпорындар аяғынан тұрғызылды. Әрине, қазіргі күні кезінде пайдалана алмай, жіберіп алған сәттер туралы да айтуымызға болады. Бірақ сол жылдары мемлекет өмірін сақтап қалу, жаңа Қазақстанды құру, экономиканы күйретпей, дағдарыстан амалдап алып шығу, халықтың ашығуына, қоғамдық жанжалдардың орныгуына жол бермеу секілді өзекті әрі кезек күттірмейтін мәселелер алдымызда тұрды. Сол кезге Ата Заңымыздың қабылдануы сәйкес келді. Ел Президенті тарихқа «Бейбітшілік миссиясы» ретінде енген, Семей ядролық полигонын жабу секілді ғаламдық маңызға ие шараларды қабылдады, Қазақстанның кең-байтақ даласының мемлекеттік шекарасы межеленді. Осыған байланысты Қазақстан ядролық қауіпті толық жоюға бағытталған саясатын жалғастыра отырып, ЕҚЫҰ өкілдігіндегі басты басымдықтардың бірі халықаралық қауіпсіздік пен ядросыз әлем үшін ғаламдық қозғалысты құру проблемасын қояды. Әлемдік тәжірибеге қарасақ, шекараны межелеу аса күрделі әрі өзекті мәселе болып табылады. Тіпті, АҚШ, Жапония, Ұлыбритания секілді көптеген дамыған мемлекеттердің өзінде шекаралық талас, пікірлер оңдаған, болкім жүздеген жылдарға созылуда.

Нұрсұлтан Әбішұлы халықаралық ұйымдарды, ұлы державалардың басшыларымен достық байланыстарын, өзінің жоғары беделін пайдаланып, қысқа мерзім ішінде елімізге Кеңес империясынан мұра болып қалған көптеген өткір де өзекті мәселелердің шешімін таба білді. Қысқа уақыт ішінде Еуразия кіндігінде барлық қазақстандықтардың мақтанышы болған әрі кейінгі ұрпаққа тарихи мұра болар – Астана бой көтерді.

Тарих ғылымына «Қазақстан жолы» жаңа термині енгізілді. Бұл жолдың оңай әрі қателіксіз болмағандығы тұрғысында Президенттің өзі бірнеше мәрте айтқан болатын. Ең бастысы, Қазақстан бүгінгі таңда өзінің болашаққа деген ұмтылысымен ерекшеленіп отыр.

Әлемдік өркениет тарихында көптеген халықтар және біршама мемлекеттер өздерін сақтап қалса, ал олардың ғасыр қойнауына кеткендері де жоқ емес. Бостандық пен тәуелсіздікті қадірлей білген ел көшбасшылары, саяси элитасы, халқы барлары ғана сақталып қалды. Ауыр жүк және жауапкершілік мемлекеттің негізін қалаған әкелердің, көшбасшылардың иығына артылатындығы анық.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің негізін салушы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев екендігін бүгінгі күні әлемдік көшбасшылар мойындап отыр. Осындай пікірмен еліміздің қоғамтанушы ғалымдары және қарапайым қазақстандықтар да келіседі.

Алаш ардақтыларының бірі Әлихан Бөкейханов: «Осы күнде істеп жүрген ісіміз, қылған жұмысымыз, мінез-құлқымыз тарих болып қалады. Кейінгілерге ғибрат алырлық үлгі тастап кетіп, алғыс, рахмет алармыз ба? Кеудесінде көзі бар адам көп ойланарлық жұмыс. Тарих – түзушіліктің кітабы. Тарих тіршілікте көшбасшы дейтініміз – осы», – деп толғанғандай, тарихын түзу жаза білген халықтың болашағы да зор болмағы анық.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері ұлттық сананы көтеру, елдік мүдделі ұлықтау ісіне бір кісідей жұмылуда. Мемлекеттілікті тұғырлы ету мәселесі тарихи танымды орнықты ету ісімен де тығыз байланысты. Сондықтан тәуелсіздіктің белестерін тарихи танымммен зерделеу әрі оны өскелең ұрпақ санасына сіңіру – қастерлі. Ахаңның: «Баланы ұлша тәрбиелесең ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең құл болмақшы», – деген даналығы көкірегі ояу азаматтардың есінен бір сәт те кетпес.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмірі мен қызметі – ауылдан шыққан қарапайым ғана азаматтың әлемдік деңгейдегі, аса көрнекті мемлекет қайраткері мәртебесіне дейін көтерілу жолының үлгісі болса, екіншіден, Елбасының тікелей қатысуымен Қазақстан қантөгіссіз, шығынсыз бұрынғы Кеңестер Одағының құрамынан шығып, дамудың эволюциялық жолын таңдау арқылы халықаралық қауымдастықтың толық мүшесіне айналды.

Француз Республикасының Президенті Жак Ширак 2005 жылдың наурыз айында Елбасына жазған хатында: «Қазақстан шынайы мақтан ете алатын үлкен жолдан өтті. Мұны небәрі бір кезең ғана деуіңіз арқылы да Сіз кемеңгерлік көрсетіп отырсыз. Еліңізді заманаға лайық деңгейде орнықтырып, оның халықаралық аренадағы асқақ мұраттарын қамтамасыз ету үшін қажет санап, реформаларды жалғастыра беруге Сіздің бекем бел байлап отырғаныңызға мен қуаныштымын... Сізден, Президент мырза, менің өзіңізге деген аса күрмет сезімімді шүбәсіз қабыл алуыңызды өтінемін», – деп үміт-сенімін де, күрметін де көрсеткен еді.

2009 жылдың 13 қарашасында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халықпен тікелей желі арқылы сұхбаты болды. Екі айтаның ішінде тікелей желінің веб-порталына 40 мыңнан астам сұрақ түсті – бұл 2007 жылғы Президент Ғаламтор-конференциясында қойылған сұрақтардан сегіз есе артық. Онда, әсіресе, денсау-

лық сақтау, білім беру саласы, құқық қорғау, тұрғын үй мәселесі, үлескерлер жағдайы т.б. мәселелерге байланысты сұрақтарға «Тікелей желі» порталы мен БАҚ-тарда 13,5 мыңға жуық жауап орналастырылды. Арнайы комиссиялар мен жұмыс топтары мәселелерді орнында тексеру үшін 122 рет сапарлар ұйымдастырып, көптеген азаматтардың көкейінде жүрген сұрақтарына жауап берілді.

Жаңа астананың құрылысы. Еуразия құрлығындағы мегаполис. 1994 жылдың 6 шілдесіндегі Жоғарғы Кеңес сессиясының пленарлық мәжілісінде ұсынылып, бекітілді. Елбасы депутаттарға жаңа астананы таңдауда 32 өлшемді ескергендігін атап көрсетті. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен және Парламенттің Қаулысымен 1997 жылы 10 желтоқсанда Ақмола қаласы Қазақстанның астанасы болып жарияланды. Президенттің халыққа үндеуінде: «Қазақстан еуразиялық ел боп табылады. Ақмола – Еуразия құрлығының географиялық орталықтарының бірі. XX ғасырдың шиеленісті тарихында біз түңғыш рет өз мемлекетіміздің астанасы туралы дербес шешім қабылдадық... және де XXI ғасыр табалдырығында біз өз таңдауымыз – көне Сарыарқаның киелі аспаны астында қоныс тепкен жаңа астанамыз туралы мәлімдейміз», – деп айтылды.

1997 жылдың 20 қазанында Президенттің Жарлығымен ресми түрде Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланғаннан кейін сырттан миграциялық тасқын аса қарқынды болды. Бұл жағдай, әсіресе, 1998 жылы ерекше байқалды. Осы жылы ғана астанаға келгендердің жалпы саны – 13975 адамға жетті. Оның 94,6%-ы немесе 13214 адам республикалық миграция бойынша келгендер, оның 37,9%-ы Ақмола облысынан, 11%-ы Солтүстік Қазақстаннан және 10,8%-ы Қарағанды, 10,5%-ы Қостанай облыстарынан, 14,4%-ы Алматыдан қоныс аударғандар. Мұндай миграциялық тасқын сол кездегі ауыл шаруашылығы мен біркатар шағын қалалардағы стагнациясымен түспа-түс келген болатын. Осылайша, Астана қаласы көпшілік қазақстандықтар үшін жаңа тұрмыс салтына қол жеткізер құтты орынға айналды. Сараптамашылардың жасаған қорытындылары бойынша астанаға келгендердің көпшілігі 20–40 жастағы жоғары білімділер екен. Осылайша, бұл факторлар өз ретінен қала тұрғындарының этникалық және әлеуметтік құрамын өзгертуге бірден ықпал етті. Енді Астана қаласы тұрғындарының құрамына тоқталатын болсақ, 1999 жылғы ұлттық санақ мәліметінде, Астана қаласында барлығы 319324 тұрғын болса, оның 133585-і, яғни 41,8%-ы қазақтар, орыстар – 129480 адам немесе 40,5%, украиндар – 18070 адам немесе 5,7%, немістер 9591 адам, яғни 3%, татарлар – 8286 адам немесе 2,6%, белорустар – 5761 адам немесе 1,8%, поляктар – 2537 адам немесе 0,8%, корейлер – 2028 адам немесе 0,6%, ингуштар – 1822 адам немесе 0,6% және басқа ұлттар 8164 адам немесе 3,8%-ды құрағаны анықталды.

Астана қаласының серпінді дамуында Елбасының 1996 жылғы 9 қазандағы Ақмолада арнайы экономикалық аймақ құру туралы 2001 жылғы 29 маусымдағы «Астана – жаңа қала» атты арнайы экономика-

лық аймағын құру туралы» Жарлықтары маңызды рөл атқарды. 1999 жылы Астанаға ЮНЕСКО-ның экономикалық, саяси, этникалық өсуге және этникааралық қатынастарды орнықтыруға қол жеткізе алатын – «Бейбітшілік қаласы» наградасы тапсырылды. Астана 1998 жылы еркін экономикалық аймақтың WEPSA халықаралық қауымдастығына енді.

Астана қаласының жалпы аумағы республиканың 0,03% алаңын, яғни 710,2 шаршы шақырымды құрады. Қала тұрғындарының саны 2004 жылдың соңында 528 мың адамға жеткен. Соңғы жасалынған демографиялық зерттеулер бойынша, 2030 жылы Астана қаласы тұрғындарының саны 1 млн 200 мыңға өсетіні болжанып отыр. Ал қалада тұрғындар тығыздығы бір шаршы шақырымға 743 адамнан келеді. Астана республика бойынша тұрғындар тығыздығы жағынан Алматыдан кейін екінші орын алады.

Қазіргі күні Қазақстан Республикасының жаңа астанасы күн сайын көркейіп, өсіп келе жатқандығына баршамыз куә. Осы орайда, дүние жүзіндегі ең танымал астаналардың бірі Мәскеудің әкімі Ю. Лужков: «Астананың өсу қарқыны әлемдегі ең мықтысы деп айтуға болады. Мен осында келгенде жоспарлардың ғаламаттығы емес, олардың орындалуы таң қалдырды. Қазақстанның жаңа астанасы қазірдің өзінде өркениетті ірі мемлекет астанасының бейнесін алды», – деп жоғары бағалаған болатын.

Астана қаласының басты белгісі – «Бәйтерек» монументі 2002 жылы бой көтерді. Биіктігі – 105 метр, бұл композицияның негізгі бөлігі алып ағаштың діңгегін бейнелейді, ал композицияның жоғарғы бөлігіндегі үлкен шар – аспан. «Астана – Бәйтерек» өзінің жалпы мағынасында негізгі үш философиялық түсінікті – жер, өмір және аспан ұғымдарын білдіреді. Қазақстан мен оның астанасы үшін «Бәйтерек», мәселен, Мәскеудегі Қызыл Алаң немесе Нью-Йорктегі Бостандық статуясы секілді нысан. Бұл монументтік құрылыс бір өзінде философиялық, саяси және тарихи ойды түтас біріктіріп жинақтаған.

2000–2005 жылдар аралығында қалада өнеркәсіп өндірісінің көлемі 3,1 есе – 2000 жылғы 18,1 млрд теңгеден 2005 жылы 58,0 млрд теңгеге дейін өсті. 2005 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2000 жылмен салыстырғанда 2,5 ееден асып, жалпы саны 39,4 мыңды құраған. Ал шағын бизнес саласында жұмыспен қамтылғандар саны 2 ееге ұлғайып, 83,6 мың адамды құрады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы №1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарына сәйкес әкімшілік, іскерлік, әлеуметтік-мәдени, ғылыми-білім беру және бизнес орталықтары қалыптастырылуда. Қалада ақпараттық инфрақұрылым қалыптасып, одан әрі даму үстінде. 2001–2005 жылдар аралығында бұқаралық ақпарат құралдарының саны (БАҚ) 78-ден 169-ға дейін (77 газет, 82 журнал, 7 телерадиокомпания, 3 ақпараттық агенттік) өскен. Олардың ішінде 25 БАҚ ағылшын, неміс, татар, украин тілдерінде шыққан. Мемлекеттік емес БАҚ-тар 66%-ды құраған.

2002–2005 жылдары тұрғын үй, сауда, әлеуметтік-тұрмыстық және мәдени мақсаттағы нысандарды салуға 4,6 мың жер учаскесі бөлінген. Жалпы алаңы 1137 мың шаршы метр 182 тұрғын үй және тұрғын үй кешендері, сауда, әлеуметтік-тұрмыстық және мәдени мақсаттағы 682 нысан тапсырылған. Сол кезеңде жеке тұрғын үйлерді салу үшін 3,2 мың жер учаскесі берілді, жалпы алаңы 587,5 мың шаршы метр 2,7 мың үй пайдалануға қабылданды.

2005 жылғы желтоқсан айының мәліметтері бойынша, Астанада орта есеппен жан басына шаққандағы ең төменгі күнкөріс шамасы 6,2 мың теңгені құраған. Тұрмысы төмен азаматтардың саны 2006 жылдың 1 қаңтарында 2,9 мың адамды көрсеткен. Бұл 2000 жылмен салыстырғанда 4,2 есе кем.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 4 мамырдағы №111 Жарлығымен Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бағдарламада қала халқы мен экономикасын өсіру ісі 2 кезеңге жоспарланды. I кезең 2006–2008 жылдарды, II кезең 2009–2010 жылдарды қамтиды.

Қалада 2006 жылы 11 жоғары оқу орны (оның 8-і жекеменшік), 22 колледж жұмыс жасады. Оларда 58,3 мың студент оқыды. 54 мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп, 2 дарынды балаларға арналған қазақ-түрік лицей-интернаты, арнаулы түзету мектеп-интернаты және кешкі мектеп, 36 мектеп жасына дейінгі ұйым жұмыс жасады (11,2 мың баланы қамтыған). Алайда кейбір мектептер 2–4 ауысымда оқыды. Мысалы, I ауысымда – 16 мектеп; 2 ауысымда – 37 мектеп; 3 ауысымда – 7 мектеп; 4 ауысымда 1 мектеп жұмыс жасаған.

2005 жылы Астана қаласында 32 мемлекеттік, 100-ден аса мемлекеттік емес медицина мекемесі қызмет етті. Алайда дәрігер мамандармен қамтамасыз ету 78%-ды, орта медициналық кадрлармен қамтамасыз ету 74%-ды құрағандықтан, бұл салада кадр тапшылығы орын алды.

2006 жылғы мәлімет бойынша қалада 3 театр, 23 кітапхана, 5 мұражай, 1 клуб мекемесі, 2 кинотеатр, мемлекеттік филармония, 2 сарай, 3 балалар музыка мектебі, өнер және көркемөнер мектебі, 25 сауықтыру спорт кешені жұмыс жасады.

Астанада тұрғын үй құрылысы жақсы қарқында дамып келеді. 2006 жылы 6 шілдеде «Астана-Триумф» тұрғын үй кешені қолданысқа берілді. Астана төрінде 2008 жылы 6 шілдеде Астананың он жылдығына «Қазақ елі» монументі ашылды. Оның биіктігі тәуелсіздік алған 1991 жылдың рәмізін бейнелейтіндіктен – 91 метрлі құрайды. Осы монументті ашқанда Президент: «Астана төрінен ашылып отырған Қазақ елі монументі – халқымыздың өткені мен бүгінін байланыстырып тұратын мәңгілік белгі. Бұл монумент біздің ата-баба салтына адалдығымыздың терең тамырлы салт-дәстүр мен ұрпақ жалғастығының жарқын көрінісі болады», – деген еді.

Астананың ажарын жарқырата түскен – Бейбітшілік және келісім сарайы және 2008 жылы 16 желтоқсан Тәуелсіздік мерекесі күні тұсау-

кесер рәсімі жасалынған – Тәуелсіздік сарайы да қазіргі кездегі ерекше сәулеттік өнер туындылары болып табылады. Елбасы: «Астанада қабылданған елдің индустриялдық-инновациялық даму бағдарламасы сұраныс пен ұсыныс нарығын қала аумағында ғана емес, бүкіл республика бойынша қалыптастыруға жол ашты», – деп мемлекетіміздің жаңа елордасы Астана қаласы тәуелсіз Қазақстанның басты тірегіне айналғанын дәл айтқан-ды. Сонымен, мемлекетіміздің жаңа Астанасы еліміздің дәл орталығында орналасуы бүкіл ұлттық рухымызды асқақтатып, ынтымақ-бірлігімізді бүкіл әлемге паш етті. Бүгінгі күні посткеңестік елдер арасында Қазақстанның алға озып, танымал мемлекеттер қатарына қосылуының басты себебі осында жатыр. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа елордасы – Астана қаласы бүгінгі күні қазақ топырағында бой көтерген Шығыс өркениетінің заманауи үлгісі. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, Астананың күннен-күнге көркейіп, қарқынды өсуі бүкіл қазақстандықтардың ортақ мұраты мен ерен еңбегінің нәтижесі.

2009 жылдың 3 шілдесінде Президент Нұрсұлтан Назарбаев жаңа стадионның ашылу рәсіміне қатысты. 2009 жылдың 3 шілдесінде салтанатты рәсімде сөз сөйлеген Мемлекет басшысы Елорда күні қарсаңында 30 мың көрерменге есептелген еліміздегі тұңғыш жабық стадионның құрылысы аяқталғанын атап өтті. Мұндай орасан зор спорт ғимаратын Отанымыздың жүрегі, барша Қазақстанның мақтанышы – Астанада салудың рәміздік мәні бар. Жаңа стадион Еуропа футбол қауымдастықтары одағының (УЕФА) барлық талаптарына сай келеді және бүкіл Орталық Азия өңірінде теңдесі жоқ құрылыс болып табылады. «Мұнда ұлттық біріншіліктің басты матчтары өткізілетін болады. Осында біз басқа елдердің майталман футбол шеберлерін қабылдаймыз. Сондайақ, осы тамаша спорттық аренада болашақта елдің спорттық намысын қорғайтын өрендеріміз жас әрі талантты спортшылар жаттығады», – деді Нұрсұлтан Назарбаев. Стадион алаңында алғашқы болып астаналық «Локомотив» футбол командасы мен Қазақстан жастар құрамасы жолдастық кездесу ойындарын өткізді. Матчқа әлемнің үздік төрешілерінің бірі Пьер Луиджи Коллина қазылық етті. Жастар құрамасы қатарында танымал футболшылар Каха Каладзе мен Андрей Шевченко, «Локомотив» (Астана) командасының құрамында түрік футбошылары Хасан Шаш және Хакан Шукур ойын көрсетті. Бірінші рәміздік допты Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тепті. Мемлекет басшысы: «Бізде осындай тамаша стадиондар, спорт сарайлары, мұз айдындары мен су жарыстары ареналары көбейген сайын өміріміз де мәнді, салауатты әрі қызықты бола түспек. Барша астаналықтар мен қазақстандықтарды осы айтулы шарамен құттықтаймын», – деді.

2009 жылдың 4 шілдесінде Елордадағы «Атамекен» мемориалды кешенінде Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Астана күнін мерекелеу аясындағы іс-шаралардың басталуына орай Мемлекеттік туды көтеру салтанатына қатысты. Туды, болашақта Қазақстанның басқа да рәміздерін орнату біздің мемлекетіміздің берік негізін, елдің қуаты мен

данқын, оның ұлы тарихы мен болашағын бейнелейді. Маңызды шараның бастапқы түсында Н. Назарбаев: «Мемлекеттік Ту – кез келген мемлекеттің басты ромізі. Біздің Туымыздың біртұтас түсі – халқымыздың бірлігін, достығын, мемлекетіміздің, еліміздің мемлекеттік шекарасының тұтастығын білдіреді», – деді.

2009 жылдың 30 тамызында Астанада Елбасы – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Конституция күнін мерекелеуге арналған тұңғыш Әскери шеру болып өтті. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Әрбір азаматы өзін тең сезінетін, татулығы жарасқан қазақ елінің, Қазақстан халқының қарымды істері бүгінде әлем жұртшылығы үшін үлгі-өнегеге айналды. Мұның өзі біздің Ата Заңымызда бүкіладамзаттық құндылықтар мен өркениеттік игіліктердің барлығы қамтылғанын айғақтайды», – деп атап көрсетті. «Қазақ елі» монументі алаңында Қорғаныс министрлігі Құрлықтағы әскерінің, Әуе қорғаныс күштерінің және Әскери-теңіз күштерінің, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Төтенше жағдайлар министрлігінің және Республикалық ұланның сарбаздары салтанатты сап түзеп өтті. Әскери шеруге барлығы 2000-нан астам офицерлер, келісімшарт негізіндегі әскери қызметшілер, әскери жоғары оқу орындарының курсанттары, әскери жауынгерлер қатысты.

2009 жылы 8 қазанда Астанада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Түркия Республикасының негізін қалаушы Мұстафа Кемал Ататүрікке арналған ескерткіштің ашылу рәсімі өтті. «Кіші Азияны мекен еткен түрік қандастарымыз жайында сөз қозғағанда, сонау орта ғасырда ұлы далалан өркениет үлгілерін Анадолы жеріне ала барған бауырларымыз еске түседі. Бүгінде Түркия сияқты бауырлас елмен арадағы ынтымақтастық қарым-қатынастың түрлі деңгейде дамып келе жатқандығын бәріміз білеміз. Бүгін осы айнымас татулықтың айғағы ретінде Астана төрінде Түркия Республикасының тұңғыш президенті Мұстафа Кемал Ататүрікке арналған ескерткіштің ашылу салтанатының куәсі болып отырмыз», – деді Мемлекет басшысы. Ескерткіштің ашылу рәсімінде Түркияның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Атилла Гюнай сөз сөйледі. Түрік Республикасының негізін қалаушының ескерткіші Астанада Есілдің жағалауындағы гүлзарда орнатылған. Қоладан құйылған, тұғыры мәрмәр ескерткіштің биіктігі 4,4 метр, салмағы 5,5 тоннаға тең. Еңселі ескерткіш елдік мұраттарды арқау еткен.

2008 жылы 6 шілдеде ашылған «Қазақ елі» монументінің барельефтермен толықтырылған екінші рет ашылуы – 2009 жылдың 20 қазанында өтті. Монументтің ашылуына Үкімет мүшелері мен Парламент депутаттары, қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар, танымал ақындар мен жазушылар, өнер адамдары, студенттер, қаланың байырғы тұрғындары – барлығы 70 мыңдай адам қатысты. Стелланың төменгі белдеуіндегі негізгі орында дүниенің төрт бұрышына қаратылған төрт

барельеф орналасқан. Олар «Халық және Тұңғыш Президент», «Қаһармандық», «Жасампаздық» және «Болашақ» деп аталады.

2009 жылы Астанада бірқатар жаңа нысандар – «Қазақстан темір жолы» және «Лукойл» көп қабатты ғимараттар кешені, Жаңа халықаралық университет пен мектептің оқу корпустары, «Керуен» сауда-ойын-сауық кешені, 330 пәтерлі «Тәуелсіздік» тұрғын үй кешені, «Азия-Парк» сауда-ойын-сауық орталығы, Елорданың сол жағалауында орналасқан 240 сәбиге арналған «Қарлығаш» балабақшасы, №2 қалалық аурухана, ұзақтығы 224 шақырым Астана – Бурабай автомагистралі, сондай-ақ «Фиеста», «Әл-Фараби», «Ожжетпес», «Байқоңыр», «Солтүстік шұғыла», «Astana Financial Tower» іскерлік орталығы және басқа да нысандар пайдалануға берілді. 2009 жылы 15 желтоқсанда сәулетші Манфреди Николеттидің идеясымен салынған «Қазақстан» Орталық киноконцерт залында тәуелсіздіктің 18 жылдығына арналған мереке атап өтілді. 2009 жылы 23 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» газетінің жаңа ғимараты ашылды.

2009 жылдың басындағы есеп бойынша Астанада – 639 311 адам тіркелген. Осы халықтың 405 385-і – қазақтар, 160 952-сі – орыстар, 4080-і – өзбектер, 19 522-сі – украиндер, 574-і – ұйғырлар, 11 279-ы – татарлар, 2009-ы – немістер, 4244-і – корейлер, 1874-і – әзербайжандар, 5549-ы – белорустар, 455-і – түріктер, 15 529-ы өзге этнос өкілдері.

Астана жылдан-жылға өмір сүруге, әрі жұмыс жасауға қолайлы мегаполиске айналып келеді. Мұның өзі мемлекет жасаған қамқорлықтың заңды нәтижесі деп те айтуымызға болады. Тұрғындарды әлеуметтік қорғау ісі бойынша қыруар істер атқарылуда. Мәселен, денсаулық сақтауға бөлінген қаржы – 32 еседен астам, білімге бөлінген қаржы 22 есеге, әлеуметтік қамсыздандыру мүддесіне бөлінген қаржы 6 есеге артқан. Қазіргі таңда Астанада жаңа медициналық орталықтары және ойын-сауық кешендері халыққа қызмет көрсетуде. Сонымен бірге жаңа технологиялық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген Ана мен бала орталығы, Балалардың сауықтыру орталығы, Диагностикалық және Нейрохирургия орталықтары, «Думан» ойын-сауық орталығы және бірнеше спорт-сауықтыру кешендері жұмыс істейді. Осылайша елорда әлем үшін халықаралық маңызы бар көптеген саяси-экономикалық іс-шаралар өткізілетін жаңа бір саяси орталыққа айналуда. Сондай-ақ, ТМД және Орталық Азия мемлекеттері қатысуымен өткізілетін үлкен басқосулардың тұрақты орнына, бүкіл дүниежүзіндегі мәдениет пен діндердің келісім табуына себепкер болып отырған әлемдегі ең бейбітсүйгіш мемлекет астанасы болып табылады. Мәселен, 2003 және 2006 жылдары Астана қаласында өткізілген Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының екі съезі Астананың әлемдік қоғамдастықтағы өзіндік мәртебесін айқындай түсті.

Бүгінгі таңда Астанада 44 елдің дипломатиялық елшіліктері, 113 бірлескен және шетелдік кәсіпорындардың өкілдіктері орналасқан. Сонымен қатар Елорда қазіргі кезде республика үшін білім мен ғылым

дамуының жаңа орталығы ретінде дамуда. Мысалы, Астана қаласында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақ ұлттық музыка академиясы, Қазақ гуманитарлық заң университеті сияқты басқа да бірнеше жоғары оқу орындары бар. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдың 5 мамырындағы №416 қаулысымен – Астана қаласында Мемлекет тарихы институтының ашылуы да тарихи маңызы бар оқиға.

Жаңа Астана сәулетті құрылыстарымен де әлемге танымал бола бастады. Шетелдің озық тәжірибелерін тиімді пайдалану арқылы жаңа елорданың әрбір маңызды құрылыстар саны күннен-күнге артуда. Осы орайда, Ресей Федерациясы Сурет академиясының президенті З. Церетели: «Жасаған жоспарлары бойынша жаңа қалалар, тіпті астаналар салған адамдар тарихта болған. Бұлар – өзінің ғаламат жоспарларын жүзеге асырған ұлы адамдар. Ресейде бұл Санкт-Петерборды салған I Петр. XX ғасырда Президенттің жарлығымен Бразилияда жаңа астана – Бразилия салынды. Мен Нүрсұлтан Әбішұлы Қазақстанның жаңа астанасының орны мен бейнесін таңдаған кезде бақылап отырдым. Оның дәл табатын және бағыттай білетін, басқаларда кездесе бермейтін қасиеті бар. Астана нағыз заманауи астана болуы үшін бәрін жасайтынына сенемін», – деген пікірін ашық білдірді.

Қазіргі Қазақстан – әлемге бүкіл дүние жүзінде діни бейбітшілік орнатудың бастамашысы ретінде танылған мемлекет. 2003 және 2006 жылдары Қазақстан Республикасының астанасында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съездері өткізілді. Биыл III съезді де Қазақстанда өткізу жоспарланып отыр. Алдыңғы съездерге Еуропа, Азия, Таяу Шығыс, Америка елдерінің әртүрлі конфессияларының жетекшілері қатысқаны белгілі. Елбасы Н.Ә. Назарбаев елімізде дін мәселесінің оңды шешілуіне және де бүкіл әлемге Қазақстанның бейбітшілікті сақтаушы мемлекет ретінде танылуында өлшеусіз үлес қосты.

СҰРАҚТАР:

1. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президентінің өмірбаянының негізгі кезеңдерін атаңыз?
2. Мемлекет басшысының елді нығайту мен дамытудағы рөлі қандай?
3. Астананы ауыстыру туралы шешімнің себептері неде?
4. Астананың әлеуметтік-экономикалық даму нәтижелері қандай?
5. Жаңа Астананың тарихи мәні неде?

6.2. Мемлекеттік стратегияны анықтау

«Қазақстан–2030» стратегиясы: қабылдануы және маңызы. Кез келген мемлекет түбегейлі трансформацияға шешім қабылдау кезеңінде өзінің дамуының негізгі бағыттарын айқындауға мәжбүр болады. Ең бастысы, қозғалыс бағыттарын белгілеп, негізгі басымдықтарға сәйкес міндеттерді анықтау мемлекеттік және ұлттық мүдде үшін қажет. Мұндай жүйелі бағдарламасыз алға қарай қозғалыс қиындай түседі. Ұзақ мерзімді даму бағдарламасын жүзеге асыру жолындағы белгіленген мақсаттарға жету, мемлекет басшысына деген қоғамның сенімі экономика мен саяси жүйені модернизациялаудағы басты мүмкіндікке айналды.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін-ақ кең ауқымды әлеуметтік, саяси және экономикалық реформаларды жүргізе бастады. Елдегі өтпелі кезеңнің ауыртпалықтары азайып, кезеңдік реформалардың күрделі даму мерзімі аяқталар түста дербес төл стратегиялық бағытымызды айқындау мақсаты қойылды. 1997 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан–2030» даму стратегиялық бағдарламасын ұсынды.

Хакім Абай: «Адам – өз заманының бел баласы. Егер ол жаман болса, бұған кінәлі оның замандастарынан басқа кім дейсің?!» – дегені бар. Ел тұтқасын ұстаған Елбасының «Қазақстан–2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» хақындағы халыққа Жолдауы, ұзақ мерзімді даму бағдарламасы замандастарымыз бен тарих алдындағы осындай аса зор жауапкершілікті терең түсініп, жіті білуінен туындағаны шындық.

Бұрынғы Кеңес Одағы кеңістігінде Қазақстан бірінші болып мемлекеттік дамудың стратегиялық бағдарламасын жасады. Бұрынғы Кеңес Одағының құрамында болған елдердің басшылары ел экономикасын модернизациялау және қоғамның әл-ауқатын жақсарту мақсатындағы мұндай ұзақ мерзімді бағдарламаны жан-жақты негіздеп, ұсына алмады. Сол жылдардағы зейнетақы мен жалақының уақытында берілмеуі, жұмыссыздық деңгейінің жоғарылауы, қалаларда жылу берілмей, электр қуатының азаюы сияқты сан түрлі күрделі мәселе күмән туғызғанымен, стратегия өзінің қажеттілігін көрсетті.

«Стратегияны жасауда бізге халықаралық ұйымдар мен донорлардың ең алдымен Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасының үлкен көмек көрсеткенін атап өтуіміз керек. Бізбен бірге ақыл-кеңес берушілер ретінде 40-тан аса әйгілі халықаралық сарапшылар жұмыс істегенін айтсақ та жеткілікті. Солардың қатарында Х. Берстоқ, К. Грей, В. Худжонг, Г. Алисон, Р. Блэквилл сынды және басқа адамдар болды», – деп жазды Н. Назарбаев. «Келісіп пішкен тон келте болмайды» демекші, халықаралық ұйымдар мен донорлардың ең алдымен

Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасы ескеріле отырып жасалған стратегиялық жоспар әлемдік қауымдастықтың да ойынан шықты.

«Қазақстан–2030» мемлекеттік стратегиясын дайындауда әлемдік өзгерістер ескерілді. Ол үшін мамандардан реформаны жүргізу мен стратегиялық жоспарлау саласындағы халықаралық тәжірибені барынша зерттеуді талап етті. Қоғам тағдырын шешетін жаңа міндет алу, оны жаңа өмірлік идеологияның өзегіне айналдыру, қоғамдық жігерді мұншама кең қарымды іске жұмылдыруда, ең алдымен мақсат саралығы мен бағыт айқындығы басты шарт болып табылады.

Стратегияның «Біз бүгін қай жердеміз?», «Қазақстанның мұраты» деп аталатын тараулары қазақстандықтардың реформаға артып отырған мүдделері мен үміттерін, көздейтін мақсаттарын саралап көрсетуге арналды. Ал барлық қазақстандықтардың күш-жігерін ортақ мақсатқа жұмылдыра алатын стратегия мен тактика қызметіне құжаттың үшінші тарауы арналды.

Ұлттық қауіпсіздіктің неліктен бірінші орынға қойылғаны сол кезде дау туғыза бастады. Бірақ тәуелсіз мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздігі азаматтарымыздың гүлденіп көркеюі мен жүргізіліп жатқан реформамыздың табысқа жетуінің басты кепілі және негізгі басымдық ретінде көрсетілді. Оны қамтамасыз етудің алғышарты – қоғамның ынтымағы мен ішкі саяси орнықтылығы. Бұл көп этносты, әрі әлеуметтік жіктелу үдерісі тереңдей түскен – Қазақстандық қоғам үшін оңай міндет емес еді.

Әлеуметтік тұрғыдан ішкі орнықтылық пен тұрақтылықтың іргетасы – орта тап екені белгілі. Сондықтан да стратегиялық бағдарламада қоғамдық орнықтылыққа шешуші маңыз берілді. Кез келген саяси реформа орта тапты қалыптастырмай нәтижелі болмайтындығы туралы Елбасының ұстанымын Сингапурдың негізін салушы Ли Куан Юдың пікірі дәлелдей түседі: «...қоғам осындай (батыстық) демократиялық саяси жүйені табыспен пайдаланатын жағдайға жеткенге дейін, халық білім мен экономикалық дамудың жоғары деңгейіне жетуі, едәуір көлемде орташа тап құруы қажет және адамдар өмірде күнкөріс үшін күресті ойламайтын болуы тиіс... Орташа тап өміршең экономикасы жоқ елде пайда бола алмайды, ал мұның өзі елді бір орнында шыр айналудан шығаруға қабілеті күшті, дана басшылықты керек етеді».

Бүгінгі күні Қазақстанда орта тап құру үдерісі біршама нәтижелер беруде. Стратегиялық басты басымдықтардың негізгі тобы сыртқы және ішкі инвестицияларды көбірек тартуды көздейтін ашық нарыққа, қуат көздерін тиімді пайдалану мен инфрақұрылымды қайта құруға, экономиканы нарыққа, бәсекеге қабілетті етіп қайта жасақтау, азаматтарымыздың денсаулығын, білім беру саласы және әл-ауқатын арттыруға бағытталды. Бұл арқылы Қазақстанның көркеюінің нақты мүмкіндіктері, олардың жүзеге асуының ықтимал кескіндемесі жүйеленеді. Стратегияны жүзеге асыру мақсатында 1998–2000 жылдарға жоспарланған жеті басымдық пен 1998 жылдың Үкімет алдындағы

сегіз нақты міндеті терең талданды. Экономикалық реформалар арқылы еркін нарықты құру, билікті демократияландыру шаралары жүзеге асырылды.

Елбасы даму стратегиясын белгілеуде келешек мүмкіндіктеріміздің қандай екенін, оның қайтсе жүзеге асатынын, қалай пайымдайтынын ортаға салып, халыққа сенім артты. Әуелі қоғамды қиын жағдайдан шығарып алудан кейін, қайта өрлеу жолында еңбектенуге шақырды. Осы себептен де, «Қазақстан–2030» стратегиялық бағдарламасы адам факторын дамытуды ең жоғарғы орынға қояды. Елбасы ұсынған даму стратегиясын жүзеге асыру – әр Қазақстан азаматының қолында. Бұл стратегияны жүзеге асыру бәсекелестіктің бағыттарын қолдайтын түрлі құрылымдар жиынтығын талап етеді.

«Қазақстан–2030» стратегиясы ел азаматтарының кемел прагматизмге сүйеніп қана атқара алатын келелі мәселелерді айқындап көрсетті. Аталған кезеңде демократиялық болмыстың біржола басым түсе бастайтынына сенімді Елбасы жекеменшіктің, аралас инвестицияның, ашық қоғамның, саяси плюрализмнің, меншік иелері билігіне қол сұқпайтын кәсіби үкіметтің, қылмысқа жол бермеудің, жаңа адамдық сапаның өткір мәселелерін батыл көтеріп қана қоймай, жемқорлыққа, экономикалық бойкүйезділікке, ақаулы тұрмыс салттарына қарсы белсенді күреске шақырды. Мұның тарихи шындыққа айналуы қазіргі естияр буынның тарихи жауапкершілігіне байланысты екендігіне де арнайы тоқталды.

Қайта жаңғыру және өрлеу стратегиясы арқылы барша қазақстандықтардың жақсы тұрмысы, әлеуметтік әділеттілік, ұлттық бірлігіне кепіл болған ұзақ мерзімді даму стратегиясына негіз етіп алынған басым бағыттар мемлекетіміздің кез келген жоспарларын жасаудағы тұрақты бағдарына айналды. Бұл, әлемде ең бастысы – біздің қай жерде тұрғанымыз емес, қандай бағытта жылжып бара жатқандығымызда. Қазақстан Республикасы қазір «Қазақстан–2030» қайта жаңғыру және даму бағдарламасын негізге ала отырып, әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарынан орын алуға ұмтылып келеді. «Қазақстан–2030» даму стратегиясы ұзақ мерзімді қамтығанымен, оның тұрғындарын, мүмкіндіктері мен қабілетін толық ескерген, басым бағыттары шынайылыққа негізделген байыпты бағдарлама болып табылады.

Президенттің 1997 жылғы 1 қазандағы «Қазақстан–2030: барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына Жолдауы тәуелсіз еліміз тарихындағы мемлекетіміздің жаңару бағытын айқындаған маңызды құжат болып табылады. Бағдарламада Қазақстанның қарқынды дамуын қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық мәнді жеті негізгі ұзақ мерзімді басымдық белгіленгені мәлім. «Қазақстан–2030» стратегиялық бағдарламасынан кейінгі жылдары Елбасының жасаған Жолдаулары осы бағдарламаның заңды жалғасы болып табылды.

Тәуелсіз Қазақстанның даму стратегиясы: басымдықтары мен нәтижелері. Елбасының Қазақстан халқына Жолдаулары. Елбасы алғаш рет 1996 жылы 8 қазанда Қазақстан халқына «Елдегі жағдай және ішкі, сыртқы саясаттың 1997 жылға арналған негізгі бағыттары туралы» атты Жолдау жасады. Бұл Жолдауда Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев еліміздің тәуелсіздік алғаннан бергі бес жыл уақыт аралығында жүзеге асырылған саяси-экономикалық және әлеуметтік мәселелер бойынша реформаларға жан-жақты тоқтала отырып, терең талдаулар жасады.

«Ішкі және сыртқы саясаттың бағыттары мен басымдықтары» деген Жолдаудың екінші бөлімінде Президент елдегі мемлекеттік-құқықтық құрылыс, сыртқы саясаттағы бағыттарға арнайы тоқталды. Негізінен алғанда, Елбасы Жолдауда демократиялық, құқықтық және әлемге ашық мемлекет құру жолындағы басты мақсат-міндеттерді ашып көрсетеді. Сондай-ақ, Жолдауда іске асырылып жатқан экономикалық реформалар барысын жүйелі саралап, әсіресе, жекешелендіру, шағын және орта бизнес, тұрғын үй құрылысы, шетелдік инвестицияларды тарту, қылмысқа қарсы күрес, бюджет саясатының басымдықтары сияқты сол уақыттағы аса күрделі мәселелерді жан-жақты қарастырды. Маңыздысы, Жолдауда ел өміріне, әлеуметтік-экономикалық ахуалға көп көңіл бөлінді. Қоғам дамуы ел өмірімен, экономика және саясат төңірегінде кең өріс алды.

Елбасының *1998 жылғы 30 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. 1998 жылғы 30 қыркүйектегі* «Елдегі жағдай және сыртқы және ішкі саясаттың басты бағыттары: жаңа жүзжылдықта қоғамды демократияландыру, экономикалық және саяси реформалар» атты Қазақстан халқына Жолдауында сол кездегі халықаралық саяси жағдайға, әсіресе көршілес Ресей мен ТМД-ның оңтүстік аймақтарындағы мемлекеттердегі шиеленісті оқиғаларға, оның Қазақстанға ықпалына тоқталды. Мемлекетіміздің экономикасын және халықтың әл-ауқатын көтерудің жолдарын айқындап, осы мақсаттарға жету жолында атқарылатын іс-шараларды нақты көрсетті:

біріншіден, сайлау үдерісі адал, өкілетті болуы тиістігі, кандидаттар мен сайлаушылардың жұмысын марапаттап отыру керектігі айтылады;

екіншіден, еліміздің саяси жүйесінде саяси партияның рөлін арттыру мәселесі қойылды;

үшіншіден, Сенат пен Мәжілістің тәуелсіздігін қамтамасыз ету және оны барынша нығайта түсу қажеттігі баса айтылды.

Парламентте аз этностар мен діндер өкілдерінің өкілдігін арттыру, ол үшін Президент тағайындайтын сенаторлардың бір бөлігін Қазақстан халықтары ассамблеясына ұсынылатын кандидаттардан алу керектігін ұсынды. Президенттің бұл ұсынысы 2007 жылы жүзеге асырылғаны белгілі. Ал мұндай аса маңызды шешім Қазақстанда этносаралық келісім мен татулық негізінде бірыңғай қазақстандық азаматтық қоғам қалыптастырудың басты тұғыры деп айтуға болады. Жолдаудың

басым бағыттарынан ұлтаралық келісім мен татулық табиғаты, оны жүзеге асыру мүмкіндіктері кең орын алды.

Елбасының 1999 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы «Еліміздің жаңа ғасырдағы тұрақтылығы мен қауіпсіздігі» деп аталды. Жолдауда қазақ халқының сан ғасырлық тарихындағы маңызды кезеңдеріне, тәуелсіз ел болу жолында жүріп өткен ұлы күрес шежірелеріне шолумен басталды.

Жолдауда Қазақстанның саяси тұрақтылығы, ұлттық қауіпсіздігіне төнетін қатерлер, соның ішінде, лаңкестік, діни экстремизм мәселелеріне баса назар аударылды. Сол кездегі тарихи сын сағатта Елбасы Қазақстан халқының болашағына қауіп төндіретін мәселелерді анықтап, оның алдын-алу жолдарын айқындады.

Елбасының Қазақстан халқына арнаған бұл Жолдауында ұлттық қауіпсіздік мәселесі жан-жақты қамтылды және де осы бағытта жүзеге асырылатын маңызды іс-шаралар жоспары айқындалған. Қазақстан халқына үлкен үміт артылып, оның тарихы мен келешек дамуына, алдағы атқарылар ауқымды істерге назар аударылады. Ел дамуының жаңа бағыттары, соны істердің оңды қырлары көрсетіледі. Мүмкіндіктері қарастырылады.

Елбасы 2000 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан халқына Жолдауында егемендік алғаннан бергі он жыл уақыт ішінде Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде дамып, қалыптасуына егжей-тегжейлі тоқталды. Алдағы уақытта республиканың саяси-экономикалық, әлеуметтік даму жағдайын барынша дамытып, жетілдіре түсу жолдарын айқындап көрсетті. Жолдауда халықтың әл-ауқатын көтеру мақсатында 2001 жылы бюджеттік мекемелер қызметкерлерінің (мемлекеттік қызметшілерден басқасының) жалақысын 30%; әлеуметтік құрылымдар қызметшілерінің жалақысын 30–40%; судьялар корпусының жалақысын арттыруды, ең төменгі зейнетақыны 4000 теңгеге дейін өсіру туралы айтылды.

Жолдауда Қазақстан экономикасының қарқынды дамуының басты басымдықтары айқындалған, олардың ішінде, ауыл шаруашылығын және индустрияны дамыту, республиканың экономика саласына отандық және шет ел капиталын құю, шетел инвестицияларын тарту, халықаралық нарыққа шығу үшін стратегиялық транзиттік даңғылдарды моделдендіру мәселесі анық көрсетілді.

Елбасы ұлттық қауіпсіздік мәселесіне баса назар аударып, халықаралық лаңкестік пен экстремизм қатері, Ауғанстан, жалпы аймақтық қауіпсіздік мәселелері, қорғаныс мақсатында қазіргі заманғы қуатты әскер жасақтау, осы заманғы аумақтық қорғаныс жүйесін қалыптастыру сияқты маңызды мәселелерді көпшілік назарына ұсынды.

Қорыта айтқанда, Жолдауда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуына қатысты әрбір міндеттен алынатын нәтижелер сол белгіленген жылға ғана емес, болашақтағы маңызды мәселелерді оңтайлы шешуге де бағытталған.

Елбасы 2001 жылы 3 қыркүйекте *«Елдегі жағдай туралы және 2002 жылға ішкі және сыртқы саясаттың басты бағыттары туралы»* Қазақстан халқына Жолдау жасады. Мұнда басты назар сыртқы саяси басымдықтарға бағытталған. Елбасы сыртқы саясат және ел қауіпсіздігін нығайту аясында төмендегі маңызды мәселелерді шешу қажеттігін баса көрсетті:

– интеграцияны одан ары қамтамасыз ету, әлемдік қауымдастықта Қазақстан рөлін күшейту;

– аймақтық қорғаныстың тиімді жүйесін қалыптастыруға белсенді түрде қатысу;

– әскери реформаны аяқтау және қазіргі күнгі Қарулы Күштерді қалыптастыруды жалғастыру;

– шекара және ішкі әскерді бекіту;

– барлық бағыттар бойынша шекараны делимитациялау үдерісін аяқтау және басқа да трансшекаралас мәселелерін шешуде тиімді шаралар қабылдау;

– елдің экономикалық және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмысты күшейту.

Жолдауда Елбасы 2010 жылға дейін Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси даму бағыттары бойынша да аса маңызды негізгі басымдықтарды атап көрсетті. Сондай-ақ, экономика көлемін арттыру, бизнеске қолдау көрсету мақсатында республикалық бюджеттен 2002 жылға 90 миллиард теңге бөлу қажеттігін жеке атап көрсетті. Денсаулық сақтау және тұрғындар денсаулығы сапасын арттыру, білім беру саласын жетілдіре түсу, зейнетақы көлемі мен мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің жалақысын көтеру мақсатында жүзеге асырылатын іс-шаралар айқындалды.

Негізінен алғанда, Жолдауда қазіргі заманға сай Қорғаныс Күштерін құру шараларын жақсарту, ол үшін 2002 жылы әскерді қаржыландыруға 8 млрд теңге бөлу қажеттігі баса көрсетілді. Қазақстанның аймақтық және әлемдік қауіпсіздік мәселесіндегі саяси ұстаным басымдықтары айқындалды.

Елбасының 2002 жылғы 29 қаңтардағы «Ауылға айрықша назар аударылады. Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы» Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттік әкімшілік жүргізудің жаңа қағидаттарына және бюджетаралық қатынастардың тиісті үлгісіне көшу туралы айтылды. Өкілеттіктер мен жауапкершіліктің бір бөлігін орталықтан өңірлерге беру мәселесі, мемлекеттік қызмет сатылары бойынша жылжуды конкурстық жүйесінен мансаптық жүйесіне көшіру, сондай-ақ қолданылып жүрген заңда орын алған қайшылықтардан арылу қажеттігі баса көрсетілді. Елбасы сот саласындағы кадр саясатын жетілдіру мен судьялар қатарындағы сыбайластықты шектеу, құқық қорғау тетігіндегі адвокатураның рөлін күшейту шаралары, көрсетілген жылдың соңына қарай алқабилер (присяжные заседатели) институтын енгізу тұжырымдамасын жасау қажеттігіне тоқталған. Жолдауда өлім жазасы туралы үкімге де тоқталады.

Қазақстанның сыртқы саясаты, ЕурАзЭҚ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Орталық Азия ынтымақтастық ұйымымен, АҚШ-пен, Батыс Еуропа және басқа да елдермен ынтымақтастықты нығайту қажеттігі турасында айрықша тоқталған.

Жолдауда Қазақстанның халықаралық саяси сахнада алар орнын айқындау, алыс және жақын шетел мемлекеттерімен тығыз ынтымақтастық қарым-қатынастар орнату арқылы өзіне сенімді серіктестер табу, аймақтық қауіпсіздік сияқты еліміз үшін күрделі де маңызды мәселелер көтерілген. Елбасы еліміз саяси ұстанымдарының негізін алыс және жақын шет мемлекеттермен ынтымақтастыққа, өзара ықпалдастыққа, серіктестікке құрды. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатта көп бағытты ұстанымды басшылыққа алуы мемлекеттің ішкі саяси жағдайының тұрақтылығына, экономикасының қарқынды дамуына және еліміздің әлемге танылуына жол ашты. Жолдаудың тұтас табиғатынан халық өмірі, елдің ішкі және сыртқы саясаты, оны дамыту мен нығайтудың алғышарттары кеңінен көрінеді.

Елбасының 2003 жылғы 4 қазірдегі «Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары» атты Қазақстан халқына Жолдауында елдің 2004 жылға арналған ішкі және сыртқы саясатының, әсіресе әлеуметтік-экономикалық, мәдениет пен білім беру, рухани даму салаларын дамыту жолдарының басты бағыттары айқындалған.

Жолдауда еліміздің аграрлық саласын өркендету мақсатында мемлекет тарапынан 2004–2005 жылдары ауыл экономикасы қомақты сомаға қаржыландырылатынын жеке атап көрсеткен. Атап айтқанда, алдымен 150 млрд теңгеден аса қаражат бөлініп, алдағы жылдары бұл сома жыл сайын 10 млрд теңгеге ұлғайтылып отыру нақтылы көзделеді.

Индустриялық-инновациялық саясат туралы Жолдауда экономиканы шикізаттық бағытынан дайын өнім шығару бағытына көшіру қажеттігіне көп көңіл бөлінеді.

Жолдауда Астананы дамыту «Астананың өркендеуі – Қазақстанның өркендеуі» бағдарламасы бойынша жүзеге асырылатыны және де Астананың болашақта да қарқынды дамып, көркейе түсуіне бар мүмкіндіктерді жасау қажеттігіне ерекше мән беріледі.

Аталған Жолдауда инвестициялар, салық саясаты бойынша бірқатар маңызды ұсыныстар жасалған. Үкіметке 2004 жылы жекелеген салықтардың мөлшерін азайту тапсырылған. Еліміздің көші-қон шығынының орнын толтыру мәселесі де ерекше назарда болды.

Демократияландыру және тиімді басқару мәселелері бойынша Елбасы алдағы уақытта саяси реформалардың бес басым бағытын қамтитын бағдарламаны жүзеге асыру қажеттігін айқындады. Олардың қатарында мемлекеттік басқару жүйесін жаңалап жетілдіру, яғни мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы құзыреттіліктің ара-жігін айқын ажырату, бюджетаралық қатынастар жүйесін және сайлау жүйесін одан әрі жетілдіре беру, азаматтық қоғам институттарын нығайта түсу, бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамды демократияландырудағы рөлі мен

орнын айқындау, құқық қорғау мен сот органдарының қызметін жетілдіре түсу мәселелері тиісінше сөз болады. Болашағы мен мүмкіндіктері айқындалады.

Елбасының 2004 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, Бәсекеге қабілетті экономика үшін, Бәсекеге қабілетті халық үшін» деген сөздермен басталады. Жолдаудағы басты мәселе бәсекеге қабілетті экономика қалыптастыруға арналған. Ырықтандыру және бюрократиясыздандыру, әлемдік экономикаға интеграциялану, индустриялық-инновациялық даму, индустрияны дамытуға кластерлік тұрғыдан келу керектігі айтылды. Аэроғарыш саласындағы жоғары технологиялық өндірістерді дамыту үшін отандық әлеуетімізді кеңінен пайдалану қажеттігі баса көрсетілді.

Еліміздің экспорт әлеуетінің өсуіне индустрияның базалық салаларын, бірінші кезекте металлургия мен металл өңдеу саласын одан әрі дамыту, қарқынды болу керектігі де ерекше айтылады. Аграрлық саясат мәселесі аясында мемлекет алдына ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, қазіргі заманғы аграрлық ғылымды дамыту, ауылдық жерлердегі кедейшілікті жою үшін шағын несиелер беру жұмысын кеңінен өрістету сияқты басты міндеттер қарастырылады.

Жолдауда тұрғын үй, білім және денсаулық сақтау мәселелері жекежеке қарастырылды. 2005 жылдан бастап тұрғын үй құрылысы жаңа саясатын іске асыру басталатыны айтылды. Бұл саясаттың мәні тұрғын үй құнының арзандауы, оны несиелеу мерзімінің ұзартылуы, алғашқы төлем жарнасы мен несиелеу үстемесінің төмендетілуі арқылы халықтың басым бөлігін тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік беру болып табылды.

Денсаулық сақтау саласындағы бірқатар міндеттер айқындалды. Білім берудің жаңа мемлекеттік бағдарламасы жасалу қажеттігі баса айтылды. Сонымен бірге оралмандар иммиграциясының квотасын 2005 жылы 15 мың отбасына дейін көбейту керектігі көрсетілді. Олардың қайта қоныстануы мен тұрғын үй алуы үшін 9,8 миллиард 800 миллион теңге бөлу жоспарланғаны да айтылады. Оның маңыз-мәні айқындалады.

Жолдауда мемлекеттің бәсекелестік қабілеті, мемлекеттік құрылыс мәселелері де ерекше аталып өтілді. «Электрондық үкімет» қалыптастыру, мемлекеттік қызметшілерді даярлау мен қайта даярлау жүйесінде, мемлекеттік басқару деңгейін және мемлекет ұсынатын қызмет сапасын арттыру мақсатында елеулі өзгерістер қажет екендігі айтылды.

Ішкі саясатқа қатысты Жолдауда үш ұстанымды элементке – азаматтық қоғам институттарын дамытуға, орталықсыздандыруға, тұрақты саяси-партиялық жүйе құруға негізделетіні көрсетілді.

Қорыта айтқанда, Елбасы бұл Жолдауда Қазақстанның барлық салаларының қарқынды дамып, жетілуін қамтамасыз ететін маңызды міндеттерді нақты атап көрсетті. Жолдаудағы негізгі басымдық экономиканың дамуына бағытталған. Бәсекеге қабілетті, азаматтық қоғам құру мақсаты айқындалды.

Елбасының 2005 жылғы 18 ақпандағы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Жолдауында мемлекетіміздің экономикалық және даму бағыттарына ерекше тоқталды.

Жолдауда Қазақстанда нарықтық туризм, мұнай-газ машиналарын жасау, тамақ және тоқыма өнеркәсібі, көлік-логистикалық қызмет көрсету, металлургия және құрылыс материалдары сияқты салаларда 5–7 кластерін жасау мен дамытудың жоспары, сондай-ақ, Ұлттық инновациялық жүйе құру туралы кеңінен айтылады.

Жолдауда білім беру саласының жалпы мемлекет дамуындағы маңыздылығын Қазақстан жоғары оқу орындары әлемдік стандарттар деңгейінде білім беруге, ал жетекші оқу орындарының дипломдары күллі әлемде танылуға тиіс екендігі атап көрсетілді. Ол үшін алдымен білім беру кредиттері есебінен білім алуға арналған гранттардың мөлшерін 50% арттыру, ал жалпы орта білім беру саласында оқушылардың білім сапасын және оларда алғашқы кәсіби дағдыларын қалыптастыру мақсатында 2008 жылдан бастап елімізде 12 жылдық жалпы орта білім беруге көшу жоспарланып отырғандығы айтылды. Бағыттары мен маңызы көрсетіледі.

Жолдау Қазақстан халқының әл-ауқатын, экономика дамуын, оның саяси жағынан күшейе түсуіне бағытталған маңызды іс-шараларды жүзеге асыруды нақты айқындаған, еліміздің барлық салаларының бір уақытта қатар дамып, нығая түсуін қамтамасыз етуге мақсатталған тарихи маңызды құжат болып табылды.

Елбасы 2006 жылғы 1 наурыздағы «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» деп аталатын Жолдауында нақты жеті басымдықты атап көрсетті. Қазақстанның алдында тұрған стратегиялық мақсат – әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарынан орын алу екендігіне зор маңыз беріледі.

Бірінші басымдық – индустрияны дамыту. Қазақстанды экономикалық жаңарту мен халықаралық нарықтарда бәсекеге қабілеттілігін нығайтудың қосымша құралы ретінде БСҰ-ға кіру, экспорттық-импорттық кредиттеуді дамытуды мемлекеттік қолдау, ең жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін академиялық орталықтар мен оқу орындарын құру, осы заманғы және бәсекеге қабілетті көлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, табиғат ресурстарын пайдаланудың ашық саясатын іске асыру, Алматыны қаржы және іскерлік белсенділіктің ірі өңірлік орталығы ретінде дамыту бағыттары белгіленді.

«Қазақстан экономикасын тұрлаулы экономикалық өрлеудің іргетасы ретінде одан әрі жаңарту мен әртараптандыру» атты екінші басымдыққа қатысты қаржы-несие саясаты, қадағалау тәртібі мен тиімді салық саясаты, экономиканың отын-энергетика және өндіруші секторларының тиімділігі мен экономикалық қайтарым деңгейін арттыру, мемлекеттік активтерді тиімді басқару, нарық қағидаттары негізінде

мемлекет пен жекеменшік сектор арасындағы экономикалық өзара қатынастардың тиімділігін арттыру, кәсіпкерлікке кең ауқымды мемлекеттік қолдау, шағын және орта бизнестің тұғырын кеңейту мен нығайту, өңірлік әлеуметтік даму мен кәсіпкерлік корпорацияларын құру есебінен экономикалық өркендеудің өңірлік «локомотивтерін» жасақтау, экономиканы теңдестіре дамыту қажеттігіне сай келетін аумақтық даму, Астананы осы заманғы әлемдік стандарттарға сай келетін қала ретінде, Еуразиядағы халықаралық ықпалдастықтың ірі орталықтарының бірі ретінде дамыту айрықша аталып көрсетілген.

Жолдаудың үшінші басымдығы – Қазақстан халқының әл-ауқатын жақсартуға арналған. Мұнда республиканың әлеуметтік саласын барынша дамытудың басты бағыттары айқындалған.

Жолдауда берілген «Осы заманғы білім беруді дамыту, кадрлардың біліктілігі мен оларды қайта даярлауды үдайы арттыру және Қазақстан халқы мәдениетінің одан әрі өркендеуі» деген төртінші басымдықта осы заманғы білім беру және білікті кадрлар даярлау жүйесін дамыту, Қазақстанның көпэтносты және көпконфессиялы болуы негізінде мәдениеттің ел мемлекеттілігінің қалыптасу үдерісіндегі рөлін нығайту қарастырылады.

Қазақстанда демократияны одан әрі дамыту және саяси жүйені жаңарту мәселесі – Жолдаудың бесінші басымдығы.

Жолдаудағы алтыншы басымдық – осы заманғы қауіп-қатерлер мен қыр көрсетулерге қарсы ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру мен жетілдіру турасында өріс алады.

Жолдаудағы ең соңғы басымдықта Қазақстанның мүдделерін, өңірлік және әлемдік дамудың серпінін ескеретін теңдестірілген және жауапты сыртқы саяси бағытты одан әрі іске асыру мәселесі айқындалған.

2007 жылы 28 ақпандағы Жолдау «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» деп аталды. Жолдаудың бірінші бөлімі «Қазақстан–2030» стратегиясының он жылдығына орай жеті басым бағытқа терең талдау жасалған.

«Қазақстандықтардың өмір сапасының артуы» деген Жолдаудың екінші бөлімінде ІЖӨ-ні еселеу, халықтың әл-ауқатын жақсартудың басты нәтижелері мен алдағы уақытта осы мақсатта жүзеге асырылатын іс-шаралар нақты көрсетілген. Мемлекет тарапынан халықтың әл-ауқатының көтерілуіне байланысты осындай маңызды шешімдердің қабылдануы Елбасының жыл сайынғы халыққа Жолдауында көрініс табады. Қазақстан егеменді ел болған күнінен бастап Елбасы алдыңғы кезекте шешілуге тиіс мәселелердің қатарына зейнеткерлердің жағдайын жақсартуды атағаны мәлім. Бұл Жолдауда қазақстандық зейнетақымен қамтамасыз етуді халықаралық стандарттармен сәйкестендіруге мүмкіндік беретін зейнеткерлерге қатысты бірнеше мәнді шешімдер жасалған.

Жолдауда аталған барлық әлеуметтік төлемдерді көбейтуге жұмсалатын қаражатқа қажеттілік 2008 жылы шамамен 108 миллиард теңгені құрайтынын айта келе, 2007–2010 жылдар ішінде 100 мектеп пен 100

аурухана салуды басты міндет етіп қойған. Жалпы алғанда, Елбасы республиканың әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуды стратегиялық міндет дәрежесіне көтеру қажеттігін баса айтты. Жолдауда Қазақстан Республикасының әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына енуінің бірден-бір маңызды шарты еліміздің экономикасының біртұтас, жүйелі түрде және жеделдете дамуында деп көрсетеді. Елбасы Қазақстан үшін «Жаңа кезеңнің негізгі міндеттерін» мемлекетіміздің экономикасы дамуын әлемдік сапа деңгейіне көтеру аясында нақты атап көрсеткен.

Жолдауда Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта еліміздегі ұлтаралық және конфессияаралық келісім мен бірліктің негізінде халықаралық және әлемдік деңгейдегі зор жетістіктерге қол жеткізгендігі ерекше атап өтілген.

Саяси жүйені дамыту, әкімшілік реформаларды іске асыру және атқарушы билікті жаңарту, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты одан әрі нығайту үшін Қазақстан халықтары ассамблеясының рөлін көтеру; Қазақстан халықтарының рухани дамуы және үш тұғырлы тіл саясаты мәселелері егжей-тегжейлі қарастырылып, оларға қатысты жүзеге асырылатын міндеттердің негізгі бағыттары айқындалған.

Жолдауда көрсетілгендей, Елбасының 1997 жылы Қазақстан халқына алғашқы Жолдауында еліміздің ең басты даму бағыттары бойынша 10 жыл ішінде алынған нәтижелері бойынша қазіргі кезде Қазақстанның тек қана Орталық Азия аймағында емес, әлемдік саяси сахнада өз орны бар, қарқынды дамып келе жатқан мемлекеттердің біріне айналғандығы аян.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2008 жылдың 6 ақпанында «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» деп аталатын Қазақстан халқына Жолдауында, қазақстандықтардың хал-ахуалын жақсарту мәселесі бірнеше қырынан қарастырылып, осыған байланысты маңызды міндеттері айқындалып, оларды жүзеге асырудың жолдары көрсетілген.

Бұл Жолдауда мемлекеттік холдингтердің, даму институттарының, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың ішкі инвестициялық ресурстарын белсендіру қажеттігі баса көрсетілді. Осы орайда, бірнеше дамыту бағыттары айқындалды. Ауыл шаруашылығы мәселесіне келгенде, Елбасы бұл салаға инвестициялар тартуды ұлғайту қажеттігін жеке атап көрсеткен. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін экспортқа шығаратын секторларды күшейтудің маңыздылығы айтылған.

Жас отбасылар үшін тұрғын үй мәселесі секілді өмірлік маңызы бар мәселеге қатысты Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы бойынша нақты бағыттар атап көрсетілді. Халықтың әлеуметтік әл-ауқатын көтеру - мемлекеттік саясаттың басты бағыты. Әрине, Жолдауда Астана қаласын одан әрі дамыту іс-шараларын жүзеге асыру жолдары да айқындалған.

Президент Қазақстанның 2010 жылы бүкіл посткеңестік және ислам дінін ұстанушы мемлекеттер ішінде бірінші болып Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуге қол

жеткізуіне орай, Елбасы «Еуропаға жол» атты арнайы бағдарлама жасалатынын мәлімдеді.

2009 жылы 6 наурыздағы «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» деген Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында бүгінгі күні бүкіл әлем қаржылық дағдарыстан экономикалық күйзеліске ұшыраған кезде Қазақстанда жүргізілетін дағдарысқа қарсы саясаттың мәні айқындалған. Дағдарыстан жаңарып шығудың негізгі жолдары, әлеуметтік-экономикалық салалар бойынша жүзеге асырылатын негізгі шаралар және оған қажетті қаржыны бөлудің нақты жоспары туралы айтылды. Мәселен, агроөнеркәсіп кешенін дамытуға 280 млрд теңге, инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға 120 280 млрд теңге қаражат бөлінетін болды. Жалпы ел экономикасына дағдарысқа қарсы мақсатта 2 трлн. 700 млн-нан астам қосымша қаржы қарастырылды.

Жолдаудағы басты мәселе – халықтың әл-ауқатын көтеру. Бұған қатысты бірнеше маңызды шешімдер қабылданған болатын. Атап айтқанда, 2010 жылы бюджетте қызмет жасайтындар мен стипендия 25%, 2011 жылы тағы 30%-ға көтеріледі. Сондай-ақ, 2010 жылы зейнетақының орта мөлшері 25%-ға, 2011 жылы 30%-ға арттырылады. Білім беру саласы бойынша да қомақты қаржы бөлінді. Алдағы уақытта студенттер үшін мемлекет тарапынан қосымша 11 мың грант және 40 мың несие беріледі.

Жолдауда осындай дағдарыс заманында Қазақстанда жұмыспен қамтамасыз ету мәселесін шешудің бірнеше жолдары атап көрсетілген. Бұдан, әрине, дәстүрлі Жолдау ел өмірінде, оны жақсарту жолында жасалынып отырған нақты міндет пен іс-шаралардың ұнамды көріністері болғаны танылады.

Елбасының жыл сайынғы Жолдаулары – Қазақстанның қазіргі тарихындағы елеулі оқиғалар. Өйткені, ондағы қойылған міндеттер және жасалынған пайымдаулар мен тұжырымдамалар әр жыл сайын бірбірімен жалғастық тауып, мемлекеттің тұтастай дамуын жаңаша деңгейге көтеруді айқындап отырады. Нақты көрсеткіштерге негізделген мақсат-міндеттер қойылады. Мемлекетіміздің жыл сайын барынша қуатты дамып, көркеюінің және халықтың хал-ахуалының көтерілуінің басты кепілдігі болып табылады.

СҰРАҚТАР:

1. «Қазақстан–2030» стратегиялық даму бағдарламасын қабылдау қажеттілігі неден туындады және оның негізгі басымдықтары қандай?
2. Президенттің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларының мәні мен мазмұны неде?
3. Жолдаулардың мемлекеттік стратегияны дамыту мен жүзеге асыру кезеңдері ретіндегі мәні қандай?

6.3. Н.Ә. Назарбаевтың сыртқы саясаттағы басымдықтары

Елбасының мемлекеттік сыртқы саяси стратегиясын қалыптастырудағы ролі. Ядролық қару-жарақтан өз еркімен бас тартқан бірінші мемлекет Қазақстан дүние жүзі елдерін, атап айтқанда, Үндістан мен Пәкістанды ядролық сынақ өткізуден және әскери ядролық бағдарламалардан бас тартуға шақырды. Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы мен Қазақстанның әскери доктринасы бірінші кезекте тату-тәтті көршілік қатынастарды дамытуға, халықаралық проблемаларды өркениетті шешуге, қару-жарақпен сес көрсету және күш қолдану көзқарасынан бас тартуға бағытталған. Қазақстан Республикасы әлемнің 100-ден астам мемлекеттеріне танылып, олармен дипломатиялық қатынас орнатты. БҰҰ-ның және оның құрылымдарының толық құқықты әрі белсенді мүшесі болып табылады. Қазақстанда мемлекеттер мен үкіметтер басшылары, көптеген үкіметтік және парламенттік делегация, сондай-ақ БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ, ЕК, БҰҰДБ, ДСҰ, ХААҰ, ЭЫҰ тәрізді басқа да дүниежүзілік халықаралық институттардың мүшелері ресми сапармен болды. Бізде тіркелген дипломатиялық корпустардың өкілдерімен жүздесіп отыру, ортақ мүраттар төңірегінде сұхбаттар құру дәстүрге айналды.

Қазақстан Республикасының Президенті әлемнің барлық іргелі елдеріне Ресей мен АҚШ-қа, ҚХР мен Ұлыбританияға, Францияға, Италия мен Испанияға, Швейцария мен Австрияға және басқа да мемлекеттерге мемлекеттік, ресми және жұмыс сапарларын жасады. Сауд Арабиясында исламның екі қасиетті орнының сақтаушысы король Фахдпен кездесу мен ислам әлемінің киелі жерлері – Мұхаммед пайғамбардың кесенесі мен мешітіне бірегей зиярат ету рәсімі жасалды. Ватиканда Қазақстан жетекшісі Н.Ә. Назарбаев пен римдік-католиктік шіркеудің басшысы папа Иоанн Павел II-нің екі рет кездесуі болды.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен ЮНЕСКО және НАТО-ЕАПС-тың мерейтойлары, БҰҰ Бас Ассамблеясының арнайы мәжілісі, ЕҚЫҰ-ның Хельсинкидегі, Лиссабондағы, Будапештегі және Стамбулдағы тарихи кеңестері, II Дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 50 жыл толуына арналып Парижде, Лондон мен Москеуде тойланған мерекелер тәрізді халықаралық ұйымдардың ірі іс-шаралары өтті. 2000 жылға қарай Қазақстан көптеген интеграциялық үдерістердің белсенді қатысушысы және бастамашысы болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ұсынған еуразиялық интеграция идеясы практикада іске асырылды. Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құрылды. Біртұтас кеден кеңістігін құру келесі қадам еді. Әлемдік саясатта Қазақстан жария етіп, жүргізіп отырған көп векторлы саясат өзінің елеулі нәтижелерін беруде. Бұл тұрғыда Америка Құрама Штаттарымен стра-

тегиялық және демократиялық серіктестік, Жапониямен стратегиялық серіктестік туралы келісімдерге, «Шанхай бестігі» жобасы шеңберіндегі шекараның ұзына бойында сенім шаралары туралы келісімге, Ресеймен, Өзбекстанмен, Қырғызстанмен, Украинамен достық туралы шарттарға қол қою айрықша орын алады. Қазақстан Республикасының ҚХР-мен шекарасын межелеу, Ресеймен, Өбекстанмен және Қырғызстанмен шекараны белгілеу туралы мәселені шешу жөнінде жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Казақстан бейбітшілік сүйгіш сыртқы саясат жүргізе отырып, Таулы Қарабақтағы, Тәжікстандағы, Шешенстандағы, Югославиядағы қақтығыстарды тоқтатуды жақтап үн қосты. «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» козғалысының халықаралық бітімгершілік акцияларына қатысты.

Мемлекет басшысының сыртқы саяси қызметі Қазақстанның әлем мемлекеттерімен сыртқы экономикалық байланыстарын дамыту мәселелерін шешумен тығыз сабақтасып жатыр. Экономикалық ынтымақтастық туралы шарттарға іс жүзінде Шығыс және Батыс Еуропаның барлық мемлекеттерімен, арабтық Шығыс елдерімен, Үндіқытаймен, Корей түбегімен, Түркиямен, Иранмен және Пәкістанмен қол қойылды. Экономикалық ынтымақтастық үйым шеңберінде көрсетілген елдермен ынтымақтастық табысты жүзеге асырылуда. Қазақстан мен Германия арасындағы белсенді әрі ұзақ мерзімді ынтымақтастық дамуда. Балтық және Қаратеңіз жағалауы елдерімен байланыс жолға қойылды. «Шеврон», «Мобил», «ЭНИ», «Бритиш Газ», «Мицуи», «Харрикейн», «АЕС» және басқа жетекші корпорация, компаниялармен жемісті ынтымақтастық дамуда. Ірі келісімдерге қол жеткізіліп, Каспий мұнайы мен газын өндіру, Қарашығанақ пен Теңіз кеніштерін, сондай-ақ Екібастұз көмір разрезін пайдалану жөніндегі жобалар іс жүзінде жүргізілуде. Каспий құбыр жүргізу консорциумының жобасы жүзеге асуда. Трансазиялық көлік дәлізі жасалып, табысты жұмыс істеуде. Қазақстанның табиғи байлығы мен жер асты кендерін игеруде әлемнің дамыған елдерімен ынтымақтастық кеңейе түсуде. Қазақстанда іргелі әлемдік компаниялардың пайда болуы – Мемлекет басшысының елге шетелдік инвестицияларды тарту жөніндегі табанды қызметінің нәтижесі. Қазақстан жетекшісінің Давостағы дүниежүзілік экономикалық форумның, Кранс-Монтана мен Зальцбургтағы инвестициялық саммиттердің жұмысына белсенді қатысуы да белгілі дәрежеде жемісті болды.

1994 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өз резиденциясында ЕуроОдақ Комиссиясының (КЕС) Қазақстандағы тұрақты өкілі Роберт Кремерлің сенім грамотасын қабылдады. Елбасы Алматыда ЕуроОдақ өкілдігінің ашылуы Қазақстан мен Еуропа арасындағы экономикалық, саяси байланыстардың дамып, еуропалық серіктестермен сауда-саттық, іскерлік қатынастардың жолға қойылуына елеулі көмек көрсетті. Қазақстанның Еуропалық қоғамдас-

тық, Халықаралық валюта қоры, Халықаралық және Еуропалық қайта құру және даму банктері, Азиялық банк және басқа көптеген іргелі әлемдік қаржылық-экономикалық институттармен ынтымақтастығы нығайып келеді. Н.Ә. Назарбаевтың шетелдерге сапарлары барысында Қазақстанда құрылған жеткілікті нормативтік-құқықтық база негізінде өзара тиімді ынтымақтастық жобаларына назарлары ауған әлемдік бизнес-элитаның өкілдерімен көптеген кездесулер өткізілді.

Қазақстан халқы тұңғыш рет өз тарихында ел астанасының геосаяси және экономикалық орналасу басымдықтарын айқындады. Осынау тарихи шешім Президент Н.Ә. Назарбаевтың көрегендігі мен саяси күш-жігері арқасында жүзеге асырылды. Бұл – Қазақстанның халықаралық аренада бейбітшілік пен қауіпсіздікті жақтайтын, беделді мемлекет ретінде орнығу дәуірі. Бұл – біздің еліміздің толық ауқымды демократияға өту, экономикалық және саяси дамудың жаңа деңгейіне шығу кезеңін көрсетті.

Қазақстан бүгінде халықаралық қоғамдастықтың толық құқықты және жауапты мүшесі болып табылады. Дербес даму кезеңі ішінде отандық экономиканы дамытуға 50 миллиардтан астам доллар тартылды. ТМД елдері арасында халықтың жан басына шаққанда тікелей шетелдік инвестицияларды игеру көлемі жағынан, халықаралық сарапшылардың бағалаулары бойынша, Қазақстан көш басында келеді. Орталық Азияның үлесіне тиесілі инвестициялардың 80%-ы да Қазақстанда болып отыр. Бұл ретте негізгі капиталдағы елдің ішкі инвестициялары шамамен 70 миллиард долларды құрайды. Осының бәрі, сайып келгенде, мемлекетті нығайту, алыс-жақын елдермен достық қарым-қатынас орнату негізінде тәуелсіздікті баянды ету болып табылады.

Еуразиялық инициатива: жалпы сипаттамасы мен алғышарттары. Егемендік пен сыртқы саясаттағы дербестіктің айқын көрінісі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1994 жылы жоба түрінде ұсынған «Мемлекеттердің Еуразиялық одағы» мен Еуразиялық бастамасы болды. «Еуразия одағы» жобасы аймақтық мәселелерді парасатты түрғыда әрі өзара тиімділікпен шешу мақсатын көздейді. Еуразиялық бастама егеменді Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік мүддесін қорғаумен және оның Еуразия елдерімен өзара тиімділікке негізделген ынтымақтастығымен ерекшеленеді. Н.Ә. Назарбаевтың жобасы және оған қатысты туындаған көзқарастар, халықаралық пікірталастар тарихтағы дәстүрлі еуразиялық идеяға елеулі өзгерістер енгізді. Бұл күнде Еуразиялық бастамаға теориялық және практикалық тұрғыдан бірқатар толықтырулар да жасалды. Жаңа бағыттар айқындалды.

XXI ғасыр дамуына жауап бере алатын қазіргі еуразиялық ілімнің негізін салушылардың бірі - Қазақстан Президенті. Елбасының еуразиялық ілімі өткен он сегіз жылдың ішінде айтарлықтай кеңейіп, күрделене түсті. Сөйтіп, Қазақстанның ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегиясының құрамдас бөлігін айқындайтын еуразиялық ілімі сипатына ие болды.

«Doctrina» сөзі латын тілінен аударғанда – ілім, ғылыми, саяси теория, тұжырым, шешуші теориялық немесе саяси қағида деген мағынаны білдіреді. Қазақстан Республикасы Президентінің еуразиялық ілімінде теория мен саясат сабақтаса байланысқан. Осы ілімнің тәжірибеде жүзеге асуы бүгінгі күні Елбасының бастамасымен құрылған ЕурАзЭҚ, ШЫҰ, СВМДА секілді мемлекетаралық аймақтық бірлестіктер қызметімен, Еуропа, Азия елдерімен ынтымақтастықтан (соның ішінде ЕҚЫҰ, ОИК-пен), сонымен қатар Қазақстан халықтары ассамблеясы форумдарымен, Әлемдік діндер съезімен дәлелденіп отыр. Аса ірі еуразиялық мемлекет – тәуелсіз Қазақстан Республикасының бейбітшілік пен тұрақтылықты ту етіп, табысты дамуының өзі еуразиялық ілімінің нақты жүзеге асуын көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Еуразия Одағын» құру жөніндегі бастамасы кездейсоқ ұсынылған жоқ. Одақ қазіргі еуразиялық идеяның тарихи, интеллектуалдық, саяси, халықаралық алғышарттары бар.

Тарихи алғышарттары. Еуразиялық кеңістікте жатқан Қазақстан ежелгі уақыттан бері Шығыс пен Батыс, Еуропа мен Азия өркениеттерінің арасын байланыстырушы буын қызметін атқарды. Нәтижесінде тарихи-мәдени байланыстың қазығы болды. Далалық өркениеттің «ортадағы» сипатта болғандығы да шындық. Түрік әлемі қытай, иран, славян, еуропалық мәдениеттермен өзара ықпалдасты. Хандық дәуірде де, патшалық, одан қалды кеңестік Ресейдің отарында болған кезеңдерде де Қазақстанның Еуразия кеңістігінде алатын орны ерекше болды. Біздің еліміз геосаяси және өркениетті тұрғыда қарағанда Қытай, Орталық Азия мен Ресейдің арасында «кіндік ортадағы» жағдайды иеленеді. Қазақстанның Еуропа мен Азияның тоғысындағы алатын тарихи жағдайы туралы Президент Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде жан-жақты жазды. Сонымен, Қазақстанның көпғасырлық ұлы тарихы, жетістіктер мен жемісті кезең шежіреленді. Елбасының қазіргі Еуразиялық ілімінің тарихи алғышарты болып табылады.

Халықаралық-аймақтық алғышарттары. Еуразия бастамасы бұл ауқымды аймақтық жоба болғандықтан, оның алғышарттарына XX ғасырдағы Еуропа, Азия, Америкада әзірленген аймақтық ықпалдасу жобасы кіреді. Қазақстан Президенті: «Бүгінгі әлемде аймақтық одақтардың неше түрі бар, олар сонысымен де мықты болып отыр», – деген-ді. Еуразиялық жобаның маңызды халықаралық алғышарты Еуропалық Одақты қалыптастыру үдерісі екендігі де мәлім. Осы үлгі – Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы үшін басты негіз болды.

Интеллектуалдық алғышарттары. Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық бастамасының жаңашылдығын айта отырып, оның интеллектуалдық алғышарттарын да көрсетуіміз қажет. Біріншіден, қазіргі еуразиялықтың интеллектуалдық алғышарттары 1920 жылдардан басталып, Ресейден Еуропаға қоныс аударған Н.С. Трубецкой, П.Н. Савицкий,

Г.В. Вернадский, Э. Хара-Даван, К.А. Чхеидзе және өзге де ойшылдардың арасында қалыптасты. Олар өздерін «еуразиялықтармыз», ал идеяларын «еуразиялық» деп атаған. Бұл дегеніміз «еуропалық» және «азиялық» элементтерді жинақтайтын жаңа әлем жөніндегі түсінік. Алайда өзінің ауқымды мәдени-танымдық кеңістігіне қарамастан, еуразиялық идея негізінен ресейлік мәселелер төңірегінде қалыптасты. Еуразиялықтардың идеялары кеңестік болмыстың талаптарына сай болу үшін өзгеруге тиіс еді.

Екіншіден, еуразиялық идея еуропоцентризмді, отарлау мен империализмді теріске шығарады. Сондықтан, XIX–XX ғасырларда тарихқа мәдени-өркениеттік көзқарасты ұстанғандар қатарына Н.Я. Данилевский, О. Шпенглер, П. Сорокин, А. Тойнби секілді ойшылдарды жатқызамыз. Мәдениеттану тұрғысынан еуразиялық идея әлемнің өркениетті көпқырлылығын, яғни «өркениеттер қақтығысын» емес, сүхбат, ынтымақтастық қырынан көрсетеді. Қазіргі заманғы тарихшы Р.А. Медведевтің: «Шығыс пен Батыс «ешуақытта қосылмайды» деген Д.Р. Киплингтің сөзін бәрі біледі, бірақ та өзінің Еуразиялық жобасымен Нұрсұлтан Назарбаев бұл тезистің қате екендігін көрсетті», – деген ой-пікірінің негізі бар.

Үшіншіден, түрік-славяндық, шығыс-батыстық ықпалдастықты зерделеу үдерісі арқылы еуразиялықтың өзіндік ерекше бейнесі XIX ғасырдың екінші жартысындағы – XX ғасырдың басындағы орыстың қоғамдық зердесінде (К.Н. Леонтьев, В.И. Ламанский, Г.Н. Потанин, В.В. Бартольд), сондай-ақ түріктің қоғамдық зердесінде (Ш. Уәлиханов, И. Гаспринский, Абай, Ә. Бөкейхан, М. Шоқай) қалыптасты. Сөйтіп, Еуропа мен Азияның, Шығыс пен Батыстың өзара оң байланысы түрғысындағы идея бірте-бірте түрік және орыс ойшылдары мен ғалымдарының еңбектеріне ене бастады.

Төртіншіден, кеңестік билік тұсында еуразиялық идеяға қатысты еңбектер қоғамнан аластатылды. Кезінде шетелдерге қоныс аударған еуразияшылдардың еңбектерін оқу қол жетпес арман болатын. Тек қана кейбір ғалымдардың еуразиялық көзқарасты (атын атамай) қолдануға батылдары жетті. Орыс ғалымдарының арасынан көрнекті тарихшы және географ Л.Н. Гумилевты, ал қазақтар арасынан белгілі қоғам қайраткері, ақын және зерттеуші О.О. Сүлейменовті атаймыз.

Л.Н. Гумилевтың еңбектері тарихи танымды кеңейтті. Ғылымда жансыз әлеуметтік-экономикалық материализм мен еуропоцентризмнің үстем болуына қарамастан, әлемдік тарихқа этнологиялық көзқарасты батыл қолданды. Еуразиядағы түрік-славян «комплиментарлық» (жинақталған) идеясын дамытты. Л.Н. Гумилев ғылыми айналымға жаңа іргелі өркениеттік ұғым – «Ұлы Даланы» енгізді. Оның тұжырымы адамзат тарихының көпқырлылығы, оның желілі емес циклдік дамуы еуропоцентризмнің шектеулі екендігін түсіндірді. Мәдени-өркениеттік мәселе қоғамдық санаға қайта оралды. Л.Н. Гумилев 1980 жылдардың соңында «соңғы еуразияшыл», шын мәнісінде «тірі классик» болды (жаңа

дәуір үшін - қазіргі еуразияшылдыққа жол ашқан «бірінші» адам). Л.Н. Гумилев 1992 жылы қайтыс болды. Көрнекті ойшылдың Н.Ә. Назарбаев ұсынған Еуразиялық жобасын көруге екі жыл өмірі жетпеді. Әйтпегенде, 1994 жылы Қазақстан Президентінің Еуразиялық жобасын, егемен елдің бағыт-бағдарын, даму үдерістерін қолдаған болар еді.

Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық бастамасының саяси алғышартына Еуразия кеңістігінде жаңа егеменді мемлекеттердің пайда болуы жатады. 1993 жылы мамырда Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның болашағы - қоғамның идеялық бірлігінде» еңбегінде Қазақстанға әлемнің назары ауып отырғандығын тілге тиек етіп, еліміздің географиялық жағдайын, этнодемографиялық және басқа дамуын ескере отырып, көп қырлы бағдар ұстану аса маңыздылығын тұжырымдаған еді. Сонымен бірге Елбасы ТМД мемлекеттерімен ынтымақтастық қарым-қатынасқа бірінші кезекте көңіл аударатындығын мәлімдеді. Оның ел дамуына оң әсерін айқындады.

Кеңестік билік жүйесі ыдырағанынан кейін күрделі жағдай қалыптасты. Қазақстан қоғамына бірігу қажет болды. Еуразиялық идея сыртқы саяси, аймақтық бағытына қарамастан, Қазақстан халқының іштей бірігуіне мүмкіндік туғызды. 1990 жылдың басындағы тарихи оқиғалар саяси ойлардың дамуына түрткі болды. Жаңа еуразиялық бастама заманға сай егеменді мемлекеттердің ынтымақтастығын қалыптастыруға себеп болды. Жалпы ғаламдық, аймақтық және ұлттық жағдайлар еуразиялық идеяның қайта өрлеуін, XX ғасырдың соңындағы аймақтар мен әлемдегі түбегейлі өзгерістерге орай жаңару қажеттігін де көрсетті. Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық бастамасының тарихи, интеллектуалдық және саяси алғышарттарының көкейкестілігі де осында еді.

Н.Ә. Назарбаевтың мемлекеттердің Еуразиялық одағын қалыптастыру туралы жоба-бастамасы. Еуразиялық жоба - 1990 жылдардың бірінші жартысындағы мемлекет басшысының тұжырымдамалық ілімі, егеменді Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік стратегиясының маңызды бөлігі. Президент: «...халықаралық бірлестіктер тәжірибесін ұзақ зерттеп, ТМД елдеріндегі жағдайды жете талдап, ықпалдасу үдерісін жылдамдату керек» деген қорытынды жасады. Алғаш рет Еуразиялық бастама Елбасының 1994 жылы 22 наурызда Ұлыбританияға ресми сапары кезінде тезистік түрде айтылды. Президент Н.Ә. Назарбаев «Chatham House» аталатын Королеваның халықаралық қатынастар институтында сөз сөйлеп, бұрынғы кеңестік кеңістіктің дамуында екі мақсат бой көрсетіп отырғанын көрсетті: бір жағынан – ұлттық мемлекеттілікті қалыптастыру, екінші жағынан – ықпалдасудың қажеттілігі. Мемлекет мүддесін, аймақтың тұрақтылығын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету басты мақсат болды. Лондонда бірінші рет мемлекетаралық бірлестік – «Еуро-Азиаттық одақтың» аты ұсынылды.

1994 жылдың 29 наурызында, Ресей Федерациясына ресми сапары шеңберінде Н.Ә. Назарбаев М.В. Ломоносов атындағы ММУ-де сөз сөйлеп, онда Қазақстан басшысы жаңа аймақтық бірлестік – «Евра-

зиялық Одақ» құру жөніндегі идеяны дамытты. Аймақтық бағыттарды талдау негізінде бірігудің қажеттілігі жөнінде қорытынды жасады. Өйткені, тіпті «көп ғасырлық мемлекеттілігі бар Еуропа елдері бірігуге келе жатыр», себебі «әлемдік нарықтың қатаң қарама-қарсылығын» түсінуде Президенттің реализмі «Еуразия Одағын» құру «Қазақстан мен Ресей» ядросынан басталуы мүмкін екендігін түсіндірумен айқындалды. Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы ғылыми ортаның үлкен қызығушылығын тудырды. 1994 жылы 22 және 29 наурызда Мәскеу және Лондон қалаларындағы сөйлеген сөзінің тарихи мәні аймақтық үдерістердің болашағын, әсіресе Қазақстан мен Ресейдің құрлықтағы «аралық жағдайын» түсіндірумен де маңызды. Әлем елдері еуразиялық жобаны талқылауда Қазақстанды посткеңестік республика ретінде емес, қазіргі халықаралық дамуда өзіндік жеке орны бар мемлекет ретінде қарастырады. Қазіргі әлемдегі Қазақстанның Еуразиялық мемлекет ретінде ұстанған бағыты Президент Н.Ә. Назарбаевтың 1994 жылы жасалған негізгі тұжырымдарының бағыты дұрыс әрі өміршең екендігін дәлелдеді.

Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық бастамасы ТМД аймағы үшін жаңашыл жоба болып табылады. Еуразиялық бастама сол жылдардағы қиындықтардың алдын алуға бағытталып, стратегиялық негізге ие болды. Елбасының «Мемлекеттердің Еуразия одағын құру жөніндегі» жобасы 1994 жылы 3 маусымда ТМД-ға қатысушы мемлекет басшыларына жіберіліп, оның нәтижесі 6 маусымда қазақстандық, ал 8 маусымда ресейлік баспасөзде жарияланды. Жобаның тұжырымдамалық кіріспесі маңызды мәнге ие. Онда (наурыз айындағы сөйлеген сөзінде де) көрсетілгеніндей, ТМД елдерінің дамуы екі үдеріспен анықталады: бір жағынан, «ұлттық мемлекеттіліктің одан әрі қалыптасуымен», сондай-ақ, екінші жағынан — «ықпалдасумен». «ТМД елдерінің басты мәселесі — қабылданған шешімдердің орындалмауында», - деп Н.Ә. Назарбаев атап көрсетті. Осыдан келіп, «барлық қатысушы мемлекеттер тарапынан бірлесіп қабылданған міндеттемелердің сақталуына кепілдік беретін, ықпалдастықтың жаңа деңгейіне көшу» қажеттілігі туралы қорытынды жасалады.

Қазақстан Президенті «жаңа ықпалдастық бірлестікке» төмендегідей анықтама береді: «ЕАО — әрбір қатысушы елдердің ұлттық-мемлекеттік мүддесін іске асыруға бағытталған және тұтас бірігу әлеуетіне ие, тең құқылы тәуелсіз мемлекеттердің одағы. ЕАО егемен мемлекеттердің ықпалдасу нысаны болып табылады». Еуразиялық жоба экономика саласымен ғана шектелмейді, онда, ортақ мақсат жолында күш біріктіруді қажет ететін: ғылым, мәдениет, білім, қорғаныс, қауіпсіздік, экология мәселелері өз орнын тапты.

Қазақстан және ТМД елдері: ықпалдастық пен ыдыраушылық аралығында. Қазақстан Президентінің Еуразиялық даму тұжырымдамасы Еуразиялық жоба жарияланған соң үнемі дамытыла берді. Еуразиялық бастама әлеуетін тәжірибеде жүзеге асыру да қатар жүргізілді. Жоба аймақтық мәселелерді парасаттылықпен ұғынудың қуатты көзіне айналды.

Жобаны белсенді түрде талқылау – 1994 жылы өтті. Жобаны жариялаған соң үш күннен кейін, яғни маусымның 11-і күні Н.Ә. Назарбаев «Независимая газета да» кең көлемді сұхбат берді. Мәскеу қаласында 14 маусым күні РФ Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясында өткен «Еуразиялық ықпалдастықтың болашағы» атты дөңгелек үстелде Қазақстан Республикасының Президенті Аппаратының Ақпараттық-сараптау орталығының бастығы М.М. Тәжин баяндама жасады. Ал шілденің 5-і күні РФ Мемлекеттік Думасында өткен тыңдауда жобаның мәні туралы Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі Т.А. Мансұров баяндап берді. Сондай-ақ, Мәскеу қаласында шілденің 18-і күні Президент Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық бастамасы туралы ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Сыртқы істер министрлерінің Кеңесі мәжілісінде Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрі Қ.Б. Саудабаев арнаулы хабарлама жасады. Осылайша, ТМД елдерінің зияткерлік өміріне жобаның енуі басталды. Еуразиялық жобаның түсіндірілуі мен одан әрі дамуында, әсіресе үлкен рөл атқарған Қазақстан Президентінің, яғни автордың баяндамалары, мақалалары, сұхбаттары болды. Өткен 15 жыл (1994 жылдан бастап) бойына халықаралық кездесулерде, сондай-ақ әртүрлі ғылыми конференцияларда, баспасөз бетінде Еуразиялық ықпалдастық тақырыбы бойынша сөз сөйледі.

Н.Ә. Назарбаев 1994 жылдың қыркүйек айының 20-сы күні Алматы қаласында өткен «Еуразиялық кеңістік: ықпалдастық мүмкіндіктері және олардың жүзеге асуы» деген халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда баяндама жасап, Еуразиялық жобада «ұлттық мемлекеттік құндылықтар мен жаңа негізде ықпалдасу қажеттілігі үйлесімінің, әсіресе экономика саласында, өркениеттік формуласы табылғанын» атап көрсетті. Мәскеу қаласында Әлеуметтік ғылымдар академиясында 1994 жылы қазан айының 22 күні жасаған «Еуразиялық одақ: идеялары, проблемалары, болашағы» атты баяндамасында Қазақстан Президенті былай деді: «Еуразиялық жобада «нарықтық қатынастарға негізделген жаңа ықпалдастық, жаңа одақ туралы өңгіме өрбиді». Еуразиялық жоба бұрынғы бірлестіктерді қайталау емес, түбегейлі жаңа ықпалдастық болып табылады. Сөйтіп, ұстанымды мәселенің астын сызып көрсетті. Талқылаудың алғашқы қорытындыларын жинақтай келе, 1994 жылы желтоқсанның 28-і күні «Известия» газетінде Қазақстан Президенті: «Менің мақсатым ықпалдасу барысының тұжырымдамасын жалпы жинақтау еді, яғни болашақтағы ықпалдастықтың жалпы пішінін көрсету», – деп шегелеп айтты. Автордың көзқарасы бойынша 1994 жылғы жоба – бұл «үлгі жоба».

Сонымен, 1994 жыл – Қазақстан Президентінің рухани зияткерлік бағыттарын айқындаған жылы болды. Н.Ә. Назарбаевтың жобасы ТМД елдерінің қоғамдық-саяси ортасын дүрліктірді, жалпыға бірдей ілтипатқа ие болды, өткір пікірталастардың тақырыбына айналды. Қазақстан Президенті жан-жақты – ұзақты болжай алатын саяси қайраткер, терең

ойшыл және пікірталастың көмілі шебері ретінде өзін көрсете білді. 1995 жылдың басында, баспасөз толық негізде, Н.Ә. Назарбаевты «еуразиялықтың идеологы» және «жаңа заман еуразисі, яғни өткенге емес, болашаққа – XXI ғасырға назар аударушы» деп атады. Н.Ә. Назарбаев 1995 жылы еуразиялықты рухани зияткерлік тұрғысынан тиянақтауға үлкен мән берді. «Россия» газетіне (1995 жылдың қазаны) берген тұжырымдамалық сұхбатында Президент: «Еуразияда бірқатар елдер бар «солтүстікте Ресейден бастап, оңтүстікте Үндістанға дейін», әзірге олар «Шығысқа да, Батысқа да жатпайды», – дей келе, бұл кеңістікті «аңдысын аңду белбеуі» деп атады. Еуропаның, әсіресе Азияның болашағы едәуір дәрежеде осы геосаяси белбеу елдерінің өз бағытын қалай анықтауына тәуелді болмақ. Оларға Ресеймен бірлесе отырып, «қауіпсіздіктің жаңа жүйесін» құруға болар еді. Көрініп тұрғандай, Н.Ә. Назарбаевтың пікірінше, тек Еуразиялық жоба ғана осы аймақты геосаяси «аңдысын аңду» саясаты жағдайынан алып шығатын сындарлы күштердің қатарына жатты.

Ықпалдастық проблемаларын жинақтап, қорытуда Н.Ә. Назарбаевтың 1996 жылдың қаңтарында жазылып біткен «Ғасырлар тоғысында» атты кітабының маңызы зор. Онда ТМД елдерінің қарым-қатынастары неғұрлым шиеленісті «ықпалдастық және ыдыраушылық» үдерістерімен айқындалған. Бірақ, «ықпалдастықтағы жаңа импульстің өзектілігі мен мүмкіндігін бұл жоққа шығара ма?» – деп Қазақстан Президенті сұрақ қояды да, өзі жауап береді: «Сенімдімін, олай емес». Бірақ та жаңа болмыс, өзгерген ахуал жобаға түзету енгізуді, «ықпалдастықтың жаңа стратегиясын» құруды талап етеді.

Ықпалдастықтың жаңа стратегиясы бірқатар ережелерге негізделінуі тиіс: 1) «бірыңғайланған», «стандартталған» ықпалдастықтың орнына географиялық жағынан неғұрлым жергілікті және неғұрлым іс-әрекетке (практикаға) ерекше мән берілген жолмен жүру, яғни бұл егеменді мемлекеттердің экономикалық құндылықтарын ескеруге мүмкіндік береді; 2) посткеңестік кеңістіктегі ықпалдастықты бұрынғы қалпына келтіру мүмкін емес, КСРО-ны қалпына келтіруге шақыру егеменді мемлекеттерді онан сайын бір-бірінен алшақтата түседі; 3) «ықпалдастық туралы бос ұрандатудың қажеті жоқ», мақсаттар айқын болуы тиіс, яғни, тауарлардың, капиталдың, жұмыс күшінің еркін қозғалыстағы «біртұтас нарығы»; 4) ТМД мемлекеттерінің ықпалдастығын сыртқы саясаттағы басымдылық ретінде тану.

Сонымен, 1990 жылдардың орта шенінде толыққанды Еуразиялық одақ құрудың мүмкін еместігі, ақиқат жағдайға айналды. Бұл негізгі еуразиялық тұжырымдамаға түзету енгізді. 1996 жылы Қазақстан Президенті «аймақтық және салалық бірлестіктерді», жергілікті «ықпалдастық нысандарын» құру қажеттігін атап көрсетті. Бұл жолдың дұрыс қана емес, сондай-ақ көп жағдайда ықпалдастық үдерісін алға жылжытудың бірден-бір әдісі екенін уақыт шындыққа шығарды.

«Қазақстан барлық ТМД мемлекеттерінің еуразиялыққа «пісіп-жетілуін» күтпейді», «еуропалық» вектор мен «орталық-азиялық» –

негізгі екі бағытта көптеген байланыстар орнатады» – деп атап көрсетті Н.Ә.Назарбаев. Нақ осы бағыттарда, «екі жылдамдықпен», Н.Ә.Назарбаев көрсеткендей, 1990 жылдың орта шенінде ТМД елдерінде ықпалдастық «ядросының» қалыптасу үдерісі жүрді. 1996 жылдың басында, ықпалдастыққа ұмтылыстың жаңа толқынында, Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев Ресей Президенті Б.Н. Ельцинмен жүргізген келіссөз барысында тұңғыш рет аймақтық ықпалдастықтың ортақ валютасы ретінде «алтынды» ұсынды. Өйткені, бұл ұғым «славяндарда да, түркіліктерде де қолданылыста болған». Еуразиялық жобаның дамуындағы жаңа тұжырымдамалық қадам, аймақтық ықпалдастықтың «ықпалдастық ядролары», «векторлары» және «жылдамдықтары» туралы идея болды. 1996 жылы Н.Ә. Назарбаев Еуразиялық жобаның барлық тұжырымдамалық (және іс-әрекеттік) диверсификациясын 1990 жылдарлың шынайылықтарына сәйкестендіре отырып жүзеге асырады. Мұндай диверсификация Еуразиялық ықпалдастықтың Келендік одақ көлеміндегі ықпалдастыққа қайшы келмейтіндігіне салмақты дәлел болды. Бұл екі мемлекетаралық бірлестіктер неғұрлым кең көлемдегі ықпалдастықтың аймақтық компоненттері, яғни болашақ Еуразиялық одақ құрылымының «бейне-үлгісі» болды. Қазақстан Президентінің 1996 жылы жасаған жалпы қорытындысы: «Ықпалдасушылық теңдікке, еркіндікке және прагматикалық құндылыққа негізделсе, бұл Еуразияның лайықты болашағы, ол тек осы жағдайда ғана әлемдік экономика мен XXI ғасыр саясатының жаһандық факторына айналмақ».

2000 жылдардағы Еуразиялық инициативаны іске асыру. Н.Ә. Назарбаевтың жаңа тұжырымдамалық көзқарастары бірте-бірте іс-жүзіне асырыла бастады. Соның мысалы, 1996 жылдың наурыз айының 29-ы күні жасалған Экономикалық және гуманитарлық салалардағы ықпалдастықты тереңдету туралы шарты бола алады. Бірақ ықпалдастық үдерісі тура жолда, бір мәнділікте болмады және бұл болашақта ықпалдастық іс-әрекетін дамытумен қоса, еуразиялық ғылымды да дамыту қажеттілігінің куәсі іспетті еді. 1996 жылдың мамырында Қазақстан Президенті Еуразия университетін құру туралы шешім қабылдады. Бұл аяқ астынан қабылданған шешім емес, яғни 1994 жылдың қыркүйек айының 20-сы күні «Еуразиялық кеңістік: ықпалдастықтың әлеуеті және оны іске асыру» атты халықаралық конференцияда Н.Ә. Назарбаев Еуразия университетінің идеясын ұсынды. Ол тек қана білім беру емес, зерттеу мен зерделеуге негізделген «әдіснамалық» мақсаттарды да шешуі тиіс болатын.

Қазақстан Президенті жаңа үлгідегі университетті Астана (ол кезде әлі Ақмола) қаласында құруды дұрыс деп тапты. Ол кезде қала әлі астаналық мәртебеге ие болмаса да, жаңа астананың тәуелсіз Қазақстанның болашақ аймақтық стратегиясында алар орны зор екенін байқатқандай еді. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университетінің құрылуы туралы Жарлыққа 1996 жылы мамырдың 23-і күні қол қойылды. Бұл бірегей шешім олқылықтың орнын толтырды (ТМД елдерінің ғылы-

ми қауымдастығында көпшілік үшін тосын жағдай еді) және Қазақстанға келген шетелдік оқымыстыларға үлкен әсер етті. Ақиқатында, Еуразия университеті – Астананың рухани зияткерлік қара шаңырағына, ғылым мен білімнің ордасына айналды.

Еуразиялық ұлттық университеттің құрылуы көп салалы мәнге ие. Біріншіден, жаңа астанада аса ірі университет құрылды, мұның өзі өсу үстіндегі мемлекет үшін айрықша маңызы бар. Екіншіден, жаңа университет тұжырымдамалық атауға ие болды. XX ғасырдағы аса көрнекті еуразия тарихшысы Лев Николаевич Гумилевтің есімі берілді. Ғалымның 90 жылдығына орай, 2002 жылы ЕҰУ-да Л.Н. Гумилевтің мұражай кабинеті ашылды, оған әйелі Наталья Викторовна Гумилева Лев Николаевичтің Мәскеудегі түпнұсқа жұмыс кабинетін түгелдей әкеп берді. Атап айту керек, мұндай университетті құру абсолюттік жаңашылдық болды және ТМД кеңістігінде теңдессіз оқиға ретінде бағаланды. Үшіншіден, Қазақстан университеттік дәрежеде қазіргі заманғы еуразияшылдықтың ғылыми талдамасына негіз қаланды (2002–2007 жылдары ЕҰУ-дың қабырғасында алты рет халықаралық «Еуразиялық ғылыми форум» өткізілді, онда әртүрлі елдердің ғалымдары қазіргі заманғы еуразияшылдықтың өзекті мәселелерін талқылады). Төртіншіден, ЕҰУ-дың құрылуы еуразиялық идеяны білім беру саласына енгізудің, қолданудың іс жүзіндегі қадамы болды. Бесіншіден, тек ЕҰУ-дың негізінде М.В. Ломоносов атындағы ММУ-дің қазақстандық бөлімшесі табысты жұмыс атқаруда. Бұл – Қазақстан Президентінің идеясымен құрылып, еуразияшылдықтың іс жүзіндегі айқын көрінісі болып табылады.

Айталық, Астана қаласында 1996 жылы рухани зияткерлік қазақстандық еуразияшылдықтың көрнекті және тиімді нышаны пайда болды. Президент Н.Ә. Назарбаев еуразиялық идеяға үміткерлерді бұл түста да басып озды (оң пайымдау мағынасында). Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті құрылғанынан бері, оның қабырғасында ондаған мемлекет басшылары, көптеген белгілі шетелдік саяси, қоғамдық қайраткерлер мен оқымысты-ғалымдар студенттердің алдында сөз сөйледі. Солардың әрқайсысы университет табалдырығын аттағанда да, оның мінберіне көтерілгенде де, сөз жоқ, Қазақстанның Еуразиядағы, ғаламшардағы алатын орны туралы ойланбай-толғанбай қалмайды. Маңыз-мәнін еселеп арттырды.

Президент Н.Ә. Назарбаевтың Еуразия идеясының ерекшелігі – Елбасының көрегендігінде. Ол жаңа еуразиялық ықпалдасушылыққа жете зерттелген теория қажеттілігін де көре білді. 1996 жылы, Еуразия университетін құрар алдында, Қазақстан Президенті қазіргі заманға сай «ықпалдастықтың біртұтас үлгісін» құру үшін халықаралық «Ықпалдастық–2000» жобасын іске асыруда ТМД елдерінің оқымысты ғалымдарына ұсынды. Таңқаларлығы, Н.Ә. Назарбаев 2000 жылы дәл есептеп шығарған, нақ осы жылы іс жүзінде ықпалдастық үдерісінде айтарлықтай ілгері басушылық байқалды.

ТМД елдеріндегі ахуал 1996–1997 жылдары қарама-қайшылықтарға толы болды. Соған қарамастан, нақ 1997 жыл Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік болашағын, өзіндік стратегиясын ұғынуда табысты жыл болды. Сондықтан еуразиялық тұжырымдаманы зерттеп-білуде жаңа қадам жасалынды.

Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан–2030» Жолдауында көрсетілгеніндей, еліміздің мүмкіндіктерін пайдалануымыз қажет, сондай мүмкіндіктердің бірі «біздің еуразия аймағындағы тоғыз жолдың торабында орналасқан географиялық жағдайымыздан шығады» және бұны «ғаламдану үдерісі... шешуші факторлардың бірі ретінде алға шығарды». «Европа мен Азия елдерінің арасындағы сауда-саттық Ұлы Жібек Жолы арқылы жүргізілген болса, тағы бір басы ашық мәселе, «болашақта да сауда, қаржы ағымы жүйелері және Европа мен Азия арасындағы көші-қон барған сайын күшейе түспек. «Тек осы себепке байланысты, – деп атап көрсетті Қазақстан Президенті, – басқа да көптеген саяси тұрақтандырушы факторларды айтпағанда, мен еуразия идеясын алға шығардым, оның стратегиялық болашағына сенімдімін».

Маңызды мәселе, Н.Ә. Назарбаев еуразиялықтың мән-мәтінін кеңейте түсті – енді еуразияның келелі мәселелер жиынтығы ТМД елдерін қамтып қоймай, Европа мен Азияның өзара әрекеттестігін де қарастырды. Қазақстан Президенті «Еуразия құрлығында тұтелдей тату көршілік, сенім арту қатынастары» орнатылуы қажеттілігі туралы мәлімдеме жасады. Қорытындысында Қазақстан «әлемдік оқиғалардың көш соңында қалып қоймайды». Керісінше, Қазақстан «Еуразияның белортасында тұрып, тез дами келе үш аймақтың – Қытай, Ресей және Мұсылман әлемдерінің арасындағы экономикалық және мәдени байланыстарға дәнекершілік рөлді атқарады». Еуразиялықтың мән-мағынасын түсіндіруде аса маңызды – ұстанымды және жаңашыл қадам, яғни, Қазақстанның XXI ғасырда жүретін жолына сәйкестігі туралы 1997 жылғы Жолдауында айтылды. Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, әртүрлі жол бар: батысеуропалық, шығыс азиялық, ресейлік, жаңатүркілік.

Осы тұста Қазақстан Президенті терең қорытынды жасайды: «Біз – еуразиялық елміз, өзіміздің тарихымыз, өзімізділ болашағымыз бар. Сондықтан да біздің моделіміз басқалардың ешқайсысына ұқсамайды. Ол түрлі өркениеттердің жетістіктерін бойына сіңіреді». Бұл тезистің тарихи маңызы сонда, бірінші рет Мемлекет басшысы осындай жоғары дәрежелі бағдарламалық құжатта Қазақстанның еуразиялық сапасы мен еуразиялық «табиғаты» туралы қорытынды жасады. Шындығында, мәселенің байыбына терең келсек, біздің еліміздің еуразиялық болуы ықпалдастық шарттарға отырғандықтан емес, еуразиялық тарихи, геосаяси, экономикалық және мәдени ерекшеліктерді де бойына сіңірген, бірыңғай азиялық та емес, европалық та емес ел болғандықтан.

Елдің нышаны ретінде қар барысын таңдаған Н.Ә. Назарбаев былай дейді: «Азиялық жолбарыс тұқымдас бола тұра, Қазақстан Барысының «өзіндік ерекшелігі бар» – ол ең үздік ұлттық, батыстық және шығыс-

тық сапаларға ие болуы тиіс». Қазақстан Барысының мұндай сапалық үйлесімі, Қазақстанның «еуразиялық ел» ретіндегі қасиетті нышандардың тоғыстырылуы еді.

Сонымен, Еуразиялық жоба және кең мағынадағы еуразиялық-доктриналық (ілімдік) деңгейге тұжырымды көтерді.

2001–2002 жылдар Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық доктринасының дамуының жаңа кезеңі болды. Онда мәдениет пен өркениеттің диалогінің «ғаламдық» тақырыбы өзінің орнын алды. Қазақстан Президенті I Еуразиялық медиа-форумды аша отырып, «Біз Батыс пенен Шығыстың бірбірімен кездесуге деген қозғалысында ғана емес, сондай-ақ осы уақытта және осы құрлықта ашықтықтың жаңа философиялық негізін және өркениеттің ынтымағында қалыптастыруда бізге байланыстының бәрін жасауымыз тиіс» екендігін айтты. Саяси жағынан 2001–2002 жылдары Қазақстан мен Ресейдің арқасында тек қана «азияттық» емес, шын мәнінде «еуразиялық» бірлестік болған ШЫҰ және СВМДА сияқты жаңа халықаралық құрылымдардың іс-әрекеттерінің басталуының маңызды мәні болды.

2004 жылы Еуразиялық бастаманың 10 жылдығында Н.Ә. Назарбаев өз қорытындысын жасады және Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде екі мәрте өткен халықаралық ғылыми форумда сөз сөйледі (2 сәуірде – «Еуразиялық: идеядан практикаға» атты ғылыми конференцияда және 19 маусымда – «Еуразиялық ықпалдастық: қазіргі даму бағыттары және ғаламданудың шақыруы» атты форумда). «Он жыл бұрынғы Еуразиялық одақтың жобасын ұқыпты оқып шығу үлгіге салынған өзара тиімді экономикалық мүдденің қағидалары, ықпалдасудың әртүрлі деңгейлері және сан алуан қарқыны, аймақтық қауіпсіздік және еріктілік ұлттық егемендікке ешқандай қауіп-қатер төндірмейтініне және жаңа жүзжылдықтың міндеттеріне барынша сай келетініне иландырады», – деді Н.Ә. Назарбаев халықаралық форумда сөйлеген сөзінде.

2008–2009 жылдары Н.Ә. Назарбаевтың еуразиялық тұжырымының дамуының мынадай кезеңдері болды. Қазақстан Президентінің бастамасы бойынша «Еуропаға жол» бағдарламасы қабылданды. 2008 жылы 27 мамырда Қазақстан Республикасының Парламентінің Мәжілісінде өткен «Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық доктринасы: Шығыс пен Батыс диалогі» атты үлкен халықаралық конференция ғылыми қауымдастықта аса зор маңызға ие болды. Өзінің ықпалдастық бастамасында Қазақстан Президенті тек қана ТМД елдеріне көңіл аударған жоқ. 2008 жылы маусымда, Астанада өткен ЕҚЫҰ-ның Парламенттік ассамблеясында (Азия аймағында бірінші рет өткен) ерте ме, кеш пе, құрлықта «Еуропалық одақ қағидасы бойынша» қалыптасатын Еуразиялық одақ идеясын тағы да дамытты. Және мұндай одақтың орталығы Еуразиялық құрлықтың ортасында орналасқан қала – Астана бола алады. Шындығында, сөз ЕурАзЭҚ Кедендік одағының негізінде «Еуразиялық экономикалық одақты» құру жөнінде жүрді.

Бүгінгі күні ғаламдық әлемде қаржылық-экономикалық дағдарыс басталды. Еуразиялық жобаның тағдыры жаңа жағдайда қандай болуы мүмкін? 2009 жылы 11 наурызда Еуразиялық университеттердің қауымдастығында сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев «Бүгін ТМД-ның барлық елдері әлемдік дағдарысқа қарсы іс-әрекет жолдарын іздеу кезінде, нағыз дамыған ірі мемлекеттер өздерінің экономикалық мәселелерін жеке шешуге дәрменсіз жағдайда, тағдыр еуразиялық ықпалдастық тұжырымның маңыздылығын тағы да растайтынын» көрсетті. Оған қоса Президент: «Ұзақ мерзімді болашақта еуразиялық ықпалдастыққа балама жоқ екеніне мен қазір бұрынғыдан да қатты сенімдемін», – дегенді батыл да ашық айтты.

Қазақстан Президентінің ғаламдық мәселені шешуде өз ұсынысы бар. Ол «Дағдарыстан шығу кілті» мақаласында және 2009 жылы наурыз айында өткен II Астаналық экономикалық форумда сөйлеген сөзінде тиянақты түрде баяндалды. Ескеретін жайт, Н.Ә. Назарбаевтың жолы еуразиялық ұлттықтың үстіндегі есеп айыратын бірлікті құруды қарастырады. Ол аймақтық ықпалдастыққа түбегейлі басқа жаңа сапа беруі мүмкін. Бұл да уақыт еншісіндегі көкейкесті істердің қатарына жатады.

Н.Ә. Назарбаев 15 жыл ішінде (1994 жылы жобаны ұсынғаннан кейін) еуразиялық теория «тәжірибелік іске аса бастады және бүгін еуразиялық кеңістіктегі ықпалдастықтың үш өлшемі – экономикалық, әскери-саяси және мәдени-гуманитарлық жөнінде айтуға болады», – деді. Қазақстанның аймақтық және ғаламдық стратегиясында 2010 жылдың алатын ерекше мәні бар. Бұл жыл ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету жылы. Қазақстан, Ресей және Белоруссияның Кеденділік одағының өз қызметін бастайтын жылы. Осының барлығы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық доктринасының тұжырымды дамуын және шынайы өмірде жүзеге асуын көрсетеді.

СҰРАҚТАР:

1. Президенттің сыртқы саяси стратегияны қалыптастырудағы рөлі қандай?
2. Мемлекет басшысы тарапынан қандай сыртқы саяси бастамалар көтерілді?
3. 1994 жылғы Еуразиялық жобаның болашақтағы мәні неде?
4. 1990 жылдардың екінші жартысы – 2000 жылдардағы ықпалдастық (интеграциялық) бастамалардың дамуы қалай жүрді?
5. Қазақстан Президентінің сыртқы саяси бастамаларын жүзеге асырудың нәтижесі қандай?

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның сан ғасырлық тарихын түсінудің негізгі екі қыры (аспект) бар. Бір жағынан, Қазақстан ел ретінде, түрлі тарихи үлгідегі (формада) өңір ретінде, Шығыс пен Батыс халықтарында Ұлы дала түсінігі пайда болғаннан бері, адамдар Еуразия орталығындағы жерлерді игергеннен бастап өмір сүруде деген сенімділікпен тұжырымдауға болады. Осы көзқарас тұрғысынан алғанда Қазақстан – ежелден келе жатқан мемлекет, дәлірек айтқанда жерімізде өмір сүріп, ғасырлар қойнауына кеткен ежелгі мемлекеттердің ізбасары.

Қазіргі Қазақстан өзінің тарихи жерінде жаңа үлгідегі қазақ мемлекеттілігін жаңғыртып, жаһандық әлемде толыққанды мемлекет ретінде өмір сүруге қажетті барлық құрылымдар мен мүмкіндіктерді иеленген, сапалы жас мемлекетін қалыптастырды. Осы себептен аз ғана жылдар ішінде толағай табыстарға жетіп, төрткүл дүниеге танымал болған еліміздің тарихын тереңнен зерделеу қажеттігі де артып түр.

Тәуелсіз Қазақстан тарихы – әлемдік тарихтың құрамдас бөлігі әрі бұрын-соңды терең зерттелмеген тың тарих. Жиырма жылдай уақыт ішінде біздің мемлекетімізде күрделі өзгерістер болды. Кеңестік тоталитарлық жүйенің бұғауында жүрген ел қайта түлеп ұлттық сана мен ұлттық рухтың биік баспалдағына қадам басты. Қазақ мемлекеті жүздеген жылдарға созылған отаршылдық күрсауынан арылып, тәуелсіздіктің арқасында қайта жаңғырды. Жаңа құндылықтар жүйесіне көштік. Қазақстан Республикасының тәуелсіз даму кезеңі қазақстандық қоғамның тағдырын анықтады деп те айтуымызға болады.

Қазақстан шекаралас елдер секілді егемендік пен тәуелсіздік жолында кеңес қоғамының, экономиканың жүйелі дағдарысын басынан өткерді.

Қазақстан тәуелсіздікті алғаннан бері ірі ауқымдағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жаңартулар жүргізілді. Өтпелі кезеңдерде қиыншылықтар мен кемшіліктер де кездесті. 1990 жылдарда-

ғы қарама-қайшылықты үдерістер 15 мемлекетті жаңа тарихи уақытқа қадам бастырды. XX ғасырда «КСРО» деп аталған бұрынғы саяси жүйе ыдырап, оның құрамындағы елдер өз мемлекеттілігін дамытудың қамына кірісті. 1990 жылдардың басындағы ішкі және сыртқы, аймақтық және ғаламдық, объективті және субъективті факторлар жасанды саяси жүйенің өмірін тоқтатты. Ең бастысы, КСРО-ның ыдырауы маркстік-лениндік идеологияға негізделген мемлекеттердің ішкі әлсіздігі мен бәсекеге қабілетсіздігін көрсетті. Тарихтың «кеңестік» парақтары түбегейлі өзгеріп, қайта жазылды. Ұлттық және әлемдік тарих бір циклді аяқтап, жаңа дамуға қадам басты.

1991 жылы егеменді мемлекеттілігіміздің болашақ дамуына жол салған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» аса маңызды құжат – Конституциялық Заң қабылданып, ғасырға бергісіз тарихи оқиғаға айналды.

Бұл уақыттың басты ерекшелігі саяси және экономикалық өзгерістер мен жаңарудың тұрақты өсу жағдайында емес, үздіксіз жалғасқан экономикалық және демографиялық дағдарыста, демек қиын-қыстау кезеңде жүргізілгендігімен сипатталады. 1993 жылы Қазақстан қаржы-экономикалық дербестікке қол жеткізіп, өзінің ақша бірлігі – теңгені айналымға енгізді.

1990 жылдардың күрделілігі саяси және экономикалық қайта құрулардың бір мезгілде жүргізілуімен айқындалады. Көптеген мәселелер мемлекеттің бірінші басшысына тәуелді болды. Президенттің және барлық құрылымдық күштердің қажырлы еңбегінің нәтижесі, 1993 жылдың «аралық» Конституциясы кезеңінен заман талабына сай қолданыстағы 1995 жылғы Конституцияны қабылдауға дейін өткен жаңа мемлекеттің конституциясының рәсімделуі еді. 1995 жылы қол жеткен саяси тұрақтылық арқылы ел басшысы қоғамға қажетті реформаларды кезең-кезеңмен жүргізуге және қазіргі заманның жаһандық сын тегеурініне төтеп беруге жол ашты.

1990 жылдардың басты жетістігі күрделі жағдайға қарамастан, Қазақстан халқын ынтымақтастыру, жалпыұлттық, этникааралық бірлікті нығайту, руханилық пен мәдениетті жаңғырту болды.

1990 жылдардағы және одан кейінгі Елбасы қызметі нәтижесі – тәуелсіз Қазақстанның халықаралық ұстанымын нығайту, ядролық қару-жарақтан бастарту және қауіпсіздік кепілдігіне қол жеткізу, мемлекеттік шекараны бекіту, әлемнің жетекші елдерімен тең қатынасты дамыту, жемісті халықаралық ұсыныстарды жүзеге асырумен мәнді болды.

1991–2000 жылдардағы Қазақстан тарихы – 1990 жылдардағы «өтпелі» дағдарыс уақытынан тұрақты дамудың он жылдығына өту болып табылады. Осы кезеңде қолға алынған шешуші саяси әрекеттер 1990 жылдардың соңында әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыруға, елді реформалауды жалғастыруға және экономикалық дағдарысты жеңуге алғышарттар жасауға мүмкіндік берді.

Бұл уақыт – Президент басшылығымен еліміздің ТМД елдері арасында бірінші болып ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегия негізінде дамуға бет алуы. Осы кезеңде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев барлық қиыншылықтарға қарамастан тәуелсіз Қазақстан тарихындағы маңызды оқиға – мемлекеттік құрылымдарды Астанаға табысты көшіре білді. Жаңа астананың жан-жақты, қарқынды дамуы басталды.

2001 жылдан бүгінгі күнге дейін Қазақстан Республикасы тұрақты дамуға бет алды. Бұл кезеңде тәуелсіз Қазақстан толыққанды даму жолына түсті. Қиыншылығы мол 1990 жылдардағы ел басшылығы мен халықтың барлық күш-жігері өзінің жемісі мен оң нәтижелерін бере бастады. 2000 жылдарға тән белгілер экономикалық өсім, қорлардың жинақталуы, тиімді инвестициялық ахуал, халық санының өсуі, әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру, ғаламдық проблемаларға қарсы тұра білу болды. Осының барлығы Қазақстанның соңғы жылдардағы әлемдік қаржы-экономикалық дағдарысқа төтеп беруіне мүмкіндік берді. Бүгінгі күні де әлемдік дағдарыстың тағылымдарына талдау жасалынған. Күрделі жағдайларда да ел басшылығы отандық экономиканың құлдырауына жол бермеді. Сондай-ақ, 2009 жылы ІЖӨ өсімі 1,1%-ды көрсетті. Әрине, бұл ауқымды көрсеткіш секілді емес көрінгенімен, алайда ТМД-ның тіпті, өзінің қуаты жағынан Қазақстаннан басым түсетін өзге елдерінде де ІЖӨ-нің 7–15%-ға күрт төмендегендігін ескеру шарт.

Қазақстан басшылығы әрдайым жарқын болашаққа жол сілтейді. Мәселен, 2010 жылдың бірінші жартысында 83 индустриалдық жобаны жүзеге асыруды көздеген индустриалды дамудың бес жылдық жоспары жасалды. Соңғы екі онжылдық тәжірибесі көрсеткендей, осы ізбен жүрсек, тұрақты дамуға қол жеткізіп және экономиканың шикізат бағытына тәуелділігін жеңуге де болады.

Соңғы жылдары ғалымдар мен саясаткерлер жаңғыру (модернизация) мәселесі төңірегінде қайтадан көзқарастарын айта бастады. Қазақстанға – жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанға қандай жаңғыру қажет?

Жаңғырудың Қазақстандық үлгісінде егеменділіктің, аймақтық экономикалық ықпалдастықтың және жаһандық өзара әрекеттесудің мүмкіншіліктері табиғи түрде біріктірілуі тиіс. Осындай жаңғыру «қуып жету» (догоняющей) мақсатын көздемеуі тиіс. Озу үшін барлық мүмкіншіліктерді иемденуі тиіс. Қазақстанға өзгелерді қайталаудың қажеті аз. Еліміз ең алдымен, аймақтық көлемде алға шығудың қамын жасауы тиіс. Ел басшылығының саяси ерік-жігерін, орталықтанған құрылымды, ішкі тұрақтылықты ескере отырып, осы жолда барлық мүмкіншіліктердің бар екендігін көреміз. ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету, «Еуропаға жол» бағдарламасы Қазақстанның еуразия кеңістігі елдеріне үлгі екендігін дәлелдейді. Жаңа онжылдықтарда Президент, Үкімет және Парламент, өңірлік билік, азаматтық қоғам және зиялылылар белсене

әрі үйлесімді қызмет етуде. Елімізде танылған ұлттық көшбасшы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бар.

Егемен Қазақстанның нышаны мен толағай табыстарының куәсі болған Еуразия орталығындағы жаңа астана – Астананың қарқынды дамуы өмірлік һәм тарихи таңдау жолымыздың дұрыстығын көрсетеді.

Қазақстан Республикасы 2000 жылдары табыстары барлық әлемдік қоғамдастыққа – Батысқа да, Шығысқа да, ТМД елдеріне де танылған ірі еуразиялық мемлекетке айналды.

XXI ғасырдың алғашқы он жылдығы да аяқталды. 2010 жылдар қандай табыстар әкеледі? Тәуелсіз Қазақстан дамуының жаңа кезеңі тарих қойнауына қалай енеді? Егерде жүріп өткен екі онжылдық уақытқа шолу жасап, Қазақстанның талай дағдарыс пен қиындықтарды еңсергенін ескерсек, келесі онжылдықтың жаңа өсу уақыты болатындығына ешқандай күмән туындамайды. Айқын мақсат кемел келешекке нық сеніммен бастайтының өмір шындығы көрсетіп келеді. Бұл – уақыт талабы.

АТАУЛЫ КҮНДЕР

Шамамен б.з.б. 2,6 млн жылдан 10 мың жыл бұрын	Палеолит немесе ерте тас ғасыры, алғашқы мәдениеттерінің пайда болуы.
Шамамен б.з.б. 140–150 мың жылдар бұрын (±50 мың жыл)	«Homo sapiens» – алғашқы саналы адамның пайда болуы.
Шамамен 15 мың жыл бұрын – б.э. д. 6 мың жыл бұрын	Мезолит немесе орта тас ғасыры, садақ пен жебенің пайда болған кезеңі.
Б.з.б. 4–3 мың жылдар бұрын	Энеолит немесе мыс тас ғасыры, металл өңдеп және пайдалана бастаған кезең.
Б.з.б. XVIII–VIII ғасырлар	Қола дәуірі. Көшпелі мал шаруашылығының пайда болуы.
Б.з.б. VIII–III ғасырлар	Қазақстан аумағында сақ тайпалары алғашқы мемлекеттерінің пайда болуы.
370–469 жылдар	Ғұн мемлекетінің өмір сүрген уақыты.
552–603 жылдар	Түрік қағанатының өмір сүрген уақыты.
603–704 жылдар	Қазақстан жерінде Батыс Түрік қағанатының өмір сүрген уақыты.
704–1219 жылдар	Түркеш, Қарлұқ, Қимақ, Қарахан және Қыпшақ мемлекеттері.
1206–1291 жылдар	Моңғол империясының өмір сүрген уақыты.
1242–1481 жылдар	Алтын Орда мемлекетінің өмір сүрген уақыты.
1428–1468 жылдар	Әбілхайыр хандығының өмір сүрген уақыты (Ақ Орда, көшпелі Өзбек мемлекеті).
1456–1469 жылы	Қазақ хандығының құрылған кезеңі.
1723 жылы	Жоңғар шапқыншылығы, «Ақтабан шұбырынды» жылдары.
1731 жылғы 10 қазан	Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресей патшалығының қол астына енуі.

1925–1936 жылдар	Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы.
1929 жылғы қараша	Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру үдерісі басталды.
1936 жылғы 5 желтоқсан	Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы Қазақ КСР болып өзгерді.
1953 жылғы 12 тамыз	Семей ядролық полигонында сутегі бомбосының алғашқы сынақ жарылысы болды.
1954 жылы	Тың және тыңайған жерлерді игеру басталды.
1978 жылы	Қазақ КСР Конституциясы қабылданды.
1986 жылғы 16–18 желтоқсан	Қазақ КСР КП ОК Бірінші хатшысы болып Г.В. Колбин тағайындалды. Алматы қаласындағы Желтоқсан оқиғасы. Жаппай толқуды күштеп басу, «Күйын» операциясы.
1989 жылғы 22 қыркүйек	Қазақ КСР «Тілдер туралы» Заңы қабылданып, қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болды.
1990 жылғы 24 сәуір	Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің отырысында Президенттік қызмет бекітіліп, оған Н.Ә. Назарбаев тағайындалды.
1990 жылғы 25 қазан	Қазақ КСР «Мемлекеттік Егемендік туралы Декларация» қабылданды.
1991 жылы	Қазақ КСР-ның Коммунистік партиясы таратылды.
1991 жылғы 16 желтоқсан	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланды.
1992 жылы	Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып қабылданды.
1992 жылғы 16 наурыз	«ҚР Республикалық гвардиясын құру туралы» Жарлыққа Президент Н.Ә. Назарбаев қол қойды.
1992 жылғы 7 мамыр	Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылды.
1992 жылғы 22 мамыр	Қазақстан Республикасы ЮНЕСКО-ға мүше болды.
1992 жылғы 4 маусым	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандары – Ту, Елтаңба және Әнұраны туралы Заңдарға Елбасы қол қойды.
1992 жылғы 30 маусым	Қазақстан Республикасы Әлемдік Кедендік Ұйымға кірді.
1992 жылғы 29–30 қыркүйек	Алматы қаласында – Дүниежүзі қазақтарының I құрылтайы өтті.
1993 жылғы 13 қаңтар	«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» Заң қабылданды.

1993 жылғы 28 қаңтар	Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы қабылданды.
1993 жылғы 13 ақпан	«Қазақстан Республикасының Шекаралық әскері туралы» Заң қабылданды.
1993 жылғы 9 сәуір	«Қазақстан Республикасының Қарулы күштері және қорғаныс туралы» Заң қабылданды.
1993 жылғы 15 қараша	Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңге айналымға енгізілді.
1994 жылғы 6 шілде 1995 жылғы 30 тамыз	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің астананы Ақмола қаласына ауыстыру туралы Қаулысы шықты.Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды.
1996 жылғы 1 мамыр	1 мамыр «Қазақстан халықтарының Бірлігі күні» болып бекітілді.
1997 жылғы 10 желтоқсан 1997 жылы 1998 жылы 1999 жылы	Қазақстан Республикасының астанасы Алматыдан Ақмолаға көшірілді.Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғаларды еске алу жылы.Ұлттық келісім және тарих жылы.Үрпақаралық сабақтастық жылы.
1998 жылғы 6 мамыр	«Ақмола қаласын Астана қаласы деп қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы шықты.
1998 жылғы 4 желтоқсан	Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым қызметкерлерінің I съезі өтті.
2000 жылғы 10 ақпан 2000 жылы 2001 жылы 2002 жылы 2003–2005 жылдар	Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы бекітілді.Мәдениет жылы.Тәуелсіздік жылы. Денсаулық жылы.Ауылды көтеру жылдары
2004 жылғы 24 желтоқсан	Қазақстан Республикасы Президентінің жаңа резиденциясы – «Ақ Орда» ресми ашылды.
2005 жылғы 4 желтоқсан	Қазақстан Республикасы Президентінің Бүкілхалықтық сайлауы болды.
2006 жылғы 11 қаңтар	Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың салтанатты рәсімдік инаугурациясы болды.
2008 жылғы 6 шілде	Астана қаласында – «Қазақ елі» монументі ашылды.
2009 жылғы 25 ақпан – 6 наурыз аралығы	Қазақстан Республикасы тұрғындарының Ұлттық санағы өткізілді.
2010 жылы	Қазақстан Республикасының Еуропа қауіпсіздігі мен ынтымақтастығы Ұйымына Төрағалық етуі.

ГЛОССАРИЙ

Абсентеизм – халықтың саяси өмірге немқұрайлы, селқос қарауы, азаматтық міндетті атқарудан бас тартуы. Ол, әсіресе, сайлаушылар тарапынан өкіметтің өкілдік органдарына сайлауға қатынасқысы келмеуінен байқалады.

Абсолюттік монархия (Абсолютизм) – мемлекеттегі саяси билік билеушінің қолында шоғырланған, мемлекеттік басқару формасы (король, патша, шах, эмир, император) Конституциялық, шектеулі монархиядан биліктің жоғарғы деңгейде орталықтандырылғандығымен ерекшеленеді.

Авангардтық партиялар – ұйымы жоғары орталықтандырылған, барлық мүшелерінен белсенді жұмысты талап ететін партиялар. Мысалы: бұрынғы КОКП.

Авантюризм – саясатта, билік жүргізуде және басқа да белгілі бір мақсат, мүддеге жету үшін күдікті, шұбалі жолмен оңай олжа іздеушілік.

Автаркия – бұл төсіл өз елінің өндірісін дамытуға немесе басқа да саяси мақсатта жасалады. Елдің немесе аймақтың экономикасын басқа елдің экономикасынан оқшауландыруға бағытталған шаруашылық-экономикалық саясат.

Автономия (гр. өзін-өзі басқару) – бір мемлекеттің шеңберінде өзін-өзі басқаруға құқық берілген саяси-ұлттық құрылым. 1) мемлекеттің белгілі бір аймағындағы ішкі басқару; 2) біртұтас Конституция негізінде басқарылатын мемлекеттердің ажырамас бөлігі.

Авторитаризм (лат. билік) – демократиялық ұстанымдарды жойып, жеке (авторитарлық) тұлғаның шексіз билігін орнататын саяси билік жүйесі, тоталитаризммен салыстырғанда мұнда көпшілік партия, бірыңғай идеология болмайды және экономика бақылауға алынбайды.

Автохтон (гр. – тұрғылықты, тұрақты; карама-қарсы – аллоктон) – жергілікті жерде пайда болған мәдениеттер.

Агрессия – мемлекет дербестігін, оның тәуелсіздігін, аумақтың тұтастығын әскери жағынан бұзу.

Адам құқы – белгілі бір игілік алуды, өмір сүруді қамтамасыз ететін адамдар мен мемлекет арасындағы ережелердің өзара қатынастары, кепілдіктері. Олар, негізінен, 1948 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған – «Адам құқығының жалпыға бірдей Декларациясында» көрсетілген.

Азаматтық қоғам – жеке тұлғаның емін-еркін дамуын қамтамасыз ететін қоғам. Бұл қоғамда мемлекеттің жеке адам өміріне араласуына шек қойыла-

ды. Онда адамның халықаралық дәрежеде танылған ережелерге сай құқықтары сақталады.

Айырбас – тұрмыстағы жағдай. Адам өз меншігінің кез келген түрін қажетіне айырбастайды. Сауданың бір түрі.

Акция – Акционерлік қоғамды немесе кәсіпорынды дамытуға қаржы алғанын куәландыратын және оның иесіне акционерлік қоғам пайдасының бір бөлігін дивидент түрінде алуына құқық беретін құнды қағаз.

Акционерлік қоғам – капиталды орталықтандырудың және ірі кәсіпорындарды ұйымдастырудың негізгі формасы. Акциялар құрылтайшылар арасында бөлінетін болса, онда жабық АҚ болып саналады. Ал ашық акциялар еркін сатылады және сатып алынады.

Анархия (гр. anarchic) – басшысыздық, өкіметсіздік.

Анархизм – мемлекет институттарынан бас тартуды уағыздайтын саяси ағым, ол тұлғаның шексіз бостандығын қолдайды.

Антропогендік фактор – адамның барлық тірі организмдердің мекен ортасы ретіндегі табиғатты өзгертуіне әкеп соғатын немесе олардың тіршілігіне тікелей әсер ететін сан алуан әрекеттері.

Апат – ел басына түскен төтенше қауіп-қатер, ауыр жағдай. II машинаның механизмнің қозғалыс үстінде апатқа ұшырауы.

Апогей – кез келген нәрсе дамуының ең жоғарғы нүктесі.

Аренда (лат. қарыз беру) – жалға беру.

Аристократия – билеуші социумның жоғарғы, артықшылыққа ие болған тобы, бай немесе ақсүйектер. 2) билік ақсүйектер қолында болатын мемлекеттік басқару формасы.

Ассимиляция – саны аз, саяси-әлеуметтік ахуалы төмен халықтың өзінен саны да, қуаты да көп халықтың басыңқы ықпалы нәтижесінде оның құрамына біртіндеп сіңіп, жұтылып кету құбылысы.

Ассимиляциялық саясат – мемлекеттердің шовинистік саясаты, қаналған халықтың ұлттық ерекшеліктерін жоюға бағытталған, оларға үстемдік етуші ұлттың тілін, мәдениетін, дінін, күштеп тану арқылы жүзеге асырылады.

Ассоциация – шаруашылық, саяси, ғылым, мәдени және басқа мақсаттар мен ортақ жетістіктерге жету үшін ұйымдардың немесе жеке тұлғалардың қауымдасуы.

Аукцион – көпшілік алдында кім артық төлем ұсынса, бұйым және т.б. зат соған сатылатын босекелес жария сауда.

Ауыл – 1.Көшпелі дәуір кезіндегі рулық, тайпалық одақтардың шағын тобы. 2. Белгілі бір ауылда тұратын халық, ел-жұрт. 3. Отырықшы болып, ұжымдасқан шаруалардың қыстағы.

Әлеуметтік әділеттілік – қоғамдағы барлық тұлғаларға әлеуметтік топтардың саяси және экономикалық құқықтарының тең болуы, оларға бірдей мүмкіндіктер беру.

Әлеуметтік мүдде – жеке адамның немесе әлеуметтік топтың саяси, рухани және экономикалық қажеттіліктерінің жиынтығы.

Басқару әдісі – үкіметтік органдардың ұйымдық тәртібі, сондай-ақ өлкенің құрылуы, ерекшеліктері және мемлекеттің халықпен өзара қатынасы.

Бодандық – монархиялық елдің басқа елді өзіне бағынуға мәжбүр етуі.

Большевизм – саяси ой ағымы және Ленин бастаған саяси қозғалыс. РСДРП-ның (1930) II съезінде басшы органдар сайлауы кезінде Ленин жақтастары көп дауысқа ие болып, большевиктер деп атала бастады.

Билік – беделі, құқық, қанау арқылы адамдар қызметіне ықпал ету мүмкіндігі. 1) беделді, күш, құқықты, жігерді қолдана отырып біреуге ықпал ету қабілеттілігі. 2) саяси үстемдік, саяси органдар жүйесі саясатты іске асыру құралы.

Бодандық – еркі жоқтық, тәуелділік.

Буржуазия – әлеуметтік топ, қоғам табы, кейінгі орта ғасыр кезеңінде пайда болды, буржуазиялық төңкерістер нәтижесінде үстемдікке ие болған.

Буржуазиялық төңкерістер – әлеуметтік төңкеріс, оның негізгі мақсаты феодалдық құрылысты немесе оның қалдықтарын жою, буржуазия билігін орнату, буржуазиялық мемлекет құру.

Бюрократия – шенеуніктер билігі, билік жүйесі, ал қоғам алдындағы белгілі бір функциялар мен артықшылықтарға ие билік аппараттардың көмегімен іске асырылады.

Вето – Заң жобасының немесе саяси ұсыныстың қабылдануына тыйым салу, кедергі жасау, бас тарту.

Геноцид – нәсілдік, ұлттың және діни белгілеріне қарай халықтың жекелеген топтарын жою, қуғын-сүргін көрсету.

Демаркация – (франц. Demarcation – шеек қою, айыру) – шектеліп жатқан мемлекеттер арасын айыру үшін арнаулы шекаралық белгілермен шекараны енгізу, белгілеу.

Демография – халық, халықтың саны, өзгерісі туралы ғылым.

Декларация (лат. жариялау) – мемлекеттің ішкі және сыртқы бағыттары, саяси партиялардың бағдарламалық тұжырымдамалары туралы ресми жарияланым.

Декрет (лат. қаулы) – мемлекеттің жоғарғы органдарының нормативтік акты.

Делимитациялау: (Лат. Delimitation – шекараны анықтау) – іргелес мемлекеттер арасындағы келісім бойынша мемлекеттік шекараның орналасуы мен бағытын анықтау.

Демократия – халық билігі, саяси құрылыс, онда халық билігінің тәсілдері мен түрлері бекітіліп, тәжірибе жүзінде іске асырылады.

Деспотия – абсолюттік, шексіз, заңсыз билік.

Депортация – жеке адамдарды, халықтарды (олардың бір бөлігін) еріксіз, күшпен жер аудару.

Диктатура (лат. шексіз билік) – тұлғаның, топтың, таптың шексіз билігі. Лидері бар белгілі бір адамдар тобы іске асыратын саяси, экономикалық, идеологиялық билік.

Диктатор – заңмен санаспай, күштеу мен құдалауға сүйенетін шексіз билеп төстеуші.

Дискриминация – жекелеген тұлғалардың немесе топтардың белгілеріне қарай құқығынан шектеу немесе айыру (ұлты, нәсілі, жынысы, мүліктік жағдайы).

Диспаритет – баға қауіпсіздігі.

Диссидент – үстемдік етуші, билеуші идеологиямен келіспеген адам, қарсы топ өкілі.

Дін – дүниеге көзқарас және дүниені сезіну, сонымен қатар құдайдың бар екенінен туындайтын сенімге негізделген ерекше әрекет.

Егемендік – абсолют саяси билікке өкіметтің қандай да бір жоғарғы органының қысымынсыз саяси шешім қабылдап, іске асыруға құқықты болу талабы. Мемлекеттің, халықтың, ұлттың, адамның саяси тәуелсіздігі.

Ескерткіш – адамзаттың мәдениетінің бір бөлігі тарихи, археология, жазба мәдениет ескерткіштері болады.

Жаңаша саяси ойлау – КСРО мен КОКП басшыларының жалпы адамзаттық мұраттар мен құндылықтарды басшылыққа алып, бұрынғы «қырғи қабақ соғыс» қалпынан бас тартуы.

Жеке басқа табынушылық – саяси қайраткерді шексіз дәріптеу. Ол азаматтардың демократиялық құқықтары тапталған, жаныштанған елдерде орын алады.

Жекешелендіру – мемлекеттік меншікті (кәсіпорын, тұрғын үй, көлік құралдары т.б.) жеке меншікке беру немесе сату. Ол – нарықтық экономикаға өту үшін қажетті шарттың бірі.

Жерді национализациялау – жердің жекеменшіктен мемлекетке өтуі. Оны тұтастай немесе шағындап мемлекеттің сатып алуы.

Заң – мемлекеттің ең жоғарғы өкімет орындары қабылдайтын, ерекше заңдылық күші бар акт; қаулы-қарарлар; декрет.

Идеология – идеялар мен көзқарастардың жүйесі: саяси, құқықтық, философиялық, діни, эстетикалық, онда адамдардың шындыққа қатынасы анықталады, олеуметтік топтар мүддесі көрінеді. Идеология адамдардың, таптардың, партияның шындыққа деген қатынасын, олардың дүниетанымын біліреді.

Импичмент – мемлекеттің жоғарғы тұлғаларын қызметтен босатудың ерекше тәртібі. Келеңсіз қылық жасады деп ресми түрде айыптау.

Инаугурация – мемлекеттің жоғарғы басшыларының қызметке кірудегі салтанатты процедурасы.

Инвестиция – елге және шетелдердегі экономика саласына ұзақ мерзімге капитал салу.

Индустриализация – ірі, техникалық жағынан дамыған өнеркәсіп құру, ең алдымен елдің халық шаруашылығының негізгі және алдыңғы қатарлы секторы өндіріс құралдарын өндіретін салалардың негізін қалау.

Инновация – жаңалық енгізу, жаңарту.

Ислам – VII ғасырда Сауд Арабиясында пайда болған дүниежүзілік діндердің бірі. Негізін салушы Алланың жердегі өкілі саналған Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар.

Капитализм – қоғамдық құрылыс, онда өндіріс құралдарының негізгілері капиталистер табысының меншігі болып табылады, олар жалдамалы жұмысшылар табын қанаушылар.

Кәсіподақтар – жалдамалы жұмысшылардың қоғамдық ұйымы. Өз мүшелерінің жағдайын жақсартуға қызмет етеді. Солардың мүдделерін қорғайды.

Киберланқестік – дүниенің ақпараттық-коммуникациялық технологияларға тәуелділігі.

Коалиция – 1) бірігіп әрекет ететін мемлекеттердің саяси немесе әскери одағы; 2) бірнеше партия өкілеттікпен құрған үкімет.

Киіз үй – киізден жасалған қазақ үйі.

Коммунизм – маркстік теорияға сәйкес капитализмді ауыстырған қоғамдық-экономикалық формация, ол қоғамдық меншікке негізделген.

Консолидация – нығайту, күшейту, бірденені біріктіру, мысалы, ұйым, жеке топтарды біріктіру, ортақ мақсаттар үшін күшті біріктіру.

Конституция – мемлекеттің басты заңы, мемлекеттік органдардың құрылымы мен құрылысының ұстанымы, азаматтың құқы мен міндеттері.

Конфедерация – 1) одақ, ұйым, мемлекеттік құрылыс формасы, оның құрамындағы мемлекеттер өз тәуелсіздіктерін толығымен сақтайды, мемлекеттік билік пен басқару органдарын иеленеді; 2) тәуелсіз, толық егеменді мемлекеттердің қоғамдастығы;

Консенсус – келісім, белгілі бір мәселеге байланысты өзара түсіністік.

Кооперация – шарттарды бірігіп жүргізу үшін құрылған ерікті жолдастық.

Корпорация – заңдылық жағынан бір кісідей әрекет жасайтын адамдар тобы.

Кульминация – бір нәрсенің немесе бір мәселенің шегіне жетуі. Дамып, өсіп, тоқырауы.

Қауым – ерікті түрде ұйымдасқан, бірлескен адамдар тобы.

Қоғам – өздеріне тән ерекшеліктеріне сәйкес адамдардың бірігуі, ортақ тіршілік етуі.

Құқық – заңмен бекітілген нормативтік жүйе. Қоғамдық қатынастарды, адамның іс-әрекетін, ұйымдардың, мемлекеттік орындардың жұмысын реттеп отырады.

Құқықтық мемлекет – барлық заңдылықтарды сақтау арқылы адам бостандығы мен құқығын қорғау. Ата заңды құрметтей отырып, оны басшылыққа алу.

Легитимдік – мемлекет өкілдігін тану, яғни халық пен халықаралық қоғамдастықтың сол мемлекетті мойындауы.

Лидерлік – әлеуметтік дәреже, үкіметтің шешімдерін жүзеге асырушы, сол арқылы басқаға билік жүргізуші.

Либерализм – 1) саяси теңдік, бостандық туралы ілім, бірақ жеке адамның пікірі негізінде; 2) Адам құқықтарын қорғап, таңдау бостандығын барынша кеңейту.

Манифест – 1) жолдау, саяси жағдайға байланысты өкіметтің халыққа үндеуі; 2) қоғамдық ұйымдардың, саяси партиялардың үндеуі; 3) шақыру, жоғарғы үкіметтің елге тастаған үндеуі.

Мемлекеттік төңкеріс – Үкіметті кенеттен, күш қолданып және заңсыз орнынан кетіру.

Меншік – материалдық және рухани байлықтарды иелену.

Медресе – мұсылмандардың орта немесе жоғары оқу орны.

Менталитет – жеке адамдардың және қоғамның қалыптасқан ойлау жүйесі.

Метрополия – мемлекет. Басып алған колонияларына иелік етуші.

Миграция – халықтың шетелден қоныс аударушылар тобы.

Милитаризм – саясат. Мемлекеттің әскери қуаты арқылы ішкі және сыртқы мәселелерін шешуге бағыт ұстайды.

Модернизация – саяси жүйенің саны мен сапасына байланысты өзгеруі. Көне салт-дәстүрлер қолданыстан шығып, қоғамның жаңа бағытқа бет алуы.

Монархия – басқару жүйесінің түрі. Жоғарғы өкімет, бір басшының, монархтың билігінде болады.

Монополия – белгілі бір меншікке иелік ету. Олардың іс-әрекетіне биліктік құқы бар.

Мүліктік цензі – белгілі бір мүлікті иелену қажеттігі немесе оның ақшалай эквиваленті немесе салықты қажетті сомада төлеу.

Национализация – жеке кәсіпорындардың мемлекет меншігіне өтуі, яғни мемлекеттің тұтастай немесе жекелеп сатып алуы.

Нарықтық экономика – тауар айырбасы сферасы. Ол қажеттіліктен бақыланады және мұнда еркін баға үстемдік етеді.

Нәсілшілдік – нәсіл мен ұлттың артықшылдығын үндейтін насихат.

Олигархия – қалталы топ. Өкімет осындай шағын топтың ықпалында болуы мүмкін.

Отаршылдық – күшті державаның өзінің аумақтық бақылауын неғұрлым әлсіз елге немесе халыққа тарататын саясаты мен тәжірибесі.

Оппозиция – өз пікірін өзгенің пікіріне қарсы қою. Үкімет пен өкіметтің ұстаған саясатына қарсы топ.

Өзін-өзі тану – адамның өз басын өзі танып білуі.

Өнер – шындықтың көркемдік образдарда көрініс табуы; адамзат қызметіндегі көркемдік шығармашылық жиынтығы (әдебиет, сәулет, мүсін, музыка, театр, кино т.б.).

Өкіметтің бөлінісі – ешқандай мемлекеттік орган, жеке тұлға мемлекеттің тұтастығына кепілдік бере алмайды. Сондықтан үкімет үш бұтаққа бөлінген. Олар заң шығарушы, атқарушы және сот жүйесі.

Өркениет – материалдық және рухани мәдениеттің, қоғамдық дамуының деңгейі.

Пакт – келісім, халықаралық келісім-шарт.

Партия – ойлау жүйелері бір мақсатқа біріккен қоғамның өкілдік тобы.

Партиялық жүйе – елдегі барлық елеулі партиялар, олардың өзара қатынасы және (кейде) сайлау жүйесі.

Парламент – жоғарғы заң шығарушы орган. Әлеуметтік топтың қамын жейді. Кей жерде тағайындалады, дауысқа түсіп сайланады.

Парламенттік сауал – Заң шығарушы орган мүшелері үкімет министрлеріне қоятын сұрақ.

Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, әр адамның өз Отанын қорғауы, сол үшін жанын да, қанын да береді.

Плюрализм – саяси жүйе ұйымының түрі. Әртүрлі бағыт ұстайтын партия – қозғалыстардың бағдарламасына қарсы негізделген.

Пролетариат диктатурасы – маркстік теорияда – жұмысшы табының саяси билігі, ол еңбекші шаруалар мен еңбекшілердің басқа топтармен одақта іске асырылады.

Пролетариат – капиталистік қоғамдағы негізгі тап. Жалдамалы жұмысшылар табы. Өндіріс меншігінен шеттелген қауым. Олардың күнкөріс көзі өз күшін, қуатын сату.

Революция – 1) түпкілікті төңкеріс, бір сапалы жағдайда екіншісіне ауысуы. Ойдың, қоғамның және табиғаттың диалектикалық даму заңдылықтарының көрінуі; 2) мәдениеттегі ғылымдағы, дүниеге деген көзқарастағы, экономика мен қоғамдағы түбегейлі сапалы өзгеріс.

Репрессия – қатаң жазалау шаралары, мемлекеттің оқшау ойлаушыларға қарсы әрекеті.

Референдум – жалпы халықтық сайлау немесе мемлекет өмірінің маңызды проблемаларына көпшілік көзқарасы.

Реформа – қайта құру, өзара, қоғамдық өмірдің бір қырын қайта құру. Мұнда өмір сүріп отырған әлеуметтік құрылыстың негізі жойылмайды.

Тарихнама (гр. тарихи баяндау) – арнайы тарихи ғылым. Тарихи білімін және тарих ғылымының дамуын зерттейді.

Тарих (өткен туралы әңгіме) – табиғат пен қоғам дамуының үдерісі.

Тирания – бір тұлғаның шексіз билігі.

Толеранттылық – шыдамдылық.

Тоталитаризм – қоғамдық өмірдің барлық саласына бақылау орнатқан мемлекеттік билік.

Тотемизм – ерте рулық құрылыс кезеңіндегі дін түрі.

Төтенше жағдай – ерекше құқықтық тәртіп. Ол соғыс кезінде, мемлекеттік төңкеріс, табиғи апат т.б. жағдайларда енгізіледі. Мұнда көбінесе азаматтардың құқықтары шектеледі.

Тұрмыс (быт) – күнделікті өмір тәртібі, өндірістен тыс сала, тамақ, киім, тұрақ, денсаулық сияқты материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыру ғана емес, рухани игіліктер мен мәдениетті, демалыс, көңіл көтеруді игеру.

Салық – міндетті төлем. Салық табыстан ұсталады. Сондай-ақ, қосымша, жанама салықтардың түрі болады.

Сайлау жүйесі – өкілетті, атқарушы және сот органдарына сайлау және ұйым тәртібі.

Сайлау құқы – азаматтардың өкілетті органдарда сайлау және сайлану құқы.

Саяси партия – саяси бірлестік. Қоғамдық құрылысты дамыту саласында арнайы бағдарламасы бар, өкімет жұмысын ұйымдастыруда, мемлекет өміріне араласатын ұйым.

Саяси жүйе – әлеуметтік институттардың жүйесі. Саяси міндеттерді орындайды.

Саяси элита – саяси жетекшілер тобы. Үкімет, мемлекет ісіне ықпал ететін саяси күш.

Саяси тәртіп – мемлекет және қоғамды басқарудың әдісі, әрине, үкімет тарапынан. Саяси тәртіптің демократиялық, авторитарлық, тоталитарлық жүйелері болады.

Саясат – қоғамда, әлеуметтік топтар арасында, ұлттар арасында маңызы зор соз жүйесі және оны іспен қабыстыру.

Сепаратизм – жеке мемлекет немесе автономия алуға бағытталған саяси қозғалыс.

Сословие – дәстүр бойынша немесе заңмен бекітілген міндеттер мен мұрагерлік құқықты иеленетін қоғамдық топ.

Социализм – марксизм теориясына сәйкес капитализмнің орнына келетін қоғамдық және мемлекеттік құрылыс; Коммунизмнің 1 фазасы; социализмнің басты ұстанымы: «Әркімнің қабілетінше, әркімге еңбегіне қарай».

Фальсификация – қолдан жасау, деректерді бұрмалау.

Федерация – жаңа бірікккен мемлекет құру мақсатындағы бірнеше мемлекеттер одағы. Оның құрамына енген мемлекеттер федерация субъектісі ретінде құқықтарының бір бөлігін сақтап қалады.

Феодализм – құл иеленушілік құрылысты ауыстырған адамзат дамуының бір сатысы.

Шариат – Құранға негізделген заңдық және діни нормалардың жиынтығы, мұсылман құқығы.

Шовинизм – жеке бір ұлттың артықшылығын насихаттайтын, ұлттық қақтығыстарға бағытталған саясат, ұлтшылдықтың ең биік шыңы.

Харизматикалық тұлға – ерекше қасиеттерімен көзге түскен тұлға

Христиандық – буддизм және исламмен қатар әлемде кең тараған діндердің бірі. Бұл атау осы діннің негізін қалаушы Иисус Христостың атымен байланысты.

Хронология (гр. уақыт+ғылым) – қосалқы тарихи пән, уақыт санау жүйесін үйретеді, оның дамуын оқытады, оқиғалар мен құжаттардың уақытын анықтайды.

Унитарлы мемлекет – мемлекеттік құрылыс формасы, оның жекелеген аумақтары әкімшілік бірлік болып табылады және мемлекет ішінде өз алдына бөлек құрылымға жол бермейді.

Ұжымдық қауіпсіздік – барлық елдердің бірлескен қимылы мен өзара келісімі арқылы дүниеде тыныштық пен қауіпсіздікті сақтау жүйесі

Ұлт – тарих қалыптастырған әлеуметтік жағдайы, тілі, діні бір белгілі бір жерді мекен еткен мәдениеті, тілі бір елдің тобы.

Ұлттық мемлекет – бір ұлт үстемдік ететін біртұтас егемен организм.

Ұлттық мүдде – үкімет белгілейтін мемлекет мүддесі.

Ұлтсыздық – ассимиляция салдары, ұлт болмысындағы ауыр дерт, басқа ұлттармен аралас-құраластық, жақындасудың шегінен аттап, оларға сіңіп кету.

Эвакуация (лат. кетіру) – қауіп төніп тұрған аймақтан халықты көшіру. Әскерді әкету, әскери мүлікті т.б. шығару.

Эволюция – өрлеу, өркендеу.

Экономикалық дағдарыс – жекелеген елдер мен әлемнің жалпы экономикадағы шаруашылық қызметі бұзылуының кезеңдік қайталануы.

Экспроприация – күштеу арқылы біреудің меншігін тартып алу.

Электорат – 1) сайлауға қатысуға құқы бар азаматтардың жиынтығы; 2) сайлаушылар тобы.

Элита – қоғамның, топтың ерекше көзге түскен өкілдері. Қанаушы қоғамда үстем таптың немесе оның жекелеген топтарының жоғарғы тобы.

Этимология – 1) сөздің түп-төркіні және оның сол тілдегі және басқа тілдердегі сөздермен туыстық байланысы; 2) әртүрлі тілдердегі сөздің шығу төркінін зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

Этнос – тарихи қалыптасқан адамдардың берік жиынтығы. Олар тек қана сыртқы физикалық ерекшеліктерді, сондай-ақ тұрақты мәдени ерекшеліктерді иеленеді.

Этникалық бірлік (этнос) – тайпа, халық, ұлт, халықтар тобы ретінде танылған тарихи түрде пайда болған адамдардың әлеуметтік тобының түрі.

Этногенез (гр. халықтың шығуы, пайда болуы) – қалыптасу кезеңіндегі халықтардың пайда болуы, сонымен қатар олардың этнографиялық антропологиялық ерекшеліктерін ары қарай қалыптастыру.

Этнография – 1) халықтарды зерттейтін тарихи ғылым, сонымен қатар олардың тұрмысы мен мәдениетін зерттейді. Термин – халықтану дегенді білдіреді.

Ядролық қару – атом қаруы. Ол жаппай қырып-жоятын қару болып табылады. Қуаты мен қашықтықта әрекет ету түріне қарай ол тактикалық, стратегиялық болып бөлінеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

I бөлім
ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТАРИХИ-ӨРКЕНИЕТТІК НЕГІЗДЕРІ

1. ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН
(XV ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНА ДЕЙІН)

1. *Абусеитова М.Х., Кляшторный С.Г., Султанов Т.И.* История Казахстана и Центральной Азии. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. 616 с.

2. *Акишев К.А.* Курган Иссык. М.: Искусство, 1978. 131 б.

3. *Акишев К.А., Кушаев Г.А.* Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1963. 298 с.

4. *Байпаков К.М.* Средневековые города Казахстана на Великом шелковом пути. Алматы: Ғалым, 1998. 215 с.

5. *Бартольд В.В.* Түркі. Алматы: Жалын, 1998. 192 б.

6. *Бичурин Н.Я.* Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М.-Л.: Изд-во АН КазССР, 1950. 484 с.

7. *Геродот.* История. В 9-ти кн. М.: Ладомир, 2008. 739 с.

8. *Груссе Р.* Империя степей/История Казахстана в западных источниках XII–XX вв. Алматы: Санат, 2003. 223 с.

9. *Гумилев Л.* Древние тюрки. М., 1993.

10. *Гумилев Л.Н.* Қиял патшалығын іздеу. Москва: АЙРИС–ПРЕСС, 2003. 432 б.

11. *Гумилев Л.Н.* Хүндар. Алматы: Қазақстан, 1998. 528 б.

12. *Джамал ал-Карши.* Ал-Мулхакат би-с-сурах/История Казахстана в персидских источниках. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 416 с.

13. *Ибн Рузбихан.* Михман-нама-йи Бухара/История Казахстана в персидских источниках. Т. V. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. 476 с.

14. История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. Алматы: Санат, 2005. 336 с.

15. Қазақстанның көркем суретті тарихы/Бас ред. Б.Ғ. Аяған. Алматы, 2004.

16. *Кляшторный С.Г., Султанов Т.И.* Казахстан летопись трех тысячелетий. Алматы: Рауан, 1992. 374 с.

17. *Кузембайулы А., Абиль Е.* История Казахстана. Астана: Фолиант, 2004. 365 с.
18. *Марко Поло.* Книга о разнообразии мира. А.: ИД «Кочевники», 2005. 344 с.
19. *Тынышпаев М.Т.* Материалы по истории киргиз-казакского народа. Ташкент, 1925; Алматы, 1992.
20. *Фукидид.* История Пелопоннесской войны/История Казахстана в произведениях античных авторов. Т. I. Астана: Фолиант, 2005. 364 с.

2. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ: ОРТА ҒАСЫРЛАРДАН ЖАҢА ЗАМАНҒА ДЕЙІН (XV–XVIII ғ. БАСЫ)

1. *Назарбаев Н.А.* Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1996.
2. *Карибаев Б.* Касым хан. История. Личность. Время. Алматы: Аруна, 2004. 94 с.
3. *Абылай хан.* Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдардың жинағы/Құраст.: Тайшыбай З. Петропавл: Астана, 2005. 477 б.
4. *Аганов Б.* Государство Казахстан: эволюция общественных систем. Алматы: Жазушы, 1993. 148 с.
5. *Басин В.Я.* Россия и казахские ханства в XVI–XVIII вв. Алма-Ата: Наука, 1971. 275 с.
6. *Баскаков Н.А.* Түркі тектi орыс әулеттері. Алматы: Ана тілі, 1995. 78 б.
7. *Бартольд В.В.* Тюрки. Алматы: Жалын,1998. 192 с.
8. *Мыңжан Н.* Қазақтың қилы тарихы. Алматы: Жалын, 1994.
9. *Валиханов Ч.Ч.* Собрание сочинений. В 5-ти томах. Алма-Ата: Наука, 1968. 782 с.
10. *Востров В.В., Муканов М.С.* Родоплеменной состав и расселение казахов. Алма-Ата: Наука, 1968. 256 с.
11. Елтүтқа. Ел тарихының өйтілі тұлғалары: Оқу құралы (М. Жолдасбеков, К. Салғарауұлы, А. Сейдімбек). Астана, 2001.
12. *Жұртбаев Т.* Дулыға. 1–2 том. Алматы: Жалын, 1994. 431 б.
13. Қазақстан тарихы. Очерктер. Алматы, 1994.
14. Казахско-русские отношения в XVII-XVIII вв. Сборник документов и материалов. Алма-Ата, 1961.
15. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. IV т. Алматы: Дайк – Пресс, 2006. 480 б.
16. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. V т. Алматы: Дайк – Пресс, 2006. 247 б.
17. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. I т. Алматы: Дайк – Пресс, 2005. 400 б.
18. Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. I т. Алматы: Дайк – Пресс, 2006. 400 б.
19. *Касымбаев Ж.* Кенесары хан. Алматы: Қазақстан, 1993. 112 б.
20. *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Алматы: Санат, 1996. 655 б.

21. *Марко Поло.* Книга о разнообразии мира. Алматы: Кочевники, 2005. 344 с.
22. Моңғолдың құпия шежіресі.-Алматы: «Өнер», 1998. – 224 б.
23. *М. Х. Дулати.* Тарих-и Рашиди. Алматы: Қазақ университеті, 1999. 279 б.
24. *Жайнақов Е.* Үлы дала мемлекеттері. Алматы, 2006. 215 б.
25. «Қазақстан»: Үлттық Энциклопедия. 1–10 тт. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998–2007.
26. *Рашид-ад-Дин.* Сборник летописей. Т. 1. Кн. 1, 2. М.–Л.: АН СССР, 1952. 995 с.
27. *Юдин В.П.* Центральная Азия в XIV– XVIII веках глазами востоковеда. Алматы: Дайк–Пресс, 2001. 384 с.

3. ОТАРЛЫҚ ЖӘНЕ КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАН (XVIII–XX гг.)

1. *Назарбаев Н.Ә.* Жүз жылға татитын он жыл. Алматы: Атамұра, 2001. 112 б.
2. Алаш-Орда: Сборник документов. Алматы: Айқап, 1992. 191 с.
3. *Атабаев К.* Үлт және тарих.– Алматы: ҚЭ Бас редакциясы, 2007. 232 б.
4. *Бекмаханов Е.Б.* XIX ғасырдың 20–40 жылдарындағы Қазақстан. Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 399 б.
5. *Верт Н.* История Советского государства 1900–1991. М., 1994. 544 с.
6. *Галузо П.Г.* Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867–1917 гг. Алма-Ата: Наука, 1965. 345 с.
7. Жеті ғасыр жырлайды. I т. Алматы: Жазушы, 2008. 528 б.
8. *Жүртбаев Т.* Дулыға. 1–2 том. Алматы: Жалын, 1994. 431 б.
9. Қазақ/Құраст.: Субханбердина Ү. және т.б. Алматы, 1998.
10. Қазақстан тарихы. Т. 1–4. Алматы, 1996–2010.
11. *Касымбаев Ж.К.* Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.). Алматы: Білім, 1999. 287 б.
12. *Козыбаев М.К.* Казахстан – арсенал фронта.– Алма-Ата: Казахстан, 1970. 470 с.
13. *Козыбаев М.К.* История и современность.-Алматы: Ғылым, 1991. 256 с.
14. *Козыбаев М.К., Алдажуманов К.С.* Тоталитарный социализм: реальность и последствия. Алматы: Адилет, 1997. 150 с.
15. *Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы. Алматы: Санат, 1995. 366 б.
16. *Махат Д.* Баспасөз: сталиншілдіктің Қазақстанда орнығуы (1925–1956 жж.). Астана: «Ана тіл-Ата тарих» баспа – зерттеу орталығы ЖШС, 2007. 528 б.
17. *Махат Д.* Қазақ зиялыларының қасіреті. Алматы: Сөздік-словар, 2001. 304 б.
18. *Нүрпейісов К.* Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995.
19. *Омарбеков Т.* Зобалаң. Алматы, 1994.
20. Хрестоматия по новейшей истории Казахстана/Под ред. К.С.Каражанова. Алматы, 2002. 383 с.

II бөлім
ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

1. ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРСАҢЫНДА

1. *Назарбаев Н.Ә.* Ғасырлар тоғысында. Алматы: Өнер, 1996. 272 б.
2. *Назарбаев Н.Ә.* Тәуелсіздік белестері. Алматы: Атамұра, 2003. 336 б.
3. Алма-Ата. Декабрь. Книга-хроника (вторая). Алма-Ата, 1992. 17 с.
4. *Горбачев М.С.* Перестройка и новое мышление для нашей страны и для всего мира. Москва: Политиздат. 1998. 271 с.
5. *Гурский А.С.* Твердая поступь страны. К 10-летию Стратегии развития Казахстана до 2030 года. Астана: Институт системных исследований, 2007. 440 с.
6. Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Аруна Ltd, 2006. 768 б.
7. *Конаев Д.* Ақиқаттан аттауға болмайды (Естелік-эссе). Алматы: Санат, 1994. 512 б.
8. *Козыбаев М.* Декабрь 1986 года: факты и размышления. Алматы, 1997.
9. *Олкотт М.Б.* Казахстан: непройденный путь. М.: Гендальф, 2003. 354 с.
10. Республика Казахстан. Хроника 10 лет. Алматы, 2002. 504 с.
11. *Сәрсенбайұлы А.* Таңдау жасар сәт туды... . Алматы, 2006. 232 б.
12. *Табеев К.Т.* Қазақтың Желтоқсаны (Деректі хикаяттар мен мақалалар. Алматы: Дайк-Пресс, 2006. 328 б.

2. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы. Алматы: Жеті жарғы, 1995. 136 б.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Қазақстан: мемлекеттілік кезеңдері. Конституциялық актілер/Құраст. Ж. Бөйішев. Алматы: Жеті жарғы, 1997. 496 б.
3. *Назарбаев Н.Ә.* Қазақстан жолы. Астана, 2007. 375 б.
4. *Назарбаев Н.Ә.* Тәуелсіздігіміздің бес жылы. Алматы: Қазақстан, 1996. 429 б.
5. *Ашимбаев М.* Институт президентства в Казахстане: становление и эволюция 29 июля 2002.
6. *Аяган Б.* Государство Казахстан: эволюция общественных систем. Алматы: Жазушы. 1993. 148 с.
7. *Бурханов К.Н., Султанов Б.Г., Аяган Б.Г.* Современная политическая история Казахстана (1985–2006). Алматы: изд. Центр ИИ и этнологии им. Ч. Валиханова, 2006. 264 с.
8. *Ванюков Д.А.* Демократическая Россия конца XX – начала XXI века. М.: ООО ТД Мир книги, 2007. 240 с.
9. *Герасимов И.Г.* История современной России. М.: Европа, 2008. 408 с.
10. Государственная граница. Сб. Нормативно-правовых док. Алматы: Данекер, 2000.

11. *Ертысбаев Е.* Казахстан и Назарбаев: Логика перемен. Астана: Елорда, 2001. 571 с.

12. *Қасымбеков М.* Қазақстан Республикасындағы президенттік институтының қалыптасуы. Астана, Елорда. 2000. 72 б.

13. *Нысанбаев А., Машан М., Мұрзалин Ж., Тулегулов А.* Эволюция политической системы Казахстана. В 2-х т. 1 т. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. С. 544.

14. Первый съезд народных депутатов СССР. Стенографический отчет.-М., 1989. Т.1.

15. *Пихоя Р.Г., Соколов А.К.* История... С. 134, 122.

16. *Сартаев С.С., Назаркулова Л.Т.* Становление конституции Республики Казахстан: проблемы и перспективы. Алматы: Кітап, 2002. 190 с.

17. *Сейдін Н.* Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы: қалыптасуы, мәселелері және айқындалу барысы. Алматы, 2006. 172 б.

18. *Шаймерденов Е.Ш.* Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны. Алматы: Алматы кітап, 2008. 64 б.

2. НАРЫҚҚА ӨТУ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛГІСІ

1. *Назарбаев Н.* Жаңа кезең – жаңа экономика. URL: http://www. Akorda.kz.

2. *Назарбаев Н.* Қазақстан жолы. Астана, 2007. 375 б.

3. *Абуев Н.* Экономика Казахстана. Кластерное развития. URL: http// www.centrasia.ru/news.

4. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Алматы, 2006.

5. *Агеев А.И., Байшуаков А.Б., Куроедов Б.В.* Стратегическая матрица Казахстана: ретроперспектива, современность и сценарии будущего развития. М.: ИНЭС; ИНЭС – ЦА, 2006. 328 с.

6. Азиатский прорыв. Астана, 2005. 300 с.

7. *Баймагамбетов С.* Современная социально-культурная политика. Астана: Елорда. 2001. 304с.

8. *Берденова К.А., Коробков В.С., Ташенов Б.Т.* Экономическая история Казахстана. Алматы: Экономика, 2000. 256 с.

9. *Берденова К.* Экономическая история Казахстана. Алматы, 2000. 186 с. Б. 219.

10. *Ертысбаев Е.* Казахстан и Назарбаев: Логика перемен. Астана: Елорда, 2001. 571с.

11. Қазақстан: реформалар және дамуы. 1991–2007/Ақпараттық-талдамалы кітапша.-Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі. Астана, 2008. 112 б.

12. Қазақстан Ұлттық банкісінің төрағасы Г. Марченконың 2009 жылы 28 тамызда РИА Новостиге берген сұхбаты. 2009. 28 тамыз. В News.kz.

13. Национальный отчет о человеческом развитии. 2008 г. Изменение климата и его влияние на развитие Казахстана с точки зрения человеческого развития.

14. Постсоветская Центральная Азия. Потери и обретения. М.: Восточная литература РАН, 1998. 349 с.

15. *Торегожина М.Б.* Казахстан и ВТО: проблемы сотрудничества: Учебное пособие. Алматы: Экономика, 2007. 157.

16. Транспортно-коммуникационный комплекс Республики Казахстан. Цифры и факты. Астана, 2008. С. 31.

17. *Туймебаев Ж.К.* Модернизация Казахстана//Переходные экономики в постиндустриальном мире: вызовы десятилетия: Материалы Межд. конференции, 20–21 марта 2006 г.

18. *Турсынов С.* Казахстан: рынок в будущее. Калининград. 2005. С. 36.

4. ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ НЕГІЗІ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында». Астана: Елорда, 2005. 48 б.

2. Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін жетілдіру жөніндегі 2007–2009 жылдарға арналған бағдарламасы. Астана, 2007.

3. 2006–2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғамның даму тұжырымдамасы. Астана, 2006. 42 б.

4. Назарбаев Н.Ә. Жүз жылға татитын он жыл. Алматы: Атамұра, 2001. 112 б.

5. *Назарбаев Н.* Қазақстан жолы. Астана, 2007. 375 б.

6. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақ халқының әл ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты. Алматы, 2008.

7. *Әбжанов Х. Кенжебаев Ғ.* Тәуелсіз Қазақстан: жоғары білім, ғылым, саясат. А.: Баспалар үйі, 2009. 312 б.

8. Гендерлік теңдік және Қазақстандағы әйелдер жағдайы. Алматы, 2005. 186 б.

9. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2004.

10. *Махат Д.А.* Қазақстан тарихының өзекті мәселелері (XX ғасыр). Астана: Еуразия Ұлттық университеті, 2003. 89 б.

11. Обзор национальной политики в области образования. Высшее образование в Республике Казахстан. ОЭСР и МБРР/Всемирный банк, 2007. 256 с.

12. Образование и культура республики Казахстан. Стат. Сб. А, Казинформцентр. 1994. 151 с.

13. Один год молодежной политики: сценарий лидеров. Астана, 2006. 384 с.

14. Отчет о человеческом развитии. Казахстан. 1998 год. Алматы, 1998.

15. *Мечтова И.И.* Социально-экономическое проблемы перестройки высшего образования. Алматы: Казахстан, 1990. 187 с. (182–183).

16. *Көшербаев К.Е., Ахметов Ә.К.* және т.б. Қазақстан Республикасында жоғары білімді дамыту стратегиясы. Алматы: Білім, 1998. 232 б.

17. Итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. Алматы: Агентство по статистике Республики Казахстан, 2000.

18. *Назарбаева Г., Әбжанов Х.* Қазақстан: тарих, тұлға, теория. Алматы, 2004. 344 б.

19. Образование в Республике Казахстан. Статистический сборник. Алматы: Агентство РК по статистике, 2006. 108 с.

20. Статистический ежегодник Казахстана 2006. Стат. сб. Алматы: Агентство РК по статистике, 2006. 488 с.

21. Высшие учебные заведения Республики Казахстан. Т. 1. Серия 14. Социальная сфера. Алматы: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2006. 75 с.

22. Региональные комплексные программы научно-технического прогресса. Алма-Ата, 1988. 93 с.

23. Научно-технический прогресс в СССР: Стат. сб. М., 1990. 155 с.

24. Казахстан. Страна и люди. Природа. История. Экономика. Культура. М., 2007. 450 с., с. 315.

25. *Баймагамбетов С.* Современная социально-культурная политика. Астана.: Елорда, 2001. 304 с.

26. *Сәрсенбаев А.* Тәуелсіздік пен демократия тұғыры. Алматы: Атамұра, 1998. 160 б.

27. Қазіргі айтыс/Құраст. И. Нұрахметұлы, С. Дүйсенғазин. Астана: Күлтегін, 2004. 1 кітап. 312 б.

28. *Агеев А.И., Байшуаков А.Б., Куроедов Б.В.* Стратегическая матрица Казахстана: ретроперспектива, современность и сценарии будущего развития. М.: ИНЭС; ИНЭС – ЦА, 2006. 328 с.

29. *Немоляева М.Э., Ходорков Л.Ф.* Международный туризм: вчера, сегодня, завтра. М., Международные отношения, 1985. 174 с.

30. Реформы государственного управления: институциализация консультаций между институтами власти и неправительственными организациями в странах СНГ Условия, формы, практика) – ПРООН /ОБСЕ и Институт 46 с.

31. Қазақстан Республикасы ақпараттық кеңістігінің бәсекеге қабілеттілігін дамытудың 2006–2009 жылдарға арналған Тұжырымдамасы. Астана, 2006 жыл.

32. Межкультурный диалог и культурное разнообразие. Алматы: 2007. 31 с.

33. НПО: решение проблем бедности. Алматы, 2004. 40 с.

5. ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ӘЛЕМ

1. Н.Ә.Назарбаевтың Сыртқы саясат мәселелері жөніндегі Жиналыста сөйлеген сөзі. Алматы, 1995 жылғы 15 ақпан / Внешняя политика Казахстана. Сборник статей. Алматы–М., 1995. 14 б.

2. *Назарбаев Н.А.* Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства/Казахстанская правда, 16 мая, 1992 г.

3. Приоритеты Казахстанской дипломатии на рубеже веков. М.: Русский Раритет, 2000. 8 с.

4. *Тоқаев К.* Нұр мен көленке. Алматы, 2008. 549 б.

5. *Тоқаев К.К.* Қазақстан Республикасының дипломатиясы. Алматы: GAUHAR, 2002. 568 б.

6. *Тоқаев К.К.* Беласу. Дипломатиялық очерктер. Алматы, 2003. 656 б.

6. Н.Ә. НАЗАРБАЕВ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға». Алматы: ҚЭ., 2009. 56 б.

2. Краткие итоги переписи населения 1999 г. в Республике Казахстан. Стат. сб. Алматы, 1999. 113 с.

3. *Назарбаев Н.Ә.* Тәуелсіздік белестері. Алматы, 2003. 210 б.

4. *Назарбаев Н.Ә.* Ғасырлар тоғысында. Алматы: Өнер, 1996. 272 б.

5. *Назарбаев Н.Ә.* Еуразиялық одақ. Идеялар, тәжірибе, болашақ. 1994–1997. М., 1997. 26 б.

6. *Назарбаев Н.А.* Еуразия жүрегінде. Алматы: Атамұра, 2005. 192 б.

7. *Назарбаев Н.* Мәңгілік достықтың стратегиясы. Қазақстан-Ресей. М., 2000;

8. *Назарбаев Н.Ә.* Қазақстан жолы. Астана, 2007. 372 б.

9. Евразийский университет и мир Евразии. Астана: Изд-во ЕНУ, 2006. 713 с.

10. *Дәулетов Т.* Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының шежіресі. Алматы: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы, 2002. 104 б.

11. *Медведев Р.А.* Нурсултан Назарбаев. Казахстанский прорыв и Евразийский проект. М., 2008. 382 с.

12. Один год Президента. Астана, 2007. С. 674.

13. «Отандастардың зияткерлік әлеуеті» атты әлеуметтік зерттеу нәтижелері. Астана, 2008. 146 б.

14. *Ракишева Б.И.* Шетелдерде тұратын отандастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының проблемалары (Ұлыбритания, Франция, Германия, Норвегия, Швеция, Дания). Астана, 2007. 170 б.

15. *Салқынұлы С.* Тұңғыш Президент және Қазақстан Республикасының тарихы: ғылыми монография. Алматы, 2007.

16. *Сәрсенбайұлы А.* Таңдау жасар сәт туды... . Алматы, 2006. 232 б.

17. *Селиверстов С.В.* Казахстан, Россия, Турция: по страницам евразийских идей XIX–XX веков. Алматы, 2009.

18. Халыққа арнау. Астана: Күлтегін, 2007. 592 б.

МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАР:

Газеттер:

«Айқын»

«Ана тілі»

«Алаш айнасы»

«Егемен Қазақстан»

«Казахстанская правда»
«Независимая газета»
«Нұр – Астана»
«Қазақ әдебиеті»
«Социалистік Қазақстан»
«Халық кеңесі»

Журналдар:
«Ақиқат»
«Саясат»
«Казахская цивилизация»
«Қазақстан коммунисі»
«Қазақстан мектебі»
«Қазақстанның ғылыми әлемі»
«Мысль»
«Статистическое обозрение Казахстана»
«Финансы Казахстана»

МЕМЛЕКЕТ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫН ЗЕРТТЕГЕН ЕҢБЕКТЕРІ

1. Назарбаев Нурсултан Абишевич – основатель независимого государства. Биографическая энциклопедия. Руководитель проекта: д.и.н., профессор Б. Аяган. Консультант проекта: д.п.н., профессор М. Касымбеков. Астана: Институт истории государства, 2009. 248 с.

2. *Әбжанов Х., Кенжебаев Ғ.* Тәуелсіз Қазақстан: жоғары білім, ғылым, саясат. Алматы: Баспалар үйі, 2009. 312 б.

3. *Әбушәріп С., Модуан С.* Қазақтар және түрік әлемі: мемлекеттіліктің бастаулары (Б.д.д. II мыңжылдықтың соңы мен б.д.д. I мыңжылдықтың бірінші жартысы). Алматы: Баспалар үйі, 2009. 360 б.

4. «Ел Президентінің конституциялық бастамалары – демократияны одан әрі дамытудың факторы» атты ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. № 3 ғылыми бюллетень/Бас ред.: Б. Аяған. Арнаулы ред.: Д. Махат. Астана, 2009. 208 б.

5. Қазіргі кезеңдегі Қазақстанның саяси партиялары. 2009. Анықтама/Құраст.: Б. Аяған, Г. Нұрымбетова/Материал дайындауға қатысқан Р. Құдайбергенов, анықтамалық өмірбаяндық мәліметті дайындаған Б. Шөпиев. Алматы, 2009. 406 б.

6. Политические партии современного Казахстана. 2009: Справочник/Сост.: Б. Аяган, Г. Нурымбетова/В подготовке материалов участвовали А. Сеитова, Р. Кудайбергенов. Алматы, 2009. 383 с.

7. О деятельности институтов общественно-гуманитарного профиля: Сборник докладов и выступлений участников заседания «круглого стола». Астана: Институт истории государства, 2009. 70 с.

8. Пути выхода из кризиса: мировой опыт и Казахстан: Методическое пособие/Г.Р. Нурымбетова, Е.Ж. Уразаев, Р.А. Кудайбергенов. Алматы: Литера-М, 2009. 74 с.

9. Саяси технологиялар: терминдер мен ұғымдар сөздігі/Г. Нұрымбетова, Т. Жабелова. Материал жинауға қатысқандар: Ғ. Арғынғазин, Т. Қанапьянов, Е. Оразаев. Алматы, 2009. 228 б.

10. *Селиверстов С.В.* Казахстан, Россия, Турция: по страницам евразийских идей XIX–XXI веков. Алматы: Баспалар үйі, 2009. 320 с.

11. Тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері: Ғылыми бюллетень. № 1/Бас ред.: Б. Аяған, арнаулы ред.: Д. Махат. Астана, 2009. 222 б.

12. Тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері: Ғылыми бюллетень. № 2/Бас ред.: Б. Аяған, арнаулы ред.: Д. Махат. Астана, 2009. 222 б.

13. «Тәуелсіз Қазақстан: елес соңы және жасампаздық тарихы» атты ғылыми-практикалық конференция матер. жин.//Мемлекет тарихы, История государства. 2009. № 4.

14. *Шәпиев Б.* Діни бірлестіктер іс-әрекетінің бағыттары (Астана қаласының материалдары негізінде): Әдістемелік құрал. Алматы: Литера-М, 2009. 95 б.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе 5

I бөлім
ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТАРИХИ-ӨРКЕНИЕТТІК НЕГІЗДЕРІ

1. Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан (XV ғасырдың басына дейін)
1.1. Қазақстанның ежелгі тұрғындары 18
1.2. Қазақстан жеріндегі мемлекеттердің пайда болуы мен дамуы 25
1.3. Қазақстан тұрғындарының материалдық және рухани-этикалық дәстүрлері 37

2. Қазақ хандығы: Орта ғасырлардан жаңа заманға дейін (XV–XVIII ғ. басы)
2.1. Саяси тарихы мен әлеуметтік ұйымдасуы 41
2.2. Шаруашылық-мәдени өмірі 52
2.3. Халықаралық байланыстары мен сыртқы саясаты 60

3. Отарлық және кеңестік Қазақстан (XVIII–XX ғғ.)
3.1. Ресей құрамындағы Қазақстан (XX ғ. басына дейін) 65
3.2. Ұлт-азаттық қозғалыстары 78
3.3. Кеңестік модернизация және тоталитарлық жүйе кесірелері 88

II бөлім
ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

1. Тәуелсіздік қарсаңында
1.1. Қазақстан «қайта құру» жылдарында 108
1.2. 1986 жылдың желтоқсаны – тәуелсіздік жаршысы 111
1.3. Мемлекеттік егемендік туралы Декларация және оның тарихи маңызы 116

2. Тәуелсіздік және Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуы
2.1. Мемлекеттік тәуелсіздікті жариялау 120
2.2. Конституциялар, конституциялық реформалар және мемлекеттілік құрылысының анықталуы 130
2.3. Мемлекеттік шекараны анықтау. Ұлттық қауіпсіздік 155

3. Нарыққа өту және экономиканың Қазақстандық үлгісі
3.1. Жоспарлы экономиканың дағдарысы және экономикалық реформалардың басталуы 172

3.2. Қазақстан экономикасы – ғасырлар тоғысында 189
3.3. XXI ғасырдағы қазақстандық экономика моделі: жетістіктер мен сынақтар 194
3.4. Әлемдік қаржы дағдарысы және «Жол картасы» 215

4. Тәуелсіздіктің әлеуметтік-мәдени негіздері
4.1. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты 222
4.2. Білім, ғылым, мәдениет 253
4.3. Қоғамдық өмір 299
4.4. Этнодемографиялық үдерістер 320

5. Қазақстан және қазіргі әлем
5.1. Ядролық қарудан бас тарту және қауіпсіздікті нығайту 334
5.2. Әлемнің жетекші елдерімен стратегиялық байланыс 338
5.3. Қазақстан және халықаралық ұйымдар 350

6. Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті
6.1. Президент және жаңа астана 365
6.2. Мемлекеттік стратегияны анықтау 375
6.3. Н.Ә. Назарбаевтың сыртқы саясаттағы басымдықтары 387

Қорытынды 401

Атаулы күндер 405

Глоссарий 408

Пайдаланылған әдебиеттер 417

Бүркітбай Ғелманұлы Аяған
Ханкелді Махмұтұлы Әбжанов
Данагүл Ахметкәрімқызы Махат

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Жоғары оқу орындарының тарихшы емес мамандықтарына
(бакалавриат) арналған оқулық

Оқулықты дайындауға қатысқандар:
Тарих ғылымдарының кандидаты ***Қ. Сәрсембина***
Тарих ғылымдарының кандидаты ***К. Райымхан***
Тарих магистрі ***А. Ағжігіт, Д. Акишев, А. Ахметов***

Оқулықтың әдістемесін дайындаған
Педагогика ғылымдарының кандидаты ***Ж. Қалиев***

Редакторы Б. Кошым-Ногай
Дизайн Н. Карабек
Техникалық редакторы О. Песова
Компьютерде беттеген Р. Бахытова
Фотосуреттер С. Бондаренко, Б. Отарбаев, А. Устименко, В. Жандаулетов, И. Будневич
және Б. Аяғанның жеке мұрағаты,
сонымен бірге Н. Карымсақовтың, К. Каметовтің,
А. Дүзелхановтың, А. Акпаевтің туындылары
Корректоры С. Ыбраева

Басуға 25.05.10 қол қойылды. Қалпы 70×100 $^{1}/_{16}$. Қағазы офсетті. Қаріп түрі «Таймс».
Есептік б. т. 28,0. Таралымы 10 000 дана. Тапсырыс № 4116.

«Раритет» баспа компаниясы
050022, Алматы қ., Масанчи к. 98
Тел./факс: 8(727) 292-88-36, 260-67-08

Тапсырыс берушінің файлдарынан «Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қ., Макатаев к., 41